


САКЕН ИМАНАСОВ

А 2017

4767к



5

ШЫҒАРМАЛАРЫ

**Сәкен
ИМАНАСОВ**

**ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ**

ҮТОМ

*Қаламдастары мен
замандастары жайында*

«Алатау» баспасы

*Алматы
2017*

УДК 821.512.122 4
ББК 84 (5қаз)-5
И 48 ✓

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағатісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін са-тып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бой-ынша жарық көрді»

ИМАНАСОВ С.
И 48 ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ,
Сәкен Иманасов – Алматы: «Алатау» баспасы, 2017.
Том - V, 480 бет

ISBN 978-9965-807-77-0

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, қазақтың көрнекті ақыны Сәкен Иманасовтың таңдамалы шығармалар жинағының бесінші томына оның қаламдастары мен замандастары жайлы жазылған эсселері мен пайымдаулары, арнау өлеңдері еніп отыр. Кітап көпшілік қауымға арналған.

Жинақты баспаға ұсынған: М.Е.Иманасова

Арнаулы редакторы: Қ.Құрманғали

УДК 821.512.122
ББК 84 (5қаз)-5

ISBN 978-9965-807-77-0

© Иманасов С., 2017
© «Алатау» баспасы, 2017
© «Қазақстан» баспасы, 2001

346816

КІРІСПЕ ОРНЫНА

"Кейде есер көңіл құрғырың...", — дейді Абай жарықтық. Есер көңіл ақыл-есінді қайда жетелемейді. Бәрін қағаз бетіне түсіре бермейсің. Өзіңе ғана болмаса, өзгелер үшін құны да, қызығы да жоқтай көрінеді. Бірақ тағы да сол Абай: "... осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімдекім ішінен керекті сөз тапса жазып алсын. Я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым", — дейтін еді.

Сол айтқандай, сөз өзімдікі, біреуге зорлап теліп отырған жоқпын деп, қай жылы, қай жерде, кіммен болған оқиға екеніне қарамай, уақ-түйек-ау деп санамай, өз басыма қатысы бар дегеннің бәрін, көргенім мен естігенімнің бәрін түрте жүрейінші деп те ойладым. А.Пушкиннің ертеде шыққан академиялық шығармалары болып еді менде, білмеймін кімнен келгенін, әйтеуір кейін қолды болып кеткен. Сол кітаптарының бірінен "Царь Никита и его сорок дочери" деген ертегісін оқып ем. Қуат-күші бойына сыймай, шабыты тасып тұрған арқалы ақын не жазбайды. Бойыңда африканың қызу қаны бар ұлы ақын, қисыны келген тұста бұрқыратып жазып тастап отырған да ғой. Әлгі бір анайылау ертегі — дастаны да бала-шаға, көпшіліктің бәріне бірдей оқу үшін жазылмаған. Қырық қыздың дене мүшесі туралы неше бір қаны сорғалаған сорақы теңеулерді төгіп-төгіп келеді де, дастанның соңын: «Есалаң Пушкин мұны несіне жазып отыр» деп те айтады-ау біреулер дей келіп:

Кому какое дело.Захотел и написал, — деп аяқтайтын еді ұмытпасам. Ұмытпасам дейтінім, жастау кезімде оқығам, шынында да осылай ма, жоқ па еді деп салыстыра қарап жатуға мүмкіндігім болмады. Ғылыми еңбек жазып отырған жоқпын ғой деп, жобалап тартып отырмын. Сол айтқандай, ойға түсті, жаздым, оған жұрттың не шығыны шығыпты, әрі кетсе оқымай, шетке ысырып тастай салсын дедім де, ойыма алғанымды осы дәптерге түсіре бердім.

Өз басым жаралғалы бері тек қана ақты — ақ, қараны — қара, жақсыны — жақсы, жамаңды — жаман деп қағида тұтып келген адаммын. Бетке былай деп, сыртқа шыға басқаша айтып көлгірсіп көрмеген едім. Ол мінезім біреуге ұнады, біреуге ұнамады. Сондықтан да біреуге жақтық, біреулерге мүлдем жақпадық.

Мұнда әңгіме болғандардың бәрі де шын. Аруаққа шек келтіріп, алып-қоспадым. Тірілердің біріне өтірік жала жаппадым. Куәлерім қасымда жүр, өтірік десе — солар айтсын. Бірақ біреудің шамына тиіп алам ба деп те жауырды жаба тоқып жатпадым. Өйткені жақсысын асырмай, жаманын жасырмай жазуды ғана мақсат тұттым.

Шамданып, шағымданып шыға келетіндер де, жұдырық ала жүгіретіндер де табылып қалуға тиіс. Ондайлардан жауапты мен де осы шындық тұрғысынан күтемін.

Менің бұл жазғандарым қазіргі көзбен қарағандағы әдеби нормаға сай келе ме, жоқ па, о жағын айта алмаймын. Бірақ бір кезде Лев Толстойдың өзі: "Менің ойымша, бара-бара көркем шығарманы ойдан шығару деген тоқтайтын сияқты. Әлдебір ойдан шығарылған Иван Иванович пен Мария Петровна туралы шығарма жазудың өзі ұят болатын шығар. Егер болашақта да жазушылар болатын болса, олар ештеңені ойдан шығармай, өмірде көргені мен түйгенінің ең маңызды, ең қызықтыларын жұртқа әңгімелеп қана беретін болады", — деген екен бір сөздің ретіне қарай.

Қазіргі қазақ әдебиеті де осы соңғы бағытқа қарай бет ала бастаған сияқты. Оны бүгінгі ең мықты деген жазушылардың жариялап жүргендерінен де байқауға болатындай. Сонымен, қазақ әдебиетінің нар тұлғалары саналған алдыңғы буын ағалар мен өзім қатарлас қаламгерлер, ел аузына іліккен кейінгі ақын-жазушылар жайындағы ой-толғамдарымды ешқандай қоспасыз, боямсыз қалпында оқырмандарға ұсынуды жөн көрдім. Бұл кітапқа өмір жайлы ойларымды, әдебиетшілерге қатысты азын-аулық өлеңдерім мен күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесе беретін шағын оқиғаларды да енгіздім.

Айтып-айтпай не керек...

І-БӨЛІМ

ЕСТЕЛІКТЕР

ӘУЕЗОВ ӘСЕРІ

Мұхтар Әуезовті алғаш көруім 1959 жылы еді. "Айман-Шолпанды" тамашалайын деп драма театрына барғам. Театр онда қазіргі Наурызбай батыр көшесіндегі ескі ғимаратта болатын. Спектакль маған айрықша әсер етті. Жыр сұлбасына бұрыннан қанықпын ғой, бірақ өзіңе белгілі кейіпкерлерді сахнадан көрудің жөні мүлдем бөлек екенін аңғардым. Дөңестеу тау етегіне ұқсатып жасалған сахна төрінде шапанын жастанып Көтібар батыр жатыр күңіреніп.

*Ой, һай-һай, гәурен-ай,
Басқа түскен әурені-ай!*

Қатар құшып жатар ма ем

Екі бірдей сәулені-ай! — дейді ол. Дірілдеген зор дауысы залды түгел күмбірлеткендей болады. "Екі бірдей сәулесі" — Айман мен Шолпан. Көтібарды ойнап жүрген марқұм Ыдырыс Ноғайбаев еді де, ағайынды екі қыз рөлінде Шолпан Жандарбекова мен Зәмзәгүл Шәріпова болатын.

Сілтідей тынған зал толы жұртқа ду қол шапалақтатып барып ойын да аяқталды. Көп ішінен: "Автора, автора!" — деген айқай естіліп қалды. Сол-ақ екен, алдыңғы қатардан маңдайы жарқыраған Мұқаң тұрып, жайымен басып, асықпай сахнаға көтерілді. Маңғаз қалпында барып, қаз-қатар тізіліп тұрған актерлердің бірін құшақтап, бірінің қолын қысып, әйелдердің қолынан иіле тұрып сүйіп шықты. Залдағы жұрт сол тік тұрған қалпында бір кісідей қол соғып, көпке дейін босатпады. Мұқаң қол көтеріп, алғысын білдірген ишаратын жасап, бас изеп, иіліп қояды. Көрермен қауым оған басылар емес, дуылдасып біраз жібермей тұрып алды.

"Шіркін-ай, осындай бір ғана ұлы шығарма жазып, содан кейін өліп кетсең де армансыз болар едің-ау!" — деп ойладым мен жазушыға деген көпшіліктің осынау құрмет-қошаметіне таңырқай қарап, жандүниеммен сүйсіне тамашалап.

1960 жылдың көктеміне орай "Лениншіл жас" газетінде қызмет істеп жүр едім. Марқұм Сейдахмет Бердіқұлов (маған ләйім бір жылы қабақпен қамқорлық жасай жүретін еді) бір күні: "Қазақ университетінде Мұхтар Әуезов сөз сөйлейді, сонда барайық!" — деп, менің тартынғаным болмай, алып барған. Мұқаң мінбеге қолына төрт-бес кітап ұстай шықты. Жас ақындардың сол жылы шыққан кезекті ортақ жинағы болатын бірі. Көбіне соны ақтара тұрып, кей шумақтарына сілтеме жасай тұрып сөйледі жазушы. "Толыспаған Толстойлар мен шала Шекспирлер" жайлы айта келіп: "Танылмай қаламау деп қам жемендер", — деп еді жастарға, — екі ауыз жақсы өлең жазған ақын, екі жақсы ән шығарған композитор есімі ел аузында жүреді. Бұл жағынан творчество адамынан бақытты жан жоқ. Америкада Бруклин көпірі бар, әлемнің жеті кереметінің бірі іспеттес құрылыс, бірақ соны кім жобалап, кім салдырғанын сол елдегі екінің бірі біле бермейді, — деп, атын шығарам деп әлекедей жаланудан сақтандыра сөйлеп еді. Есімде сол қалыпты.

Ұлы адамды үшінші бір көруім Қазақстан Жазушылар одағындағы бір жиында еді. Онда да мені ешкім шақырмаған болуы керек, өзім ізденіп бардым-ау деймін. Әдеби тілдің әлдене проблемасы жайлы сөз болып жатты да, мінбеге Мәулен Балақаев (тіл маманы еді) шығып, көр-жерді сөз етіп, біраз тұрып алды.

— Мәулен, негізгі мәселеңе қарай ойыссаңшы! — деп емеурін танытты Мұқаң.

— Өзім де солай ойысайын деп тұрмын, Мұқа, — деген профессор тағы да айналсоқтап, әңгіме желісін тап баса алмай, орағыта берген.

— Оу, Мәулен, тақырыбыңа қарай көш деймін, — деп кейіді Мұқаң.

Біз жас едік. Көп сөздің парқына бара бермейтінбіз. Бірақ нақты да дәл айтар ойдан ауытқып, әлдеқайда лағып кете беретін шешендерге Мұқаңмен жарыса іштей біз де риза болмай отырдық. Әжептәуір түсін бұза кейіс білдірген Мұқаңды аядық бір жағы.

Мұқаңды осылай үш рет, үш ретте де алыстан көріп едім. Айтпақтай, әлгі жиналыстан соң сыртқа беттеген көшпен бірге сығылыса мен де кимелей барып, Мұқаңа жақындап едім. Тағы бір сөзін естігім келіп өліп барам. Көрікті екі келіншек жұрттан оңашалай бере:

— Мұқа, студенттермен кездесу ертең сағат үште ғой, — деп пысықтап жатты. "Бұлар Мәскен Сармұрзина мен

Тұрсынхан Әбдірахманова", — деп сыбырлады оларды танытын біреулер.

Мұқаң машинасына мінерде әлгі әйелдердің бірі, Сармұрзина болуы керек:

— Мұқа, ұмытпайсыз ғой, — деп ескертіп еді.

— Туу, сендерге не болған! Айтылды ғой! — деп Мұқаң тағы кейіді.

Соның бәрі бүтінгідей болып көз алдымда қалыпты.

Мұқаң туралы әртүрлі әңгімелер айтыла береді. Әсіресе ол кісінің бала сияқты өкпелегіш, әсершіл мінезін сөз ететіндер көп. Кейде жаңа ғана өзі айтқан пікірінен тез айнып шыға береді екен. Белгілі аудармашы Мұхамет Нұртазин ақсақалмен бірер жыл бірге қызмет істегенім бар еді. Сол кісінің бір әңгімесі көкейде қалыпты. "Соғыстан кейінгі жылдардың бірі еді, — деді Нұртазин ақсақал, — бір топ баспа қызметкерлері, ішімізде Мұхтар Әуезов те бар, қала сыртына шығып, сөйлдеп, бой жаза демалып қайтпаққа ұйғардық. Ол кезде автобус жоқ, "грузотакси" деп аталатын, қорабының екі жақтауына жағалата қойылған орыңдығы бар жүк машинасымен бардық. Мұқаң көтеріңкі көңілмен сөйлеп отырды. Қайдан қосылғанын білмеймін, ішімізде көріктілеу келген бойжеткен қыз бар еді. Мұқаңның көзі түсе бергенін байқадым. Таудағы отырыста: "Міне, қазақ қызы да жетілді ғой, шіркін, көрік десең, көркі бар, білімді, ақылды, ажарлы. Мен мына қарындасқа қарап, түп-тура өзімнің Тоғжанымды көргендей болып отырмын!" — деп мөддіретті-ау дейсің. Қызда да ес қалмады, бота көздері жасаурап, жанарынан нұр тама ажарлана түсті.

Дастархан мәзірі тағы бір ауысқанда әлгі бойжеткен қасындағы жас жігіттердің бірімен сыбыр-күбірге барыңқырап, сылқ-сылқ күліп отыр еді, Мұқаң: "Қарағым, мұнда, менің қасыма келіп отыршы, өзің шынында менің Тоғжанымнан аумай қалыпсың!" — деп шақырды. Мұқанды көрісінді ме, әлде қасындағы жігітті қимады ма, не өресінің жеткені сол ма, әлгі қыз: "Жоқ, ата, осылай отыра берейінші", — деп, Мұқаң ишаратын ұға қоймаған сыңай танытты. Сол-ақ екен, Мұқаң: "Пәлі, бұ қазақтың қызы қашан оңып, қайдан ғана жетіле қоюшы еді, көріп отырсындар ғой, үлкен бар, кіші бар демейді, ырың-жырың бос күлкі, дүңк-дүңк жауап!" — деп теріс айнала бергені. Біз үнсіз ғана көзімізбен жер шұқи бастадық...

Енді әйгілі жазушы Тахауи Ахтанов айтқан бір әңгімені еске түсіріп көрейін.

Тахаң жарықтықтың өзі де сөзшең еді-ау. Әңгіменің

майын тамызып отырып айтатын еді де, жұртты ұйыта, аузына біржолата қаратып алатынды.

"Мұқаңның әртүрлі сынға ұшырап жүрген кезі болатын. "Абай жолының" кезекті бір талқылауында баяндама жасау маған тапсырылды. Алғашқы бес-алты бетте Мұқаңа деген махаббатымды үйіп-төге мақтап келдім де, енді... Осыдан арғысын академик Ахмет Жұбановтан естідім, — дейтін Тақан, — Мен мақтап тұрғанда Мұқаң қасында отырған Ахаңа сыбырлап: "Осы бір аса білімді, талантты жігіт. Оқығаны да, тоқығаны да көп мұндай жігітті біле жүру теріс болмайды!" — деп сыбырлап отырыпты да, мен: "Бірақ романның мынадай-мынадай кемшілігі де (маған солай тапсырылған ғой) бар", — дей бастағанда: "Пәлі, мынау да көп пысықтың бірі болып шықты ғой!" — деп, өңі күреңіткен қалпы Ахаңнан мойнын бұрып әкетіпті.

Бұл әңгімелерде де Мұқаңа деген өлшеусіз махаббат байқалар еді. Көріп те тоймайтын, оқып та болмайтын, сөзін естіп те қанбайтын, әңгімелеп те бітпейтін тұңғыық бір тұлға екен-ау, жарықтық-ай!

СЕЙТЖАН ОМАРОВТЫҢ БІР ӘҢГІМЕСІ

Мінезі қызық-ақ адам еді "Сәкен-ей, — дейтін анадайдан көре сала мені қасына шақырып алып, — екеуміздің қалай танысқанмыз есінде ме?"

— Жоқ, аға, — дейтұғым.

— Ал менің есімде бәрі, көз алдымда бүгінгідей сайрап тұр.

— Қалай танысып жүрміз, аға?

— Баспочтамптың қарсысындағы саябақта жападан жалғыз отыр едім, жұтынып тұрған екі-үш жігіт таяп келдіңдер де, менімен қатарласа жайғастыңдар. "Ассалаумағалейкум!" — деп сәлем де бердің сен. Сол екі-үш жігіттің ішінде көбірек сөйлегені де, өктемі де, өркөкірегі де сен болған соң, есімде қалыпсың.

— Қай жақтан келдің, шал? — дедің маған.

— Ақтөбеден едім, — дедім.

— Ақтөбе бай ел ғой, не қызмет істейсің?

— Бұғалтыр едім.

— О, тіптен жақсы, бірер кружка сыралық тиын-тебен бар шығар, ә! — дейсің.

— Сол құрғыр болыңқырамай тұр-ау.

— Әй, өзің сараң шал болмасаң неғылсын. Жазушылардан кімді білесің?

— Әуезов, Мұқанов, Мүсірепов дегендерді ептеп білуші ем, Ғабиден, Әлжаппар дегендерді естуім бар.

— Әй, қайдағы кәрі-құртанды сөз етіп, Иманасов дегенді естуің бар ма?

— Жо-ға...

— Түу, өзің сараң ғана емес, надан да шал болмасаң неғылсын. Осы жасқа дейін талантты ақын Иманасовты білмейсің. Ол деген қазіргі таңда атағы дүрілдеп тұрған дарынды ақын ғой, екiнiң бiрi бiледi, әрине кiтап, газет оқитындарды айтам.

— Естiмеппiн, ол кiм едi? Жас па?

— Ол мына алдыңда тұрған — Сәкен Иманасов. Жә, шал, мыжып отырар уақыт жоқ, өзің сараңсың, өзің надансың. Жақсы, Сәкен Иманасов деген аса талантты жас ақынмен таныстым деп еліңе айта бар, ал сау бол! — деп кете бердің ғой сен қасымнан.

— Қойыңызшы, қайдағыны шығармай. Мен ондай иттікке бара қоятын адам емеспін ғой. Өзіңіз жақсы білесіз, — деймін мен шынымен-ақ шыр-пыр болып.

— Е, сол білгендіктен ғой, айтып тұрғаным. Білмесем, есімде қалар ма еді ол оқиға.

Бұл сөздің қайсысы шын екенін, қайсысы қалжың ретінде айтылғанын мен білмеймін. О жағы Секеңнің ішінде қара жерге бірге кетті. Өз ойымша, дәл осылай дей қоймаған сияқтымын. Оның үстіне, осынша оспадарлық жасайтын тым парықсыз да емес ем ғой деп те ойлаймын.

1975 жылы ғой деймін, қасымызда орыс ақыны Геннадий Крутяков бар, Сейтжан Омаров ағамыз бастап Талғар ауданын аралап едік. Аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы ол кезде көбіне әйел жолдастардан болушы еді ғой. Мұнда да солай екен. Беті жылтыраған орыстың күлімкөз келіншегі бізді құрғақ әңгімеге тойғызып, түске дейін ел аралауға автокөлік тауып бере алмай-ақ қойғаны. Біз Секеңе қараймыз, Секең әлгі күлімкөз қатынға қарайды, қатын хатшы әр жерге бір телефон бұрайды да, түк өндіре алмай, айналып келіп жерге қарайды.

— Қой, аға, жүріңіз, бірінші хатшыға кірейік, орыс та болса, ер-азамат қой, бір қайран жасап қалар, — деймін мен әбден төзімім таусылып.

— Қой, ұят болар, көлік табылады деп отыр ғой мына әдемі келіншек, шыдайық, — деп Секең міз бағар емес.

Ақыры түс қайта бірінші хатшыға кіруге ағамызды көндіріп, үшеуміз сол "төренің" кабинетінен бір-ақ шықтық.

Секең мәймөңкелейін деп келе жатыр еді, мен бірден ашу-ыза аралас ойдағы сөзімді түп-түгел ақтара салдым. Бастық бірден ұқты. Ұқты да, әп-сәтте көлік те тапты, ертіп жүретін беделді адам да қосып берді қасымызға.

Былай шыға Секең:

— Апыр-ай, сен өзің агрессивный жігіт екенсің-ау, кім білген, — деп қойды күліп.

Калинин атындағы колхозда болдық. Клубына жұртты жинап кездесу өткіздік. Колхоз партия ұйымының хатшысы Семен деген қазақ жігіті екен, соның басқаруымен музейлерін аралап көріп, едәуір шаршап барып Алматыға оралар алдында кабинетіне кірдік.

— Ал енді сау болыңыздар, келіп тұрыңыздар, — дейді Семен.

— Семен, өзің құрдас екенсің, ауылыңда азық-түлік дүкені бар ма? — деймін мен.

— Бар ғой, оны қайтесіз? — дейді Семен.

Секең де елең етіп, "Мынау бірдемені бұлдірмесе, жарар еді" дегендей, маған состия қарай қалған.

— Бір баланы жұмсай салшы, бір орам шәй әкеліп берсің, пұлын өзім төлейін, — деймін мен.

— Шәйді қайтпексің? — деп енді Сейтжан ағам сұрады.

— Жаңа көрші бөлмеде электр шәйнегін көріп ем, соны сұрап алып, бір шыны шәй ішпесем, тілім аузыма сыймай бара жатқаны, — деп қоямын.

Сол кезде үстімізге салмақпен жай басып колхоз төрағасы кірді. Атын ұмытыпшын. Көпті көрген үлкен білімді адам көрінді. Әңгіменің соңын тыңдап қалған со кісі бір мырс етіп күлді де, Семенді ертіп шығып кетіп еді, эне-міне дегенше, о жігітім жылпылдай сөйлеп қайта кірді де:

— Мына іргедегі бір үйде дастархан жайылып, дәм өзір тұр еді, шәй ішіп кетіңіздер, — деп аяқ асты жік-жапар бола қалғаны...

... Алматыға қайтып келе жатып Секең:

— Айттым ғой, агрессивный жігітсің деп, апырмай, әлгі жердегің мүлдем ерсі болды-ау! Семенді де аямай, жерге қараттың. Бастығы да сазайын берген болуы керек өзінің, жүні жығылып-ақ қалыпты, — деп күледі кеп.

Жиі көріп, үлкен-кішінің арақатынасын сақтай отыра сыйласып өткен Сейтжан Омаров ағамен бірге бірер күн дәмдес болғанда естігендерім осылар еді.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ПАТРИАРХЫ

(Хамит Ерғалиев хақында)

Хамаң жарықтық соңғы айларда маған жиі-жиі телефон соғып отыруды дағдыға айналдырып алғандай еді. "Оу, даусыңнан о-йно-лайын!..." деп алып, сондағы шегелеп тапсыратыны "Ұлтым дедім — ұлғайдым" атты кітабы болатын. Әу баста әдейілеп үйіне шақырып алып, қолжазбасын қолыма ұстатып тұрып: "Осы кітаптың тағдыры Есенғали екеуіңе аманат, тездетіп шығарып беріңдер! Көзім тірісінде шықса — осы қалпында барсын да, егер кітап жарық көргенше о дүниеге аттанып кетсем, сен аз сөзбен осының бәрін сабақтап айтып, қысқа ғана алғысөз жаз!" — деп те қойғаны бар еді.

Мен ағамның айтқанының бәрін орындауға уәде бергем. Осы төңіректе Есенғали екеумізге жазған хаты да менде сақтаулы жатыр.

Қайтыс боларынан он-он бес күн бұрын тағы телефон соғып:

— Сәкенжан, Есенғалиды таба алмадым. Бір-екі күн ішінде әлгі кітаптың бес-он данасын шығартып бере аласыңдар ма? — деп сұрады.

Мен неге асығып тұрсыз деп сұрамастан, баспаханамен сөйлесіп, бірер күнде хабарласпақ болып уәде берсем де, соңынан сәл-пәл салақсып кеттім-ау деймін...

Бұл тағдыр дегенге дауа қайсы, Хамаң қанша асықтырғанымен, біз қанша тырысқанымызбен, кітап тез шыға қоймады. Ақыры, осыдан екі апта бұрын, сәрсенбі күні қалың елі болып еңіреп жүріп Хаманды соңғы сапарға шығарып салып, жамбасын жерге тигіздік. Сол күні ағамыздың соншалық көп күткен ең соңғы кітабы — осы "Ұлтым дедім — ұлғайдым" да баспадан шықты. Бұл кітаптың аты жөнінде де маған неше дүркін телефон соғып, өз ойын пысықтай құптатып, беймаза бір күй кешкенін жұмыстағы жігіттерге айтып келіп жүрдім. "Күлсең, кәріге күл" деп, парықсыздау күйде күліп те қоюшы едік қылығына.

Ақтық демі таусылардан бір күн бұрын, академик Зейнолла Қабдолов ағамыздың 70 жылдық мерейтойында Хамаңмен бірге болып едік. Қарап отырсам, қазіргі қазақ зиялыларышың бетке шығар үлкен бір тобы бас қосқан бұл алқалы жиында қарт ақынның да болуы, Зекеңе арнап мінбеден өлең оқуы жыр абызының соңғы бой жазуы,

ел-жұртының ыстық құшағымен қимай қоштасуы сияқты болған екен ғой. Шын мәнінде қолынан қаламы түспей, қуаты қашып, күші сарқылмаған сарбаз қалпында бұл жалғанмен қоштасып жүре беріпті. "Сүйегі мықты" деп жатады ғой қазақ, бірақ. Хамаңның сүйегі мықтылығымен бірге, бұл жерде жаратылысының бөлекше құнары, шығармашылық жолға құмарта беріліп, өміріне содан үстеме нәр, қайнарлы қуат алып отыруында ма деп қалам. Әдебиетке, оның ішінде өлеңге қызмет етудің ұлы үлгісі мен Хамаңнан көріп едім. Сексеннен асқан жасының ішінде, ондаған кітап шығара жүріп, қанша дегенмен де қалжыраулы қаламынан туған осынау шағын кітабының тезірек жарық көруіне соншалық ынтық болуы ақынның сол дара болмысын тағы бір дәлелдеп тұрған жоқ па. Өмір сүрген кезеңдегі халқының барша ұмытылмас ұлы оқиғаларына араласқан, ұлт тағдырына ұдайы ортақтасып отырған, сөйтіп өзі де тұтас бір дәуірлік тұлғаға айналып кеткен қаламгер Хамаңдай-ақ болар. Өзі сүйген өнерге шексіз берілуі арқылы ұлтының асқақ рухына айналып, ел-жұрт болмысымен біржола сіңісіп кеткен кісіні тарих аз біледі.

Өкінішсіз өмір кешіп, тірліктен сұлу кетті Хамаң. О кісі жайлы ел аузында әңгіме де көп. "Жақсының артынан сөз ереді" дегенді осыдан-ақ аңғарар едік. Әрине, келемеж ете алмаса да, біреулердің кекесініне айналған пенделік осалдығы да бар. Сол "осалдығын" кейбіреулер ептілікпен өз пайдасына жаратып та жүрді. Ол осалдық Хамаңның баладай адал аңғалдығы еді, ұдайы алдауға түсіп қала беретін сенгіштігі еді.

Ондай пиғыл-парасат, қимыл-әрекеті, кілт бұрыла салар мінезі жайлы да әлі талай жазылып, талай әңгіме болары ақиқат.

Мына кітапта Хамаң біраз адамға өлең арнапты. Бәрін де оқып, бәріне де иландым. Өйткені бұл кісіні соңғы отыз жыл бойы біліп, танып қалып едім. Аса жақсы көретін ағам еді!

Аға ғана емес, ол бізге, бізді қойшы, өз тұстастарының ең таланттыларына да шығармашылығымен үлгі бола білген ұстаз болатын. Ал, біз болсақ, Хамит шеберлігіне тәнті болып, "Сенің өзенің", "Біздің ауылдың қызы", "Құрманғазы" дастандарын жаттап өскен буыннанбыз.

Үлкен-кіші достары да, шәкірттері де көп еді. Солармен шекіскен кездері болса да, кетіскен жері болмапты: Кісіге қылдай қиянат жасапты деген қауесет жоқ та, кісіге

нанғыштығынан опық жепті деген сөздер баршылық. Үзеңгілес өскен Қалижан Бекхожинмен арасындағы аңыздай әдемі оқиғаның өзі де бұл екі ақынның кісілік беделін биіктете түсер еді.

Осынау ақырғы кітабындағы бір өлеңінде:

*Тезгетем деп керуен өмір жүрісін,
Бас пайдасын ұмытқанның бірісін,
Сол себепті жағынбайтын ешкімге
Жалғыз-жарым жақсы адамның бірісін, —*

деп, екінші бір жырында:

*Бір парыз міндетіме ала тұрып,
Қашан сол өтелгенше алас ұрып,
Тынымсыз күй кешсем де, жүргендеймін
Өмірді бүтін емес, шала сүріп, — депті.*

Бұл — Хамаңның таза өз портреті.

"Осы кітапқа өзің редактор бол!" — деп еді Хамаң.

Екі айтқызбай келісіп едім мен.

"Кітап шыға сала Есенғали екеуің газеттердің біріне ашық пікірлеріңді жазыңдар!" — деп тапсырып еді ағамыз.

Есенғали өзі білер, ағаға берген уәдемде тұрып, әзірге менің айтарым осы болды.

Жұрттына өлмес, өшпес мұра қалдырып, өмірінің жалғасын сол мұрасына берген сөз дүлдүлінің бірі, қазақ жырының Патриархы Хамаң жайлы айтылар көп сөз әлі алда.

Бұл сөздер Хамаң қайтыс бола сала жазылып еді, "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланды. "Хамаң жайлы айтылар сөз әлі алда" деп бітіріппін. Сол көп әңгіменің бір үзігі ретінде қағазға түскен сөздер еді бұл, оқушым. Пері болсам деп ойламаған, періште болуға құмартпаған ақын адамның өз келбетін беруге тырысқан түрім осы.

1968 жылы Талдықорған қаласында облыстық "Октябрь туы" газетінің редакциясында әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі болып істеп жүрген кезім еді. Орда бұзар отыздың кезінде жөпшеңдіні менсіне бермейтін мінезің болады. Бірақ ойда жоқ жерден, бұрын мені білмейтін Хамит Ерғалиев телефон соққанда, әжептәуір абыржып қалғаным рас еді. "Сәкен қалқам, — деді Хамаң, — бұл Хамит Ерғалиев деген ағаң ғой. Алматыдағы жігіттер беріп еді телефоныңды. Мен осындағы қонақүйдің алдында тұрмын, келіп, жолығып кетші".

Атағы жер жарған, біз үшін аспандағы аймен тала-

сардай көрінетін Хамит ақын Ерғалиев мені елеп, телефон соғады деген ой үш ұйықтасам, түсіме кірмеген. Сәл абыржып, сас — қалақтаған қалыпымда газет редакторы Ұзақ Бағаевтың алдына бардым. "Ұзеке, осыңда Хамит Ерғалиев келген екен, қонақүйдің алдында тұрмын дейді, телефон соғып, жолығып кет деп тұр, машинаңызды берсеңіз, тез жетіп алып, қайтарып жіберейін", — деп жатырмын жөпелдемете.

Ұзекең аса сабырлы кісі. Мен құсап күйгелектенген жоқ. "О кісі нағып жүр екен? Мен де танитын едім, түскі үзіліс болып қалды ғой, сенімен бірге барып сәлем берейін. Жүр, кеттік!" — дегені.

Әне-міне дегенше, Талдықорған қаласының ол кездегі қосқабат қана жалғыз қонақүйінің алдына келіп тоқтадық. Хаманды алыстан таныдым. Он жыл бұрын, 1958 жылы Алматы көшелерінің бірінде сыртынан Қастек Баянбаев көрсетіп, соңына біраз ере түсіп қалған едік. Ақ шашы арыстанның жалындай болып толқыған, бойын соншалық бір бекзаттықпен тіп-тік ұстап, тура тартып бара жатты. Алыстан қарап, айбарынан ығып, қала берген едік.

Бұдан кейін Талдықорған өз алдына дербес облыс болып тұрғанда (1959 жылға дейін), астананың атағы жер жарған 40 ақыны келіп, әдеби күндер өткізіп қайтқандары бар. Газеттер жазып, радио хабарлап, Жетісу жері абырсабыр болып жатқан сол тұста ақындарды алыстан болса да көруге әдейі ауылдан іздеп келгенім бар. Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Қалижан Бекхожин, Хамит Ерғалиев сияқты ақындар қатар тұрып, қаланың орталық саябағы алаңында өлең оқығанда, ел мен жер түгел тебіренгендей болған.

Қалижан ағаның:

Ондайлар болса араңда,

Шықсын мына алаңға! —

деп саңқылдаған дауысы, Хамаңның:

Барлық өзен бір өзіне жарамсақ,

Нұр сипатты Нұра болып жаралсақ, — деп күмбірлете ұн қосқаны құлағымда жүретін.

Сол Хамаң енді міне алдымда тұр, алдымда тұрған жоқ, тап мені күтіп тұр. Машинадан Ұзақ Бағаев екеуміз бір мезгілде түстік-ау деймін, Хамаң менен бұрын соның қолын алып: "Оу, Ұзақ, сәлемет пе, сен де осында екенсің ғой, айтпақтай!" — деп жылы амаңдасып, сосын маған қарап: "Сәкен сенсің ғой, жігіттер айтып еді, көзі

Махамбеттің көзіңдей өткір деп, көзіңнен таныдым, айналайын", — деп, ұсынған қолымды ықыласпен алды.

— Хама, Сәкен айтқан соң, сәлем берейін деп келдім, үйім осы арада жақын. Машина керек болса, айтарсыз, — деп қоштасып, Ұзекең жөніне кетті де, мен ақынның қасында қала бердім.

Хамаң өзінің әлдебір жеке шаруасымен жүргенін, сол шаруаның бүгін біте қоймай тұрғанын, күні бойы қолы бос болғасын, мені әдейі іздеп тапқанын, ертең Үштөбеге баратынын айтып, жөн-жосық білдірді.

Әйелім Үшаралға кетіп, үйде шешем ғана бар еді. Ол кездегі тұрмыс та белгілі, бірден үйге алып барсам, құрауыз отырып қалып жүре ме деп, Хамаңды қонақүйге қапталдас дәмханаға түстік ас ішуге шақырдым. Хамаңның әлі сыр-ын алып болмаған кезім, ас мәзірін өзіне таңдатқым келіп еді, "Маған бәрі бір, өзің ала бер", — деп, билікті мүлдем өзіме қалдырды.

Тәуірі осы-ау деген тағам түрлерінен заказ бердім де, мен ол кезде ішімдікке жоқ едім, сондықтан: "Аға, арақ-шарап жағына қалай қарайсыз, алдыртайын ба? Қайсысынан?" — деп сұрадым.

Хамаң менің жүзіме бағдарлай бір қарап алды да: "Москваның айрықша арағы" жарайды ғой, — деді.

— Қанша алдырайын? — деп сұраппын мен бейбақ.

— Әзірше бір шөлмегі жетер, — деп қойды жайлап. Мен ішпеймін, бір шөлмек көп болып жүрмей ме деген күдігімді ішке бүгіп қалдым да, айтқан әмірін орындадым.

Іштік, жедік. Әңгімемен біраз отырып, Хамаң әлгі шөлмекті тауысқанша жақсы таныс болып шыға келдік.

— Сәкен, сен преферансқа қалай едің? — деп сұрады Хамаң.

— Ептеп ойнаймын.

— Менікі де сол деңгей. Әйтсе де бірер жақсы досың болса, шақыр, үйге барып ермек жасайық, — дегені ғой ағамның.

Үлкен ақынды үйге ертіп келіп, шешеммен таныстырдым. Ақындардан ол кісі бұдан бұрын Ғали Ормановпен танысқан еді. Екеуі құрдас боп шығып, жақсы шүйіркелескен. Хамаңа да "қайным" деп жылы ілтипат танытты. Сүрленіп қалған ет бар екен үйде, соны қазанға тоғытып, шәй қамдауға кірісті. Мен көршілес тұратын бір-екі жігітті шақырып, ақын ағамен таныстырып, біраз "сыздық".

Сол кезде ауылға кеткен әйелім де келіп қалып, жас ет алып жеткен екен, оның да сыйлы мүшесін қазанға салып жатты...

Қысқасы, сол күні Хамаң біздің үйге қонып шықты. Жеке бөлмеге төсек салып беріп: "жайлы жатып, жақсы тұрыңыз", — деп жатырмын.

— Мына жерге бір орындық қойып, ішетіндеріңді қалдыр да, ұйықтай бер, — деді ақын.

"Ішетінің" дегенін түсіне алмай қалып: "Шәй әкеп қояйын ба, Хама?" — деп сұрадым. "Иә, шәйінді де әкеп қой", — деді о кісі.

Шәйнекпен шәй әкеліп қойдым қасына. "Енді ана ішетініңді әкеп қой", — деді Хамаң.

"Сүтті айтасыз ба?" — дедім. "Сүтіңді де, ішетін шөлмегіңді де әкеле берсеңші", — деді Хамаң.

Сонда барып "ішетініңді" дегенінің не екенін түсіндім ғой.

Ертесінде өткінші жаңбыр жауып, ауламыз біраз ластанып қалған екен. Хамаң облыстық партия комитетіне бармақ болды. Анадайда бір сары қорапты жеңіл машина түр екен.

— Анау машинаның шоферіне айт, обкомға апарып салсын, — деді Хамаң.

— Ойбай-ау, танымайтын адам мені тыңдай ма? — деймін шырылдап.

— Әй, бәрімізге ортақ Хамит қой демеймісің.

Қол қусырып, қошамет көрсетіл жүрген адамға жасар амалым болмай, машинаның айдаушысына барып: "солай да солай, сыйлы ақын еді, обкомға жеткізіп салар ма екенсің?" — деп жатырмын. Тілеуіңді бергір, мұсылман екен, сөзге келмей келісе кеткені.

— Айттың ба, бәрімізге ортақ Хамит деп, — дейді алдыңғы орынға жайғасып жатқан Хамаң.

— Иә, — деп қоямын мен жазған.

Хамаңмен танысуымыздың басы осылай болып еді.

Айтқандай, ұмытып барады екенмін-ау, сол алғаш рет үйге келгенде менің шағын кітапханам жинақталған шкафқа біраз қадала қарап тұрып:

— Оу, сен Мәуленов, Әлімбаев сияқты классиктерді ғана оқиды екенсің ғой, менің кітаптарым неге жоқ? — деді кәдімгідей өкпелей бұртиып.

— Бар еді, — деп шкафтағы кітаптарды ығыстырып, арасынан қарап жатырмын. Құдай атайын дегенде осылай қырсықпай ма, Хамаң кітабы табыла қоймады.

— Қой, қарамай-ақ қой, тым құрығанда, "Құрманғазының" Мәскеуден шыққан нұсқасы тұруы керек еді-ау сенің үйінде, — деді о кісі.

Әр жылдары жеке шыққан шағын кітаптары бар еді,

оқып та жүретін едім. Соның бірі қолыма ілінбей, Хамаң алдында жерге қарағаным бар сөйтіп.

Араға бірер ай салып Алматыға келдім. Ол кезде Жазушылар Одағының бірінші қабатындағы "Жазушы" баспасының поэзия редакциясына бір соға кету әдетіміз болатын. Солай бара жатыр едім, қаракөлеңкелеу тар коридор бойында Хамаңмен қарсы ұшырасып қалдым. Аңқандап барып сәлем бердім. Сәлемімді салқын алған ақын, "Қай баласың деместен, сыртқа шығып кете барды. Аңырып мен қалдым. "Апыр-ау, бір күн дәмдес болғанға қырық күн сәлем» деуші еді, аз күн бірге жүріп, азды-көпті қызмет көрсетіп едім, бұ кісі дұрыстап сәлем де алмады-ау, сырттай ғана сүйсініп, сырттай ғана сыйлап жүргеніміз дұрыс екен ғой өзі", — деген наламаен қала беріп ем.

Тағы бір күні сол редакцияға соқсам, Хамаң телефонмен сөйлесіп тұр екен. Мен бөлмедегілерге амандастым да, әлдебір өз шаруамды айтып Әнуарбек Дүйсенбиевпен сөйлесіп кеттім ақырын. Телефонды орнына қойған Хамаң маған біраз қарап отырды да:

— Оу, сен Сәкенбісің? Қалқам-ау, неге амандаспайсың? — дегені.

Мен самарқаулау қол беріп амандастым да:

— Хама, өтірік пе, шын ба қайдам, екі күн бұрын құрақ ұша қол беріп амандасып едім осы коридор бойында, елемей, өте шықтыңыз. Соған өкпелеген түрім ғой, — деген болдым.

Хамаң қалбалақтап: "апырай, мен қараңғылау тұста жыға танымаған болдым-ау. Әйтпесе, қалқам, неге сенің сәлемімді алмаймын! Кітабымды үйіңе сақтамағаныңмен, қалтқысыз шын құрметімді көрдім, мені сыйлайтыныңды дәлелдегенсің. Оны осындағы жігіттерге айтып та келген болатынмын", — деді.

Көңілім қайта жылып, жадыражай күй кештім. Кезекті бір кішкентай кітабым жарық көргелі жатыр еді, соған Сағи Жиенбаев екеуіміз ат тауып қоя алмай, әуре болдық. Соны аңғарып қалған Хамаң:

— Мен ат тауып берсем, жуасыңдар ма екеуің? — деп сұрады. Біз "жуамыз" дестік.

— Ендеше "Жайдарман" деп қой кітап атын. Мен білсем, осы сөзде көп мағына жатыр. Жайдарылық, саздылық, үндестіктің бәрі бар.

Біз бірауыздан келістік те, кітап атын "Жайдарман" қойғанбыз.

1974 жылы Алматыға ауысып келіп, Қазақстан Жазушылар Одағына қызметке тұрдым. Аманжол Шамке-

нов, Қадыр Мырзалиев, Қалихан Ысқақов төртеуіміз бір бөлмеде отыратын едік. Бір күні Хамаң келді. Бөлмеде мен жалғыз болатынмын.

— Сәкен, осы сен Мәскеуде оқыдым деген сықылды едің-ау, ә! Орысшаң қалай еді? Маған бір аннотация жазып бересің бе жақсылап? — деп сұрады.

— Ақысы болса, боқысын шығарамыз ғой, Хама! — дедім мен бұл кезде жиі-жиі ұшырасып, біраздан бері бойым үйрене бастаған ағама қалжыңдап.

— Ақысы болып қалар, — деп қалтасын қарманды да, — сен маған 10 сом қарыз бере тұр да, әлгіні жазып таста. Оған дейін мен бір шөлмек тәуір коньяк іздеп келейін, — деді.

— Менде 10 сом болса, сізді жүгіртіп нем бар, бәрін өзім орындамаймын ба, — деймін мен.

Хамаң сәл қипақтап тұрып:

— Жә, сен жаза бер, мен Фаридаға барып келейін, — деп шығып кетті.

Фаридасы әдеби қордың бухгалтері екенін сезе қойдым. Ол бір ақкөңіл жақсы әйел еді, қолында болса, қарыз беруден тартынбайтын. Бәріміз де оның алдына қысылмай бара беретін едік.

Менің жазған аннотациямды Хамаң қатты ұнатты да, төмендегі "барға" ертіп барып, бір шөлмек коньяк алды. Алдыма қойған орталау стақандағы ішімдікті сылқ еткізіп бір-ақ жұта салып едім, "Мынау қайтеді-ей" дегендей, Хамаң:

— Коньякты бойға тарата, асықпай ұрттап ішер болар, — деп ескерту жасады.

Мені аяғаны ма, коньяк тез бітіп қалады дегені ме, о жағын анық аңғара алмадым.

Сол күні ғой деймін, Хамаңмен қолтықтасып баспадақтан төмен түсіп келе жатып, өз-өзімнен аяғым шалынысып қалғаны.

— Ой, сен жап-жас болып тәлтіректейсің ғой өзі, арақ іше алмайтын неме ме едің! — деп сөкті келіп.

— Жоға, сау адамның да сүрінетіні болады ғой, жәй шығар, — деп ақталайын мен.

Келесі көшенің қиылысында Құдай атып аяғым тағы шатасып, құлай жаздап барып қалдым.

— Жә, болды, қайда тұратын едің, енді жөніңді тап, өз бойын ұстай алмайтындармен қолтықтасып жүре алмаймын мен! — деп ашуланған ағам қолды бір сілтеді де, мені сол жерде қалдырып, жөніне кете бергені...

1975 жылғы жыл қорытындысының бас қосуында мен 1974 жылғы поэзия турасында баяндама жасадым. Жастық, албырттық болар бәлкім, әйтеуір, өзімнен жасы едәуір үлкен бірер аға ақындардың жадағайлау шығармаларына азуды салыңқырап, ащырақ пікір айтып жібердім-ау деймін. Әйтеуір, баяндамадан соңғы жарыссөзде мінбеге шыққан Қалижан Бекхожин ағам сұлу мұрты жыбырлап, залдағы маған сұқ саусағын кезей тұрып, біраз қатты сөз айтты.

— Сен Диханның өлеңін сынайсың, бір жеріңе қарамай, — деді Қалекен, — ол коммунистік қоғамды, партияны жырлайды. Сен итті жырлайсың, — деп сөкті.

Соның алдында “Қазақ әдебиеті” газетінде менің ішінде “Арланның ажалы” деп аталатын өлеңім бар топтама жарияланған болатын. “Ит туралы жазсам да, жақсы жазсам бопты да” дейін деп бір тұрдым да, дауды ушықтырмауды ойлап, үндемегем. Үзіліске шыққанда Сырбай Мәуленов, Қалижан Бекхожин, Хамит Ерғалиевтерге кездейсоқ қосыла қалып едім, Хамаң тұрып:

— Сәкен, сен Қалижанның сөзін ауыр алма. Мұның ит десе ұстап кететін ескі жыны бар. Ертеде бір шекарашылар туралы поэмаларға конкурс жарияланып, соған Қасым Аманжолов “Сырттан” деген поэмасымен қосылған еді. Сондағы бір жиында осы Қалекен: “шекараны итке күзету деген де сөз бола ма екен!” — деп, Қасым шығармасын қатты сынады. Бір күні осылай бас қосып отыр едік, үстімізге Қасым кіріп келді де:

— Мә, сенің “Шекарашың” емес, менің “Сырттаным” алды бәйгені! — деп бір газетті Қалижанға қарай лақтыра салды. Бұл бәйге қорытындысы жарияланған газет екен. Содан бері Қалижанның ит туралы жазған ақынды жаратпайтын әдеті, — деп бір тоқтады.

Сұлу мұрты жыбыр-жыбыр етіп, үндемей Қалекен тұрды. “Солай да болғаны бар!” — деп мұқыл қолымен бетін сипап Сырағаң күлген гүрілдеп.

Үш ағамды “барға” ертіп апарып, көмейлерін жібітіп қайтқаным да бар еді-ау!

Пенделікке бой алдыра қоймаған, жікшілдік-жершілдік дертіне шалдығып, рушылдықпен уланбай өткен сиректердің сойы да Хамаң еді деп білем. Талдықорған өңірінен шыққан Құдаш Мұқашев, Тұрсынзада Есімжановтарға әкесіндей қамқорлық жасағанының куәсі болып едім.

Оқта-текте ойламаған жерден телефон соғатын.

— Сәкен, — деді бірде, — мен қарап отырмай, қазір өсиет жазып шықтым. "Өзекті жанға өлім бар, егер мен анау-мынау болып кетсем, орысша айтқанда, душеприказчиктерім Зейнолла Қабдолов, Сағи Жиенбаев, Сәкен Иманасов болады" деп жазып, сейфіме салып қойдым. Саған соны айтып қояйын деп едім.

Мен ләм-мим деп үндей алмай қалғанмын. Ол өсиеті бар ма, жоқ па деп мұрагерлерінен сұрауды да ерсі көрдім. Кейінгілері бәлкі әруақтың ұйғарымымен келіскілері келмеген де шығар, кім біліпті...

Ақын кейде алданып та қалушы еді. Қазақстан жазушыларының "Қалдарбек съезі" аталған құрылтай жиыны болған. Сонда Хамаң сөйлеп: "Жазушылар Одағы жабылып қалса да, Қалдарбек аман жүрсе болды, бізді жарылқайтын осы болады!" — деген еді.

Кейін Қалдарбектен де көңілі қалған бір тұста: "Апырай, Хама-ай, сонда Сіз де солай деп едіңіз-ау!" — деп әлгі сөзін есіне салдым.

— Әй, қой. Мені де ұрып өлтірер адам жоқ деп, өзімді өзім жеп жүргенім де жетер, енді сен табалама! — деп тыйып тастаған.

Хамаңның 80 жылдық мерейтойы драмтеатрда өтті ғой. "Жазушы" баспасы атынан баспа директоры Есенғали Раушанов інім екеуміз сый-сыяпатымызды алып барғанбыз, бірақ бізге сөз тимей, той жалғасы ертеңінде Жазушылар Одағында жалғаспақ болған. Не бөгет болғанын білмеймін, ертесінде де, сол күні өткен қонақасыға да біз бара алмай қалдық. Арада апта өтпей Хамаң телефон соғып, үйіне қонаққа шақырды. "Сендер тойда болмадыңдар, енді бұлтара алмассыңдар!" — деп.

Сол күні ол үйде ұзақ отырдық. Көп әңгімелер айтты. Өлең оқылып, біраз сілтестік. Үш ұрпақ өкілдері екендігіміз де естен шығып кетті. Соңғы жылдары шыққан екі проза кітабын сыйлады бізге. Енді қайтайық дегенде, Хамаң қояр да қоймай отырып тағы бір шөлмек аштырды. Ішуден зәрезап болған біз "ашпаңыз" деп ат-тонымызды ала қашсақ та: "Тым құрығанда аштырып кетсеңдерші, әйтпесе, мына апаларың, "ашылғаны жоқ" деп, сендер кеткен соң, маған татырмай қояды ғой!" — деп те бізді бір күлдіріп еді-ау жарықтық.

Бұл біздің сыр ақтарыса жарасып отырған соңғы басқосуымыз болып еді.

АЛЫПТАР ТОБЫНЫҢ АҚЫРҒЫ ТҰЯҒЫ (Академик Мұқамеджан Қаратаев туралы)

Ол кісімен пәлендей көп араласа қоймаған едім. Тек 1974 жылы құрдасым журналист Қадірбек Уәлиев: "Академиктің аузына ілігуіңмен! Бірақ "кексе" ақын болып кетіпсің...", — деп, "Қазақ әдебиеті" газетін ашып көрсеткені бар еді. Онда Мұқамеджан Қаратаев ақсақалдың әдебиет жайындағы кезекті бір мақаласы басылып, соның: "Кексе ақындарымыздың бірі Сәкен Иманасовтың "Айтыс" поэмасы...", — деп басталып, мені біршама мақтаған тұсы бар екен. "Апырай, сені танымайды екен-ау, шамасы!" — деп күлген де қойған еді әлгі мақаланы көрген жігіттер.

Кейін Мұқаңның өзімен жете білісіп, тілдесіп жүрдік, біраққаншама көкейімде тұрғанымен, "Мені кекселендіріп жібергеніңіз қалай?" деген сөзді айта алмадым.

Мен "Жазушы" баспасында редакция меңгерушісі едім, халық шығармашылығына байланысты ғалымдар ол редакцияға жиі келетін. Мұқаң да келіп-кетіп жүретін еді. Сондай күндердің бірінде менің "Жалын" баспасынан шыққан "Бел-белес" дейтін кітабымды сұрады.

— Жігіттер жақсы кітап деп еді, берші, оқып шығайын, — деді қарсы алдыма келіп отырған академик.

"Қырсыққанда қымыран іриді" дегендей, масқара болғанда, ол кітап өзімде де болмай шықты.

— Жоқ екен, аға! Тағы бір келгеніңізге дейін тауып қояйын, — дедім.

Араға бес-он күн салып редакциямызға Мұқаң тағы келді. Дәл менің қарсы алдымдағы бұрынғы орнына жайлана отырып алып:

— Ал әкел кітабыңды! — дегені.

Менің есімнен шығып кеткен екен. Ұялған тек тұрмастың әдетімен:

— Қазір үйге барып әкеле қояйын, отыра тұрасыз ба? — депшің ғой абыржыған сыңай танытып.

— Сәкен, сен немене соншама, мен оқуға болмайтын кітап па еді әлде оның? Әлде мен тақияңа тар келіп тұрмын ба? — деді сызданыңқырап академик ағам.

— Құдай біледі, аға, ұмытып кетіппін, өзім үйге апарып берейін, — деймін біржола дегбірім кетіп.

Ағам бұл ақталғанымды да аса жарата қоймаған сыңай танытып, үн-түнсіз орнынан тұрды да, есіктен шығып

жүре берді. Ертесіне үйге қалбалақ қағып Мардан ағам Байділдаевтың келе қалғаны. "Ойбай, Мардеке, жақсы келдіңіз, осылай да осылай", — деп бәрін айтып жатырмын оған. Мардекең сөзімді түгел тыңдап алды да, қолма-қол Мұқаңа телефон соқты: "Сәкен екеуіміз бірер сағат ішінде үйіңізге кіріп шығамыз", — деп жатты марқұм. Қашанда кісіге қылдай да болса, жақсылық жасағысы келіп тұратын аса бір елгезек адам еді жарықтық.

Әлгі кітабыма автограф жазып, Мардан ағамды алдыға салып академиктер тұратын еңселі үйге де жеттім. Есікті академиктің келіні ашты. Бұрыннан білем, өзіммен құрдас баласымен де әрдайым әзілдесіп жүретінбіз.

— Мұқаңа келдік, — дей беріп едім, түкпір жақтан о кісінің өзі де көрінді. Амандасып: "Ә, бері жүріндер!" — деп, бізді кабинетіне қарай бастады.

Мардекең сөйледі, мен үнсіз отыра бердім. Мұқаң жадырап көп ашыла қоймады. Шағын кітабымды алып, столына қойып қойды. Сол екі арада дастархан басына шақырған келіні көрінді. Мен Мардекеңе қарадым. Ол бұл үйге еркіндеу. "Жүр, дәмге баралық", — деген Мұқаңа еріп, мені де болмай ас үй жаққа сүйреп әкетті.

Түскі астың мезгілі еді. Сорпасымен пельмен жедік-ау деймін, ұмытпасам. Арақ-шарап ұсынбады. Мұқаңның бәйбішесі аса сабырлы, салиқалы кісі көрінді. Артық сөз, әңгіме бола қойған жоқ. Биязы қалыпта ғана тамақтандық. Сәл тойыңқырамай да қалдым. Бірақ ешкімнің ыдысына үстеме құйылмады. "Салттары осы шығар", — деп, мен де сәл-пәл жарты құрсақ қалғанымды сездіре қоймадым.

Кейінірек менің "Адырна" аталатын кітабым Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған тұста Мұқаң "Алматы ақшамы" газетіне жақсы мақала жариялады. Өлеңдерімді оқып, риза болғанын жасырмапты.

Телефон арқылы хабарласып, алғысымды білдірдім.

Жас жағынан арамыз алшақтау, ол кісі менің әкеммен жасты екен, сондықтан да болуы керек, көп араласып сырласа қоймадық. Менің де кісіге жұғыса кетуге ебім жоқ, жақын тартқысы келген емеурінін ұға қоймағанға Мұқаң да өзін сәл-пәл суық, сәл-пәл алыстау ұстаған болар. О жағының анық-қанығын дәл пішіп айта алмаймын.

Сол ниетпен Мұқаңның рухына арнап, мынау өлеңді жаздым.

Мұқаңның рухына

*Асып-тасып, ақтарыла кемерген
Қызынғанын көре қойған жоқ ем мен.
Анық басып, ақырындап жүріп-ақ,
Жоғарырақ тұрушы егі көп елген.*

*Иығы асып нелер пысық, "мықтыңнан",
Бейбастықты беделімен ықтырған.
Бала жастан өзін елге әйгілеп,
Кім екенін сөзімен де ұқтырған.*

*Өзі де өткір, сөзі де өткір алдаспан,
Шыңға қарай өрмелегі талмастан.
Шәу-шәу етіп қала бергі көп күшік
Баяғыдан балағына жармасқан.*

*Ұрпағына аты өнеге, хаты үлгі,
Өзі – мәңгі! Сөзі қалды татымды.
Мұқаң менің көз алдымда тұрады
Алыптардың тұяғындай ақырғы!*

Автордан. Бұл шағын сөзді мен Қазақстан Гуманитарлық ғылымдар академиясы шығарған "Өткеннен қалған өр тулға" кітабы үшін жазған болатынымын.

ҒАФУ ҚАЙЫРБЕКОВ

Ақын Ғафу Қайырбековтың туғанына 70 жыл толу мерейтойы Қазақконцерт залында аса бір салтанатты жағдайда өтті. Ақынның тұрғыластары, құрбыластары, үзеңгілес серіктері, туған-туыс, іні-қарындастары тегіс жиналып келіп, зал ішін ақынға деген, қаламгер мұрасына деген құрмет пен махаббатқа толтырып жібергендей болды.

Сол салтанаттың куәсі бола отырып, осыдан төрт-бес жыл бұрынғы бір оқиғаны еріктен тыс еске алдым.

Бұрынғы Талдықорған облысының Ақсу өңірінде Ілияс Жансүгіровтың 100 жылдық ұлы тойы өтіп жатты. Сол тойда ақындар мүшәйрасын басқарған маған облыс әкімшілігі автокөлік мінгізді. Той тарқар кезінде мен Алакөл ауданынан арнайы келген жерлестеріме кіріп, қоштасып шықпақ

болдым. Алты қанат ақбоз үйдің төрінде жұбайымен Ғафу Қайырбеков, Тұманбай Молдағалиев, Рымғали Нұрғалиев сияқты менің сыйлы да күйлі қаламдастарым қонақ болып отыр екен. Мен асығыс амандасып, жөн айтысып кетпек едім, Ғафаң тұрып:

— Сәкенжан, көлігің құтты болсын. Бірақ машина деген де темір ғой, бүгін бар, ертең жоқ, — сынады да қалады. Сені елің сыйлап, құрметтейді екен. Мен соған разы болдым. Сол елдің махаббатына осылайша бөлене беруіңе әрдайым тілектеспін, — деп тост көтерген.

Сол кезгі аудан әкімі:

— Оу, ағайын, дастарқан иесімен ғой, рұқсатпен, кезекпен сөйлейік те. Дастархан түгілі, елу мың халқы бар ауданды да басқарып отырмыз ғой, — деп Ғафаң сөзіне шолтаң етіп кейіс білдіріп қалды.

— Әй, қарағым, мен оғаш ештеңе айтқан жоқпын ғой, — деп өркөкірек Ғафаң бұл жолы мүдіре күңкілдей берді.

"Шолақ сай тез тасиды" дегендей, әлгі әкімнің орынсыз қыстырылғанына мен де ызалана бастап едім, орта жолдан сөзге Рымғали Нұрғалиев араласты:

— Әу, ағайын, — деді ол, — бүгін біз қазақ әдебиетінің айтулы классиктерінің бірін марапаттап, мерейтойын өткізіп отырмыз. Ішімізде сол ұлт әдебиетінің тағы бір асқар биік өкілі, тірі классигі Ғафаң отыр. Бұйырса, күні ертең бұ кісінің де кезегімен келер мерейтойларын осылай ел болып атап өтетін боламыз. Сондықтан бүйректен сирақ шығармай, тату-тәтті тарасайық та.

"Сөзіңді біреу сөйлеп жатса, аузың қышып бара ма?" дегендей, мұндай әділ айтылған аталы сөзден соң мен артымды қысып, Алматыға аттанып кете бергенмін.

Әйтсе де, ешқашан ауыздыға сөз, аяқтыға жол беріп көрмеген Ғафаңның сол күнгі бір сәтке мүдіруін, көңілінің сәл басылуын көру де маған ауыр тиіп еді. Өйткені ол кісі қай жер, қай ортада болсын өктем көрініп, ағыла, ағынан жарыла сөйлеп отыратын. Соңына ерген, көп жылдар Ғафаңның қарауында істеген үркердей бір топ інілері Сағи, Шәміл, Тұманбайлар ол кісінің алдынан кесе өту түгілі, бір рет кезексіз килігіп, сөзін бұзып көрмеген болар. Өздері де көлеңкелері күндік жерге түсетін көсем болып қалғандарына қарамай, Ғафаң алдында төменшіктеп тұратындарын көп аңғарып жүретін едім.

Тұманбай Молдағалиев 50 жасқа толып, үйінде бір топ адамға дастарқан жайғаны есімде. Тойдың тамадасы (әлде "асабасы" дейтін бе еді?) Кәдірбек Сегізбаев болатын. Ол

да тілді жігіт, жұртты күлдіре ұйытып, кезегімен сөз беріп тұр еді, орта жолдан Ғафаң қосылды да, тізгінді бірден өз жағына тарта бастады. "Оу, аға, тамада мен едім ғой!" — дейді Кәдірбек. "Сенсің ғой тамада, білем ғой, бірақ тұра тұр!" — деп Ғафаң әрі қарай билікті өзі қағып алып, басқарып кете берген болатын.

Ордабасыда өткен ұлы жиынға (1993 жыл) жазушылар бірқауым ел болып барғанбыз. Біз Тұманбай Молдағалиевпен екі кісілік купеде едік, үстімізге қолында қомақты сөмкесі бар Ғафаң кірген. Ашық есіктен бір мезетте Әбдіжәмил Нұрпейісов кіріп, төрге озды. Ғафекең маған:

— Сәкен, ана сөмкеге қол жалғашы, жеңгең салған дәм болса керек еді, — деп бұйырды.

Қол салып едім, солаң етіп үлкен кесілген қазы шықты ішінен.

— Оу, әрірек сұқсаңшы қолыңды, — дейді Ғафаң. Әрірек сұғып едім, сопаң етіп енді бір шөлмек коньяк шықты.

— Е, бәсе! — деп жымың етті Ғафаң.

Қазыны Әбекең ұстады. Кертіп жеп, есіктен сығалағандарға керенау қарап, кертіп асатып отыр. Ғафаңның аузына ешнәрсе тие қоймады-ау деймін:

— Әй, Әбекем-ай, жұрттың қазысына келгенде, мүлдем шүлен болып кетеді екенсіз-ау! — деп қалды.

Біз дүрліге ду күліп едік...

... Әңгіме басында айтылған оқиғадан кейін ізін суытпай Ғафаңа жолықтым.

— Өткен жолы көңіліңізге ауыр алып қалдыңыз-ау деймін, аға. Сол жігіттің желігін басып, тәубесіне келтірер бір амалын ойластырсам қайтеді? — деп сұрадым.

— Әй, қайтесің соны. Оның үстіне, сол жігіттің өзі де қатесін мойындап, сен кеткесін кешірім сұрағандай болған. "Ит үреді, керуен көшеді" емес пе? Елеп қайтесің, — дей салған.

Сондағы Рымғали айтқан бір ауыз дәлелді сөз Ғафаңның 70 жылдығында тағы да еске түсіп, классик ақынымыздың алда болар ұлы тойларының басы осы екен-ау деп түйген едім. Өзімнің Ғафаңды таныған, білген кездерімді де ретімен барып еске алғам.

Жүмекен жайында жазылған бір естелігімде айттым ғой деймін, "Ақдарига" деп аталатын көлемі үш баспа табақтай ғана кітабымның қолжазбасын көтеріп, алдыма Нәжімеденовтың өзін салып, Ғафу Қайырбековке

бардым. "Аға, аз ғана уақытыңызды қиып, осыны оқып шығыңыз, — деп жалындым, — ұнамаса енді қайтып сіздің мазаңызды алмауға сөз, осы көшемен жүрмеуге уәде берейін".

Ғафаңнан алыста жүрген, астанаға оқта-текте бір соғатын ментүгілі, көп жыл қатар отырып қызмет атқарған, өздерінің де күндік жерге көлеңкесі түсерлік атақ-абыройы бар өкшелес інілері Тұманбай, Сағи, Шәмілдер де ығыса жүретінін байқайтынмын. Жаңағы қолқама бір бөлмеде иық тірестіре отырған олар да таңырқасып, бір сәт алдарындағы жұмыстарынан бас көтерген қалпы, үнсіз бізге қарасып қалған.

Қолжазбамды қолына алып, салмақтап көрген Ғафекең: "Жақсы, қарағым, қол да тимей жатыр еді, бұрын мұндай қолқа салып көрмеп едің, тастап кет те, бірер сағаттан кейін қайта орал", — деді.

Мөлшері болып-ақ қалды-ау деп, араға бірер сағат салып барып едім, Ғафаң:

— Әй, Сәкен, сен ақын екенсің ғой, қалқам. Қатты разы болдым! — деп қолжазбамды өзіме қайтарды.

"Кітап етіп шығарып береміз" деп айта ма деген бір дәмелі үміт жылт етіп барып сөнгендей болып еді ішімде.

Өлең жазғанның бәрі ақын бола қоймайтынын өзім де білетін едім. Ғафу секілді құдірет санайтын адамның аузынан "ақын екенсің!" деген сөз есту менің төбемді көкке жеткізіп тастағандай болғаны рас.

Ғафу Қайырбековтің өзін емес, сөзін бұрын танып едім. "Сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөз алма", — деп Абай айтқандай, алғашқы өлең кітабы — алақан көлеміндей "Құрдасты" оқып шығып құмартқан ақыным болатын. Бұдан соң "Дала қоңырауы" дейтін үлкен дастан-романын оқыдым. 1969 жылы шыққан "Алтын бесік" деген (бұл Ғафаң кітабы ішіндегі тұла бойында бір міні жоғы еді) кітабын түгел жаттап та алғам.

Кейін Ғафаңмен бір шаңырақ астыңда (Қазақстан Жазушылар одағы) қызмет ете жүріп, жақынырақ араласа бастадық. Бірақ жұлдызымыз тым жарасып кетіп еді деп айта алмаймын. Оны Ғафаңның өзі де сезіп, әр жерде: "Бұл екеуміздің басымыз бір қазанға сыйыса бермейді" деп айтып жүретін. Мен әйтеуір алдынан кесе көлденең өткен емеспін. Өзі де бетті, өзі де текті адам. Содан да ма, жасы кішілердің бәрі ол кісіден имене, ығыса жүретін. Бірде маған телефон соғып, ел ақындарының бірінің кітабын: "Неге шығармайсың, өзі менің қасымда отыр,

сендердің әмісе өстіп, алыстағы ағайынды шетқақпайлай беретіндерің не осы?" — деп қатты-қатты сөз айтып тастады. Даусы да қатты шығып кетті-ау деймін, мен де шамданып: "Оу, сіз неге сонша айғайлайсыз? Дауыс менде де бар", — деген болып едім, ағам бірден әдісін өзгертіп: "Сәкен-ау, мен ағаң емеспін бе, сондықтан айқайлаймын да!" — деп шыға келді. "Ә, онда жөн, аға. Айтқаныңыз болады, құп, тақсыр!" — демеске шарам қалмады.

Сөйтсем, Ғафаң қасында отырған, әлгі елден келген адамға: "Ол біздің бала ғой, қазір көзіңше қатты тапсырайын, кітабыңды қалай шығармас екен!" — деп отырады да, қолма-қол маған телефон соққан. Және менен қарсылық бола қояды деп ойламаған ғой.

Пенделік қылықтан да құралақан емес еді жарықтық. 1985 жылы қорытынды жиналыста Ғафаң қазақ поэзиясына сол жылы қосылған шығармалар хақында баяндама жасаған. Жиналыс болардан бірер күн бұрын Қадыр Мырзалиев екеумізге кездейсоқ ұшырасып қалған Ғафаң:

— Сәкенжан, сенің "Бел-белес" дейтін кітабыңды Несіпбек әкеліп беріп еді, оқып бітіріп қалдым. Маған аса ұнап тұр. — деді жүре сөйлесіп.

— Ұнаса болды ғой, аға. Ар жағын өзіңіз білерсіз, — дегем де қойғам.

Қызығы жиналыс үстінде болды. Жыл бойына шыққан кітаптарға түгел тоқталып, бірін мақтап, бірін мінеп дегендей, біраз сөйлеп алған Ғафаң баяндамасы аяқталар тұста: "Өкінішке қарай, биыл шыққан кітаптар ішінен менің қолыма Сәкен Иманасовтың "Бел-белесі" түспеді. Сондықтан ол кітапқа баға бере алмаймын", — деген сөздермен аяқтағаны ғой.

Дағдарып, не дерімді білмей қалдым. Тағы да залда Қадырмен қатар отыр едім.

— Дымың ішінде болсын, мен сөйлейін, — деді ол менің қазіргі халімді айтқызыбай ұғып.

Жарыссөзге шыққан Қадыр: "Ғафа, күні кеше ғана менің көзімше Сәкенге кітабын мақтап жатыр едіңіз, бүгін "қолыма түспеді" деп тұрсыз. Сонда қалай болғаны? Не кешегі, не бүгінгі сөзіңіз өтірік болғаны ғой, сірә", — деді.

Баяндамашы ағам қорытынды сөзінде бұл турасында ләм-мим демей, орағытып өте шықты.

Жиналыс соңынан екінші қабаттағы фозде Сырбай Мәуленов ағама жолығып, әлгі жағдай жөнінде мұң шағып отыр едім, үстімізге қаңғалақтап Ғафаң келе қалғаны.

— Мына Сәкен маған сенің үстіңнен арыз айтып отыр, — дей бастап еді Сырағаң, Ғафаң киіп кетіп:

— Әй, Сәкенжан-ай, кейде мені де атар адам жоқ осы, қойшы енді, қазбалай бермей! — деп тыйып тастады.

Аталы сөзге дау айтардай арсыз емеспіз деуші едік, әлгі мойындаудан кейін, үлкен-кіші болып, мәз бола күлісіп қана тарасқанбыз.

1994 жылдың күзінде Жезқазған жері Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық тойын атап өтті. Алматыдағы ақын-жазушы түгел ғана сол жаққа көшіп барғандай болдық. Мен тағы да осындағы ақындар мүшәйрасына төрағалық еткен едім. Сол мүшәйраға қатысқан Ғафаң да бәйгелі орын ала тұра, оны өз бойына олқысынып қалғанын түсіндім. Мүшәйра соңынан менен: "Сәкен, арнайы дайындап келген сөзім бар еді, соны оқып берейін!" — деген. Жергілікті белсенділердің қарсылығына қарамай, "Ғафаң бермеген сөзді кімге бермекпіз!" — деп, тізеге сала отырып, — Ғафу Қайырбеков сөйлейді, — деп хабарладым.

Ағам жақсы-ақ дайындалған екен. Бірақ бұрынғы тау суындай тасып тұрған екпін жоқ. Ентіге тұрып, қағаздағы сөзін әрең ғана оқып шықты.

Ертесінде Қарқаралыға қарай жүрер жол үстінде кездестік. Бір машинада Ғафаң, жеңгеміз Бәдеш, жазушы Дулат Исабеков бар екен. Жүгіре жетіп, амандасып қол беріп едім, о кісі сәлемімді салқын ғана алғандай болды.

Алматыға бір самолетпен ұштық.

Профессор Тұрсынбек Кәкішев, Жеңіс Қашқынов үшеумізден кейінгі орындықта бәйбішесімен Ғафаң отырды. Тұрсекең құрдас ретінде, мен еркелеу іні ретінде әзілдескен болып едік, көңіл қошы болмай отарғанын танытып, қабыл ала қоймады.

Ауырып жүрген кезі екен...

ӘНУАРБЕК ДҮЙСЕНБИЕВ

Ауылда тұратын кезім еді, облыстық газеттің меншікті тілшісі болып істейтін сұрбойдақ жігітпін. Түнде болмаса, күн баласы үйден көп шыға қоймаймын. Жуырда ғана аудан басшыларымен жағаласа жүріп, көшеден сәл бұрылыста орналасқан үйіме телефон қойдырып алғам. Тіршілік жұмысымның бірқатары сол телефонмен бітіп жатады.

Телефон тағы шыр еткен. Түс қайтып қалған мезгіл еді, бұл кезде аудандық комсомол комитетінің бірінші хат-

шысы болып істейтін Тоқтар Жанғозин ғана преферанс ойнайық деп телефон соғатын. Сол шығар деп тұтқаны көтерсем:

— Алло, Сәкен, Мен Әнуарбек Дүйсенбиев ағаң ғой, — дейді.

— Оу, көке, қайдасыз, қайдан жүрсіз? — деп жатырмын.

— Осында, Үшаралдағы қонақүйдемін. Жайым болмай тұр. Ауырсынбасаң, келіп, мені алып кетші, — дейді жалынғаңдай болып.

“Аттың сыры — иесіне мәлім”. Қонақүй жайы белгілі. Бір бөлмеде төрт-бес адамнан жататын жатаған ғана жеркепе еді.

Жүгіріп отырып жетіп барсам, Әнекең қонақүйдің есігі алдында жүр екен. Алпамсадай болып аулаға сыймай аласұрып жүргенін айтқызбай-ақ аңғардым. Төс түйістіре амандасу ишаратын жасаған болдық. Кісіге үйір, ешкімді жатырқамайтын кеңқолтық адам еді ғой Әнекең. Сонау бір жылдары диплом жұмысымды басып беретін машинистка іздеп жүріп, Әнекеңе кездейсоқ ұшырасып қалғаным бартұғын.

— “Жазушы” баспасының машбюросына барсаң, — деді Әнекең, — төр жақта қыпша белі үзілердей болып талшыбықтай майысқан Зағипа деген келіншек отыр, мен айтты десең болды, сөзге келмей сол басып береді. Өзім звандап қоям, бара бер.

Жүгіріп отырып “Жазушының” машбюросына барайын. Бір бөлмеде 6-7 қыз-келіншек сытырлатып машинка басып жатыр. Келдің бе, кеттің бе деп саған қарай мойнын бұрып жатқан біреуі жоқ.

Шеткеріректегі бір столда талдырмаштау жас әйел отыр екен, “Әй, дәу де болса, сен боларсың” деп, соған таяп барып:

— Зағипа сіз емессіз бе, Әнуарбек жіберіп еді, — деймін. Ол басын көтеріп, маған таңдана қарап алды да, анадай жерде отырған, қазақша айтқанда, нағыз бес биенің сабасындай дерлік отыз бес-қырықтардағы әйелді көрсетті. Ол да елеңдеп қарай берген соң, қасына барып, келген шаруамды, Әнекеңнің сәлемін айттым. Күлімдеп: “Жарайды”, — деп, қолжазбамды алып қалған. Екі-үш күннен соң даяр қолжазбамды Әнекеңнің өзінен алдым.

— Әй, сен не бүлдіріп жүрсің, — деп дүрсе қол берді ол ағам, — мен бұған тегін машинистка тауып берем, сөйтсем, бұл мені сынаған еңбегін бастырыпты.

Мен “Лирикалық жыр қаһарманы хақында” деп атала-

тын диплом жұмысымда қызды-қыздымен Әнекеңнің де бірер өлеңін "өлтіре сынап" жіберген екенмін.

Ал Әнекең болса, әлдекімше ерін бауырына ала тудырмай, маған өп-өтірік айбар шегіп, ашуланған болып бұртып қояды. Кек тұтқан түгі де жоқ...

— "Балдырған" журналының шаруасымен жүр едім, бірер күн болам ауылында, — деді ол қонақүйге іздеп барған маған. — Тек мына жерден алып кет, өлтірейін демесең.

Үйге келдік. Әке-шешем бар. Олар жаралғалы дастарханы жиылып көрмеген қонақжай адамдар, кісі жатырқау дегенді білмейді.

Қастек Баянбаев та ол кезде бізбен көрші еді. Оны да қосып шақырып, екі-үш ақын ішкі шерімізді ақтарысып, бір жасап, жырғап қалғандай болып едік.

Біздің қонақ бөлmemізде үлкен диван болушы еді. Әнекең сонда жатып ұйықтап жүрді. Бірде түстен кейінгі мезгілде үйге Тілеухан Тышқанбаев дейтін құрдас досым келеді. Аса жуас, нағыз қой аузынан шөп алмастың өзі, не құдай атқанын қайдам, төрдегі диван үстінде менің ескі шапанымды жамылып теріс қарап ұйықтап жатқан Әнекеңді мен деп қалып: "Осы-ақ беймезгіл уақытта ұйықтай береді екен!" — деп, дәл-деп тұрып майқұйрықтан жеңіл теуіп өтсе керек. Әнекең шошып атып тұрады. Денелі, сұсты, екі көзі алақандай болып атып тұрған бөгде адамды көріп, зәресі зәр түбіне кеткен Тілеухан алды-артына қарамай үйден ата жөнеледі. "Әй, жігітім, тоқта!" — деп артынан ұмтылған Әнекеңе қарасын да көрсетпей зытады.

Екі-үш күннен кейін бұл оқиға жайлы екеуі де әсірелей әңгімелеп, тыңдаушыларын қыран-топан күлкіге қарық қылғандары бар еді.

Ертесінде Әнекеңді ортаға алып, Қастек екеуіміз ел аралауға шықтық. "Коммунизм" аталатын совхозда парторг болып істейтін Әнекеңнің ескі танысы, кезінде Сәкен Жүнісовпен бірге оқыған әдебиетші Әлмен Аханов бар еді. Алдымен сонда барып, ол үйде де бірер күн аунап-қунап аялдап жаттық. Сол кезде Андреев ауданында (қазіргі Үйгентас) тұратын балалар ақыны Рамазан Тышқанбаев түнделетіп Әнекеңді іздеп келіп, тағы бір мәре-сәре болғанымыз бар.

Ертесінде "Коммунизмнің" директоры Қ.Алтаев деген кісі бізді әрі қарай, "Көктұма" совхозына жеткізіп тастауға тиіс болды. Онда біздің досымыз әрі менің аттасым Сәкен Алпысбаев директор болып істейді. Ал-

дын-ала хабарласқанымызда, ол бізді бірер күн өзі ертіп қыдыртпақ болған.

Алтаевтың машинасының бір тетігі бұзылып қалып, біз оның кабинетінде үшеуден-үшеу сарылып ұзақ күтіп қалдық. Егін орағы аяқталуға таяп қалған мезгіл. Бөлмеге әркім-әркімдер сапырылысып кіріп-шығып жүрген. Үсті-басы шаң-шаң ұзын бойлы мұртты жігіт шаршаңқы үнмен: "Ой, жұртым-ай!" — деп дауыстай кірді. Қастек іле-шала: "Мына жігіттің мұртын-ай!" — деп іліп әкетті. Сол-ақ екен: "Алып таста қыртымай!" — деп Әнекең қағып алып, аяқтаған. Әлгі жігіт шаршағанын ұмытып, сақылдап күлді дейсің. Қырман жақта түнімен кезекші болып келген совхоздың бас экономисі екен. Кейін араласа бастағанда Алматы жаққа ауысып кетіп еді, атын қазір ұмытып қалыппын.

Отырған жері жыр-думан, әзіл-күлкісі мол Әнекеңе біз таныстырған адамдардың бәрі де әрдайым риза болып, айналып-үйіріліп қала беретін.

Ұшаралдың көшесінде келе жатыр едік, алдымыздан 4-5 бейтаныс адам ұшыраса кетті. Сол топтың ортасындағы келбетті бір жігіт Әнекеңді көре сала тұра ұмтылып келіп, құшақтай алды. Бізде жұмыстары болмай, екеуара қауқылдасып, шұрқырай шүйіркелесіп кетті.

Сол кезде "Бескөл" совхозының директоры бастаған бір топ адамның үстінен (кілең бас және орта буын мамандардың) қылмысты іс қозғалып, облыстық соттың көшпелі мәжілісі өтіп жатыр еді. Көп күнге созылған, отыз-қырық адам жауапкер аталған сол көшпелі соттың төрағасы әлгі жігіт екен. Сол жауапқа тартылатындар ішінде менің де бір жақын ағам мен жамағайын жездем бар-тын. Директоры Төлеке Құдайбергенов дейтін, бізден жасы үлкен болса да, дос-жар көңілмен жақын тартып жүретін кісі еді. Жалақорлық па, жауапсыздық па, әйтеуір, аяқ асты пұшайман болып, сот алдында жауап беріп жүрген кездері болатын.

Жұртты бетіне қаратпай, аяздай қыса келген жаңағы төраға жігіт менің қасымдағы ақын азаматтың досы болып шыққандығы жайлы хабар ұзынқұлақтан әп-сәтте ауданға түгел жайылып үлгеріпті. Әлгі жамағайын жездем де, ағам да қолды-аяққа тұрмай жетгі дейсің жеделдетіп. "Ойбай, Сәкен, құтқар мына пәледен! Мешкей деген ат жаман, сотталып кетпеспіз, бірақ "сотты боп жүр" деген қаңқудың өзі-ақ өлтіретін болды" — дейді екеуі екі жақтан мені қаумалап.

Қойшы, әйтеуір, қас қарая әлгі төрағаны қасындағы бір топ нөкерімен қоса үйге алып келдім. Әнағаң өзі басқарып, дастархан басы көңілді думанға айналды. Сәтін салғанда, біздің үй көшеден бұрыс, бейсуыт адам жүре қоймайтын тасалау тұйық жерде еді. Қонақтар үшін ол да жайлы болып шықты. Қысылып-қымтырылмай, еркін отыруларына бар жағдайды жасап бақтық. Ағам да, жездем де өздері көрінбей, басқа біреулер арқылы ішіп-жемге керігінің бәрін екі айтқызбай жеткізіп тұрды.

Ертесінде адам аяғы баспаған тау ішін аралап кеттік. Сол маңда оқшау тігілген киіз үйде кешегі думанды әрі қарай жалғастырдық.

"Жақсыдан – шарапат" деген ғой, Әнекең әңгіменің ұшығын өзі ұстап, өзі таратты. Сабақты ине сәтімен деп, сол іс ақыры орайына келе, оңды шешілді-ау деймін.

Сол уақиғаға қатысы бар адамдардың бәрі де кейін менен Әнуарбек Дүйсенбиевтің амандығын сұрап, сырттай неше қайта сәлем айтып жүрді.

...1972 жылы Мәскеуде едім. Кезекті бір биттің қабығындай кітабым "Жазушы" баспасынан жарық көрмек болды да, редакция менгерушісі Қадыр Мырзалиев: "Тәжірибесі мол әрі өзіңе оң көзімен қарайтынын ескеріп, редакциялауды Әнуарға тапсырдым", – деген.

Әнекең аса сері адам. Редакцияда табан аумай отырып жұмыс істеуге жоқтау сияқтанды. Күнде барам, өзім "Алматы" мейманханасында жатырмын. Төзім де, тиын-тебен де таусылуға тақады. "Әнеке, не болды?" – деймін. "Бүгін-ертең бітірем", – дейді о кісі. Кейде мені кештетіп өз үйіне де ертіп кетеді.

Алғаш рет сол үйге барғаным да есімде. Әнекеңнің келіншегі Рәбиға да, тілеуінді бергір, тәуір әйел еді ғой. Алдымызға дәу табақ ет қойды, бір шөлмек арақ та табылды. Мен Әнекеңе қараймын. Ол кісі дәмін алғандай ғана болып білер ұрттап, тауысып ішпейді. Мен де сөйтсем. Әлгі шөлмек орталанбаған күйі стол үстінде қала берді.

Шәйға дейін біршама уақыт бар. "Сен диванға қисая тұр", – деп, Әнекем қолыма әлдене журналды ұстатып бір кетті. "Сәкен, сен шөлдедің ғой деймін, су әкеліп берейін!" – деп бір кетті де, стаканды толтыра "су" алып келіп: "Қане, ішіп қой!" – деді. Ішіп те қойдым: арақ екен. "Қонақ қойдан жуас, май берсең де жей береді" деген емес пе, "мұныңыз не?" – деп сұрамадым.

Сөйтсем, бұл Әнекеңнің өз келіншегінің көзінше екеуіміздің де араққұмар емес екенімізді дәлелдегендегісі

екен. Асүйге ме, басқа бір таса жерге ме, бір жартылықты бөлек тығып қойып, "шөлдедің ғой" деп маған жасап жүрген "қамқорлығы" екен.

Ақыры әлгі бір жапырақ кітабым да редакцияланып бітті-ау. Келісім шартқа қол қойылып, қаламақымның тиісті бөлігін алып мен кеттім. Әнекеңе де алғысымды жаудырып жүрмін. Не керек, кітап шыққаннан кейін бір-ақ білдім ғой, Әнекем бір сөзін де оқымаған, машинкадан қалай шықса, солай жібере салған. Әріп қатесі де бар. Бірақ мен аңғармаған болдым. Болары болып кеткен іске бола несіне дауласып жатам деп түйдім.

Осындай да жігіт еді біздің Әнекең.

Серілігі де, серкелігі де өз бойына жарасып тұрушы еді.

Қайтыс боларынан бір ай ма, жарым ай ма, бұрын газет-журналдар баспасы (қазіргі "Дәуір") маңынан ұшырасып қалып: "Қайда барасың?" – деп сұрады. "Жазушылар одағына", – дедім мен. "Ағаң машина алған, жүр, апарып тастайын!", – деп, "Жигули" ме, "Москвич" пе, мен бұларды айыра алмаймын, бір кішірек автокөлікке отырғызып, барар жеріме жеткізіп салды.

– Көке, мына машина сізге лайықты емес сияқты, – дедім мен. – Сіз кепкінің өзін елден ерек киесіз, машина да "алып тұлға" байсалды түр-тұлғаңызға жарасып тұру керек қой.

– Дұрыс айтасың, – деді Әнекең. Әнуар Әлімжанов досымнан (ол Жазушылар одағының бірінші хатшысы) мен де соны айтып, "Волга" сұрап жүрмін. Берем деген, бұйырса болып қалар...

Ұзамай жүректен қайтыс болды деп естідік қой. Тағдыр деген сол, Әне...

ҚАДІРІ БӨЛЕК ЖАН ЕДІ (Хизмет Абдуллин туралы)

Мен өзім жұртпен бірден-ақ ұғыса кетуге де, жұғыса кетуге де жоқтау адаммын. Бірге қызмет істейтін кісілермен де сыпайы сәлемдескенім болмаса, басқалар сияқты әпiң-күпiң араласып-құраласып кете алмай, көпке дейiн оқшаулау, оңаша жүрiп алатыным бар. Қазақстан Жазушылар одағына ең кiшi қызметкер – кеңесшi болып келген кезiм едi. Бiр бөлмеде Қадыр Мырзалиев, Қалихан Ысқақов және Аманжол Шамкенов ағамыз бар, қатар отырып жұмыс iстедiк. Ол кезде бiрiншi хатшы Әнуар

Әлімжанов, екінші бастығымыз Ілияс Есенберлин болатын. Кеңесшілер де көп еді, оны секретариат мәжілісіне жиналғанда байқап жүрдім. Сонда ұйғыр әдебиетінің өкілі ретінде Хизмет Абдуллин оқта-текте сөйлеп қоятын. Оның орынды айтылған тұжырымды пікірімен басшылар да, басқалар да келісе кететін.

Бірде белгілі қаламгер, аса биязы ағамыз Баламер Сахариев пен Хизмет аканың көшеде әлденеге дауласып, екеуара дабырласып келе жатқандарының үстінде ұшырасып қалдым.

— “Бұл қазаққа берсең де жақпайсың, бермесең де жақпайсың” деген рас екен ғой өзі, — деп күледі Хизмет-ака алпамсадай денесі селкілдеп.

— Қоя тұр, — дейді Балағам бұртиып.

Содан кейін маған қарап, болған оқиғаны түсіндіре бастайды: “Үйге қонақ келіп қалып, — дейді Балағаң жеделдете тез-тез сөйлеп, — мына бір дүкенге бармаймын ба ет іздеп. Біреулердің қымқырып-жымқырып ет алып жатқандарын көрдім, ал мен барсам, сатушы “жоқ” дейді де тұрады. Мына Хизмет ұшырасып қалды да, қиналған жайымды айтпаймын ба, ол ертіп апарды да, әлгі сатушы баладан: “гөш ба ма?” деп сұрап еді, анау “ба, ба!” деп тақылдап, тұтас бір санды суырып бере салғаны. Алатын мен, ақша менікі. Маған “жоқ” дейді де, мынаған “ба, ба!” деп шыға келгеніне жыным келіп....”, — деп күйінеді.

Еңгезердей денесімен селкілдей күліп, Балағаңды иығынан орай құшақтаған Хизмет-ака:

— Осыдан кейін қазаққа жақсылық жасап көр! Жә, бізді сорпа ішуге шақырмасың, осы арада алған етіңді жуып жібер Сәкен екеумізге, — дейді.

Хизмет-акамен тілдесудің, аз-кем сұхбат құрудың сәті алғаш рет солай түсіп еді.

Алпысыншы жылдардың басында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетін басқаруға Исмаил Юсупов келіп, кейбір өресі тар ұйғыр ағайын орынды-орынсыз былайғы елге қоқиланып, қыр көрсетпек болғанда:

— Әй, ағайын-ай, Исмаил-ака да кетер-ау бір күні, сонда бәріңнің ұятыңды мен көтеретін боламын түбінде, — дейтін Хизмет Абдуллин сөзі жазушылар арасына кең тарап кетіп еді.

Сол кезгі көркем әдебиетті насихаттау бюросының командировкасымен Амантай Сатаев, ұйғыр жазушысы Шайым Шаваев үшеуіміз Талдықорған облысына сапар

шеккеніміз бар. Шайымды алғаш рет көруім, астымызда соның машинасы, айдайтын өзі. Содан да болар, "Жаяу Мұса" біздерден гөрі өктемірек сөйлеп, еркіндеу басады аяғын. Бір үйде түнегелі отырғанда, қаламдас ағайындар, жалпы жазушылар жөнінде әңгіме болып қалды да, аты аталған бір-екі тәп-тәуір жазушы жөнінде Шайым, "әй, соларды қойшы" дегендей сыңай танытып, аса құлап түсе қоймады. Жүз грамдатып отырғанда артық-кем сөйлей береміз ғой, ол түні үндемей қалдым да, ертесінде Шайымға: "Сен екеуіміз құрдас екенбіз, сол үшін артық айтсам, кешір. Бірақ мен осы сапарға дейін Шайым Шаваев деген жазушы барын естісем, құлағым керең болсын. Алматыда қалған жазушылар жайлы әңгіме болғанда, ешкімнің басын кемітпей, сөзімізге абай болайық. Бір-бірімізді сырттан жамандап не табамыз?" — дедім.

Сол сөзге Шайым, шамына тиіп кетті-ау деймін, өкпелегендей болып, әйтеуір, Алматыға қайта оралғанша менімен ашылып сөйлеспей қойды. Біразға дейін томаға тұйық, дұрдараз қалпымызда жүріп алдық.

Біраз күннен соң "Қаламгер" дәмханасында түстеніп отырып, мен осы оқиғаны шып-шырғасын шығармай Хизметке әңгімелеп беріп едім, сол кезде үстімізге Шайым келе қалғаны. Хизмет-ақа маған әлгі әңгімені қазбалап қайта айтқызды. Шайым қызараңдап, үндемей қалып еді, Хизмет-ақа: "Тұр да, барып Рымкештен бір шөлмек коньяк алып кел, содан кейін әңгімелесеміз", — деді.

Сол коньяк үстінде, әйтеуір, бір-бірімізді сыйлап, қадірлеп, қатар жүруіміз керек екендігі жайында ол кісі біраз әңгіме айтып, Шайым екеуімізді де ұялтты, қызартты, ақыры татуластырып, достастырып тынды. Содан кейінгі кезде Шайым екеуіміз шәй десіп қабақ шытысып көрген емеспіз. Күні бүгінге дейін тату келе жатырмыз.

"Қаламгер" аталатын күні-түні істейтін бар болушы еді, Рымкеш, Рәзия дейтін келіншектер қызмет істейтін. Ақшамыз болмай қалғанда қарызға жаздырып, әйтеуір, күні бойы үлкен-кіші жазушылар гу-гулесіп сонда жүруші едік. Көп әңгіменің тиегі де сонда ағытылатын. Бірінші хатшымыз Әнуар:

— Бір тостақ кофе, — деп Рымкешке ымдайды. Рымкеш құйып береді. Хизмет-ақа байқап жүреді екен, кофе емес, ол кісі коньяк ішеді екен ғой. Бірде Әнуармен иықтасып тұра қалып:

— Бізге де бірінші хатшының кофесінен құйып жіберші, дәмі қандай болады екен, — дегені ғой.

Әнуар қолын бір сілтеп, шиқылдай күліп, мәз болды да қалды.

Сол Әнекеңнің Джабахарлал Неру атындағы Халықаралық және мәскеулік бір журналдың сыйлығын алған кезі еді. Хизмет-ака коридорда бірінші хатшыны тоқтатып қойып, бәрімізге қарата бір әңгіме бастады:

— Әнеке, өзіңіз де білесіз, ауладағы көп тауық ішінде бір әтеш болатын еді. Жалғыз дән тауып алса, қылқына қыт-қыттап, жан-жағына жар салып тауықтарды түгел жинап алады да, бәрі жиналып болғанда, әлгі дәнді өзі жеп қоятын. Қалғандары қайтсін, жайылып, қайта бет-бетіне кетеді. Сіз де "пәлен жерде пәлендей сыйлық бар, оны алудың жолы мынандай" деп айтып жүресіз де, жемешке келгенде өзіңіз иемдене қоятыныңыз не осы?

Біз де күліп жатырмыз. Әнекең де қолын сілтеп: "Әй, қойшы сені!" — деп қақалып-шашалып күлсін келіп.

Хизмет-аканың басқа да әзіл аралас біраз қылығын қазақ достары жазған шығар деп, тоқталып жатпадым. Қашанда жүрген жеріне нұр шашып, әрдайым айнала сәуле түсіріп жүретін бөлек жаралған тұлға еді ол кісі. Қандай жазушы, қандай дәрежедегі ақын еді, ол жағын әдебиет сыншылары айтып, бағасын бере жатар. Мен бірер жыл қатар қызмет істегенде ер мінезі, өзгеше бітім-болмысы, әлгіндей ел аузындағы әңгімелері арқылы төңірегіндегілерді өзіне үйіре тартып, қылығымен қызықтырып, үлгі бола білген ағамыздың өзім куә болған бірер қырына ғана тоқталдым.

Қайталанбас мінездің адамы еді ол деген. Сол үшін де үлкен-кіші жақсы көріп, аса қадірлеп сыйлайтын.

АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ

Анық қай жылы екенін кесіп айта алмаймын, бірде Сайын Мұратбековті іздеп "Жұлдыз" журналының редакциясына барған болатынмын. Даңғарадай бөлмедегі төрт-бес стол басы бос тұр да, босаға жақтағы бірінде маған бейтаныс жігіт отыр екен. Келдің бе, кеттің бе деп мені елең қылған жоқ, шұқшиып бірдеме жазып жатты.

— Сайын қайда екен? — дедім мен сұрау рәсімін жасап.

— Жоқ, — деді ол.

— Жоқ екенін өзім де көріп тұрмын ғой, қайда екен, қашан келеді? — деп жатырмын мен.

— Білмеймін, — деді ол қағазынан бас алмаған күйі.

Менің де қайбір жібектей есілген мінезім бар дейсің, мынау бір қаршығадай болып қатып қалған бүркіт мұрын жігіттің менсінбегеніне жыным келіп, ұстаса кетсем бе деп бір тұрдым да, оған да зауқым болмай, есіктен шығып жүре бердім.

Сайынға жолығып, оны іздеймін деп жүріп сондай бір жігітке тап болғанымды айтып едім, "Е, ол Асқар ғой", — дей салды. "Асқарың кім?" деп мен де сұрап жатпадым.

Бұл менің Асқар Сүлейменовті алғаш көруім еді.

1966 жылы болар, Қазақстан жазушыларының кезекті бір съезіне тұңғыш рет қатыстым. Маған бәрі таң еді. Төрде отырған республика басшыларына, атақты жазушы ағаларыма, сырттай суретінен таныс белгілі де әйгілі меймандарға қарай берем. Сол съезде жап-жас сыншы жігіт Асқар Сүлейменов сөз сөйледі. Орысшасы да бірсыдырғы тәуір ме деп қалдым. Жазып алған екен, ішінде бүгіндері көп айтылатын, ол кезде әлі ести қоймаған "инфляция", "спекуляция" деген терминдердің жиі қайталанғанын білем. Өзгесі есімде қалмапты. Қабағын түйіл алып, қағаздан бас көтермеген қалпы сөзін оқып шығып, өзімен өзі оңаша кетті. Оның сөзіне қалмақ ақыны Давид Кугултинов әлдене дау айтып, жөнге шақырып сөйлегені де ұмытылған жоқ.

Бұл менің Асқар Сүлейменовтің сөзін алғаш рет естуім еді.

1971 жылы жерлесім, аға досым Құдаш Мұқашев қайтыс болды да, жерлеуге қатысу үшін Талдықорғаннан арнайы келіп, қаралы жиынның басы-қасында жүргенім бар. Бір топ жігіт сыртта ұзын столды жағалай отырғанбыз. Ішімізде, әйтеуір, Зейнолла Серікқалиев барын білем. Бір блок "Қазақстан" сигаретін қолтықтап, қасымызға Асқар келді "Оу, Асеке, темекі тартқызыңыз!" — дедім мен, онымен көп сырлас болмасам да. Ол менің алдыма бір қорап сигарет тастады. Қолым созған Зейноллаға бір тал сигарет ұсынып еді, ол: "Әу, маған да бір қорабын берсеңізші", — деді.

Ұсына берген бір тал сигаретін қорабына қайтадан салып алған Асқар үн-түнсіз тура тартып кете берді. "Өзіңе де сол керек!" — деп жатты Зейноллаға Асқардың мінезін білетіндер. Зекең танау астынан "кеңк" деп бір күлді де қойды.

Мен 1974 жылдың күзінде Алматыға ауысып келдім де, бірде Бексұлтан Нұржеке баласы ерулікке шақырды. Асқар, Сағат Әшімбаев, қайдан жүргенін білмеймін, бізге

жерлес Жұматай Жақыпбаевтар болды.

Дастарқан үстіндегі бір әңгімеде Асқар:

— Сәке, мен сенің өлеңдеріңді сүйсіне оқып жүрем. Сен аса арқалы ақынсың, — деді маған.

Дастарқандас болып отырып мұндай әңгіменің сан түрі айтыла беретінін білетін мен оның сөзіне сене қоймадым да:

— Қоя ғой, мені қайдан оқи қойдым деп едің. Жай айтыла салған сөз шығар, — деп едім, Асқар ерін бауырына алып тулап, ашуланған қалпы далаға шығып кетті. Соңынан қуып барып, Сағат, Жұматайлардың әрең қайтарғаны есімде.

Мұндай әңгіменің көзбе-көз отырғанда өтірік көпекөрнеу қолпаштау болып тұратыны да рас еді. Әсіресе, астаналық қаламгерлердің шеткері қалада, ауылда тұратындарды оқымай, астамдықпен сырттай үстірт қорытынды жасай салатындары болушы еді. Долбарлап сынай салу, артық-ауыс мақтаудың да талайын кездестіргенбіз. Соның алдында "Ұлы ақындар кітапханасы" сериясымен Жалаладдин Румидің кітабын аударып, сыншы Аян мырзаның оқымастан мені де көппен бірге "сойып салғаны" бар. Кейін кезігіп, аудармамды өзіне оқып бергенде, әлгі сынды оқымай жазғанын мойындап еді Аян. Асқар да соған бағып отыр ма деп топшылап едім. Ол шынын айтқан екен.

Бұл менің Асқармен алғаш тілдесуім болатын.

Бірде Қадыр Мырзалиев екеуміз "Қаламгер" кафесінде отырдық. Үстімізге келген Асқар мен Кәдірбек Уәлиев ыдыс-аяғын алып, бізге қосылды. Жайма-шуақ отырыстың арты қызылкенірдек бір керіске айналып, Асқар екеуміз жүз шайысып қала бердік...

Содан біз көпке дейін бір-бірімізге қыр көрсеткендей тоңтеріс күйде жүріп алдық. Бірде тағы сол кафеде отыр едік, қолында бір шөлмек армян конягі бар Асқар қасымызға келді де:

— Жігіттер, сендерде түк шаруам жоқ, мына Сәкеңе айтар бір ауыз сөзім бар еді, — деп маған бұрылды. "Ер шекіспей бекіспейді" деуші еді, бір есіктен кіріп, бір есіктен шыға жүріп амандаспаған қиын екен, өкпені қоюға қалайсыз? — деді.

— Бас сынып, көз шыққан түгі жоқ қой, қойдық, — деп мен оны құшағымға қыстым.

Ертесінде қасымда қызметтес қыз-келшшектердің біреуі бар, бір-бір тостақ кофе ішейік, деп тағы да барға

келейін. Барда Рымкеш дейтін келіншек істейтін, кофеге ақша төлейін десем: "Сіз үшін төленіп қойған", — деп ақыпұлын алудан бас тартты.

Сөйтсем, Асқар «Сәкен Иманасов қашан келседе, кіммен келсе де, не жесе де, ақшалай алмай, менің есебіме жаза бер. Кейін бәрін өзім төлеймін!»—деп тапсырып қойыпты. Мұнысы қай қыры екен, шыны ма, қалжыңы ма деген сыңаймен, екі-үш рет тегін коньяк ішіп мәз болып қалдым. Үшінші күні сырттан бақылап жүрген Асқарды көріп қалып: Асеке, көп рахмет, бірақ мына «құлдықтан» құтқарыңыз. Сізге қашанғы қарыз бола беремін, ат-шапан айыбымды төлейін»,—дедім шырылдап. Ол құс тұмсығын тыжыра бір күліп алды да: Мен де осы сөзді қашан айтар екен деп күтіп жүр едім, артылып бара жатқан ақшам бар дейсің бе, қайтер екен деп тұр.

Бірде менің сары түсті дипломатымды іссапарға сұрап алды. Сырты мекен-жайлардың, әркім-әркімнің телефон нөміріне толып кетіпті. Бәрі де сиямен жазылған. "Оу, Асеке, кісі мүлкін осынша бүлдіріп, мұның қалай?" — деп реніш білдірсем: "Аяқ асты қағаз таба алмай қалып, жаза салып едім, жуса, кетпес пе екен?" — деп тұр ол.

Тағы бірде әлдене себеппен Зейнолла Серікқалиев екеуі біздің үйде болды. Сол жолы «Брехтті алдым. Қайтарам. АС»,—деп тілхат қалдырып, Бертольд Брехттің бір томдығын алған. Сол қағаз менде әлі сақтаулы жүр.

Ол "Парасат" журналында, мен "Балдырғанда" қызмет жасағанымыз бар. Бір коридордың бойы болғасын, күн сайын дерлік кезігіп жүрдік. Тыным алмай оқып, түртпектеп жазып жүретін. Кейде оларын маған оқып та беретін. Бір күні үйте қайтуға шықсам, Асекең кабинет есігін жауып жатыр екен. Көре сала: "Асеке, ассалаумағалейкум", — дедім дауысымды созып. Ол маған түксие бір қарап алды да, ләм-мим деп тіл қатпай, түнерген қалпы лифтіге бірге мінді. "Асеке, сәлем алмадың ғой", — деп едім, оған да жауап бермеді.

Тоғыз қабат газет-журналдар баспасынан шыға мен троллейбус аялдамасына бұрылдым. Асқар қолсандығын көтерген қалпы үн-түнсіз көкбазарға кіріп кетті.

Ертесіне біреулерге айттым-ау деймін сол қылығын. Кім екенін ұмытыпшын, жақсы таныстардың бірі: "Апырай, сол күні менің де сәлемімді алмап еді", — дегені есімде қалыпты.

Бұл менің Асқар Сүлейменовті соңғы көруім еді.

ЖҮМЕКЕН ТУРАЛЫ СӨЗ

Қазақстан Жазушылар одағы 1985 жылы Жүмекеннің 50 жылдығына байланысты кеш өткізген болатын. Сонда асыл азамат, ардагер ақынның қаламгер көп серігінің бірі ретінде мен де сөз сөйлеп едім. Жуырда қағаздарымды ақтарып отырып, сол сөздің жазба нұсқасын тауып алдым. "Кезінде неге баспасөзде жарияламағам?" – деп те таң қалдым. "Ештен кеш жақсы" деп түйіп, түгін өзгертпей, шып-шырғасыз жариялауды мақұл көрдім. Өйткені Жүмекеңдей азаматтарды әрдайым ұмытпай, оқтын-оқтын еске түсіріп отырғанның артығы жоқ деп түйдім.

Жүмекен Нәжімеденовпен қашан, қайда, қалай танысқанымды еске түсіре алар емеспін. Тіпті, бізді ешкім ресми дағдымен таныстырмаған да болуы керек. Бір үйдің жетеқабыл балаларын бір-біріне ешкім таныстырып жатпайтыны сияқты, жан-жақтан жамыраса келіп, әдебиет шаңырағы астында табысқан біздерге де арнайы таныстырудың қажеті болмаған шығар. Бір өлең, екі өлеңі газеттер мен журналдарда енді-енді жариялана бастаған жастар бір-бірінің атына да, затына да сырттай қанық болатын әдеті, сол әдетпен біз де тез шүйіркелесіп, жатсынбай, жатырқамай, жақын болып жүре берген болуымыз керек. Содан бергі 25 жыл ішінде Жүмекен екеуміз, әйтеуір, бірде жақындап, бірде алыстап, бірақ қашан болса да шәй деспеген тату жағдайда дос, жолдас болып жүріппіз. Ол бір қазақ жазушыларының әлі жүзге бөлінбей, сүттей ұйып тұрған әдемі кезі еді. Қазіргідей өлкеге бөлініп, ит те болса руласының сойылын соғысып, жыртысын жыртатындар онда болмайтын, біз тіпті көңілі жақын жолдастарымыздың облысын да, туған ауылын да сұрамай, бірден-ақ үйірлес болып, тонның ішкі бауындай тату тірлік кешіп кете беруші едік.

Оның үстіне, Абай айтатын "Кімді көрсең, бәрі дос" дерлік жастық шақтың өз артықшылығы тағы бар.

Әрине, мен Жүмекеннің жар дегенде жалғыз досы да, ең жақын сырласы да, жұп жазбас жолдасы да болдым дей алмаймын. Алыс кетсе, аңсап сағына қоймайтын, жақын жүрсе, жұп жазып ажырасқысы келмейтін де достықтың бір ғажап түрі болады. Біз де сондай едік.

1971 жылдың басында кейін "Ақдариға" деген ат-

пен жарық көрген өлең кітабымды жазып біттім де, жолдастардың пікірін білгенше жерге сыймай, қолжазбамды көтеріп Алматы келгем. Жүмекен оңда Қазақстан Жазушылар одағында консультант еді. Одан бес-алты жыл бұрын "Жазушы" баспасында істеп жүргенде: "Мен саған кітап шығарып бере алмаймын, бірақ көлемі 100-150 жол балаларға арналған өлеңің болса, суретті кітапша етіп жоспарға кіргізіп берер едім. Тез жазып әкелші!" — дегені болған. Ондай өлеңді жазуын жазсам да, кітапша етуге құнттым да, құлқым да болмай, аяғы сиырқұйымшақтанып барып тынып еді.

Сол Жүмекенді жұмыс орнынан бастым да: "Сен бар жұмысыңды жиіп қойып, түске дейін осы қолжазбамды оқып шығып, кесімді бағасын бер!" — деп қолқа салдым.

Жақсы бір шабыт үстінде жазылып қалған дүниелер еді, жаман емесін ішім сезгенімен, сырт көз — сыншы, білікті біреудің дәл айтар пікірі керек болып тұрған.

Жүмекеннің де жөпшендіге желіге қоймайтын салқын сабыры жетерлік. Оның үстіне, "Осы не тындыра қойды дейсің" деген сенімсіз самарқаулығы да бар, өлең салған пәпкемді немкеттілеу алып, салмақтап көріп, алдына қойды.

Осының алдында ғана Тоқаш Бердияров мені өзбек жазушысы Нәсір Фазыловқа таныстырғанда: "Кезінде талантты бастаған, бірақ пенсияға ертерек шығып кеткен ақын" — деген шақпалау сөзінің куәсі болған да Жүмекен еді.

Қойшы, сонымен, араға екі-үш сағат салып оралсам, бастапқыдай емес, Жүмекенім мені өзгеше бір жылы шыраймен қабағы жадырай қарсы алғаны ғой. Аса бір рахат сезім үстінде отырғаны байқалады. Қолыма бір жапырақ қағазды да ұстата берді. Менің өлеңдеріме жазған рецензиясы екен. Өкінішке орай, қазір толық есімде жоқ, ұзын ырғасы: "Сәкен, сен қайта түлеу үстінде екенсің, көп өскенсің, мына өлеңдерінде поэзияға керек компоненттің бәрі бар. Шын мәнінде қатты разы болдым. Қаны да, жаны да бар жырлар екен" дегенге саятын.

Осы сөзге арқаланып, енді төменгі қабаттағы "Жазушы" баспасының поэзия редакциясының меңгерушісі Гафу ағама барайын.

— Гафа, — дедім ол кісіге, — інілік қолқам болсын, кейінге сырғытпай, бір сағат уақыт қиып, мына қолжазбамды оқып шығыңызшы. Егер ұнамаса, бұдан кейін осы көшемен жүрмеуге уәде берейін.

— Оу, сен таусыла сөйледің ғой, әкел, оқып шығайын,
— деп Ғафаң қолжазбамды алып қалды.

Бір сағаттан кейін барсам Ғафаң:

— Сәкен-ау, сен ақын екенсің ғой, қарағым. Қатты разы болдым ғой, — деп аса бір мейіріммен қолымды қысты.

Сөйтiп, қазақтың екі бірдей ақынының разылығына ие болып, сол күні келістіріп бір жуғанымыз бар еді.

Біз 1971-1973 жылдары Москвада екі жыл бірге жүрдік. Ол әдебиет институтының жоғарғы курсында, мен жоғары партия мектебінде, ол әдебиетшілер арасында, мен партия-совет қызметкерлері арасында жүрдік те, күн құрғатпай дерлік жолығып, бірімізді біріміз үзбей іздеп, жиі кездесіп жүрдік. Сол кезде кезекті бір прозалық шығармасы "Кішкентайды" асығыс жазып жатқан Жүмекен, Алматы жақтан келген әдебиетші ағайын болса, алдымен партшколадағы маған ертіп келіп, не түрлі әңгіме-дүкен құратынымыз болушы еді. Бір-бірімізді қиып кете алмай, Мәскеу көшесін кезіп қыдырыстап, көп таңды көзбен атырған күндеріміз де болған. Рас, әңгімеміз тек әдебиет төңірегінде болды дей алмаймын. Адам атаулыға тән осалдық бізде де бар еді. Енді ойласам, орда бұзар отыздың үстіне енді шыққан біздің пешенемізге бұйыра қалған ол да бір ғанибет ғажап кездер екен.

Сол кездегі мына бір оқиғаларды айтпай кету обал сияқты.

Бірде Жүмекенді іздеп Добролюбов көшесіндегі Әдебиет институтының жатақханасына бара қалайын қаңғалақтап. Ол төсегінде күйтабақтан күй тыңдап отыр екен. Менің келгенімді аса жарата қойған жоқ. Жақтырмай қалғаны айтпаса да білініп тұрды. О жақ, бұ жағынан шығып көріп едім, сол илікпеген сұлқ қалшында қала берді. Қашанғы елпілдей берем, ашып айтпасам да, іштей ренжіш, шығып жүре бердім де, хабарласуды доғарған болдым.

Бір күні беймезгіл уақытта телефон соғып:

— Мен қазір саған таксимен барам, Новослободск метросы жағынан күтем, — деді.

Жеті түнде не болып қалды екен деп, көңіл де өрекіп, айтқан жеріне барып тұрдым. Әне-міне дегенше, таксилетіп жеткен Жүмекен:

— Отыр, — деді мен жақ есігін ашып, — қыдырайық. "Қыдырғаны несі, мынау жынданған ба, немеңе", — деп ойлады, бірақ үндемедім.

— Әнеүкүні сенің қырысып-тырысып, өкпелеп

кеткенінді білем, — деді ол. — Бірақ сен қыртима, онда романымының аяқталу кілтін таба алмай, қиналып отыр едім. Қазір соны аяқтап, соңғы нүктесін қойдым. Үйге сыймай, сені іздеп шыққаным ғой. Жуайық соны.

Түн ортасынан ауған шақ. Ресторандар жабық. Ақыры, қойшы, "Россия" ресторанының есікшісін оятып жүріп, сол кездегі төрт бағасына бір шөлмек арақ тауып алдық.

Кейін Жүмекен сыра-пыра ішкісі келіп, мен қашқақтап, ақша жоқ деп қипақтатқанымда:

— Әй, қой, Мәскеуде жиырма сомға бір жарты (ол кезде арақтың жартылығы 4-5 сом болатын) алып ішкенде де аштан өлген жоқ болатынбыз, әйда, кеттік, — дейтін.

Жүмекен жұмыр жер үстінде бар болғаны қырық сегіз жыл ғана өмір сүрген екен, тіпті қыршын жас, бұл жасында көз жұмған адамның қай-қайсысына да аяныш білдірмеу мүмкін емес, ал Жүмекен Нәжімеденов сияқты өнімді жазатын телегей де терең таланттардың өмірден ерте кетуі ол өкінішінді еселеп үстей түседі. Қарап отырсақ, қазақтың маңдайына сирек бітетін біртуар ұлдары Шоқан, одан кейін Ыбырай, Сұлтанмахмұт, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, кешегі Қасым, Жүмекеннің қаламдас-замандастары Мұқағали, Төлеген, Құдаш, Жүсіптердің бәрі де сондай өмірден ертерек кеткен нағыз қыршындар екен. Мен өз білетіндерімді ғана атадым. Оларды еске түсіруімнің себебі, қазақ әдебиетінің, әдебиетінің ғана емес, барша мәдениетінің көгіндегі үркердей ірі шоғыр ішінде Жүмекен де Темірқазық жұлдыздай жарқырап қала беретін тұлға болғалы тұрғанын айтпақ едім. Әртүрлі жанрада артында қалған мол мұрасы бұл пікірімізді сөзсіз нақтылап, шегелей түседі.

Тірліктің басқа саласы сияқты, әдебиеттің де әртүрлі заңдылық-заңсыздығы болып тұрады. Бір жазушылардың жөргектен-ақ жолы болып, жұлдызы жанып жүре берсе, екінші біреулері өлгеннен кейін де елеусіз қалып жатады. Шүкір, Жүмекен бұл екеуіне де қосылмайды.

"Қызмет қыл да, міндет арт" дей тұрсақ та, еңбегі бағаланып, жұрт аузына ілігіп жүр еді. Онысын бұлдаған жері және жоқ. Бірақ тірлігінде толық бағасын алып болып еді деп айту киын. Кейде әдебиеттің ауыр жүгін, бар азабын таланттылар арқалап, аздаған қызық рахаты болса, оны қайдағы бір қағынып кеткен қаспақ жалаушылар мен халтуршиктер көретін де кездер болады.

Торғай шырылдады,

Мысық пырылдады, — деп те өлең жазып, ақынмын

деп, атақ-дәреженің абыройлысынан дәмеленіп жүргендер аз ба. Ал бүкіл алпыс екі тамырын дірілдетіп, солқылдатып, өлеңді тек жүрегінің ыстық қанымен ғана жазатын Жүмекен, не Жүмекен тектестер кейде әлгіндей өлермендердің қолжаулығына айналып жатса, қайтер едің? Әрине, тіршілік тартыссыз болмайды. Ал әдебиетте бұл тартыс тіптен бөлек жолмен дамитыны белгілі. Күрес дегеніміз, тартыс дегеніміз бет жырттыса айтысу, мінбеге шығып бір-бірінді енді қайтып көрместей жерден алып, жерге салу болмаса керек. Амал не, соны да күрес түрі санап жүргендер де кездесіп қалатын шығар. Жүмекен өз шығармаларында осындайлармен де күресті. Әдебиет төңірегіндегінің де, былайғы басқа тірліктің де карьеристері, халтурщиктері, пысықайлары, ептілері, аярлары мен арамзалары оның да жанын жеп, жүрегін сыздатып, түршіктіретін еді.

Шалшықтағы бақаларды көрсетеміз кісі ғып,

Сұңқарлардың аздығы арқасында түсініп, — деп сондайды айтқан болуы керек. Осындай іші де, ісі де, түсі де жат әкімсымақ, арамза, ниеті жаман, өрісі тар, өресі төмен өлермендер, қысқасы, Жүмекен өзі көп айта беретін “қырттармен” қаншама жеке қалып, талай-талай сайысқа түскен де болар. Егіліп, езіліп, “қайран сөзім қор болды-ау” деп қорланған, күйінген, кіжінген шығар. Ашудан, ызадан өртеніп, іштегі ауыр ойы ащы запырандай ақтарылып, уытты жыр болып қағазға түскен болар. Абайдың “мыңмен жалғыз алыстым” деуі осындай айқас, әйтпесе, ақын шоқпар алып ұрысқа кіретін Алпамыс батыр емес қой. Көзі де, көкірегі де соқыр пенделермен алысу, соларға жөн үйретем деу, кісілік жолына бұрам деу оңай ма? Сұңқар сұқсырға жем болып, бұлбұл қонақтар бұтақты бақалар иемденсе — ақын қалай күйінбес, қалай шамырқанбас, қалай шамданбас.

Адал азамат, азамат ақынның әрқайсысы алдымен қалам күшін соған жұмсайды. Жүмекен де одан қалыс қала қойған жоқ. Соның бәріне қаншалық төзім, қаншалық нерві керек екенін есепке алып жатпайды. Өзін өзі іштей мүжіп, көкірегінде саңылауы бар адамға сәуле болуға, нұрлы шуақ болып тарауға жанталасып бақты. Қысқа өмірінің көбін әдебиеттің арын арлап, жоғын жоқтауға жұмсады. Жүмекен әдебиетке шеберлігін шыңдап алып, бірден бір-ақ келген еді. Кейін ойы тереңдеп, көзқарасы кеңіген шығар, ал суреткерлігі, өлең техникасын меңгеру,

стиль мен мәнері сол баяғы "Балауса" жинағының өзімен-ақ қалыптасып, сол тұрғыдан бір түспей кеткен табанды талант екенін бәріміз де мойындауымыз керек. Шығармаларының бәрі дерлік қырық күн бауырына басып шығарған қыран балапанындай шымыр болатыны сондықтан.

1993 жылдың жазы аса ыстық болды. Бала-шағаммен

Алакөл жағасын аз күн жайлап, суға түсіп, аунап-қунап, Алматыға келсем, Жүмекен Министрлер Кабинетінің емханасында жатыр екен. Қастек Баянбаев екеуіміз көңіл сұрауға бардық. Қастек сыртта қалды да, мен ішке кіріп, дәрігерлердің біреуінен Жүмекенді шақырып жіберуін өтіндім.

Жүмекен, сірә, басқа біреуді күтіп отырды-ау деймін, тез шығып, мені көре тұра, көз қиығын басымнан асыра тастап:

— Ә, сен екенсің ғой, — деді сәлемімді самарқау алып.

Мен сыртта Қастек барын айттым. Солай таяп барып, орындыққа жайғасып, едәуір әңгімелестік. Ол өзінің арақты да, темекіні де біржола қойғанын айтты. "Түк емес, — дедім мен, — норманды екі-үш есе орындаған адамсың ғой".

Ол қасында бір жас министр жатқанын, тұтқиыл келген дертке қатты күйініп, енді "кісілікке" қолы жеткенде мұндайға ұшырағанына өкіне беретінін айтты.

— Сен адамдық, қаламгерлік парызыңды да асыра орындаған адамсың, енді ештеме жаза алмай қалам деп өкінбе, — дедім мен.

Ол жымиып күлген де қойған.

Бұл біздің соңғы кездесуіміз еді.

"Жазылар естеліктер мен туралы", — деп Мұқағали айтпақшы, әлі Жүмекен жайлы талай естеліктер жазылар. "Қазақ әдебиетінде" Оразбек өте жақсы пікір айтты: "Бізге арамыздан кеткен ақын-жазушылардың жүзі көмескіленбей тұрып естеліктер жазу дағдысы қалыптаспай келеді. Үйренеріміз әрдайым орыс әдебиеті десек, оларда осының әйдік үлгілері барын бәріңіз де білесіздер. Жүмекен творчествосы қазір көп болып қопара зерттеуді қажет ететін қыртысы қалың күйінде тың жатқан дүние. Оның бүкіл творчествосы қазақ әдебиетіндегі әлемдік маңызы бар үлкен құбылыс деп көпсінбей айтуға әбден болады. Қазірше оны өзге түгіл өзіміз де толық танып ала алмай жатуымыз мүмкін. Басқа

барлық тілдерге аудартып, кеңінен насихаттауды қажет етіп тұрған үлкен жұмыстың бірі осы деп білемін. Естелігі бар, ғылыми мақаласы бар "Жүмекен Нәжімеденов" деп аталатын толыққанды бір кітап шығарған жөн".

Адам өмірінің ең бақытты сәті жақсы адамдармен жүрген кезі болса керек, мен де Жүмекенмен бірге болған, қатар жүрген, дәмдес болған кездерімді сондай бір аздаған бақыт кешкен күндерім деп білемін.

Бұл сөзді де сол үшін ел құлағына жеткізіп отырмын.

СЕЙДАХМЕТ БЕРДІҚҰЛОВ

Осы кітаптың әр тұсында аты аталып қалып отыратын Сейдахмет Бердіқұловпен мен сонау алпысыншы жылдың алғашқы күндерінде "Лениншіл жас" газетінің редакциясында танысқан болатынмын. Осында жұмысқа орналасқаным да көп бола қоймаған, әлі жігіттермен де араласып, аса білісе алмай жатырмын. Ауылдан ала шыққан азын-аулақ ақша тақа таусылды, бұл жақтан жалақы алған жоқпын. Түскі үзіліс кезінде редакция бөлмесінде жалғыз калып, газет оқыған болып отыра бергенмін. "Лениншіл жасқа" келгелі бері өзіне де, сөзіне де сүйсіне қарап, жүріс-тұрыс, киім-киісіне де қызыға түсіп жүрген бір адамым Сейдекең еді. Ол да үйіне кете қоймай, сол маңды айналсоқтап жүріп алған. Оқшау отырған менің қасыма таяп келіп:

— Сәкен, неге тамаққа бармай отырсың? — деп сұрады.

— Барам ғой, аға, — дедім күмілжіп. Редакциядағы беті, беделі, өктем ірі сөйлейтінінен қымсынам ба, — мен ол кісіні бірден "аға" деп кеттім. Кейін білдім ғой, өзімнен төрт-бес-ақ жас үлкен екенін.

— Әй, осы сенің ақшаң болмай отырсың ғой деймін, шыныңды айтшы, — деді ол. "Жоқ еді" деп шынымды да айта алмай, "бар" деудің ретін тағы таба алмай, көзіммен жер шұқи бердім-ау деймін, Сейдекең:

— Сәкен, ақша кейде бізде де болмай қалады. Қысылмай, жігіттерден сұрап ала бер. Бәріміз де сөйтеміз, — деп маған ақша ұсынды. — Мына көшенің қарама-қарсысында асхана бар. Содан тамақтанып келе ғой.

Мен шынында да қысылып отыр едім. Соны дәл білгеніне, соншалық сұңғылалық танытқанына ішім елжіреп, әлгі ақшаны (сомасы есімде жоқ) ала сала, асхана қайдасың деп ұштым-ау деймін.

Мен газеттің комсомол тұрмысы бөлімінің әдеби қызметкері едім. Бөлім меңгерушісі бізге қарағанда кебе тартыңқырап қалған журналист Бекмырза Баймаханов болатын. Аса еңбекқор. Көп сөйлемей-ақ, жасы кішілерді бауырына тартып, қамқорлық жасап жүретін адам. Барынша әділ де әділетті. Шұқшиып жазады да отырады. Менің де дайындап берген екі-үш материалымды үстінен қарап, қып-қызыл қылып шимайлап берген. Іштей намыстанып, қысылып жүр едім. Бірақ Бекеңе батылым жетіп айта алмаймын. Соны Сейдекең де сезген екен:

— Сәкен, сенің жазғандарыңды оқып жүрмін. Бағытың дұрыс. Бекең мұнда көптен істейді, стилі бөлек журналист. Бәрің иіп өз ыңғайына бейімдегісі келіп тұратыны бар. Өз мәнеріңнен адасып қалып жүрме, — деп пысықтады.

Сол жылы республикалық мұғалімдер съезі болды да, содан газетке есеп жазып тұруға бекітілген Сейдекең қасына мені қосып алды.

Съезд екі-үш күнге созылды-ау деймін. Алғашқы күні түске дейін қатар отырдық, түс әлетінде Сейдекең: "Ал енді бар да, газетке арнап съезд күнделігін жаз. Екеуміздің атымыздан кетеді, бір бетке жуық етіп береміз, түстен кейінгісін мен жазамын", — деді.

Әй, сол күні терге малшындым-ау. Сейдахмет Бердіқұлов күн сайын өзгелерге ұқсап газет бетінде жылтылдап көріне бермейді. Не жазса да, сол кездің тілімен айшықтап, "бармақ жалап" тамсана отырып оқырлықтай етіп, майын тамыза, бәрімізге үлгі боларлықтай талғампаздықпен жеріне жеткізе, биік деңгейде жазатын. Жас журналистердің көбі ол кісіге еліктеп, жазғандарын бас қоса қалған жерде талдап, талқылап жататын.

Енді, міне, сондай майталман қаламгерлерге қосалқы автор ретінде, өзім бұрын қалам тартып көрмеген жанрда үлкен жиналыстың есебін жазбақпын. Құдды бір роман жазып шығардай-ақ болып, бойдаға бар қабілетімді жұмсап, "әй, осы жарап қалар-ау" деген сеніммен съездегі жағдайды қағазға түсірдім. Қорқа-қорқа Сейдекеңе бердім де, ақырын күттім.

Сейдекең түс қайта менің жазғанымды алып, машбюроға кіріп бара жатты... Не керек, ертеңінде екеуміздің атымыздан бір бет есеп газетке жарияланып шықты.

Сөйтіп, съезд біткенге дейін кейде мен бастап, ол аяқтап, кейде ол бастап, мен аяқтап, сондай бет-бет есеп беріп тұрдық! Кешкілік мені съезд делегаттары

орналасқан қонақүйлерге ертіп барып, республикаға танымал ұстаздармен таныстырып, интервью алдырып, соның да қалай жазылып, қалай жарияланғанын өзі қадағалап жүрді.

Съезд біткеннен кейінгі бір редакциялық жедел жиналыста ол кісінің мені жер-көкке сыйғызбай мақтағаны да бар...

1961 жылдың басында мен елге кетіп қалдым да, Сейдекеңмен оқта-текте ғана кездейсоқ жолығып жүретін болдым. Сол сирек жолығулардан ол кісінің мені әжептеуір іштартып тұратынын аңғарғаным болмаса, анау айтқандай жақындасып кете алған жоқпыз.

Бірде Жазушылар одағындағы "барға" кірсем, төр жақтағы стол басында сол кезде "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы болып істейтін Шерхан Мұртаза мен "Лениншіл жас" газетінің бас редакторы Сейдахмет Бердіқұлов екеуара әңгімелесіп отыр екен. Бас изеп қана орғыта өтіп бара жатыр едім: "О, Сәкен батыр, бері келе кет!" — деп мені қастарына шақырып алды олар.

Амандасып, өздері нұсқаған жерге жайғастым. Менен бұрын да қастарында біреулер болған-ау деймін, алдарындағы шөлмектің түбі көрініңкіреп қалған екен. Екеуі де сырбаз, екеуі де кісіге күнін салмайтын тектілер.

Сөйте тұра, Сейдекең: "Ал батыр, мынаны қайталап жібер!" — деп маған коньяктің босаған шөлмегін көрсетті.

— Оу, көкелер, — дедім менде тіл-жағыма сүйене қалып, — анау бізді көріп отырған жұрт: "Мына сорлыны-ай, екі бірдей бас редактор отырғанына қарамай, бүрсеңдеп бұфетке жүгірген!" — демей ме?

Екі ағам да мәз бола күліп алды да: "Әй, осыныкі дұрыс екен, өзім барып келейін!" — деп Сейдекең орнынан көтерілді. Отырып қалған қыздай болып Сейдекең көп жылдар "Лениншіл жас" газетінде редактор болып жүріп алды. Жазушылықты журналистикадан бөліп қарамайтын ағалар газет жұмысына да жан сала кірісетін еді де, айналасына кілең бір ой-пікірі тың, қаламы жүйрік, жұлынып тұрған жастарды жиып ала беруші еді. Бердіқұлов басқарған тұстағы жастар газетінің оқырман арасында ең биік беделге ие болуы да осы сөзімізді айғақтай түсер еді.

Газетке бір топ өлең ұсындым да, күте-күте жалығып, күндердің күнінде жоқ іздеп бас редакторға кірдім. "Аға, мен газетке шығуға көп құмартпайтынымды білесіз, қаңғалақтап сіздерге бір өлеңдер беріп едім, таныды ма,

немене, күдер үздіріп барады жігіттеріңіз", — деп шағым айттым.

— Сәкен, — деді Сейдекең, — маған Хамит Ерғалиев телефон соғып "Ой, Сейдахмет, менің өзім жаманмын ба, болмаса өлеңім жаман ба, неге жарияланбай жатыр?" — деді. Сонда: "Хама-ау, — деп едім, — жеңін сыбанып кіжініп келген авторларға: "Сендер түгілі, Хамит Ерғалиевтың өзі де кезегін күтіп жатыр", — деп айту үшін азырақ кешеуілдетіп едік, енді шығарамыз". Саған да сол сөзді айтам да, басқа не дейін. Ұзамай шығып қалар, қам жеме, — деп шығарып салып еді.

Сол сөзге де разы болып қайтқанмын.

Ол кісі "Жалын" баспасына директор болып келгенде құттықтай барып: "Қалам ұстар қауымға лайық елеулі бір орын босаса болды, "анау барады, мынау келеді екен!" деп, белгілі болып алған бес-алты адамның атын атайды жұрт. Соның ішінде әмісе сіз де жүресіз. Бірақ сіздің алдыңызды дәйім басқалар орап кете береді-ау деймін", — деген едім.

— Әй, Сәкен, оның рас, талайлар өзімді күні бұрын сол орынға қойдырып, құттықтап келіп те жататын, — дейтін ағамыз.

1988 жылы мен 50 жасқа толдым. Ауыл жаққа Қастек Баянбаев пен Құттыбек Баяндиндер еріп барды. Екеуі де "Жалын" баспасының қызметкерлері еді. Бір күні сол баспаның бас редакторы Қоғабай Сәрсекеевті іздеп барып, дәлізде Сейдекеңе ұшырасып қалдым. Ол, "менің қолтығымнан демеп жүр" деп, кабинетіне қарай икемдей беріп еді, қай сайтан түрткенін қайдам, "Мен Қоғашты іздеп келіп ем, соны күтіп тұрғаным" — деппін.

Ойымда түк жоқ, бесінші қабаттағы өз орныма келіп отыра бергенім сол еді, соңымнан Қастек келді: "Апыр-ау, сенің осы бір кертартпа мінезің-ай!" — деді ол. — Біздің бастық боғын пышақтап жатыр. "Мына Сәкен қаңдай жігіт еді өзі, жөн білмейді екен ғой. Қасына екі бірдей бірдей қызметкерлерімді қосып жібердім, соған рахмет айтуға келген екен деп, кабинетіме сүйресем: "о, жоқ, мен Қоғашқа келіп едім", — деп кергиді.

Қастек ауыз жиып үлгермеді, Қоғабайдың өзі келді ентігіп: "Ойбай, Сейдекең шала бүлініп жатыр. Өзің барып жуып-шаймасаң, біздің сөзімізді тыңдар емес. Сәкеннің ондайы жоқ еді деп көріп едік, "Жоқ, барып тұрған кекірт, бюрократтың өзі екен ғой" деп бой бермейді", — дейді ол да.

Ол жұма күні еді, шұғыл шаруамен Талдықорғанға жүріп кеттім де, дүйсенбі күні аңдып отырып, тура сағат

тоғызда Сейдекеңе ілесе кабинетіне кірдім. "Аға, менің қалам ұстар қауым ішінде саусақпен санарлықтай ғана сыйлайтын, құрмет тұтып, алдынан кесе көлденең өтпейтін адамдарым бар, сіз соның ең алдыңғы қатарындасыз. Сіздің өкпеңізді арқалап жүре алмаймын, білместік жасап алыпшын, кешіріңіз", — дедім. — "Мен өзім, бірақ ондай-ондайға мән бермеуші едім" дегенді де қосып қойдым.

Томсырайып отырған ағамның жүзі жадырап сала берді. Мені құшақтап тұрып: "Әй, Сәкен, нансаң, мен де ондайға мән бермеуші ем, сірә, қартайған болуым керек", — деп күлді.

Ағамның өкпесін өстіп әрең тарқаттым ғой.

Кейде ойламаған жерден кездесіп қалсаң, әй, көсіле бір әңгімеге кірісіп кетер еді. Білмейтіні де жоқ, танымайтын ұлы-кіші адамы да жоқ. Әсіресе, Шыңғыс Айтматовпен араласуынан қызық-қызық сыр шертетін. Бірде үш-төрт жігітке сондай бір әңгіменің тиегін ағытып, ұзақ ұстағаны бар. "Апыр-ай, қайран қызық әңгіме далаға кетіп қор болды-ау, ағатай, жазсаңызшы осыны!" — дедім мен.

Сейдекең ойланып қалып еді. Көп ұзамай "Жас алаш" газетіне бір бет болып сол әңгімесі жарқ ете қалды. Оқи сала барсам, ол кісі тағы шәт-шәлекейі шығып ашуланып жүр екен.

— Осы біздің жігіттер қызық, — дейді, — күйініп, — мына қарашы: "Осы әңгіменің жазылуына аса жақсы көретін талантты ақын інілерімнің бірі Сәкен Иманасов себепкер болды" деп жазған едім, жоқтан өзгені қызғанып, сенің аты-жөніңді алып тастапты редакциядағылар. Телефон соғып реніш білдіріп едім, біріне бірі сілтейді. Жай ғана дерексіз, кім екені белгісіз "Менің аса жақсы көретін талантты ақын інілерімнің бірі болған да шыққан".

— Түк емес, ағатай, кейін кітабыңызда орнына келтірерсіз, — деймін мен. Өзімді жұбаттым ба, аға көңілін аулады ба, о жағы беймәлім қала берген.

Сейдекеңнің 60 жылдық мерейтойы, айтары не, Алматы мен Ұзынағаш арасында ас та төк болып, аса биік деңгейде өтті. Алматыда әртүрлі дәрежеде өткен тойдың аяғы Қарақыстаққа барып жалғасты. Ондаған үйлер тігіліп, ат сайысы, бәйге, көкпарға ұласып, ұлан-асыр өткен той оған қатысқандардың есінде әлі жүрген де шығар.

Сейдекең өзі сол жылдары екі томдығын шығарып, көңілі көтеріліп, желпініп-ақ жүр еді. Сондай кезеңдердің бірінде туған інім Секеннің бір шаруасымен кіргенім бар. Баспаның директоры еді, менің бұйымтайыма қатысы бар

адамдарды жинап алып:

— Мына Сәкен маған, көп болса, жылына бір-ақ шаруамен келеді. Одан артыққа өзі де бармайды. Мен ол шаруасын қолымнан келгенін маған айтқызбай-ақ, айтқанын екі етпеуге тырысыңдар, — деп тапсырды.

Төбем көкке екі елі жетпей мен кеттім.

... Тұманбай Молдағалиев Орталық концерт залында кезекті шығармашылық кешін өткізіп жатты. Мен де сөз сөйлеуге тиіс едім. Қасыма Қаржау Айтолқын таяп келіп: "Сейдахмет қайтыс болыпты!" — деді құлағыма сыбырлап.

Денем дір ете түсті. Байыз тауып отыра алмай, залды қақ жарып сыртқа беттедім.

Әлі де сене алмай келем. Жалғызбын. Жабырқаулымын. Осыдан аз күн бұрын Қастек Баянбаев екеуіміз кіріп, көңілін сұрап шығып едік. "Әй, тұрып қалармын ұзамай!" — деп еді ағам.

Көер қызығы сол-ақ екен, амал не!

САБЫРХАН

Ақын Сабырхан Асанов жаз болса Алматыға сыймай кететін, тыныс алудан қалып, тұншыға беретін беймәлім бір дертке ұшырады да, көбіне-көп оңтүстіктің Сырдария жағына кетіп қалып, астананың ыстығы әбден қайтқанда барып қайта оралып жүрді. Ол менің де жаз шыға Алакөл қайдасың деп тартып кетіп, кейде көлге түсіп, кейде тауға, жайлауға шығып, жыл сайын он-он бес күн армансыз аунап-қунап қайтатынымды жақсы білетін еді де, 1991 жылы: "Мені де өзіңмен ертіп ала кетші!" — деп қолқа салды. Содан бір-екі жыл бұрын Қырымдағы Көктөбелге де бірге барып демалғанымыз бар еді, менің жолдасын жолға қалдырмайтынымды жақсы біліп алса керек.

"Көктұма" аталатын совхозда көптен бері директор болып істейтін ескі досым Серік Толғанбаев Жабық тауының Ойжайлау аталатын ең бір шырайлы да шұрайлы ойпатына қос киіз үй тіктіріп, екі бие, бір түйе байлатып, Алматыдан келген екі ақынды айрықша бір қамқорлығына алған. Ел жайлауға жаңа шығып жатқан мезгіл еді, бізден басқа адам аяғы тиіп көрмеген түкті кілемдей түрленген көк шалғында көсіле түсіп жатқанымыз бар-тын. Киіз үйдің есігін айқара ашып қойып, қай жағына қарасаң да — көркіне көз сүйсінетін сұлу сурет. Егер қолыңызда фото не

видео аппарат болып, кез келген тұсынан суретке түсіріп ала берсеңіз, әйгілі пейзажистердің қылқаламынан туған туындылардың ешқайсысынан кем болмайтын келісті дүние болып шыға келер еді-ау дерліктей.

Серік бізді көп жылдар кеңшар қойын бағып келген тындырымды азамат Шырмолда мен соның қазан-ошақтың ханшайымы дерліктей қонақжай келіншегіне тапсырған. Екеуі де ешкімді жатырқамайтын, кісі күтіп үйренген, керегінді айтқызбай-ақ қас-қабағыңнан танитын ибалы, инабатты адамдар екен. Қысылып-қымтырылуды білместен, өз үйіміздегідей-ақ еркін бір аунап-қунап жатып едік. Сабырхан тіпті еркінсіп алды. Қазан-ошақ жағына да көз салып, қай кезде қандай тамақ ішкісі келетінін де айтып, үй иесі әйелге тапсырма да беріп қояды. Бірер күннен кейін жаңағы Шырмолданың әйелі менің алдымнан шығып:

— Сәке, ана жолдасыңыз "бізге шұбаттың қажеті жоқ, әуре болып қайтесіңдер" деп, түйені ағытып, келеге қосқызып жіберді, — деп тұр.

Онысы несі екен деп Сабырханның өзінен сұрасам:

— Ой, Сәкен-ай, құдайский қымыз тұрғанда кісі шұбат іше ме екен? Бізге осы қымызы да жетпей ме, — дейді.

— Оу, сенің нең шығып барады? Біреу бағады, біреу сауады дегендей... Пісіп, сақтайтын да, салқындатып алдына тартатын да біреу, — деген болдым.

Деуін десем де, ары қарай қазбалап жатпадым.

Сол біз жатқан сай аузынан бір-екі шақырымдай жерде Қаметхан деген шопанның да үйі бар еді. Жасы бізден кішірек, "сәлем берейін деп едім" деп, күн сайын келіп, бізбен бірге қуырдақ жеп, қымыз ішіп кетеді. "Мұндайы жоқ сияқты еді, осы да қайдан сәлемші болып кетті!" — деп үй иесі әйел күледі.

Қаметхан кей күндері үйіне кетіп бара жатып: "Әлі біздің үйде де қонақ боласыздар", — деп қояды. Өзі тағы бір келгенде Күлімханнан:

— Бұл кісілер кім? Ауданның басшылары емес пе? — деп те сұрапты.

— Жоқ, Алматыдан келген ақын-жазушылар, — депті Күлімхан.

— Ақындар болса, айтысатын шығар, — деп сұрайды Қаметхан.

— О жағын білмейді екем, өздерінен сұрасаңшы, — дейді үй иесі.

— Е-е, мен бұларды үлкен-үлкен бастықтардың бірі

ме деп жүрсем, жай ғана ақындар де, — деп танауын шүйіріпті Қаметхан.

Соны айтып Күлімхан күлетін. "Енді қараңыз да тұрыңыз, сіздермен бұрынғыдай жалпыламай, басқаша амандасатын болады әлі", — деп қояды өзі тағы.

Сол жігіт тағы бір келгенде Сабырхан:

— Әу, бауырым, сен бізді қашан шақырмақсың, ала жаздай осында жата береді деп жүрсің бе? Енді көп ұзамай үйімізге қайтатын шығармыз, — демей ме.

Анау үн-түнсіз аттанып кетті де, біз қайтқанша қайыра соғып, ат ізін салған жоқ. Сірә, бастық болмағасын, ақындардан не пайда? — деген болуы керек.

Сабырхан қымызға құмар-ақ. Таң елең-алаңнан тостағанын ұстап, бие сауып жатқан Күлімханның қасында тұрады. Жаңа сауған бие сүтін асыға сүзгізіп, сол жып-жылы қалпында бірер тостақты басына көтере сіміріп алады да, сайды бойлап жүгіре жөнелетіні және бар.

Мен де сол көп жалқаудың біреуі едім, ол менен де асып түскен еріншектің өзі болып шықты. Тұяқ қимылдатқысы келмейді. Жан-жағымыздың бәрі, әлгінде айттым, көрсең көз сүрінердей көркем табиғат, көк белдер, сүйір төбе, жатаған жоталар. Киіз үйдің есігінен соның бәріне көз сала отырып, аяқ жетер-ау деген біреуін көрсетем де:

— Шәйдан кейін асықпай аяндап анау бір төбе басына шығып қайтайық, — деймін оған.

Сабырхан ыршып түседі. "Таудан таудың несі артық, осылай жата берейік те!" — деп азар да безер болады. Ана бір жылы екеуміз қыдырып Қырым барғанда да осындай еді, айтқанға көнуі қиын болатын. Жағажайда жантайып жата бермей, тауға шығып келейік деп қолқаласам, немесе: "Сонау бір Көктөбені көріп тұрсың ба, соның басына шығып қайтайық та" — дей қалсам болды: "Әй, сен де бір төбе құмар жігіт екенсің, мұндай тау Алматы іргесінде де тиіп тұрған жоқ па, одан гөрі аңсап келген теңізімізге шомылып, төменде-ақ жүре берейік те!" — деп, жуық маңда иліге қоймайтын еді.

Қазіргісі де сол. Бір күні оны ақыры қояр да қоймай сүйрелей жүріп, көз алдымызда мұнартып қана ұдайы "кел мұңдалап" тұратын жатағандау төбе басына зорлап алып шыққандай болдым. Ол маған зорға ілесіп, біресе үйден сүйрете шыққан шапанын шалғын үстіне жайып салып қисая кетеді, біресе: "Осы да жетер, біраз жер жүрдік қой, енді кері қайтсақ та болмай ма?" деп отырып алады.

Мен де қасарыса түсемін: "Жүр-жүрдің" астына алып, сүйрелей жүріп, әлгі төбенің басына алып шықтым-ау...

Түскі ас үстінде ашық тұрған есіктен сол төбеге тесіле қарап отырған Сабырхан үй иесі әйелге:

— Апыр-ай, Күлеке-ай, біз ерінбей-жалықпай сонау бір көктөбенің ұшар басына шығып қайттық-ау! — деп күпінгенін қайтерсің. Бейне бір жау түсіріп қайтқан бұрынғының батырлары сияқты кеудесін кере түседі.

— Е-е, біз ол төбенің басына күніге екі-үш рет шығып, отын алып қайтып жүрміз ғой, — дейді үй иесі әйел миығынан күле отырып жайбарақат қана.

Отын дегеннен шығады, жаңағы үй иесі әйел күн сайын біз үшін де, өздері үшін деп те әлденеше рет ас дәмдейді. Бүгінгісін ертең қайталамай, әйтеуір, ас мәзіріне келгенде айрықша ыждағат танытып, ошағын оттан түсіріп көрген емес. Келімді-кетімді адамдары да бар, дәмді-дәмді қазан көтере беру үшін де қыруар отын керек қой. Үй иесінің әлі мектепке бара қоймаған жұдырықтай ғана 6-7 жасар баласы бар. Өзі жасына қарамай пысық-ақ. Атқа міне шауып, мал қайырады. Отын-су жағы да соның мойнында. Кейде бір кешкі ас үстінде киіз үй іргесінен мал сүйкене қалса: "Ойбай, аю!" — деп Сабырханды да қорқытып жүреді. Сабырхан бар денесімен ытып кете жаздаса, бала да соған мәз болып, сықылықтап күлетінін қайтерсің. "Әй, занталақ!" — деп Сабырхан да оны ұстап алып, бауырына баса умаждап жататын.

Сол баланың мықшыңдап арамен ағаш кесіп, отын жарып жатқанын көріп: "Сабырхан, жүрші, арасының бір жағын ұста, көмектесіп жіберелік" — демеймін бе пысықсып.

Сабырхан тағы да бүйі тигендей шоршып түседі. "Қойшы, қайдағы пәлені шығармай, өздері-ақ тындырып жатыр ғой", — деп басын ала қашады. Амал жоқ, әлгі балаға енді өзім барып, қолымнан келгенше көмектесе ба-стаймын.

Сабырхан дегенің бұрын атқа да мініп көрмеген екен. Бірде Құдайберген деген менің ескі танысым, өзі де өлең жазатын ветврач жігіт келіп: "Бір үйде жамбастап жата бермендер, мына бір белдің астында әйгілі шопанымыздың бірі отыр. Жөндерінді айттым. Маңында тағы ауқатты екі-үш үй бар, әдейі ат алып келдім, соларды аралап, бірер марқаның басын мүжіп қайтыңдар", — деп қолқа салды.

Сабырханның тағы да да шыр-пыры шықты.

— Құдыш-ау, салпақтап жүреміз бе сол, береріңді

осында-ақ алдырып бере бермейсің бе?! — деп ат-тонын ала қашқандай болды. Біз де бой бермедік.

Құдайберген бізге арнап ер-тұрманы жарасымды екі атты да жетекке ала келген екен. Соның біріне Сабырханды әрең деп мінгіздік-ау. Екі жігіт екі жақ қолтығынан алып, аяғынан көтеріп, денесі де ауыр, мінер жағынан мінгізе берсе, қамшылар жағынан ауып түскеніне қарамай, әйтеуір, жабыла жүріп әуріпшімен атқа қондырып, қолына шылбыр-тізгінін ұстатқан болып жатырмыз-ау.

Сабырхан ердің қасынан ұстап, аттың жалына тас кенедей жабысып алған. Тау бөктерінің қол саласына ұқсас тарам-тарам жолына түсіп, қатарласа шұбырып кете беріп едік, Сабырхан өзінен сәл жоғарылау келе жатқан жігіттердің біріне:

— Әй, қарағым, сен не алға түс, не соңымыздан еріп отыршы. Әйтпесе сенің астыңдағы ат құлап кетіп, менің атымды өзімен қоса-моса төменге домалатып жүрер, — дейді үрейлене.

Ана жігіт ішек-сілесі қата:

— Ой, аға-ау, — дейді өзі, — біз бұл жермен күн сайын көкпар тартып жүрміз ғой, — деп күледі келіп.

— Мейлі, — дейді Сабырхан, — көкпар тартсаң да, не қылсаң да өзің біл, бірақ менің оң жағымнан тым таяу жүрмеші, не алға шық, не артта қалшы, айналайын! — дейді жалынып.

Тау жолы тарам-тарам ғана емес, ылди-төмен, бұралаң, ой-шұқыры көп болатын әдеті ғой. Кейде бір оқыс кезігетін тікшелеу тұстан асып түсуге де тура келеді. Ондайда Сабырханнан зәре қалмайды. “Жоқ, мен анау тұстан барып айналып өтіп көрейін” — деп, әудем жер орағытып барып, қатарымызға қайта қосылады. Соған қарап мен:

*Құдыштың жалғыз сөзін қапы қылмай,
Жол шықтық жеті-сегіз шақырымдай.
Соңында солбырайып Сабырхан жүр,
Қалмақтың қолға түскен батырындай!* —
деп бір шумақ өлең де шығарғаным бар.

“Не десең, о де” — дегендей Сабырхан оған шамданбайды, жауап та қайтармай үнсіз төзеді. “Сіз де бұл кісіге өлең шығармайсыз ба?” — деген үй иесі әйелге: “Кейін бір ретін келтірем ғой, әзірше айта берсін”, — дейтін де қоятын.

Жайлаудағы сол бір күндер турасында мен кейіннен Серік Толғанбаевқа арнап “Жайлауда. 1991 жыл” деген өлең де жаздым. Алдымен “Қазақ әдебиеті” газетінің

бетінде жариялатып, кейін кітаптарыма да енгізіп жүрмін.
Өлеңді тұтас келтірсем, бас-аяғы:

ЖАЙЛАУДА

1991 жылдың жазы егі, Серік Толғанбаевқа

*Төрткүлдеп ошақ қаздырып, төбел де бие сойдырып,
Қымызға бізді қандырып, қуырдақ-етке тойдырып,
Толғанбай батыр баласы иен-тегін үйге ие бол,
Етігін сыртқа лақтырып, теллегін төрге қойды іліп.*

*Сабырхан досым аршамен сарғыштау тісін шұқылап,
Бес қанат үйге сыймайды терлеп те тепшіп,
бықынап.
Кеңілдеп Құдыш күлегі, елпілдеп бізге білдірмей
Шұбатқа қосып сап-салқын шампаннан біраз жұтып
ап.*

*Босаға жақта түйеші Ермұрат жатқан етпеттеп,
Жылжи да жылжи жымиып жаныма менің жетті еп
теп,
Сыбырлайды өзі сыңғырлап: "Кеше бір құлжа құлатқам,
Торғауыт – төстік пісіртем, асықпай жатып жеп
кет!" – деп.*

*Ит жылғы менің жырымды (имене сөйлеп) жатқа ай
тып,
Ветврач Әбу күлегі басқа бір сылтау таппай түк.
"Әңгіме көп қой, – дейді өзі, – ән салып әлде берсем
бе,
Кезіккеніңді қарашы тұрған бір шақта бақ қайтып!"*

*"Айтып та айтпай не керек, болды ғой, – дейді, – қызық
бұл"
Ішпей де жемей Әбекең өзінен өзі қызып тұр.
Мыжы-мыжы шыққан қартасын сапырып майлы
қолымен:
"Ал, қане, – дейді, – төртеуміз жіберсек пе екен сызып
бір?"*

*Қос-қостан бие байлатып, келеген түйе алдырып,
Арқын да жарқын күлкіміз жартасқа барып жаңғырып.
Төменде бұлақ сыбырлап, төбеңде жұлдыз жымыңдап,
Жатып ек, шіркін гүние-ай, аспанның астын ән қылып.*

*Белуардан кешіп шалғынды, жібітіп шықпен таңдайды,
Саумалдан басқа ішпейтін Сабырхан досым қандай-
ды!*

*Ойжайлау деген ойпатта отыз күн көрген қызықты,
Отыз жыл бойы айтқанмен, Оразбектер де нанбайды.
"Жатамыз әлі қанша?" — деп болмайтын бізде күн са
нау,*

Еркімізде егі шетінен жүгірте жұмсау, жұмсамау.

*Отыз күн ойын-күлкімді қабақ шытпастан көтерген,
Толғанбай батыр ұрпағы, саған да кейде ұрсам-ау!.. —
болып шығар еді.*

... Жылжып жыл өтер еді. Жаз шығып, тағы да шілде болғанда Сабырхан досым маған:

— Сәкен-ау, жаз да келіп қалды ғой, Алакөл жаққа қашан барамыз? — деп сұрайтын.

— Әй, досым-ай, осы сендердің де: "Біздің ауылға да барып қайтайықшы" — дейтін күндерің бола ма, жоқ па? — деп кейде мен де қасарыса қаламын.

— Әй-бу, Сәкен-ай, біз жақ қазір күйіп тұр ғой, мынадай ыстықта шыдамаймыз ғой! — дейтін ол.

— Оу, сендер жақта да күз бе, қыс па, — күн салқындайтын кездер болатын шығар, — деп мен тақымдай түсемін.

Сабырхан одан әрі қазбалап жатпай, үнсіз қала беретін.

Сөз ыңғайына қарай бір кезде Талдықорған облыстық партия комитетінде істегенімді бірер жерде айттым да ғой деймін, обкомның идеология жөніндегі хатшысы Камаш Тегінұлы Бегімов деген кісі болатын. Артық әңгімесі жоқ, сөзге сараң, жаратылысынан орнықты мінезі бір, көпті көрген зиялы азамат еді. Отан соғысында болған, әскери ұшқыш. Өзі барынша қарапайым, барып тұрған демократ. Жасы менен едәуір үлкен екендігіне, лауазымының жоғары екеніне қарамай, ұдайы ғана жақын тартып, қасына, ығына ала жүретін.

Кешке жақын, жұмыс аяғына таман:

— Сәкен, темекің бар ма? — деп телефон соғатыны болушы еді.

— Бар ғой, — деймін мен елең етіп.

— Ал да, мұнда кел! — деп бұйырады бастығым.

Екі айтқызбай мен де жетемін. Кейде екеуміз, кейде Ораз Құлмағамбетов қосылатын, обком хатшысының ат шаптырым кабинетін көк түтінге орап, әй да бір көлденеңгі қысыр әңгімеге кірісеміз. Ол кісіні қызмет үстінде: "Камаш Тегінович" — деп ресми атаймын да, әлгіндей оңаша қалған жағдайда көбіне-көп "Аға" дей беремін. Өзі де осы бір "аға" дегенді ұнататын ыңғай танытады.

— Аға, — деймін мен, кей-кейде еркінірек келіп, — осы мені қашанғы қасыңызда ұстай бересіз? Өсірмейсіз бе?

— Е, немене, қазіргі жұмысың ұнамай жүр ме? — деп сұрайды Камаш Тегінұлы.

— Өзіңіз де білесіз ғой, несін сұрайсыз. Ұнамай жүргені де рас, — деймін.

— Қызметіңді қол көрмей қомсынып жүргеніңді сезем, — дейді ол кісі енді сабырмен. — Бірақ шыдау керек, бір реті болып қалар.

— Оның реті болғанша мен де қартайып бітем ғой, — деймін мен де тақылдап.

Сонда... мұнда қызмет істей бастағанымға небәрі бір жыл болды ма, болмады ма, әйтеуір, көп уақыт өте қойған жоқ еді.

— Сен де қызықсың. Бәрі менің қолымда тұрғандай көресің. Бірінші хатшы бар, басқалар бар дегендей, ақылдаспай болмайды. Өзің де тыныш жүрмей, солардың кейбіріне көңіліне келетін сөз айтып та қалады екенсің. "Асықпа" дегенім де сол.

Кейінірек мен Алатыға ауысып кеттім де, бес-алты айдан кейін ол кісі де осылай қарай қоныс аударған. Алдымен министрлер кабинетінде бөлім басқарып, кейін біздің Баспа комитетіндегі Шериаздан Елеукенов ағамызға орынбасар болғаны да бар. Бір күні өзіміздің опера-балет театрының маңынан ойда-жоқта ұшырасып қалып, маған:

— Талдықорғанда жүргенде жалғыз Иманасов едің, мұнда келіп көп қырттың бірі болып кеткен жоқпысың? — деп қалжыңдағаны да бартұғын.

— Иә, солай, — дейтін едім мен де о кісімен келісе кетіп.

— Өзің ғой, шыдай тұрмай. Сен кеткеннен кейін саған лайық деп жүрген орындардың бірінен соң бірінің босағанын айтпаймысың, соның біріне барып қонжиятын едің, — дейді Камаш ағам. Сөйтеді де, орыста: "Все, что делается, делается к лучшему" деген сөз бар, бір есептен алды-артыңа қарайламай, кетіп-ақ қалғаның да дұрыс болды ма, кім біледі, — дегенді де қосып қояды.

Екеуара болған бір гәптің қисынына орай Сабырханға сол Камаш Тегінұлы жайында әңгіме айтқамын. "Аса бір аяулы, жақсы адам еді!" — деймін ғой баяғы.

— Әй, білмеймін, — деді Сабырхан кесіп алғандай кілт кетіп, — мен де танитын едім, сен айтқандай тым жақсы кісі сияқты емес болатын.

Менің не дерге білмей тосыла тіксініп қалғанымды аңғарып, ол әңгімесін әрі қарай жалғастырды.

— Баяғыда Әсет Бейсеуов екеуімізді Талдықорғанда өтетін қызылшашылардың республикалық семинар-кеңесіне шақырғаны бар еді. Ол кезде обкомды Бименде Сәдуақасов деген кісі басқаратын. Біз, Әсет екеуіміз "Көксудың қызылшашы қыздары", "Талдықорған қызылшашыларының гимні" деген әндер жазып, сол әндер кеңеске қабылдаушылар алдында орындалып, жан-жақтан жиналып келгендерге тегіс ұнаған. Қайтарда бізді сол Бименде Сәдуақасов өз кабинетінде қабылдап, бұйымтай сұраған. Қасында сол сен айтып отырған идеология жөніндегі хатшысы бар екен. Әсет болса "ешқандай бұйымтайымыз жоқ, шақыртқан соң келіп қалдық" деген соң, мен тұрып: өз ақшама бір автокөлік алсам деп едім, соған жәрдемдессеңіз дегенді айттым. Ол кезде кезексіз машина сатып алу екінің бірінің қолынан келе бермейтінін білесең ғой. Сәдуақасов сәл ойланып, "көрейік" дегендей кідіріп қалып еді, әлгі сен мақтап отырған Бегімовің: "Машина болмайды, егін орып жатқан озат механизаторлардың өздеріне де жеткізе алмай жатырмыз", — деп сызданып-ақ қалғаны, қасарысып.

— Е-е, саған машина бергізбесе, жаман адам болады екен ғой, — деймін мен.

Сабырхан да сөзінен қайтпай өз пікірін дәлелдей берген.

Біз көбіне-көп жағдайда адамның кісілік келбетін, рухани бітім-болмысын өз басымызға жасаған жақсылығымен ғана, өзімізге тигізген әлдене пайдасымен ғана бағалап үйренгеніміз ғой. Сабырхан да сол ізбен кетіңкіреп қалды-ау деймін. Әйтпесе, бір рет қана көрген, сырын біліп те болмаған адам турасында дәл осылай үзілді-кесілді үкім шығармас еді-ау деп те ойлай беремін осы күндері.

Соңғы сөз орнына. Бұл жолы мен Сабырханның шығармашылығына тоқталып жатпадым. Көзі тірісінде

ондаған кітап шығарып үлгерген ақынның не жазып, не қойғанын қалың қазақ онсыз да жақсы білетін шығар деп ойлады. Ал жоғарыдағы оқиғалардың бәрін біз Сабырханның бар кезінің өзінде екеуара отырып та, былайғы жора-жолдас кезінше де талай рет қайталай әңгімелеп, үнемі күліп айтып жүретін едік. "Бес жас — бел құрдас", — дейді ғой, біздің арамыздағы жас алшақтығы бес айға да жетпейтіндіктен, ұдайы ғана әзілдесіп, жоқ жерден тіктесе., тіресе кететініміз болып тұратын. Оның бәрін бізбен аралас-құралас болған ағайының біразы біледі. Ендігісін солар айтсын... Кемдігі болса, сонда толып та қалар деп түйген жайым бар.

САБЫРХАН АСАНОВТЫ ЕСКЕ АЛУ

*Бойың бар еді бәйтеректермен таласқан —
(мойындар еді жақындап барып жанасқан),
Ақын біткенді басып бір озсам дейтін де
ойың бар еді сәл асқақ, әрі сәл астам.*

*Мүсіркей қарап мүсәпір ойлы сорлыға,
Жек көрмейтін ең оқалы пешпет, тонды да, —
Төраға болғың кеп еді бірге Одаққа
Орыс тілділеу Олжас досыңның орнына.*

*Туралық жолында тауысып түгел төзімді,
Білемін сенің дүние де қуған кезіңді.
Қиналған едің ортасында қап екі оттың,
Пұлға да жете алмай, құрбан ете алмай өзіңді.*

*Болып та қанша армандар құрбан, жол құрбан,
Кезіңді білем шаршап та барып болдырған
Жететін едің нелер бір биік төрге де,
Ерегесіп қалғыр ескі дертің ғой қор қылған.*

*Жүретін едің жұбатып бізді сыйлап ән,
Күлетін едің аса алмай әсем ибадан.
Үңірейіп қана қала беріпті-ау орының,
Кергілесетін де кісі таппай қап қиналам.*

*Ақылың да бар, бар еді-ау сенің айлаң да,
Қас-қағым сәтте кетіп-ақ қалдың қай маңға?*

*Әлге бұл мынау заманның уы-шуынан
Жасырына тұрсам дейтін бір тосын байлам ба?*

*Кім білсін әлі қар жастанып, қанша мұз кешем,
Тек енді маған таптырмассың сен іздесем.
Тірлік дегеннің жалған екенін осындай
Ажальцімен-ақ дәлелдеп кеттің бізге сен!
1995*

ОРАЛХАННЫҢ БІР ҚЫРЫ

Ұмытпасам, 1970 жылы болу керек, ол кезде Талдықорған қаласында тұратын кезім еді. "Лениншіл жас" газетіне бір топ өлең жібердім де, көпке дейін хабар-ошарсыз кете берген соң, бір күні жоқ іздеп бас редактор Сейдахмет Бердіқұловқа бардым. Сейдағаң екеуміздің одан бұрын бірге қызмет жасап, ағалы-інілі кісілердей қату-қатты табысып, тату-тәтті ажырасқанымыз бар-тын. Амандық-саулықтан соң Сәкеңе, наз айтқан болып жатырмын ғой баяғы. О кісі ірілікпен біраз жұбата сөйлеп, қызына бастаған мені сабама түсіріп алды да:

— Оралханды шақыршы! — деді хатшы қызына.

Оралхан Бөкеевтің аты ол кезде газеттен түспейтін. Нөмір сайын демесек те, өкіртіп те, өндіртіп те жазып жататын журналистердің бірі сол!

Кабинетке жіптіктей болып аққұба жігіт кірді. Ол кездегі тілде "стильяга" аталатындардың шашына ұқсас салбырай иығына түскен салақұлаш шашын сәнімен сілкілеп қояды екен. Басын кекжите қарап, "Мына Сәкеннің өлеңі бар екен, сол жатып қалыпты, тез шығарып берсек" деген Сейдағаңның сөзіне: "Иә, жатыр. Шығады", — деді де, сол кекжиген қалпы жаңа үйретілген жайдақ аттай ойқастай басып біраз жүрді де, редактор рұқсатын алып шығып кетті.

Өтірік айтып қайтейін, жүріс-тұрысы да, кісіге кідие қырындай қарауы да, менмендігі де, керенау кекірттігі де ұнаған жоқ. Соны сезген Сейдекең: "Оралхан деген мықты осы. Абыржыма, өлеңің шығады", — деп жұбатып арқамнан қағып, ауылыма қарай ұзатып салды.

Аға сөзін маданып, риза болып мен кеткем.

Сол Оралхан ініммен жақын танысып, сырласып, туысып кетудің сәті он бес жылдан соң барып бір-ақ түсті.

Бұл екі арада бір-бірімізді біле тұра, араласып-құраласып кете алмай, кезіге қалғанда кейде қол берісіп,

кейде бас изесіп қана амандасып жүре беретін едік.

1985 жылы асқазан ауырып, "Сарыағаш" курортына бардым. Екі кісілік жайлы бөлмеге жайғасып, бірер күн жалғыз жатқаным да бар. Үшінші күні қараңғы түсе жатар жайға келе жатсам, әлдекім алдымнан шығып: "Көке, кілтті де тастап кетпейді екенсіз ғой", — деп дауыстады. Қарасам, Оралхан тұр алдымда.

— Иә, не боп қалды? — дейін жақтырмай.

— Біз де осында келдік. Сізбен құдайы көршіміз. Қабыл аласыз ба, жоқ, басқа орын сұрайын ба? — дейді кекірейіп тағы да.

Екі-үш күн осылай текетіреспен жүріп, бірте-бірте бір үйдің баласындай қалай шүйіркелесіп кеткенімізді өзіміз де білмей қалдық-ау деймін. "Адам сөйлескенше, ат кісінескенше" деген осы болуы керек, ашық сырласып, алаңсыз ақтарыла күліп жүрдік. Қарасам, бұл бір аузын ашса, көмейі көрінетін, ішіне сыр бұғу дегенді білмейтін ашық та жайдары, әңгімешіл, анекдот дегеннің нағыз түбін түсіретін айтқыш жігіттің өзі екен. Ол сөйлейді, мен жатып кеп күлемін. Мен күлемін, ол сөйлей береді.

Бір күні: "Әй, Оралхан, — дедім, — мен сені әмісе ата қаздай болып қоқиланып, қыржиып жүргенге, дарынына семірген, талантын малданған кеудемсоқ, өзімшіл, өркөкірек жігіт пе деп жүрсем, олай емес, нағыз өзімнен аумаған ақ-көңілдің өзі екенсің ғой".

Оралхан селкілдей барып, бар екпінімен керуегіне шалқасынан жата кетті де, булығы келіп күлді дейсің бір. Қиқылдап, шиқылдап күліп алды да, қақала-шашала отырып: "Көке, ғафу етерсіз, сіз туралы мен де дәл осындай пікірде жүруші едім. Қалай айтудың ретін таппап едім, өзіңіз бастап... жақсы болды ғой", деп тағы біраз жалғыз өзі күліп алды.

— Көке, мен сізді Сарыағаштан қайтқанша "көке" дейін, жарай ма? — деді бірде.

— Алматыға барғаннан кейін ше?

— Поведениеңізге қарай ғой, бәлкі, "аға" деп жүрермін. Сол күннен бастап біздің арамызда адам ұғып болмастай бір туыстық, қимас қызық сыйластық орнап еді...

Жалқау жаралған басым, кейде су ішіуге баруға ерініп, Оралханды жұмсаймын ғой баяғы. Ол бармаймын демейді. Бірақ тырна мойын графиннің кеңірдегінен қылғындыра ұстап, әрлі-берлі ойқастай жүріп алады да: "Апыр-ай, жаралғалы жан баласы жұмсап көрмеген Бөкеевті таң атпай безектетіп суға жіберетін болдыңыз ғой!" — деп әрең

кетеді. Онысы ренжуден гөрі, әзілге, аға мен інінің жарасымды ойынына көбірек ұқсайды. Курорттың мәдениет жағын басқаратын жолдастар келіп, демалушылар арасында әдеби кеш, кездесу өткізсек деген тілек айтты бірде. Ондайға Оралхан да, мен де самарқау екенбіз, "қоя-ақ қойыңдар, қайтесіңдер" деп, ат-тонымызды ала қашсақта, ақыры, болмай, бір күні клубқа сүйреп апарды. Бізбен бірге Кенен ақынның қызы Төрткен де өнер көрсетеді екен, алдымен бірнеше ән салып берді. Одан соң мен екі-үш өлең оқыдым да, кезек Оралханға келді. Іні үшін мен қысылып отырмын, романнан үзінді оқи ма әлде әңгімесін жатқа айта ма, жұртты әбден зеріктіретін болды-ау деп.

Оралхан сахнада тіпті шоқтығы биіктеп, кесек адымдап, кемеліне келе түседі екен. Жақтауға таяп барды да:

— Бейімбет Майлин, "Шұғаның белгісі" деп хабарлады.

Сөйтті де, мен бұрын естіп көрмеген бөлек бір діріл, басқаша бір мейірлі мәнермен Бейімбет шығармасын зұлыдатып жатқа айта жөнелді.

Зал іші сілтідей тынып қалған. Кейде бір орында тұрып, кейде жүре түсіп, тоқтай бере дауысын баяулатып келіп: "Әй, өзі де Шұға десе, Шұға еді-ау!" — деп үзілдіре аяқтағанда, шын мәніндегі сүйсініспен ду қол шапалақтау басталды.

Кейін оңашада мен де мақтай қошемет білдіргенде, Оралхан: "О, біз деген әртістің де оқуын оқып, бола алмай қалдық қой, әйтпесе!" — деп бітірген сөзін.

Бір топ демалушы қыз-келіншектер арасында Оралхан әңгіме айтады. Олар ішегі түйілгенше күледі кеп. Кейде тіпті Оралхан аузын аша бастаса күлетінді шығарды бәрі. Сондай әңгімені мен де білем, мен де айтып көрем, бірақ күлдіре алмаймын. Ол да бір әркімге дари бермейтін, дара бітер өнер болса керек.

Оралханның осындай да беймәлім қыры барына өзім куә болған бірер жәйтті айта кетейін. Бірде әдеби сапарлардың бірімен қырғыз елінде болдым. Бір топ бауырлас қаламгерлермен Ош қаласын аралап, Нарын аспақ болдық, — Сонда қырғыз ақыны Мейрамхан Әбілқасымова осы бағыт бойынша сәл бұрын Оралханмен сапарлас болғанын, жол бойы жазушы інісінің езу жидырмай күлдіргі әңгіме айтқанын сөз етті. Мейрамхан өзі де әңгімешіл әйел, сөйте тұра, Оралхан өнерін айырықша бағалай, мейіріммен күле отырып есіне алып еді.

Енді бірде Қуанышбай Құрманғалиев елуге толды да, үлкен-кіші бір топ тілеулес достары сол үйде бас қостық.

Кешті Оралхан басқарды. Әнімен, әзілімен, ешкімге алабөтен жұмсақ көпшік қоймай отырып-ақ, жинақы жүргізген дастархан мәзірінің бір тұсында Шераған үйіндегі жеңешеміз:

— Апыр-ай, Оралхан бауырым-ай, мен сені керемет жазушы, қаламы жүйрік журналист ретінде білуші едім, енді аңтарсам, сен елде жоқ асаба екенсің той, — дегені бар еді сүйсінгенін жасыра алмай.

Міне, жазушы Оралханның мен байқаған бір қыры осындай еді.

Жігіттің сегіз қырлы, бір сырлы болғанына не жетсін, шіркін.

ӘДІЛБЕК АБАЙДІЛДАНОВ

Әділбек Абайділдановпен танысуымыздың өзі де бір қызық хикая еді. Облыстық газетіміз "Советтік Жетісу" деп аталатын да, Талдықорған өңірінде қалам ұстай бастаған жастар болса, ең алдымен сол газеттің редакциясын төңіректтейтін. Бұл күндегі белгілі қаламгерлер Сайын Мұратбеков, Қастек Баянбаев, марқұм Құдаш Мұқашев, Тұрсынзада Есімжанов, Ұзақбай Доспанбетов, тағы басқаларымен де осы газет беті арқылы танысып-біліскен болатынбыз.

Біз жолдаған балаң шығармалар тағдыры жайлы жауапты көбіне-көп Әділбек Абайділдановтан алатынбыз. Оқтын-оқтын редакцияға түскен өлеңдерге, әңгімелерге шолу беріліп тұрады. Оны жазатын да Әділбек Абайділданов. Сондықтан бізге Әділбектен асқан бедел де, Әділбектен асқан құдірет те жоқ сияқты көрінуші еді ол кезде.

Мен орта мектептің соңғы класында өлеңді өндірте жаздым, оларды көбіне аудандық "Колхоз туы" газетінде жариялататынмын. Бір бетке кейде екі-үш өлеңім қатар шығып, солардың біреуінің астына "С.Қырұлы" деген лақап ат қойылатын еді. Оны да өзім ойлап тапқам. "Баубек Бұлқышев мақалаларын "Тауұлы" деген атпен жариялайды дегенді оқығаным бар болатын. Соған еліктегенім болуы керек.

Сондай Қырұлы атынан аудандық газетке шыққан бір өлеңімді көшіріп, өз атыммен "Советтік Жетісуға" жарияламаймын ба баяғы. Соны әлдекім жерден жеті қоян тапқандай, "Сәкен біреудің өлеңін ұрлап алыпты"

деп облыстық газетке жазып жіберсе керек. Әділбек ағам кезекті бір шолуында: "Сәкен Иманасов аудандық газеттегі С.Қырұлына жиендік жасап, өлеңін көшіріп, бізге жіберген! Бұл жарамсыз қылық" — дегендей етіп, "көкеме" көрсете біраз сілтепті. Мешкей деген ат жаман, оған мен қайтіп шыдап тұрайын.

Отыра қалдым да, Әдекеңе хат жаздым. Жазғанда да, әдеп сақтап, сипай қамшылап сыпайылап жатпадым, төнтектікті де тектілік деп ұғатын қайран жастық десеңші, ағама "ауызды салдым-ау" деймін біраз. "Сіздің фамилияңыздың жартысы Абай, жартысы Ділда екен. Құдай тағала Абайдың ақындығынан ептеп қарайласқанымен, Ділданың қатыңдығын да үйіп-төгіп қоса берген-ау, шамасы. Әйтпесе, кімнің кім екенін біліп, ақ па, қара ма, анықтап алмай жатып, айдай әлемге осынша дүзқара егуге болатын ба еді?!" дегендей сөздер де бар еді хатымның ішінде.

(Кейін білдім, Әдекең шабына шоқ түскендей тулап, маған газет арқылы ашық хат та жазбақ болыпты. Бірақ біраз үлкен кісілер араласып, "так-такпен" ғана тоқтатса керек. Оны маған Жұмабек Қалиасқаров дейтін ақсақал түгін қалдырмай, тігісін жатқыза айтып берген болатын).

Содан, не керек, 1958 жылдың күзінде тұңғыш рет "Советтік Жетісу" газетінің редакциясына соқтым. Редакция табалдырығын алғаш аттағаным сол еді, үш-төрт адам отырған кабинетке жүрексіне кіріп, аты-жөнімді айтып, Әділбек Абайділдановты қайдан табуға болар екендігін сұрадым.

— Әділбек осында. Күте тұр, қазір келіп қалады, — десті кабинетте отырғандар. Айтқандай, көп ұзаған жоқ, болмеге соншалық бір жүзінен жылылық лебі ескен, қимыл-қозғалысының өзінен ақындық бөлек бір сәуле шашырап тұрғандай болып сезілетін сыптығай сұлу да сұңғыла, сұңғақ бойлы жігіт екпіндей кіріп келді. Шашын ұзын етіп, артқа қарай қайырып тастаған. Киімі де қыпша бойына күйіп қойғандай жараса қалыпты. Екі қолын да қатар сермеп қойып, әлденені айта, әлденені сөйлей кірді. Басын шұлғып, жер таршып тұратын жараян жүйрік болушы еді, бірден соған ұқсаттым. Әділбек екенін де айтпай білдім. Орнымнан тұра беріп едім, әлгі кабинетте отырғандардың бірі:

— Әділбек, мына жігіт Сәкен Иманасов екен, сені іздеп

келіпті, — деді.

Басын шұғып тастап, шашын артына қарай шалт бір сілкіп, жалт етіп маған қараған Әдекең:

— О, сайтан, Сәкен сен бе едің, — деді мені қапсыра құшақтай алып, — жүрші, далаға барып, оңаша еркін сөйлесейік.

Редакция үйі қалалық саябақтың шетін ала орналасқан екен, біз бақ ішіндегі оқшау отырғыштардың біріне барып құйрық бастық.

— Ой, сайтан-ай! (Бұл Әдекең аузынан жиі шығатын, мақтауы ма, дағтауы ма белгісіз, төл сөзі екен). Сөйтіп, Сәкен мен едім де. "Абайдың ақындығынан гөрі, Ділданың қатындығынан көбірек бұйырыпты" де. Әй, көңілге қарап, ағаны сыйлау деген қайда бұл? Мен қайдан білейін, оның үстіне, сен туралы жазған әйел адам еді. Әйелге қалай сенбейсің. Аты, ұмытпасам...", — деп маған беймәлім бір есімді атады.

Мен кібіртіктеп, көзіммен жер шұқып қалдым. Соны сезген Әдекең ары қарай қазбалап жатпады. Өткен оқиғаға қатысты әңгімені сонымен доғарды.

— Ал енді, айтшы қайдан келесің, не бітіріп жүрсің, не жазып, не қойдың! — деп бастырмалата сұрап, сөз аңғарын басқа арнаға бұрып жіберді.

Мен жауап берген болам. Не деп, не қойғаным жадымда жоқ. Бірақ Әділбек Абайділдановты көріп, танысып, "ақын деген осындай болуы керек екен ғой!" деп сәт сайын сүйсіне түсіп отырғанымды әлі ұмытқан жоқпын. Күні бүгінгідей көз алдымда тұр.

Мен бұл пікірден Әдекең көз жұмғанша айныған емеспін. Аға деп, азамат деп, кішілікпен құрметтеп, сыйлап өттім.

Ол кезде, қарап отырсам, Әдекем не бәрі жиырма алты жастағы жас жігіт екен. Әлі жеке кітабы да жарық көрмегенін кейін білдім. Бірақ біздің бәріміз үшін әдеби ұстаз болғаны, қашанда бағыт сілтеп, бағдар беріп отырғаны ақиқат еді.

Бір жылдан кейін Талдықорған облысы тарап кетті де, араға айлар салып Әдекеңмен Алматыда табысқам. Аздаған уақыт мен "Лениншіл жас", ол кісі "Қазақ әдебиеті" газетінің редакциясында қызмет істедік. Бұл кезде Әдекең алғашқы жеңгеміз Зағирамен қазіргі Бөгенбай көшесіндегі бұрынғы Алатау қонақүйінің қарсысындағы бір бөлмелі пәтерде тұратын. Қолымыз қалт еткенде сол үйге барамыз. Отау тігіп, оңаша шыққаны болмаса, олардың да

қайбір ас та төк болып артылып жатқан жағдайлары бар дейсің. Бірақ жыр іздеп шалқыған көңіл мұхиттай шалқар кең еді. Бір үзім қара нанды бөліп жесек те разымыз, бір шыны қара шайға да қанып шыға келеміз. "Өлеңнің отын жағып жылытамын", — деп Қасым Аманжолов айтқандай, өлең оқып та тойынып, сәтті бір жыр жолына жадырап шыға келетін қайран жастық шақ еді-ау ол!

1961 жылдың күзінде мен Алматыны тастап, біржола ауылға кетіп қалдым да, Әдекең екеуміздің арамыз алшақтай түсті. "Көзден кетсе — көңілден ұмыт", бұрынғыдай жиі көрісіп жүрмеген соң, арамыз суыңқырай да түскен болатын. Алғашқы жеңгеміз Зағира да ажырасып кетіпті деген қауесет естігем. Анық-қанығын білмейтін едім.

Менің Талдықорғанға ауысып келген жылдарымның бірінде жұмысқа Әдекең телефон соқты:

— Әй, сайтан, қонақүйде жалғыз жатырмын, ағанды іздеп, соғып кетпеуші ме едің? — деді.

Құстай ұшып жеттім. Төрт-бес жыл көріспей кеткенбіз. Біразға созылған сұхбаттан соң ағамды үйге шақырдым. Үй-ішіммен, шешеммен таныстырдым. Сып-сыпайы, бір көрмеге биязы Әдекең үлкен кісіге де ұнады. Жылы қабылдап, жөн сұрап жатқаны есімде.

Шәй іштік. Қысқы соғым кезі еді. Қазанда жылқының жылы-жұмсағы бұрқырап қайнап жатқан, жас қазы-қартаның иісі де танауды жарып барады.

— Пай, жарықтықтың иісін-ай! — деп Әдекең тамсанып отырған. "Пісіп те қалған шығар, сұрап келші", — деп мені екі-үш мәрте жүгіртіп алды.

Шәйдан соң, ет піскенше ермек болсын деп, преферанс ойнадық. Әдекеңе шырт ете түсетін, жоқтан өзгеге тыз етіп ашуланып шыға келетін оғаш бір мінез біткенін аңғарып қалдым. Карта ойынына аса төзімділік керек, әйтпейінше, қасындағылардың берекесі кетіп бітеді.

Әдекең астам сөйлеп, даусын қатты шығарып, артық-кем оғаш сөзге де кетіңкіреп қалып отырды. Мен бірде: "Оу, қойыңызшы, жалғыз отырған жоқсыз ғой, көкесі-ау!" — деп ескертіп қалып ем: "Ә, сен менің аузымды жабайын дедің бе, онда жөнімді табайын, несіне шақырдың, бүйтетінің бар!" — деп ерін бауырына ала туласын. Қой деп жалынсаң, ерегесе түседі екен. Ақыры шыдамай: "Әй, қорқытпай, кетсеңіз, кете бермейсіз бе?" — деп қалып ем, қайтып сөзге келместен, сырт киімін жүре киіп, үйден шықты да кетті. "Шақырып келген мейманыңды қуып,

саған не көрінді, балам-ау", — деп шешем және ұрысты. Екі оттың ортасында дал ұрып мен қалдым.

Ішкеніміз ірің, жегеніміз желім болып, түнімен ұйықтай алмай, ертесіне жұмысқа бойкүйез күйде әрең барып ем, телефон безілдеп қоя бергені.

— Әй, сайтан, түндегі етті жеп қойдыңдар ма, жоқ маған да нәпақа қалды ма? — деп тұр түк болмағандай Әдекем.

— Ойбай, аға, сол күйі тұр, шешем де күтіп отыр, барып, соны жемейміз бе? — деймін мен шырылдап. Қуанып та кетсем керек.

Ақыры, қойшы, кешегі құрамда қайта бас қосып, қонақасымызды әрі қарай бейбіт қалыпта жалғап, татулықпен тамамдап едік.

Алды бар, арты жоқ, ақкөңіл адамның тек ығына көшіп, алдына түсіп алып жорғалай беру керек екен. Кейін тағы бір сапарлас болғанда бұған көзім бұрынғыдан да анығырақ жетті.

1974 жылдың желтоқсан айы еді. Әдекең қасына Қайсар Жорабеков дейтін жас жігітті қосып алып, менімен бірге біздің ауылға барып қайтпақ болды. Әдебиетті насихаттау бюросының жолдамасымен, жолақы, жамбасақыға берген азын-аулақ қаржысын малданып, жол жүріп кеттік. Облыс орталығы Талдықорғанға жұма күні кештете келіп, қонақүйге қонып шықтық та, ертеңгісін обкомға бас сұқтық. Есіктегі милиционерден жөн сұрап едік, "Жұмыста тек обкомның қатардағы хатшысы Шаймұқан Сапиев отыр" дегенді айтты. О кісіні Панфилов ауданында бірінші хатшы болып жүрген кезінен білетін едім. Көп сөзге жоқ, кесіп-пішіп бір-ақ айтып отыратын орнықты адам сияқтанған. Осы обкомда да бірер ай бірге қызмет еткеніміз бартұғын.

Шәкеңе кіріп, жөн-жосық айттық та, Алакөлге апарып тастауға көлік сұрадық. Обалы не, сөзге келмей, әлдебіреулерге телефон соқты да, лыпып тұрған су жаңа "Газ-69" машинасын алып берді.

Машинаның алдыңғы орындығына жүргізушімен қатар мен отырдым да, арт жаққа Әдекең мен Қайсар жайғасқан еді. Былай ұзап шыға бере: "Әй, сайтан-ай, алдына өзі отырып алады бұл. Ағам бар еді деп, жайлы жерді маған ұсыну жоқ!" деп тиісті Әдекең. Машинаны тоқтаттым да, Әдекең екеуміз орын алмастырдық. Таға бір бес-алты шақырымнан соң: "Ә, бәсе, неғып лып етіп орнын бере қойды десем, алдыңғы әйнектен жел соғып тұр екен ғой!" — деп ағам тағы шала бүлінді. Қойшы, әйтеуір,

ақыры қайтадан орын ауыстырып отырдық.

Сарқант қаласына жақындағанда Әдекең:

— Осында менің жақын нағашым тұратын еді, соға кетейікші, — деді. — Адресін анық білмеймін, бірақ мөлшерлеп тауып алармыз.

Сарқантқа бұрылды. Әлдебір лайсаң көшемен батпақтай жүріп, Әдекең нағашысын ұзақ іздеді. Олай да бұрыламыз, бұлай да бұрыламыз — ол көше болмай шығады. Қас қарая бастаған еді. Алда құлақтанып қалған, бізді тосып отырған адамдар бар. Оның үстіне, шопырдың да зықысы шығып, реніш білдіре бастады.

— Жә, Әдеке, қоялық мұны. Түнге қарай бейтаныс көшенің бірінде батпақтап қалармыз. Обкомның шопырынан да ұят болды. Кете берейік, қайтарда асықпай іздерміз, — деп мен машинаны бұрынғы бағытқа қайта бұрғыздым.

Сол-ақ екен, ағамның шала бүлініп бергені.

— Ә, машинаны сен сұрап алған едің-ау, айтпақшы, — деп кекете сөйлеп, сөзбен шымшып, ұзақ күйіп-пісті. — Оның үстіне, обкомда істегенсің, тәртіпті сақтайсың ғой!

Сарқант пен Үшаралдың арасы 150 шақырымдай жер, Әдекең бір тоқтамай мені сыбап сөгуге болды. Сөз қайтарып бірдеме десем, ушығып кететінін сезіп, қарсыласа қоймадым. Тек Үшаралға кіре берісте машинаны тоқтаттым да:

— Ал ағасы, мынау біздің ел. Мен жаман-жақсы болайын, осы елдің азаматымын. Енді ләм деп ауыр сөз айтсаңыз, сол тұрғыда жауап аласыз. Сондықтан енді доғарғаныңыз жөн болады, егер "боқтағаным аз болды" десеңіз, қайтар жолда тура осы арадан бастап қайта жалғастырасыз, — дедім түсімді қатты суыта тұжырым жасап.

Сол-ақ екен Әдекең сөзден қалды. Райкомда күтіп тұрғандар бізді қонақүйге орналастырды да, жөндеріне кетті. Інім осында тұратын еді, телефон соқсам, тамақ асып күтіп отырғандарын айтты.

Әдекең жатқан бөлмеге барып: "Осылай да осылай, шешемді де білесіз, ол кісі де осында еді, ас әзірлеп отыр екен. Киініңіз, сонда барайық", — деп жатырмын ғой баяғы. Әдекең шешініп те үлгерген екен. Шалбарын алып киіне бастады да:

— Әй, сайтан-ай, ағам еді ғой деп тым құрыса кешірім де сұрай салмайсың-ау, — деді маған қарап.

— Кінәсі жоқ адам кешірім сұрай ма екен, Әдеке? — дедім мен де қырсығып.

— Ә, мен екем ғой кінәлі, сол екен ғой айта алмай тұрғаның, — деп ағам шалбарын қайта лақтырып жіберіп, төсегіне қайтадан қисая кетті.

Амалымыз таусылған Қайсар екеуіміз інімнің үйіне барып, ет жеп, шай ішіп дегендей, біраз болып, мен сонда қалып қойдым да, ол қонақүйге қайтты.

Таң атпай: “Міне, осы ғой ініміздің түрі, өзі етке тойып, шайға қанып алған, шалжиып жатады. Аштан-аш біз жүреміз жүгіріп”, — деген Әдекең сөзінен ояндым.

Ойына түк кіріп шығар емес. Кешегі көп әңгімесінің бір де бірі болмағандай. Шешеммен де қауқылдасып амандасып жатыр.

“Адам жылқы мінездес” деген сөз бар. Сол сөзді Әділбек Абайділдановқа да бағаштай айтуды оң көрдім. Алдына барсаң — тістеп, артынан келсең — теуіп, жанына жан жолатпайтын басы асау, қыршаңқы жылқылар болады. Ондай жылқының жанына бірте-бірте ақырын сақтана жақындап, жалынан, алқымынан, омырауынан жайлап сипап, қолтық астын қасып, дір-дір етіп тітіркеніп тұрған арқасына қарай қолыңды жылжыта бересің. Сөйтіп бойын үйрете бере ырғып мініп алсаң да, ер салсаң да енді еркіннен шықпайтын болады. Бұл теңеуім жарасымды болып шықпаса да, Әдекеңді әрдайым мақтай отырып, ығына жығыла көпшік қоя отырып, өз ыңғайыңа көндіріп алу оңай еді. Көбіне саяқ жүріп, жалғызілікті болғаны да әсер еткен шығар. Әлгіндей сылап-сипаудан кейін алдыңа түсіп алып, айтқаныңнан шықпайтын әңгімешіл адамға айналар еді ол.

Аяқ асты бүлініп, аяқ асты құбылып қалатын, бірде шөл, бірде көл еді-ау біздің Әдекең.

Жұрт алдында өзін-өзі ұстауы, екпіндетіп өлең оқуы елден ерекше болатын. Тыңдаушы көпшіліктің сол сәттегі көңіл күйін сезе қояды да, оқитын өлеңді де соған лайықтап алып, өзіне ғана тән айрықша бір әуенді мәнермен үзілдіре оқитын еді десеңші. Егер залда отырған жұрттың құрамында жасамыс адамдар, әсіресе кәрі әйелдер, ақсақалды қариялар көп болса, сонау соғыс кезінің қиындығын көрсететін, майданда мерт болған әкелер мен ағалар, елде қалған тірі жесірлердің күйкі тірлігі сөз болатын жырларын ағызады-ау келіп. Жұрт онысын көзіне жас алып отырып тыңдайды. Ал жастар, әсіресе бойжеткен қыздар көбірек жиналған болса, кілең бір мөддірете тізген махаббат жырын оқитын. Жастар да

жадырай түсіп қол соғып, дүрлігісе қошамет білдіріп жатады. Оның өлеңдерін жең ұшымен жанарын сүртіп отырып тыңдаған жұртты талай көрдік.

Мен де Әдекеңнен қалыспау ниетімен кілең бір ойлы деген оңтайлы өлеңдерімді оқып көрген болдым. Жұрт селт ете қоймады. Сыртқа шыққанда Әдекең:

— Аудиторияға қарай отыр. Сенің терең философияңның бұл жерге титтей де керегі жоқ. Осы елдің өз құлағына сіңісті сөз керек бұларға. Тұрмыстық тақырыптағы қарапайым жырларың болса, соларды оқы, — деп кеңес берді.

Қаламдастары, қатар жүрген замандастары жайлы қатып қалған пікірі болатын да, одан айныту әсте мүмкін емес еді. Ағалары ішінен Сәбит Мұқанов, Қалижан Бекхожиндерді аса қадірлеп сыйлайтын. Тұрғылас інілері Тұманбай, Сайынды аузынан тастамай, көтере мақтап отыратын.

Мен ақын Жұбан Молдағалиевті аса жақсы көруші ем. Бірде Жұбақанның әлдебір өлеңін оқимын деп, Әдекең алдында пәлеге қалғаным бар.

— Мұрныға поэзияның иісі бара ма өзі, ойбай-ау, Жұбанды ақын деп жүрген кім саған?! Машықтан, күшенуден туған бірер поэмасы болмаса, іліп алар несі бар! — деп қатты сөкті.

Мұндайда онымен дауласып тәңірінің өзі түк өндіре алмас еді, сондықтан үйдей пәледен — үндемей құтылуға мәжбүр болдым.

Қолы ашық еді. Сол баяғы Қайсар үшеуіміз жолаушылап жүргенде қонақүй асханасындағы таңғы тамағына 25-30 сом (ол кезде мол ақша) шығарады екен. Қайсар: "Көке, мұныңыз не?" — десе:

— Артылғаны қалар осында. Айнала жұрттың бәрі бізге қарап отырғанда, бір тостақ сүт пен бір үзім нанды шұқылап, тамсап отыра алмаймыз ғой, — дейді екен.

Үшарадағы қонақұйдің өзіме тиесілі бөлмесінде жатыр едім. Әлі ертеңгі асты іше қоймаған болатынбыз. Үшеуімізге тиесілі сома Әдекеңнің қалтасында. Алқынып Қайсар жетті:

— Ойбай, көке, Әдекең шақырады. Ресторанда отыр. Тез, кел! — деп дегбірімді алды.

Барсам, ұзын столды жағалай, кәрісі бар, жасы бар, он шақты әйел отыр. Орталарында Әдекең. Мені өз қасына отырғызып алды да:

— Бұлар Семей драмтеатрының артистері екен. Алматыға гастрольге кетіп барады. Жаңа таныстым да,

дәмге шақыра салып едім, — деп менің аты-жөнімді айтты, әйелдерге таныстырды.

Сәлден кейін құлағыма сыбырлап:

— Ақша жетер түрі жоқ, батыр, қалта қағыла бастапты. Бірдеңе етіп өзің құтқармасаң, болмас, — дейді.

Ызадан өртеніп кете жаздадым. Өзіміз жолаушы жүрміз. Ақшамыз да тақ-тұқ. Соны біле тұра, мұнша мол бейтаныс әйелді ресторанға шақырып, таң атпай жатып шампандатып отырғаны мынау. Қайсар екеуміз қалтамыздың түбін қаға жүріп, әрең құтылдық.

Артынан білсем, әлгі "сұлулардың" бір-екеуімен Әдекең қалжыңдаса кетеді. Сөзден сөз шығып, қағынып жүрген келіншектер: "Бізді ресторанға шақырып қаларсыз" — дейді. Әдекең артын ойлап жата ма, "Әйда, кеттік!" деп, тобымен апарып тоғыта салған ғой.

Әйел дегеннен шығады. Аса сүйіп қосылған алғашқы жары Зағирадан ажырасқан соң, бұл жағынан жолы болыңқырамады-ау деп ойлаймын. Екі-үш рет үйленіп, тұрақтап тұрып қалмады. Байрон: "Әйелсіз өмір сүріп болмайды, ал әйелмен өмір сүру одан да қиын", — дейді екен. Сол сөзді Әдекеңе қарата айтуға әбден болғандай. Әлгі Зағираның бір әңгімесі де есімде қалыпты: "Сенің осы ағаң қызық, — деп бастап еді ол сөзін кездейсоқ бір жолыққанда мені оңашалап алып, — жақында телефон соғады. "Келіп кетші!" — деп өлердегі сөзін айтты. Барсам, бес бөлмелі үйінде жалғыз өзі жатыр екен. Көптен күтім көрмеген үй іші ыбырсып кетіпті... "Ең алдымен, Көкбазарға барып ет алып кел!" — деді ағаң. Оған да көндім. Қазанға ет салып қойып едім. "Енді менің мына бір киімдерімді жуып таста!" — дейді. Киімін де жуып, жайып қойдым. Бес бөлмелі пәтердің еденін жуып, тазарттым. Соның бәрін жасап болып, алдымызға ет табақты алып, тамаққа отырғанда:

— Осылай оқта-текте келіп тұршы, — дейді ағаң.

— Оу, үй-күйіміз басқа болып кетті. Қай бетіммен, кіммін деп келіп тұрмақпын саған? — деймін мен.

Зағира күліп отырып осындай бір әңгіме айтып еді.

Әдекеңнің ажалы, не керек, ақыры әйелден болды ғой!

Қолы ашық, жомарттығын сезіп, қасында әмісе бірер "арамтамақ" еріп жүретін. Кейде түн ішінде телефон соғатыны бар еді: "Саған қазір таксимен бір адам жұмсаймын, келінге білдірмей 100 сом беріп жібер!" — дейді күтпеген жерден. Бар болса, аямаймын ғой, оның үстіне, ұмытпай, алғанын айтқан күні қайтаратынын да

білем. Кейде:

— Әдеке, мені миллионер дейсіз бе сонша, ақша деген менде де бола бермейді ғой, — десем:

— Әй, сөзді қой. Сен тұрғанда басқа біреуден сұрап жүреді деп пе едің, — деп тыйып тастайтын.

Тұзы жеңілдеу еді. Содан да ма, қайтыс болғалы 20 жылдай болды, әлі күнге бір кітабы жарық көрген емес. Таланты Әдекеңмен деңгейлес не одан да төмен қаламгерлердің көп томдық, қос томдық, құрығанда бір томдықтары жиі-жиі шығып жатады. Соңында іздеушісі болмағасын ба, бұл жағынан да Әдекең әруағы алдында ұятты болып келеміз.

Әдекең 50 жасқа толарда Қастек Баянбаев екеуміз ауылына бірге еріп баруға келісіп, дайындалып жүрдік те, соңынан әдене себеппен біз ілесе алмай, Әдекең қасына Саттар Сейтхазинді ертіп кетті.

Ақсу, Сарқантқа ортақ болып жүретін Бақалы деген ауыл бар. Онда бірсыпыра қазақ зиялылары туып-өскен. Сол ауылдағы орыс, қазағы аралас орта мектепке келсе, дәліз төріндегі “Біздің мектептің түлектері” деген стенд бірден көзге түседі ғой. Тізімнің басында сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Кәкімжан Қазыбаев, одан кейін Д.А.Қонаевқа көп жыл көмекші болған Д.Бекежанов, М.Арынов деп кете беріп, бесінші ме, алтыншы ма болып Әділбек Абайдідановтың аты-жөні жазылса керек. Соны көріп Әдекеңнің талағы тарс айрылады ғой енді. “Бүкіл Совет Одағында шығатын жазушылар жайлы анықтамада мен бірінші болып тұрам, ал туған мектебімде неге кез-келген шенеуніктен кейін тұруым керек!” — деп әлек салыпты. Ақын сырын білетін біреулер болса: “Ойбай, қателесіппіз, ертең-ақ түзейміз!” — деп құтылар еді. Қырсыққанда мектеп директоры орыс әйелі болып шығады, ол қайдан қазақ ақынының қадіріне жете қойсын, оның үстіне, бұдан бұрын бетіне келіп ешкім ауыр сөз айтпаған да болуы керек, шамданып шыға келіп, екі жақты айнала тұрғандар “әке-көкелеп” әрең басыпты.

Сол жолғы бір отырыста Әдекеңнің туған совхозының директоры: “Аға, мынау мінгізген атымыз”, — деп алдына конвертпен ақша қойыпты. Біреулер, бәлкі, үндемей-ақ қалтасына салып алар ма еді, қайтер еді, ал біздің Әдекең: “Інім, бұның қанша ақша, ашық айтшы, жұрт естісін, оңаша барып санап жатам ба?”, — дейді ғой. “Үш жүз сом, аға”, — депті директор жігіт. Ол кезде бұл ортақол қызметкердің екі айлық жалақысы мөлшеріндегі ақша болатын.

— Әй, қарағым, — дейді Әдекең директорға қарап, — мені күн көре алмай жүр деп саған ешкім айтпаған болар. Ал шынына келсем, мына менің бұтымдағы ішкімімнің өзі үш жүз сом тұрады. Өзің бай бол, рахмет!

Қатты қысылған директор ертесінде райкомның бірінші хатшысының көзінше бір мың сом ақша ұсыныпты Әдекеңе. Әдекең әлгі ақшаны қолына салмақтай отырып:

— Қарағым, сен кешегі сөзді ауыр алма. Ағалық назым ғой, жай. Ініме айтпағанда, кімге айтам. Ал енді саған бір қолқам бар. Осы маңда менің атам Смағұлдың мәйіті жатыр. Сен мына ақшаға сол атамның басына белгі тұрғызып бер. Сөйтсең, әруақ та риза, мен де разымын, — дейді ғой.

Директор да ризалығын күлкімен білдіре отырып, тез келісіп, уәде беріпті.

Өкінішке орай, Әдекеңнен де, Саттар Сейтхазиннен де сол директор жігіттің аты-жөнін сұрап алмапшын. Осы жолдарды жазу үстінде соған өкіндім, бірақ кеш еді, амал не!

Өзі мәрт адам, өзгеден де соны күтеді емес пе. Үлкен жерде қазанның құлағын ұстап отырған ұлықтың бірі Әдекеңнің парталас досы екен. Кездейсоқ соған жолығып, хал-күй сұраса келе, Әдекең пәтерінің тар болып жүргенін айтады. Ұлық досы: “Қанша бөлмелі пәтер керек еді?” — деп сұрайды. — Әркімнің есігін бір қаға берсем, не пара беріп, не бара берсем — үш-төрт бөлмелі пәтердің құлағын ұстап қалуым мүмкін-ау бір. Өзің сұрап тұрсың, ендеше, берер болсаң, бес бөлмелі пәтер бер, айта жүруге де жақсы!” — дейді.

Алматының ортасынан ойып алған сол бес бөлмелі пәтерінің де қызығын көре алмай кете барды Әдекең.

Кісіге қылдай қиянаты жоқ, ақкөңіл, аңқылдақ, өнерден басқаға бағынып та, табынып та көрмеген адам еді-ау. Өзінен бірер жас қана үлкендігі бар, сол кезде “Жазушы” баспасының директоры болып тұрған Әбілмәжін Жұмабаев оны қатты сыйлайтын еді. Бірде қарауында істейтін маған:

— Сәкен, осы Әділбек жұмыс істемей жүр ғой, кей-кейде молырақ аударма беріп, көмек жасап жүрейік те, — деп ескерткені бар.

Тағы бір күні Әдекеңді баспаға қызметке қабылдады. Мойны бос, еркін жүруге әдеттенген ақын кеңсе жұмысына көндігіп кете алмай, қоңылтақси берді. Оның кіріп-шыққанын, жұмыстан кешігіп қалғанын сөз ете күңкілдеп жүретіндер де болмай қалған жоқ. Сондай кеңсе жағымпаздарының бірімен жүз шайысып қалып, столды

сарт еткізіп бір ұрып, сыртқа шыға жөнелгені есімде.

Ертесінде маған телефон соғып:

— Сәкен, Әбекеңе барып, менің атымнан кешірім сұрашы. Сырттап жүрген мені қызметке шақырып, азаматтық жасап еді. Бірақ әркімдермен арпылдасып отыра алмайды екем. Рахмет айтты де. Енді бармай-ақ қояйын.

Әбекең бұл сөзге басын шайқап, күлген де қойған.

Қазақ поэзиясының жарық жұлдыздарының бірі Әділбек Абайділданов жайлы айтылар сөз әлі алда деп білем. Мен есімде қалғандарын ғана қағазға түсірдім.

ЕРКЕЛЕП КЕЛІП, ЕРТЕРЕК КЕТКЕН ҰЛ ЕДІ...

(Құдаш Мұқашев туралы)

Құдаш есімін алғаш Әділбек Абайділдановтың аузынан естіген едім. Ол кезде (елуінші жылдар аяғы, Талдықорған облысының алғаш тарарының алды еді) Әділбек осы облыстың "Советтік Жетісу" аталатын газетінде әдебиет жағын басқаратын. Жасы Құдаш қарайлас бола тұра, газет басында отырғасын ба, әйтеуір, сол өңірде қалам тербеп жүрген біздердің бәрімізге хат жазып, қамқорлық жасап, үнемі жанашырлық көрсетіп жүретін. Бас-басымызға жиі-жиі хат жазып, арнайы шолулар ұйымдастырып, талаптылар талантын талқыға салып жатудан әсте бір жалықпайтын.

— Құдаш Мұқашев — мықты ақын, ойлы, отты! — деп еді бірде маған Әдекең әдеттегісінше жігерлене желпіне сөйлеп. — Ұлттық бояуы қанық тым жақсы өлеңдер жазып жүр.

Облыс көлемінде бәріміз көз тіккен жалғыз газет болғандықтан, оның үстіне, газет бетінде әдебиетке айырықша мән берілетіндіктен, қадағалай оқитынымыз да көбіне осы "Советтік Жетісу" болушы еді. О жылдары ел ішінде өлең-жырға, жалпы әдеби шығармаларға деген аса бір ыстық құмарлық, жаппай жылы ықылас байқалып тұрушы еді. Газет бетінде Қастек Баянбаев, Тұрсынзада Есімжанов, Қанипа Бұғыбаева, Рамазан Тышқанбаевтардың өлеңдері, Сайын Мұратбеков, Ұзақбай Доспанбетов, тағы басқалардың әңгімелері жиі жарияланып тұратын да, бір-бірімізбен жүз көріспесек те, сырттай таныс-біліс болатынбыз. Ал Құдаш есіміне әзірше кезіге қойған жоқ едім.

Әділбектің аузынан мақтау естудің өзі ол кездегі біз үшін тіпті үлкен мәртебе. Сол күннен бастап газет бетінен Құдаш атын кезіктірген сайын қалт жібермей қарап оқитын болып алғам. Бапты, байсалды сөз саптауы, ойын шашыратпай, өлеңнің ерекше сымбат-сынын жинақы ұстайтын ұқыптылығы маған да ұнай бастаған. Сөйтіп жүріп ақынмен жүздесудің сәті 1960 жылдың басында, Алматыда түсті. Мен "Лениншіл жас" газетінің редакциясында қызмет істей бастаған кезім еді. Алты-жеті адам отыратын редакцияның ортақ бөлмесіне бір күні қара жағалы ұзын сәнді пальто киген аққұба өңді, көркем реңді жігіт еркіндеу басып кірді де:

— Сәкен, бері шығып кетші, — деп мені сыртқа шақырды. Тарлау дәлізде қол беріп амандасып: "Құдаш Мұқашевпын", — деп таныстырды өзін. Сөзі де, өзі де мығым жатыр. Жаңа танысып тұр екенмін-ау деп әлдекімдерше қысылып-қымтырылған жоқ. Өзім осында қызмет істей бастаған соң болар, осыдан біраз күн бұрын "Лениншіл жас" менің бір топ өлеңімді алғаш рет молдау етіп жариялап еді. Құдаш соны оқыған екен. Мақтады. Күлмей тұрып, көлгірсімей тұрып, жалғаны жоқ кейіпте келістіріп мақтады. Өлеңім жаман емес екенін өзімнің де ішім ептеп сезетін, енді міне алғаш рет танысып тұрған жасы менен гөрі кебелеу ақын жігіт мақтап тұр. Арқаланып, әжептәуір аруақтанып қалсам керек. Құдаш кербез күліп:

— Тұрсынзада да қазір жақсы жазып жүр, — дегені. Бұл сөз "сенен жақсырақ" дегендей естіліп, тіксініп қалғанымды байқап, сұңғыла жігіт ағасы арқамнан орай құшақтай, көшеге алып шығып кетті. Сол күні мені өз қасынан босатпады.

Кейін бір байқағаным, Құдаш әдеби ортаға өзі қатарлас келген көбіміздің өлеңдерімізді осылай іздеп оқып, жақсысын асырып, жаманын және жасырмай, көзіне айттып, көркейттіп, көтере жүруді ұнатады екен. Оның аузынан бұдан кейін Жүмекен өлеңдері жайлы сүйіп, сүйсініп айтқан сөздерін естіп, әр уәжіне ден қоя түскендей болып едім.

Сол күннен басталған туыстыққа бергісіз достығымыз тату-тәтті сыйластық, сырластыққа айналып жүре берді де, 1971 жылдың жазында ол кезде Талдықорғанда тұратын маған Кәкімжан Қазыбаев ағамыз (қазір о кісі де жоқ) телефон соғып, Құдаш қазасын естірткен күнге дейін бір суыған емес еді. Ә дегеннен-ақ шүйіркелесіп, жұртпен

бірден жанаса кетуге өте енжар да сараң басатын мен үшін Құдаштың кісі жатырқамайтын ашық мінезі, үлкен-кішіге деген бірдей жұғымдылығы қатты ұнайтын. Осы мінезімен ол екеуіміздің арамыздағы бес-алты жасты да ескермей, кісілігі, кемел кеңдігімен баурап, бауырына тартып, бүкпесіз ашық сырласып, құрдас, құрбылардай жақын бола түскенбіз. Әу баста аса кербез, әсіре кірпияз да көрініп қалғанымен, ашық көңілі, адал ақжарма пейілі оның бәрін жуып-шайып, жарастырып жіберетін. Осы мінезімен ағалары Әбу, Хамиттерге де, інілері Сабырхан, Қастек, Уақаптарға да бірдей ұнап, іштей бір үндес үйлесім тауып, бәрімен біте қайнасып кеткеніне куәгерміз өзіміз.

Құдаш өз өмірінің денін көбіне-көп ауылда өткізді де, ұдайы дерлік бізді өзі іздеп тауып жүретін. Талдықорған облыс болып қайта құрылғаннан бастап мен үш-төрт жыл сонда тұрдым да, әрі-бері өткенде Құдаш маған бір рет соқпай кеткен емес. Алпысыншы жылдардың соңына қарай өндірте жазуға кіріскен Құдаш, ауылда кейде өлең тыңдар құлақтың өзіне зәру бола ма, әйтеуір, біздің үйге келуді жиілете бастады. Шағын-шағын үш бөлменің бірінің төріне көрпе төсетіп тастап қатарласа етпеттей жатамыз да, екеуара ұзақ әңгімелесеміз. Оның жаңа жазған, жазып жүрген өлең-жырларын тыңдаймыз. Кейде аспанға қарап жатып, әрнәрсені өлеңге қосып, ұшқырлық, ұтқырлық тұрғысынан айтысып, өнер жарыстырып та қоятын едік. "Ал мықты болсаң, мына босағаны өлеңге қосшы!" — дейді Құдаш. Мен ойланып болғанша, бірер шумақты табан астында жеделдете өзі айтып жібереді. Онысы көбіне ұтымды шығып жатады. Мақтасаң мәз болып, сынасаң, томсарып та қалады. Сол бір ауыз, екі ауыз экспромттардың өзінен Құдаш кейінірек бас-аяғы бүтін тәп-тәуір көркем дүниелер туғызғанын да байқадым. Мына бір "Босаға" деген өлең сондай бір екеуара ұшқырлық салыстыру үстінде туып еді.

*Берешекпіз босағаға бар адам,
Барлық жолдар босағадан тараған, —
деп бастап:*

Ал-айқын-ақ қартаяры өз басым,

Иә, мейлі, тек босағам тозбасын.

Жылап кіріп, күліп шықсам ризамын,

*Тағдыр маған жылап шығуды жазбасын, — деп тамам-
дайды. Көрдіңіз бе, екеуара сөз қағысудан, жай ғана ой*

өрбітуден кейде осындай орнықты да әдемі жырлар да туып қалатын еді.

Үсті-басы үнемі жинақы, сырбаз, қашанда кербез киінетін Құдаш шығармаларын да әлденеше рет өңдеп, жөндеп, үстей жетілдіріп, шымырлай, жұмырлай жүруден бір талмайтын. Онысын мен де білем. Бірде редакцияда отыр едім (кейін "Жерұйық" аталған Талдықорған облыстық газеті), Құдаш келді.

— Қарап көрші, — деп алдыма бір бума қолжазбасын қойды. Құдаш шығып кеткен соң, мен ол өлеңдерін оқып жатпай-ақ, сол күйі түгел теруге жіберттім. Түстен кейін кездесуде ол:

— Қалай екен, оқыдың ба? — деп сұрады менің пікірімді білгісі келген сыңаймен сөз тартып.

— Оқып отырам ба бәрін, ертең газеттен оқимыз, — дедім мен.

Ол бетіме таңырқай қарады.

— Құдаш-ау, сен газетке жаман өлең ұсынатындай жаңа жазып жүрген жоқсың ғой, — дей салдым мен. Ол қарқылдап ұзақ күлді...

Кейін, өзге жолдастарымен әңгіме үстінде де, осы оқиғаны айтып: "Қызық, ей, бұл. "Оқыдың ба?" десем, маған айтқаны мынау", — деп, бірнеше рет еске түсіріп, қайталай күліп жүретін еді.

Өзі араласқан ортаның әйел, еркегіне бірдей сүйкімді, тірісінде сол сүйкімін жоғалтпай, әлсіретпей кеткен Құдашты көрінгенге жалпақ шешей болған екен ғой, әркімнің жетегінде жүре берген екен-ау деп ойлауға да әсте болмайды. Әрдайым өз қадірін өзі біліп, салмағын мөлшерлеп, кісілік бағасын сезіне жүретін Құдаш жалтаңдыққа, жарамсақ, жасанды, жымысқы қылыққа жолап көрген емес. Сол алпысыншы жылдардың аяғында ол алыстағы "Құрақсу" совхозында парторг болып істеп жүрді. Мәнсап құмаған, көбіне қызыл отау меңгеруші сияқты бір басына жетерлік қана кішігірім қызмет атқарған Құдаш, тіпті де дәреже іздеп, жұмыс таңдамайтын. Көп жыл Ақсу ауданын басқарған Тұрсын Махметов деген үлкен азамат өткен. Сол бірде ақынды шақырып: «Аудаңдық газет редакторының орынбасары болсаң қайтеді?» — деп қолқа салады. Редактор — Тұрсынзада Есімжанов. Құдаш: "Түрсеке-ай, осы елдің бірдей екі бірдей ақынын тылақтай ғана газетке теліп беріп қайтесіз" — дейді ғой. Ашуланарын да, ашуланбасын да білмей дағдарып қалған Тұрсын Махметов марқұм: "Онда өзің біл", — дегенде, Құдаш әлгі парторгтық қызметті өтінгендей өзі қалап алыпты.

Облыс түгіл, аудан орталығының өзінен әлдеқайда жырақ жатқан елді мекен — құм арасындағы оқшау тірлік бес-алты жылдан соң жалықтырды ма, кім білсін, ол бірде маған өзінің қалаға қарай жылжығысы келетінін айтты. Облыстық газет редакциясында бір бөлім меңгерушілігінің орны бар еді, өзім өмірі бастық болмағаныммен, басшыларым сөзіме құлақ асатын сияқтанатын. Құдашты ертіп, редакторға кірдім. Таныстырдым. Біледі екен. Сыртынан. Қолқасын өзі айтып, оны мен қостап, көпшік қоя көтере мақтадым. Мынау деген бір азамат құрлы қызмет жасай алады деп, өзімше соған дәлел де келтіріп жатырмынау деймін, редактор қарсы болмай, бірер күн ішінде істі сәтімен шешу жағына ойысқан сыңай танытып, бізді шығарып салды.

Шәй үстінде Құдекең: "Әй, қой, сол жақта-ақ жүре берейін, не Алматының өзіне ауыз салып көрермін", — деді бастапқы райынан тез айнап.

— Оу, көке, аяқ асты не боп қалды? Мені де бекер арам-тер етіп, — деп жатырмын ренжігендей болып.

— Әлгің (редакторды айтқаны) аяғының басына қарап сөйлейді екен, ондай адамдарды ұнатқан емеспін, арамсы жараса қоймас, оны да, өзімді де әурелеп қайтем, — деді ақын.

Мен басында таңырқап күлсем де, кейін ақынның ішкі әлемін оймен саралай келе, қай ортада болсын теңдікке көнсе де, кемдікке көнгісі келмейтін тәкаппар талғамға мойынсұнғандай болып, үнсіз келістім онымен. "Қадірімді білсе — жақсы, білмесе — әлдекімге күнімді түсіріп, кіріптар болып қайте қоям сол" деген ой аңғардым. Редактор да (бүгін арада жоқ адамдардың аттарын атап жатуды артық санадым) Құдаш сырын айтқызбай аңғарса керек "Қайда жүр, неге келмеді?" деп қазбалаған жоқ, жабулы қазан жабулы күйі солай қала берген.

Жетпісінші жылдар басында Құдаш бала-шағасын алып Алматыға біржола қоныс аударды. Астананың әр бұрышынан пәтер жалдап көшіп жүру тауқыметі жігіт ағасы жасқа жеткен оған да ауыр тиді. Мен оның бұл кезде қаншалық қиындық көріп, қиналған жайын тап басып айта алмаймын. Өйткені Құдаш өз басының ауыртпалығын айтып, жақынының өзіне мұң шағып жатуды артық санайтын. Әрдайым ат үстінде жүргендей еркін басқан еңселі кейіпте болатын да, дос көңіліне де қаяу түсірмеуге барынша тырысатын.

Сондай күндердің бірінде мен кештетіп Алматыға келдім де, Қастек екеуміз Құдашты іздедік. "Ақдарига" деп аталатын шағын жыр кітабымды жазып бітіріп едім, сол жайлы Құдаш пікірін білсем бе деген де ниет бар. Жалдамалы пәтерін түннің бір уағында таксилетіп, таксисті жылата жүріп әрең таптық. Екі кісі айнала алмайтын тар бөлмеде бала-шағасымен жатыр екен, үйіне сыймайтыш болған соң, қояр да қоймай ағамызды киіндіріп алып, көше кезіп кеттік...

... Со жолы ол өзінің 49 мың жолдай өлең жазғанын айтып еді. Қазір ойлаймын: Құдаш қайтыс болғаннан бергі жерде де отыз жылдай уақыт болған екен-ау, ал бірақ артында қалған сол мол мұрасын тұтас күйінде туған халқына әлі күнге ұсына алмаппыз. Құдаш өлген жылы туған ақындар да бірнеше кітап шығарып үлгерді. Құрдастары тіпті шырқап кете барды. Егер тірі жүрсе, ол әлгі мен айтқан жайдары жайсаң мәрттігі, тума таланты арқасында айналаға түгел ұнап, осы күнге дейін үш жылда бір кітаптан дегеннің өзінде, қанша дүние беріп тастар еді. Кітап болғанда, анау-мынау, "мен болдым-ақ!" деп жүрген бір акын дәрежесінде нағыз бармақ жалап оқырлық құнды дүниелер берер еді. Ол — күмәнсіз. Ама не, беделді іздеушісі болмаса, көзі жоқ көп талант осылай елеусіз күйде қағаберіс қала беретіні бар...

1971 жылдың мамыр айында Қазақстан жазушыларының кезекті құрылтайына келген мен "Горный Гигант" жақта пәтер жалдап тұратын Құдашты тағы іздеп бардым. Әйелінің айтуынша, ол үйде болмай шықты да, тек сол күннің кешінде "Алматы" қонақүйіндегі маған өзі соғып, екеуара ұзақ әңгімелескен едік. Мен оған өзімнің "Айтыс" аталатын лирикалық поэмамды оқып бердім, ол бірнеше пьеса жазғанын, соның "Дала дастаны" аталатын біреуі Қазақтың академиялық театрында дайындалып бітіп қалғанын айтты.

Қоштасарда Құдаш:

— Бұйырса, шілде, тамыздың бірінде театрмен Ақсу жағына гастрольге шықпақпыз. Сен құлақ түріп дайын отыр, ауылды бірге аралап қайтамыз, — деп еді. Мен бұл жолы да онымен бірден келіскем. Бірақ бұл біздің соңғы кездесуіміз екенін ол күні екеуміз де білмеген едік...

Қатпары мол қазақ әдебиетінде, тіпті оның поэзия атала — тын арналы саласында Құдаш Мұқашев қандай орын алатынын мен білмеймін. Білетінім — Құдаш сирек ұшырасатын лирикалық та, эпикалық та мол қуаты

бар үлкен дарын иесі екендігі. Сол дарын негізінде дәл де нақты, қарапайым да ұғынықты сөздермен жан дүниенің тұтас бойлай жайылар сезімтал жырлар туғыза білгендігі.

Көбіміз әлі де болса байыбына терең бойлап мән бермей жүрген бір жағдай бар. Қазір арамызда жоқ, бірақ көзі тірісінде қатарындағының бірі емес, бірегейі ретінде қыруар нәрсе тындырған қаламгерлер жайлы біле бермейміз. Оған көбіне әлгі адамдардың насихатының аздығы да әсер ететін болуы керек. "Соңғы отыз жыл көлемінде арамыздан өткен ақындардан кімдерді білесің?" – деп кез келген адамнан сұрасаңыз, Мұқағали Мақатаевтан басқа бір ақын есімін атай қоюы неғайбыл. Бәлкім, ілуде біреуі Төлеген Айбергеновтің, одан да шағын біреулері Жүмекең Нәжмеденовтің атын атап қалуы мүмкін. Ал Ізтай Мәмбетов, Төлеужан Исмайылов, Қосжан Мүсірепов, Әділбек Абайдіданов, Жүсіп Қыдыров, Әнуарбек Дүйсенбиев, Құдаш Мұқашев, тағы басқа бірқатар тума таланттар есімі елеусіз қалып жатады. Осы ақындардың шығармалары бүгінгі оқырманға шын мәнінде қажетсіз бе? Оқылмай ма? Ешкімнің оларды оқығысы, оқығанын көңіліне тоқығысы келмей ме?

Құдаш Мұқашев секілді сирек талант иесінің осынау жалған дүниемен қоштасқанына да отыз жылға таяп қалыпты. Кітабы шықпаса, газет-журналдар оқта-текте болса да бір оралып соғып, еске алып отырмаса, насихаты жоқ болса, бүгінгі жиырма жастағылар оны қайдан біле қойсын. Жақсылықты танымауға келгенде алдымызға жан салмайтын-ақ елміз. Тек белгілі бір датаға, мерейлі, мерекелі той үстінде ғана жоқтап еске алатын болып барамыз. Онда да сол жақсының жанашыр, қамқоршылары, қолында билігі бар жұрағат-жұрты болған жағдайда ғана. Өйтпесе, ол да бұйырмайды. Мұндайда кімге өкпелеп, кімге ренжіріңді де білмейсің. Осы істердің басы-қасында болатын, ұйымдастырушысы, ұйытқысы болуға тиіс Жазушылар одағы еді, ол да бүгін күнкөріс қамымен салт-дәстүрден ада безіп, сарт саудаға көбірек ден қойып барады. Өйтпеске лажы да қалмаған.

Құдаш Мұқашевтың артында мол әдеби мұрамен бірге үш-төрт ұл-қыз қалып еді. Солардың ішінде ақынның тұңғышы Жүрек Мұқашев қазір әке мұрасын жиып-теру, жарыққа шығару, мерейтойын өткізу жолында жар құлағы жастыққа тимей жүгірумен жүр. Тындырған, тындырып жатқан шаруалары да аз емес. "Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйсінуге жарар ол", – деп Абай айтқандай, артын-

да сойылынды соғар осындай ұл қалғанына да шүкіршілік етесің кейде.

Кеше бір кезіккенде Мұхтар Мағауин: "Апыр-ай, бір кезде бізге егде көрінетін Құдаш қырыққа да жетпей дүние салған екен-ау!" – деп еді өкіне. Иә, ол қырыққа да жете алмай, берерінің бәрін беріп үлгере алмай кетті. Әдебиетке енді-енді деңдей араласып, қауырт бір қимылға кірісе берген тұсы еді. Маған сол соңғы жолыққанда өзі де: "Балаларға арнап бір радиопьеса жаздым. "Жетісу патшалығында" аталатын деректі сценарий бітірдім. Шекспирдің "Король Лирін" аударып тастадым", – деп еді. Бұл бас-аяғы екі-үш ай ішінде атқарған жұмысына есеп бергені сияқты болған.

Кей-кейде қимылдасам күрт асыға,

Бекерге мін тақпасын жұрт осыма,

Аса алмай әкем байғұс құлап түскен

Қырықтың қарай берем қырқасына, – депті өзі де бір өлеңінде. Сол қырықтың қырқасынан аса алмаған күйі Құдаш та қыршын кете берген болатын.

Үлгеру керек бәрін де,

Көп әлі мақсат-жоспарым.

Егілер ертең төрімге

Мені де жоқтап достарым, –

деген ол тағы бір жырында. Егілдік, еңіредік, амал не! Ендігі бір міндет – артында елейтін, ескеретін елінің барлығы, мол-мол шығарма, жоқтаушысы болып жүрген Жүректей ұлының барлығы. Біз де соны көңілге тоқ санап, ақын рухын алдағы ұрпаққа да жебеу, демеу бола жүреді деген сеніммен Құдаш жайлы қысқа сөзімізді әзірше тамамай тұрғымыз келеді.

1992 ж.

Автордан: Бұл еңбегімді мен Құдаш Мұқашевтың 60 жылдық мерейтойы қарсаңында жаздым. Үлкен газеттердің біріне ұсынып едім, өздерін аса білгіш, асқан ақылды санайтын редакция қызметкерлерінің бірі әр жерінен жұлып-жұлып сүмірейтіп, ақыры соның үштен бірін жария еткен. Бұл жолы толық нұсқасына қол тигізбей, сол алғашқы жазылған қалпында ұсынып отырмын.

ТОҚАШ БЕРДИЯРОВ

Атағы мен шатағы жарыса шыққан ақын Тоқаш Бердияровтай-ақ болар. Өлеңін оқымай жатып, біз оның

сыртынан "өйтеді екен, бүйтеді екен" деген лақап тарап, дақырттан даңғазға айналып кеткенін естіп жүруші ек.

Ең алғаш көргенде әлгі әңгімелердің бәрі жалған екен-ау деп қалдым. Мұнтаздай таза киінген, танау астын қарайтып бармақ басындай мұрт қойған, сол мұртын бір дірілдетіп алып, оқыс мырс ете түсетін жігіт атасы аса сыпайылығымен де есте қалыпты.

Алпысыншы жылдардың басында шұбырып соңына ердік. Тоқаң көбіне Төлеужан Исмайыловпен бірге жүретін. Мен сол жылдары газет беттерінде жиі көрініп, біраз белгілі бола бастадым да, әлдене себеппен біраз жылға әдебиеттен қол үзіп, елге кетіп қалып ем. Бірде мені өзбек жазушысы Нәсір Фазыловпен таныстырып тұрып:

— Отставкадағы талантты ақын, — деп мінездеме бергені бар. Тағы бірде кештете көше кезіп келе жатыр едік, алдымыздан Қапан Сатыбалдин ұшыраса кетті. Ол кісі "Қазақ әдебиеті" газетінің редакторы болатын. Тоқаш амаңдасып, мені таныстырып тұрды да: "Қапекке, айтыңызшы, осы марксизмнің де тоны тозып, көйлегі көнере бастаған жоқ па?" — деп сұрады оқыстан.

Капекең от басқандай ыршып түсті. "Қой, Тоқаш, ондайды айтпа маған!" — деп жан-жағына қарап алып, қоштаспастан зытып берді.

— "Әй, қатырдым-ау өзін!" — деп күледі Тоқаң.

Бұл әңгіме маған да тосаң, құлағама түрпідей тиді. Бірақ үндеген жоқпын.

Беріректе тағы бір күні Тоқаң екеуміз сырласып келе жатыр едік, совет армиясының екі-үш офицері шыға келді алдымыздан. Орыс жігіттері екен. Тоқаң солардың алдына тәлтіліп қалт тұра қалды да, бір саусағын шошайтып:

— Офицеры оккупационных войск, ненавижу я вас! — дегені.

— Мы знаем, знаем! — деді шатақ іздеп шықпаған орыстың жас офицерлері.

Мен Тоқаңды сүйрей жөнелдім.

Бұл Тоқаңның "шатақ" мінездерінің көріністері. "Ішкіш" еді, "бұзық" еді дегенде, жұрт осындай қылықтары үшін айтатын болар.

Әйтпесе елге ұқсамайтын оқшау қылығы бар азамат еді ол.

1974 жылы Алматыға біржолата ауысып келіп, Жазушылар одағында кеңесші болып қызмет істеп жаттым. Бір күні аяқ асты 100 сом ақша керек болып қалды да, зәрулік шіркін әрі-сәрі ойға жетеледі. Кімнен сұрарымды білмей,

біраз дағдардым. "Жығылсаң — нардан жығыл" деген бар, өлеңдерін жақсы көріп оқитын ақындарымыздың бірі Сырбай Мәуленов еді. Жүрісі де, күлісі де жомарт жаратылған адамға ұқсайтын. "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы. Сәлеміміз түзу. Салып ұрып кабинетіне кіріп, аз қипақтап тұрдым да, "сүт сұрай келіп, шелегімді жасырғандай болмайын" деп, біраз күнге болмашы қарыз ақша сұрай келгенімді айттым.

— Апыр-ай, Сәкен-ай, — деді Сыраған, — бұрын бұйымтай сұрап көрмеген едің, қиын болды-ау, бірақ жоққа жүйрік жете ме, амал не, ақшам болмай тұр!

Төбеге ұрғандай есеңгіреп шықтым да, сол дәліздің бойындағы Ғафу Қайырбековтің кабинетіне кірдім. Өлеңдерінде: "Үйде де, түзде де алдым кең, алақаным ашық", — деп жататын еді, бір берсе со кісі беріп қалар деп ойлағам.

— Сәкенжан, садағаң кетейін, қалтамда көк тиын болмай тұр, қинама, — деп шығарып салды ол ағам да.

Өз қатарластарым Қадыр, Қастек, Қайраттарды жағалай сипақтатып едім, аяқтарына да отырғызар болмады.

Бәрінен түңіліп, енді не істесем екен деп, есік алдына шығып тұр едім, анадай жерде Тоқаш Бердияров келе жатыр екен. О кісіден қарыз сұрайын деген ой түсіме де кірмес еді. Көбіне үйсіз-күйсіз қалпында, оның үстіне, ептеп ішіп жүретінін білетін едім.

— Иә, түрің өрт сөндіргендей болып кетіпті ғой, жай ма? — деп жөн сұрады Тоқаң.

— Тоқа, мен мұнда Талдықорған обкомынан келіп едім. Ол жақта бір-бірімізден қарыз ала беруші едік. Мына жазушыларыңыз қысты күні қар татырмастың өздері екен ғой. Түңілдім, түге! — дедім.

— Қанша керек еді? — деді Тоқаң.

— 100 сом.

Ол қолымен көше жақты нұсқап:

— Ұста такси! — деп бұйырды.

Құдайшылығымды айтайын, бұл кісіден ақша табыла қояды деп үш ұйықтасам түсіме кірмейтін. Сондықтан да болар, көп елпілдей қоймай, енжарлау барып такси ұстадым.

Қай жерге барғанымыз есімде жоқ, таксиспен келісіп, автокөлікті есігінің алдына қаңтара салды да, мені үйіне алып кірді "Дәм тат!" — деп алдыма бес-алты құрт қойып, әлдебір шарап шөлмегінің тығынын ашпақ болғанын да

білем. Асығыс едім деп, азар да безер болып, Тоқанды үйден алып шықтым.

Сол кездегі Коммунистік даңғылы мен Гоголь көшесінің қиылысқан жеріндегі жинақ кассасынан ақша алып, маған сұрағанымды берді де, қояр да қоймай сүйреп Жазушылар одағының барына алып барды.

— Қанша ішетін едің? — деп сұрады Тоқаң.

— 150 грамнан жетер, — дедім мен "Варциха" коньягін нұсқап.

Маған өзім айтқан мөлшерде коньяк пен кофе алып беріп, пұлын төледі де:

— Өзің іше бер, сен қызметтегі адамсың ғой, жұрт көрсе, Тоқашпен ішіп отыр деп жүрер, мен кете берейін, — деп менің қарсыласқанымға қарамай, шығып жүре берді көкем.

Қарызымды қайтарам деп берген уәделі күні Тоқаш телефон соқты:

— Сәкен, бүгін айдың пәленшесі ғой, — деп есіме са-лып жатыр.

Ақшамды қолыма ұстап күтіп отыр едім:

— О, Тоқа, келе қойыңыз! — дедім қуанып.

Міне, бұл да "Ашаршылықта жеген құйқаның ауыздан дәмі кетпес" деген сөзге мықты дәлел бола алар еді. Оның үстіне, көбіне өзімен өзі ғана болып бұйығы тірлік кешкен ақынның бойында бұғып жатқан мәрттіктің де бір көрінісі еді бұл. Көбімізге сол мінез жетпей жатады. Сырт көзге мырза көріне тұрып, жеме-жемге келгенде, кім екенімізді тез білдіріп алатынымыз да бар-ау.

Бүкіл тірлігін өлеңге ғана, әдебиетке ғана арнап, сол жолға қалған қызықтың барлығын құрбан еткен мәрт ақын Тоқаш Бердияровтың бір қыры осындай еді.

КӨҢІЛДЕ ҚАЛҒАН ӨКІНІШ (Төлеген Айбергенов туралы)

Ол кезде бізді ешкім де тәптіштеп таныстырып жатпаушы еді. Жаңа жазып, жұрт көзіне енді іліге бастаған жастар бір-бірімізді өзіміз-ақ іздеп тауып, әне-міне дегенше танысып, табысып кете беретін едік. Төлегенмен де қалай танысқаным есімде қалмағаны содан болуы керек, бірақ аса араласып, туысып кетпесек те, көрген жерде әрдайым шұрқырасып қалып жүретінбіз.

Алпысыншы жылдардың басында Төлеген өндірте жа-

зып, газет, журнал беттерінде жиі-жиі жарқырай көрініп, едәуір ауызға ілігіп, жақсы аталып жүрді. Алғашқы кітабы да жарық көріп, қатарлас бір шоғыр топ ішінде жараулы аттай жұтынып жүретіні де есімде. Сол кездегі республикалық газеттердің бірінде жарияланған Төлеген өлеңдерін Тоқаш Бердияров ағаммен бірлесіп оқығаным болған. Сонда Тоқаңның: "Сыңғыры көбірек демесең, осы жігіттің аяқ алысы маған қатты ұнайды, қарымы қаншаға жетерін кім білсін?" — дегені де бар еді.

Тағы бірде Төлегенмен Жазушылар одағының екінші қабатындағы кең дәлізде ұшырасып қалдым. Амандық-саулықтан соң: "Қане, бір өлең оқышы", — деді ол. Газеттердің біріне беремін бе деп жаңа жазған жырларымның бірлі-жарымын жанқалтама сала шыққаным әбүйір болған екен, кейін кітаптарыма кіріп жүрген "Ат" деп аталатын өлеңімді оқып бердім. Өзіне ұқсап екпіндете, егілте, төгілте оқи алмадым ба, әлде ішкі үндестігіміз келіспеді ме, Төлеген ол жырды құлай қабылдай қоймады. "Книжныйлау екен аздап", — деді де қойды бар болғаны. Өзінің өлең оқығанын содан сәл бұрын Мұхтар Әуезов мұражайында өткен бір әдеби кеште тыңдап көріп, таңқалғаным бар еді. Алдымен Қадыр Мырзалиев бастап, мен қостап, қазақ ақындарының дағдысымен қағазға қарап, өзімізге бөлген уақыт есебіне орай бірер өлең оқып, мінбеден түсіп жаттық. Кезегімен тұғырға көтерілген Төлеген өзінің жаңа жазған "Семей" дейтін өлеңін оқыды. Самсаған қарағайлы орман ішінен сансыз құс сатырлай ұшқандай, Ертіс толқыны арнасынан асып түскендей, әйда, бір ақпа-төкпе екпінмен есілді-ай дейсің келіп. Алдында ешбір қағазы жоқ, шумағы біразға баратын өлеңдерді шұбырта, шуылдата, суылдата жөнелгенде, зал іші сілтідей тынды. "Апыр-ай, мына жігіттен бұрын оқығаным қандай ғана абырой болған!" — дедім іштей әрі сүйсініп, әрі өзімді жұбатқан болып.

Алпысыншы жылдардың соңын ала мен Алматы облыстық "Жетісу" газетінің біздің өңірдегі екі-үш ауданы бойынша меншікті тілшісі болып істедім. Бірде редакцияға әжептәуір топтама өлең жібердім де, біраз уақыт жариялана қоймағасын, өзім қызмет істеп жүрген жер ғой, бара көрейінші деп, әлгі өлеңдерімнің соңынан қуа астанадағы редакцияға соғайын. Газеттің әдеби жағын ақын Бекен Әбдіразақов басқарады. Бекеннің мінезі өзіме мәлім (бұрын "Лениншіл жас" газетінде бірге қызмет те атқарғанбыз), ептеген менмендігі бар, келімді-кетімді

жас әдебиетшілерді аяғына да отырғызғысы келмейтін паңдығы да жоқ емес. "Кезек күтіп жатыр, жарияланады ғой, асықпа", — деп жұбатқан болды мені де. Ол кезде жазғанымыз тез жарияланса екен деп тықырышып тұратын кезіміз. Мен де омыраулай дауласып, біраз бұра тартып отырып алсам керек. Бөлмеге таныс-бейтаныс төрт-бес жігіт жиналып, құж-құж әңгіме де басталып кетті. Сол кезде үстімізге көгілдір шолақ жең көйлегімен ғана жеңіл жүрген Төлеген келіп кірді. Алың-ғұлың амандасып жатырмыз. Сөз арасында Бекен: "Мына Төлегеннің өлеңдері номерге кетіп барады, әлде соны алып тастап, Сәкенді жіберсем бе екен?" — деп шіренді.

Төлеген түк қобалжыған жоқ, салған жерден: "Бопты, мен осындамын ғой. Өзім де ауылда көп жүріп қалған адаммын.

Елде жатып, астанадағы жолдастардың ілтисатын аңсаудың не екенін жақсы білем. Сәкен шықсын!" — дегені.

Не керек, секретариатқа барып, біреулерді дүрліктіріп, біреуді шамдандырыш жүріп, ақыры менің өлеңдерім шығатын болды. Менікі де "өз атым жүре тұрсын" деген пендешілік қой, әйтпесе, бірер аптаның әрісі-берісі деген не дейсің, тәйір-ай!

Төлеген екеуміз редакциядан сыртқа бірге шықтық. Менің шұғыл түрде бір адаммен жолығатын шаруам бар еді. Соған асығып, такси ұстадым. "Сенімен бірге жүрейінші", — деп Төлеген де ілесе мінді таксиге. Шынымды айтсам, жалғыз баруға тиіс жер, оны ертуге ешбір ықыласым жоқ еді. Көңіліне келіп қала ма деп қипақтап, қайда бара жатқанымды суыртпақтай жеткізіп, ақыры оны орта жолдан түсіріп кеттім.

Көп ұзаған жоқ: "Нүкісте Төлеген Айбергенов қайтыс болыпты!" — деген суық хабар да жетті маған сумаңдап. Ол кезде Талдықорған жақта тұрам, жерлеуге қатыса алмадым.

Осы күнге дейін ішімді бір өкініш тырнайды да жүреді. "Апыр-ау, ақын дос, аңқылдақ азамат аяқ астынан әлденеге алағызып, ойдағысын ақтарғысы, әңгімелескісі келді ме екен? Сырласарлық жақын бір көңіл іздеді ме екен? Қайдан біліппіз, қатарлас жүрген сыйлас адамдардан ойда жоқта айрылып: "Құдай-ау, сонда жарты күн болса да бірге жүруге нем кететін еді!" — деп бармақ тістеп қалатынымызды. Оны осы күні де елеп-ескеріп жатпаймыз, жас кезде тіпті мән беріп көріппіз

бе. Әйтпесе, Төлегеннің қасында бірер сағат болсам түтім кетпес еді ғой. Кісінің көп ішінде жүріп те жабырқайтын, жалғызсырайтын шақтары болатынын білетін едім-ау!..

Төлеген есімі бір жағы өзбек, қарақалпақ, екінші жағы күллі қазақ жеріне түтел әйгілі. Атақ-даңқы әсіресе қайтыс болғаннан кейін қатты дүрілдеп естілді. Даңқына даңғаз дақпырт қоспаған, шын мәніндегі қазақ поэзиясының көгіндегі жарық жұлдыздардың бірегейі еді.

Сексенінші жылдардың басында Өзбекстанның Науаи жағындағы Кенимех ауданында болып едім. Қасымда екі-үш өзбек ағайын бар, түнделетіп аудан райысының үйіне түстік. Ақын екендігімізді естіген үй иесі (қарақалпақ жігіті, атын ұмытыппын) түнімен Төлеген өлеңін оқып еді Екеуі студент шақтарынан дос екен. Көп әңгіме айтқан.

Жалт етіп өткен жалқы талант еді-ау ол! Төлеген жырымен сусындап, өнерін үлгі тұтып өскен бір шоғыр інілері де осы тұрғыдан түсініп, ақын есімін қастерлеп ұстап келе жатуы да сол қайталанбас талантының арқасы.

НҰРҒИСА

Орда бұзар отыздағы кезім еді. Талдықорған облыстық газетінің редакциясында қызмет істеп жүргемін. Редакция кеңсесі бұрын тұрғын үйге арналып салынған, бізден кейін Лияс Жансүгіровтің мұражайына мекен болған ағаштан қиып салынған бір қабат шағын үйге орналасқан еді. Соның қуықтай бір бөлмесінде төрт-бес жігіт отыратынбыз. Сол жақтағы төрге қарай бір қырын қиғаш қойылған қоржын бас стол менің иелігімде еді, әлде соған қарап пайымдағаны ма, болмаса, әлдекім алдын-ала жөн сілтеп жіберді ме, әйтеуір, сырттан дауыстай сөйлеп кірген Нұрғиса Тілендиев ағам екпіндей басып жанымға таяп келді де:

— Әй, Сәкен, аманбысың? Қане, тұр, кеттік! Бастықтарыңның бәріне айтылған, біледі, — деп алды да, содан кейін ғана "үй сыртында адам бары" есіне түскендей, бөлмедегі басқа жігіттерге қарап: — Бәрің де амансыңдар ма? — деп барып, қол беріп амандасудың мезіретін жасаған.

Біреулер орнынан көтеріле бере, енді бірі еңкейіп, бір-шалқайған қалпы ауыздары аңқайып қалған облыстық газеттің "мен болдым-ақ" деп жүрген ығай мен сығай

журналистерінің бір де біреуі бұл жолы жақ ашып ләм дей қоймады.

Біз жүре сөйлесіп, сыртқа беттедік.

Бұл 1968 жылдың жазы болатын.

"Талдықорғанға Нұрғиса келіпті, Алдабергенов жайында /сондай бір атақты колхоз бастығы болған/ опера жазады екен" дегенді еміс-еміс естігенбіз, бірақ өзімізге қатысы болмағасын, аса бір елеңдесіп, өзеурей қойған жоқ едік. "Келсе, келген шығар, жазса, жазар" дегенбіз де қойғанбыз.

Енді, міне, сол әйгілі композитор, тектілігімен де, тентектігімен де аты шығандап алыс кеткен ағамыз біздің редакцияға, онда да, өзге емес, мені, Сәкен Иманасовтың өзін іздеп келіп тұрса, келгенде де, жай келмей, нақ бір қырық жыл қатар келе жатқан танысындай көріп, әй-шәйға қаратпай, соңынан ертіп ала жөнелсе, оған таңырқамай қайтерсің... Жігіттердің бірден ес жия алмай қалғандары да содан болса керек.

Нүрекеңнің қасында тағы да біреулер бар сияқты еді, есіл-дертім өзінде ғана болып жүріп, анық түстей алмаппын, бүгіндері есімде жоқ, мүлдем ұмытып қалыппын.

Есік алдында көнетоз көк "ГАЗ-69" автокөлігі күтіп тұр екен. Соған сығылыса отырып алып, маған әлі беймәлім бір жаққа қарай дөң асып, домалай жөнелдік.

"Қайда бара жатырмыз, мен Нұрағаңа не үшін қажет бола қалды екем, жұмыстағылар не деп жатыр?" – деген ой жылт етіп бой көтергенімен: "Ә, мейлі, кім көрінген емес, Нұрғиса Тілендиевтің өзіне еріп келем ғойдан" соң қайта бұға қалған. Енді ықылас-ойдың бәрі осы бір беймәлім сағар мен қасымда отырған мен үшін әзірге жұмбақ адамға қарай ойысты. Бұ кісінің атын естігенім болмаса, өзін көріп тұрғаным осы. Осыдан аз бұрын біздің Алакөл өңірінде шығармашылық сапармен болып қайтқанын білуші ем. Ол бір сапары жайлы сол кезгі аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі марқұм Ғалымбек Омарханов ағам жырдай етіп әңгімелеп берген. Ғалекең өзі де ақын болып жаралған адам еді, содан ба, Нүрекеңнің қылығын бір жағы қызықтай қыздыра айтып, енді бір мінезін ішіне сыйғыза алмай бір күліп, бір күйініп, атақты сазгердің ауылды жердің үйреншікті қалыбына үйлесе қоймайтын арсы-гүрсі әрқилы әрекетін де майын тамыза отырып көп сөз еткен. Енді болса, міне, сол аңыз адаммен иықтіресе қатар келе жатырмын.

– Нұрмолда Алдабергеновті білесің ғой, Сәкен, – деп

сөзге тартты композитор жолшыбай, — сол кісі жайында келістіріп бір опера жазбақпын, соның либреттосын жазу саған жүктеліп отыр, — деп бір қойды, машинаның алдыңғы орындығынан еңсеріле бұрылып маған қараған Нүрекең. — Қазір Мұқырыға барамыз. Онда екі киіз үй тігулі тұр. Обком хатшысы Сәдуақасов өзі тіктірді. Бимендені билетін шығарсың? Қазір Ақсудың пионерлер үйінен пианино жеткізеді. Сосын жұмысқа кірісеміз, Құдай бұйыртса.

Мұқырыны бетке алып тартып келеміз.

Мен әлі ес жиып үлгере алар емеспін.

Әй-шәй жоқ алдына салып айдай жөнелген ағам таңырқап қарай да беремін. Атағы жер жаратын әйгілі адамның мені өзіне тең көріп сөйлескеніне, сөйлескені ғана емес, кей тұста ақылдасып отырғандай әсер қалдыра сырласқанына таңырқап қоям.

Мұқыры селосы Талдықорғаннан онша қашық емес еді, әне-міне дегенше аңыратып отырып жетіп те келдік. Ауыл сыртын ала тігілген екі киіз үйдің біріне бас сұға бере, мен тағы да аузымды ашып аңырып тұрып қалыппын.

— Ал Сәкен, төрлет, мынау Дариға деген жеңгең болады, — деген Нүрекең сөзі ұйқыдан оятып жібергендей болды. Мен бала кезімде "Мың бір түнді" көп оқып едім. Ауылдағы үлкен кісілер күн бата мені шақыртып, түннің бір уағына дейін сол кітапты оқытатын да отыратын. Сонда "қараңғы түнді лезде жарық қып жіберетін" ай десе — аузы, күн десе — көзі бар, нұрдан ба, нұрдан ба жаралғаны белгісіз хор қыздары кезіге беруші еді. Әлгінде киіз үйге кіре бере аңырып қалғаным — аддымда сол ертегіден оқып елестетіп жүрген ай мен күндей ашақ ару тұр еді. Қас-қағым сәт есеңгіреп қалуым да содан болса керек, ағам да сұңғыла кісі емес пе, соны тез аңғарып, енді менің есімді жидырмаққа жасаған айласы екен...

Маған оның шалт қимылы, мінезі, іс-әрекетінің бәрі таң.

Үйге кіре:

— Ал қысылмай шешініп таста. Бабаларымыз киіз үйде жалаңаш отыруды ұнатқан ғой, — деп алды да, ағамыз тізесінен келетін қара лыпасынан басқа киімінің бәрін сыпырды да тастады. Мен икеміне көнбей, көйлек-дамбалшаң күйде отырып қала бердім.

Күн еңкейе сыртқа шықтық. Нұрағаң сол тізеден келетін қара лыпасымен жүр. "Киінбейсіз бе?" — деп сұраймын. "Е, мені кім біліп, кім сынап жатыр дейсің", — деп күледі.

Қасымыздан велосипед мінген бір топ қарадомалақ бала өтті. Ағызып бара жатқан бойы кір-қожалақ қолдарын шекелеріне апарып: "Привет, Нұрғиса!" — дейді жамыраса дауыстап. "Бәрі менің достарым, жүгермектер!" — дейді мәз болып Нұрағаң.

Жаңа ғана: "Мені кім біліп жатыр", — деп еді, енді ауылдың барлық тентек балаларын өзіне дос тұтып тұрғаны мынау.

Мен күлдім де қойдым.

Анадай жерден салт атпен бір адам өтіп бара жатып, Нүрекеңе бас изей, амандасу ишаратын жасағандай болды. "Әй, мынау әлгі... кім еді, колхоз бастығы Бәленшеев емес пе?" — деді сазгер.

Мен танымайтынымды айттым.

Нүрекең дауыстап тоқтатып, әлгіні өз қасына шақырып алды да:

— Осы сен басқармасың ғой, солай ма? — деп сұрады.

— Иә, — деді ат үстіндегі адам.

— Маған мына жағы Алматы, мына жағы Талдықорғаннан кісі үзілмей келіп жатады. Соларға сен жіберген қымыз жетпей қалып жүр.

— Қанша литрден жібертейін күніне, Нұраға? — деп сұрады басқарма төрағасы.

— Әй, сен қызық адам екенсің. О заман да бұ заман қазақ қымызды литрлеп өлшеуші ме еді, әкеле бермейсің бе, сабалап па, местеп пе, — деді менің ағам.

— Жақсы, жақсы, — деп басқарма атын тебініп жүріп кетті. Біз үйге оралғанда қомақты пластмасса канистрасын көтерген бір кісі есіктен еңкейе кіріп:

— Бастық сіздерге қымыз жіберіп еді, — деді.

— Ә, міне, сыннан қорытынды шығару деп осыны айтады, әлгі біз айтқан сабаның алды келе бастады, — деп мәз бола күлді Нүрекең.

— Бұл қымызды қайтеміз, алдыра беріп? Бекер ашып кетеді ғой, — деді сұлу жеңешем.

— Ашыса, аши берсін, "жоғынан бары жақсы" деп әндетпеуші ме еді! Бәрінің де мол болғанына не жетсін! — деп қойды ағамыз.

— Сен екеуміз ең алдымен бір ән жазайық, — деді Нүрекең.

— Әуені дайын. Менің жоғалтып алған бір қарындасым болып еді, соны сағынудан туған ән. "Рыбасы" мынау, осының мәтінін жазуға тез кіріс.

"Сағындым, сағындым, сағындым сені-ай!" — деп

келетін әуенді бірер күн ыңылдап, түк шығара алмадым. Не бабым жетпеді, не байыз тауып отыруға мұрша болмады, әйтеуір, оңайлықпен ән сөзі ойға оралып, қағазға түсе қоймады.

Таңертең мені қасына отырғызып алып (кейде жеңгеміз Дариганы да қосып алады), ағам әлдебір беймәлім ауылға қарай тартады да кетеді. "Әй, мынау кімнің үйі?" — деп сұрайды әлгі ауылдың кіре берісіндегі ең тәуір деген үйлердің бірін нұсқап. "Парторгтың үйі," — дейді өтіп-кетіп жатқан тұрғындардың бірі. "Ә, бопты, түсеміз. Парторгта өз ағам ғой," — дейді Нүрекең. "Танитын ба едіңіз?" — деймін мен, "Жо-ға", — дейді Нүрекең. "Өз ағам ғой" дейсіз, бәлкім, сізден жасы кіші шығар, кім біліпті" — деп күдік айтқан болам мен. "Е, кіші болса, кіші шығар, түк етпейді, жүр, кеттік", — дейді ол.

"Парторг қайда?" — дейді аулада кезіккен әйелден. — "Жұмыста". "Сен кім боласың?" — "Со кісінің жамағаты боламыз. Сіз Нұрғиса аға емессіз бе?" — деп сұрайды әлгі әйел. — "Дәл таптың, өз келінім болып шықтың ғой, ал барыңды дастарқанға қоя бер, шақырт әлгі парторгты!" — деп бұйырады ағам.

Сол күні әлгі үйде айрықша бір әсерлі думан өтеді. Үйге кеш түспей қайту жоқ. Қайдағы өлең, қайдағы ән! Ағам бірер рет пысықтап сұраған болды да, "Әй, осыдан түк шықпас!" — деп түңілді ме, келе-келе "мәтін қайда?" демейтін болды. Мен де салақси бергемін.

Нұрағаң өз-өзінен сөйлеп кеткенде, шыны қайсы, өтірігі қайсы екенін білмей, дағдарып қала беретін болдым.

— Мен деген, Сәкен-ау, боксшы да болдым ғой, — деп оқыс бір әңгімені бастайды. — Жұдырығым мығым, егер де бар ғой, тоқтамай жаттыға бергенімде, сөз жоқ, чемпион болып шығар ем.

Мен сеніңкіремей, сәл жымыдым ғой деймін:

— Әй, сен күлме! — дейді Нүрекең. — Күлетін түгі жоқ. Ахмет Жұбанов мәселені бүйірден қойды ғой: "Қарағым, не біржола домбырамен бол, не бокс ойна, — деді. — Екі кеме құйрығын ұстауға болмайтыны өз алдына, музыкаға жаралған қолды төбелеспен бүлдіруге болмайды!"

— Алматы консерваториясында оқып жүрген кезім еді, — деп тағы бір мен күтпеген оқыс ұзақ әңгімені бастап кете береді ағам. — Ахмет көкем, Жұбановты айтамын, мені бір күні жетелеп отырып, сол кезгі үкімет басшысының алдынан бір-ақ шығарды. "Мен айтып жүрген Нұрғиса де-

ген бала осы еді, — деді мені үлкен кісімен таныстырып, — Мәскеу консерваториясына жібертпесе, болмай тұр. Аса үздік музыкант”.

Сонымен, не керек, үкіметтің арнаулы стипендиясы тағайындалып, Мәскеу қайдасың деп тартып бір кетейін.

Рулас інім Ыдырыс Ноғайбаев та сонда, ВГИК-те (Бүкілодақтық мемлекеттік кино институты) оқитын. Ол да стипендиат. Бірақ әлгі үкімет ақшасы біз ойлағандай тез келе қоймай, көп-көп ай бойына қатықсыз қара су мен қатқан қара нанға қарап қала бергеміз. Хат та жазамын, өткеннен де, кеткеннен де сәлем айтамын, бірақ, амал қанша, ақша жоқ. “Қой, орыс жерінде аштан өліп қалмай тұрғанда елімді табайын” дей берген күндердің бірінде, құдайым иіп, көптен күткен ақша да жетті-ау! Поштаға Ыдырыс екеуміз бардық. Пәлен айдың ақшасы (ол кезгі ақша пілдің құлағындай жалпақ болушы еді) тұп-тура бір қап болды. Бөліп арқалап жатаққа қайттық.

— Аға, — деді Ыдырыс, — бұл ақшаны бекер ысырап қылмай, автомашина сатып алайық. Сол машинамен вокзалдан кісі тасысақ та өлмес күнімізді көріп, оқуымызды аяқтап шығармыз.

Ұрыста тұрыс бола ма. Екеулеп жүріп “Победа” машинасын сатып алдық. Оны Ыдырыс айдайды. Оқта-текте мені де қасына алып, жүргізуді үйретіп қояды. Содан ғой, қазір кез-келген машинаңызды шырқөбелек айналдырып, айдап кете беретінім.

Нүрекең осылай деп бір тоқтайды. Мен, әйтеуір, аузымды ашып тыңдай берем. Тегін тыңдаушы табылғанына ол кісі де разы болу керек, “жалыққан жоқсың ба” деп сұрамайды да. Әңгімесін кез-келген жерден үзіп, басаяғы жоқ басқа бір хикаяны бастап ала жөнелгенін өзі де аңдамай қалады.

— Жүр, Қанабектерге сәлем беріп шығайық, — деді аяқ астынан Нүрекең:

Ұға қоймай, оған аңырая қарасам керек, Нүрекең:

— Қанабек Байсейитовты айтам, анау айналымда үй тіккізіп, демалып жатыр. Көп отырмаймыз. Кеттік, — деді.

Мен әйтеуір соғынан ергенге мәзбін. Атағына тым ерте қанық болғаныммен, Қанекенді жақыннан көру бұйырмай жүр еді. Оның да сәті түсейін деп тұрғанына өзім іштей қуанулымын. “Апыр-ай, осыны әкем көрмей кетті-ау!” — деп өкінем іштей.

Өйткені осыдан көп-көп жылдар бұрын соғыстан кейінгі дәуірде менің әкем Құсайын Иманасұлы аяқ асты

істі болып, басына қара бұлт үйірілер тұста, паналап Күләш Байсейітованы іздепті. Осының алдында Талдықорған қаласы маңында облыстық ауылшаруашылық жетістіктерінің көрмесі ұйымдастырылады да, әрбір колхоз, совхоз өз алдына үй тігіп, жақсысы болса, жарқыратып көрсетіп жатады. Әкем колхозда төрағаның орынбасары екен де, бастықтың орнына бар шаруаға өзі ие болып, ел-жұртын басқарып барса керек. "Тіккен үйіміз тамаша еді, — дейтін әкем сол оқиға сөз бола қалса, — барынша жиһаз-жасауымен сәндеп тігілген алты қанат ақбоз үй әнші көзіне бірден түссе керек, жапырлаған көп үйлердің ішінен, "осында түсемін" деп, өзі таңдапты.

Әкем атағы жер жарған әнші қарындасына (әкем 1909 жылы болатын) айрықша пейіл аңғартып, жатып жастық, иіліп төсек болса керек. Сый-құрметке мейлінше разылық танытқан әнші Алматыға аттанарда: "Үйге келіп, хабарласып тұрыңыз!" — деп әкеме адресін қалдырады. Соны малданған әкем әлдекімдердің кепілдігімен НКВД тырнағынан уақытша босап, астанадағы Күләшті іздеп табады ғой баяғы. Әнші ол кезде СССР Жоғарғы Советінің депутаты болса керек.

— Сол үйде екі-үш ай жаттым, — дейтін жарықтық, — өздері біресе гастроль, біресе басқа шаруалары бар ма, әйтеуір, айлап үйге жоламай кетіп жүрді. "Шаруаңызды тиісті адамдарға тапсырдық, сәтін салса, оңға басып қалар, аландамай, жата беріңіз!" — дейді Күләш. Жатпай, қайда барам. Оның үстіне соңымнан қуғыншы келіп қала ма деп те зәре жоқ. Әй, әбден күдер үздіріп барып, үш ай дегенде, әупіріммен жүріп, әрең құтылдым-ау пәледен!

Менің әкем осылайша Күләш, Қанабектер жайлы ауыл адамдарының аузының суын құрта отырып талай-талай хикая шертетін. Оны біз де жалықпай тыңдаушы едік.

Құлағымға есімі жасымнан сіңісті болған сол адаммен енді жүзбе-жүз кездескелі отырмын. Одан артық не тілемекпін Құдайдан!

Қанекең мен Нұрекең жас алшақтығына қарамай қажасып, қатты қалжыңдасады екен. Зиялы ортадан жырақтау өскен мен үшін бәрі қызық, бәрі таң.

— Әй, шал, қитығым тие берме көп, — деп Нұраған ашуға басады. — Өйте берсең, ана қыздарыңды әкеліп тастаймын.

— Е, елуге таяған еркектің қолынан басқа түк келмегесін, қатын тастайтын әдеті ғой, сен де ұзап қайда барам дейсің, — дейді Қанекең күліп.

— Қолынан түк келмегені қалай? Неге келмейді қолымнан? Бұл қай сөзің?

— Е, білеміз ғой бәрін. Өзіміз күні кеше келіп кеткен жер ғой, — дейді сол кеңкілдеп күлген қалпы Қанекең.

Нұрағаң уәжі таусылғандай болып, енді сөз таластыра беруді тоқтатады.

Итжығыс қажасудан екеуі де әбден жалығып, саябыр тартқан бір сәтті пайдаланып, Қанекеңе қарай көмейім жыбырлап, телмендей түсіп едім, соны байқап қалып, о кісі де маған мойын бұра қараған.

— Аға, бір нәрсе айтайын деп едім, — дедім күмілжіп. Ол айта бер дегендей иек көтерді.

— Осыдан пәлен жыл бұрын менің әкем Құсайын Иманасов деген кісіге Күләш тәтеміз екеуіңіздің шапағаттарыңыз тиген екен. "Әй, бір алдарынан да өте алмадым-ау", — деп жүретін еді, ақыры, сіздермен қайта жолығыса алмаған күйі өмірден өтіп кетті.

Қанекең жай-жапсардың бәрін бүге-шігесіне дейін қалдырмай тәптіштеп түгел сұрап, ұзақ ойланып барып есіне түсірді.

— Апыр-ай, ә! Сондай бір оқиғаның болғаны рас еді. "Басы ауырмағанның Құдаймен ісі жоқ", мен ұмытып та кеткен екем. Күләш марқұм болмаса, мен соған аса бір ыждағат-ықыласпен мән де бермеген шығармын-ау, сірә, — деп бір тоқтады о кісі.

Мен әкемді ұмытып кеткеніне ренжи қоймадым.

Қанекеңнің бет-әлпет, бөлек пішімді реңіне қарап телміріп қалыппын.

— Қой, Сәкен, бұ шалды мыжыта бермей, есіміз барда елімізді табайық. Жұмыс көп, жүр, кеттік, — деп бұйырды Нұрағаң.

Мен тағы да солбырайып соңына ердім.

— Жүр, енді Нұрмолда Алдабергеновтің үйіне барайық, — дейді ағам. — Жеңгем ғой, сәлем беріп шығайық.

Жазған құлда жазық жоқ қой, "жарайды" деймін де, ере беремін.

Нұрмолданың жесірі біразға келіп қалған (отыздағы біз үшін) орнықты бәйбіше көрінді.

Нүрекең о кісімен де бірден әзілдесіп ала жөнелді. Жеңгесінің о жер, бұ жеріне қол жүгіртіп, тіпті саусағы батып та кетті ғой деймін, әйел шыр етіп:

— Түү, жүгермек, не болды? Қой енді, — деп ашуланған болды. — Әйелсіреп барасың ба, қағыңғыр. Отыр ғой қасыңда аққудың көгілдіріндей болып жас келіншегің.

— “Жас-масты” қайтесің. Әр кезеңнің өз қызығы болады, сөзді қой, — деп Нүрекең қоймайды тақымдап.

Былай шыға мен:

— Аға, Нұрмолда аруақты адам еді ғой, әлгіндей қатты ойнағаныңыз ыңғайсыз сияқты көрінеді маған, — дедім.

— Түк етпейді. Жеңгем ғой. Оның үстіне, сен білмейсің, бұ қатынға деген өкпем де бар. Әдейі істегенім ғой, көңіліңе алып қайтесің, — деді Нүрекең аса бір салиқалы сабырмен.

Киіз үйдегі күйсандық көпке дейін ойнамай, жалғызсырап тұра берді. Опера да, либреттосы да жуық маңда жазыла қоймады.

Тағы да бір күні әлдеқайдан түнделетіп қайтып келе жатыр едік. Түнделеткен дегенде де, тіпті таңға таяп қалған кез болса керек. Талдықорғанды қақ жарып өтіп келе жатып, ағам машинаны кенет біздің үйге бұрғызды да:

— Ал енді сендердікіне кіріп, бір-бір кесе шәй не болмаса жүз грамнан ішейік те, сен қала бер, келінге керек болып қаларсың, біз жеңгең екеуміз де оңаша бір сәтті іздеп келеміз, — дегені.

Аттың сыры не иесіне мәлім. Үйде не бар, не жоғын жақсы білем. Аға-жеңгем алдында жерге қарап қаларымды сезіп:

— Балалар ұйықтап жатыр ғой, аға, сәтін салса, күндіз бір барармыз біздің үйге, — деп едім.

— Әу, ұйықтап жатса — өз балаң емес пе, оянар. Түк етпес. Баста, — дегені ағамның.

Менің тартыншақтай бергенімді әйелдік бір сергек көңілмен сезе қойған Дариға да:

— Түү, Нұрғиса-ай, ертең де күн бар ғой, келерміз тағы. Жүре берейікші, тоқтамай, — деді.

Мен үй қасынан түсіп, қалып қойдым. Ағам ертесіне де, одан кейін де келмеді. Мен жұмысыма шығып кеттім.

Көп ұзамай “Нүрекеңдер де Алматыға қайтыпты” деп естідім.

Алты-жеті жылдан соң Нүрекеңмен Алматыда, осы күні есімі елге белгілі бір шенеуніктің әйелі қайтыс болған қаралы жиыннан кейін кездейсоқ ұшырасып қалдым.

Қасымда Марат деген (марқұм) жолдасым бар еді.

Алматыдан үй алмақ болып, бірақ паспорт столына тіркеле алмай жүрген. “Нүрекеңе айтып көрсең қайтеді?” — деп тілек етті сол. “Әй, қой, қайдағыны шығармай, ол кісі мені ұмытып та кеткен шығар, тіпті!” — деп ат-тонымды ала қаштым.

Марат та қадалған жерінен қан алардай тақымдап

қоймады.

Не де болса көрейін деп, Нүрекеңе жақындап бардым. Сәлем беріп едім, жоқ, қауіптенуім бекер екен, салған жерден таныды. "Әй, сен қайдан жүрсің? Неге амандаспайсың? Мен сені мана байқағам, қайтер екен деп едім", — деді.

Маратпен таныстырдым. Ол Байсеркедегі сауда базасында істейтін. "Прописка керек болып тұр, аға, осы жігітке" — дедім қолқа салып.

Көнелеу машинасы бар екен. Бізді салып алды да жөнелді. Сол кезгі Ленин аудандық ішкі істер бөліміне алып келіп, бастығын сұрап еді, демалыста екен. "Қап-ай, — деп өкінді Нүрекең, — орнында орынбасары ма, оны танымаушы едім, ә, мейлі кіре кетейік!" — деп, бізді соңына ерткен бойы орынбасар бастыққа кірді.

Ол да бір болайын деп тұрған бала екен, орнынан атып тұрып: "О, Нұраға, сіз де келеді екенсіз-ау!" — деп құрақ ұшып жатты.

"Иә, сәт!" — деп біз отырмыз.

— Мынау менің туған інім еді, — деді Нүрекең әлгі бастыққа Маратты нұсқап, — осыған шұғыл прописка жасату керек. Бүгін-ертең үй алмақ екен, әйтпесе, баспанасыз қалайын деп тұр. Саған мені әдейі ертіп келді.

— Жарайды, аға, — деп жатыр милиция шенеунігі.

— Құжаттарыңыз түгел ме? — деп сұрады Мараттан. Марат бірдеңе деп күмілжи міңгірлей беріп еді, Нүрекең киіп кетіп:

— Кім, әй, атың кім еді сенің (жаңа ғана туған інім еді дегенін ұмытып кетті білем), — деп Маратқа қарап алды да, — тап ертең мына бастыққа қағаздарыңды әкеліп тапсыр. Ал кеттік, әлі жұмыс көп, — деп бөлмедегілермен қоштасып, бізді ертті де, сыртқа беттеді.

Марат Нүрекеңнің бұл қамқорлығын өле-өлгенше аузынан тастамай айтып жүрді.

Өкінішке орай, мен өз жұғымсыздығымнан бұдан кейін Нүрекеңмен көп араласа қоймадым. Өзім куәсі болған жоғарыдағы қылықтарын айтып, жұртты тамсандыра күлдіріп қоюшы едім тек. Көрген жерде асыға сәлем беріп, асығып қана қоштасып өте шығып жүріппіз ғой, не керек!

Осыдан көп жыл бұрын "Жазушы" баспасында қызмет істеп жүрген үлкенді-кішілі ақындар мен жазушылардың бір шоғыр "мықтылары" болып үзіліс кезіндегі гу-гу қысыр әңгіменің тізгінін жіберіп-тартып отырғанбыз. Сонда "осы күнгі әдебиет пен өнердегі көзі тірі ұлы тұлға кім?"

деген төңіректе де пікір таластыра бердік. "Семіздікті қой ғана көтереді", "ұлы" деген ұғымды да арқалап жүру аса жеңіл бола қоймас, — дей келіп, ұмытпасам, ақын Иранбек Оразбаев-ау (қазіргі Иран-Ғайып) деймін, иә, сол болуы керек: — "Бұл күнде "ұлы" деген атқа лайық жалғыз адам — Нұрғиса Тілендиев қана!" — деп қашанда күмілжімей кесіп айтар қиқарлау әдетімен бір ойдың ұшығын ортамызға тастай салған.

Біреулер үнсіз қоштап, екіншілер гүжілдесе қарсы дау айтып жатты. Өз басым, "Болса, болар-ау!" — деп бас изегенім әлі күнге есімде. Өйткені Нұрғиса өз кезең, өз дәуірінің алдына қара салмайтын ұлы дүлдүл өнерпазы болатын.

"Естігенімді айтайын ба, көргенімді айтайын ба?" деп басталатын бір әңгіме-хикаяттар болушы еді. "Естігеніңнің өтірік те болуы мүмкін, не де болса көзбен көргенінді айт", — деп жататын сонда. Мен де бұл жолы тек көргенімді айттым. Артық-кем ештеңе қоспадым. Біреулер үшін уақ-түйек те болып көрінер, осы әңгімелердің өзінен де Нұрекеңнің ешкімге ұқсамас мінезі, бөлек жаралған бітім-болмысы бой көрсетіп қалған болар деп ойладым.

МЕН БІЛЕТІН ӘНУАР

1

Әнуар Әлімжановтың аты ерте шықты, атағы ерте жайылды. Бір ел, бір өңірден екенімді айтып, сыртынан малданып, кейде мақтап, кейде мақтанып жүргеніміз болмаса, аса бір жақын білісіп те, біте қайнасып та кеткен кісілер емеспіз. Сыйласып жүрдік, сыр алыса сырласа қоймаппыз. Бүйрегі бұрса, бұрған шығар, бірақ жасы кіші ғой деп аса бауырына тарта қоймады, мен де оншалық бір үздігіп, ағам деп артынан ере қояйыншы деген ниет көздемеппін. Тіпті, ол бірінші хатшы болып тұрғанда Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істей жүріп, бір де бір өтінішпен алдына жалғыз бармаппын. Ол да мені оңаша әңгімеге шақыра қойған жоқ еді. Мені қызметке алған сол кезгі екінші хатшы Лияс Есенберлин еді де, босатқан келесі екінші хатшы Шерхан Мұртазаев болатын. Әнуар, тіпті, менің бұл қызметке қашан келіп, қашан, қалайша кеткеніме де мән бере қоймаған сияқтанған.

Ең алғаш жақыннан танысып, сөйлесуім сонау алпыс сегіздің қыркүйек айы тұсында еді. Тәжік әдебиетінің Қазақстандағы онкүндігі аясында бір топ қаламгер

Талдықорғанға келді. Облыстық газет қызметкері ретінде қонақтарды қарсы алушылар арасында мен де жүргенмін. Тәжік ағайындарды бастап келген Қазақстан Жазушылар одағының қатардағы хатшыларының бірі Қабдыкәрім Ыдырысов екен. Самолеттен түскен меймандарға қол беріп, дәм-түз таттырып, гүл ұсынып жатқанда, алаңға тағы бір шағын ұшақ келіп қонып, одан жалғыз жолаушы – Әнуар Әлімжанов түскен. Тәжіктің белгілі ақыны Мумин Каноат, ақын қызы Гүлрухсор Сафиевалар елеңдесе бұрылып, бізді тастай бере, Әнуарға қарай құрақ ұша ұмтылып еді. Бірін бірі жаңа көргендей болып, бас салып сүйісіп те жатты. "Ой, ты молодец, а то мы подумали черт то что!" – десіп орысшалап та қояды. Әнекең кеңкілдеп қана күле береді. Сөйтсек, әлде жолаушылардан қалып қойған ба, әлде басқа бір себеппен орын табылмаған ба, олар ұшып кете сала, Әнуар "Правда" газетінің тілшісі ретіндегі ерекше құқығын пайдаланып, жаңағы самолетпен жалғыз ұшып, бұларды адымын аштырмай қуып жеткен беті екен.

Сол күні меймандар құрметіне Киров аудандық партия комитетінің бірінші секретары Тұрсын Махметов қонақасы берген. Шеткерілеп отырған менің қасыма Әнекең келіп жайғасты. Ығысып, төрге қарай өткізейін деп едім, "отыра бер" дегендей ишара танытқан.

Облыстан, ауданнан, колхоздар мен совхоздардан жиналған адамдар көп еді. Ас үстінде Әнекең темекісін үсті-үстіне бұрқырата сорғыштап қойып, маған әлденелерді айтқан болып отырды. Сөзі анық естілмейді екен, көмейінен шыға үзіліп қала ма, жартысын өзі жұтып қоя ма, сұрауға әрі ұяламын, әрі батылым да жетпеді. Атағы да, абыройы да басым, жасы да менен біраз үлкен әйгілі адамның, елге белгілі жазушының өзімді елеп сөзге тартып отырғанын мәртебе санап, бар болғаны іштей марқая түссем керек. Мумин Каноат бірдеме деді ме, әлде өзі байқап қалды ма, әйтеуір, едәуір уақыттан соң кешті басқарып отырған Махметов:

– Оу, Әнуар Тұрлыбекович, бері төрге өтпейсіз бе, бұ не балаға ұқсап босағада қалып қойғаныңыз, – деп емеурін танытқан болды.

Әнекең екі қолын бірдей көтеріп алғыс білдірудің ишарасын жасады да, орнынан жылжи қоймады. Әлгі маған айтып отырған әңгімесін әрі қарай жалғай берді.

Өзгелерді кимелеп әйтеуір төрге озғысы келіп өңмендеп тұратын осы күнгі ағайындардың қылығын көрген сайын мен Әнекеңнің сол бір қарапайымдылығын әмісе есіме ала беремін. Есіме ала беремін де, өз-өзімнен таңырқап, бас шайқап қоямын.

...

1971 жылы Мәскеуде оқып жүргенмін. Алматыдан Сайын Мұратбеков телефон соқты: "Ертең ұшып барамын, күтіп ал", — деп.

Сол жолы ол мені Әнуарға ертіп апарды. Жуырда ғана Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болып сайланған Әнекең КСРО Жазушылар одағының кезекті хатшысы ретінде бірер ай Мәскеуде болмақшы екен. Калинин проспектісіндегі көп қабатты биік үйден екі бөлмелі пәтер тиіпті. Сол үйде біз, ішімізде Жүмекен Нәжімеденов бар, бір кеш бірге болып, ашыла сырласып, әжептәуір әңгіме-дүкен құрып едік. Сайын Әнекеңе еркін де, еркелей сөйлейді екен. Өзіл-қалжыңы бізден гөрі батылдау шығып жатты. Бір сөздің ретіне қарай ол: "Әнеке, орныңызды маған бірер айға қисаңыз қайтеді осы, әй, бір көсілудің қалай екенін көрсетер едім-ау!" — деді екі алақанын уқалап қойып.

Әнекең мысқылдай күлді ме, мырсылдай күлді ме, білмеймін, әйтеуір: "Саған да кезек келер, сол кезде көсілерсің, көсілсең", — деп кекеткені бар.

Кейін Жазушылар одағының билігі бірер жыл өз қолына тиген кездегі Сайынның қалай көсілгені маған беймәлім күйінде қала бергенін де несіне жасырайын.

...

1974 жылы Жазушылар одағы аппаратына қызметке келдім. Кезекті бір жиында үлкен залдағы жиналысты басқарып отырған Әнуар Әлімжановқа Тахаң (Тахауи Ақтанов) орта тұстан барып соқтықты. Өзінің ескі әдетімен бұйра шашы бұрқырап зал ортасында қайқая тұрып, Тахаң көсіле бір келіп шүйліксін дейсің бірінші хатшыға. Бурыл шашын оқтын-оқтын сілкіп қойып, қайдағы бір қадау-қадау дәлелді қалтасынан суырып алғандай алдымызға жайып салады. Әр сөзі мірдің оғындай. Сөзі де, ойы да дөп тиіп жатқанға ұқсайды. Біраздан соң өзімнің де Таханды құптап отырғанымды байқамай қалыппын.

Сол кезде сөз кезегін Әнуар алған: "Таха, пендешіліктен

сәл де болса биігірек болайық та осы кей-кейде. Мен осында бірінші болып келе сала алғаш әңгімелескен адамым Сіз емес пе едіңіз. "Таха, тәжірибеңіз мол, беделіңіз бөлек белгілі адамсыз, екінші хатшының тізгінін біржола өз қолыңызға алыңыз, бірігіп қызмет етіп көрейік", — деп қолқа салғанымды ұмытпаған боларсыз. Сөйтіп, ортақ ісімізге бірдей жегіле, бірге қызмет істеудің орнына, бүгін келіп: "Өйтпеді, бүйтпеді", — деп, бүйректен сирақ шығарып, ортамызға іріткі салғыңыз келеді. Осы да ағайынның, тіпті ағаның сөзі, үлкеннің қылығы деп ойлайсыз ба?" — деп есіле сөйлеп бергенде, енді мен әпсәтте Әнуар жағына қарай ойыса бастағанымды аңғармай қалыппын.

Қолын бір сілтеп, Тахаң өз жайына кеткен.

— Алпысқа толғанда ауылға барып қайттым, — деп әңгімеледі бірде Әнекең. — Қасымда Сауық Тәкежанов бар еді, түс қайта Андреевқадан аса Төңкеріс тұсындағы төбеге көтерілдік. Қарлығаш ауылына жете бере бұлақ басына тоқтап, айнала көз салып едәуір тұрып қалдық. Егін орағының кезі еді. Айнала қыбыр-қыбыр еткен жұрт, анадайда төрт-бес комбайн көрінеді, оңды-солды сабылған машиналар, атарбалар. "Әй, осы жұртты дүрліктіріп қайтеміз, бізді емешегі үзіле күтіп отырған да кім бар дейсің", — деп Ақтұма басындағы көгалға газет жайып жібердік те, Алматыдан ала шыққан жол азығымызды ортаға ала, Сауық екеуміз біраз әңгімелесіп, бұлақ суына беті-қолымызды жуып, ел-жұртқа қарап қош айтыстық та, қайқайып Алматыға қайта бердік.

"Елге шығып бара жатыр едім", — деп алдын ала хабар берсе сол өңірдің тайлы-таяғы қалмай, құрақ ұша қарсы алары сөзсіз еді ғой. Даңқынан даңғазасы көп, бергенінен алғаны басым, тыңдырғаны болмаса да, "тойымды өткізіп бермедіңдер" деп, жұрттың бәріне өкпелеп, той өткізе қалса, төңіректі дүрліктіріп, ағайын-туғанына міндетсіп, бәлсініп бітетіндерді көргенде де Әнекеңнің осынау "ерсі" қылығы есіме түсе береді.

1992 жылдың көктемінде Әлекеңнің туған жері Қарлығаш ауылында болдым. Осындағы жаңа салынған

орта мектепке жазушының есімі берілген екен. Мектеп директоры — жас жігіт мені өзімсіне тұрып біраз өкпе айтты: "Екі рет жедел-хат жолдадық, бір рет арнайы кісі жіберіп шақырттық, бірақ Әнуар ағам келмеді", — деп.

Соның артынан іле-шала Жазушылар одағының фойесінде Әнекеңе ұшырасып қалдым да, әлгі директордың өкпесін жеткіздім. "Жуырда Жапонияға жүріп кетпек едім, — деді ағам — Содан қайтып келе-сала екеуміз барып қайтайықшы ел жаққа".

Мен құптап бас изедім.

Бұл кезгі одақтың бірінші хатшысы Қалдарбек Найманбаев болатын. Сол кабинетінен бір шығып, бір кіріп, әлдекімдерге тапсырма беріп, енді бірде Әнекеңе қарай бұрылып, әлдене сыбырлап жатты. Қалдарбек кабинетіне кіріп кеткеннен кейін, мен Әнекеңнен бұл не сыбыр дегендей сыр тартпақ болдым. Сонда Әнекең күмілжіңкірей тұрып: "Простор" журналына редактор сайламақ екен, соған өз кандидатурамды ұсынып едім, қазір секретариат мәжілісі өтіп жатыр, соның қорытындысын күтіп жүрген жәйім ғой, — деді.

Әлдене уақыттан соң іштен Қалдарбек тағы шығып, кінәлі адамдай екі қолын жая: "Әнеке, ренжімеңіз, болмады", — дегенді айтты. Түсі бұзылыңқыраған Әнекең бұрылып жүре берді. Ал редактор болып бұған дейін ешкімге белгісіз Петров дейтін біреу сайланғанын мен кейін білдім.

Мен Әнекеңмен сыртқа ере шықтым. Ренішін қанша жасырмақ болғанымен, реңі алабұуртып, біртүрлі қобалжып тұрғанын байқадым. Менімен сыр бөліскісі келмегенін де аңғартты. Сырылып қала бердім.

Секретариат мүшелерінің біразы маған белгілі адамдар еді, көңілдеріне келсе де айтайын, табандарының бүрі тайғанақ, принциптері шамалы жігіттер болатын. Әнекеңнің қысылыңқыраған кезде барып, "ат артына мінгестіре кетіңдер" деген емеурінін ұқпағандай, не ұға тұрса да елемегендерін мәртебе санап, ұлының бір тілегін мансұқ еткендеріне мәз бола тарасқандарын байқап та қалдым. Кейін соны біразы өзара әңгіме етісіп те жүрді.

"Сұңқарды сұқсұр табалап, қыранның күні күйкентайға түскен қайран да қилы заман-ай!" — деп бармақ тістегеннен басқа амалым болмай, еңсме түскен күйі солбырайып үйге қайтқан едім. Іште бір қыжыл қалған іркіліп...

Мың тоғыз жүз тоқсан үшінші жылдың мамырында Әнекең үйге телефон соқты:

— Мен социалистік партияның лидерімін ғой, — деді ол кісі, — екі тіде республикалық газет шығармақшымыз. Соған басшылық етсең қайтеді?

Мен келісім бергенмін. Қаржы табылды. Редакция құрамы бекітілді. Үш-төрт ай өткізіп барып газеттің алғашқы санын шығардық. “Қазақ мемлекеті”, “Республика” деп аталатын газеттердің біріккен редакциясын мен басқаруға тиісті едім, артынан ойланып барып, әрқайсысын жеке басылым ету ұйғарылды.

Бұлкезде Әнекеңде, менде Қазақстан Республикасының халық депутаттары едік. Күзгі сессияға ол кісі қатыса алмады. Испанияға барған бір сапарынан қатты науқастанып қайтышты де естігем.

Ұзамай емханаға түсті де, мені іздетті. Жалғыз кісілік палатада жатыр екен. Жүдеу көрінді, соның алдында мен Сирия, Иордания елдерінде болып қайтқанмын, сондағы бірер жазушылардың арнайы сәлемін жеткізіп едім, Әнекең пәлендей елеңдеп ықылас таныта қоймады.

— Ауруды асқындырып алыпшын! — деп күрсініп қойды бар болғаны.

Аса маңызды ештеңе айтқан жоқ.

Тағы біраз күннен соң сол социалистік партия саяси бюросының хатшысы Антонов деген жігіт арқылы шұғыл шақыртып еді, бірақ тірі адамның тірлігі біткен бе, жөпелімде уақыт тауып бара қоймадым. Сөйтіп, араға біраз күн түсіп кете беріп еді.

Емханадан шықты деп естіп, үйіне телефон шалып ем, көп тостырып барып қинала тіл қатты: “Сәкен, дәрігер қарап жатыр еді, сен керексің маған, өзім хабарласайыншы”, — деді.

Бірақ хабарласа алған жоқ...

2000 жылы Әнуар Әлімжанов қайтыс болған күні жазылған бұл өлең кезінде “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланып еді. Әнекеңді жерлеу үстінде Қазақ радиосынан үзік-үзік беріліп тұрды. Біреу оқыды, біреу оқымады. Біреу тыңдады, біреу тыңдаған жоқ. Әнекеңді еске түсіру ретінде қайта бір жариялауды жөн көрдім.

Ағам бар еді мір тілді,

Жағам бар еді — жыртылды!

Қан жылап тұрған жүрекпен

Жұбатам қалай жұртымды?!

*Жасырып жерге мәрт ұлды,
Жұбатам қалай халқымды? —
Телегей теңіз дариясы
Тебірене тұрып тартылды!*

*Төре де болып төрге өтті,
Турасын айтып, өр кетті.
Барлайтын елдің ертеңін,
Шарлап та келіп жер-көкті!*

*Қайығы жүйрік кемедең,
Жазығы биік төбедең.
Алғына келген адамның
Атасы басқа демедең.*

*Беткейі шүйгін бел еді,
Белдең де биік беделі.
Атқа да мінді, таққа да,
"Астым ғой елдең!" демеді.*

*Алды бір Жайық, кең Еділ,
(Асықтың екен неге бұл?)
Сендей-ақ болар дейтін ек
Халқының қамын жеген ұл!*

*Амалың бар ма ажалға,
Аңырап қалдық азанға.
Әнуар өткен жол бірақ
Сия да қоймас мазарға.*

*Қолыңда барда алтынның
Бағалай қойсын нарқын кім.
Қай елдің дәмін татсаң да,
Қамын ойладың халқыңның.*

*Шарлайтын едің көп елді,
Көлігің неге бөгелді?
Қай жаққа кеттің, Ағажан,
Көрсетпеймісің төбеңді?!*

*Үрімші ме әлде Үрім бе, –
Жүрген де шығарсың бірінде.
Сағындырып барып ортаңа
Оралармысың түбіңде?!
1993 жыл, қараша*

2

Сол Әнекеңнің, сол әлемге танылған Әнуар Әлімжановтың туғанына да, міне, биылғы мамыр айының басында 80 жыл толып еді. Атына сай, атқарған қызметі мен қайраткерлігіне орай кеңінен аталып өтер деп те ойлағанбыз. Алдын ала еске салу мақсатымен өткен жылдың соңына таман, үстіміздегі жылдың басында өзі он жылға жуық басқарған Қазақстан Жазушылар одағына, одан кейін Үкімет басшысы К.Мәсімовтың, бәріміз бір кісідей әдебиет пен өнердің үлкен жанашырына балап жүрген Алматы облысының әкімі С.Үмбетовтің атына хаттар жазған едім. Үкімет Кеңсесінен «тиісті орындарға тиісінше тапсырмалар берілді» деген, ал облыс әкімінің орынбасары С.Мұқановтың: «Сіздің ұсыныстарыңыз Әнуар Әлімжанов мерейтойына дайындық барысында ескерілетін болады» деген сарындағы араға алты ай салып берген жауап хаттарына ғана қанағаттануға тура келді. Ол хаттардың ұзын-ырғасы Әнуардың туған ауылында ескерткіш-мүсін орнату, шығармаларының академиялық жиынтығы ретінде 6 том етіп кітабын шығару. Әнекеңнің жазушы, публицист, адам әрі қайраткер ретінде көретін өмір жолын көрсететін деректі фильм түсіру, т.б.

Бірақ әлі күнге Әнекең мерейтойын өткізу жөнінде ләммим деп жақ ашқан пенде баласын көре қойған жоқпын. «Баяғы жартас – бір жартас, маңқ етер түкті байқамас» – қалпында мызғымай қалып келе жатыр.

Қаншама айтпайын-ау десең де, ақиқаттан, ардан аттап кете алмайды екенсің. Ел мен жерге, мемлекет пен қоғамға Әнуар сіңірген еңбектің, Әнуар атқарған қызметтің бірін де жасамаған, жасай да алмаған әлдекімдерге 60 жылдығында алып ескерткіш тұрғызылып, жетпісінде жер бетінде теңдесі жоқтар қатарында марапатталып жатқанын көргенде Әнуар секілді өз заманының тұтқасы да, тұлғасы да болған азаматтың атына сай құрмет көрсетілмеуіне қарадан қарап тұрып күйінеді екенсің. Бұл жерде де ұлт намысы емес, ру жарысы бел алып кетпеді ме екен деп күдіктене түсесің. Төбешікті қанша өңеш жыр-

та мақтасаң да өз бойынан асып одан әрі биіктемесі, ал еңсесі биік тауларды қанша жерден көзге ілгің, көгертің келмегенімен, енді ешқашан аласармасын еске ала бермейтіндер әлі де барына күйінесің. Әйтпесе, таудың қашанда тау болып қала беретінін қаламдас замандастары, ізбасар іні-қарындастары, билік басындағы бүгінгі азматтар білуге тиіс еді ғой.

Әрине, бұл сөздерді оқи отырып біреулердің қабақ түйерін де, аузы-басын тыжыра тұрып: «Бұл өзі не айттып отыр?» — деп қос иығын қомдай, танау астынан күңкілдерін де сезіп отырмын.

Бірақ, амал қанша, айтпасаң сөздің атасы өледі, шындық деген, ақиқат деген ұғым әйтеуір түбінде бір арнасынан асып-төгіліп, иманы бар адамдарға бармақ тістетері хақ. Тірісінде де атақ-даңққа алашапқын болып ұмтыла қоймаған Әнекең, ортамызға қайта оралып, биліктің бір тұтқасын ұстап отырғандарға өкпе-наз айта қоймас-ау. Бірақ аруақ алдындағы парыз деген болушы еді, соған осыншалықты салғырттықпен, немқұрайлықпен қараған адамдар, тірілер алдында әйтеуір бір есеп берер деп ойлайтынымды жасырып қала алмадым..

ҮЗЕКЕН

Талдықорған облысы өз алдына қайтадан шаңырақ көтерген 1968 жылдың басында мен ауылда, қазіргі "Жетісу" газетінің Алакөл, Ақсу, Сарқант аудандары бойынша меншікті тілшісі болып істеп жүрген болатымын. Газет редакторының орынбасары Кәкімжан ағам Қазыбаев телефон соғып:

— Қайда бармақ ойың бар? — Алматыға келесің бе, Талдықорғанға барасың ба? — деп сұрады.

Мен бұл жайлы ойланған жоқ едім, әлденені миңгірлеп, күмілжіп қалсам керек, соны айтпай-ақ аңғарған Кәкең:

— Өзің білесің ғой, дегенмен, ойлан: жаңа үйленген жігітсің, Алматыда пәтер жағы біразға созылып кетуі мүмкін, ал ерлі-зайыптылар арасындағы алғашқы кикілжің сол пәтер жоқтығынан туындап жататын, — деген уәж айтқан.

Сөйтіп, бізге деген біраз жылғы дәм Талдықорған қаласынан бұйырды да, облыстық "Октябрь туы" газетінің редакциясында екі-үш жыл бөлім меңгерушісі болып қызмет істеген жайымыз бар еді.

"Октябрь туының" алғашқы редакторы — аса бір аяулы жан, асыл азамат Баянжан Мәдиев сол жылдың күзінде ойламаған жерден аяқ асты дүние салып, орны үңірейе ойсырап қала берген кезде, Қызылордадан ауысып Ұзақ Бағаев келді.

Атын естігенім, әртүрлі газет жанрындағы шығармаларын оқығаным болмаса, бұрын жүз көрісіп, бетпе-бет келмеген кісім еді. Қазақтың кәдімгі "қарға бойлы" дейтіндей ғана, қағылез келген жұқалтаң жігіт ағасы екен. Жүзі жылы. Менмендігі де, кердеңдігі де жоқ сияқты.

Ұзекең редакция ұжымымен тұтас танысып шыққан күннің ертеңіне мені оңаша шақырып, әңгімеге тартты.

— Сәкен, мен сенің өлеңдеріңді білуші едім, — деп, қойын дәптерін парақтай отырып, менің біраз бұрын әлдебір газетте жарияланған өлеңдерімнің бірер шумағын оқып шықты.

Ішім жылып-ақ кеткенін несіне жасырайын. Таза ғана журналист адам, оның үстіне, маған бастық болып келіп отырса, сол алғашқы таныстық үстінде менің азды-көпті жазғаныммен таныс-біліс болып шықса, — одан артық мақтанар мәртебе болып па. Марқайып, мардымсып-ақ қалсам керек.

— Бірақ соңғы кезде көп көрінбейсің, әлде өлең жазбай кеттің бе? — деп сұрады Ұзекең.

Күмілжіп бірдеңелер айтқан болдым. Өлең жазудың сирексі бастағаны рас еді. Сөйте тұра: "Жоқ, жазып жүрмін", — деген болдым.

— Өзің істеп жүрген жер. Оқтың-оқтың жақсы өлеңдеріңмен көрініп тұрудың ешбір сөкеттігі жоқ. Жариялап жүр жазғаныңды, — деді жаңа бастығым.

Содан кейін: — Сен осындағы Журналистер одағы облыстық бөлімшесінің хатшысы көрнесің. Барлық жерде қалыптасқан дәстүр бойынша облыстық бөлімшені сол жердегі қазақ газетінің редакторы, яғни мен басқаруға тиіспін. Олай болғанда, хатшының міндеті орыс газетінің қызметкеріне көшеді. Сен ренжімесең, — деді.

Ренжіп те не бітіре қояйын. Қолдағы құжаттарымды сол күні-ақ "Заря коммунизма" аталатын орыс газетінің жауапты хатшысы Ю.Михайловқа өткізіп бердім.

Баянжан Мәдиев қанша жерден жақсы журналист, асыл азамат болғанымен де, әлде редакторлық тәжірибесі жетімсіздеу болды ма, әлде қызметтес серіктері ойлаған жерден шықпай, оралымсыздық көрсетті ме, әйтеуір, газетіміздің әр саны кешеуілдеп, кейде тіпті таң алдында

барып соңғы бетіне әрең қол қоюшы едік. Мұның өзі редактор үшін де, кезекшілер мен корректорлар үшін де жан қиналарлық сүргінге айнала бастаған болатын.

Ұзекең кезекті бір редакциялық бас қосуда:

— Ең алдымен газеттің кешкілік өз мерзімінде шығуын жолға қойсам деймін, соның шегіне жеткенше материал сапасы, мақала мазмұнына қадалып қарай алар мұрша жоқ, әзірше соны есте ұстаңыздар, — деген.

Обалы не, көп ұзамай-ақ газеттің шығуы бұрынғыдай кешеуілдемей, қалыпты арнаға түсе бастады.

Әрбір дүйсенбі сайын таңертеңгі сағат 9-да редактор әдеттегі жеделдеме жиналысын өткізетін. Не қара басқанын білмеймін, мен сол жеделдемеге ылғи ғана кешігіп қалатын “дертке” ұшырағаным бар. “Әй, осы жолы кешікпейінші!” — деп тістене тырысып жүрсем де, әйтеуір бір себепке душар болам да, кешеуілдей берем.

Сондай дүйсенбіліктің бірінде тағы да кешігіп қалып, редактор кабинетіне “кірмей-ақ қояйын” деген маған хатшы қыз:

— Сіз келе сала кірсін деген болатын. Маған ұрысып жүрер, кіріңізші! — деп тықақтап қоймады.

Ішке кіре кешірім сұрап, әдеттегі үйреншікті орныма қарай өте берген маған редактор:

— Сәкен, осы сіз қайда ғана жүресіз? — деп қалды қатқылдау.

Орда бұзар отыздағы кезім. Ешкімнен бетім қайтып көрмеген.

— Қайда жүргенімді, қайда бара жатқанымды көріп тұрған жоқсыз ба? — дедім бетпақтанып, тіпті тәжікелесе кетуге дайыш екенімді аңғартып.

Ұзекең ақылды адам еді, әңгімені әрі қарай ушықтырмай, сап тыйды. Тек жұрт тарай бере мені оңаша алып қалып, қарама-қарсы отырғызып қойды да, әжептеуір “терлетіп” алды.

— Сенің жеке басыңнан, жұмысыңнан, ойыңнан, бойыңнан әзірге мін тапқан емеспін. Бәрі дұрыс, — деп алды да, — тек жалғыз ғана ескертпем бар. Бастық деп емес, 7-8 жас үлкен ағаң ретінде соны айтып қояйын, тықыршымай, тыңдасаң қайтеді?

— Құлағым сізде, Ұзеке, — деймін.

— Сен өзіңнен біреулердің жасы үлкен-ау, біреулердің жасы кіші-ау демейді екенсің. Атақ, дәрежесіне қарап та аяқ жинамайтын әдетің бар сияқты. Сәкен, жақсы көргеннен айтам, үлкенмен үлкенше, кішімен кішіше

сөйлесуге дағдыланшы. Өзіңе де, өзгеге де теріс болмас еді ол.

— Жақсы, Ұзеке. Аға ретіндегі ақылыңыз құлаққа кіреді, — дедім де, соңынан, — бірақ отыздан асып бара жатқанда енді дүзеле қоям-ау деп уәде берудің өзі қиын секілді, — деп бітірдім.

Ол әрі қарай қазбаламады. Салқындау жымиған қалпында шығарып салды мені.

Қарауындағы адамдардың қабілет-қауқарын, ыңғай-икемін тез аңғарып, соған орай жұмсай білуінде де көп үйренерлік өнеге бар еді. Кейде кабинетіне шақырып:

— Мына бір хатты оқып шығып ем, қызық бір материал болғалы тұр екен. Мұқият оқып шықшы, сенін оң жамбасыңа келеді, — деп әлдебір оқырман хатын ұсынатын.

Бөлмеге келіп оқып көрсем, күн сайын редакция қоржынына түсіп жататын ондаған хаттардан айта қоярлықтай айырмасы шамалы сияқты. Аударып-төңкеріп оқып шығам да: "Әй, осыны маған ғана сеніп тапсырып отыр ғой" — деп, барымды сала, шеберлігімді түтел жұмсай отырып, қорытып шығам. Сөйтемін де редакторыма алып кірем. Ол көз жүгірте қараш көріп: "Айтқан жоқпын ба, қызық хат деп, міне, қандай материал болып шықты, тіпті құлпырып, қатып кетті!" — дейді мені жеркөкке сыйғызбай марапаттап.

Егер ол: "Мынадай бір хат түскен екен, тез өндеп, қорытып бер!" — десе де, мен айтқанын орындар едім. Бірақ онда дәл әлгіндей барымды салу-салмауым екіталай болар еді.

Бұл да болса басшының бағаныштысына жұмыс істетуінің бір рәсімі екен-ау деп ойлаймын осы күндері.

Көп ұзамай мен ол кісінің тағы бір кесек мінезіне тәнті болдым. Қыбыр-жыбыр, пыш-пыш, ұсақ өсек, кісі сыртынан баға беру дегенге де жаны қас екен. Өйткені басшылар ішінде де жиі-жиі өзгеретіндері де, келеңсіз сөзге еретіндері де кезігіп тұратын. Ондайды жантықтар мен жағымпаздар тігісін жатқыза шеберлікпен пайдаланып та жүретін.

Атын атап жатпайын, сол кезде біздің редакцияда да көбімізден жасы үлкен, кексе тартып қалған бір журналист болған. Жалпы жаратылысы жаман адам емес, әйтсе де сүтпен сіңген бір мінезі — ұдайы ғана басшыларды маңайлап, жасы кішісін де жағалап, қолтығына су бүркіп, пікір тудырып жүретінін байқап қоятынбыз. Үлкен

адамның осал бір жері ғой деп, аса мән де бермеуші едік.

Со кісі бұрынғы әдетімен Ұзекеңнің де қолтығына кіріңкірей бастағанын аңғардық. Оның үстіне, өзі "жаңа редактордың руласы ма, жерлесі ме, әйтеуір, бір жақындығы бар" деген қауесет те тарап кеткен.

Бір күні редактор бәрімізді әдеттегідей өз бөлмесіне жинап алды. Әлгі ақсақал бастыққа жанаса жайғасты. Ұзекең орнынан тұрып:

— Ал пәленшеке, — деді ақсақалға қарап, — бәріміз болып бірден басына су құятын бір мәселе болып тұр. Сіз ғой маған осындағы біраз жігіттер жайлы мінездеме бердіңіз. Өзім де байқап жүрмін, әлгінде маған айтқан кемшілігін, бәріміздің көзімізше, өздеріне айтып берсеңіз, бәріміз болып ақылдасып көрсек.

"Ағамыз" мұны күтпеген болды-ау деймін, көзімен жер шұқыған қалпы бөлмеден шығып жүре берді. Оның соңынан едәуір қарап қалған Ұзекең:

— Бір-біріміздің мініміз болса, бүкпелемей, сырттан сөз тасымай, көзге айтып үйренгенге не жетсін. Сөйтеік те, жігіттер. Оның өзі біздің журналистігімізге де сын, — деп бізді таратып жіберген.

Бұл оқиға біздің арамызда көпке дейін сөз болып жүрді.

Бір айтқанын қайталап жатпайтын. Жайлап отырып жеткізген әмірінің бұлжымай орындалуына аса ыждағатты еді.

Бірде мен жолсапардан оралып, салып ұрып редакцияға соқсам, ұжым болып түгел сенбілік ұйымдастырып, аула тазартуға кірісіп кеткен екен. Ұзекең мені сонадайдан көріп, ымдап қасына шақырды. Сәлем беріп, барып қайтқан шаруамды тиянақты баяндап шықтым.

— Сәкен, "с коробля на бал" дегендей, оны кейін жазарсың, ізін суытпай тағы бір сапарға шығудың реті келіп тұр. Мына Жанайдар Мусин жолдас (редактордың орынбасары, кейін Көкшетау облыстық газетінде редактор, обком хатшысы болған жазушы-азамат) екеуіңіз обкомның тапсырмасымен Алакөл ауданына хат тексеруге барып қайтыңыздар. Бүгін жүріп кеткендеріңіз жөн бе деймін.

— Ұзеке, мен науқастаныңқырап тұр едім, жолды ауырлап қалам ба, — деп қалды Жанайдар.

— Онда бүгінше үйге барып, жақсылап демалып алыңыз. Сәкен жүре берсін, ертең сол ауданда кезігерсіндер, — деп тұжырды әңгімесін редактор.

Жанайдар екеуміз бір үйде тұратын едік. Қайтар жолда

ол:

— Қой, не де болса сенімен бірге кетейін, мына кісі "ауырып тұрмын" дегеніме де құлақ асар болмады ғой, — деді ренішін жасырмай.

Сонымен, не керек, Жанайдар екеуміз автобуспен Алакөл қайдасың деп тартып кете бергенбіз.

Бұл Ұзекеңнің кісі жұмсаудағы, әсіресе қарамағындағы адамдарды өз қабілетіне қарай әртүрлі іске тарта, жарата білудегі әдісі еді десек те болғандай.

Кісіге қамқорлығы да ерекше болатын. Бірде ақын Свет Оразаев маған қолқа салып, осы редакцияда істегісі келетінін, соған қол ұшын беруімді сұрағаны бар. Ұзекеңе айтып едім, сөзге келмей келісе кетті. Светтің де өлеңдерін оқып жүреді екен.

Амал не, жекелеген азаматтардың кісінің өзіне деген ықылас-пейілін аяққа басып, артығырақ кетіп қалатындары бар. 3-4 айдан соң Свет те бастапқы момақан мінезінен айнып, қыңыр, қисық қылық көрсете бастаған. Кейде жұмысқа қызыңқырап келсе, кейде тіпті бірер күн қара көрсетпей қоятынды да шығарып алды.

Светтің сондай ұшты-күйлі жоқ болып кеткен күндерінің бірінде Ұзекең мені өзіне шақыртты.

— Отыршы, Сәкен, — деді ол кісі өзіне ғана тән бірқалыпты биязы дауысымен. — Сен ренжіме. Бірақ ана досыңа айтшы, Құдай үшін. Енді жұмысқа келмей-ақ қойсын. Қашан қолайлы жұмыс тауып алғанша бұйрық шығармай-ақ қояйық. Ақшасы жүре берсін. Сен өзің жайлап отырып бәрін түсіндір.

Свет жолың болғыр да тым ессіз жігіт емес қой, бәрін түсінді. Түсінді де ағасына үйіп-төгіп алғыс айтып, редакциядан өз аяғымен кетіп тыңды.

Редакцияның жас журналистерінің көбіне мені жағалап, сырласа, сыйласа жақын жүретіндерін аңғарып қалса керек, тағы бірде:

— Сенің маңыңда бір топ жас жігіттер жүреді. Біз де жас болып көргенбіз, бойдақ адамға ақша жетіп көрген емес. Өзің реттеп, соларға кезегімен бас мақала жаздырып, көтеріңкі қаламақы бергізіп тұруды ойластыршы. Жауапты хатшыға да ескертіп қоярмын, — деген.

Ол кезде партиялық газеттің бас мақаласының қаламақысына тұтас бір қой сатып алуға болушы еді. Жеңіс, Жайырбек, Жарылқасын, Руслан сияқты жалаңған жас журналистер де бөлім меңгерушілерімен бірдей бас мақала жазуға тартылып, бірте-бірте төселіп, бір жырғап қалғандары бар, әйтеуір.

Редакцияда әртүрлі той-томалақ, стол басындағы думанды басқосулар жиі болып тұрады. Ондайда Ұзекең оймақтай ыдысқа коньяктан бірер тамыздырып алып, әңгімеге де, ән мен күйге де араласып, топ ортасында жалықпай, өзгені де жалықтырмай, не пысымен басып, күліп-ойнап отырып қайтатын. Оның үстіне, жаңа үйленіп жатқан жастар болса, оларға деген сый-сияпат, тойға әзірлік, оны өткізу жағын да өзі қарауына алып, бәрімізге нақты тапсырма жүктел, соның орындалуын қатты қадағалушы еді.

Кейде бір жұмыс үстінде отырсақ, 3-4 адам жайғасқан біздің бөлмеге бас сұға кететін әдеті болатын. Соңда мен бөлім меңгерушісі ретінде әдеппен орнымнан тұрып қарсы аламын. Ұзекең екі алақанын уқалап:

— Күресесің бе, кәне! — дейтін қалжыңдап.

— Ұзеке, мен денелілеумін ғой, бастықты жығып алып жатсам, қалай болады? — деймін күліп.

— А, сен жығып алмауға тырысып күрес! — дейді ол кісі. Бөлмедегілер қосыла күліп, жұмыс арасында осылай әзілдесіп, бір жасап қалғандай болушы едік.

Бір жылдан соң Ұзекең республикалық "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетіне редактор болып ауысты.

1971-73 жылдары мен Мәскеуге оқуға бардым. Сол оқудың соңын ала Мәскеуге іссапармен келе қалған Ұзекең "Россия" қонақүйіне мені шақырып, Меңделев атындағы химия-технологиялық институтта оқып жатқан баласы Ерланмен таныстырған. Ерлан өлең жазды екен. Кейін қазақ университетіне ауысып, журналист мамандығын алған, қазіргі ақын Ерлан Бағаев сол жігіт.

Сол кездесуде Ұзекең:

— Сен оқуыңды бітірген соң бізге кел. Әдебиет пен өнер бөліміне бастық боласың, — деді.

Ол бөлімде меңгеруші болып менің ескі досым, белгілі сыншы-ғалым Зейнолла Серікқалиев істейтін. Соны білетін мен:

— Зейнолла қайда барады? — депшін ғой.

— Зейноллаға да лайықты қызмет табылатын шығар, — деді Ұзекең күліп — Әзірше өз арамыздағы әңгіме болып қала тұрсын, оқуыңды бітіргенше ешкімге айтып, жария етпей-ақ қоя тұр, — деді Ұзекең.

Жазмыш деген сол. Мен оқуымды тәмәмдар-

тәмәмдамаста 1973 жылдың жазында Ұзекең аяқ асты қайтыс болып кетті де, "Социалистік Қазақстан" газетінің бөлім меңгерушілігі маған бұйыра қоймады...

ПАРТИЗАН ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ

*Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе,
Ел, тегі, алсын қайдан кемеңгергі.*

Лияс ЖАНСҮГІРОВ

1.

Жұрт не десе, о десін, осы қалада өз басым әрқашан арқа тұтып, асқар таудай көріп үйренген бір ағам бар. Араға айлар салып па, апталар салып па, кейде тіпті жыл өткізіп барып телефон соғатыны болады о кісінің.

— Ау, Сәкен дорогой! — деп бастайды сөзін амандық айтпас бұрын.

— Ассалаумәликум, Қасеке! — деймін мен де қуанғанымды барынша білдіріп-ақ қалғым келген үнмен дауысымды соза түсуге тырысып.

— Аликумссалам! Қал қалай?

— Қал жақсы, Қасеке! Жайшылық па?

— Жарайды оңда. Жай ғой, — деп Қасекең телефонды тастай салады. "Менің қалімнің қандай екені бұ кісіге не үшін керек бола қалды?" — деп, дағдарған қалымда қала берем.

Жайшылықта жасым кіші екен-ау деп мен көп хабарласа бермеймін. Айлар бойына жүздеспей жүре беретін де кездеріміз болып тұрады. Ал бір жеңіл-желпі нәрседен қысыла бастасам болды, ағасы бардың жағасы бар деп, салып ұрып со кісіге барамын. "Жан қысылса, жақынын табадыдан" емес, сөзім жерде қалмасына, қашан болсын қолынан келсе, көмегін аямасына, ақыл-кеңес айтарына сеніп барамын. "Оу, сен қайда кеттің көрінбей?" — деп тергеп жатқан Қасекең жоқ, күнде көріп жүргендей, екі күннің бірінде сәлем беріп жүргендей, мені бұрынғы дағдысымен жарқылдай қабылдап, мол пішілген құшағына алады да, жөн сұрайды. Мен күмілжи отырып бұйымтайымды айтқан болам. Қайталап сұрап, езіп-мыжып отырмайды, барған шаруамның ауыр-жеңіліне, жұмысымның салмақты-салмақсызына қарай не телефонын алдына алып, қолма-қол бұрай бастайды, не өмірі өзгермейтін қолқылдаған қоңыр костюмін киіп, "әйда,

кеттік!" деп бұйырады.

Солпып соңынан мен ерем.

Өзіме ғана меншіктеп "Ағам" деп отырған бұл адамның аты-жөні — Қасым Қайсенов. Иісі қазақ "партизан" деген атағын қосып атайтын әйгілі жазушы Қасым Қайсенов. Бұл жолдарды оқыса, о кісі тағы: "Мені саған жазушы деп кім айтты? Мен жазушы емеспін. Мен бар болғаны көргенімді көшіруші, оның үстіне, соғыста көргенімді ғана қағазға түсірушімін", — дер еді. Солай деуінде дау жоқ.

Өз басым Ұлы Отан соғысы атанған кешегі қанды қырғынға қатысып, тәуекел деп тас жұтып қайтқандардың бәрін де бөле-жармай батыр деп санайтын адаммын. Үстіңнен гүрілдеп бомба түспек түгілі, құлағаңның түбінен ызындап бірер маса ұшып өтсе де мазанды алып бітеді ғой. Ал айлар, жылдар бойы аузынан ажал бүріккен аждаһамен алысу, алысу ғана емес, оны құртудың алпыс екі айласын ойлап тауып, омыртқасын опыру оңай дегенді кімнің ғана аузы барып айта алсын.

Әйтсе де соғысқа барып, аман қайтқандар ішінен мен үшін Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Рахымжан Қошқарбаевтардың орны өзгеше болады да тұрады. Бұл үшеуі маған ел арасына көп тарап кеткен, бәріміз білетін орыстың атақты үш батырының суретіндегі кейіпкерлеріндей болып елестейді. Баукең — Илья Муромец, Қасекең — Добрыня Никитич және Рахаң — Алеша Попович. Қазақтың бір суретшісі есебін тауып, тігісін жатқыза осынау үш қазақтың суретін салып шықса, Құдай-ау, қандай жарасып шыға келер еді деп те ойлаймын.

Баукеңмен көзі тірісінде бір рет тілдесіп, қол алып амандасқан пенде емеспін. Жазушылар одағына Баукең кіріп келгенде өзім сынды жігіттер танысын-танымасын қолдарын ала жүгіріп, жапатармағай жамырай амандасып, жік-жапар болып жататын. Мысы баса ма, сұсынан ығам ба, Баукеңді зор тұтқан көңіл өзімді қорашсынуға көнбеді ме, әйтеуір, өз басым жақын жолап көрмеппін. Бірде жаздың күні "Қаламгер" кафесінде түскі ас ішіп отыр едім, бір шөлмек коньякты мойнынан қылақындыра ұстап Тоқаш Бердияров ағам келді қасыма. Күн болса күйіп тұр, әрі жұмыстамын деп, мен ішуден азар-безер бас тарттым. Төр жақта Баукең мен Сәукең (Сәуірбек Бақбергенев) оңаша әңгімелесіп отыр екен. Тоқаш шөлмегін сүйрете ұстап солай тартты да, мен есікке беттегем.

— Слушай, вернись! — деп Баукең саңқ ете қалды.

Жалт бұрылып едім, саусағымен ымдап, мені шақырды да:

— Забери его отсюда! — деп Тоқанды нұсқады.

— Как я заберу! — деп миңгірлей бірдеңе айтқаным есімде, әйтеуір қашқандай болып, қасынан тайсақтай берген едім.

Өмірімде Бауыржан Момышұлымен ауызекі тілге келіп көргенімнің бас-аяғы да, бетпе-бет таныстығым да осы ғана.

Ал Рахымжан Қошқарбаев пен Кәкімжан Қазыбаев бір рет, Қасым Қайсенов ең кемі төрт-бес рет “таныстырып” еді. Ол кісі “Алматы” қонақүйінің директоры да, мен ауылда тұратынмын. Оқтын-оқтын Алматыға соғатыным бар. Сонда жатар орын керек. Кәкең бір рет ертіп апарып:

— Раха, мына Сәкен менің жерлес інім еді, ылғи мені іздеп жүре алмас, келіп-кеткенде орын жағына қарайласып тұрсаңыз, деген қолқалап. Бірақ әдеті солай ма, әдейі жасай ма, Рахаң келесі келгенде “мені есіне түсіре алмай”, мен болсам Кәкеңе сілтеме жасаудан тағы ұялып, қонақүйге орналаса алмай қала беретін едім.

Қасекең ол кісіге еркін. Ылғи жетелеп апарып, желкелеп отырып орын алып беріп жүрді. Содан кейін ғана барып Рахаң мені “шырамыта” бастаған болатын.

Қасым Қайсеновтың атына ертеден қанық болсам да, танысып-білісудің сәті алғаш рет 1970 жылдың жазында түсті. Талдықорғанда тұратын біздің үйге бір күні кештете Қасекең бастап Әділбек Абайділданов, орыс ақыны Сергей Киселевтар кіріп келді. Ол кезде көркем әдебиетті насихаттау бюросы деген бар еді. Сол бюроның атынан жазушылар топ-топқа бөлініп оқтын-оқтын ел аралап тұратын. Мен Мәскеуге оқуға жүргелі жатқам, әлгі бюроның төрағасы қазіргі үлкен жазушымыз Сайын Мұратбеков еді де, өзі де Мәскеуде екі жыл оқып келген болатын, ондағы жұрттың ауқымын біледі, азды-көпті азық болсын деген болуы керек, әлгі топқа мені де іліктіріп, құжат, қаражатын қоса беріп жіберіпті.

Қасекеңнің атын естіп, кітаптарын оқып жүретін едім. Аңыз боп тараған көп-көп әңгімелерінің жаңғырығы маған да жетіп жататын. Енді, міне, сол Қасым, партизан Қасым Қайсенов тірі қалпында біздің үйде болып, ертесінде бәрімізді бастап, жарты ай бойы Ақсу, Талдықорған аудандарының шаруашылықтарын араладық.

Мен көбіне Қасекеңнің аузына қараймын. Ә дегеннен-ақ өзіне үйіре баурап алады екен. Мені баяғыдан білетін бауырындай іш тартып, не жазып, не қойып жүргенімді де

сұрап біліп алды. Мен де үйрене бастаған едім. Бірақ...

Алғашқы күндердің бірі болатын. Бір үйде түстеніп отырғамыз. Қасекең әддене сөз ыңғайына орай маған: «Ой, енеңді» — деп жібергені.

Үлкен адамнан ести қоям деген сөзім емес. Ерсілеу болып көрінді. Оның үстіне, үстімнен құс ұшырмаймын деп жүрген орда бұзар отыздағы кезім, қабақ шытып қалсам керек, асқа отырар алдында сыртқа барып, қол жуып келе жатыр ем, алдымнан Қасекең шығып, мені өзгелерден оңашалай берді де:

— Сен осы менің енеңді боқтағанымна ренжіп қалдың-ау деймін, солай? — деп сұрады.

Әлі де бұртиыңқырап, "иә" дегендей бас изедім.

— Қой, ренжіме, менің де оспадар қылығым аз емес, жасы кішілерге солай дей салатыным бар, үйренгендер кек тұтпайды. Зілсіз боқтау ғой, — деп арқамнан қағып тұрды да, — Әй, дегенмен, сенің енең де менен кіші шығар-ай, өйткені менің тұңғыш баламның (қазір жоқ) аты Жүсіпбек, өзі сенімен жасты еді. Солай, енеңді..., — деп, тағы бір сілейтіп, Қасекең ішке аяндады.

Енді өкпелеудің де, ренжудің де реті жоқ екенін сезіп, мен соңынан ілестім.

Әділбек Абайділданов аса аңқылдақ, ақкөңіл, тап-таза ақын ғана болып жарала салған, алды бар да, арты жоқ адам еді ғой. Оның үстіне, кірпияз, күй таңдағыш. Сыланып-сыйпануы да біте қоймайды. Бұлардың әзіл-қалжыңдары да қызық, "қағысып" қала береді. Әдекең күйгелек, Қасекең саспас сабырлы. Бірі қарпып, бірі тарпып дегендей, ойындары шынға бергісіз, бірақ Қасекең қонжығының қылығын қызықтаған аюдай Әдекеңді олай бір, былай бір орап, тырп еткізбейді. Тырнақ батыра ызаландырып та алады. Ақын күйіп-пісіп, шыр-пыр болады да қалады. Әйтсе де Қасекең бойына біткен сезімтал сұңғылалығына бағып, Әдекең талантын аса бағалайтынын аңғартып жүрді. Өзі де аудиторияны ұстай біледі, тыңдаушыларының құлақ құрышын қандыра әңгіме айтады. Көзімен көріп, қолымен ұстаған оқиғалар тәңірегінде тігісін жатқыза, майын тамызға айтқан мысалдап сөйлейтін тапқыр, өткір сұлу сөзі, өлең оқу мәнері қосылып түгел ұнап, өзі соған сүйсіне қол соғып, қошеметтеп отырады. Сергей Киселев та орыстың бір тамаша ақыны болатын. Үшеуіне ергеніме мен де мәзбін. Қасекең сұңғылалығына, өзі айтқандай, "сомадай болып" кісі қабағын аңғарғыштығына сол жолы тәнті болғам. Әдекең ақындық адуындылығымен артығырақ

кетіп қалғанда да, бұл кісі көңіліне қатты тимей, әріден орағытып, әжуасының өзін әдемі әзілмен аяқтап отырады.

Сондай аңғарымпаздығына кейін де көп-көп көз жеткізіп жүрдім. Осыдан жеті-сегіз жыл бұрын тағы телефон шалып:

— Оу, Сәкен, — деген, — менімен Бақанас жаққа барып, Іле бойлап, құс атып, балық аулап қайтуға қалайсың?

— Айтсаңыз болды ғой, аға. Сізге еріп Тескентау болса да жүре беруге әзірмін ғой мен! — деймін елпілдеп.

— Ендеше, дайындал.

Жүрер сәт таянғанда тағы телефон соғып тұр:

— Осы сенің Есләм деген жігітпен, Зікібаевты айтамын, араң қалай еді?

— Е, жақсы ғой.

— Сол да ере жүрем деп еді, қарсы емессің бе?

— Жоқ, ә!

Сөйтсем, ақсақал өзімен сапарлас болмақ екі адамның жарасымы қандай, бірге жүргенде бір-біріне кіржиіп, кіділік көрсетіп, сыйыспай қалмас па екен дегенді ойлапты. Ішке түйдім де қойдым.

Кісіге ренжігенін де өзгелерге ұқсап өзеуреп жатпай, көзімен, үнімен сездіретін. 1985 жылы:

— Әйда, екеуіміз Украинаға барып қайтайық, — демесі бар ма ағамның. — Мен саған өзім соғысқан ормандарды аралатайын. Ел көресің, жер танысың. Хохолдың қыздарымен таныстырам.

Сол жылы Чернобыль оқиғасы болып, жұрт Қара теңізге де барудан тайсақтап жүрген. Соны ойлап, оны-мұны сылтау айтып, барғым келмеді.

— Барып қайттым. Чернобыль түк қылған жоқ. Ондағы жұрт та есен-аман, — деді маған.

Көмейінде не тұрғанын айтқызбай ұқтым да, оңбай қателескенімді аңғарып, үндемей құтылдым.

Қасекеңмен енді бір ұзақ сапарлас болуым бертінде еді. Осыдан бірер жыл бұрын Республика Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат болып тіркелдім де, сайлау алдындағы ел аралап, өзіңді таныту кезінде қасымда болар адам іздедім. Аты алашқа мәлім дейтін, өзіме көңілі жақын ба деп жүрген бірер әріптес азаматқа қолка салып көріп едім, мені олқысынды ма, өте қоюыма күмәнданды ма, әйтеуір, "онықы-мұнықы, анау еді, мынау еді" деп, қашқақтайтын ыңғай танытқан. Ондайда Қасекеңнен басқа кімім бар ақыл салатын. Бірақ әлі қыс іші, жасы болса анау, қозғала қояр ма екен деген күдігім де жоқ емес, не де болса деп, телефон соқтым. "Осылай да осылай, ініңіз

бір іске тәуекел деп кірісіп кетіп еді, демеуші дейтін атымен жоқ, жебеушім өзіңіз болсаңыз", — деп қолқаладым.

— Е, боқты. Сен айтсаң, мен қайда бармаушы ем! — деп ел ете қалды Қасекең.

Менімен қарсылыстардың бірі аты жұртқа белгілі пауан Әбілсейіт Айханов еді. Алакөлде алғашқы кезіккен күні-ақ Қасекеңе орынсыз килігіп, ретсіз тиісіп: "Сәкенге ергеніңіз қалай, батыр батырға еруі керек қой", — деп бұртия сөйлеп, қомпылдай берді. Сол сөзін әлденеше рет қайталап айтты. Шыдамы таусылған Қасекең:

— Әй, сен өзің, күмпиген күшің болмаса, тауықтың миындай миың жоқ мылжың екенсің ғой, — деп салды. — Мен сенің әрбір күрескеніңді көріп қызықтап, сыртыңнан сүйсініп қол соғып, қолпаштап жүруші едім. Бірақ саған қалай ерем? Мені де жұрт жазушы, Жазушылар одағының мүшесі деп жүрген жоқ па, ендеше Сәкен Иманасов сияқты жазушыны қолдамай, саған еріп есек миын жеппін бе, қой, шырағым, оныңды! — деп тыйып тастаған.

Алекінші қарсыласым — облыс әкімшілігінің қызметкері Әбдірахманов Камал деген жігіт. Ысқаяқ, тісқаққандығын байқатады. Бізден бұрын барып елді аузына қаратып алғанға ұқсайды. Аудан әкімшілігі де бірауыздан соны қолдайды. Бұрын өзіме дос болып жүрген азаматтардың біразы көпе-көрнеу қыбыжықтап, көздерімен жер шұқып қалыпты. Қай шаруашылыққа барсақ та: "Камалға дауыс беру керек", — деген "шешендер" алдымыздан шыға келеді де, үлкен-кішіге жел беріп, жетелеп ала жөнеледі. Қасекең барын салып, мәмлеге шақырып, қаншама таусыла сөйлесе де, Мұзды мұхиттай сірескен жұрт көңілін жібіте алмай әлек, мен де ынғайсыздана берем. Ел арасына да іріткі түсе бастады.

Бір совхозда өзім алдынан дәріс алған ұстаздарымның бірі жолықты. "Қасеке, бұл кісі менің мұғалімім болған", деп таныстырып қойдым.

Не керек, жиын үстінде әлгі ұстазым да басшыларға жалтақтап: "Сәкенге де, Камалға да дауыс берейік", — деп жалпақ-шешейлікке салмасы бар ма.

Қасекең әлденені шұқшиып жазып жатыр еді, бір жапырақ қағазды стол үстімен маған қарай жылжытып жіберді. Оқысам, өлең екен. Добалдай әріптермен:

Өзің де бір невезучий немесің,

О дорогой, амалың жоқ, көнесің.

Ал мынадай миңгірлеген ұстаздың

Ұрайын мен енесін! — деп жазыпты.

Мен күлдім де, бас бармағымды көрсеттім. Өзі де маған қарап жымыып қояды.

Сол жолы Қасекең маған арнап мұндай өлеңдердің бірнешеуін жазды.

Колхоздар мен совхоздардың клубтары суық болады екен. Сахнада отырып мен қалтырай бастаймын. Қасекең былқ етпейді. "Маған суық тимейді, етім үйреніп кеткен", — деп қояды. Біресе Абайша:

Иә, солай, қалтырарсың, тоңарсың.

Халқың наған болған соң,

Қайда барып оңарсың, —

деп, біресе:

Қайран сөзің қор болды-ау,

Алакөлдің езіне! — деп, кейде өзінше:

Тұмсығынан ұрам ба?

Бомба тастап қырам ба?

Ел сенікі, дорогой.

Не жасаймын бұларға, — деп жазып жібереді. Мен оларын бүктеп қалтама салып қоямын. Аяқ астынан ағамның ақын болып кеткеніне таңқалам. "О, жасымда мен де өлең жазғам", — деп күлімдейді Қасекең. Мына өлеңдерін оқып, "жазса, жазған шығар-ау" деп ойлаймын.

Біреуді мақтауға келгенде қиынсызды да қиыстырып жіберетін қазақ емеспіз бе, сол жиындардың бірінде Камалды жақтап сөйлегендердің бірі қыза-қыза келіп: "Ауыл-ауылдағы зираттарды қоршатып, көне мазарларды жөндеуден өткізген, тіпті аудан орталығына Қабанбай батырдың ескерткішін тұрғызып, стадион салдырып берген де Камал", — деп жіберді. Сонда Қасекең:

— Осы ауданда елу мың ел бар, басшылары, басқалары бар деуші еді, түк бітірмей жүр екенсіңдер ғой, олай болса, Камалжанды ғана қалдырып, қалғандарың басқа жаққа көшіп-ақ кетпейсіңдер ме? — дегені шыдамай.

Ешкім дәлел айтып даурыққан жоқ.

— Ыңғайсыздау болды ма, қалай! Әй, бірақ өздері де сөз емес сөзді айтып деп Қасекең жиын соңынан маған қарап күле сөйлеп жүрді.

Соғыс туралы, партизандық өмірдің небір тар жол, тайғақ кешулері жөнінде Қасым Қайсенов жазған кітаптар үлкен-кішінің бәріне қызықты ғой. Ал ауызекі әңгімесі одан да қызықты. Өз әуен, өз ырғағымен айтылатын Қасекең әңгімелерін жүз қайталап естісең де жалықпайсың.

Ұзақ күндер бірге жүріп, Қасекең сол әңгімелерін әрі сабақтай түседі. Ара-тұра таныс-бейтаныс адамдарға

беретін мінездемесі көбінесе мірдің оғындай дәл тиіп жатады. Сөзі — сыбыр, ісі — жыбыр адамдарды ұнатпайды. Құлық сауып күн көргісі келетіндерді ит етінен жек көретінін жасырған емес.

— Сенің анау достарың бар ғой, — деп, бірде маған жақынырақ жүретін бірер жігіттің атын атады, — соларды айтам. Бірі — шкурник (онысын ұға қоймадым,) ал анаусы саған түбін тірлігінде көрсетпейтін батып тұрған зәндеменің өзі.

Мен үндемей отырып қалсам керек:

— Оу, сен жаратпай қалдың-ау деймін. Көрерсің өзің-ақ әлі, — деп әрі қарай таратып жатпады.

Кейін Қасекең айтқан мінездеменің шындығына көзім жетті ғой.

Мінезі ғана емес, іс-әрекет, қимыл-қозғалысы да өзгеге ұқсамайтын кесек, ірі. Ауылда тұратын Серік Толғанбаев деген мал дәрігер досым бар. Соның үйінде екі-үш күн қондық. Алғашқы күні Серік бір көкмойын шөлмекті жылтыңдата беріп еді, Қасекең:

— Қарағым, бұл не? — деп сұрады.

— Ішімдік қой, аға. Есігімді алғаш рет ашып отырсыз, — деп ыдыстарын ыңғайлай бастады.

— Қоя ғой оныңды. Өздерің болмасаң, мен кәрі адаммын, татпаймын, — деді.

Серік сасқалақтап, әлгісін әрі ысыра салған. Келесі күнгі кеште сол орнында тұрған шөлмекті ымдап, Қасекең:

— Серік мынуың немене? — деп тосын сұрақ қойды.

— Кешегі арақ қой, аға. Алып қоймаппын ғой әріге, — деп тағы састы.

— Жоқ, ол неге тұр?

— Кеше сіздерге құям ба деп, ішпеймін дегесін, енді...

— Кеше ішпесек, бүгін тағы қолқалауға болмай ма өзі?

— Болады, аға.

— Болса, қолқалап көрмейсің бе?

Серік оймақтай рюмкелерін әкеле беріп еді, Қасекең маған қарап:

— Айт мына досыңа, менің қандай ыдысты қалайтынымды, — деді.

Мен кемі 300 грамм болатын үлкен бір бокалды нұсқадым да, толтыра құйғыздым. Серік тағы да сөз естіп жүрем бе дегендей, қолы қалтырап әрең-әрең толтырды-ау.

Қасекең алдындағысын қағып салды да:

— Енді әлгіден азырақ етіп бір қайталап жібер де, жи-

нап таста, — деді.

Серіктен дегбір кете бастады. Ұнаған бір үйінде осылай алдындағасын сыпыра жеп, опыра ішетін Қасекең, үй иесінің қылдай бір қылығы жақпай қалса болды, қаншама қиылып, жік-жапар болып, асты-үстіне түскенімен, бірер кесе шәй ғана ішіп: "Мен кәрі адаммын ғой, қарағым. Демала тұрайын", — деп дастарханнан ығысып кете береді.

Оңаша қалғанда: "Әлгі жігіттің жілігі татымсыздау екен", — деп, бірер сөзбен мінез-құлқын дәл айтып береді. Ондайын өзім де іштей сезетін болғандықтан, дау айтып, сөзді ұзартып жатпаймын.

Кейде өзімді де "оңдырмайды". Сол Серіктің үйінде бір қылығым жақпай қалды ма, қайдам:

— Әй, Серік, — деді, — сен ғой мына досыңа жатып жастық, иіліп төсек болып жүрсің. Мен де сомадай болып соңына ілесіп келем. Ал бұл екеумізді де аса менсініп жүрген жоқ. Көкірегің көрдің бе, көк тірейді.

Не деп дау айтайын.

Бір көрген адамның аты-жөнін өлсе ұмытпайды екен. Сол сапардан оралғаннан кейін үш-төрт айдан соң:

— Оу, Сәкен, — деп телефон соқты. — Сенің анау бір дәуқара інің бар еді ғой, Еркінбай деген, соның адресін дәл айтып жіберші. Өскемен жаққа бармақ едім, жолшыбай соған соғып, демала кетейін.

Масқара болғанда, інімнің адресін өзім де білмейді екенмін. Сондықтан:

— Қасеке-ау, қазақ жерінің бәрі партизан Қасым Қайсеновті біледі ғой. "Кім бар-ау?" деп жетіп барсаңыз, қарсы алмайтын ел бар ма, — деп қалжың айтқан болам.

Қасекең мұндайда: "Әй, солай", — деп қоя салады. Ұнатқаны ма, ұнатпағаны ма, құптағаны ма, жоқ па, онысын өзің пайымда.

Өзі аға тұтқан адамдарды, әсіресе Жұмағали Саин жайлы соншалық кішілікпен көп әңгімелер айтады.

— Баукеңмен араңыз қалай болып еді, Қасеке? — деп сұрадым жол үсті бір әңгімеде. "Екі қошқардың басы бір қазанға сыйысты ма екен" деген де күдігім бар еді.

— Қалай болушы еді, осы өзіміз сияқты. Бауыржан да, өзі айтқандай, ет пен сүйектен жаралған ғой, — деп бір қояды да, — біреудің үйінде әлдеқалай Баукеңмен дәмдес, дастарқандас бола қалғаным бар емес пе. Ең төрде Баукең. Жұрттың назары да сол кісінде. Қызып отырғамыз. Орынсыз киіліктім бе, сөзін бұздым ба, білмеймін, бір кезде маған мұрты тікірейе қарап, орыстың жаман бір боғауыз

сөзімен сықпырта салғаны. Мен — де де қайбір ақыл бар, қарсыласа кетейін деп тұрдым да, үзілісте дәлізге шықсам, Баукең оңаша темекі тартып тұр екен, қасына таяп келіп: "Бауке, жаңа ғана мені еш кінәсіз қызартып өттіңіз. Сіз көп оқып, көп тоқыған адамсыз, мен болсам — тұрған бойым мынау, оның үстіне, орман ішінде жүріп орыс, хохолдың жеті атадан жіберетін боқтығының неше түрін үйренгем. Әлгінде бетіңізден алып, "олай емес, былай деп" оттап кетсем, қайтер едіңіз? Сізде не абырой қалар еді, мен не барқадар табар ем?" — дедім.

Баукең бетіме бажырая қарап тұрып, таяп келді де, екі құлағымнан ұстап өзіне тартып алды да, былш еткізіп маңдайымнан сүйді. Сүйді де, ләм-мим деместен, бұрылып жүре берді.

— Қалған тірлігімізде "әй" деп жүз шайысқан емеспіз, — деп Қасекең бір тоқтады.

— Ал Рахымжан Қошқарбаев екеуінің зілсіз қалжыңдарының қаншама рет куәсі боп көргенім бар, ол өз алдына бір бөлек әңгіме.

Қатарлас жүрген, сырлас, сыйлас болған Жұмағали Саин, Сырбай Мәуленовтер жөнінде де есте қаларлықтай етіп нелер бір қызық хикаялар шертеді. Замандастарының әр сөз, әр қылығын әспеттеп әңгімелер айтады. Оларын өзі жазар деп, бұл жерде қайталап жатқым келмейді.

Таяуда тағы бір шаруамды айтып, араласа қойыңыз деп, телефондасам, Қасекең азырақ тұмауратып жатыр екен:

— Әй, Сәкен, сен де қазақтың белгілі азаматының бірісің, өз шаруанды жұртқа итере салуды қашан қоясың. Табалдырық тоздырғың келмейтін өркеуде екенінді білем, әйтсе де тоныңды алып қалмас, осы жолы өзің бар. Тоныңды алып қалса, менің соғыстан қалған біршама қару-жарағым бар, қорқытып, қайта алып берем, — деп ұрсып-ақ тастады.

Күллі адамзат баласының қамын жеп, қамығып жүргендей болып көрінетін немесе көрінгісі келетін де азаматтарымыз бар. Солардың бірінің алдына ісің түсіп бара қалшы, қол ұшын бермек түгілі, пәлесі жұғып кете ме, беделіме нұқсан келтіріп алам ба дей ме, азар да безер болып, аяғына да отырғызбас еді. Адамзаттың өзі әрбір жеке адамдардан тұратынын о шіркіндер ескеріп жатпайды. Ондайлардан гөрі Қасекеңнің жеке бір адамға, біреуі арқылы он адам, жүз адамға жасаған қолма-қол жәрдемінің өзі артық. "Жақсыдан — шарапат" дегенді қазекең соларға қарап айтқан. Сол ағалап, артынан еріп жүрген Қасекеме

әлі күнге өз үйімнен дәм татырып та көрмеппін. Кейде бір мені "сараңсың" деп қағытып жүретін құрдастарымның көзінше:

— Әй, Сәкен, — дейді Қасекең. — Мені білесің ғой, көп болса, екіге бөліп бір шөлмек коньяк ішетінім бар, сол қашан болады?

— Қасеке-ай, орыс орманына әрең сыйған алып тұлға батырсыз, біздің құжырадай қуыс бөлмелерімізден сізге отырар орын таппай жүрмін ғой. Пәтер кеңейіп жатса, көреміз ғой әлі, көп жасайтын сияқтысыз ғой, асығатын не бар, — деп жуып-шайып құтыламын.

Қарқылдап күліп кете береді Қасекең.

Биылғы Республика күні қарсаңында біраз адамға ордендер мен медальдар тапсырылып, "Халық қаһарманы" деген атақтар берілді. Сол атақтың бірі Қасекеңе де тиіп қалар ма деген үлкен-кішінің үміт-дәмесі көп еді. Солардың бірі Қасекеңе телефон соғатын көрінеді:

— Қасеке, батыр атағын алып қала ма деп едік, амал қанша, біздің қолда емес, — деп жұбатады ғой баяғы.

— Әй, пәленше, — дейді Қасекең, — батыр атын берме-сендер, бермей-ақ қойыңдар, жасым сексенге таянғанда енді мені жұрт қорқақ деп атар деп пе едің? — деген екен.

Шынында да, деп ойлаймын мен, жақсымызды көрмеуге келгенде, жүйрігімізге жұлде бермеуге келгенде, алдына жан салмайтын елміз-ау осы.

Құдайға шүкір, соғыс кезінде ерлік көрсеткен, ресми түрде батыр атанған ағаларымыз аз емес. Бірақ солардың көбін қалың ел біле бермесі ақиқат. Ал Баукең, Қасекеңдердің есімі ел ішіне аңыз болып тарап, жұрттың бәрі баяғыда-ақ батыр санап кеткен. Бұлардың соғыста көрсеткен ерлігін айтпағанда, сол сұрапыл жылдар суретін кейін қағазға түсіріп, келер ұрпаққа үлгі, сабақ болу үшін жасаған әдеби ерліктерінің өзі неге тұрады! Кеш қалып жүретін қазақлық кімге бармақ тістетерін кім білсін. Есімі ертең-ақ ел есінен шығып кететін қаһарманның көптігінен не пайда?! Мұны оқыса, Қасекеңнің: "Мен саған Батыр атын алып бер деп айттым ба? Әлде өзіне лайық атағын ала алмай өткендерден менің жаным артық деп пе едің?! Болмаса: "Батыр деген аты жоқ, жұрт "қорқақ" деп жүр ме деп қорқасың ба?" — деп ұрсып тастарын да сезіп отырмын.

Бірақ не де болса, жазылып кетті енді.

Қасекеңнің менен де гөрі жақсы көретін, менен де гөрі жақын тұтатын қаламдас інілері бар да шығар. Ол жай-

лы өзі маған айтып көрген жоқ. Мен де сұраған емеспін. Өз тұстастарым ішінде марқұм Сағи ақынды айрықша бағалайтынын кейбір сөздерінен аңғарып қана қалатын едім. Ал өзім үшін ол кісі, әңгіменің басында айтқандай, асқар тау сияқты көрінеді де тұрады. Іргесінде ұзыннан сұлап Алатауы жатпаса, Алматыдан да сән кетер еді, сол сияқты Қасымы, Қасым сияқты сирек туар, аты аңызға айналған ұлдары болмаса, қазақты да кім танып, кім білер еді.

Біз үшін қасымызда қарайып Қасым Қайсеновтер жүруінің өзі де бір мәртебе. Кісіліктің құны түсе бастаған қазіргі заманда Қасекендердің арамызда болуы да көңілге медеу.

Жұрт не десе, о десін, омырауында Батырлық белгісі болсын, болмасын, ол күні кеше ғана арамыздан кеткен Баукең ағасы сияқты қазақтың өзгеден бөлек жаралған, басқа жұртпен салыстыруға көнбейтін мәрт ұлдарынын бірі. Батыры. Партизаны. Жазушысы.

Жасай беріңіз, менің партизан Ағам! Ұсақтап бара жатқан құлкеуде тірлікті көлегейлей түсу үшін де Сіз керексіз.

Хабарласып тұрыңыз, Қасеке!

ҚАСЫМ АҒА

Қасым Қайсенов
80 жасқа толғанда

*Жүре алмайтын біреуді арқаламай,
Ел деп туған еңіреп мәрт ағам-ай!
Селкілдемей жеттің-ау сексенге де,
Қарын да бар қалпында, қалта да бай.*

*"Бөлек қой деп көкемнің күлкісі де",
Таңданбаған кісі жоқ түр-түсіңе.
Жұрт ішінде түсесің көзге оқшау,
Қоя берген нардай боп жылқы ішінде.*

*Жай-күйінгі өздері сұрасын деп,
Кейде бізге тіл қатпай тұрасың көп.
Ағаларың алдында аңқаң қағып,
Балалардың "енесін ұрасың" кеп.*

*Қасекем-ай, қайбірін сөз қыламын,
Көп қазақтан қатарлас озды бағың.*

*Қажетсізін көп сөздің естімейсің,
Қажеттісін қағып ап тез құлағың.*

*Көп жасаймын десең де елден ерек,
Кім бар шығып алдыға жол бөгемек.
Қаһарманға Партизан, Полковник,
Профессор, Жазушыға жөн не керек!*

МЕНИҢ ҰСТАЗЫМ – ҚАБДОЛОВ

Орта мектептің соңғы класында оқып жүргенде менің қолыма "Өмір ұшқыны" аталатын көлемі шағын қызыл мұқабалы кітап түсті. Авторы – Зейнолла Қабдолов. Кітаптың алғашқы бетінде күлімдей отырып түскен келбетті жас жігіттің суреті де бар екен. Әсіресе өзіңе жылы ұшырай қараған мейірлі жанары жалт қаратпай қоймайды екен. Қолдан тастамай оқып, әлде кейіпкерлері де біз сияқты жастар (мен өзім мектепті сәл кешеуілдеп бітірген адаммын) болғасын ба, солардың әр қылығы, әрбір сөзі мен әрекеті айрықша әсер етіп, құрбы-құрдастарыма әңгімелеп беріп, күн сайын мектепке де оқулықтармен бірге алып келетін болып алғам. Сол кезде Зекең сөзіне жазылған "Жайық қызы" әнін де құмарта тыңдап жүргенбіз.

Бір күні кітапты тағы ақтарып отыр едім, әдебиет пәнінен дәріс беретін сүйікті мұғалімімнің бірі Сара Стамбекова:

– Ә, Зейнолланың кітабы екен ғой, әкелші, көрейін, шықты деп естіп едім, бұл жігітпен біз университетті бірге бітірдік қой, – дегені.

"Әй, айта береді-ау адам деген, әйтпесе, мынадай кітап жазған адам біздің апаймен қалай бірге оқи қойсын!" – деп ойлап едім мен. Шынында да, Сара апамның сөзі күпірлік сияқты болып көрінгені рас еді.

Обалы не, ол кезде жап-жас Сара көрікті кісі еді. Қазір мөлшерлеп отырсам, әлі отызға жете қоймаған келіншек еді, күйеуі аудан прокуроры. Сол прокурордың інісі Марат (қазір Есік қаласында тұрады) менімен бірге оқитын да, мен ол үйге жиі бас сұғып тұратын едім.

Кейін КазГУ-де оқи жүріп, осы оқиғаны Зекеңе айтып едім, ол кісі:

– Иә, бірге оқып едік, қазір қалай, ей, өзі, сол бұрынғыдай әдемі ме? – деп, енжар қалмай, сөзіме

қызғушылық танытқан. Көмейінде Сара мұғаліміме деген ыстық бір ілтипат барын да аңғарып қалып едім.

Қазақ университетінің филология факультетіне сырттай оқуға түскем. "Лениншіл жас" газетінде қызмет атқарып жүрдім.

Ара-тұра газеттер мен журналдарда бірлі-жарым өлеңдерім жарияланып тұратын. Соны көзі шалған болуы керек, кезекті бір емтихан үстінде Зейнолла ағамыз:

Сәкен, сен ақынсың ғой, соңғы жазылған бір өлеңіңді оқы. Сол өлеңнің дәрежесіне қарап баға қоймақ ойым бар, — деді.

Сол кезде жазылған "Жолдаяқ" аталатын өлеңімді зұ-ыдаттып оқып бердім. Зекең бар зейінімен тыңдап алды да:

— Жақсы өлең, бірақ, — деп бір сәт ойланып қалды, не дер екен деп мен отырмын, — кәдімгі он бір буынды қара өлең үлгісіндегі шығармаға соған лайық ұйқас керек. Сен шалыс ұйқаспен жазыпсың. Шалыс ұйқас жыр түріне көбірек жарасады. Есінде болсын.

Сөйтсе де, көркемдігі үшін жоғарғы баға қоятынын айтты. Менімен бірге Сәбит Баймолдин де оқитын еді.

— Аға, мен де ақын едім, мен де өлең оқып берейінші, — деп жабыса кеткені.

Зекең сырбаз қалпынан өзгермей, маңғаздана қарап, жайымен:

— Жоқ, сен өлеңіңді кейін оқырсың, әзірше билеттегі сұрақтарыңа жауап беріп көр, — дегені.

Неге екенін білмеймін, маған ерекше ілтипат білдіріп, бауырына тарта түсетін еді. Оны оқушылар да, оқытушылар да сезетін.

Оқуға кешеуілдеп түскенімді бір жерде айттым ғой деймін, біраз оқыған-тоқығаным да бар. Жөпшендіні менсіне де қоймаймын. Өзімше болып-толып та қалдым деп жүрген кезім ғой. Туысқан тілдер әдебиетінен Қарбанова деген кісі дәріс оқитын еді, қара басып, сол кісінің сабағына кешіге беретінді шығардым. Жаратыңқырамай жүрді де, бірде: "Сен неге кешіге бересің? Сабақ білмей қаласың ғой", — деген сыңай танытты.

— Бірдеме білетін болған соң да оқып жүрміз ғой, — деп жүре жауап беріп ем, ол кісі көңіліне ауыр алып, ренжіп қалды.

Не керек, сол кісінің сабағы бойынша емтихан тапсырдық та, маған қырғыз Тоғалық молданың "Бүркіт пен қарға" деген мысалын талдау бұйырғаны.

Оқымаған дүнием екен, әйтсе де, "Әй, осы шамадан табыларсың-ау" — деп, ойша жобалап алдым да: "Мұнда бүркіт дегеніңіз — үстем таптың өкілі де, қарға — еңбекші таптың өкілі. Бүркіт қарғаға әрдайым тырнағын батыратын болған", — деп сықпырта бастап едім, Қарбанова күліп:

— Тоқта, тоқта, сен мұны қайдан оқыдың? — деді.

— Кітаптан, — деймін мен күмілжіп.

— Отыр. "Қанағаттанғысыз" деген баға қоям. Күзде оқып келіп, кейін қайта тапсырасың, — деді ұстазым.

Салым суға кетіп, Зекеңе бардым. Болған оқиғаны өз аузымнан естіген ағам жатып кеп күлді. "Жарайды, ертең пәлен уақытта кафедраға келе қой, сөйлесіп көрейік", — деп мені күле отырып шығарып салды.

Ертесінде барсам, Зекең тәр жақта отыр екен, көктей өтіп барып, сәлем бердім де, жағалай жайғасқан басқаларына басымды изей амандастым. Шеткері бір столда Қарбанова апайым да отыр екен.

Зекең менімен терезесі тең адамдарша шұрқырай сөйлесіп, қал-ахуал сұрасып жатты. Сол кезде Қарбанова:

— Зейнолла, сен осы Иманасовты бекерге көтере мақтап жүрсің бе деймін, бұл өзі түк оқымайтын жігіт, оның үстіне, сабаққа да кешігіп келеді, білмеймін демей, білмесе де жобалап соға береді, — деп кешегі жағдайды түгел айтып шықты. Оған тыңдап отырғандардың бәрі де бір-бір күліп алды.

— Қой, Нұртай, — деді Зекең, — әдебиетті бұл білмесе, онда басқалары жайлы сөз етіп керегі не. Тоғалақ молданы онша менсінбегені де, әйтпесе, неғып білмейді. Көріп, тыңдап жүрміз ғой, — деп тігісін жатқыза жұмсартып біраз сөз айтып, ақыры емтиханнан өткізіп жіберді.

Енді бірде қолыма Сергей Антонов деген орыстың жақсы бір жазушысының "Письма о рассказах" дейтін кітабы түсті де, лекция үстінде соны парақтап отырғам. Әлгі кітапты көрген Зекең:

— Сен осы кітапты маған бер де, менде "Литературная Россия" апталығында басылған нұсқасынан тігіндісі бар еді, керек етсең, соны ал, — деді.

Кітапты Зекеңе ұстата салдым. Ол ақтара қарап отырды да:

— Сәкен, осы әңгіме деген не? — деп тосын сұрақ қойғаны.

Мұндайда кісі абдырап, сасып қалады екен. Әдеби жанр ішінде әңгіме деген мөлшермен осы шығар деп, әйде

бір көсіліп берейін. Зекең елең етіп, маған бажырая қарап қалыпты.

— Әй, осы сен туралы пікірімді өзгертем ғой деймін, тура әнеукүнгі Қарбановаға берген жауабың сияқты ғой мынау. Әйтсе де жобаң дұрыс. Дегенмен, әдебиет теориясында айтылған тұжырым бар емес пе, оқымаған сияқтысың, — деді. Өзі әдебиет теориясын жасауға атсалысып жүрген адамның дйттеген жерінен шықпағанымды сезіп, тілімді тістей қойдым.

Университетті бітіруге бір жыл қалғанда, үй саламыз деп, әкем Алматыға жібермей қойды да, келесі жылы келсем, курсты басқаратындар: "Сен бір курс төмендегілермен бітірерсің, диплом тақырыптары тапсырылып қойды, кешігіп қалдың", — дегенді айтты.

Екі өкпемді қолыма ала тағы Зекеңе жүгірейін. Ол кісі сөзге келмей: "Жүр, Бейсекеңе кеттік"! — деді. Бейсекеңі кафедра меңгерушісі ғалым Бейсенбай Кенжебаев еді.

Бейсекеңе алып кірген Зекең:

— Бейсеке, мына Сәкеңді ғой танысыз, — деп бастады сөзін. Бейсекең бас изеген болады. Қайдан танысын. Мен сияқты сырттай оқитын студент аз ба, қайсы бірін біле береді ол кісі.

— Бейсеке, — деді Зекең бірқалыпты баяу сөйлеп, — осы курстағы қырық баланы түгел шығарып жіберіп, бір ғана осы Сәкеңді алып қалсаңыз, Құдай біледі, биылша түктен ұтылмайсыз. Былтыр келмей қалған екен. Өзім жетекші болайын, диплом тақырыбын бекітіп беріңіз.

Бейсекең сөзге келген жоқ, бірден келісіп:

— Зейнолла, өзің жетекші болсаң, сөз бар ма, тақырыбын қарап, таңдап, мен айтты деп тіркет қыздарға, — деп келісімін берді.

Зекең ол кезде бар болғаны доцент, ғылым кандидаты ғана еді. Сонда да кафедрада беделі барын сезетінмін. Ақыры аз күнде өз басшылығымен маған қазақ лирикасы хақында диплом жұмысын жаздырып, қорғатып шықты.

Диплом жұмысының алғашқы нұсқасын жазып болып, жетекшіме бергенмін. Зекең бір-ақ күнде оқып шығып, пікірін жазып әкелген екен. Бір мәжіліс үстінде ұстата қойып еді, мен оны қолымдағы қағаздар арасына сала салғанмын. Ұстазым жалт қарап:

— Әй, сен өзің оқығың да келмейді ғой, мен шынында сен жайлы қателесіп жүрмін-ау осы. Әкел өзіме, қайта жазам. Асыра мақтап қойып ем тіпті, — дегені.

"Үйге барып оқимын ғой" дегеніме болмады, әлгі бір

парақ қағазды тартып алып кетті де, ертесінде, сол ма, басқа ма, әлі білмеймін, диплом жұмысына берген әділ бағаны, пікірін табыс етті. Жастығым да болар, әлде өзімсіне бастадым ба, тым құрыса алғашқы пікіріне бір рет көз тоқтата қарасам-шы. Бірақ мына берген бағасы да әділ, көтеріңкі көңілмен желдірте отырып, мақтап жазған. "Құдайдың бір жарытпай-ақ қойғаны-ай!" — деп Мұқағали айтпақшы, мен де қайбір қаражатқа қарық болып жүретін едім. Диплом қорғай сала далаға шықсам, біздің аудандағы бір колхозды басқаратын, ұлты молдаван ба, сыған ба, әрдайым аңқылдай күліп жүретін Александр Чурсинов дейтін азамат жолыға кетті. Астында су жаңа "Волга". — "Ауылға ала кетесің бе?" — "Әйда, отыр". Сөз сонымен бітті. Отырдым да кете бердім. Өйткені жолақысын төлерлік ақша жоқ еді қалтамда.

Дипломның да мен үшін аса қымбат мүлік болмағаны ғой, оқу бітіргенімді айғақтайтын сол құжатты келесі жылдың жазында бір-ақ алдым. Сол екі арада тығыз бір шаруамен Алматыға келгенім бар еді. "Столичный" гастрономында кездейсоқ Зекеңе ұшырасып қалдым.

— Оу, сен қайдан жүрсің? — деп жатыр ағам, — жұрттың шәкірттері диплом қорғай сала жетекшілерін іздеп шауып жүр. Сені көре алмай, жан-жағыма біраз қарадым да, күдер үзіп, жөніме кеткем.

— Аға, кешіріңіз, осылай да осылай, ақшам болмай қалды да, біреудің артына мінгесіп ауылға тартып кетіп ем, — деп ақталған болдым мен бейбақ.

Жетекшім алдындағы сол айыбымды, Зекеңнің есінде бар ма, жоқ па, білмеймін, мен араға он, он бес жыл салып барып өзер жудым-ау деймін...

Академик Зейнолла Қабдоловпен қазір де оқта-текте кездесіп жүрем. Мені көрген жерде құшағын кең ашып, құшып-сүйіп жатады. Мен де барынша інілік ізет көрсетіп, құрметпен іліп-ақ бағам. Одан арыға барған емеспіз.

Жазушылар одағында болып тұратын әлдебір жиынға қатысқалы барып, ұзын столдың бір шетінен отыра беріп едім, қарама-қарсы келіп Зекең жайғасты. Елпілдей амандасқан менің сәлемімді алып жатып:

— Иә, Сәкен мықтысың ба? — деді ол.

Алдымда жатқан ақ қағаздың бір парағын алдым да:

Жоқпын ғой айлаға да, пайдаға да,

Мықты бола қояйын қайдан, аға.

Кейде бір кісі таппай қиналамын,

Қарманып, қанша қарап айналама! — деп бір ауыз өлең

жаздым да, Зекеңе қарай сырғыта салдым. Ол кісі оқып шығып:

– Сен қай күні жазылғанын көрсетіп, қол қойып бер, – деді.

Айтқанын бұлжытпай орындадым. Зекеңе арнап жазған тағы бір өлеңімде:

Мен үшін сол баяғы Зейнолласыз

Салмағы басқа жанмен өлшенбейтін! – дегенім бар.

Былтыр (1997 жылы) Зекең 70 жасқа толды. Соның қарсаңында жұмыста отырған маған телефон соғып:

– Әй, Сәкен, біздің жігіттер менің архивімнен сенің бір ауыз өлеңіңді тауып алыпты. Соны Қазақ университеті шығаратын "Вестникке" кіргізбекші, сен қарсы болмайсың ба? – деп сұрады.

– Жоқ, аға, неге қарсы болайын, қайта, қуанбаймын ба! – деп жатырмын мен де.

Зекеңнің 70 жылдық мерейтойын республика болып дүрілдетіп өткіздік. Іштік, жедік, ойнадық, күлдік.

Сөйте жүре мен де алпыс жасқа толып қалам ғой баяғы. Сол қарсаңда шығарған бір томдық таңдамалымды қолтаңба жазып ұстазыма жіберген едім.

Менің мерейтойыма жетекшілік еткен Тұманбай айтты:

Стадионда Зекеңе жолығып қалып едім, мені тұрғызып қойып: "Әй, мына Сәкен дегенін дәй ақын екен ғой, кітабын оқып қатты разы болдым!" – деді.

Мен әжептеуір марқайып қалдым.

Бірақ Зекең өзіме ол жайлы әлі ләм деген жоқ.

Кім білсін, кейде біреу бірдеңе деп, араға от жағып жүр ме деген күдік те ұялайды көңілге.

Тоқсаныншы жылдың жазында кезекті бір жыр кітабымды жазамын деп, жазушылардың Әл-Фараби атындағы шығармашылық үйінде табан аудармай қатарынан үш-төрт ай жатып қалдым. Мен сияқты ұзақ мерзімге келгендер ішінен бүгін қатарда жоқ, марқұмдар Сәуірбек Бақбергенов, ұйғырдың жақсы бір шайыры, қыз мінезді Ізім Бақниязов бар, үшеуіміз жұп жазбай, әр сәрсенбі сайын "Арасан" моншасына баратынды шығардық. Әр сәрсенбі сайын біреуіміз монша пұлын, әргі-бергі такси шығынvn түгел ғана кезегімен өз мойнымызға алатұғынбыз. Кейде бізге өз көлігімен Сафуан ағам Шәймерденов қосылатын еді де, такси іздеп әуре болмай, аса бір жырғап қалатынбыз. Сондай сәрсенбінің бірінде

тағы да дорбаларымызды арқалап, машинасы бар Сафуан ағамызды қолқалап дегендей, жиын-терін қалпымызда моншаға бармаққа шыға бергеніміз еді, қарсы алдымыздан академик Зейнолла Қабдолов ұшыраса кетті. Ұшыраса кетті де бәрімізбен асықпай ырғала, ыңырана амандасып болып:

— Иә, жол болсын, қайда бет алдыңдар? — деп сұрады сабырмен.

— Моншаға, — дедім мен елден бұрын жауап беріп.

— Уай, шіркін, монша! — деді Зекең тамсана сөйлеп,

— рахат-ау, дүние-ай! Салқын сыра да ішесіндер-ау!

— Жүріңіз, бірге барайық, — дедім мен.

— Шіркін, монша! — деді тағы Зекең дауысын соза түсіп.

— Барар едім-ау, бірақ қазір бір адамды тосып жүргенім. Уәде беріп қойып ем. Сыра да ішесіндер-ау, ә!

— Тамсанып, таңдай қаға бермей, жүрсеңізші бірге! — деп Сафуан ағам сәл өктем сөйледі оған.

— Бір адамға берген уәдем бар еді тосамын деп, соны күтіп жүргенім, — деп Зекең қала берді де, біз жөнімізге тарттық.

Моншамызға түсіп, буырқанып, бусанып, мөлшерлі мезгілде үйге қайтып келе жатқанбыз. Қалтарыс көшелердің бірінде жабық машинадан сыра түсіріп жатқанын көзіміз шалды. Ол кезде осылай там-тұмдап татырып, сырақұмарларды тамсандырып қоятын бір тапшылықтың түрі болушы еді. Сафекеңе айтып, солай бұрылдық та, азды-көпті кезегіне тұрып, бір торкөз дорбаға толтыра көтергенімізше деп, он-он бес шөлмек сыра алдым. Салдыр-күлдір еткізіп машинаның артқы жағына қойып жатырмын.

“Оның бәрін қайтесің?” деп сұраған серіктес ағаларыма “Керегі болып қалар”, — дей салдым.

Бағанағы күткен адамын енді ғана шығарып салған ба, Зейнолла ағам сол маңғаз қалпында өнержай алдында әлі де қыдырыстап жүр екен. Машинадан түсіп жатқан бізді көріп, бері бұрылды.

— Жеңіл буларыңызбен! — деп жатыр, — Әй, сыра іштіңдер ме?

Мен салдыр-күлдір еткізе сыра толы дорбамды көтере түстім де, Зекеңе ұсындым.

— Әй, бұ не? — деп сасып қалды ол кісі.

— Сізге алып келдім, сыра ғой.

— Маған ба, қаншасын алайын?

— Біз сыра ішпейміз, осының бәрі сізге, — деймін мен.

— Ой, пәлі, мынау бір қызық болды ғой, — деп Зекең ыңғайсызданып қалды.

Қоярда қоймай жүріп бөлмесіне кіргізіп бердім.

Зекең дәл осы бес-алты шөлмек сыраға зәру болып тұрмағанын білемін, сыра ішкісі келіп бара жатса, толып жатқан інілерінің біріне ымдай салса болды, жер түбінен болса да жеткізіп берер еді. О кісінің әйтеуір сөз болсын деп айта салғанын білдім. Ал менің атаққа табынып, лауазымға бағынышты екінің біріне жығыла бермейтін мінезімді о кісі де біледі. Әлгі сәл-пәл абыржу содан шықты ма деймін. Сол күні ме, кейінгі кезде ме, Зекең мені өз бөлмесіне арнайы шақырып, алдыма бүйірлі шишаның бір үйірін қойып қонақ еткені де бар.

— Ой, мына Сәкен қызық екен, қалжыңға айта салып ем, бір қап сыра арқалап жетіп келіп тұр, — деп әркімге айтып жүргенін де естідім.

Үлкен адамдардың болмашы ілтиштқа да балаша мәз бола қуанып қалатынын сонда бір көріп, тәнті болып едім мен.

1998 жылы Зейнолла Қабдолов "Менің Әуезовім" кітабы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. "Парасат" журналына жарияланған бір мақаламда сыйлық берудің алдында талантты бір жазушы ініммен болған әңгіменің сұлбасын келтіре кетіп едім. Соны дұрыс қабылдамады ма, әлде біреулер араға ши жүгіртті ме, әйтеуір, үйіне бір телефон соққанымда, ағам бұрынғыдай емес, едәуір салқын амандасты. Өзімді ақтау үшін біраз "терлеуге" тура келді. Ақыры, араға ай салып барып, тосын бір кезіккенде ұзағырақ әңгімелесіп, сөз түбіне жеткендей болып едік.

Сол күннен бастап ұстазыммен қайта түсініскендей жайым бар.

Өзіне ұлы ұстаз тұтатын Әуезовтің кейде жоқ жерден балаша бұртиып өкпелеп қалатыны жайлы әркім-әркімдер жазып жүр ғой, сол мінез Зекеңде де жоқ емес-ау деп ойлап қоятын болдым мен осы күндері.

БАҚҚОЖАНЫҢ ҚИСЫНСЫЗ ҚАЛЖЫҢДАРЫ

Баққожа Мұқайдың менімен жолығып қалса, үстімдегі костюмімнің о жер, бұ жерін шұқылап, астарына үңіліп: "Қай елдікі?" — деп сығалай қарап шығатын әдеті бар. Тым құрыса бел құрдас болатындай арамызда бес жас емес,

азды-көпті он жыл жатқанынан хабары бар жұрт оның бұл қылығына таңырқаса қарап қалатыны рас. Сондықтан мен Баққожаның мұнысын өзімше түсіндіріп әлекке түсемін. Ол болса, арсалаң қағып күле береді құр.

Оның да өзіндік себебі бар. Көп жыл бұрын мен Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеп жүрдім де, Баққожа "Жұлдыз" журналында болуы керек, бір шаңырақ астында жиі кездесетін едік. Ағалы-інілі қалпымызда әмпей-жәмпей сырласып кететінбіз. Бір күні сүр түсті шетелдік жаңа костюм сатып алдым. Өзі маған арналып тігілген сияқты, құйып қойғандай бойыма жараса кетті. Баққожа үндемесе де, көз қырын салып, сол костюмге қарағыштай берген. Араға бірер күн салып, ол да түп-тура сондай костюм сатып алып кіді.

Ол кезде табылып жатса, алып киюге әжептәуір мүмкіндігіміз бар еді ғой, көп ұзамай мен тағы да қара жолағы бар, сол кездің сәніне сай келетін және бір костюм алып кідім. Араға күн салмай, Баққожа да содан айнымаған костюм сатып алды. Бұл кездейсоқтық па, жоқ әдейі жасап жүр ме, білмедім, бірақ:

— Оу, Баққожа, инкубатордан шыққандай болып кеттік қой, менімен бәсің бір ме осы, неге басқа түр, басқа түсінен алмайсың костюмді? — дедім әзіл-шынын араластыра ренжіп.

Ол үндеген жоқ еді. Келесі күні дәліз бойлап келе жатсам, Баққожа сол кездегі бірінші хатшымыз Әнуар Әлімжановпен әңгімелесіп тұр екен, мені көре сала:

Әнеке, қараңызшы, мына Сәкен ағам мен қандай костюм алсам, ертесінде түп-тура сондай костюм алып киіп, жарысып-ақ жүретін болды, — деп қоя берді.

Әнекең менің үстіме бір, оның үстіне бір қарады. Қас қылғанда, сол күні екеуміз де бір-біріне ұқсас костюмдерімізді киіп келіппіз.

— Онысы несі екен Сәкеннің? — деді Әнекең күліп, Баққожа сөзін құптағаны ма, менің қылығымды қош көрмегені ме, белгісіз сыңаймен.

Мен үндей алмадым. Өйткені іні сөзі үстем шығып, өтімді болып тұр еді. Енді не десем де ақталған болып шығарымды сезіп, тіл қатпай қала бердім.

Костюмімді тексеруінің осындай бір сыры бар Баққожа кейінгі бір жылдары:

— Костюміңіздің сапасы нашарлай бастаған ба, неме-не, Сәкен Құсайынович (кейде осылай сөйлейтіні бар)? — деп сұрайтын болды.

— Жас озады, амал не! — деп мен қоям.

"Парасат" журналына бас редактор болғаннан кейінгі бір кездескенде:

— Бір топ өлең берсеңізші, жақсы костюмге жетерлік қаламақы қойғызайын, — деді.

Әне-мінемен салақсып, ол өлеңдерді жыл өткізіп барып апардым-ау деймін. Обалы не, мол етіп жариялады. Бірақ қаламақысы жақсы костюмге жетпеді ғой деймін, соны наз қылып айтып ем:

— Дер кезі әкелмеген өзіңізден көріңіз, былтырғы жағдайда костюмге жетер еді, қайтесіз, инфляция! — деді Баққожа.

— Әйтеуір бір костюмге қарызсың! — деп мен кеттім. Бір күні жеті түнде телефон шырылдады. Алып едім, ар жағынан:

— Сәкенсің бе, қарағым, — деген көмескі дауыс естілді.

— Иә, — дедім мен.

— Бұл Дихан ағаң ғой, Әбілев, — маған аса қажет болып тұрғаның, — деп жатты әлгі дауыс. Сәл қарлығып шыға ма, қалай.

Бұдан бұрын біздің үйге Дихан аға телефон соғып көрмегені өзіме белгілі. Не дерімді білмей таңырқап:

— Жай ма, аға? — деп сұраймын.

— Сен біздің үйге тез келіп кетші, — дейді ол кісі.

— Дихан аға, түн ортасы болып қалды, ертең барсам қайтеді? — деймін мен.

— Түу, сендер де кергіп сонша, күнде мазалап жатқам жоқ қой, келіп-ақ кетпейсің бе қазір! — дейді.

— Жарайды, аға. Онда адресті айта қойыңызшы, — деп жатырмын жалпылдап.

Сол кезде ар жақтан күмбірлеген күлкі естілсін, мазақ күлкі.

— Әй, қатырдым-ау! — дейді сабазың. — Әйтсе де, Дықанның адресін айтып беріп, бір жүгіртпеген екенмін.

Бақсам Баққожа. Ызадан булығып, жазықсыз телефон тұтқасын лақтырып жібердім. "Қорқыт дегенде, осынша қорқыт деп пе едім" дегендей, әзіл-қалжыңның да шегі бар ғой, тегі.

Бұдан бұрын да осылай бір алдағаны бар еді. Ол сонау жетпісінші жылдардың соңы ғой деймін, кенеттен телефон шылдырлады.

— Сәкен ағасыз ба? — дейді аржағынан бір бала, — мен ауылдан, Алакөлден келіп едім, сізге беріп жіберген сәлем-сауқат бар еді, ет болуы керек. Өзім автовокзалда

тұрмын, келіп, алып кетпейсіз бе?

Мен оған: Такси алып жет, ақысын өзім төлейін", — деп, қалай келетін жолын айтып, біраз әуреге түстім-ау деймін. Бір мезетте:

— Бұл Баққожа ініңіз ғой. "Ет дегенде бет жоқ", ә, қатты састыңыз ғой, — деп тұр. Ұялған тек тұрмас деп, ренжіп, өкпелеген болдым. Бірақ не істерсің! Жабулы қазан жабулы қала берген.

Сол қалжыңның аяғы күлкілі бір жағдайға да соқтырды. Жұмыста отыр едім, телефон тағы безілдеп қоя берді.

— Сәкенбісің, — деді аржағындағы дауыс. — Мен Дихан ағаң ғой.

— Әй, көп сөйлемей, костюмді қашан алып бересің, — деймін мен, тағы да Баққожа екен деп.

— Әй, сен Сәкенбісің, мен Диханмын деп тұрмын ғой, — дейді аржағындағы дауыс безілдеп.

Сәл-пәл сасайын дедім. Бірақ тағы да күлкіге ұшырап жүремін бе деген күдікпен:

— Сөзді қой да, костюмді әкел, содан кейін сөйлесерміз, — деп қоям.

— Әй, Сәкен, саған не болған, костюмің не? Сен Сәкенбісің өзің! — дейді ар жақтан өзеурей.

Телефон тұтқасын тастай салдым. Бір нәрсенің бүлінгенін ішім сезеді, бірақ анық қай жағына шығуды білмей, әлекке түсіп біраз отырдым.

Алқынып Есенғали Раушанов кірді:

— Аға, маған Дихан Әбілев телефон соғып: "Мына Сәкенге не болған, дені дұрыс па?" — дейді. О несі? Түсінбей қалдым, — деп тұр.

— Ой, пәле болды, енді сұраса: "Сәкен жоқ еді, жолаушылап кеткен", — дей сал. Мен ол кісіні Баққожамен шатастырып, — деп, Есенғалиға мән-жайды түсіндірген болып жатырмын.

Ішек-сілесі қата күліп ол кетті.

Осы жуырда сол Дихан ағам тағы да телефон соқты.

— Сәкен, 91 жастың атынан өтінем, менің кітабымды тездетіп өндіріске жібертсеңші, — дейді.

Қолжазбасының баспада жатқанына көп бола қойған жоқ. Оны Баққожа білмейді. Сондықтан сенімді түрде:

— Дихан аға, редакторлардың бәрі демалыста жүр еді, солар оралысымен қолға алады, — дейін.

— Е, оларсыз болмаушы ма еді, Есенғали екеуінің біреуің қарай салмайсыңдар ма? — дейді Дықан.

Есенғали — баспа директоры, мен баспаның Бас редакторымын. Өзі де баспада көп істеген. Кімнің қандай жұмыс

атқаратынын жақсы білетін адамның сөзіне ұқсамай барды.

Күдігім тағы да күшейе бастаған соң:

— Жарайды, аға, сөйтерміз, сау болыңыз, — деп сөзді доғардым да, телефон тұтқасын орнына қойдым.

Бұл жолы телефон соққан Баққожа ма, Дықан ақсақалдың өзі ме, ажырата алмай әлі далмын...

Кей-кейде менімен сиректеу араласатын жора-жолдастың бірі беймезгіл телефон соғып, сол аптаның бір күніне қонаққа шақыратыны бар. "Осы Баққожа болып жүрмес пе екен" деген күдіктен арылу үшін, мен араға аз уақыт салып, сол адамға телефон соғамын да: "Әлгінде сәрсенбі күні деп пе едің, анықтап алайын деп жатқаным ғой", — деп қайыра пысықтап шығатын болдым.

Оның үстіне, "Мен пәленшемін ғой" деген адамның сөзін асықпай, ұзақ тыңдап алып барып қана жауап беретін болдым. Баққожаның әзілі кісіні осылай да әлекке салып қояды, бар болсын, бар болғыр!

ТЕЛЬМАН ТУРАЛЫ ЕСІМДЕ ҚАЛҒАҢДАР

Тельман Жанұзақов жайындағы осынау шағын естелігімді қысқаша ғана бір кіріспеген бастауға тура келіп тұр...

1959 жылдың соңғы күндерінің бірі еді. Алакөл аудандық газетінің редакциясына қызметке орналасқаным көп бола қоймаған, ойламаған жерден сол кезгі республикалық бірде-бір жастар газеті "Лениншіл жастың" редакторы Ә.Белдекбаевтың: "Біз Сізді қызметке шақырамыз, келіскен жағдайда — хабарласыңыз!" деген сарындағы телеграмма алдым. Жиырмадан жаңа асқан кезім, әпсәтте жерге сыймай желпініп, көңіл шіркіннің қарай самғап ұшып бергенін несіне жасырайын, алып-ұшқан қалпымда өзім көптен бері жатқа білетін редакция адресіне "Согласен!" деген жеделхатты жеделдете айдап кеп жібердім де, қозыкөш жердегі ауылда тұратын әкеме барып, рұқсатын алдым.

"Лениншіл жас" редакторының жеделхаты қалтамда, құдды бір жұрттың бәрін өз аузыма қаратарлық төтенше билікке ие болғандай өзімде алды-артына қарамастан самолетке билет сатып алдым да, "Алматым қайдасың?!" деп тарттым да кеттім.

Ол кезде өзім де "жазғыш-ақпын". Соның алдында ғана "Отардан жазылған хаттар" деп аталатын топтама очерктерім "Лениншіл жас" бетінде бірнеше санында жарияланған. Одан бұрын да жастардың сүйікті газетіне жиі-жиі жазып тұратынмын. Мекен-тұрағы жадымда, ұшақтан түскен бойда салып ұрып "Коммунист" проспектісі, 63 үйдегі редакцияға да жеттім. Үшінші қабатқа көтеріліп, қуықтай тар дәліз бойындағы қатар-қатар есіктерге көз салып келемін. Бірінің сыртында "Редактор" деген жазу бар екен. Мен үшін енді барлық есік бөгетсіз ашылады дерліктей көтеріңкі көңілмен рұқсат сұрап, кіріп бардым. Шағын ғана кабинетте аласа бойлы, бүйрек бет кісі отыр екен, амандасып, аты-жөнімді айттым. Ол пәледей елеңдей қойған жоқ.

— Ие, бұйытайынды айта бер! — деді маған қарап жайбарақат ғана.

Естімей қалды ма деген үміт-күдік аралас оймен әлі де:

— Мен Сәкен Иманасовпын, — дедім әр сөзімді нығарлап.

— Сәкен екенінді айттың ғой, келген шаруанды сұрап тұрмын, — деді ол. — Неғып жүрсің?

Екі-үш күннен бері жерге сыймаған балаң көңіл басылайын деді.

— Неғып жүргені қалай? Осында қызметке келмеймін бе? — дедім тұтыға күмілжіп.

— Қызметі... қалай. Журналымыздың өзі жабылғалы жатыр. Қазір ондай мүмкіндік жоқ қой, — деді әлгі кісі. (Кейін білдім, бұл сол кезде тарап кетіп, кейін "Білім және еңбек" болып шыққан "Пионер" журналының редакторы Б.Ыдырысов екен).

"Журналымыз" дегенде барып қайта ес жиғандай болдым. Үн-түнсіз шығып кеттім де, есік сыртына бір қарап, анадай жерде темекі тартып тұрған өзім құралпас жігітке таяу барып, жөн сұрадым.

"Лениншіл жас" газетінің редакторы қай жерде отырады? — дедім.

— Міне, мына есік, — деп ол сол жақтағы бұрышты нұсқады. "Аузы күйген үріп ішеді, енді екпіндеп, ентікпей, жайлап басып, жаңағы шылымшы жігіт көрсеткен есікке бас сұқтым. Төр жақта екі-үш жігіт тұңқандап бірдеңе талқылап жатты. Босағада отырған келіншектен тағы да жөн сұрадым. Ол редактордың хатшысы Халида екен. Кейін білдім, бұл арада секретариат жігіттері де отырады екен, әлгілер кезекті нөмір макетін талқылап жатқан болып шықты.

Халиданың жөн сілтеуімен төргі бөлмеге өттім. Төрде

бұйра бас, күлім көз сары жігіт отыр. Жүзі жылы екен. Әлгіндегіден гөрі батылдана түстім.

— Аға, мен Сәкен Иманасов едім, — дедім бірден.

Ол маған тіктеп қарап:

— Оу, Сәкен сен бе едің, жас екенсің ғой өзің, — деді.

— Біз сені..., — деп бір тоқтады да, аржағын айтпай, сөзін үзіп, әлгі есік сыртындағы хатшысын шақырды.

— Редколлегия мүшелері түтел келсінші! — деп бұйырды.

Бөлмеге үздік-создық бес-алты жігіт келіп кірді де, үйреншікті орындары болуы керек, бірі жоғары, бірі төмен жайғаса бастады. Бәрі отырып болған соң редактор:

— Әлгі айтып жүрген Сәкеніміз мына жігіт екен. Әнеүкүнгі уәде бойынша келіп қалыпты, — деп мені таныстырды.

Алдын-ала бәрі де ойластырылып, желісіп қойған болуы керек көп сөз болмады.

— Сәкен, сен комсомол тұрмысы бөліміне әдеби қызметкер боласың, — деді маған қарап. — Бөлім бастығы қазір жұмыста жоқ, бір ай шамасында келіп қалар. Оған дейін, — деп жағалай көз тастады да: — Тельман, сенің қарауыңда бола тұрсын, — деп тағы да маған қарап: Тельман Жанұзақов — насихат бөлімінің меңгерушісі, — деп әдеміше келген қағілез жігітке қарай иек қақты. Тельман бас изеді де қойды.

— Онда не отырыс бар, Тельман өзің алып барып, Сәкенге орнын көрсет, жұмысқа кірісе берсін, — деді.

... Сөйтіп, мен "Лениншіл жас" газетінің, сондағы насихат бөлімінің қызметкері болып, сирек те болса дәмді мақалаларын өзім үзбей оқып жүретін Тельман Жанұзақовтың қарауынан бір-ақ шығып едім.

Бірер күнде байқап, аңғарғаным Тельман редакция ішінде аса бетті де беделді екен. Айтқан сөзі орнықты. Қарауындағылар да, қатарластары да қалтқысыз сыйлап, сөзін жерге тастамай құп алады екен. Мен оған да көтеріле марқайып қалдым.

"Ағалап", айтқанын екі етпеуге тырысып-ақ жүрмін. Кейін білсем, ол менен 3-4 жас қана үлкен екен. Бірақ жүріс-тұрысы мығым, сөзі орнықты. Сақайып қалған журналист екенін әрбір қимыл-әрекетінен аңғарып отырасың.

Ертесінде Тельман менің алдыма бір "қапшық" хат тастады. Редакцияға түйдек-түйдегімен келіп жататын оқырман хаттары. "Оқып шығып жарағанын жаратып, жараманына жауап берерсің", — деп тапсырды. — Бірақ

әуелі маған көрсетіп ал".

Кірісіп кеттім. Үйреніп қалған жұмысым. Іліп алары болса — іріктеп, бөлек қойып, қалғандарын да сұрыптап жатырмын. Тельман өзі ертіп жүріп, қарсыдағы "машбюро" қыздарымен де таныстырған. "Біздің су жаңа қызметкер" деген де болатын әзілдеп. Үлкендері құптай бас изеп, жастары шамаластары күлімдеп қалған.

Салиха деген қара қыз бар екен. Кісіге үйірсек, қалжыңдаса кетуге дайын тұрады. Бәрі бума хаттарды қолтықтап соның алдына келдім. Өзім түтел оқып, мөлшерлеп алған бағытта "диктовка" жасаймын. Салиха да қамшы салғызбады, айтқаныңды аузыңнан шыққанша қағып алып, әрі қарай тықылдата жөнеледі. Осылайша жұмысқа біршама төселіп, айналамен танысып, етім әбден үйреніп қалған күндердің бірінде, түскі үзіліс алдында Тельман мені оңашалап алып:

— Сәкен, сен хат қорытқанда "диктовка" жасайды екенсің ғой, — деп сұрады.

— Иә, — дедім, — "бірдеңе бұлдіріп-ақ алдым ба" деген күдік те, "онда не тұр екен" деген сенім де бар үнмен.

— Жоқ, сен шамданба. Бүлінген түк жоқ, — деді Тельман менің ойымдағыны оқып қойғандай басып. — Пәлендей кінә да қоя алмаймын. Бәрі жақсы. Бірақ әлі жассың ғой. Мамандыққа төселу үшін де қолмен жазғанға не жетсін. Бұл күйінде де әбден жарайды. Бірақ кейбір еш тәуір деген хаттарды қолмен жазып қорытшы. Өзің көрерсің, бұдан да жақсара түсер еді, қолың да жаттығады, — деп ескертті.

Мен оның сөзін ауырламай, айтқанын бұлжытпай орындауға тырысып-ақ бақтым. Өзі де соған разы болды ма, маған бұрынғыдан да іш тарта бастағанын аңғардым. Осында отыра бер, редакторға өзім айтам. Бекеңе (Бекмырза Баймаханов әлі көрмеген менің бөлім бастығым) басқа бір жігіт берер, — деп жүрді.

Жігіттермен таныс-біліс бола бастадық. Кілең бір "сен тұр, мен атайындар". Жарыса жазғанда бірінен бірі өтеді. Жүзіктің көзінен өтердей болып жұтынып тұр. Мен бастапқы кезде біржола ғана хат қорытумен айналысып қалдым да, өзіме төл ештеңе жаза алмай жүрдім. Бірде мазмұны қызықтырды ма, білмеймін, әйтеуір, оқып шыққан оқушы хаты негізінде суреттеме-очерк жазып, ұсынып жібердім. Сол дүнием жарияланған күні Тельман мені тағы да оңашалап:

— Сен Нарынқол жақта болып па едің? — деп сұрады.

— Жоқ, — деймін мен күмілжіп.

— Ендеше мына очеркіндегі оқиғаларды қайдан алдың, бәрі жер-су аттарын да, олардың бағыт-бағдар, жоғары-төменін де шатастырып жіберіпсің, — деді.

Мен оқиға негізіне сол жақтан түскен оқушы хатының себеп болғанын айтып, ақталған болып жатырмын.

— Мұндай практика орыс журналистикасында бер, — деді Тельман. — Бірақ олар сол хатта айтылған оқиға, мекен-тұрағымен бірге танысып барып жазады. Сен долбарлап, төте тарта бергенсің. Бұл жарамайды. Ұятқа қаласың. Жабулы қазан жабулы қала берсін, бұдан кейін есінде жүрсін, — деді.

Мен қатты қысылдым. “Ұялған тек тұрмас” деп бірдеңелерді миңгірлеген болуым да керек. Ол мені оңаша қалдырып, орнынан тұрып кете берді.

Бір күні редакторға Гурьев (Атырау) облысынан хат келді. Облыс орталығындағы мектеп-интернат оқушылары, біраз ата-аналар жазыпты. Жоғарғы класта оқитын қыз бен жігітке мектеп директоры “өйтіп қойдыңдар, бүйтіп қойдыңдар” деп, өзара оңашалана қалса соңына аңдушы салып, күн көрсетпейтін болған. Ақыры жас қыз “бүлініп” қалды деген сылтаумен намысына тиіп, оны гинеколог-дәрігерге дейін қаратқан. Олар “бүлінген түк жоқ” деп анықтама бере тұрса да қоймай, жиналысқа салып, қыр соңынан қалмайды екен.

Сол хатты тексеріп, анық-қанығына жету мақсатымен мені Гурьевке жұмсады. “Жақсылап тексер”, — деп тапсырды редактор. — Мұғалімдермен, ата-аналармен сөйлес. Облыстық, қалалық оқу бөлімдеріне бар. Мұндай жағдай басқа да мектептерде бар сияқты, балалардікі дұрыс болса, мораль тақырыбына жақсы бір ойлы мақала жазу керек.

Мектеп-интернат директоры отыз бен қырық арасындағы орнықты жігіт екен. Қазығы мықты болуы керек, асқақ сөйлеп, аяғын атұрғызар болмады. Аптадан артық жүріп, бірнеше кластың балаларымен, оқытушыларымен сөйлестім, облыстық комсомол комитетінде болдым, ақыры қойшы, ұстаздар қылығын өрескел санап, Алматыға оралысымен үлкен материал жаздым. Көсіле келе әлгі директорды да біраз “сүмірейтім” жібердім-ау деймін, араға апта салмай редактор шақырды. Алдында әртүрлі хат жатыр. “Отыр, Сәкен, — деді ол кісі, — үстіңнен арыз жауып жатыр. Комсомолдың Мәскеудегі, Алматыдағы орталық комитеттеріне, “Комсомольская правда” газетіне де жазыпты. Сен мектеп-интернат директорына жала жапқан

көрінесің. Зәрем зәр түбіне кетті. Кісіге орынсыз жала жабудан сорақы кінә бола ма. Ешбір уәж айта алмай, қарсы қояр дәлелім де жоқ, амалым құрып отырып қалыпшын.

— Сол жаққа Тельман Жанұзақовты жұмсап отырмыз. Тәжірибені қызықтар. Барсын, көрсін, анық-қанығына жетсін. Сол келген соң сөйлесейік, әзірше алаңсыз жұмысыңды істей бер, — деп мені еркіме жіберді редактор.

Алаңсыз болу қайда! Алғашқы командировкам еді. “Бүлдірген менмін-ау!” деген бір ой жегідей жеп, іштей мазасызданумен енді Тельманның жолын тостым.

... Тельман келіпті, ертең жұмысқа шығады, — дегенді естіп, ертесінде тоғыздан көп бұрын келіп, редакция маңында жүріп алдым. “Егер менің жазғанымды теріске шығарып келсе, редакцияға кірместен, жөніме кете берейін” деп те түйіп қойғанмын.

Бір кезде жеңіл басып келе жатқан Тельман ағамның да жылы жүзі көрінді-ау. Екі көзімді көзінен алмай, алдынан шығып сәлем бердім. Ол менімен жылы амандасып тұрып, не үшін абыржып жүргенімді сезді-ау деймін.

— Сәкен, сен сырттай ғана сыйпай қамшылап, сыпайылық жасапсың. Мынау бір сорақылық қой. Етпе, жазғанды енді мен көрсетейін оларға! — деді.

Қуанып кеттім. Әрі қарай не дегенім есімде жоқ. Төбем көкке жеткендей болып, жұмыс орныма дүрдиіп барып отырсам керек, әйтеуір.

Тельман жазды. Жазғанда да әрі-беріден қопара қозғап, мұның бәрі педагогикаға да, біздің моральға да жат іс екенін дәлелдей отырып, газеттің бір бетіне жуық материал берді. Көп ұзамай Гурьев облыстық партия комитетінен осы мақала бойынша іс қаралғанын, мектеп директоры орнынан алынып, бұдан әрі ұстаздық қызметке жолатылмайтын болып шешілгенін, оның шашбауын көтерген басқа да мұғалімдерге жеке-жеке шара қолданылғаны жайлы хат келіп түсті.

Сөйтіп, Тельманның мені де күдік-күмәннен біржола арылтып, редакция абыройын сақтап қалғаны бар еді.

Ол кезде ең бір өткір де “бармақ жалап оқырлық” қызғылықты материалдар осы Тельман басқаратын насихат бөлімінен өрбитін еді. Оқта-текте бөлім бастығының өзі де сүбелі де салиқалы мақалаларымен жарқ етіп бір көрініп қоятын. Иә, ол тіпті де төпеп жаза беретін, оң жамбасына келе ме, жоқ па, оған қарамай төпеп ұрып жаза беретін журналистер сапынан емеседі, көздемей атып

көрмейтін. Нысанасын белгілеп алып, реті келді-ау деген жағдайда ғана өкпе тұстан дәл тигізетін еді. Оны өз ортасында ерте танытқан да, айналасына абыройылы ете түскен де сол қасиет-қадірі болса керек.

... Бекең (Бекмырза Баймаханов) де жұмысқа оралды. Таныстық. Біз отырған бөлмеге келіп, менің столымды салалы саусақтарымен тықылдатып тұрып: "Сәкен, сен өз орныңа барып отырмайсың ба?" — деп қоятынды шығарды. Мен көз астымен ұрланып Тәкеңе қараймын. Ол болса жымыңдап қана қойып, үндемейді.

Сол әдет қайтанала берді. Әлде редакторға сөзін өткізе алмады ма, әлде Бекеңнен сескенді ме, әйтеуір өз бастығым столды тықылдатып келген кезекті бір жолы: "Сәкен, сен енді өз бөлмеңе бара ғой, Бекең деген біздің бәріміз сыйлайтын ең тәжірибелі журналист. Ол кісіден көп нәрсе үйренерсің әлі, — деп мені арқадан қағып, көрші бөлмедегі көршілес бөлімге (комсомол тұрмысы) шығарып салған.

Мен елге қайтып кетіп, он шақты жылдан соң Алматыға оралғанда Тельман Жанұзақов қызмет жағынан да, шығармашылық жағынан да көп ілгерілеп, әртүрлі басшылық қызметте жүргенін көрдім. Жолымыз қайта түйісе қойған жоқ. Бірақ жолыққан кезде сол баяғыдай шұрқыраса хал сұрасып, жылы амандасып жүрдік. Басқадай аралас-құраластығымыз болған емес.

АСҚАР ЕГЕУБАЕВ ХАҚЫНДА

Анық қай жылы екендігі есімде қалмапты, 1974 жылдың соңы немесе 1975 жылдың көктемі шығар деймін, Қазақстан Жазушылар одағында кеңесші болып істеп жүрген менің бөлмеме мұнтаздай болып сықиып киінген, барынша жинақы, барынша сыпайы бір жігіт келіп кірген. Асқар Егеубаев деген ініңіз боламын деп таныстырды өзін, сізге рахмет айтайын деп келіп едім. Мен түсініңкіремей, оның бетіне бажырая қарап қалсам керек, ол сәл-пәл езу тарта күлді де:

— "Жазушы" баспасындағы менің кітабымның қолжазбасына пікір жазған екенсіз. Кейбіреулерше "сойып салмай", оң көзіңізбен қарапсыз, соны айтайын деп едім.

Ол кезде сондай бір қалыптасқан тиімді дәстүр бар еді. Баспа өзінің тақырыптық жоспарына енгізейін деп отырған қолжазбаларын ең алдымен жұрт талқысына салып, біледі-ау дейтін адамдарға пікір жаздыратын. Мұндай сарапқа салудың екі жаққа да — баспаға да, авторға да —

пайдасы мол болатын еді. Мен де мұндай іске өзімше ат салысып, кезінде баспалардың тапсырмасымен шикілі-пісілі қолжазбалардың біразына жабық рецензиялар жазған едім.

Асқар өзінің "Қазақ әдебиеті" газетінде қызмет істеп жүргенін айтты. Соның алдында оның бірлі-жарым шағын мақалаларын да оқып, ұнатқаным болды-ау деймін, енді, міне, өзі де ішкі бір мәдениеті, кішілік қылығымен іші-бауырыма кіріп бара жатты.

— Апыр-ай, қолжазбаңды қарап жатқан кезде келіп айтпағаның-ай, бәлкі, басқаша көзқараспен оқып, оны-мұны ұсақ кемшілігін "байқамай" да кетер ме едім, — деймін мен оған.

— Жоқ, аға, осының өзі дұрыс болды. Айтқан сыныңыздың бәрін де құп алып, қабылдадым. Өңдеуге, жөндеуге бейілмін. Егер сізбен бұрыннан таныс болсам, қалай дегенде де қазақпыз ғой, көңіліме қарап, басқаша жазар ма едіңіз, кім біледі, — дейді ол барынша байсалдылықпен.

Қолжазбасы маған шынымен ұнаған еді. Әсіресе тілдік сапасы көңілімді аударған. "Сусылдап сұқсыр ұшты сайларынан" деген сияқты дыбыс үндестігіне орай құрылған бірен-саран жолдары есімде де қалыпты. Соны тәптіштеп жазып берсем керек. Авторына да біраз "ақыл" айттып жібердім-ау деймін.

Асқар өлең де жазды, әдеби сынмен де айналысты. Бұл екі жанрды қатар ұстаған адамдар біздің әдебиетте аз болмаған, бірақ солардың бәрінде де безбеннің бір жағы басыңқырап жататын еді. Асқар олай еткен жоқ, өзінің оң жамбасына келетін әдеби шығармаларының қай-қайсысына да барын сала кірісетіні сол бір балаң кезінен-ақ байқалып, оны басқалардан оқшауландырып тұратын еді.

Сол бір Жазушылар одағында қызмет істеп жүрген кезім бе еді, әлде одан кейінірек пе, анығын тағы ұмытыңқырап қалыппын, бірде қатар-қатар тізілген есіктердің бірін кездейсоқ ашып қалам деп, Әзілхан Нұршайықов ағам басқарып отырған әлдене жиынның үстінен түскенім бар-тын. "Кел, кел, Сәкен, — деді мені көре сала Әз-ағаң, — жақсы болды, мына Асқар ініңнің кітаптарын жастар сыйлығына ұсынып жатыр едік, бірер ауыз пікіріңді білдіре кет!".

Бөлмеде біраз адам бар екен. Біреулері сөйлеп қойған, біреулері енді сөйлеп жатты. Асқардың екі кітабы — бірі

әдеби сын, екіншісі — өлеңдер жинағы — сол жылғы жастар сыйлығына ұсынылмақ екен. Одақтағы жастар секциясын, сірә, Әзекең басқаратын болуы керек, жиналыс артық-ауыс бұрмалаусыз, дау-дамайсыз өз бабымен өтіп жатқан. Асқардың әлгі екі кітабын мен де аударар-теңкере бір сүзіп шықтым. Пікір айту кезегі келгенде өзімше "білгішсіп", "екі кеме құйрығын ұстамай-ақ, Асқардың осы бастан бір жақтанғаны дұрыс еді, біз не ақын Асқарды, не сыншы Асқарды қолдауымыз керек сияқты, сонда сөзіміз де өтімді, өзіміз де беделді бола түсер еді, деген сыңайда көсіліп бір кеттім-ау деймін.

Соңы не болғаны есімде жоқ, шамасы Асқар сол сыйлықты ала алмады-ау деймін. Өйткені сол кездің өзінде-ақ оның жолына көлденең тұрғысы келетін әртүрлі бөгесіндер бары байқала бастаған...

Асқар өз тұрғыластары арасынан суырылып шығып, әдеби ортаға тез сіңісіп кеткен жігіт еді. Сол отыздың о жақ, бұ жағындағы жасында ол саликалы ой, салмақты пікірімен ел аузына ілігіп, бірте-бірте үлкен-кішінің бәрі санасарлық үлкен беделге ие бола бастады. Бірақ ол кісіге ішін бермейтін, артық ауыс әңгімеге де бармай, бойын өзгеден аулақ та салмай, сол бір өзіне ғана тән салқын саяқ қалпын бұза қоймайтын еді.

"Жазушы" баспасының басшылығы кезекті бір ауысқанда директордың креслосына Сайын Мұратбеков келіп отырды да, бас редакторлыққа Мұхтар Мағауин, оның орынбасары етіп осы Асқар Егеубаевты тағайындаған. Сайынның өз ықпалы болды ма, жоғарыдан солай ұйғарылды ма, ол жағын анық білмеймін, әйтеуір осы үшеуі баспаға бір мезгілде келген.

Сайын мен Мұхтар көпті көрген, сан алуан айтыстар мен тартыстарға да қатысып, әбден пісіп-қатқан, ыстық-суыққа төзімді, ысылған азаматтар ғой, өз қолдарына тиген екі тізгін, бір шылбырды берік ұстап, әжептәуір қомақты ұжымды өз икемдеріне тез-ақ көндіріп, істі игеріп алып кете берді де, Асқар біразға дейін қоңылтақсып, өзін сырғақ ұстаған қалпы, бөлектене берген. Баспада оннан астам редакция бар, әрбір редакцияның өз алдарына орындайтын айлық, тоқсандық жоспарлары болады. Бас редактордың орынбасары көбіне-көп сол жоспардың орындалу графигін қадағалайтын. Бұрын бұл жерде Қайрат Жұмағалиев істеген, елгезек, елмен тіл тапқыш, мінезі жұмсақ жігіт. Бөлме-бөлмеге өзі кіріп, графиктің

қалай орындалып жатқанын есепке алып, редакциялардың да ішкі жұмысына араласып жүретін.

Асқар олай етпеді. Өзінің ішкі түйсік, дағдысы сол ма, әлде жоғарыдан “оқытып жібергендердің” ақылын мaldанды ма, әйтеуір, алғашқы күннен біз сияқты қырықтың қырқасына шығып қалған ағаларын кабинетіне шақыртып алып, жұмыс барысын сұрап, тапсырманы сол жерде беретін әдет шығарды. Мұнысы өзге түгілі, оны бұрыннан білетін маған да ұнаған жоқ. Соны өзіне сыр ғып айтып көріп едім, “жаңа басшы – жандайшап”, сөзімді құлағына ілер болмады. Сонысына мен де ерегесіп, сөзін жүре тыңдауға көштім.

Бірде баспа директоры өткізіп жатқан әлдене жиын үстінде ол маған қарата:

– Бұл кісі кейбір Мәскеуге тікелей шығатын министрлер мен ведомстволар сияқты директордың өзіне ғана бағынады ғой, — деп қағытып қалған еді.

Түсіне қойдым. Менің азды - кем үлкендік танытып жүргенімді ірілік көрсету деп біліп, намыстана бастаған сыңайы бар.

Жиын соңына мен Асқардың кабинетіне кіріп, оңаша отырып, асықпай ғана мән-жайды ұғындырдым. Бір-біріміздің мінез-қылығымызды түсінбей жүргенімізге екеуміз де күліп алдық. Ақылды жігіт қой, арғы жағын өзі де іліп әкетті. Арадағы азды-кем ұғыспаушылық сонымен біржола сейілді де, біз қайтадан қалтқысыз тіл табысып кеткен едік. Содан кейінгі қызметтес болған бірер жылда біздің арамызда басқадай шашау шығар әңгіме болған емес.

Асқар сол баяғы алғаш кездескен күнгідей салмақты, сыпайы да сылыңғыр, көзілдірік астынан кісіге тура қарайтын әдепті әдетінен айныған емес. Үсті-басына қылышты жуытпайды, қысы-жазы мойнынан галстугі түспейтін десе де болғандай. Сөйте тұра өзі көп іс тыңдыра жүріпті. Оның сол кезде Шығыс ғылымының шырқау биігі “Құдатлу-Білікті”, Қашқари, Баласұғанилердің қалың-қалың туындыларын бүгінгі қазақ тілінде сөйлеткенін білеміз. Бұлардың әрқайсысы бір-бір кісіге жүк боларлық қомақты дүниелер еді.

Ол кейінірек Ғылым академиясындағы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына бөлім меңгерушісі болып орналасты да, осы бір тұста қатты қайрат көрсетіп, қыруар іс тындырғанын білеміз. Махамбеттің 200 жылдық ұлы тойы қарсаңында оның

басшылығымен дауылпаз ақынның қалың-қалың төрт томдық кітабы жарық көрді. Менің бір әдетім — өз қолымнан келмейтін шаруаны атқарып шыққан адамға аса бір құрметпен қарайтыным бар. Асқарға да соны айттым. Бар болғаны соңына екі қолдың саусақтарының саны жетер-жетпес жырлары қалған Махамбет ақын өмірінен дәл бұлайша төрт том шығару, арғы-бергі мәлімет-мағлұматтың бәрін жинастырып, басын құрау нағыз бір инемен құдық қазғандай-ақ ауыр еңбек еді. Асқар соған қаймықпай барып, артында із қаларлықтай адал атқарып шыққан.

Асқардың жанкешті еңбекқорлығына кейінгі бір жылдары көзім жете түсіп еді. Ол әдеби жыл қорытындысында, үлкен суреткерлердің дәстүрлі мерейтойларында аса бір білгірлікпен, терең талдаулы, кең ауқымды баяндамалар жасап жүрді. Өзі қолға алған ісін үлкен-кіші, маңызды, мәнді деп бөле-жара қарамайтыны көрініп тұратын.

Бірде сонау Катон-Қарағайдағы Оралхан Бөкейдің 60 жылдық мерейтойына бара қалдық. Алматыдан қарасы қалың бір қауым ел болып аттанған бізді мейманхана болмауы себепті жергілікті белсенділер үйді-үйге бөліп орналастырып еді. Асқар екеуміз үш-төрт күн бір үйде жатып жүрдік. Алғаш қонған күнгі түнде әлдене тықырдан оянсам, әлгі үйдің ас бөлмесіндегі ұзын столдың бір жақ шетінде Асқар отыр екен. Алдында қобыраған көп қағаз. Шұқшия түсіп, әлденелерді асыға жазып жатыр. Есіктен таңырқай сығалаған мені көріп: “Түннің осы уағында оянып, бірер сағат жұмыс істейтін әдетім еді, ұйқыңызды бұзып жіберген жоқпын ба?” — деп сұрады.

Ұйқы бұзылсын-бұзылмасын, мәселе онда емес, мәселе түннің бір уағында шырт ұйқыдан оянып алып, Асқардың жұмысқа беріліп кетуінде еді. Өз басым бұл мезгілде аяғымнан сүйресе де тұрмас едім, соны ойладым.

Тағы бірде Жазушылар одағындағы жиналыс үстінде менің қасыма келіп жайғасқан Асқар:

— Аға, мен бір роман жазып бітірдім. Құдай қаласа жуырда жеке кітап болып та шығып қалар, “Жұлдыз” журналының бірнеше нөміріне жариялау да ойда бар, — дегенді айтты. Жәй бір хабарлама ретінде, сыбырлап қана айтты.

Мен де оған сыбырлап:

— Асқар-ау, үндемей жүріп докторлық диссертация қорғайсың, қаншама ғылыми жұмыстар жүргізесің, қызмет және бар, енді роман жазып тастасаң, — осының

бәріне қайда жүріп үлгересің! — дегенім бар еді.

Не десек те Асқардың артында адам қызығарлық мол мұра қалғаны рас. Соның бәріне алдағы кезде қаншама рет оралып соғып, әлі де қаншама бір әңгімеге алтын өзек ететін де болармыз деп ойлай беремін. Әзірше осымен азды-кем кідіре тұрайық.

ҚАТАРЫНАН ОЗА ТУҒАН ҰЛ

Алтынбек Сәрсенбайұлының қайғылы қазасы жайлы естігенде жаным қатты түршігіп еді... Ел аман, жұрт тынышта бұл не сұмдық деп төбе күйқам түгел шымырлап, күллі дүние көз алдымда дөңгелеп кеткендей болған...

... Сонау бір жылдары жап-жас журналист Алтынбек Ақпарат министрі бола қалды да, бәрімізді де, күллі баспасөз маңында жүрген біздердің көңілімізді елең еткізген. Одан бұрын арагідік ұшырасып, есен-саулық сұрасып қана жүретін едік. Менің ескі досым Мақсұт Нәрікбаев екеуі қалалық мәслихатқа депутат боламын деп, бір орынға балама кандидат ретінде таласып қалды да, ақыры келіп Алтынбек озып шыққан. "Өзім барып бірінші болып құттықтадым, — деді Мақсұт маған, — адал күрес болды, сен жеңдің, мен жеңілдім, баянды болсын! — деп ақ жол тіледім".

Сол Мақсұт бар, тағы біраз азаматтар бас қосқан бір жиында Алтынбек маған:

— Аға, маған кіріп шықпадыңыз ғой, — деп қалған еді.

— Е, министр кел десе — неге бармасқа, барамын, — дегенмін.

— Сіздің тұрғыластарыңыздың біразы кіріп-шығып жатады, бір келіп кетіңіз, — деген Алтынбектің өзі тағы да.

— Бар, — деді Мақсұт та, — министр шақырса жағдайың жаман бола қоймас.

Араға бірер күн салып мен де министрдің қабылдау бөлмесінен табылғам. Ауыз үйде кісі көп екен, мені танытандар да, бейтаныстар да бар. Кілең бір басқан жері солқылдаған сол кездің ығайлары мен сығайлары. "Әй, маған кезек тие қоймас-ау!" — деген күдікпен көмекшісіне таяп барып, жайымды айттым. "Өзі кел деп еді", — дедім. Бөтен бұйымтайым жоқтығын да қадап айтып жатырмын. Ішке кіріп, лып етіп қайта шыққан көмекші жігіт есік ашып, "Сіз кіріңіз!" — деді маған.

Өзім де мақтанға бейімдеу адаммын, әлгі сірескендердің алдында беделім көтеріліп, мәртебем өсіп шыға келгенін байқадым.

Дәл сол кезде мен Әнуар Әлімжанов марқұмның өзі бас болып ұйымдастырған "Қазақ мемлекеті" аталатын газеттің бас редакторы едім. Социалистік партияның басты органы болатын.

Өзі де асықпай, мені де асықтырмай хал-күй сұрасып, әжептәуірге созылған сұхбаттан соң, Алтынбек:

— Қызметіңіздің перспективасы шамалы-ау деймін, аға, басқа бір қолайлы жұмыс қарастырайын, қалай қарайсыз? — деді.

Мен бірден құлай түспей, өзің біл дегендей ыңғай таныттым. Сол күйі жылы қоштасып, ұзатып салды ол мені. Екі-үш апта ішінде хабарласып қалатынын шегелеп айтқан.

Мен бұл әңгіме турасында тірі адамға жақ ашып, ләммим деместен үш-төрт ай министр жағынан бір хабар күтумен болдым да, ақыры шыдамай, мұнысы қалай дегендей етіп, қарауымдағы орынбасарым Жүрсін Ермановқа сыр ғып айтқан болатынмын. Жүрсін де әртүрлі жорамал айтып, өзара күле отырып, "жә, түк ете қоймаса, көре жатармыз" — дегенге табан тірегенбіз.

Арада екі-үш ай өтіп, кездейсоқ кездесіп қалғанда, Алтынбек:

— Бір кілттипаны болып, уәде үдесінен шыға алмай жатырмын. Ұмытқан жоқпын, — деген де қойған.

Содан күндердің бір күнінде мені "көлік жіберейін" деп қолқалап, министрдің сол кездегі орынбасары Әлібек Асқаров інім шақырды. Ол күле отырып, өзі емес, министрдің атынан сөйлеп отырғанын, Алтекең маған "кітап музейіне директор болсын" дегенді айтқанын, соған қалай қарайтынымды сұраған.

Мен ол қызметті қомсынып қалып едім.

— Жалақысы қанша екен? — деп сұрадым Әлібектен.

— Пәлендей үлкен жалақы жоқ, — деп Әлібек тоқ етерін айта қоймады.

— Онда өкпе жоқ, рақмет, — дедім Әлібекке. — Қай жағынан алып қарағанда да, кісі қызығып баратын қызмет емес екен, тұздығы татық болмайды, қоя-ақ қойғандарың жөн шығар, — деп солбырайып үйге қайта бергенмін.

Бірер апта өткізіп барып, Алтынбек мені тағы шақырды. Бұл жолы салқын қабақтау қабылдап, суықтау сөйлесті.

"Мен айтқан қызметтен бас тартқаныңыз қалай?" — деді реніші барын жасыра алмай.

Әлібекке айтқанымды оған да айттым. "Не моральдық, не материалдық жағынан тиімді емес екен" — дегенді қосып қойдым.

— Бәрі де менің қолымда емес пе, — деді Алтынбек, — бір баспаның директорының жалақысы мөлшеріндегі айлық қоймақ едім. Коллегияға мүше боласыз, менен басқа Сізді жан баласы іздемес еді. Кітапты қасқыр жеп кетпейді, шығармашылықпен айналысуға мүмкіндік жасайын деп ойлағам. Өлеңіңізді жазып, еркін жүрер едіңіз ғой.

— Пәлі, Әлібек маған бұлай түсіндірмеді ғой, онда айтқаның болсын, барайын, — деп қалбалақтадым.

— Жоқ, ол жерге басқа бір азаматты тағайындап қойдым, тағы бір реті келгенше күте тұрасыз енді, — деп, ол тағы да құр қол қайтарды.

Мен бұл жолы іштей күліп қана кете бердім. Араға тағы да бірер ай салып Алтынбек өзіне қайта шақырды. "Сәкен аға, ойланып жатуға уақыт жоқ, келісерсіз деп отырмын, өзіңіз істеп кеткен "Жазушы" баспасына бас редактор болып барасыз. Егер көңіліңізге ұнамаса — бес-алты айдан кейін маған қайыра келіп жағдайыңызды айтарсыз, одан арғысын тағы да көре жатармыз", — деді.

Сөйтті де, Әлібекке телефон соғып: "Сәкен аға келісіп отыр, қазір апарып өзіңіз орнына отырғызып қайтыңыз!" — деді де, күліп тұрып, менің қолымды қысты.

Алды-артымды министрдің өзі осылай орап тастаған соң маған келісім беруден басқа жол қалмап еді. Қайта айналып барып, ақыры сол баспаға бас редактор болғанмын.

Бірақ мен бес-алты айдан соң да, бес жылдан соң да Алтынбектің алдына қайтадан барған емеспін. Баспа директоры Есенғалимен бірден тіл табысып, ағалы-інілі адамдардай болып кеттік те, министрге барып тірелердей бұйымтай бола қоймаса керек, сірә.

Кейін, 2000 жылы бір кездескенде Алтынбек жағынан өзіме деген әлдене қырын қараушылықты аңғардым. Әлдебір антұрған бірдеме деді ме, о жағын білмедім, сұрап, анықтап жатудың ретін келтіре алмадым. Қырғи-қабақ қалпымызда алыстан сыйласып жүретін халге түскенбіз, әйтеуір.

Содан ол Мәскеуден оралған күндердің бірінде Қабдеш Жұмаділов, Мұхтар Мағауин, Оразбек Сәрсенбаев, Бексұлтан Нұржеке, Баққожа Мұқай және басқа

біразымыз бар, басымызды қосып, 3-4 сағат оңаша отырып, сұхбаттасқан едік. Алтынбек те өз кезегінде елбасының алдынан өтіп, арылғанын, ол кісіге ешқандай өкпе-реніші жоқтығын, қайта мұның жастығына қарамай, үлкен лауазым құлағын ұстатқан қамқорлығы, көтермелеп, ұдайы қолдап келе жатқаны үшін разы екенін айтып, бірақ айналасының оспадар қылығы ұнамайтыны, оны еркін саясаткер ретінде болмаса, қатар жүріп көзге шұқып көрсету мүмкін еместігін түгел жеткізгенін, сол үшін таза ғана саясатпен айналысқысы келетінін білдірген. Бізден де ақыл-кеңес сұрағысы келетін ыңғай танытқан.

Кімнің кім екенін айтқызбай-ақ жақсы білетін Алтынбек министр болып тұрған кезінде бұл азаматтардың қай-қайсысының да мұңына құлақ түріп, мұқтажын өтеуге қолғабыс еткен болатын. Сөзімізде соны да тілге тиек еткен біз қолымыздан келгенінше қарымтасын қайтару жағында болатынымызды айтқанбыз.

Сол жолы Алтынбек суырыла сөйлеп, ағымдағы саясатты, ел ішінің ішкі, сыртқы жағдайын, қазіргі хал-ахуалдан бізге қарағанда анағұрлым көп білетінін көрсетіп, өзгеміз аңғара бермейтін көп жағдайдан барынша мол мағлұмат беріп еді. Кейін "Ақ Жол" партиясының құрылтайына қонақ ретінде шақырылып, өз тарапымыздан ықыласпейіл білдіріп қайтқанымыз бартұғын.

Сол Алтынбектен ақыры жан түршігерлік жағдайда айырылып қала бердік...

АЗАМАТ ЕРДІҢ БЕЛГІСІ...

Ісін көріп ісініп, сөзін естіп сүйсініп жүретін бір адамдарың болады. Сен оны жыға танымауың да мүмкін, көрсең — көп ішінде көрген шығарсың, қол беріп, қол алысып амандасқаннан әріге ұзаған таныстығың да жоқ. Сөйте тұра ауыздан ауызға тараған, ауыздан аңызға айналған әрбір ісі, әрекетіне қыбың қана разы болып, алғырлығына, азаматтығына айызың қана: "әп-бәрекелде!" — деп қостай түсіп, қолпаштап отырасың. Мен үшін сондай азаматтың бірі — Аманкелді Ермағияев. Бір ғана емес, бірегейі де болуы мүмкін...

Бізді қолымыздан сүйреп әкеп таныстырған ешкім жоқ. Алғаш рет мен оны 1997 жылдың қоңыр күзінде көріп едім. Біздің жақтың ағайынға сыйлы арыс азаматтарының бірі, көрнекті ғалым-математик Тайтөлеу Ахметқалиұлы

жер ортасы жастан аса бергенде аяқ асты жастай қосылға жары Зинагүлден айырылып қала берген. Есеңгіреп қалған ер, шиеттей бала-шаға, дәрменсіз жекжат-жұрағат арасында бір қора жора-жолдас болып біз де жүргенбіз. Қайғысына ортақтасып, қара көбейткеніміз болмаса, жөн-жоралғы айтып, жәрдем беріп жатқанымыз да шамалы.

Өлім деген біреудің малын шаша, біреудің артын аша келіп, алды-артын ойлай білетін есті адамның өзін есеңгіретіп тастайды ғой. Біз білетін алпамсадай Тайтөлеудің өзі де бір уыс болып шөгіп, есеңгіреп қалғандай болған. Сонда сұңғақ бойлы, шалт қимылды бір жігіттің даусындағы екпін-жігер, әр нәрсені рет-рет, жөн-жөнімен айтар сұңғылалығы еріксіз өзіне қаратқан. Айнала жөн сілтеп, жоралғысын жасап, үлкен қайрат танытып жүргенін бірден байқап едім. Бұрын-соңды көрмеген жігітім болған соң, менің "бұл кім болды екен?" деген ымыма қасымдағылар: "Аман ғой, Аманкелді Ермагияев, Тәкеңнің іні досы, қалтасы да қалың, қайырымды азамат" — десіп жатты. Фамилиясы ауырлау екен, есімнен шығып кетті де, есімі жадымда жатталып қала берді.

Араға бес-алты жыл салып, сол Тайтөлеудің өзі де бақиға аттанды. Оны жөнелтудің бар ауыртпалығын тағы да сол Аманкелді өз мойнына алды. Бір жыл бойғы жол-жоралғысын атқаруға бас-көз болғанын және көріп едік. Көріп қана қоймай, досқа деген адалдықтың, адами парызды өтеудің куәсі болғанбыз. Кейін сол Тайтөлеудің туған апасы Рақыш інісі жайында "Өткендерім мен өткелдерім" деп аталатын кітап жазып, сол шығарманың өн бойында Аманкелдіге деген шексіз алғысын айтып, бір өзі ғана емес, Тайтөлеу әулеті, ағайын-жұртының әлі күнге разы екендігін білдіріп отырыпты. Мына мың құбылған бейдауа тірлікте екінің бірінің қолынан келе бермейтін кісілік қамқорлыққа аналық үлкен алғысын сыпайы ғана жеткізіпті.

Кейбір әлемді аузына қаратардай, жер жүзін жарылқап тастардай болып күпініп жүретін жігіттердің кісіге қол ұшын беруге келгенде уәдесінің өзі су аяғы құрдымға кетіп жататынын осындайда ойлайсың. Ал Аманкелді болса, сондайлардың мыңына татитын жігіт. Кейін біршама таныса, білісе келе өзім де Аманкелдінің қазіргі жұрт назарында жүрген қалталы азаматтардың қай-қайсысынан да еңселі, шоқтығы биік тұратынын байқадым. Сәті түсіп аз-кем сырласа қалған тұстарда оның малтабар көп пысықтың бірі емес, нағыз ұлт перзентіне айналған, елі

мен жері үшін барын түгел жұмсаудан тартынып, аянып қалмайтын біртуар тұлға екендігіне көзім жете түскен-ді. Оның оқыған-тоқығаны да аз емес, ойы ордалы, түйсігі қордалы жігіт екендігін аңғармау мүмкін емес. Әлдекімше бұғына қалу, біреулердің сыртына тығылып қалу онда жоқ. Қаймана қазақтың басына іс түссе шақыру күтпей алдымен жүгіретін қасиеті бар. Кілең бір қызу істердің ортасында жүреді. Онда да қосақ арасында емес, дау мен дамай, айтыс пен тартыстарда көзге оқшау түсетін азамат. Өз бағытының дұрыстығын ісімен де, іскерлігімен де дәлелдеп жатады. Елдің жақсылығына алдымен қуанып жүретін ақкөкірек азамат та осы Аманкелді.

Аманкелді Ермегияев – “Алматықұрылыс холдинг” компаниясының президенті. Алматы қаласындағы біршама ірі құрылыс мекемелерінің негізінде құрылып, іріленген, өткелектерден де, өткелдерден де өтіп, қазір сан-салалы алып құрылымға айналған компанияның не істеп, не қойып жатқанын талдап жатуға, саралап айтып беруге менің шамам жетпес. Бізге керегі – “Алматықұрылыс” мекемесінің басшысы Аманкелді Ермегияевтың бас көтеруге мұрша бермейтін күнделікті қызметі емес, қайырымдылық жолындағы азаматтық тірлігі, оның туған жерге, қалың елге жасап отырған қамқорлығы. Бүгінде Ермегияевтерді білмейтін қазақ жоқ. Ол әулеттің абыройы асқақ, мерейі үстем. Аманкелдіні жерлестері мақтан тұтады, оның жоқ-жітікке қамқорлық жасап, жәбір көрген адамға құшағын кең ашатын азаматтығына тәнті болады.

Аманкелдінің өзі Райымбек ауданының азаматы. Ол әулет сонда көктеп, көгерген. Бір заманда ата-бабасы осында ауып келіп, тұрақтап қалған. “Ер туған жеріне” дейді ғой. Ендеше оның ең алдымен өзі туып өскен Жалаңаш ауылын тікелей қамқорлығына алуы заңды құбылыс еді. Туған жер қай перзентіне болса да ерекше ыстық. Күні кеше көгіне аунап, өзен-көліне шомылып өскен аймағының күн санап гүлдене түсуіне сөзбен емес, іспен қол ұшын бере алсақ, одан артық ғанибет болар ма?! Біріміз “эттең тонның келтесі-ай” дегізер қол қысқалығынан, қолы ұзарғандар болса сол баяғы бақай есеп енжарлықтан ештеңе тындыра алмай жүреміз. Тындырғандарды көріп, үлгі алайын, үйренейіндерлік ынта мен ықылас және жетіспей жатады. Өйткені, Аманкелді де тапқанын қайда жіберерін білмей жүрген жоқ шығар. Бірақ қашанда халқына қамқор көңіл танытып, туған жұртының жыртысын жыртып, қолда барын аяп, аянып

қалмайтын мәрттігі оны қатарластарының алдына шығара береді. Мерзімді баспасөз беттерінен оқимын, сол өңір азаматтарының ауызекі әртүлі әңгімелерінен естиміз, Аманкелдінің туған жеріне жасап жатқан еңбегінде есеп жоқ екен. Мемлекеттің өз қолынан келмей жатқан кешегі бір қысталаң тұста өзі оқыған Жалаңаш орта мектебін күрделі жөндеуден өткізіп, 650 гектар жерге орналасқан қосалқы шаруашылығының қаз тұрып кетуіне мүмкіндік жасапты. Мектеп маңына мыңдаған түп шырша, басқа да ағаштар отырғызылған. Екі бірдей сыныпқа интернетке қосылған компьютер орнатылған. Жүзу бассейні, спорт залы жаңадан салынған. Жасөспірім спортшылардың шет елдегі жарыстарға қатысуына қажет материалдық шығынның бәрін өзі көтеріп алыпты. Ол осының "қайырымы бола ма, жоқ па?" деп әлдекімше екі шоқып, бір қарамайды. "Қыран баласы алғанын айналасына шашып жейді" деген қағиданы берік ұстанған ол мұның бәрін азаматтық борышым, елге тигізген қолғабысым деп біледі.

Қазақ бір перзентін басқаларынан айрықша жақсы көргенде: "осы ұлым бір төбе де, өзгелері бір төбе" дейді. Аманкелді туған өңірде одан да қалталы, одан да дәулетті іскер жігіттер жоқ емес, бірақ біздің білетініміз — солардың бәрі жиылып келіп әзірге Аманкелді тындырған шаруаның оннан бірін де жасай алмаған секілді.

Екіншісі біледі, елімізде өтіп жатқан, басы-қасында Жүрсін Ерманов жүрген айтыс атаулы Ермагияевсіз өтпейтін болды. Міне, қанша жыл болды, Алматыда, Қарағанды, Жезқазған, Балқаш жағында өтіп жататын айтыс жайлы хабарламадан әмісе: "Бас демеуші — "Алматықұрылыс" компаниясының президенті Аманкелді Ермагияев" деп жатады. Жұрттың құлағы да, еті де оған әбден үйреніп болған. Айтыссыз Аманкелдіні, Аманкелдісіз айтысты елестету қиын.

Шынында айтыс өнері соңғы жылдары өзінің шырқау биігіне көтерілді. Қазіргі мәдени тірлігімізді "айтыссыз" елестету де мүмкін емес. Жұрт не десе, о десін, бүгінгі таңда халықтың ең көп қызығып тамашалайтыны да осы "Айтыс". Біздің бұл сөзімізге соңғы кездері айтыс өнері жайында бүгінгінің ғұламалары Мырзатай Жолдасбеков, Тұрсынбек Кәкішев, Рымғали Нұрғалиевтер үзбей жазып келе жатқан мақалалар дәлел бола алады. Ендеше, сол айтыстың тартымды өтуіне Аманкелді Ермагияев аз еңбек сіңіріп жүрген жоқ. Әсіресе, соңғы бірер ай үрдісінен Республика Сарайында апта сайын жалғасып, "Хабар" телеарнасы бойынша тікелей эфирден көрсетіліп келе жатқан

айтыстарға қаншама қажыр-қайрат, уақыт пен қаржы керек десеңізші. Басқасын білмеймін, дәл осы айтыс өткізуге, оған демеуші болып, бәйге тігуге Аманкелді Ермегияев басқаратын "Алматықұрылыс" компаниясының (кейін оған "Отан" партиясы қосылды) ондаған миллион теңге шығарғаны белгілі.

Қазір "меценат" сөзін жиі қолданып жүрміз. Біреу білер, біреу білмес. Римнің алғашқы императоры Октавиан Августың тұсында Гай Цильный Меценат деген аса дәулетті адам өмір сүрген. Жасында саясатқа белсене араласып, императордың кеңесшісі болған. Кейін біржола ақындар мен өнер адамдарының қамқоршысына айналып, император Августың ақыл-кеңесі бойынша, ғұмырының бәрін қазіргіше айтқанда демеушілік, қайырымдылық жолына арнаған. Өшпес өнер жасай білетін шынайы өнерпаздардың шығармашылықтан басқаны ойламай қамсыз тірлік кешуіне жағдай жасап отырған. Оның тұсында әсіресе Рим поэзиясы күрт көтеріліп, Вергилий, Торації сияқты ақындардың бүгінге жеткен мәңгілік мұралары дүниеге келген. Аманкелді Ермегияев та айтыс өнерінің дами түсуіне барын салып келеді. Бұл оның таза меценаттық ісінің бір жағы болса, екіншіден, бірқатар белгілі-белгісіз авторлардың кітабын шығарып беруге де себепкер болғанын білеміз.

Жұрттың бәрін құдай болмаса ешкім де жарылқай алмайды. Сөйте тұра торқалы той, топырақты өлім дегендей, көпшіліктің басы қосыла қалған жиындарға Аманкелдінің баратынын білетін адамдар оның алдын орап, хат тапсырып, оңашалап алып шығып, көмек сұрап, өтініш білдіріп жатады. "Ұлық болсаң кішік болуды" өнеге тұтқан Аманкелді жымыш күліп, бәрінің көңілін табуға тырысып, жұрт арасынан сытылып шыға алмай, шырмалып жүреді үнемі.

Жоғарыда біз тілге тиек еткен Август тұсындағы Меценат та жасында саясатпен айналысып, ұлғая келе ел ісіне араласудан мүлдем қол үзбесе де біржола қайырымдылықпен ғана шұғылданса, Аманкелді Ермегияевтің дәл қазір қып-қызыл саясат өртінің ішінде жүрген сыңайы бар. Ол қазір еліміздегі ең беделді "Отан" партиясы жетекшілерінің бірі. Әрине, партия басшысы Президентінің өзі. Орынбасарлары қатарында Парламент спикері, кешегі вице-премьерлер бар. Ол бұл қызметте мүлдем шегенделіп, темір құрсау ішінде қалғандай көрінуі мүмкін. Мен біреу минутқа созылған бір әңгіме үстінде

осы жайлы оның өзінен де сұрағаным бар еді. Сонда ол: "Бәрі де көз алдыңызда өтіп жатыр ғой, біздікі әйтеуір ел мен жерге, замандастар мен болашақ ұрпаққа қанатымен су тасыған қарлығаштай болса да пайдамыз тисе деген ниет қой, беталыс нәтижесіз емес, қалғанын уақыт көрсете жатар", — деп еді.

Сапарлас та, қатарлас та жүрген кездеріміз аз емес. Сөйте тұра әлі күнге сол алғашқы танысқан сыпайы дипломатиялық қатынастан әріге ұзап кете қойған емеспіз. Оның үстіне Абайдың:

Сый гәметпе, берсе алма еш ағамнан,

Нең кетеді жақсы өлең, сөз айтқаннан, —

дейтін қағидасын берік ұстанып келе жатқан жайымыз бар. Біздікі бұл жерде жақсының жақсылығын айту парызынан туындайтын шынайы ниет қана.

КӘКІМЖАН АҒА ҚАЗЫБАЕВ

хақындағы бірер сөз

1960 жыл еді, алғашқы айларының бірі болатын. Бірер ай ғана бұрын "Лениншіл жас" газетіне әдеби қызметкер болып орналасқанмын, сол кезгі редактор Әбдісаттар (жұрттың бәрі Саттар дейтін) Бөлдекбаевтың өзі ауылда жүрген жерімнен арнайы жеделхат жіберіп, шақырып алған.

Ол кезде түнгі кезекшілердің ертеңгі шыққалы жатқан газеттің бірер данасын редактордың үйіне апарып көрсетіп қайтатын дағдысы болушы еді. Бір күні мен де кезекші бола қалдым да, редакторға газет апару міндеті маған жүктелді. Секретариат жігіттері жазып берген адрес бойынша редактордың үйін тез тауып алып, пәтерінің есігін жүрексіне қақтым-ау деймін. Есікті маған орта бойлыдан сәл жоғары, дембелшелеу келген қызылшырайлы жігіт ашты. Қою еді деуге келіңкіремейтін жылытыр қара шашын тігісін жатқыза тарайды екен, бірден соны байқадым. Менің қандай шаруамен жүрген кісі екенімді айтқызбай-ақ сезді білем, қолымдағы газетті алып, кері бұрыла бергенде арқы жағынан екі көзі күлімдеп Саттар ағамның да сұлбасы көрінген. Күніне неше дүркін кезігіп жүретін өз қызметкерімін ғой, ол кісі де маған ілтисіп білдіре: "Кел, кел, Сәкен, бері, төрге шық!" — деп жатыр. Мен алып келген газеттерге қол соза беріп, жаңағы маған есік ашқан жігітке:

Саған айта беретін Сәкен осы, — деді де, енді маған

қарап: — Бұл Кәкімжан Қазыбаев деген ағаң, танысып қой, сені сұрай жүруші еді, жақсы болды-ау өзі! — дегенді қосып қойды.

Мен елең ете түстім. Өзін алғаш рет көріп тұрғаныммен, Кәкімжан Қазыбаевтың аты-жөніне мен көптен бері-ақ қанық едім. Республикалық баспасөз беттерінен оның уытты да ұтқыр, ойлы да оңды, біз сияқты жаңа талап жастардың нағыз бармақ жалап оқуына лайық материалдарын көріп тұратынмын. Оның үстіне өзім сол "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас Алаш") газетіне қызметке келгелі редакциядағы үлкен-кіші әріптестерім аузынан ұдайы ғана: "Кәкімжан өйтуші еді, Кәкімжан бүйтуші еді. Кәкімжан олай дейтін, Кәкімжан былай дейтін, Кәкімжан айтушы еді, Кәкімжан болса былай етер еді!" — деген сияқты сөздердің қаншасын естіп, соның да біразы құлағымның түбінде үзілмей тұрып алған. Мен келерден біраз ғана бұрын басқа жұмысқа ауысып кеткен Кәкімжан есімді адамның иісі де, ізі де әлі сайрап, айнала сезіліп тұратыны байқалатын. Әлгіндей қимас ықылас, жарым ырыс жақсы сөздерді естіген сайын да, сол адамның өзін бір көруге аңсарым ауа берген. Міне, енді ол да мені білетін болып шықты. "Сен жайында сұрай беретін", — деп редактордың өзі айтып тұр.

Редакторым аударып-төңкеріп, газет беттерін ақтарып кетті де, мен болсам Кәкеңнің әр сөзін аңдып, аузына қарай беріппін. Соны сезді ме, кім білсін, Кәкең де маған жылыұшырай қарап, сөзге тартып, оны-мұны сұраған болып жатты. Үйде басқа да кісілер бар ма еді, ол жағы есімде қалмапты, біреуі өз редакторым, біреуі айналасына, әсіресе біз сияқты жастарға үлгі бола бастаған танымал журналист, сол екеуінің де мені қомсынбай, тең тұта сөйлескендігінің өзіне қымсынып, терлеп-тепшіп, әйтеуір бірдеңелер айтсам керек, Кәкеңнің не деп, не қойғаны есімде қалмапты.

Бүгінде есептеп көрсем, Кәкеңдер ол кезде отыздың о жақ, бұ жағындағы жігіттер екен-ау! Жиырманың үстіне енді шыққан біз үшін тым ересек, байсалды аға болып көрінетін еді.

Кәкең онда Алматы облыстық "Коммунизм таңы" (қазіргі "Жетісу") газеті редакторының орынбасары болып істеп жүрсе керек.

Бір жылға жетер-жетпес мезгілде мен әлдене себеппен қоржынымды арқалай қайқайып елге қайттым да, Ұялы деп аталатын балықшылар ауылында мұғалім болып жүрдім.

Бір күні сондағы балықшылар ұжымшарының төрағасы Төкен Рысбеков дейтін азамат мені іздеп тауып: “Саған Алматыдан Кәкімжан Қазыбаев телефон соғып жатыр, маған қайткенде де хабарластыршы деп тапсырып еді, жүрші, кеңсеге барып сөйлесейік”, — деп кабинетіне ертпін кірді де, әне-міне дегенше Кәкеңмен де байланыстырған.

Аман-саулықтан соң Кәкімжан ағам:

— Сәкен, бізде, партотделде бір бос орын болып тұр. Келем десең — дәл қазір бұйрық бергізе берем. Қалай қарайсың? — деп сұрады.

Алматыдан ауылға оралғаным да небәрі бірер айдың жүзі болғанын, шошаңдап, әрі-бері шапқылай беруім қалай болар екен? Биылша жылы орнымнан қозғалмай, осында қала тұрайын да, тағысын тағы көре жатармыз дегенді айттым.

Кәкең:

— О жағын, енді өзің біл. Мен, әйтеуір, сен “Лениншіл жасқа” өкпелеп кетті ме деп, өзімізде орын болып жатқан соң... шақырып тұрғаным ғой, — деді.

Мен ағама көптен-көп рахметімді жаудырып, өз пікірімде қала бердім. Алматыдан алыстап кеткен мені ұмытпай, есіне алып, іздестіріп жүрген адамға ішім жылып, елжірей разы болғанымның да несін жасырайын.

... Араға бірер жыл салып барып, ақыры сол “Жетісу” газетіне меншікті тілші болып орналастым да, Кәкеңнің тікелей қарамағына көштім. Газет редакторы Әбдуәли Қарағұлов болғанымен, редакцияның ішкі жұмыстарының бәрі дерлік Кәкеңнің қолынан өтетіні байқалатын.

Мен Алакөл, Андреев, Сарқант аудандары бойынша меншікті тілші едім. Меншікті тілшіде маза деген болмайды екен. Редакцияда істейтін жігіттердің әрқайсысы-ақ сені өзіне ғана меншіктеп алып, шетінен өктем сөйлеп, бастық болғысы келеді. Үйіп-төгіп тапсырмалар беріп жатады. Біріне үлгеріп, біріне үлгермей қаласың. Айтқанды тез орындай қоймадың деп дігерлеп, кейде тіпті қоқан-лоқы жасап та “бол-болдың” астына ала діңкенді құртатындары және бар. Соларға шыдамай, біреулерімен жүз шайысып та қалып, бірде Кәкеңнің өзіне шағымдандым.

— Жігіттердің ондайы бар, — деді Кәкең сабырмен, — бірақ сен олар айтты екен деп алашапқын болып жүгіре берме. Тасемен ағаңмен (хат және тілшілер бөлімінің меңгерушісі) келісіп ал да, айлық, тоқсандық жоспар жасап, сол бойынша жұмыс істе. Ісің де сонда өнімді болады, жігіттердің айқайынан да құтыласың.

Түп-тура солай істедім. Енді бірін тыңдап, бірін тыңдамай өз бетіммен жұмыс жүргізе бастаған соң ба, кім білсін, әйтеуір бұрынғыдай дігерлеп, дікендей бермей, редакциядағы өзім сияқты жас жігіттер де мені жайына қалдырып еді.

Мәрия екеуміз үй болып, отау көтергелі жатқанда да соны әлдекімдер арқылы естіп-білген Кәкең біздің үйге телефон соғып еді: "Оу, Сәкен, құтты болсын бәрі. Тойыңа бізді шақырмаушы ма едің?" — деген. "Сіздер келесіздер ме?" — деп сұраппын ғой мен бейбақ. "Е, шақырсаң — неге бармаймыз, барамыз", — деп күлді о кісі.

Тағы да бірер күннен соң Кәкеңнің өзі телефон шалып: — Сенің тойыңа ішіп-жеуден де, сөз сөйлеу жағынан да алдарына жан салмайтын екі азаматты жіберіп отырмыз, бәріміз қатыспады деп өкпелеме, — дегені де бар еді.

Сөйтіп біздің үйлену тойымызға газет редакторының Кәкеңнен кейінгі орынбасары Сарбас Ақтаев пен әлінде айтқан Тасемен Жүсіповтер редакция атынан сый-сияпаттарымен келіп, қатысып қайтқан болатын. Аты-жөні көпшілікке әлі мәлім бола қоймаған жас азаматтың ел ішіндегі мерейін ойлап, бәріне бас-көз болып жүрген тағы да сол Кәкімжан ағам еді.

Осы бір тұста Талдықорған өз алдына қайтадан дербес шаңырақ көтеріп, Алматы облысынан бөлініп шықты да, мен қайда баруды білмей Кәкеңе тағы телефон соғып едім.

— Сәкен, — деген Кәкең, — егер бізге, аппаратқа келем десең, орның әзір, осы қазір-ақ приказ (бұйрық) бергізем. Бірақ баспана жағы қалай болар екен? Өзің жаңа үйленген жігітсің, ерлі-зайыптылар арасындағы сызат та кейде сол баспана жетіспеуінен туындап жататын еді. Қабырғаңмен кеңес, ойлан. Талдықорғанға редактор болып Баянжан Мәдиев барғалы жатыр. Сені жақсы біледі, мен де айтып қоярмын. Онда барсаң пәтер мәселесі де тезірек шешіліп қалуы мүмкін. Қысқасы, өзің ойланып, өзің шеш.

Мен де алды-артымды ойлана келе, Талдықорғанға табан тірегенім дұрыс болатын шығар-ау деп ұйғардым.

Соның артынша Кәкімжан аға партияның Орталық Комитетіне жауапты қызметке ауысты да, сондағы Сапар Байжанов екеуі Талдықорғанға соғып, жаңа ұымдасып жатқан облыстық газет қызметкерлерімен кездесу өткізгендері де есте қалыпты.

Өз басыма үйіп-төгіп жақсылық жасай қойып еді десем, сірә, жалған айтқандық болып шығар еді, бірақ ұдайы ғана мені де, мен сияқты Қастек Баянбаев, Сайын Мұратбеков,

Тұрсынзада Есімжановтарды, өзінен екі-үш жас қана кіші Құдаш Мұқашев, Әділбек Абайділдановтарды көзінен таса қылмай, бірімізден бірімізді сұрастырып, іздестіріп, қамқор қолын созғысы келіп жүретіні аңғарылып тұрушы еді. Қайсысына қаншалық шарапаты тиді, о жағын енді... сол аттары аталған азаматтардың өз іштері білетін шығар. Кесіп-пішіп ештеңе дей алмаймын.

Жасыратыны жоқ, кісінің бітім-болмысын, қадір-қасиетін көбіне-көп өз басымызға жасаған жақсылығымен ғана өлшегіміз келіп тұратын пенделігіміз де бар ғой, сол Кәкен кейін Орталық Комитет хатшылығына көтерілген кезде де бірден көмек қолын соза қоймады деп, сырттай реніш білдіре, бұртиып жүретіндеріміз болған.

Сонау бір жылы Қара теңіздің Кавказ жағындағы Пицундада демалып жатып, сонда кезіккен Хайдолла Тілемісов ағамнан:

— Кәкенмен арадан қыл өтпес дос сияқты едіңіз, қазір қалайсыздар? — деп сұрап қалғаным бар.

Хайдекең марқұм, не керек, адал да аяулы жақсының бірі еді. Менің сұрағымның арғы астарын айтқызбай аңғарып, күле түсіп отырды да:

— Қазір сирегірек ұшырасамыз. Кәкімжан, өзің білесің, тез өрлеп, биіктеп кетті де, жан-жағына қарайлай беруге мұршасы болмай барады-ау деймін, — деп бір қойған.

— Жолыға қалсаңыз, ол кісіге айтып қойыңызшы, — дедім мен Хайдекеңе, — соңында біз сияқты сенімді інілері барын да ұмытып кетпей, бұрынғыдай қарайлай жүрсін деп.

— Жарайды, жолықсам — айтайын, — деген Хайдекең. Алматыда тағы бір кезіккенде Хайдекең:

— Сәлеміңді жеткіздім Кәкімжанға, — ол да елеңдеп, "Әй, ол тентек ішу жағын қайтты екен? Жағдайы қалай өзінің?" — деп сұрап жатты дегені бар.

— Иә, сосын, — деймін ғой мен елеңдеп.

— Сәкен арақ ішпек түгілі, темекінің өзін де тастағалы жүр деп айттым, — деді Хайдекең.

— Дұрыс айтқан екенсіз.

Кәкімжан ағамның ішу жағын сұрауында да мән бар еді. Бірер жыл бұрын Кеңес жазушыларының Қазақстандағы онкүндігі өткен болатын. Біздің де Жазушылар одағында қызмет істейтін кезіміз, сол онкүндік аяқталарда Үкімет атынан берілген қорытынды банкетке шақырылған едік. Қалихан Ысқақ, Рамазан Тоқтаров және

басқа бірер замандастарым бар, ұзын-ұзын столдардың бірінің шет жағын ала жайғасып едік. Менің қарама-қарсымда сол кезгі партия қызметінде жүрген Тельман Сауранбеков, одан төрге қарай Кәкең мен Шериаздан Елеукенов отырған. Кәкеңнің ҚазТАГ-та директор кезі. Банкетті күллі кеңес жазушыларының басшысы Георгий Марков пен Қазақстан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Иماشевтар басқарған. Қолды-аяққа тұрмай зыр жүтірген даяшылар көбіміз көре де қоймаған тағам түрінің жеті атасын тасып, әркімнің қалауымен алдымыздағы рөмкелерге арақ пен шараптың да түр-түрін толтырумен әлек. Төмендегі төрт-бесеуміздің кім сөйлеп, кім қойып жатқанында жұмысымыз да болмады-ау деймін, өзімізге сөз тимейтінін білдік те, бір-бірімізге ымдасып, жымдасып, алдымыздағы үлкен-кіші ыдыстарды босатумен әуре болғанбыз. Әсіресе рөмкелер жағының түбін қаға төңкере бердік пе, немене, соның бәрін көз қиығымен бағып-қағып отыр екен, әлгі қылдырықтай рөмкенің тағы бірін шалқая түсіп аузыма апара берген маған қарап, Кәкең қабағын түйе:

Не көрінді-ей, саған! — деп күңк ете түскені. Даусы зілді шықты. Қақалып-шашалып мен қалдым.

Жақтырмағаны бесенеден белгілі еді, ішімді тарта қойдым. Бірақ болары болып, бояуы сіңіп дегендей, той да аяқталып қалған еді, амал қанша.

, Кәкең мен жайлы сұрағанда Хайдекеңе соны меңзеген болуы керек.

Бірде мен қызмет істеп жүрген “Жазушы” баспасының іші аяқ-асты дүрлігісіп, абыр-сабыр болды да қалды. Орталық Комитеттің хатшысы бастап, Баспаком төрағасы қостап дегендей, бір топ басшылар Баспа үйін аралап көруге келе жатыр екен. Кабинет, столдарыңды тәртіпке келтіріп, тазалап, әрі-бері сапырылыспай, тыныш қана орындарыңнан тапжылмай отырыңдар деген тапсырма алып жатырмыз.

Басқаларын қайдам, біздің баспа орналасқан бесінші қабатта мүлгіген тыныштық деген болмайтын. Келімді-кетімді авторлар да көп, шетінен басқан жері сықырлаған әйгілі жазушылар, баспа жұмысының реті де солай, ұзыннан ұзақ созылып жатқан дәліз бойы ұдайы ғана қайшыласқан адамнан босамаушы еді. Соның бәрін біле тұра осынша әбігерге түсірген белсеңділерге қарата: “Осынша көзбояушылықтың қажеті қанша?” — деп мен әлек. “Сен-ақ бүйректен сирақ шығармай жүрмейді

екенсің, өзің білші", — деп белсенділер ренжиді.

Бір кезде әлгі дәліздің баспа директоры отыратын басынан бастап қаздай тізіле қатар түзеп келе жатқан басшылардың қарасы да көрінді-ау. Тізбек алдында Кәкімжан Қазыбаев, одан бір иық кем Шериаздан Елеуке-нов болып, солардың соңына ілескен кілең ғана шенділер мен шекпенділерден тұратын қалың нөкер.

Манағы белсенділердің: "Ойбай, бірде-бірің дәлізге шығушы болмаңдар!" деген тыйымына қарамай, мен өз кабинетімнің есігінің алдында соларға қарап тұр едім, дәл қасымнан өте бере әлгі қалың нөпірдің алдында жіті адым-дап келе жатқан Кәкімжан ағам мені көріп, жалт бұрылды да:

— Сәкен, амансың ба? Хал-күй қалай? — деп қол беріп амандасты. Оның істегенін мені танитын, танымайтын басқалары да айнытпай қайталады.

Мен де: "Бұрылар ма екен, болмаса бас изеп өте шығар ма екен?" — деп әдейі тұр едім. Соны сезгендей, Кәкеңнің әдейі мойын бұрып, қолымды алғанына ішім жылып-ақ қалды. "Ұлық болсаң — кішік бол" — деген де осы шығар-ау, сірә, деп те ойладым.

... Кәкеңмен соңғы рет 1989 жылдың қоңыр күзінде Мәскеуде, сондағы өзіміздің тұрақты өкілдіктің қонақ үйінде кезігіп қалып едім. Мен баспадақпен төменге түсіп бара жатқамын, Кәкімжан ағам жоғары өрлеп келеді екен, қарама-қарсы ұшыраса кеттік. Жік-жапар бола амандасқан сол жерде бірер ауыз тіл айқастырып та қалдық. Кәкең Парижден келе жатыр екен. Көңілі орнықты көрінген.

— Қасымда Мағауин Мұхтар бар, ол қазір Әдебиетшілердің Орталық үйіне кетті де, мен демалайын деп бөлмеме бара жатыр едім, — деді Кәкең. — Бұл бір айта жүрерліктей әйдік сапар болды. Парижде бізді Франция президенті Миттеранның өзі қабылдады. Үлкен әсермен оралып келеміз.

"Бөлмеге жүр, әңгімелесейік" — дер ме екен деп дәмеленіп-ақ тұр едім, олай дей қоймады. Сол сыпайы қалпында жылы қоштасып, әрқайсымыз өз жөнімізге кете бергеніз.

Сол қонақ үйдің асханасында тағы да бірер рет кездейсоқ ұшырасып қалып, ол кісіні кезекке тұрғызбай тамақ тасып беріп жүрдім. Көкеміз көп ашыла қойған жоқ. Әңгімеміз де отбасылық оны-мұныдан ұзамай, үзіліп қала беріп еді.

Бұл — Кәкеңнің ОК хатшылығынан кетіп, "Қазақстан коммунисті" журналында бас редактор болып жүрген кезі болатын...

Жарты айға жетті ме, жетпеді ме, әйтеуір, мен Алматыға орала бергенде қарсы алдымнан Кәкеңнің қайтыс болғаны жайлы қаралы хабар да сумаң етіп шыға келіп еді.

Күллі қала қимай қоштасып, жылап-еңірей жүріп, соңғы сапарына шығарып салғанбыз. Соңындағы адал жар, азамат болған балалары мен том-том кітаптары да аңырап қала беріп еді...

МАРДАН АҒА

Аз ба, көп пе, ірі ме, уақ па — әйтеуір ұдайы ғана кісіге қол ұшын беріп, қолынан келгенінше жақсылық жасағысы келіп тұратын адамдар болады. Біреудің жоғын жоқтап, бүтінін түгендеп жүруді де өзінің бірден-бір парызы санайтындай. Айнала ағайынға қайыр жасасам ба деп дәйім ғана қалбалақтап жүретін, онысын көтере айтып, еңбегін бұлдау дегенді де, "көрерміз" деп бұлдану дегенді де білмейтін сондай адамның бірі — бүгін біз әңгіме еткелі отырған Мардан ағамыз Байділдаев еді.

Мен Мардекеңнің атын ауылда жүріп-ақ баяғыда естісем де, ол кісінің "қазақтың арғы-бергі әдебиетін тірілту" жолындағы ерен еңбегінен құлақдар бола жүрсем де, өзімен етене танысудың сәті сол өткен ғасырдың сексенінші жылдарында түсіп еді. Мен онда "Жазушы" баспасындағы фольклор және халықтық ауыз әдебиеті редакциясын басқаратынмын да, Мардекең М.О.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының ғылыми қызметкері екен. Қызмет жағы сабақтас болғандығынан шығар, — ол кісі біздің редакцияға күн құрғатпай келіп тұратын. Кісі жатырқамайтын мейірімі бар, жатырқап, жатсынбай бірден баурап, іші-бауырыңа кіріп кететін адам екен. Аты дардай адамның бәрімізге бірдей қалбырақтағанына бастапқы кезде таңырқап та жүргенмін, сөйтсем, ол кергуді, көлгірсу атаулыны білмейтін Мардекеңнің туа бітті болмысы, өзіне ғана тән мінез-құлқы екен. Мен ойлайтынмын: Мардекеңнің үлкен ғылыми дәрежесі бар шығар деп. Ең алғаш Сағи Жиенбаев екеумізді үйіне түскі асқа шақырғанда "ғылым докторы" немесе "докторлыққа кандидат" деп атарымды білмей,

"ғалым ағамыз" деумен кібіртіктей шектеле бергенмін. Соны байқап қалған екен, қайтар жолда Саған: "Сәкен, мен білсем осы кісі ешқандай диссертация қорғамаған болуы керек, атақсыз ғана абыройлы ғалым-ау деймін", — дегені бар.

Әңгімемізді бекерден-бекер Мардекеңнің алыс-жақын таныстарының бәріне жәрдемдескісі келіп тұратын кісілік мейірімен бастап отырған жоқ едім, "қайсыбірін айтып тауысам" демей, өз басына, өрен-жаранына қатысты Мардекеңнің кейбір қылығына тоқталып көрейін.

1986 жылдың мамыр айында жылдағы әдетімше "Сарыағаш" курортында демалып жатыр едім. Кешкі астан кейін жан-жақтан келіп, жаңа танысқан үлкен-кіші бір топ демалушы корпус алдында қызу әңгімеге енді кірісе берген болатынбыз. Мені сырттай білетін бір келіншек сөзімді бөліп: "Сізді бір егделеу апай шарқ ұрып іздеп жүр еді, осында отыр деп айтайыншы" — деп бұрыла берген. Мен болсам: "Апай қайда қашар, алдымен өзіңіз іздесеңіз болмады ма?" — деп жатырмын. Соның арасында ол: "Ә, міне, апайдың өзі де келді" — деп ұзын бойлы, реңді келген, жүріс-тұрысы сыпайы да байсалды бір кейуананы көрсетті. "Іздегеніңіз мына кісі" — деп мені таныстырды.

— Мен Мәлік Қарағұлов ағаларыңның үйіндегі жеңгең едім, — деді әлгі кісі. — Мардан Байділдаевпен құдайы көршіміз. Осы жаққа жүрерде сол Мардекең мына бір сәлемдемені сізге тапсыр деп беріп жіберіп еді, сол үшін іздегем, — деп, жанқалтасынан алып маған жұқалтаң конверт ұсынды.

"Бұ не?" — дегендей таңырқап, конвертті ашып көрсем, ішінде ақша жүр, тілдей сәлемхатта: "Сәкен, мен алғашқы зейнетақымды алып едім, ырым бойынша ол ақшаны ең бір жақсы көретін адамыңа беруің керек екен, сен алыста демалып жүрсің ғой, бір керегіңе жарар деп, соны шып-шырғасын шығармай саған жіберіп отырмын" — деп жазған екен.

Сізге өтірік, маған шын — біршама қысылыңқырап та қалғаным рас. "Аттың сыры иесіне мәлім", Мардекең де әжептәуір үлкен отбасының иесі, анау айтқандай өзінен артылып жатқан дәулеті де шамалы екенін айтпаса да білем. "Әлде мені бұл кісі шынымен-ақ күнін көре алмай жүрген біреу" деп қалды ма екен деп те ойладым. Неде болса кейін көрермін деген оймен, Мәлік ағамның жұбайына барша рахметімді айттым да, конвертті қалтама

салып алдым. Жақша ішінде айта кетейін, сол ақшаның соқыр тиынына тиместен Алматыға ала келіп, алғашқы ойымды Мардекеңе айтқанмын. "О, не дегенің, қарағым, — деген сонда ағам, — сондай ырым бары рас. Сені екі туып, бір қалғандай іні санап жүрген соң, әдейі ырым етіп ем, қайдағыны айтпай, қалтаңа салып қой" — деген, әңгіме бітті дегендей.

Мардекеңнің бір әдеті (жаман ба, жақсы ма, кесіп-пішіп айта алмаймын) жақсы көрген адамының үйіне "қалай болар екен?" — деместен, күн демей түн демей кіріп бара беретін. Егер әлдебір қат шаруасы бола қалса, уақытпен санасып жатпай, ерте ме, кеш пе, қызыл іңір немесе кісі шырт ұйқыда жататын таң алды ма, ойланып жатпастан телефон соға беретін. Төсектен көзіңді уқалай тұрып: "Иә!" — десең аржағынан жайбарақат қана: "Мардан ағаң ғой" — деп алып, әңгімесін айта беретін.

Бұл қылығына басында мен үйрене алмай-ақ жүрдім. Тіпті бірер рет бетін қайтарып тастасам ба деп те оқталғаным бар. Сөйтсем, ол да Мардекеңнің сүтпен бірге сіңген әдеті екен. Бірде үйіне қонаққа шақырғанда (бәйбішесі Гүлстан екеуі де аса қонақжай, үйінен кісі үзілмейтін, дастарқаны жиналуды білмейтін адамдар еді) өзгелердің де әңгімесін естіп, іштей күліп қойып едім. Ол үйде сол бір алғашқы қонақ болған күні марқұм Мырзабек Дүйсенов, көзі тірі қадірлі ағамыз Рахманқұл Бердібайлар күле отырып, Мардекеңнің осы қорлығын айтқан. "Қанша айтамыз, әкетай, — деген Мырзабек Дүйсенов күліп отырып, — таң алдында оятуды қоймады осы. Апыр-ау, сонда бір кейінге қалдыруға болмайтын аса бір тығыз шаруа болсашы, бар болғаны Хиуадан ба, Бұхардан да келген әлдебір ғалымдарды әуежайдан күтіп алып, енді ғана үйіне алып келгенін немесе ертеңгі айтысқа қатысам деп Қызылордадан Манап Көкенов келіп, бұлардың үйіне түскенін білуің ғана. Мардекеңнің ойынша одан маңызды жаңалық жоқтай көрінеді, ертеңге қалдырып, ел-жұрттың оянуын күтіп отыруға мұршасы жоқ".

"Е, менің ренжіп жүргенім бекершілік екен-ау, қанға сіңді әдеті болды ғой!" — деп сонда Мардекең жүзіне мен де күле қарағаным бар еді. Келе-келе бұған біздің үйдегілердің де еті үйреніп кетті. Мезгілсіз уақытта телефон ызың ете қалса болды, балалар: "Мардан аға шығар, басқа кім дейсің" деп көтеретін. Расында, солай болып шығатын.

Сондай бір беймезгіл шақта Мардекең алдын-ала

ескертіп жатпай біздің үйге кіріп келген. Мен суық тигізіп алып, сәл-пәл тұмауратып жатыр едім. Қыстың көзі қырау, үй салқындау болатын. Шешемнің желбегейін жамылып отыр едім. Шолақ жең бір жылы күртеше-тон болатын. "Мұндайда үй ішінде киіп жүруге сол жақсы" — деді Мардекең. Ойымда ештеңе жоқ, оны бізге кім беріп қойыпты дегем де қойғанмын.

Мардекең үнсіз кетіп қалып еді, бір мезетте қолында газетке ораулы бірдемесі бар кіріп келді. "Цумнан барып сатып алдым, осыны киіп алшы!" деп орауын жазып, маған әдемі тысы бар тоқты терісінен жасалған кеудеше ұсынды. Ықшам ғана жақсы тігілген. Қалам-қағаз салатын қалталары да бар.

Күлесің бе енді, жылайсың ба?

"Мұнығыз не, әуреге түсіп", — деген болам ағама кейіп. "Түк әуресі жоқ, бардым да — алдым. Кеудеңе жылы болады, киіп ал" — деп ол да жік-жапар болып қояр емес.

Шынын айтқанда екі туып, бір қалған түтім жоқ. Өтіп кеткен дәнеңем тағы жоғын білем. Дәл осыған ұқсас бір жағдай бұдан бұрын да болған. Мардекең біздің үйге кезекті бір келгенде кішкентай қызым Гауһар теледидар қарап отырып: "Папа, мынандай ойыншық сатып әперші!" деп экрандағы әлдебір түрлі-түсті ойыншықты көрсеткен. Бала сөзіне мән беріп жатпастан: "Жарайды" дегем де қойғам.

Ертесіне Мардекең сол кешегі қызым көрсеткен ойыншықты әкеліп тұр...

Бұдан кейін мен де қуланып, ол кісінің алдында жеңіл-желпі жоқ-жітігімді білдіріп алмауға, әлденені айтып, арамыздағы достықты бұлдіріп алмауға тырысатын болдым.

Мардекең бір мен ғана емес, сол жылдары менің қарауымда қызмет атқаратын Тортай Садуақасов, Оңалбек Кенжебеков, марқұм Дәуітәлі Стамбековтердің де жоғын жоқтап, көп шаруаларына араласып, үй-іші тірліктеріне туған ағаларындай қатысып жүретініне куә болып ем.

Мардекең қазақтың ауыз әдебиетіне қаншама қалтқысыз, қарымта, қайырымсыз қызмет етті десеңізші.

Мұхтар Мағауинмен бірге барша ыстық-суығы, ауы мен бауы дегендей қара жұмысын қатар атқарып, әйгілі "Бес ғасыр жырлайды" кітаптарының бірнеше дүркін қайталана басылуына құрастырушының бірі ретінде қаншама еңбек сіңірді. Тұрмағамбет аударған

"Шахнаманың" жарық көруі тікелей сол кісінің еңбегі еді. Бұлардан басқа сыр бойы сүлейлерінің еңбегін, — кейінгі жыраулар шығармаларын кітап етіп шығару ісінде бір өзі институттың бір бөлімінің жұмысын жеке-дара атқарды. Сол еңбектерінің бір де бірін "мен сөйтпін едім" деп бұлдап көрген емес. "Жыламаған балаға емшек бермейді" деген де бар, қызмет қылса да міндет қылмай өткен адамның бірі еді ол.

Үйіндегі үлкен бір бөлме үйіліп жатқан қағаз болушы еді, қазір сол мол дүние кімнің қолында екен деп те ойлайсың.

Құдай амандық берсе, мен ол кісі жайлы асықпай отырып әлі де жазамын. Өйткені Мардекең еңбегі, Мардекең кісілігі қандай әдеби естелікке де әбден татиды деп білетін адаммын.

ТЕМІРЖАН БАЗАРБАЕВ

Теміржан Базарбаев — біздің елден шыққан әйгілі сазгер еді, композитор. Көп сөзге жоқ, өзімен өзі болып, үндемей жүре беретін, көзге түсіп қалсам дегенді мүлдем ойламайтын қарапайым да момын қалпында тірлік кешті. Қалың ел — қазағы, әсіресе, оның "Ауылым" деп аталатын әнін жақсы көрді. Бұл әнді білмейтін, ас пен тойда нәшіне келтіре, әлдебір сағыныш, ішкі аңсаумен көзіне жас ала отырып жұртқа қосыла сызылта шырқамайтын адам кемде кем. Басқасын білмеймін, әйтеуір біздің жақта солай. Ғұмырымда бір рет "әу" деп көрмеген менің өзім де Теміржанның "Ауылымын" тыңдағанда көңіліме қай-қайдағылар оралып, егіліп, елжірей түсіп отыратыным, өзгелерге ілесе іштей де болса ыңылдап кететінім бар.

Теміржан шын мәнінде үлкен сазгер еді. Білетіндердің, мамаңдардың айтуынша ол әсіресе музыканың симфония сияқты күрделі жанрына келгенде мықты болыпты. Ол жағын мен жетік білмеймін. Менің білетінім, қайталап айтам, Теміржанның назды да сазды "Ауылымы". Бір ән арқылы да ел есінде мәңгілік қалып қоюға бола береді екен!

Сол Теміржан 1960 жылы, "Лениншіл жас" газетінде қызмет істеп жүрген жерімнен мені өзі іздеп тапты. Көп сөйлеп, созбады. Жерлес, туыстас екендігін айтты. Біздің ауданда "Колхоз туы" деп аталатын газет шығатын.

Жоғарғы кластарда оқып жүргенде сол газетке өлең беріп тұратынмын. Газеттің редакторы Қоңырбаева Майнұр апам үнемі қолдап, қолпаштап, не жазып, не қойсам да жерге тастамай, жариялатып жүретін.

Сол газетте жарияланған "Өз колхозым — мекенім" деп аталатын 3-4 шумақ өлеңіме Теміржан ән шығарыпты. Онысын Қазақ радиосы қабылдап алған екен, бүгін соның қаламақысын бермекші көрінеді, бірге барайық, деп маған қолқа салды. "Қаламақы ән иесі маған да, сөзін жазғаның үшін саған да тиесілі. Барып, соны алайық. Ақша керек шығар", — деп те қойды.

Ақша деген шіркінің керек емес күні болған ба. Желбіреген жас кезінде тіпті жетіспей жүретін, қуанып кеттім де, Теміржанның соңынан ілестім.

Ол көп сөйлемейді. Көбіне үнсіз ғана ұғысқандай боламыз. Бірер сөзбен осындағы консерваторияда оқып жатқанын, Алакөлдегі Жағатал ауылынан екенін, мені сырттымнан бақылап, біліп жүргенін айтты. Мен болсам, оның атын алғаш рет естіп тұрмын, мұндай азаматпен ауылдас екенімді де білмейді екенмін.

Екеуміз салып ұрып, қазіргі Бөгенбай батыр көшесінде орналасқан Қазақ радиокомитетіне де жеттік. Қаламақы алудың кезегінде тұрғандардың құрамы әжептәуір мол екен. Теміржан екеуміз де сол бір қара-құрым адамдардың соңғысын іздеп жан-жағымызға қарай бергенде:

— Сәкен, мұнда кел! — деп қалды кезекте тұрғандардың бірі.

Орта бойлы, дембелше, келбетгі келген жылы жүзді жігіт екен. Сәл шырамытқандай да болып, жүзіне жалтақтап қарай беріп ем:

— Мен Айқын Нұрқатов ағаңмын ғой, кел, менің алдыма тұра қалыңдар, — деді ол кісі.

Айқын Нұрқатов — сол кезде аты дүрілдеп тұрған, әдебиет жайында сөз бола қалса есімі Серік Қирабаев, Баламер Сахариетвермен әмісе бірге аталатын көрнекті сыншы еді. Атағы зор, жасы үлкендігіне қарамай мені билетіндігіне, біліп қана қоймай, қасына шақырып, алдынан орын бергеніне төбем көкке жетердей болып, Теміржанның алдында "мінеки, мені көрдің бе?!" дегендей, шіреніп-ақ қалдым ғой деймін.

Бірақ, масқара болғанда менің алдымдағы Теміржан өзіне тиесілі қаламақысын санап алды да, мен болсам ақшаның тізімінде жоқ болып шықтым. Еңкеңдеп жетіп келгенімді, Айқын ағаның алдынан кезек алғанымды

қайтейін, салым суға кете сүмірейіп, кейін шыға бердім.

"Бұл қалай болды?" — деп Теміржан да қапаланып жүр. — Маған музыка редакциясында айтып еді ғой, саған да ақша бар деп, бұлары несі екен?

Бұлары несі екенін мен қайдан білейін. Өзім бәрінен де Айқын ағамның алдында жер болғанымға қысылып барамын. Жаңа ғана әлдеқандай болып қоқиланып тұр едім, біртүрлі жасып, көзіммен жер шұқи бердім.

Кассаның алдынан қолындағы ақшасын жүре санап, бізге қарай бұрылған Айқын ағам да бірдемені сезіп келеді екен, "Не болды?" — деп сұрады.

Біз жөнімізді айттық. Теміржан да өз әлінше түсіндірген болып жатыр.

Айқын ағам бізді жетелеп алды да, комитет басшыларының біріне (кім екені есімде қалмапты) алып кірді. Сол бастық кісі музыка редакциясының меңгерушісі Өмірбек Байділдаев деген адамды шақырды. "Мына Сәкен Иманасов деген жігітке қаламақы тиесілі екен, тізімде жоқ болып шығыпты. Анықташы" деп тапсырып жатты. "Бар сияқты еді" — дейді Өмекең. "Бар болса ақшасын алып беріңдер", — дейді бастық.

Біз бастық алдынан сол Өмірбек Байділдаевқа ере шықтық. Ол да біреулерге кейіп жүріп, әдене қағаздарды қайта ақтарта, әдене құжатты қайта толтырта жүріп, енді өзі ертіп барып, кезексіз ғана тиесілі ақшамды алып берді.

Қанша қаламақы алғанымыз қазір есімде жоқ, сірә, аз да емес болуы керек, өйткені сол Айқын Нұрқатов ағам бар, жолшыбай ол кісіге ілескен және біреулер бар, Теміржан бәріміз болып, екінші Алматы вокзалының ресторанына барып "жуғанымызды" ұмытқан жоқпын. Бұл баяғыда:

Ақшаң болса — абзалы

Алматының вокзалы,

Құшақ жая қарсы алар,

Жуан бөксе Зав. Залы!" деп Ілияс

Жансүгіров айтты дейтін ресторан. Сол бір шумақ өленді Ілекең айтты ма, басқа бір ақынның аузынан шықты ма, мен білмеймін, әйтеуір көңілімізде көптен-ақ жатталып қала берген.

Теміржан Алматыдағы оқуын тәмамдап, Семей жағына қызметке кетті деп естідім. Сол бастапқы кездесуден соң ол да мені қажетсіне қоймады-ау деймін, мен де оны іздеп жарытпасам керек. Сөйтіп арамыз алшақтай берген.

Қалай десек те, қазақтың саз әлемінде үлкен орны бар азамат қой, ара-тұра Теміржанның атын әртүрлі концерт-

тер жайлы жазылған мақала, филармония афишаларынан ұшыратып қалып жүрдім. Біздің жастық шағымыздың гимініне айналған әйгілі "Махаббат вальсінің" авторы Бекен Жамақаевпен дос екен дейтін білетіндер. Семей жағында ол екеуінен атақты адам жоқ дегенді де естіп қоятынбыз. "Теміржан деген — ірі талант қой!" деп тамсанатын оны жақсы танитындар. "Тек ішіп қоятыны бар!" — дейтін тағы біреулер.

Жетпісінші жылдардың басында Талдықорғандағы Баяндиннің үйінде Теміржанмен тағы бір рет бас қосып қалғаным бар. Екеуі (қазір екеуі де арамызда жоқ) сол Семейде танысыпты, бір-бірін көптен біледі екен. Сыйластықтарында мін жоқ, бірін-бірі қолпаштап, көтере мақтап отырды.

Теміржанның сол баяғы бұйығы қалпы екен, көп ашыла қойған жоқ. Өзі туралы да, не істеп, не қойып жүргендігі жайлы да мандытып ештеңе айта қоймады. Қайта оның Семейдегі музыка училищесін басқаратынын, шығармашылығы жайында Құттыбек көбірек айтып, көбірек баяндап отырды-ау деймін. Мен болсам, өз төтемнен олардың әңгімесіне еркін араласа алмадым да, шырықтарын бұзбайын деп, сыпайы қоштасқаным бар.

...

1992 жылы болуы керек, ұрпақ жалғастығы жайлы кезекті бір науқан көтерілді де, Алакөлде туып-өскен, еліміздің әр түкпірінде жүрген ақын, ғалым және басқа да өнер мен мәдениет қайраткерлерінің басын қосу ниетімен бәрімізді аудан басшылары арнайы шақыртқан болатын. Алматыдан мен, әйгілі әнші, Қазақстанның халық әртісі Зейнеп Қойшыбаева, медицина ғылымдарының докторы Әділбек Нұрмұқамбетов, Семейден сол Теміржан Базарбаев, басқа да бірқатар жақсы мен жайсаңдар болып, туған жерде бас түйістіргенбіз. Аудан әкімі Әбдіғали Бектеміров дейтін азамат болатын да, оның мәдениет жөніндегі орынбасары ақын жігіт Ахмет Кеңдірбеков еді. Жөн білетін, сұңғыла жігіттер. Кездесу алдын-ала жасалған жоспар бойынша жақсы-ақ ұйымдастырылыпты. Мазмұнды да мәнді өтіп жатты. Әрқайсысымызды өзіміздің туған ауылымызға да апарып, оқыған мектебімізді аралатты. Аудан орталығындағы еңсесі биік ақ орда — Мәдениет сарайында үлкен-кіші бас қосқан үлкен жиын өтті. Онда Теміржаннан басқамыздың бәріміз де сөйледік-ау деймін.

Екі-үш күнге созылған бұл да бір ұмытылмас күндер

еді. Ертең қайтамыз деген күні қала сыртындағы Тен-тек өзені бойындағы аудан әкімінің резиденциясында шағын қонақасы берілді. Оған жан-жақтан шақырылған біз сияқты меймандармен бірге, аудан басшылары, сол өңірдің бетке ұстар белгілі азаматтары да қатысты.

Іштік, жедік. Сөз сөйленіп, әртүрлі тілектер де ақтарылып жатты. Мен ұзын столдың төр жағында аудан әкімімен қатар отыр едім. Әкім кезекті бір сөзінде ауданның экономикасын, бүгінгі жетістігін, өзі мұнда келгелі не істеліп, не қойып жатқаны жайында айта келіп, дастархан басындағылардың аттарын атап, енді жеке-жеке мақтауға көшкен болатын. Теміржанға да арнайы тоқталып, “Кешелі бері байқап жүрмін, Темкең қандай қарапайым адам, аспайды, саспайды, әлдебіреулерше тасып-төгіліп те жатпайды екен. Егер мен “Ауылым” сияқты бір ән жазып, оны дүйім ел аузынан түсірмей айттып жүрсе, құдай біледі деп айтайыншы, осы кезге дейін Алакөлді әрі бір, бері бір жаяу кешіп өтер едім ғой!” — деп те жіберді.

Біз әкімді қолпаштап, қол соға беріп едік:

— Әй, кім... сенің атың кім еді?” — деп Теміржан шеткекірек отырған орнынан созалаңдай көтерілді де, — осы қырт мақтау, жалған көпшікті қашан қоясыңдар? Кешеден бері “Сөйттім де бұйттім, Алакөлде коммунизм орнатып жатырмын” деп құлағымыздың етін жеп біттің ғой. Стадион салғыздым, көше жөндеттім деп... Сені сол үшін, сондай жұмыс істеу үшін жіберген жоқ па осында. Соны да сөз деп... Ал мен айтсам, осыдан отыз жыл бұрын Алакөл дәл осындай болатын, он жыл бұрын да осындай еді, сен келмес бұрын да, сен келгелі де сондай. Өзгеріп кеткен, өніп кеткен ешнәрсе жоқ, әйтеуір ісіп-кеуіп бөсесіңдер келіп, — деп сөйлеп бір кетсін.

Үндемегеннен үйдей пәле шығады деуші еді, біз сілтідей тынып қалыппыз. Әкім тіпті, тілін тістеп алғандай, есеңгіреп тұрған орнында қақшиып қала берген еді, Теміржан сөзін бітіре орнына отырарда барып: “Идиот, кімді шақырғансың?!” — деп қасындағы орынбасарына түтіге күңк етті. Стол басындағы әбіржулі аз үнсіздікті пайдаланып, мен:

— Сәл-пәл үзіліс жасайық, перекур! — деп орымнан тұрдым. Жұрттың бәрі соны ғана күткендей, орындықтарын сықырлата орындарынан тұра берген.

Араға азды-кем уақыт салып, бізді дастархан басына қайта шақырғанда арамызда Теміржан жоқ болып шықты.

"Досыңыз қызып қалыпты, Ынталыда тұратын әпкесінің үйіне әзер деп апарып салдық", — деп күлді сол кезгі аудандық милиция бастығы Жортуыл Өмірзақов бауырым.

Мен бас изедім де қойдым.

... Өз басым Теміржанды былай да жақсы көруші едім. Замандас ретінде де, өнерпаз ретінде де қатты қадір тұтатынмын. Бірақ әлгі оқиғадан кейін оған деген құрметімнің бұрынғыдан да күшейіп, еселеп арта түскенін сездім. "Жігіт екен-ау!" — деп, есіме алып үнемі сол жайлы ойлай беретін болдым.

Сол Теміржан өзі қырық жылдан астам мекен еткен сүйікті Семейінде осыдан бірер жыл бұрын дүние салыпты деп естідім. Иманы кәміл болсын, басқа не айтайын!

ЖҰМАТАЙ

(Ақын Жұматай Жақыпбаев туралы эссе)

"Жақсының артынан сөз ереді, жаманның артынан бөз..." — деген де бір қанатты қағида бар ғой, менің ұғымымдағы Жұматай Жақыпбаев ақын да артынан сөз ерген жақсы да жайсаң жігіттердің бірі еді. Онымен ең алғаш рет 1969 жылы кездестім, білем. Талдықорған облыстық "Октябрь туы" аталатын газет редакциясында істеймін, сондағы әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісімін. Осы өңірдегі өлең жазатын, әңгіме құрастыратын, әйтеуір өмір жолын әдебиет жағына бағыштаймын дейтін үлкенкішінің бәрі дерлік біздің алдымызға топырлап келіп жатады. Бәрін де жылы жүзбен қабылдап, қолдан келсе демеу болуға барымызды салып-ақ жүретін кезіміз еді.

Күндердің күні болғанда маған сәлем беріп, қызыл шырайлы, суағарында сұлу ғана мұрты бар, насыбай ататын адамдарша астыңғы ернін жымыра сөйлейтін, жымия күлетін шымыр денелі бір жас жігіт келді. Асықпай ғана амандасып болды да, баппен қозғалып, қарсы алдыма келіп отырды. Аты-жөнін, өзінің өлең жазатынын айтты-ау деймін. Әлденеге көңіл-күйім болмай тұрды ма, мұндай жігіттердің күніге бірі кіріп, бірі шығып жататынына етіміз үйреніп кеткендіктен бе, сөзін самарқау ғана тыңдадым-ау деймін. Әйтеуір алғашқы кездесуде соншалық елпілдеп, емешегім үзіле қойды деп айта алмас едім.

Ол маған қолмен жазылған бес-алты өлеңін қалдырды да, "оқып көрерсіз" деп, сол бір өзіне тән салмақты

жүрісінің сәнін бұзбаған қалпында жағалай бас изеп, жымия қоштасты да, есіктен шығып кете берген. Кекеткені ме, келіскені ме, белгісіз, сол бір танау астындағы жымиысы ғана есімде қалып қойыпты.

Араға біраз күндер салып барып, қағаздарымды ақтарып отырсам, сол жігіттің, қалдырып кеткен өлеңдері жатыр екен. Алдымен аты-жөніне көзім түсті — Жұматай Жақыпбаев. Енді жазғандарына үңілейін. Пәлі, дерсің! Мынауың мықты ғой! Өлеңдері жұтынып-ақ тұр екен, қамшы салдырар емес. Жасырмай-ақ қояйын, редакциямызға өлең жазатындар көп келгенімен, дәл мұндай шымыр да жұмыр жырлар кезіге бермейтұғын. Ара-тұра осы іспеттес шуақты шумақтар қолымызға тие қалса, жабыла оқып, жамырай талқылап, өреміз жеткенше өзеурей пікір айтып, тезірек жариялап жіберуте асығушы едік. Біздің бөлімде Шұғай Өсіпов, Свет Оразаев, Жайырбек Қаспақов сияқты жігіттер істейтін, кейін олардың қатарына аты шығып, атағы жайыла бастаған Ақұштап Бақтыгереева келіп қосылған.

Міне, бұл жолы да басымыз түгел түйісе қалып, Жұматай өлеңдерін жапатармағай сүйсініп оқып жатырмыз. Свет, Ақұштаптар оны сыртынан жақсы білетін де болып шықты. "КазМУ-де оқыған, боксшы жігіт!" деп те жіберді біреулері.

Оны білеміз дейтіндердің Жұматай жайындағы мінездемелері жақсы екен, әнеу күні өзім де бір көргеннен ұнатып қалғандай едім. Әсіресе оның кісіні жатсынбай, жатырқамай қарайтыны, үргелектемей, ойын да, бойын да көтере түсіп, өзін-өзі еркін ұстайтыны байқалып қалып еді. Маған сонысымен де жағып қалса керек.

Өлеңін жарияладық. Бұдан кейін ол бізге жиі келіп, үзбей араласып жүретін болды. Сол жылдары мен Жаркент жақтан Әбен Дәуренбеков деген тағы бір жақсы ақынды тауып қайтып, қызметке де алдырған болатымын. Көп ұзамай Жұматай да бізге келіп, жұмысқа орналасты да, мінезінің жұғымдылығынан болар, аз ғана күндер ішінде тонның ішкі бауындай араласып, жақындасып кете бергенбіз. Ол ұдайы өзін ірі ұстайтын, бірақ кіші екенін әсте естен шығармайтын тәкаппар қалпындағы інілігінен жазбады, мен аға болып қала бергенмін.

Бірменғана емес, Жұматай дегенің айнала жүргендердің бәріне сүйкімді жігіт болып шықты. Өз бойына жарасымды әзіл-оспақ, сыпайы қалжың-қағытпаларымен үлкеннің де, кішінің де тілін тауып, басшылардың да ойынан шыға

білді. Жатыпатар шымшымалары да жоқ емес, бірақ артық кетпейді, ешкімнің кемістігін айтып, шенеп-мінемейді. Мысқылының өзін мысалмен түйіндеп, әжуасын әзілге айналдырып, ұтқыр да ұтымды айтқыштығымен жуып-шайып, төніп келе берген даудың алдын алып, жаймашуақтандырып отырады.

Өз шығармашылығына келгенде өте бипаз, асығып-аптығу дегенді білмейді, талғампаз, бір образ не ойына алған детальдің соңына түссе, қашан иі қанғанша ұзақ толғатып жүріп алатыны, замандасы Әбдіраштың Жарасқаны айтқандай, "бір күн жазған өлеңін бір жыл насихаттайтыны" бар еді.

Біз білетін Жұматай әртүрлі бас қосуларда, өзімен қатарлас жүретін жора-жолдас арасында соларға арнап шығарған сексеуіл шоғындай ұшқын атқан экспромт-шумақтарын оңды-солды аямай шашып жүретін еді. Бірақ атқан оғы құр кетпейтін құла мергендей, кімге қарата айтса да, сол сөзін арнаған адамның бүкіл бітім-болмысын, мінез-құлқын, ішкі-сыртқы кескін-келбетін қолмен қойғандай дәл беретін еді, әлгі нысанаға алған үлкен-кішінің өздері де, ондай өлеңді естіген өзгелер де ұмытпай, біріне бірі айтып, қақпақылдай қағып ала жөнелетін. Біріне бірі жеткізіп, соған өздері де мәз-мәйрам бола күле жүріп, ауыздан ауызға таратып жіберетін. Әсіресе "Октябрь туы" редакциясында өзімен бірге қызмет атқарған жігіт-желең, қыз-қырқын, тіпті тікелей бастықтарына қарата айтқан бір шумақ, жарым шумақ өлеңдері көп болушы еді.

Ол өзі, қалай десек те, табиғаты бөлек, жаратылысынан сұңғыла, туа бітті тектілігі бар, жүріс-тұрыс, бітім-болмысымен баяғының сал-серілеріне ұқсап туған жігіт болатын. Жоққа бола күйгелектене күйіп-пісу, болымсыз табысына бола күпіне мақтанып, асып-тасуға мүлдем жоқ еді. Кейде мен оған: "Осы келе жатқаныңда, шыныңды айтшы, қалтаңда ғой көк тиын жоқ, бірақ мыңды айдаған бай баласы сияқты маң-маң басасың, аспан айналып жерге түседі десе де асықпас маңғаздың өзісің" — дейтін едім. "Өзіңізге..., өзіңізге тартқамыз ғой, көке!" — дейтін де қоятын еді ол. Сұлу мұртын бір сипап, миығынан күлген қалпымен жөніне кете берер еді.

... Зайдаға қосылғанша (ақын Зайда Елғондинова) салт басты, сабау қамшылы күйінде біраз жүріп қалды. Төрт-бес адам бас қосқан жерде, оның үстіне айналасы аузына қарап қолпаштай түсіп, көтермелеп отырса, ол өзін барынша еркін сезінетін еді, домбыра да шертетін, әншілерге

де қосылып кетіп, қасындағыларға қарата достық әзілдің де жеті атасын қарша боратып, төңірегін түтел күлдіріп, өзі де күліп, мез болып отырушы еді, көп кісілік думанды дүрмекті ұната бермейтін.

Жұматайдың көбіне-көп қалжың нысанасына алатын адамының бірі — ағадосы, ақын Әбен Дәуренбеков болушы еді. "Өзілің жарасса — атаңмен ойна", — деген қағиданы малданып, екеуі құрдастарша қалжындаса беретін. Үнемі зілсіз қажасып отыратын. Бірде итжығыс түссе, бірде Жұматайдың басымдығы байқалып қала беретін.

Сол Әбен Талдықорған қаласынан пәтер алып, бір күні үйімді көр деп, Жұматайды ертіп келе жатса керек. Ішуді іші жек көрмейтін Жұматайдың әңгіменің аяғын дәйім ғана ішімдік жағына апарып тірей беретін әдеті бар еді. "Міне, мынау үй, пәтеріміз осының үшінші қабатында", — деп келе жатқан Әбенге, әлгі үйдің астыңғы қабаты тұтас қана азық-түлік дүкені екенін көре қойған Жұматай:

Бұл үйдің үсті де дом, асты да дом,

Tu in түр іргесіне гастроном, —

деп жібереді. Әбен де ол шіркіннен қашпайды білем, екеуі бір-бірін арғы жағын айтпай-ақ түсіне қояды да, қатарласа барып дүкенге бас сұғыпты. "Ал, қайсысын аламыз?" — деген Әбенге Жұматай:

Қасында еріп жүрсе екі-үш сыра,

Арақтың төресі ғой "Экстра", — деген екен.

Әбеннің тұңғыш қызы дүниеге келіп, соның шілдеханасына жиналып отырғандардың көзінше:

Айналайын Гүлзадам,

Айтайын саған бір жаңа ән.

Әкең сенің импортный —

Поштамен келген Құлжадан, —

дегенді де Жұматай айтқан.

Әбеннің көп жылдар бұрын Қытай жағынан ауып келгенін емеурінмен білдіре кеткендігі еді онысы. Сол Гүлзада апыл-тапыл жүре бастаған кезде, Әбеннің үйіне келе қалады да, жөпшендіде аузына ештеңе тие қоймай, тамағы жыбырлай берген Жұматай:

Келетін ағайының бар алыста,

Мықты болсаң үйіңде арақ ұста.

Мамаңа айтшы — жүз грамм құйып берсін

Жұматай Жақыпбаев товаришқа! — деп, "үйде арақ болмай тұр еді" — деп сылтауратқан ата-анасын да бір іліп өткен ғой.

Айтып жүрмеген соң ұмытып та қалыпшын, мұндай-

мұндай бірқақпайлар онда өте көп болушы еді.

Сол Әбеннің бойының аласалығын меңзеп:

Құлақшыны екі тышқанның терісі,

Өзі Суанның перісі...

Озат колхоздың қызылшасындай бойы бар,

Соған қарамай,

Тоқал алсам ба деген де ойы бар,—

деп бір кетсе, Тоқтасын Сүгірбеков дейтін ақын жігітке:

Қиярдың бөшкесіндегі жуан ақын,

Жүнжүн берсең — балаша жұбанатын,

Қыз көрсе қылмың қағып қуанатын,

Кіндігін қытай кескен Суан ақын, —

Сүр жегендей боламыз сені көрсек,

дейтіні де бар.

Аңқылдап қалған, ақкөңіл Тоқтасынның барған үйіне ауызша "бір қой сыйлап" кететіні болады екен. Сырын білетіндер күледі де қояды, сырын білмейтіндер шынымен қой береді екен деп дәметіп те жүретін көрінеді. Бізге де бірер қой "атағаны" бар. Бірде бәріне ортақ жолдастарының бірінің әйелі босанып, соларға барып "бауы берік болсын" айтайын десе "қалтасының түбі тесік", бармайын десе тағы да ұят, не істерін білмей дағдарған Жұматайдың алдынан Тоқтасын жолыға кетпей ме. Жұматайдың қысылып тұрған жағдайын өз аузынан естіген Тоқтасын: "Мен бір қой атадым" — деп қалса керек. Сонда Жұматай: "Әй, Тоқа-ай, сіздің қойлардай қойдың мен болсам бес-алтауын қатар атап, өзіне айдатып-ақ жіберер едім ғой", — депті.

Сол Тоқтасынның жаңағыдай қылығына қарата шығарған Жұматайдың тағы бір өлеңі мынандай:

Бір жілігі базарға,

Бір жілігі қазанда,

Бір жілігі Басқанда,

Бір жілігі аспанда,

Бір жілігі арқанда,

Бір жілігі Сарқанда..,

Тоқаңның бір қойы бар,

Әркімге берсем деген ойы бар.

Тоқаң бермей жүрген жоқ,

Өзің тап та, сойып ал!

Облыстық газет жігіттерін бірде колхоздағы жұмысқа апарып салады. Оларды бастап барған газет редакторының орынбасары Елжас Бейсенбеков болса, өзі де елгезек, ты-

нымсыз, басқаларға да дікектеп тыным бермесе керек. Ақ таңнан оятып алып, "тұрыңдар да, тұрыңдар!" — деп жігіттердің мазасын ала береді екен. Басына ұдайы түрік тақиясын киіп жүретін көрінеді.

*Мекеніміз Кеңарал,
Уақыт жоқ демалар,
Тықақ-тықақ етеді,*

Турецкий Генерал!.. — деп, Жұматай Елжастың өзін де, өзге жігіттерді де күлдірсе керек. Бұлардың жұмыс істеп жатқан Кеңаралдары әйгілі Зылиха Тамшыбаева басқаратын кеңшарға қарайды екен. Бірде плантация басындағы бұларға қарай келе жатқан сол Зылиханы көріп қалған Елжас бастық асып-сасып оның алдынан шығам деп жүргенде, шалбарының құйрық тұсын бұта сыдырып, жыртып алып. Кісіге ұдайы жүзін ғана бере сөйлеп, көткеншектеп шығатын қытайларша, Елжас та амалсыз Зылиханың алдынан артымен шегіншектей бермей ме, соны бағып отырған Жұматай:

*Жалбырап жүріп көтеніңіз,
Зылиха сіздің не теңіңіз, —*

деп бір қағытып өтеді.

Оның Баяндин Құттыбекке, редакциядағы басқа да жігіт-желең, қыз-келіншектерге қарата айтқан тапқыр да дәл шумақтарының, достық әзілдерінің көбін есіме түсіре алмай отырмын. Білетіндердің ауылы алыс, сұрап алудың да ретін таппадым.

Кейінірек, Алматыға ауысқаннан кейінгі кезде ол "Жазушы" баспасындағы маған жиі келіп тұратын еді. Бір күні: "Көке, мен орысша бірер өлең жазып ем, тыңдайсыз ба, оқып берейін? Осындағы орысша өлең жазатын Орынбай, Бақытжандар мақтап жүр", — дегені бар.

Өлеңдері шынында да жақсы сияқты. Бірақ мен оған:

— Сен қазақ жырының түбін түсіріп жүрген үлкен ақынсың ғой. Соңыңнан біраз жастарды да ертіп, "Жұматай қағанатын" құрғаныңды да естіп жүрміз. Орысшаны сол Олжастарға-ақ қалдырсаң қайтеді, тыпа-тыныш, — деп едім, ол түсінді ме, жоқ па, білмедім, әйтеуір одан соң орысша өлеңімді тыңда деп мені мазаламайтын болған.

... Бір күні естідім, Жұматай жұмыстан шығып, ауылына кетіп қалыпты. Әке-шешесі Талдықорған түбіндегі "Жетісу" аталатын бір ұжымшарда тұратын. Көктем кезі еді. Мал төлдеп жатқан, шопандарға ілесіп, қозы бағуға сақманшы болып кетіпті деген хабар да жеткен бізге. Оның

мінезіне күлгеміз де қойғанбыз. Газет редакторының орынбасарымен жұмыс үстінде жүз шайысып қалып, бастықтығын көрсетіп дікендей берген әлгінің иегінен Қасым Қайсенов ағамыз айтқандай, бір сүйкеп жіберіп, тұрыпты да жүре беріпті.

Мен ол кезде облыстық партия комитетінде істеймін. Екі-үш ай бойына жұмыссыз жүріп қалған Жұматай ақынға жанашырлық көрсеткім келіп: "Редакцияға соқса, маған кіріп шықсыншы, жұмыс қарастырып көрейін" — деп сәлем айттым жігіттерден. Бұл кезде Жұматай сақал-мұрт жіберіпті деп те естігенмін. "Араб шейхтерінен аумамай қалыпты", — деп жүрген жігіттер.

— Сәкеңе барсаң, сақал-мұртыңды қауғадай қылмай, қырғызып бар. Обкомдағылардан ыңғайсыз болар, — дейді ғой оған редакция жігіттері әдейілеп ескертіп.

Бірден елп етіп келе қалса Жұматай Жұматай бола ма, "Жарайды, барып көрейін!" — деудің орнына:

— Сәкең бірден жұмыс тауып бере қойса — жақсы, тауып бермесе — не жұмыс жоқ, не сақал-мұрт жоқ, сымпиып қала бермеймін бе, одан да "аш құлақтан — тыныш құлақ", осылай жүре берсем қайтеді? — дейтін көрінеді.

Жұматай Жақыпбаев дегенің осындай жігіт болатын...

II-БӨЛІМ

ӘДЕБИ ПОРТРЕТТЕР

ҚАЛДАРБЕК

«Қош, Қалдарбек, қайран дос! Осыдан бес-алты жыл бұрын оңтүстік өңірдің бірінде өткен ұлы дүбір мереке кезіндегі 50-60 ат қосылған аламан бәйгеде алдына қара салмастан оқ бойы озық келе жатқан қас жүйріктің мәреге таяй бере қиқуласқан алқалы көптің көз алдында қара жерді сүзе барып созыла ұшып түскенін көрген едік. "Қап, әттеген-ай, зорығып кетті-ау!" – деп аһ ұрған еді сонда жөн білетіндер. "Мұндай да сұмдық бола береді екен-ау!" – деп біз де сонда әлгі арғымақтың оқыс қазасына таңырқай тұра қатты күйзелген болатынбыз.

Қалдарбек Найманбайұлының ақтық демі үзілді деген хабарды естігенде ойыма осы оқиға оралған. Тетелестері мен теңдестері, қаламдастары мен замандастары арасынан оза шығып, өмір бойына алда келе жатқан азамат, аз арыстың бірі еді ол. Досымыз еді, үзеңгілес, үндес жолдасымыз болатын. Жер басып жүрген былайғы барлық пенделерше біздің де бірде арамыз алыстап, бірде жұп жаза алмай жақындап, бірде сыйыспаған, бірде қиыспаған қалпымызда, бірде сыйласпай, тағы бірде қимастай болып қатар тірлік кешіп келе жатқан жайымыз бар еді. Кешелер ғана, яғни шілденің соңғы күндерінде Жаркент өңірінде өткен Ә.Қастеев мерейтойына да қомақты бір топ болып бірге барып, бірге жүріп, бір-бірімізге әзіл-оспақ, өкпеназ, базына айтысып, қалжыңдаса қажасып қайтып едік-ау.

"Ауырып жатыр екен" - деген емеуірдің ести сала өз ағаларының бірі Тұманбай, іні досы Қуанышбай болып үшеуіміз көңіл сұрасақ деген ниетпен емханаға іздеп барғанбыз. Бала-шаға, жекжат-жұрағат түгел ғана қасында екен, реанимация бөлімінде тілсіз жатқан Қалдарбекті күзетумен күндіз-түні көз ілмей, бір Алладан медеу тілеп отырғандарының үстінен шықтық. Солармен бірге қамығып, қолдан келер дәрмен жоқ, тілекке тілек қосып, көзіміз жасаурай, көңіліміз аласапыран алмағайып күй кешіп, күн батқанша үнсіз отырып, құлазып қайтқанбыз.

Тағдыр деген сол, жазмыштан озмыш жоқ. Бір жалт етіп өте шыққан жалған деген де сол. Кеше ғана арамызда аңқылдап жүрген, ақ алмастай жарқылдап жүрген Қалдарбегіміз де қас-қағым сәтте өте шықты дүниеден.

Иманың кәміл, жатқан жерің жәннат болсын, қадірлі дос, қимас жан! Сен бізге керек едің-ау! Еліңе де, жеріңе де керек едің!

Сүйген жар, сүйікті ұлдарыңа, немерелер, ағайын-дос, жекжат-жұрағатқа керек едің! Күллі дүние қазақтарына керек едің сен! Амал қанша, ажалға дауа жоқ екен! Алдыңнан жарылқасын, қош бол, Қалдарбек, қайран дос!»

Қалдарбек қазасы үстінде күйзеле, күңірене отырып қағаз бетіне түсірген сөздерім осы еді. Сол күні басқа да көптеген қазанамалармен бірге "Қазақ әдебиеті" газетінің бетінде жарияланған да болатын. Кейін Қалдарбектің жақын достарының бірі Тілек Дәулетов өзі құрастырған "Қауымдасқан қазақтың Қалдарбегі" аталатын естелік кітабына да осы қалпында қосқан екен.

Осынау бір шағын ғана қоштасу сөзімізден-ақ аңғарылып қалып жатқандай, Қалдарбек екеуміздің арамыздан қыл өтпестей тату-тәтті тірлік кешіп едік, шәй десіп көрген жоқ едік десем, оған бізді жақсы білетіндердің ешқайсысы нанбаған болар еді де, білмейтіндердің өздері де илана қоймас еді. Өйткені, Қалдарбек болса үнемі ат үстінен түспей өткен азамат еді де, ондай кісілердің бойына жүре келе бітетін басынан сөз асырмау деген де бір кеселді әдеттер болып тұратыны белгілі. Оның үстіне бір терінің пұшпағын қатар илесіп жүрген екі адамның арасында "әрі тарт, бері тарттың" болмай тұрмайтынын да екінің бірі біледі емес пе. Менің де құдай сүйер қылығым аздау болар, бәлки, кім білген, өзімдікін жөн көрген жерде керісе кетуге, кергілесе кетуге даяр тұратыным да жоқ емес. Мінездің сондай да бір ала-құлалығынан да болар, кейінгі кезде бір баспада қатар істеудің салқыны да тиген шығар, әйтеуір жап-жақсы жарасымды келе жатқан тірлік аяқ асты нілдей бұзылып, бір атым насыбайдан қалатын дос көңілге сызат түсіріп ала беруші едік. Бұл жағдай әсіресе Қалдарбектің "Жазушы" баспасына бастық бола қалған тұстарында жиі қайталана берді де, арамыздағы ықылас-пейіл, қарым-қатынас дегенің біресе бұрынғыдай бар қызу-қауқарымен аспанға атыла лапылдай жанып, енді бірде бықсып барып сөне жаздайтын бөгесінге де дұшар бола берген.

Сондықтан да, ащы да болса ашығы жақсы шығар-ау деген мақсатпен, Қалдарбек жайлы көңілде жүрген ой-

ымды бояма-бүкпесіз, бұдыры болса да, бұлдыры жоқ шындық тұрғысынан өрбітуді ұйғарып едім. Шындықтың аты — Шындық, ол әйтеуір, біз білетін көлгірсу атаулының бәрінен биігірек тұратынын білемін. Таза пейіл адамның көңіл ауаны ұдайы солай қарай бұра беретіні де содан.

Арамыз әлгіндей әлсін-әлсін үзіліп барып, бұзылып барып қайта жалғанып жүрген тұстардың бірінде екеумізді де жақсы білетін Еркінбай Әкімқұловтың: “Осы сен екеуіңнің достықтарыңа түсінбеймін, сені жұрт “Жазушы” баспасынан Қалдарбекке қатты ренжіп кетті десіп жүр, ал кейде екеуіңнің жұп жазбай жүргендеріңді және көріп қаламыз. Түсінсем бұйырмасын...” — дегені де содан болуы керек.

I

Айтса айтқандай, 1988 жылдың соңын ала мен қызмет істеп жүрген “Жазушы” баспасына директор болып аяқ асты Қалдарбек келе қалды. Бұған дейінгі сатиралық “Ара” (“Шмель”) журналын қалай басқарғанынан хабарым жоқ, әйтеуір баспа жұмысы оның өз стихиясы екендігі бірден байқалған. Әй-шайға қаратпай келе сала игеріп-иіріп алды да кетті. Оның үстіне бұл бір марксизм-ленинизмнің де тоны тоза бастаған, кеңестік дәуірдің де керегесі сықырлай түскен кезең еді. Бұрынғыдай бұлжымас тәртіп, жоғары жақтың қатаң бақылауы атаулының да арқауы босаңси бастағаны байқалып қалып жататын. Әркімнің өз қабілет-қауқарына қарай, икем-игеруіне орай құлашын кеңге салып, еркінірек қимылдауына да мүмкіндік туа бастаған сыңайлы еді... Бір жағынан бұл кезде «нарық» деп атлатын сұғанақ пәлеңіз де тілін сумаңдатып қойып, ел ішіне, біздің тұрмыс-тіршілігіміздің бәріне әр тұстан-ақ сұғына кіріп келе жатқан болатын. Дәл осы кезде ғой, Талдықорған жаққа бара жатқан бір сапарымызда Қалдарбектің маған: “Сәкен, осы менің күнім енді туып келе жатыр-ау деймін, қалай дейсің?” — дейтіні. Бұл сауалдың ар жағында не жатқанын аңғаруға ол кезгі менің өрем жетінкірей қоймады-ау деймін, сөз аяғы сол жерде жұтылып қала берген-тін.

Сол бір “Жазушы” баспасына директор болып келген күндердің бірінде алдына барған маған:

— Бұл баспада сенен жақын адамым жоқ менің. Ескі досымсың, енді бірге қызмет істейтін болдық. Басымыздың бірігіп жүргені де жақсы ғой, солай емес пе? — деген еді ол.

Әңгімені өзі бастап отырғасын мен де тартынбай:

— Жұмабаевтың тұсында менің ұсыныс-пікірімнің 60 пайызы жүзеге асушы еді. Сайын соны 50 пайызға түсіріп, Марал досым қайта көтерген болатын. Сенің тұсында қалай болар екен? — деп те сұрап қалып едім.

Қалдарбек өз әдетінше шалқалай түсіп, қарқылдап күлген болатын.

— Шұрқ етпе, бұдан әрі айтқаныңның бәрі де орындалатын болады, — деген сосын барып байыппен.

Әрине, достық — достықпен, жұмыстың аты жұмыс. Кіммен қызметтес болсаң да, қай басшының қарамағында жүрсең де ең алдымен “әй, кәпір” атандыртпайтын өз абыройыңның жайын ойлайсың ғой. Мен де сол дағдыма бағып, етек-жеңімді жинақы ұстауға, өзіме тиесілі міндетіме ие болуға тырысып-ақ бақтым. Мен білетін Қалдарбек болса, кездейсоқ жауға бере қоймас, өзі де маған баяғыдан бері үнемі іш тартып жүретін еді ғой деген ойға біржола табан тіреп, беки түскен болатынмын.

Олай ойлауыма Қалдарбектің өз басыма жасаған тікелей жақсылықтары да себеп болды-ау деймін.

Бұдан бұрын да әлденеше рет айтып та, жазып та жүрген сөзім ғой, көпшілік есіне тағы да бір сала кетсем, артық бола қоймас, сонау бір “Жалын” баспасында директор болып жүрген кезінде күн сайын бір есіктен кіріп, бір есіктен шыға жүре Қалдарбекпен жиі-жиі ұшырасып қала беруші едік. Қарсы келіп қалғанда немесе лифтіге қатарласа мінген сәттерде ол көбіне-көп: “Хал қалай?” — деп сұрайтын еді менен. “Сол баяғы... орташа тірлік қой”, — дейтін едім мен. Ылғи да атүсті асығыс, өз ойымен өзі болып жүретін Қалдарбекке менің халімнің қалай екендігін біле қою шарт та емес еді, әйтеуір сәлемдесу рәсімі үстінде сөз болсын деп сұрай салғаны ғой деп те ойлайтынмын. Оның үстіне мен сияқты басқа да қатарластарынан бұрынырақ атқа мініп, әртүрлі үлкенді-кішілі лауазымдар құлағын ұстап үйреніп қалған Қалдарбектің біз сияқтыларға жоғарыдан қарай бастағаны да сезіліп қалушы еді, сол тұрғыдағы тіл айқастыруы ғой деп жөніме кете беретінмін.

Ал аса бір асығыс емес сәттерінде менің қасымда азды-кем аялдап: “Сенің халің осы неге ғана ұдайы орташа ғана болады?” — деп те сұрап қалатын. Ондайда мен де әңгіме аяғын әзілге бұрып: «Жақсы» десем жұрт күндей бастайды, «жаман» десем «өзіңе де сол керек» деп, жүндей бастайды. Ал «орташа ғой» десем: «Е, өзімізден артылып кете қоймапты ғой» деп жайыма қалдырады» - дейтінмін.

Қарқылдап бір күліп алатын да, ол да мені жөніме қалдырып, кете беретін.

Бірде Қалдарбектің кабинетіне кірсем, қасында баспаның бас редакторы Бексұлтан Нұржекеұлы бар, екеуі кезекті жылдың тақырыптық жоспарын қарап жатқан үстерінен түстім.

- Менің де бір кітабымды жоспарға кіргізіп беріңдерші, осындай төрт көздерің түгел отырғанда, - деп қолқа сала қойдым.

- Кітабынды жоспарға кіргізсек, бұдан кейін «халім орташа» дегенді қоясың ба? — деді Қалдарбек күле отырып. Әрине, онысы маған мысықтың тышқанмен ойнағаны сияқты көрінді.

- Әрине, кітабым шықса, — халім жақсармай қайтуші еді? — дедім мен.

- Көлемі қанша? — деп Қалдарбек қаламын қолына алып, жазуға оңтайланды.

- Екеуің де күндік жерге көлеңкелерің түсетін ірі жігітсіңдер, жеке-жеке алдарыңа барсам әрқайсың бір бес баспа табақтан көлем берер едіңдер ғой, ал мынандай екеуің қатар отырғанда он баспа табақтан кем сұрағаным ұят болар, — деп жатырмын мен де екеуіне көпшікті қалыңдай төсеп.

Қалдарбек тартына беріп еді, Бексұлтан тұрып:

- Бәрібір даяр өлеңі жоқ, жуық маңда қолжазбасын әкеле қоймас, кітабын жазып біткенше кім бар, кім жоқ, сұраған он баспа табағын жаза салайық та, — деді.

- Қолжазбанды қашан тапсырасың? — деді Қалдарбек.

- Курортқа жүрейін деп жатыр едім, алдын-ала шарт жасасып, қаламақысының 25 пайызын бере тұрмайсыңдар ма? — деп жатырмын мен де енді еркіндеу қимылдап.

- Онда уәде былай болсын, — деп еді Қалдарбек, — қолжазбанды әкеліп тапсырған күні сұраған сомаңды берейік. Қалай дейсің? — деп Бексұлтанға қараған.

Бексұлтан болса жаңағы сөзін қайталап:

- Бір жол өлеңі жоғын білем ғой, ондай көлемде өткізгенше қай заман, көрерміз, — деген де қойған.

Қойшы, сонымен не керек, әлгі кітабым сол мен айтқан көлемде жоспарға тұрақтап бекіді де, енді ұятқа қалмау үшін амалсыз күндіз-түні отырып өлең жазуға тура келген. "Бел-белес" дейтін жыр кітабым ойда жоқта осылай туды да, 1985 жылы жарық көрді. Өзіме әлі күнге ыстық, сүйкімді кітап. Қалтама бұрынғыдан қомақтырақ ақшаның түсуін де, ақынмын-ау деген сезімнің көкірекке көбірек

ұялай бастауын да өз басым үнемі осы кітабыммен байланыстыра беретінім бар. Бұл — Қалдарбектің маған деп жасаған таза жақсылықтарының бірі еді.

Қалдарбектің серілік хәм серкелік қырлары хақында оның қасына көп ерген, кісілігі мен кішілігін үлгі тұтып есейген рухани інісі — ақын Есенғали да жазған екен, біз де көзіміз көріп, көңілімізге түйгенімізді қайталап айтамыз, тірісінде мәрт мінез жігіттік дейсің бе, жігітшілік дейсің бе, әйтеуір осы жағынан оның алдына түсе қойсақ-ау дегенді ешқайсымыз ойлаған да емеспіз. “Жалын” баспасын құрудың басы-қасында жүрген, өзі соның тұңғыш директоры болған Қабдікәрім Ыдыров біз үшін қазақы серіліктің сол кезгі үлгісіндей болып көрінетін, ескіден келе жатқан сал-серілердің соңқы тұяғы сияқтанатын. Сол қадірлі Қабекесінің көзін көре қалған, қарауында жүріп көп-көп тәлім, өнеге алған Қалдарбек ұстазынан озған шәкіртше бұл жағынан басқамызға дес бере қоймағанын мойындауға мәжбүрміз. Ол өзі де бірге жүрген аз жыл ішінде Қабекеннен көп үйренгенін, оның қалауын тауып, қар да жандыра алатын іскерлігін, ұйымдастырғыштығын, кесек-кесек қимыл-қаракетін, азамат ретіндегі алғырлығын үнемі аузынан тастамай, біздерге әңгімелей жүретін де еді. Алғырлық пен алымдылық, тіпті ақылдылық жағынан да алдына жан салмайтын Қалдарбектің мұнысын да жігіттің және бір қыры шығар деп, үндемей ғана тыңдайтынбыз.

— Әр облыста “Жазушы” баспасының күндерін өткізсек қайтеді? Соны ең алдымен Талдықорған облысынан бастасақ деп отырмын. Соны ұйымдастырып, басшылық жасауды өз қолыңа алшы, — деп еді бірде.

Маған көрсетіп жатқан сенімі ғой дедім де, бұл іске бел шеше кірісіп кеттім. Облысты басқарып жүрген, басқарысып жүрген азаматтардың бірқатарына екі-үш реттен телефон соғып, келісіп, күн сайын пысықтай түсіп отырдым. Обалы не, олар да қолдарынан келгенін аянып қалған жоқ.

— Мен қасыма Жекен Қалиевті аламын, республикалық кітапқұмарлар қоғамын басқарады, сол өңірдің азаматы. Сен тағы кімдерді шақырасың, о жағын өзің біл, — деді маған Қалдарбек.

Сағи, Тұманбай, Қайрат, Жүрсіндерден арнайы топ жасақтап, Талдықорған жаққа екі-үш дүркін барып та қайттық. Сол қалада “Жазушы” аталатын кітап дүкенін

де ашқанбыз. Баспа шығарған өнімді насихаттау, өткізу, халыққа жеткізу жолындағы жақсы бір қадам осылай да жүзеге аса бастап еді.

Бірақ әлгі айтылған нарықпен бірге Қалдарбек мінезінде де күрт бір өзгерістер бола түскенін аңғармау мүмкін емес еді. Қасына әдебиетке ешқандай қатысы жоқ біреулерді, әлекедей жаланған пысық жігіт-желең мен пысықай қатын-қалашты жинай бастады. Бірер рет оңаша отырып сөйлесіп көріп едім, сөзіме ден қойып, құлағына ілмеді. Әсіресе баспа директорының орынбасары бола қалған бір қатын Қалдарбекке сөзі өтімді болғанға тіпті еркінсіп, басқаларды былай қойғанда, бас редактор Оразбектің де сөзін құлаққа қыстырар болмады, менсінбей, жүре тыңдайтын әдет шығарды. Соның бәрін көре тұра, тыңдай жүре Қалдарбек те оған "қоя-ақ қой!" — деп жақ ашпады. Біз соған ызалаңдық. Соңда ғой, менің:

*Ашудың бұлты жауып шұғылаңды,
білмейсің кімге барып ұрынарды.
Қайдағы тарқ-тарқ күлген тәйтік қатын
тайраңдап төбемізге шығып алды.*

*Қалдарбек басқа жаққа атын бұрды,
Қағынып-жағынғанды жақын қылды.
Қазақтың жалқы туар ақыны едік,
Қалмай тұр қадіріміз қатын құрлы, — деп*

өлең де жазатыным.

Екі-үш шумақтан тұратын бұл өлеңді Қалдарбектің өзіне оқып беріп едім, едәуір шамданып, қызарақтап та қалды. Ауыр сөзге барыспасақ та, арамызға әлдене сызат түсе бастағандай еді. Оны бірден аңғардым. Бірақ айтылар сөз айтылып кетті, енді не істерсің.

Баспаға Марал Ысқақбаев директорлық еткен тұстан бері жеке иемденіп келе жатқан кішігірім кабинетім бар еді. Ара-тұра кіріп-шығып жүргенде Қалдарбек:

— Қасыңа Тұрғанды отырғызсақ қайтеді? — дейтінді шығарды.

Тұрған Тохтамов - осындағы ұйғыр редакциясын басқаратын. Ол азарда-безер болып, "өз орнымда, өз қызметкерлеріммен бірге отыра берейінге" көшті.

— Ендеше Тортайды отырғыз, — деді тағы бірде.

Тортай Сәдуақасов мен басқаратын бөлімнің қызметкері болатын. Ол да ат тонын ала қашты: "Сол үйренген ортада отыра берейінші, аға!" — деп, көнгісі келмеді.

Бұл кезде (1991 жылдың күзі ғой деймін) Қалдарбек Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшылығына сайланып, қазіргі Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары болып та үлгерген еді. Соны мезгел:

— Қалеке, үш жерде атшаптырым үш кабинетке ие болып отырсың ғой, осы бір құрқылтайдың ұясындай бөлмеге егін егесің бе, не көрінді сонша тарылып? — деп те қалғаным бар. Ол тағы да көңіліне ауыр алып, ренжіп қалғандай көрінген.

Сол бір әредікте Қалдарбек екеуміздің кітап тарату жөнінде қатар отырып теледидардан сұхбат бергеніміз де бар еді. Сол хабарды бірге көріп отырған кенже балам: "Мына кісі неге сізге соншалық жек көре қарайды?" — деп еді біртүрлі тіксініп.

Өзіме де солай көрінгесін, ертесінде әлгі жәйтті

Қалдарбекке айттым. Ол өзі де байқаған екен. "Әй, сірә, шаршап жүргендікі-ау деймін, өзім де ыңғайсызданып қалдым, көңіліне алма, қайтесің!" - дегені бар-тын.

Осы және бұдан басқа да әртүрлі реніш-өкпелер жинала беріп, бұдан әргі қызметтің қиюы кете бастаған соң мен де ойлана келе аштан өліп, көштен қала қоймаспын, есім барда елімді табайын деп, бір күні Оразбек арқылы шығармаларымның екі томдығына шарт жасаттырып алдым да, он бес жыл бауыр басқан баспамнан біржола кетіп тындым.

Қалдарбек те мені іздей қоймады. Менде одан алысырақ жүруге тырысып, бір жарым жылдай уақыт өткізіп алдым-ау деймін, бір күні ертелетіп ол маған өзі телефон соқты. "Қазір саған Қасымды (жүргізушісі) жіберем, маған келіп кетші», — деді.

Мен әлденені сылтаурата бастап едім, ол: "Қасым барып та қалған шығар, келіп кет!" — деп қысқа қайырды тағы да.

Әне-міне дегенше Қасым да есік қақты. "Қалағам сізді қайткенде де алып кел, деп жіберді. Жүріңіз, аға", — деп болмады. Қалдарбектің қасында Уақап Қыдырханов бар екен, кешірім сұрап, онымен қоштасты да, біз оңаша қала бергенбіз.

Сол күні оның кабинетінен күн еңкейе шықтық-ау деймін...

— Қай жақтан сіңген сөз екенін білмеймін, орыста бір "эйфория" деген ұғым бар, Сәкен, — деген еді сонда

Қалдарбек, — қазақшаласақ — арғы жағында астамдық па, асқандық па, көңілдің әлдене табысқа бола лепіре шалқуы ма, білмеймін, мен де жоқ жерден сол эйфория шалығына ұрынғанмын-ау деймін. Әйтпесе, сол бір шағын кабинетті саған қимастай не көрініпті. Өзім де әлі күнге дейін соның ұшығына шыға алар емеспін. Бәрін ұмытайықшы, замандаспыз ғой, қатар жүрейікші бұрынғыдай.

Мен не дейін. Жалпы Қалдарбекке өкпелеп те болмайтын еді. Кейде бір әлгіндей ішке сыймас қылығы үшін ызадан жарылардай болып, жағадан ала кетуге таяп қалып, алдына баратыным болушы еді. Ол соны күндік жерден сезе қояды да, алды-артынды түгел орап, жаймашуақтандыра, мәймөңкелей келе өзіңді таза жұбатып, мүлдеп разы қылып жіберер еді. Риза болатының соншалық, ыржия күліп кетіп бара жатып, былай шыға ойлайтын ең: "Оу, осы мен не үшін келіп едім, не бітірдім өзі, не тындырдым?!" — деп. Сонда ғана барып Қалдарбекке емес, өзіңе-өзің ренжитінсің. Өзіңді өзің жейтінсің. Әлгі бір әңгімеден кейін, жаңағы жаймашуақ әзілден кейін қайта кіжініп бармайсың ғой алдына.

Осы мәндес тағы бір оқиға есіме түсіп отыр. 1999 жылы ол мені Түркияға ертіп алып барды. Он шақты адам едік. Өзімен бірге Қазақ қауымдастығында істейтін Сұлтанәлі, Қайсар сияқты жігіттер, сырттан қосылған тек Қажымхан Мәсімов дейтін, бұрыннан бізге етене таныс, тағы бір досы бар. Түрік жерін он күн жүріп асықпай еркін араладық.

Стамбул, Измир, Салихли сияқты үлкен-кіші қалалардың бәрін араладық. Көрмеген жердің ой-шұқыры көп, маған бәрі қызық еді. Қалдарбек мұнда да өз ауылында жүргендей алшаңдай басады екен. Тобымызбен барып көптеген қазақ, түрік үйлерінде қонақта болдық. Өзін жекелей шақырған тамыр-таныстарының үйлеріне де мені қасынан қалдырмай ертіп барып жүрді.

Алматыға ертең қайтамыз деген күні ол мені бір адамдарға қосып, өзіміз түскен қонақүйге жеткізіп салуды тапсырды да: "Мен ертең ерте барам саған, тырп етпей мені тосып отыра бер, асықпай білер сағат дүкен аралап, бала-шағаға сәлем-сауқат аламыз да, әуежайға тартамыз", — деп, өзі қалып қойған.

Ертесінде мен оны сарылып ал кеп күтейін. Дүкен аралау қайда, тамақ ішуге де бара алмадық. Шығып кетсем, ол мені іздеп қалатындай көрінеді. Өз басым бес жасар балаға да уәде берсем, соны бұлжытпай орындауды парыз санайтын адаммын.

Сәске болды, түс болды, күн екіндіге ауып барады. Сол кезде барып: "Ал, кеттік, дайынсың ба, әуежайға тартамыз?!", - деп Қалдарбегім келіп тұр. Қасында оны шығарып салып жүрген бір топ түрік, қазағы бар екен, жайымен тұрмай менің дегбірімді алып барады. "Ау, сенің кешегі уәдең қайда? — деймін мен ашуға булығып. — Балашағаға тәберік те ала алмай, күні бойғы менің аш отырысым мынау". Оның ойына түк кіріп шығар емес. Ренжітіп алдым-ау, бұл да өзім секілді әжептәуір кісі еді-ау деген ой қаперінде жоқ. Әуежайға жеткенше де, одан кейін де ләм-мим десіп, тіс жарған жоқпыз. Өкпем қара қазандай. Сол жерден уақ-түйек ол-пұл сатып алдым да, серіктеріме ілесе ұшаққа отырдым.

Біз мінген ұшақ Ақтау арқылы ұшады екен. Сонда сәлпәл аялдап, ұшаққа қайта мінгенде, Қалдарбек алдыңғы жақта отырған менің қасыма келіп жайғасты. Қолында ораулы әрденелері бар екен, бір шөлмек "Смирнов" арағын, тіске басар тағы бірденелерін алып, аузын аша бастады. Алды-артымды орап, арқамнан қаға отырып, кінәсін жуып-шайғандай пиғыл танытқасын, қайда барайын, мен тағы да жайылып сала бердім. Мана қонақүйде отырып, ол жоқта өзіне арнап жазған өлеңім бар еді, енді соны оқып бердім. Өлеңді бірге отырып тыңдаған Қажымхан Мәсімов жан қалтасына салып алып, бермей қойды. Есімде тек:

*Ішетін жігіт егім ас таңдатып,
Ұшқаны осы ма әлде бастан бақыт, —
Қалдарбек мені тастап қайда кеттің,
Жатырмын Стамбулда аштан қатып?!
Әкеліп салып мені үй қасына,
Жоқ болды қимасы да, сыйласы да,
Ержанның "Смирновын" ішпеуші егім,
Қор болдым Түркияның "бирасына".
Бұл күнде қарын да сау, қалта да сау,
Қалдарбек, досың ем ғой тарпаң, асау.
Бүгінгі қара қазан қалың өкпем,
Тай сойып берем бесең тарқамас-ау!*

деген бірер шумағы ғана қалыпты. Мұндағы аты аталған Ержан деген жігіт сол Қауымдастық атынан бізбен сапарлас болып барған азаматтардың бірі де, "Смирнов" сол кезгі арақтың түрі, ал "бира" деп түрікте сыраны айтады екен. Сірә, алманнан ауысқан сөз болса керек.

Ұшақтың ішінде әлгі шөлмекті тауысқанша Қалдарбек өз өмірінен едәуір хикаят шерткен. Сонда барып мен оның "Қоштасқым келмейді", "Таңертеңнен түске

дейін", "Көкем екеуміз" дейтін шығармаларын тереңдей түсіне түскендей болғанмын. Және бір байқағаным, егер Қалдарбектің өзіне-өзі көңілі бір толмаса — дәл осы шығармашылығы тұрғысынан толмады ғой деймін. Өйткені ол қаншама ашыла сырласып отырғанда да өз кітаптары жайында сөз қозғамайтын. Басқамыз болсақ зәуде бір жазған-сызғандарымыз жариялана қалғанда жұмыртқа тапқан мекиенше күрбиіп, "осыны жұрт көрді ме екен, оқыды ме екен, не дер екен?" — деп, қыт-қыттапта бітеміз ғой. Ол болса тіпті басқалар турасындағы әңгімеге де еріксіз араласа қалған күннің өзінде азды-кем пікір айтып, сөз қосып қалар еді де, өзі туралы ешқашан "менде де мыналар бар, мыналар бар" деп, көзге ұруға әсте үздіге қоймайтын.

Әйтпеген күнде, оның жазушылығы да өз тұстастарының ешқайсысынан кем түсіп жатпағанын достары да, дос еместері де әлдеқашан мойындап қойғанды. Сонау бір жылдары Мұхтар Мағауин екеуміз Тарас Шевченконың 175 жылдығын тойласуға Украинаға барып, азды күн сапарлас болғанымыз бар еді. Сондағы бір сөздің ретіне қарай мен Мұхтардан: "Осы Қалдарбекпен жақын жүресің ғой, жазушылығын қалай бағалайсың соның?" — деп сұрай салғаным бар еді. Сонда жөпшендіні бойына шақ көре қоймайтын Мұхтар: «Қалайы жоқ, бұл жақсы жазушы, өз беті, өзіндік стилі, өзгеге ұқсамайтын қолтаңбасы бар» - дегенді кесіп айтқан болатын.

Кейін Қалдарбек шығармаларын оқи жүріп мен де оның қиыннан қиыстырар шеберлігіне, нысанаға алған тақырыбын барынша еркін игере отырып, оқиганың қисынын бұлыңғыр, бұлдырсыз таба білетіндігіне де тәнті бола түскенім бар еді.

Ол мені Қытайдағы Үрімжі, Кұлжа қалаларына ертіп апарды, Талдықорған өңірін онды-солды еркін-ақ араладық, бірнеше дүркін оның туған облысы — Шымкентте де болдық. Сонда қай қалаға бармасын, қай үйге кірмесін — Қалдарбекті дәйім ғана хан көтеріп алып жатқан елді көруші едік. Қазақта: «Ағайынға қадірім жоқ — бетімді көреді» - деген де бір сөз бар ғой. Қалдарбектің өзімен тумалас, тіпті рулас ағайын-достары арасында да аса сыйлы екенін де көре қалған адамдарымыз. 1997 жылы ғой деймін, ол бізді Жетісайға шақырды. Тұманбай Молдағалиев, Бақыт Сарбалаев, Қуанышбай Құрманғалиевтар бар, Шымкенттен Мархабат Байғұт

қосылаған, үлкен топ болып сол жақта екі-үш күн жүріп қайтып едік. Сонда көзім жеткені, елі де, жері де оны қатты қадірлеп, бағалайды екен. Бұл жерде мен ол киген шапанның санын айтып, темірі бар, түлігі-күлігі бар — мінген тұлпарларының түгін түстеп жатпай-ақ қояйын, сол екі-үш күн бойына Жетісайдың үлкен-кішісі, жақын маңдағы аудандардан ат сабылтып келген ағайындардың аста-төк ықылас-пейілін көргендегі дос үшін мақтанышымыздың қаншалық шалқынғанын жеткізе алсам да жетер. Сол кезде Жетісайда мен бұрыннан білетін Байқожа Баязитов дейтін ақын ағамыз тұратын еді, бір оңашалана берген тұста мен со кісіден: «Кешелі бері құрақ ұша қызмет көрсетіп, жар құлағы жастыққа тимей зыр жүгіріп жүрген адамдардың бәрі де Қалдарбектің туыстумасы ма?» — деп сұраған едім. Сонда Бәкең: “Бұл жерде оның аса бір қиыспас ет-жақын ағайыны да, екі туып бір қалғаны да жоқ. Осы елдің бес-алты қадірлі ақсақалы бас қосып, ақылдаса келіп: “Арамыздан суырыла шыққан үздік бір ұлымыз ғой, ел емеспіз бе, көңілін осылай да бір көтеріп қоялық та!” десіп бір топ жолдастарымен келіп, ел-жұртымен кездесіп қайтуын сұрағанбыз. Бәрі соның әсері, осындағы бетке шығар ұл-қыздарымызды түп-түгел жұмылдыра жүріп, жасап жатқан шаруамыз, қарағым”, — деген болатын маған.

Мен таңырқағам да қойғамын.

II

Ал оның Дүниежүзі Қазақтарының Қауымдастығын құруы да өз алдына тұтас бір әңгімеге өзек болуға жорар еді. Ол турасында бізге дейін де жазғандар көп, бізден кейін де жазыла жатар. Ұңғыл-шұңғылын қаузамай-ақ, өзіміз куәсі болған жағына ғана аялдайық. Қолда бардың өзін ұқсата алмай жатқан ол тұста жоқтан бар жасау, елдің ойына келмеген осындай жаңадан бірлестік құру әсте оңай деп пе едің. Ол да Қалдарбек сынды әрнені алдын-ала болжай білетін сұңғылалардың ғана қолынан келер іс еді. Ол ұйқы-күлкіні, демалыс, тынығу дегенді біржола есінен шығара жүріп, біраз уақытқа тіпті баспадағы ісін де, Жазушылар одағындағы шаруасын да құрбандыққа шала жүріп, ақыры бұл ұйымды да төрт аяғынан тік тұрғыза білді. Өзі де қатты шаршап жүрді. “Баламның өзі: “Папа, жұмыстан басқа да тірліктің қызығы бар емес пе?” — дейді” деп те бір ойды бөліскені бар еді сол кезде.

Бір замандардағы Вл. Маяковскийдің сөзін өз

ыңғайымызға орайластыра айтсақ, Қауымдастық десек есімізге Қалдарбек, Қалдарбек десек – сол Қауымдастық түсуші еді ғой. Өйткені ол осында жүріп бастық болудың да, басқара білудің де үлгісін көрсете біліп еді. Бұл Қауымдастықтың қызметі әлі қанша созыларын мен анық кесіп айта алмаймын, сөйтсе де, бұдан әрі бұл ұйымды "Қалдарбек құрған Қауымдастық" атаса да болар еді-ау деп те ойлай беремін кейде мен. Қалай болар еді? Ойла-нып көргендер бар ма екен?

III

Қалдарбек екеуміз алғаш рет 1960 жылы сол кезгі "Лениншіл жас" газетінің қара шаңырағы астында танысып, табысқан болатынбыз. Менің бұл редакцияда істей бастағанымға алты-жеті ай болып қалған еді, бұрын ара-тұра жазған-сызғанын алып келіп тұратын Қалдарбек те ақыры бір күні "заңды қызметкер" ретінде қатарымызға қосылған. Ол өзінің сымбаты да сыптығыр түр-тұлға, сыпайы мінезімен біздің арамызға бірден-ақ судай сіңіп, тастай батып жүре берді. Бізде де, көршілес орналасқан басқа да жастар редакцияларында жастары шамалас қыз-бозбала баршылық еді. Ойын-сауық, той-думандарда үнемі бірге жүруге тырысатынбыз. Бойжеткен қыздардың бірі болмаса бірі әрбір сенбі, жексенбі сайын өтірік пе, шын ба, әйтеуір туған күндерін тойлап жататын. Сондай бас қосудан біз де шет қалмайтын едік. Арамызға Қалдарбек келіп қосылғалы бәрінің ұйтқысы да, ұйымдастырушысы да сол болуға айналды.

Топталып кейде киноға, театрларға баратын едік. Онда да алдымызға көсем салып Қалдарбекті ұстаймыз. Билет болмай қалған жерде біздің қызмет куәліктерімізді жинап алады да, ішке кіріп кетіп, бәрін де өзі реттеп жүреді.

Сол кезде редакцияның дәл түбіндегі, кейін "Заңғар" деп аталған орталық әмбебап дүкен ашылған болатын. Қалдарбектің онда да тамыр-таныстары көп, кейде сонда бізді де ертіп алып барып, қоярда-қоймай жүріп көйлек-көншек, сол кездің модасына лайық жаңа галстук алдырады.

Өзі болса әмісе ұзын да ашаң бойына жарасымды костюм-шалбар, инеден жаңа шыққандай көйлек киіп, үнемі галстук тағып жүреді. Жиырмадан жаңа ғана асқан жастар едік қой, бір-бірімізден жөн сұрасып та жатпайтынбыз. Бірақ Қалдарбектің үсті-басына, жүріс-тұрысына қарап: "Әй, не де болса колхоз бастығы ма, басқа ма, ауқатты

біреудің баласысың-ау!" деп ойлайтын едік.

Қалдарбек көп жазатын. Сала-құлаш етіп әкелген мақалаларын бөлім бастықтары кейде көбірек күзеп те жіберетін еді. Сондайда оның тыз ете қызарақтай қалатынын да байқаушы едім. Бірақ онысын көп аңғарта қоймайды, жылы жымыып, әзілге бұрып, сол сәтінде-ақ жаймашуақтандырып жіберетін.

Бір-бірімізді білісіп, сырласа, сыйласа бастаған кезде, бір жылға жетпей әлдене себеппен мен елге кетіп қалдым да, ол кезде "кімді көрсең бәрі дос", жаңа орта, жаңа таныстар табылып, өткенді ұмыттырып та жібергендей еді.

Араға оннан астам жыл салып, Алматыға қайта оралғанда Қалдарбек "Білім және еңбек" журналының бас редакторы екен. Бір күні Жазушылар одағы алдынан ойда-жоқта ұшыраса кетті. Астыңда автокөлігі бар екен. Мен әлі Талдықорғаннан көшіп келе алмай, "Алматы" қонақүйін паналап жүргенмін. "Жүр, апарып салайын" – деді Қалдарбек, – "Оу, міне, тиіп тұр ғой, әуреленіп қайтесің, жаяу-ақ барам" дегеніме қарамай қасына отырғызып алып, жатын жайыма алып келді. Көлігін қайырып жіберді де, екеуміз ауқаттанып алайық деп, дәмханаға бұрылғанбыз...

Байқаймын, бұл кезде ол әбден ысылған, жүріс-тұрысы бұрынғыдан да шираған, басшы болуға лайық келбетті жүзіне сұстың да, сестің де бояуы қалың жұға бастаған сақа жігіт болыпты. Маған ұқсап бірден ішкі сырын ақтарып, ашыла қойған жоқ. "Қайта оралғаның жақсы болған екен, "қайда жүр, неғып жүр?" деп ара-тұра ойлап та қоюшы едім, енді кезігіп тұратын болдық" – дегенді айтты.

IV

Содан кейінгі тірлігі ол арамыздан кеткенше көз алдымызда өтіп еді десе де болғандай.

Жоғарыдағы әңгімелерден де аңғарылып қалып жатқан шығар, ара-тұра азды-кем жүз шайысып, арамыз алшақтай түскеннің өзінде де ол қашан болсын маған көмек қолын созып, жәрдемге келуден қашқалақтаған емес. Тіпті сонау бір жылдары мен Халық депутаттығына сайланарда әлденеше рет астыма көлігін беріп, қасыма бірде Қасым Қайсенов ағамызды, бірде Әмина Нұғманова апайымызды, тағы бірде Нүкеш Бәдіғұлов пен Исраил Сапарбайды қосып, соңынан өзі де қадағалап, жанашыр, жанкүйеріме айналып еді. Алғашқы бір турдан кейін жетімсіздеу

дауыс алып қалған мен: "Енді сол жаққа бармай-ақ, қорытындысын Алматыда жатып-ақ күтсем қайтеді?" дегенімде: "О не дегенің, бастамау керек еді, бастаған екенсің ақырына дейін күресіп бағу керек. Бет көрсе – жүз ұялады, сайлаушыларыңның жанынан табыл!" – деп мені болмай отырып жолға салып жіберген. Сол сайлау өтетін күні Қалдарбек пен Бексұлтан Оңтүстік Кореядан қайтқан екен. "Ұшақ үстінде отырып оқтын-оқтын: "Бүгін Сәкеннің сайлауы еді, қалай болды екен?" деп айта берді", – деп еді кейін маған Бексұлтан Нұржекеев.

Ол – романтик те, реалист те еді. Сондықтан да, соңы сиырқұйымшақтана барып сұйылып кететін уәдені де лақ еткізе көп беретін. Сол уәде үдесінен шыға алмай, өзі содан да қысылып, сырғақтай берген кезінде оған өкпелеушілер де көбейе түсетін. Өзіміз де сөйткенбіз. Бір емес, бірнеше мәрте.

Соңғы бір рет өзім алпыс жасқа толып жатқан тұста қатты көңілім қалғаны бар. Себебін тарқатып жатпай-ақ қояйын. Оған куә Қуанышбай Құрманғали мен Тілек Дәулетов еді, бұл жолы ол мені тіптен тығырыққа тірей жаздаған. Көрместей болып кетіп, бірер жылдан соң ғана барып, қайта қалыбымызға келгендей болғанбыз. Әлгі Еркінбайдың айтып жүргені де сол тұстағы әңгімелер еді ғой.

Қалай дегенмен де, Қалдарбек заманынан оза туған сирек азаматтардың бірі еді. Көбімізден-ақ төбесі биік тұратын. Бәрінен де бұрын жан-дүниесі таза азамат еді.

Қалдарбек жайында айтарым көп-ақ қой, бәрі бір мақала ауқымына сия да қояр түрі көрінбейді. Сондықтан әңгіме соңын тағы да бір қайыра татуласқанда өзіне оқып берген, 1996 жылы маусым айында жазылған арнау өлеңіммен аяқтасам деп отырмын.

*Сал да Сен,
Сері де Сен,
Серке де Сен,
Жал да Сен,
Жая да Сен,
Желке де Сен.*

*Атағың алты алаштан әрі асып бір,
бойыңа жарасып тұр еркелесең:
Шенгі де,
шекпенгі де,
шешен де Сен.*

*Кім қарсы – нәсерлесей,
өсем десең,
Бір сырлы, сегіз қырлы жігіт-ақ бол,
танылып болдың әбден осы елге Сен!
Топ бастар төре де Сен,
төрге – Көсем,
Алдыңды Ақжайықтан кем демес ем.
“Ақылы көл-дария,
көңілі көктем,
Кемеңгер досым бар!” – деп мен де бөсем.*

*Тартпаған бойы аласа, ойы бәсең,
Кескекті кесек ердің сойы да Сен.
Аспаннан мың бір пәле жаусадағы
Қагірлер халқың барда – мойыма сен!*

*Қарсы алар қайда барсаң жұрт елеңдеп,
Сен кірер ақсарайлар... күркеден көп.
Ысырып кедергіні шығыңмен,
Көрмедің биігіңнен бір төмендеп.*

*Сыйлысың балаға да, нар ағаға,
Күйлісің қалаға да, далаға да.
“Қагірлі Қалдарбек!” – деп қарсы алады,
қай елді, қанша жерді аралама.*

*Көл де Сен, көлде жүзер кеме де Сен,
көлшікті мен өзім де елемес ем),
Самғай бер биігіңде, Қагірлі дос,
Біз үшін Сен керексің неге десең!, - деп*

аяқталар еді ол өлең.

Қайталап айтсам, қатарымызда, қасымызда
Қалдарбектің жүруі керек-ақ еді! Жиі-жиі жоқтай
беретініміз де содан.

Өйткені, оның орны ойсырап қана қала берген бола-
тын...

МҰҚАҒАЛИ ТУРАЛЫ СӨЗ

I

Осыдан біраз жыл бұрын «Жалын» баспасы ағайын-
туыс, қаламдастары мен замандастарының Мұқағали
Мақатаев жайындағы естеліктерін жеке кітап етіп ба-
сып шығарғаны бар еді. Сол кітапты баспаға дайындау

кезінде де, одан кейінде де әңгімеміз ұдайы ғана жарасып жүретін ақын інілеріміздің бірі Айтақын Әбдіқал маған да неше дүркін қолқа салып, Мұқаң жөнінде білетінімді, көріп, көңілге түйгендерімді жазып беруімді өтініп, едәуір мазалаған болатын. Бірақ дер кезі мойным да жар бере қоймай, оның үстіне сол кезгі көңіл-күйім де өз еркіме жібермей, келісе тұра кейінге сырғыта берген едім. Оның үстіне ақынның алпыс жылдығы қарсаңында (1991 жылдың бастапқы кезі) тағы да сол Айтақынның қолқалауымен әлденеше рет теледидардан да сөйлеп, бірқатар жоғары оқу орындарындағы кездесулерге де қатысқанмын, өзімнің Мұқағали ақынмен азды-көпті бірге жүрген, әңгіме-дүкен құрған кездерім жайында айта келіп, ол кездесулердің көбі негізінен сыраханалар маңында, буфеттер мен ресторандарда, шөлмегі молырақ дастарқан басында болғанын айтамын деп, сол кезгі айналасына екі шоқып, бір қарап дағдыланған, «ауыздарына аса сақ» ағаларымнан: «Соның бәрін тәптіштеп тізудің қажеті қанша еді!» - деген тұрғыда сөгіс те естіп, едәуір бой тарта тіксініп қалғаным да бар болатын. Соның әсерінен де, 2001 жылы Алматы облыстық «Жетісу» газетінің бетінде «Үндемейін десем де» деген шап-шағын мақалам да жарық көріп еді. Сол мақаланы жариялаған редакция қызметкерлерінің де «қырағылығы» ұстап, менің Мұқағали болмысына орай айтылған «Шарабын да сілтеп, сырасын да сіміріп» деген сөздерімді өздерінше «оңдап» «Ашқылтымын ішіп, сусынын сіміріп» деп жұқартып-жұмсартпақ болғандарының үстіне, кейбір сырт ағайындардың да менің: «Мұқағали тірісінде бұл өмірден қорлық та көрген жоқ, зорлыққа да ұшыраған емес» деген сөздеріме де дау айтып, ақиық ақынды өз бойларымен өлшегісі келгендей әжептәуір реніш білдіргендері есімде қалған.

Мұны да, реті келген соң, айтпай кетуге болмай тұр.

Қашан да болса біздің: «Со жағын айтпай-ақ қойса да болар еді, керегі де жоқ еді» - деген сияқты жауырды жаба тоқыған қазақы қылығымыз қалған ба?! Қашан да болса тозақты көре тұра оны пейіш деуге, періден періште жасауға әуес-ақпыз. Ал өзгеден гөрі біз (қаламдастарды айтам), көбірек те жақсырақ білетін Мұқағали ондай-ондай «өңдеу мен жөндеудің» ешбіріне мұқтаж да, зәру де болған емес еді. Оның үстіне біз үшін су түбінде жатып жұмырланып алған тас секілді малта тірлік, мәймөңкесінен гөрі Мұқағалидың сол бір алып тұлға байсалды бойымен, былайғы біраз жұрттан мойны да озық,

төбесі де биік адуынды асқақ ойымен, ақынның «өзі айтқандай», «ер-тұрманы бүтінделмей» кеткен, алқам-салқам алпамса қалпы көбірек ұнайтын. Өлеңінде қандай өр болса, өмірде де ешкімнің мүсіркеуіне де, мінеуіне де бойсұны кіріптар болған, кідіре тоқтаған жері жоқ маңғаз да тәкаппар тұлғасы құндырақ еді. «Ең бірінші байлығым – халқым менің» деп, «мені өзгеге ұқсай бермейтін оқшау, дара жаралған осынау қалпында қабылда» дегендей, сол халқына еркелеген еркін жүріс-тұрысы, туабитті бітім-болмысымен, өз кейпіне кір түсірмей, сонау бір кері кеткен қоғамның икеміне де иілмей, мойынтұрығын да мойындамай өткен орасан дара тұлғасымен де қызық еді. Арағын ішсе де ақылын ішпегеніне бүгінгі бәріміз оқып тауыса алмай, тереңіне әлі де бойлай алмай жатқан мол мұрасы куә. Өле-өлгенше (өлгеннен кейін де) жұрты жабыла іздеп оқитын екі ақын болса – біреуі сол, бір ақын болса соның дәл өзі дерлік дәрежедегі сөзінен дәм, өзінен мән кетпеген күйде өткен еді ол өмірден. Біз айтсақ, жып-жылмағай ете жылтыратпай-ақ, талан-табиғатын, болмыс-бітімін түгендей түссек деген ниеттен туған сөзімізді айтып жатырмыз.

Ол шын мәнінде ерте де тумаған, кешігіп те қалмаған нағыз өз заманының бітімі бөлек бір жыршысы еді. Басқа тұтастарына қарағанда арындырақ та, дарындырақ та болуы ықтимал. Сондықтан да өз елі, өзінің туған жерінде ешкімге де жалтақтамай, жаны жайсаң, жағасы жайлау қалпында алшақ басып, адымдап өткісі де келді. Бәрін де көріп, бәрін де білгісі келді, кең дүниенің құшағында қысылмай ғана жүргісі келді. Содан да барып артық кетті, кем түсті. Баз-базда баянсыз тірлікке налып, көзі үйренген белдеу шеңберден де шығып кете беретін. Оны біреу түсінді, біреулер түсінбей, үрке қарады. Түсінетіндері оны түгел қостады, түсінбегендері сан-саққа жүгіртіп, соңынан сөз ертіп, күстаналай бастады. Ол сонымен де болмысы бөлек ақын ретінде мойындалды. Әйтпесе, ол да былайғы көп қаймана қазақтың бірі ғана болып қала берер ме еді, кім біледі.

Қасым сондай болмаса несі Қасым, - дейсіңдер-ау, Қасымның несі басым, - деп еді ол Қасым Аманжолов турасындағы бір өлеңінде. Мұқағали да сондай болмаса, басқадай десі басым тұрғыда өтіп кете бермесе оның несі Мұқағали болар еді.

Ақынның басқалардан даралығы да осында.

Таулар алыстаған сайын биіктей түседі деген де сөз бар, уақыт жылжып, күн озған сайын Мұқағалидың да атақ-даңқы аспаңдап, абыройы асып, ақыл мен ойдың, парасат пен пайымның ғана үлгісі емес, ақыры келіп, қазақы қара өлеңнің құдіретті бір қуат-күшіне айналып отырғанын білеміз. Ендеше оның асқақ рухына ешкім де, ешқашан да ешқандай дақ түсіре алмасы әбден аян.

... Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғы ма екен, әлде жетпісінші жылдардың басы ма, әйтеуір әйгілі Ғали Орманов ағамыз бастаған, іштеріңде Сәду Машақов, Мұқағали Мақатаев, Сайын Мұратбековтер бар, бір топ ақын-жазушы ағайынның Талдықорғанға сапарлап келе қалғаны бар. Облыстық газет редакциясында істеп жүрген кезім, бес-алты күн солармен бірге болып, ауыл-ауылды бірге аралаудың сәті түскен еді. Бұрын да білетін Мұқағалимен етене таныс-біліс бола түсуім де сол жолы басталған. Өлеңіне онсыз да ежелден қанық едім, бір кезде осыдан он шақты жыл бұрынырақта Еркін Ібіганов өзара жолыға қалсақ, айналасы жұмыртқадай жұмыр, жүрекке жылы тиетін өлеңдерін оқып жүретін еді. Кейін Мұқағали кітабы жарық көріп, біздің де қолымызға түскенде барып қарасақ, әлгі Еркін оқып беретін өлеңдер Мұқағалидікі болып шыға келді де, біз: «Мұның қалай?» деп сұрасақ, Ерекең ешбір қысылмастан: «Әй, біздің арамызда сенікі-менікі деген болмайды, ағайын адамдардың, өлең түгілі мал-мүлкіміздің де осылайша араласып жүре беретіні бар» - дейтін еді міз бақпай.

Сөз арасында болса да айта кетейік, бұл күнде сол әңгімеге өзі де араласып, өзі де естіп, тіпті өз аузынан шыққандай етіп ретті-ретсіз малданып қойып, өз ыңғайына қарай бұра пайдаланып жүргендер де кезігіп қалады. «Шіркінде ес болсашы сезет деген», - дегендей, тым құрыса пәленшекеңнен естіп едік деп, сілтеме де жа-самайдыңдарын қайтерсің солардың.

Мұқағали деген кісіңіз жайшылықта аса ақкөңіл, пейілі кең, саған қарата қатты сөз айтпайтын, араласып жүрген ағайын алдында кінәлі адамдай-ақ қинала сөйлеп, қысыла күліп тұратын азамат болып шықты. Өлеңінде кездесетін асқақ көңіл, адуын мінездің бірі де байқала қоймайтын. Кей-кейде ғана, сол кездің дастарқанына иық тіресе тізіле қалатын шөлмек шіркіндер мөлшерден асып, көбірек босаған сәттерде ғана артық-ауыс сөз айтып, айналасына жайсыздана түсетіні болмаса, шектен шығар шөлкем-шалыс қылығын көре қойған емеспіз. Қасындағы

үлкен-кішілер де, шашпауын көтере ілесіп жүрген біз де: «Ондай-ондай хан қызында да болады» дегенге сайып, қырғи-қабақтық таныта қоймадық-ау деймін.

Әйтеуір, дәл сол бір сапардан соң мен оның тасқа басылып шыққан әр өлеңін қалт жібермей, қадағалап оқитын болдым. Бірде-бір сөзін жерге түсірмей, желге ұшырмай қағып алып, қастерлей түстім. Содан кейінгі Алматы көшелерінде шұбырып соңына еріп, қайда барса ілесе жүретінаға-інілерімен қосылып, менде қасынан қалмайтын едім. Оның әр сөзі, әрбір қимылына қызыға қараған да, баз-баяғы қысыла қараған да кездеріміз аз болмайтын. Рет санын ұмыттым, Қазақстан жазушыларының кезекті бір құрылтайына қатысу үшін Алматыға арнайы келіп алып (мұндай жиынға тұңғыш қатысуым еді) бірден Мұқағалиға ілестік те, екі-үш күн бойына соның үйіре қайырып, иіре жусатуына бодан болған қалпымызда мейманхана мен дәмханаларда теңселе жүріп алғанымыз да бар. Арамызда Атырау жағынан келген ақын Жәрдем Тоғашев болып еді. Ол өзі бізден жасамыстау, тіпті кексе тартыңқырап қалған әрі қалталы да жігіт көрінді, қоржынының түбінде қалбыр-қалбыр қара уылдырығы да бар болып шықты. Өзі болса жасы біршама шамалас Мұқағалидың алдына түсіп алып, айтқанын екі етпей елпілдейді де отырады. Сейіл құрамыз деп жүріп құрылтайдың аяқталғанын да аңғармай қалған менің өкінішіме: «Сен несіне ренжіп отырсың, бізбен бірге жүргеніңнің өзі де съезд емес пе саған, осыдан артық қандай әңгіме естиін деп едің, зәнталақ, қой ондайыңды!» - деп, біржола тұқырта тыйып тастағаны да бар еді Мұқаңның.

Кім туралы жазсаң да ең алдымен әділетке жүгінетініміз бар ғой, мұндайда артық айтып — асыру, кем айтып — жасыру деген мүлдем болмауға тиіс. Жоғарыда айтқанымдай, әр сөзіне имандай ұйып, ұдайы ғана қабағына қарап жүрген жаратылысы өзгеден өзгеше жанның іс-әрекетінде оғаш көрінер кінәрат болады деп ойламайсың, әр жолыққан сайын оған деген құрметің де, қызығуың да ұлғая түспесе келмімейтің, сенің бір басыңа ғана емес, ұлт өлеңін өрге сүйреуде өз тұстастарының бәріне үлгі бола бастаған азамат сөзін аяқасты ету біз үшін ауыр күнә сияқты көрінетіні де рас-тұғын. Сол кезгі ұғымымыз бойынша айтқанынан шықпай, айдауына көніп жүргеніміз де соның әсері болды-ау деп ойлаймын.

Өмірінің соңғы айларының бірінде, жазғытұрым «Баспоштамтың» қасынан кездейсоқ ұшырасып қалып,

қоярда-қоймай мені үйіне ертіп апарғаны да есімде. Екі-үш сағат бос уақытым болған соң тартынбай соңына ерген едім. Төрінде отырып, тұңғыш рет Лашын жеңешеміздің қолынан дәм де татқанмын.

Жеңгеміздің асы түсірілгенше мені кабинетіне ертіп кіріп, «Мәскеуде жоғалтып алған қалың бір дәптер өлеңдерімнің сексен пайызын қайтадан қалпына келтірдім. Тыңда, оқып берейін», — деп алып, бірер сағат бойына маған сол өлеңдерін оқып еді. Мен де хаққа мүлгігендей қыбыр етпей отырып, түгел тыңдағанмын. «Апыр-ай, бұл неткен жады!» — деп те ойлағам мен сонда. Өзіміз кеше жазып, кездейсоқ жоғалтып алған бір өлеңімізді қайыра еске түсіре алмай жатып кеп қиналамыз. Құрығанда кішігірім бір кітап боларлық кереқарыс қалың дәптер өлеңді қалпына келтіру, сірә, Мұқағалилардың ғана қолынан келетін іс-ау деп те ойлағам.

Мұқағалидың аса көп оқыған, оқығанын ойға тоқи да білген ақын екендігін бұдан бұрын да бір рет аңғартқаным бар еді. Арғы жағын қоя тұрғанның өзінде, сол кезгі Кеңестер Одағында азды-кем аты шығып жүрген орыс һәм басқа да әйгілі ұлт ақындарының шығармаларын мейлінше жетік білетініне таңырқай қарайтынмын. Тоқу жағы болмаса, оқу жағынан біз де ешкімге есе жібермеспіз деп жүрген жасырақ кезіміз ғой, бірақ сөйлесе келе, сырласа жүре оның әйтеуір арғы-бергі әдебиетке қанығуы, солардың інжу-маржанын санасына сіңіре білуі екі бірдей жоғарғы оқу орнын тауысқан менен гөрі қомақтырақ екеніне көзім анық жете түсіп еді.

II

Күні киген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын, — деген еді бірде Мұқағали.

Осынау бір қарапайым ғана екі жолдың өзінен-ақ ақынның поэзиясындағы бағыт-бағдары, өмірлік ұстанымы, ұлт перзенті ретіндегі берекелі болмысы, бүкіл ғұмыры бойына өз ісіне өзгені араластырмай, басқаға басын билетпей өзі ғана ұстанған дара табиғаты, қаламгерлік позициясы қылаң беріп қалар еді. Осы бір тұжырымға бұл жерде ешкім де дау айта алмасы хақ. Олай дейтінім екiнiң бiрi-ақ бiледi дейтiн қазақтың қатардағы ғана қарапайым сөзi Мұқағали қаламына iлiккен шақта қыстан шыққан қарағайлы ормандай өз-өзiнен жан бiте түрленiп, аяқ

асты әлденіп, әрленіп, көзі ашылған бұлақтай шымырлай қайнап, ширыға құлпырып, ажарланып, асқақтап, аспан-дап ала жөнелетіні бар. Ал біз болсақ көк пен жердегі жоқты іздеп, тосын бір дүние тузығардай әуреге түсіп, шала бүлінумен сарсылып барып, сарқылып тынар едік. Мұқағали әсте олай етпеді. Қазақтың кең дастарқаны басында, тіпті болмаса алқалы топтың алдында айнала жұрттың бәріне де қажет, бәріне де түсінікті, бәрінің көкейін тесіп, жан-жүрегін сыздатып жүрген аса бір қат кепті ақтара шертіп кеткендей, тыңдаушысын еңсере ұйытып, өз сөзіне ұмсындыра ұйлықтырып қойып, өзі де соған ұйып, әлдекімше үздікпей, үзіле жаздамай жайбарақат әңгіме үстінде сөйлеп отырғандай әсер етер еді.

Мұқағалидың даралығы да, даналығы да сонда ма деп ойлаймын.

Ешкімді кеміткенін, ешкімді ешкіммен салыстырғаным да емес, біз болсақ әр өлеңге таяныш қылар тиянақты бір түйін (концовка) іздеп әлекке түсер ме едік, қайтер едік, ал Мұқағали өз өлеңінің соңы қалай аяқталатынына пәлендей көңіл аударып, ой тоқтатып жатпайды. Оған ең алдымен өлеңнің қалай басталуы қымбат. Өз көңілі қалаған әлдене тосын саз, тосын ырғақ тың сарынмен ел құлағын елең еткізе аузына қаратып алады да, одан әрі сенің де көңіліңді жерге түсірмей биіктеткеннен биіктетіп, бауырына ала баурап, ерекше екпініне ілестіре, саған беймәлім қай-қайдағы бір тылсым әлемге қарай жетелеп бара жатады. Алғаш бір оқығаныңда әлгі өлеңдегі оқыс ой кілт үзіліп, орта жолда қала бергендей де болып көрінетіні бар. Бірақ оған да көңіл бөліп, тоқтап қала алмайсың. Қайырыла бір қарасаң немесе келесі өлеңіне көз салар болсақ, әлгі ойдың үзілген жерінен қайта басталғандай болып, сен де тосылып, тосырқамай, кібіртіктеп тасырқамай, әлгіндегі әуенге ілесе ілгері тартып бара жатқаныңды ғана байқайсың.

Ұлылық феномені дегеніміздің өзі де осы шығар, бәлкім. Кім біледі...

Мұқағалидың нағыз бір ылдидан салса төсте озған ерен жүйрік ақын екендігін көзінің тірісінде-ақ үлкен-кішінің бәрі мойындаған болатын. Мойындағысы келмей бұра тартқандар болса, өзінің дара талантына табындыра отырып, халықтың өз аузынан шығып жатқандай болып көрінетін кесек-кесек ой түйген даңғайыр дарынына жүгіндіре отырып, ақыры келіп еріксіз иіп әкеп мойындатты.

Оның бойына дарыған ақындық алып құдірет-қуаттың, басқаның маңдайына бұйыра бермес талант табиғатының құпия сыры да осында болатын.

Біздің қазақта өзінің оң жамбасына келетін белгілі бір тақырып аясында алдына жан салмайтын үздік ақындар бұрын да болған, құдайға шүкір, әлі де баршылық. Олардың біреуі ішкі иірімі мол интимдік лириканың хас шебері болса, екіншісі азаматтық әуен мен дидактикалық асыл да нақыл сөздің мұхитын жеке өзі жалғыз иемденген алпауыт, үшінші біреулері эпикалық жанрда ешкімге дес беріп көрмеген, айлап шапса алқымы іспес арғымақ сипатты ақиықтардың өзі дерлік тұлғалар.

Ал Абайды қай жанрдың ақыны деп бағалар едік? «Абай» десек болды, кітабын ашып қарамай жатып-ақ оның көңіл қылын дәл басқан даналық сөздері, жеке шумақ, жекелеген жолдары аузыңнан өз-өзінен ақтарыла бермейтін бе еді. Оның мұңы — сенің де мұңың, оның қайғысы — сенің де батырғың. Атар таң мен батыр күн, арманың мен мұратың жетер жолды тура көрсетіп, тұла бойыңды тұтас қана баурап алатын, махаббат пен ғадауат гимні ретінде жандүниенің түгел жаулап, адами қалпыңнан өзге бір тірлік иесіне ауысқаныңды да аңғартпай, отбасыңда басталған, үйелменің қасында өрбіген әңгіме өткенің мен кеткеніңе ұласып, толқымалы, толғақты ойлар түйініне айналып, шоғырлана келіп, шоқтай қарыр еді.

Мұқағали да солай, яғни, бұл сипатты тұлғалардың табиғаты да басқадан гөрі бөлектеу. Оларды оқып отырып тіршілік атаулы, тірлік атаулыны бөле-жармай біртұтас қалпыңда ғана қабылдап, күлсе де, күйінсе де, қамығып, тарықса да өзінің жеке басы ғана емес, әрдайым сенің де барыңды түгендеп, жоғыңды жоқтап, мұңыңды мұңдап отыр деп қана білесің. Солай ғана қабылдайсың. Қабылдап қана қоймай, жан-тәніңе сіңіре жұтып, сөз сиқырына тұтас сіңіп кете бересің.

Бұл Мұқағалиға, Мұқағали сияқты нағыз ғана біртуар ақындарға тән сипат.

Ал сенімен бірге жүріп-тұрғанымен, елі үшін де, жері үшін де қабырғасы қайысып, қамығып та жарытпайтын, басы ауырып, балтыры сыздамаса болғаны, тамағы тоқ, көйлегі көк тірлігі сөгілмесе, бала-шағасы аман болса жеткені, қалған дүние қараң қалса да күйзеле қоймайтын, отбасыңда алаңсыз отырып, өлеңін жазып, абырой-атақ қуып, оны да есебін тауып берсе қолынан, бермесе жолынан қақшып ала білетін ақындарға дауа жоқ, әрине.

Олардың жөні бір бөлек...

Біз таныған Мұқағали олай ете алмайды. Ондайға тітіркене тұрып, жаны түршіге қарсы шығады. Оның өлеңдеріндегі, басқа да телегей-теңіз барлық шығармаларындағы ешқашан үзіліп көрмеген ащы жас, ауыр өксік, өкініш пен өкпе-наз, ашу мен ыза, соларға ілесе көп жағдайда еріксіз шаң беріп қалып жататын шарасыз дағдарыс, үргедек көңіл мен үркек ой, «күресуге жоқ екем, күресуге!» - дегізетін дәрменсіздіктің сарыны, міне, дәл осылардан барып туғандығын баса айтқан болар едік. Кейінгі көп «зерттеушілерді» адастырып жүрген де, оларға: «Мұқағали тірлігінде қорлық пен зорлықтан көз аспаған екен-ау!» — дегенді айтқызып жүрген де, мінеки, ара жігі ажырамас осы сарыннан өрбіген деп білген болар едік.

Өйткені, әрбір ұлы жүректі ұлт ақыны өзінің қасіретқайғы, мұңы мен мұқтажын ешқашан қоғамнан бөле жырламайды. Ол күңіренсе де сол баяғы айналасындағы адам шошыр алапестен, ел биледік, жұрт шүйледік деп жүріп те қарабас қамын ғана күйттеп кеткен, ала қойды бөле қырқып әдеттенген адамдардың қомағай қылығына, өз ортасының осы бір жазылмас дерті жанына батқандықтан, соған күйзелгеннен күңіренеді. Өзі де нар, нарлығына лайық сөзі де бар ақынға амалсыз зар шектіретін де сол. Ойы да, бойы да өзінен көп төмен пәкене біреулердің, оған біткен ақыл мен арын, талант пен дарынның қасында қыл есуге де жарамайтын әлдебір құл кеуде пенделердің ұдайы ғана алдын орап, ақысын жегенімен қоймай, қымс етсе жөні жоқ, жосығы жоқ ақыл үйретіп, жол көрсетпек болып жатса — ақынның адал жаны оған қалай төзіп, қалай ғана шыдасын. Мұның бәрі бір өзінің ғана көрген құқайы болса, оған мойынсынып, тіпті шыдас та берер ме еді, кім біледі, ал өзі сықылды ақылдың азабын тартып, қатар жүрген және бір шоғыр қаламдастары бар, соларға да ара түсе алмай, тордағы арыстандай аласұра күй кешкен, дәрменсіз бармақ шайнаған тұстары аз болды дейсің бе!.. «Ағайын бек көп, айтайын ептепке» басып, «жартасқа барып күнде айқай сала» жүре қайырыла келе күйзелісі мен күйінішін ащы бір запыраңдай ақ қағазға төкпесіне қойды ма. Сөзіңе сеніп, селт етіп жатқан да бірі жоқ, «баяғы жартас бір жартас». Басқасын былай қойғанда, аз күн қолына билік тиген кешегі сырлас «дос», тұғырлы тұстасың да сөзіңді салғырт тыңдап, салқын қабақ танытып жатады. Содан барып ол бүкіл қазақ жігіттерінен жәрдем таппай,

айнала қармана жүріп, ақыры Фариза қызға шағынады. «Жанымды бір түсінсең — сен түсінесің» деп жырлай отырып, зарлап та алады.

Бұл да ноқтаға басы сыймас өр де өжет ақынның ел-жұртына не болды бұл, ежелден-ақ осындай ма едің деп, сұрапыл ойдың сергелденіне түскен бір сәттері болса керек. Бұл оның тәніндегі емес, жанындағы жара еді. Ұдайы ғана жанын күйзелтіп, тырғырыққа тірей бере жегідей жеп жатқан да сол. Екі шекесін солқылдата, ұзақты түнге ұйықтатпай, удай ашыта дуылдатқан да, құлағы мен миын түгел шуылдатқан да сол. Содан кейін барып адуын өлеңнің ақ маржаны аралас алқымдағы ащы зар запыран ақтарылды.

*Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі-ай,
Мына халық жатыр неге тойламай?!*

деп те жазып еді сол тұста. Сол сөздерінен-ақ бүгін болмаса ертең туған халқының өзіне айрықша ықылас танытып, атақ-абыройын асыра, жамандығын жасыра отырып, барша құрмет-қошеметімен атын да атайтынын, тойы да тойланатынын ақынға ғана бұйырар тылсым түйсікпен күн ілгері болжай біліп, ертеңге сенген сезім де бой көрсетіп қалған сияқты еді.

Айтса айтқандай екен, Мұқағали ақынның алпыс, жетпіс жылдық мерейтойлары иісі қазақ жерінде түгел дерлік дүркірей аталып өткен. Әсіресе, Қарасазда мұражай ашылып, соңынан 60 жылдығын тойлаудың өзі бөгеттің алдын ашып жібергендей болды да, содан кейін басқа да ақындардың туған жыл, туған күндері айрықша аталып өте бастаған. Енді, міне, оның биыл өтер сексен жылдығына да еліміз болып еңсеріле әзірленіп жатырмыз.

Әлгінде бір айтқанымдай, ақынның рухани еркіндігін, еңсесінің биіктігін көре алмай, шөлкем-шалыс мінезін көтере алмай қағаберісте тұрып қамшы үйірген, жанына жолай қалса жиырыла танауын шүйірген әлгі бір қағынып туған көкжұлын немелердің біразы сол ұлы дүбір тойлардың үстінде жан-жақтан жиналған меймандарының қолына су құюға да жете алмай жүретінін, болмаса өрт сөндіргендей қызыл танау болып, сол Мұқағали тойын өткізуге амалсыз ат салысарын алдын-ала көре де білді-ау, көрегендікпен сезе де білді-ау деп ойлай беремін.

Әйтпесе:

*Әй, Сергей, Сергей, Сергей,
Сергей, Сергей,*

Түстім-ау сергелдеңге мен де сендей,
- дегізерлік зобалаң ақынның жеке басына түсе қойған жоқ еді. Ақындығын әлдеқашан мойындап, азаматтығына

ден қоя бастаған тұрғылас, құрбыластарынан, өзінің теңдес-теңінен қудалау да, қуғын да көре қоймағанына тірі жүрген біразымыз куәміз. Ол турасында айтып та, жазып та жүрміз ғой, қайталай беріп қайте қоялық. Бірақ айтпаса сөздің атасы өледі. «Мұқағали тірісінде мұқабасы қалың бірде-бір кітап шығара алмады, көбіне көп биттің қабығындай ғана жұқалтаң жинақтарын қанағат тұтып, сол бір шағын көлеммен шектеліп қалып жүрдіге саятын тағы бір алыпқашпа әңгімелер төңірегіне қарай ойыссақ, бұл арада да ақиқаттан аттап кетуге болмас еді. Ол кездегі үрдіс бойынша Жазушылар одағын жағалап, баспа төңірегін сағалап жүрген бірен-саран ақындар болмаса, кезекті жыр жинақтарына берілетін көлем небәрі 2-3, әрі кеткенде 4-5 баспатабақпен ғана шектелетін. Жыл сайын кітап шығару да екінің бірінің қолынан келе бермес қиямет-қайым бір дүние еді. Әдебиетке кешеуілдеп келіп, тұрғыластары қатарына кейінірек қосылған Мұқағали ең алғашқы «Армысындар, достарым» кітабынан (1964 жыл) кейінгі он екі жыл ішінде жұқасы, жұқалтаңы бар он бір кітап шығарған екен. Оның үстіне Алматыға қаншама қоржын басын толтырып келді дегенімізбен де, дәл сол бастапқы кезеңде Мұқағалидың да жыл сайын қалың-қалың кітап шығарып отыруға мүмкіндігі келе бермесі анық қой. Оның құлашын барынша кеңірек жайып, көсіле сілтей көп жазған кезеңі, жасыратын несі бар, өмірінің соңғы кездері болған.

Ақын өмірі мен шығармашылығы жайлы әлгіндей келеңсіз әңгімені бұл күнде «Мұқағалидың көзі тірісіндегі жан досы болып, жанынан табылып едім» деп жүрген әлдебіреулердің шығарған, бүгінгі күннің лебіне ілесе туған байбалам ғана деп білген жөн. Әйтпесе, поэзиялық шығармалардың «жұрт қатарына қосылып, көзі ашыла бастауы» да өткен ғасырдың сексенінші жылдары болатын. Ендеше Мұқағалиды өз үлесінен қағылып, қағажу көріп өткен ақын деп оңды-солды айта берудің де реті жоқ-ау деп ойлаймын.

Тағы бір жәйтке тоқталсақ, Мұқағалидың қасында көбіне-көп аға досы, әйгілі Тоқаш Бердияров, інілерінен сол кезде атағы дүркіреп естіліп, аты жайылып жүрген Тұрсынзада Есімжанов, Еркін Ібітанов, Мұқатай Жылақайдаров сияқты жерлестері, ергерек марқұм болып кеткен тағы бір талант иесі Марат Отаралиевтер жүретін еді. Ара-тұра біз де қосылып қоятынбыз. Ал әлгінде айтқанымыздай жер астынан шыға келген «жан аяспас

достарын» оқта-текте Мұқағали қасынан көрсек көрген шығармыз, біраз көкейде қала қоймапты.

III

Тақыр жерге қақ тұрмасы ақиқат. Мұқағали да екі аяғы салбырап аспаннан түсе қалған жоқ еді. Өзіне дейінгі қазақ жырының барша інжу-маржанын сүзіп теріп, су түбінен суырып алған асылының бәріне сұқтана сүйсініп, соның барлығын сіміре отырып ержетті, бойына сіңіре жүріп жетілді. Қазақы жырдың қайнар бұлағынан қанып ішіп, қалтқысыз қабылдай отырып, соның бәрін іштей қорытып барып халықтың өзіне қайыра ұсынып отырды. Қанатын қаққан сайын халқына жақындай түсті.

Күні киген қазақтың қара өлеңін

Шекпен жауып өзіне қайтарамын, - дейтін ой да содан туындаса керек-ті.

Оның үстіне Мұқағали әдебиетке келген түс — қазақ поэзиясының кемелдене толысып, әлемдік деңгейге қарай бетбұрған аса бір асқақ та құнарлы кезеңі еді. Әрісі Абай, Махамбет, сәл бергідегі Мағжандарды айтпағанның өзінде, қолына кешігіп барып тисе де жыр дүлдүлі Илияс Жансүгіров шығармалары оның еншісіне екпін қоспауы, шабытын ширықтыра қайрай түспеуі әсте мүмкін емес еді. Қатыгез тағдырдың қаншама михнат-машақатын арқалай жүре, опынып-өксімей, аузымен от шайнай жүре қазақ сөзінің алқызыл жалауына айналған Қасым Аманжолов, басқа емес, дәл Мұқағалидың өзі орыс тарихында айырықша орны бар ашулы Грозный патшаға теңеген Әбділда Тәжібаев ағасы бар, дарыны өзімен деңгейлес — бір шоғыр құрбылас-тұрғыластары бар әйтеуір оның ақын болып қалыптасуына барынша ықпал еткен үлкен бір үлгі, ізі суымас өнеге болғаны анық еді. Өзіне дейінгі сол бір ұлы дәстүрдің бәрін бөле-жармай дәріптеуге үйреткен де, үлгі болуға жараған да солар еді деудің де ерсілігі бола қоймас. Мінеки, сол бір қазақ жырындағы асыл да асқақ рух, астарлы да аңсарлы, аяулы да абыройлы асыл сөз, шабытыңа шабыт қосып отырар төгілмелі де төкпелі қуатты құдірет, елде жоқ орасан ерпін Мұқағалиды ұдайы ғана заңғар биіктерде самғатып, алға қарай жетеледі де отырды десек те артық айтқандық бола қоймасы ақиқат. Оның ақын ретіндегі ең негізгі, ең басты қару-құралы да осылар. Бұл да болса өзінен ешкім озбайтын, уақытпен бірге күйреп барып тозбайтын туындылар берген хас

шебердің өзіне ғана тән киелі қасиет, тек соның ғана маңдайына бұйырар өлшеусіз сыбаға еді.

Ең алғашқы балаң жылдарымен-ақ жалғандық, жасандылық атаулыға атойлай қарсы шығып, арсыздық пен аярлық, арбау мен алдаудың, жәдігөйлік, екіжүзділік пен ездіктің бәрін талантымен ықтыра, адуын дарынымен біржола бұқтыра келді де, өзінің сүтпен сіңген сыпайы күлкі, сырбаз мінезінен айнымай жүріп-ақ бітімге көнбес бірбеткейлік танытпа білген еді-ау ол. Жақсының ғана жанашыры, тектінің ғана демеушісі болуға тырысты. Содан шығар, өзі қайтыс болғаннан кейін отыз бес жыл ішінде Мұқағалиды оқыған да, оқымаған да (егер ондайлар табыла қалса) арманда болып жүргені. Өйткені ол әр өлең, әрбір шығармасы арқылы сенің де сол сәткі көңіл пернеңді дәл басып, одан әріге қарай еріксіз ертіп, еліктіріп, ойыңнан кетпестей болып, біржола көкейіңе орнығып қала берер еді. Әу деп оқи бастағаннан-ақ ойың да, санаң да солай қарай еңсеріле ойысып, сиқырлы әуен құшағына соңынан ілескеніңді байқамай да қалар едің.

Оқыған адамның ой-санасын осылайша біржола тәуелді ете билеп алып, жыл өте ме, жылдар өте ме, бір өзіне бағындыра, табындыра түсіп келе жатқан кесек ақынға, қалаймыз ба, жоқ па, — біз де тағзым ете бас шұлғи беретініміз де содан.

IV

Жасырып-жабары жоқ, Мұқағали жырларына мен әсіресе осы бір соңғы кездері қайырыла соғып, қадала түсіп, көбірек оқыдым. Өзімнің көңіл-күйі, бітім болмысы-ма орайлас тұстарына, сәйкес сәттеріне көбірек ден қойып, терең ойландым. Көптен бері көгілдір сағымға ілесіп көз ұшында кетіп бара жатқан салқар көшті ғана қуып жеткендей бір жұмбақ та жеңіл әсерге бөлендім. Мұқағали рухы, Мұқағали әлемі мені де қайта бір қайрап, өлең мен өмірге бұрынғыдан да құлшындыра түскендей, жігеріме жігер, күдеріме күдер қосқандай болды. Мұқағали құдіреті оның талант-табиғаты жайында, Мұқағали феномені төңірегінде өз әлімнің келгенінше тебірене отырып, ұзақ-ұзақ толғана жазғым да келген. Бірақ бұл Мұқағали жылына орай баспасөзге берілер мақала болғандықтан, бұдан әріні газет ауқымы көтере қоймас, тәңірім мұрша беріп жатса, тағы да бір оралып соғамын деген оймен өзімді-өзім тежей де отырған жайым бар еді.

Мұқағали туралы сөз бір күнмен де, бәр жылмен де аяқтала қоймасына да көзім әбден жетеді.

Ү

Биыл, міне, Мұқағали Мақатаевтың туғанына аз ба, көп пе, білмеймін, әйтеуір табаны күректей тұп-тура 80 жыл толып отыр. Оның алдағы мерейтойына деген дайындық осыдан бірер жыл бұрын басталып кеткенін де білеміз.

*Бір өлеңі – бір елдің мұрасындай,
Жыр жаза алмай жүрмін-ау Расулдай.
Расулдай бағым да жүр ашылмай,
Аңшының қолындағы лашындай,* - деп еді

ол өзінің сырлы да сүбелі бір өлеңінде. Мұндағы Расулы – дағыстан халқының атағы жер жарған айтулы ақыны Расул Ғамзатов еді. Бағы жанып кеткенде сол Расулдан қылаң елі қалмасын жақсы сезінген, өз құны, өз бағасын білетін, шығармашылық деңгейінің қаншалық екенін анық сезетін адамның ащы да болса айтылып қалған бір мұңы еді бұл. Нағыз бір кемеліне жетіп, көсіле сілтер шағында қысқа жіп күрмеуге келтіре қоймайтын замана тарлығына, алтынды қолда барда қадірлеуге жоқ айыр құйрық қоғамның аярлығы оның да арқасына аязбай батып, көңілін кірлетпеді дейсің бе. Ол да белгілі жәйт, түсінікті тірлік еді. Зәуде бір сарай маңын сағалаған бірер-жарымы болмаса, өз заманына толық разы болып өткен ақынды әдебиет тарихы біле де қоймаған шығар-ау.

Мен білсем, Мұқағалидың бағы өзі қайтыс болғаннан кейін ғана барып ашылды. Өлгеннен кейін ақынның екінші өмірі басталады деп жатамыз ғой, сол екінші өмірі Мұқағали бұлағының қайнар көзін ашып, қалың қазағына бүкіл болмыс, орасан зор еңсесімен көрсетер берекелі кезең болды деп есептеуге болады. «Жазылар естеліктер мен туралы, біреулер кісі еді дер өр тұлғалы, біреулер жігіт еді деу де мүмкін, бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы», – деп өзі айтқандай, ол туралы естліктер де жазылды, еңселі ескерткіш те орнатылды, мұражай ашылып, мектеп пен көшелер аттары берілді. Бұл дағы ілуде біреуі болмаса, талант біткеннің бәріне бірдей бұйыра берер сыбаға еместігі және аян.

Сол ұлы дарын, ірі талант, қазақ поэзиясының даусыз таза классигі жайында бұрын да аз жазылып жүрген жоқ еді, сол сөздердің қатары биыл тіптен толығып, көбейе түсуде. Біреулер біліп барып, өзі көрген, көңіліне берік орныққан ойларын ортаға салса, енді біреулері әйтеуір айтаққа айқай қосып қалу ниетімен дарпыртқа ілесе солармен қапталдаса бере әудем жер еңтігіп барып, орта жолда қалып та жатыр.

Осы жерде тағы да бір даусыз шындыққа жүгіне кетсем деп отырмын.

Мұқағали есімін қалай ғана асқақтатып, қалай

мақтаймыз десек те сыйымды ғой әрине, бірақ артық қыламыз дей отырып, тыртық қылып алмау жағын да ескермей болмайтын сықылды. Бір кезде Жамбыл-Жәкемнің: «Сталинге теңеу таба алмай, қиналған Жамбыл жері осы» дегені де бар сияқты еді, біздің де кейбір аты белгілі азаматтарымыз Мұқағалиды мақтаймын деп, көтере түсемін деп отырып, қаншалықты төмендетіп алып жүргендерін аңғармайтынға ұқсайды. Осыдан біраз бұрын менің бір жақсы інімнің ақын туралы «Қазақ жырының Хан Тәңірісі» деп жазғаны да бар еді. Бұл Мұқағалиды биіктікке балама етіп, туған жеріне қарай тарта, бауырына баса бұра түскісі келгеннен де болар. Әйтпесе, Мұқағали қазақ жерінің бір ғана өңірінің құшағына сия қоймайтын, Қарасазға да, Қаратауға да тең ортақ, Сарыарқа мен Жетісу, Алтай мен Атырау үшін де бірдей ыстық, әлгінде айтқанымыздай, иісі қазақ түгілі, алты алаштың маңдайына біте қалған ірі тұлға екендігі даусыз ғой. Қазақ жырының екі тумас, қайталанбас Абайы бар, Махамбеті, Дулат жырауы, Сұлтанмахмұт, Мағжандары, Ілияс, Қасымдары бары рас. Сол сияқты қазақ жырының біртуар Мұқағалиы да бар. Ол — сонысымен әулие, сонысымен мықты, сонысымен де орнықты. Ешқандай артық мақтауды, асыра әспеттеуді қажет те етпейді.

Мұқағали жайындағы мақаласының бірін «Қазақ жырының қара бурасы» деп те атаған тағы бір талантты ініміз бар. Кісіні қайыспас қара нарға теңегенді білуші едік, қара бураға апарып теңегенді алғаш рет естіп отырмын. Автор өзі біледі ғой, бірақ қалай дегенде де құлаққа жұғымды естілер теңеу емес екендігі көзге ұрып-ақ тұр.

Кей-кезде біздің сырлаймыз деп отырып сындырып алатынымыз да болушы еді. Содан да сақтандырып жатқанымыз бұл. Құрмет те, қошемет те әр ақынның өз басына лайық, бойына шақ, жарасымды болғанға не жетсін. Әсіресе ұлтының ұранына айналып бара жатқан Мұқағали сынды ақынға артық жамау да, орынсыз жасқау да қажетсіз, біз таныған ірі тұлға, дара бойына жараса бермесі хақ.

ТҰМАНБАЙ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУЛАР

I

Ертеде ақылды да әділ патша болған деседі. Несі бар, ел билеушілердің ішінде де жұртқа жайлы жақсылары болуы әбден мүмкін. Сол айналаға әмірі жүріп, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған патша бір күні уәзірлеріне:

— Осы елдегі ақын біткенді түгел жинап, бәрін қалдырмай маған алып келіңдер? — деп бұйырса керек.

Әмір айтса, орындамауға бола ма, уәзірлері жан-жаққа шапқылап, күн демей, түн демей ел кезіп жүріп, ақын атаулының бәрін жіпке тізгендей етіп жинап алады да, хан алдына алып келеді.

— Ақындар түгел келді ме? — дейді хан.

— Түгел, — дейді уәзірлері.

Сонда хан ақынның бәрін сыңғырлаған ақ сарайға орналастырып, алтынмен аптап, күміспен күптеп дегендей, не ішіп, не кием дегізбей, керегінің бәрін алдарына тосып, ауыздарына ұстап, сән-салтанат, қадір-құрметтің бәрін жасатып, әй, не керек, әйтеуір жұмақтың төрінен бір-ақ шығарыпты.

Ақындардың аузынан ақ май ағызған бір жыл өтіпті. Бір жыл өткеннен кейін қараса, әлгі ақынмын деп жүргендердің көбі жақсы тұрмыс, марапат пен мадаққа масаттанып, өлең жазуды мүлдем естен шығарған екен. Хан сонда байлыққа бөккенге мәз болып, өлең жазуды қойып кеткен ақындарды еркіне қоя беріпті де, қалғандарын қатқан қара су мен қара нанға қаратып, тас зынданға тастатыпты.

Арада тағы бір жыл өтеді. Жыл өткен соң байқап көрсе, арқа еті арша, борбай еті борша болған ақын байқұстардың аузы-басы кеберіп, еріндері кезеріп, байтал түгіл бас қайғы — өлең тұрмақ, өмірден күдер үзген екен де, тек сіңіріне сүйенген біреуі ғана бұрышта бүрісіп, қалтыраған қолымен өлең жазып жатқан екен.

Сонда ақылды патша:

— Міне, байлыққа тасымайтын, жоқтыққа жасымайтын шын ақын осы екен! Зормын деп кеуде кермейтін, қормын деп кісі қолына телмірмейтін, өнеріне ғана табынып, өзіне ғана сенетін ақын осындай болса керек еді. Ендеше барша сый, құрмет, қошемет енді осы адамға жасалсын! — деп әмір етіпті.

Өтірік-шынын кім білген, біз естіген аңыз осылай дейді әйтеуір. Бірақ әрбір аңыздың астарында әрдайым бір шындық жататыны рас. Өйткені біздің халықтың өзі де байлыққа басын иемейтін, өнерден басқаны құдірет деп білмейтін осындай біртуар талант иелерін ғана ақын деп танып, ардақтай бағалаған ғой.

Бүгін жасы алпысқа толып, аты алты мұқым елге мәшһүр болып отырған Тұманбай Молдағалиевті де мен осындай сирек ұшырасар даралар қатарына қосамын.

Өйткені ол өзі қалам ұстай бастаған қырық жылдан астам уақыт ішінде басынан жоқ-жітік, жегімдікті де өткізді; ақыры дара, дарыны арқасында келе-келе ел құрметіне бөленіп, атақ пен даңққа ие болды.

Атқа да, таққа да мініп көрді. Бірақ соның бәрінде де ең алдымен өзін ақынмын деп білді, бір күн өлең жазбай қойған емес. Өлеңнен басқа керемет бар, қуат, құдіреті бар екен деп ойлаған жоқ.

Тұманбай өте көп жазатын ақын. Осы күнге дейін жеке-жеке, үш томдық болып шыққан, шығып жатқан кітаптарының өзін санап тауыса қою қиын.

Қазір таңертең радио тыңдар болсаң, күн сайын міндетті түрде Тұманбай сөзіне жазылған бір ән берілері сөзсіз. Әндері де шетінен жүрекке жылы тиіп, құйқылжып құлақтан кіріп, бойды алып тұрады.

Ол өзі балаларға арнап та көп жазатын ақын. Басқасын былай қойғанда, өзі бас редактор болып отырған "Балдырған" журналын оқындаршы, — әр санында Тұманбайдың бір өлеңі жүреді.

Әрине Тұманбай сияқты телегей-теңіз көп жазатын ақынның шығармаларын түгел оқып тауысу мүмкін емес. Ол бір ешқашан сарқылуды, тартылуды білмейтін, теңізге қарай тынбай ағып жататын дария суы тәріздес. Дарияның да суын ішіп ешбір адам тауыса алмас еді. Бірақ кенезесі кеуіп келе жатқанда өзеннің (немесе бұлақтың) жиегіне жата кетіп, талай-талай шөл қандырғандар болған. Қанша шөлдеп келе жатса да бұлақ суын ешкім түгел сарқып іше алған жоқ. Бірақ армансыз бір шөлі қанғанын да ешқашан ұмытпағаны даусыз. Тұманбай өлеңі де сондай, кез келген уақытта, кез келген өлең, кез келген кітабын оқып, өлеңге, жырға деген жүрек шөлін қандырып алуға болады.

Ал салқын бұлақтың суын бір ішкен кісі әрбір шөлдеген сайын тағы да ішсем-ау деп аңсары ауып тұратыны да ақиқат. Тұманбай өлеңін бір оқыған адам да ылғи іздеп, ылғи оқығысы келіп жүреді. Бұл сөзіме сенбегендер болса, кез келген кітабын тауып алып, тағы бір оқып көрсін.

"Ұлан" газеті, 1995 жыл

II

Осыдан біраз жыл бұрын аз ғана уақыт "Балдырған" журналының редакциясында Тұманбай Молдағалиевпен бірге, дұрысырақ айтқанда, со кісінің қарауында қызмет істегенім бар еді. Кейде жұмыс бабымен, кейде жай амандық білу үшін бас редактордың кабинетіне күніге екі-үш дүркін кіріп-шығатыным болатын. Қай кезде кіре қалсам да Тұманбайдың алдында қобыраған көп қағаз

жатады. Қол алысып, сәлем беріп үлгерер-үлгерместен: "Мына бір жаңа жазылған өлеңдер бар еді, тыңдашы", — деп, әлгі қағаздардың бірін суырып алып, сенің сөз тыңдауға деген құлқыңның бар-жоғына қарамай, суылдатып оқи бастайтын. Ол ол ма, кейде, тіпті, автомашина рулінде келе жатып, қойнынан суырып алған бір өлеңді қасыңда отырған саған ұсына қояды да: "Бір туыстың туған күніне бармақ едім, соған арнап жазғаным ғой, оқышы, тыңдайық", — дейтінін қайтерсің.

Өзі жақсы көретін ағаларының әрбір мерекелі күніне, торқалы тойларына өлең арнап жатады. Сол "Балдырғанда" жүргенде Кәкімбек Салықов 60 жасқа толды да, Түмекең сол кісіге арнап, әй, аз дегенде алты өлең жазды ғой деймін. Қасына барған сайын: "Тыңдашы, Кәкеңе арнап тағы бір өлең жаздым", — дей берген соң:

— Тұмаға, одан да "Кәкімбекнама" деген тұтас атпен кітап жазып шықпадыңыз ба біржола! — дегенім де бар шыдамай.

Тағы да біраз жыл бұрын көше бойлап бара жатқан Түмекеңді май құйрықтан әлдебір жеңіл машина "сүйкеп" өтіп, едәуір күн емханада жатып шыққаны бар. Үйіне оралған соң көңіл сұрап барсам, тау төбе қағаз жазып тастапты.

— Қане, отыр. Өлең тыңда! — деді де, мені отырғызып қойып, шай қайнатым уақыт жаңа өлеңдерін оқыды. Бәрі де әлгі авариядан кейінгі көңіл күйі, дос-жаран, туматуысқан, жекжат-жұрағатқа деген ықыласы, разылығы, өкпесі аз реніші. Бәрі де сығып алсаң майы шыққан қызу қанды өлеңдер. Бәрі де оқырманды ұзақ-ұзақ ойға жетелеп, қиял құпияларына қарай сүйреп алып кетерлік жан айқайы, ақын ғана айта алар ақиқат.

— Апыр-ай, жеңіл сүйкеп өткенге осынша өлең жазыпсыз, құлап кетсеңіз — кітап та жазып тастайды екенсіз ғой, — деп оспадарлау әзіл айтып ем ағама.

Ол үндемей қалған...

Мұның бәрін тізбектеп жатқаным, өлеңнің күшіне, оның әсеріне, Тұманбайша сенетін... соған өзгені де елктіріп, ұйғытып алатын ақынды әлі кездестіре қойған емеспін. Өзінің өмірлік серігі өлеңмен бірге туып, біте қайнасып кеткен ондай қаламгер де сирек, сирек емес, жоқ та болуы мүмкін. Оның үстіне Тұманбай кітаптарын оқып отырып қанша атасы бар, олардың есімі кім, тірлігінде кім болған, жан-жары, жақын достары кімдер, балалары нешеу, олар қандай оқу бітірді, қаншаға келді, туған күндері

қашан, қанша немересі бар — солардың бәрі жайлы дерек аласың, мұны тіпті отбасылық хроника десе де болғандай.

Ол ағаларына, апаларына, қаламдас достарына, жұрағат-жекжаттарына, қарындасы мен інісіне мол етіп өлеңнен сыбаға дайындап-ақ жатады. Біреу анау, біреу мынау дей берсін, көрмей, білмей, елемей, ескермей жүргеннен гөрі осы бір ықылас, осы бір ілтипат қайырлы деп ойлаймын мен. Таяуда ғана жарық көрген "Туған елім — тірегім" аталатын кітабының да негізгі дені таза ғана арнау өлеңдерден тұрады екен. Бәрін де оқисың, бәріне де тамсанып, сүйсінесің. Әйтеуір енжар қала алмайсың. Осы кітапты оқу үстінде аса көрнекті қазақ ақыны, аға досым Тұманбай Молдағалиев жайындағы әрқилы ойларымды қағазға түсіріп көруді жөн көрген жайым бар.

Әдебиеттің ақ босағасын "әуп!" деп алқына аттаған алғашқы адымнан бергі қырық-қырық бес жыл ішінде Тұманбай Молдағалиевтің өзі де қаламын желдей жүйткітіп, құйындай ұйтқытып, бел шеше бұрқыратып, белсене дүркіретіп қанша көп жазған болса, Тұманбай мен Тұманбай таланты жайында да мақтауы мол, даттауы кем сөздер аз жазылып жатпағаны ақиқат. Аткөпір десек те болғандай. Әлі күнге дейін өзі алдарынан кесе өтіп көрмеген өз ағалары да, қаламы берік теңдестүрғыластары да, қызғанышы аз құрбыластары да, бар шабыт, барша мінезіне әбден тәнті болып алған мен секілді ізетті інілері мен қымсынған қарындастары да жазып келеді, жазып жүр. Өзі қалай ойлайтынын білмеймін, менің байқауымша, дәл осы жағынан ақын мақтаудың да, даттаудың да, қайыра ақтаудың да небір түрін көріп келеді. Әділ де бағаланды, әділетсіз де сыналды, мадақ та естіді, марапатқа да тап болды.

Тұманбай таланты төңірегінде сөз етсем дейтін адам бір қиналса, алдымен осы жағынан қиналады. Әйтпесе, бұл ақынның өз арнасынан аспай да, басқаның жерін басып да бірқалыпты баяу ағатын дариядай мол құнарлы, телегей-теңіз туындылары осы күнге дейін оқырманының ішін пыстырып, ешбірін енжар қалдырып көрген жоқ. Ұнатқаны да оқиды, жылатқаны да оқиды. Сызданғаны да оқиды, қызғанғаны да оқиды.

Солардың бірі өзіміз.

Мен Тұманбай өлеңдерімен алғаш ұшырасқанда әлі бір жолы тасқа басылып көрмеген бозбала ғана болатын-

мын. Мұның алдында Қасым Аманжоловтың үш томдық шығармалар жинағы қолыма тиген еді де, тасып төгіліп, асып көрініп жататын бұйра жалды тау өзенінің тосын сарынына ұқсаған Қасым өлеңдеріне елтіп, емініп жүрген шәкірт едім. Тұманбайдың алғашқы кітабы пышақ сыртындай “Студент дәптері” оқи бастағаннан-ақ мүлдем бөлек әуенге жетелеп, өзгеше әсер еткен. Менің енді-енді қыз құшып, қызық қуа бастағандағы алып ұшқан алақұйын жан-дүниеме орайлас келді ме, кім білсін, сол кітаптағы таңғы шықтай таза сезім, қайнап шыққан қайнар суындай мөлдіреген ой, жәудіреген көңіл дейсің бе, — бәрі-бәрі іші-бауырымды түгел жайлап, еліктіріп, желіктіріп әкете берген.

Сыбырлағанды құдай естімейді дейсің бе, сол кітапты бастан-аяқ жаттап алғанымды да жасыра алмаймын. Жаттайын деп жаттаған жоқпын, ежіктеп, күбірлеп көрмедім, бәрі де өз сөзім, өз ойым, өз ожданым секілді болып өзі-ақ жатталып қала берген.

Әрине, ақын өмірі де, ақын творчествосы да ұдайы бір қалып, бір сарында жөңкіле бермесі хақ. Іздену, ілгерілеу, даму, ширығу, шамырқану сәттерінде жорғасынан жаңылу, ой жеткен жерге бой жетпей мұлт кету, мүмкін, кібіртіктей кідірулер бола береді. Оған кейде “білгішси” сөйлейтін, “айттым бітті, кестім үзілді” — дейтін сыншылардың үзілді-кесілді байламы қосылып, көп ақынды өзінің бастапқы бағытынан бұрып, бағдарынан айырып жібере жаздайтынын қос. Көк жүзінде қалқып ұшқан қыран да біркелкі самғамайды, шырқап шыңға да кетіп, құлдырап құзға төмендеп жатпай ма. Бұл өмірлік заңдылық. Бір жақсысы, Тұманбай ел сөзіне де, оқырманның айнымалы ықыласына да көп көңіл бөліп, “қайтсем екен?” — деп дағдарып көрмепті. Құдай берген майда шуақ мінезіне таланты мен дарынын парлап жегіп, өзі қалап алған кедірлі-бұдырлы, таулы-тасты, сулы-нулы соқпағымен ілгері гартты да отырды. Содан да оның өлеңдері кейде қайталау сияқты, кейде бір қызықты айнала басқан ізін шиырлау сияқты көрініп, әрі-сәрі пікірлердің тууына жел беріп, жеңіл ауыз біреулердің сыпсыңына себеп болғаны да рас. “Тұманбай отбасы, ошақ қасын күйттеп кетті” — дескен де, “бар тапқаны бала-шаға төңірегі”, одан қалса “әркімге арнап арнау өлең жазады” дескен де сөздер шырмауықтай шырматылып, жүрсе-тұрса алдынан шығып, аяғына орала берді. Бірақ оған бола айылын жиып алданып, алаңдай қояр, үйреншікті сары желісін

бұзып, шабысынан жаңыла қояр Тұманбай жоқ, жүргені де, күлгені де, жатқаны да, мақтаны да ақындықтан жаралып, талантымен кіндіктес болғандықтан шығар, бойдағы бар иман-жырын дұғасындай қайталап, өнді айтып, оңды айтып, әрбір келесі бел мен белесті асқан сайын оңалды да отырды. Ернін шүйіргендердің көбі ері мойнына кеткен аттай, енді айтарға сөз, дәйекке дәлелі болмай дал ұрып, қозы көш жер кейін қалып қойып жатты.

Су төгілмес жорғалар үшін қатқақ жол ма, батпақ жол ма — бәрібір. Қатқақта көсіле сілтеп, батпақта сәл кідірет, бірақ жүрісінен жаңылып, жорғасын бұзбайды. Мен білетін Түмекең де сондай. Кейде ол маған сахнада ойын көрсететін, қойны-қонышының бәрінен алқызыл ленталар суырып алып жататын сиқыршыдай болып көрінеді. Ол сиқыршы саған күле қарап тұрып, әлгі қызыл-жасыл матаның жеті атасын будақтата шығара береді, шығара берер еді, тоқтамай, таусылмайтын бір қызық сәттер... Түмекеңнің өлең жазу тәсілі де сол сияқты; күн демейді, түн демейді, күй талғамайды. “Күйім келмей жүр” деп басқаларымыз сияқты сарығайым сала зарламайды, жаза береді, жаза береді. Бір кезде мен Тұманбай творчествосын тоқтауды, толастауды білмес суы мөлдір тұнба бұлаққа теңеген едім. Бұлақ суын ешкім де ішіп тауыса алмайды. Бірақ аңсарың ауа жеткенде кез-келген жерінен еңкейіп ішіп, шөліңді қандырасың. Шекеңнен тер бүрқ ете түседі.

Сол сияқты Тұманбай жырларын да оқып түтесу мүмкін емес. Әйтсе де, кез-келген кітабының кез-келген тұсын ашып, кез-келген өлеңін, кез-келген шумағын оқып, ақынның алымына да, шалымына да, қарымына да сүйсініп, мейірің қанады. Оны әрдайым өзіне айтып та жүрем. Біреулерге ол шынында да ғұмыр бойына тек қана атасын, әжесін, әкесін, шешесін, апасын, тәтесін, әпкесін, енесін, қарындасы мен бөлесін, баласын, немересін, қыздарын, жиендерін, жақын достарын, барыс-келіс, алыс-беріс ағайынын жырлап келе жатқандай көрінеді екен. Қай кітабында да осы төңірегіндегі тақырыптар көбірек орын алатыны да рас. Оны жоғарыда айттық та. Бірақ сол тақырып арқылы өзі өмір сүріп келе жатқан заманның — өткен ғасыр мен бүгінгі күннің бар тынысын, мол ырысын, адамы мен әрбір қылт еткен жақсы қадамын түгел тізе көз алдыңнан өткізе білген кім бар?!

Ол тек Тұманбай талантына тән құбылыс. Кәрісі демей, жасы демей, әкімі, ақыны демей, қазақ жұрты бүгін түгел сыйлап, құрметтесе — ол ақынның сол көңіл жомарттығын

танығандық, соған тәнті бола табынғандық дер ем мен. Сонау бір пышақ қырындай ғана шағын жинақ — "Студент дәптері" арқылы поэзия орбитасына шырқап шығып алған ақын ылағи ғана қасқа маңдайда тұрар. Мен тіпті де ол алдыңғы ағаларынан асыра жазып кетті, бірден олардың бәрінен артып түсті деп құдай алдында күнәһар бола алмаймын, бірақ сол кезгі жастардың (жастардың ғана емес) естігісі, тыңдағысы, оқығысы келетін сөзін, мөлдір тұнық сезімін:

*Ай да бүгін аласырып төбемізден төнеді,
Жан-жарымды рұхсатсыз қайта-қайта көреді.
Көлегейлеп жабар егім албыраған жар жүзін,
Бірақ менің өзімнің де коре бергім келеді, —*

деп дөп басқан алғашқы ақын Тұманбай болған. Сөйтіп, ол тұтас бір жас буынның алдына қойып, бойын түзер айнасы бола білген еді.

— Көке, — деп телефон соғам Түмекеңе екі күннің бірінде, — өлең қалай, төгіліп, құйылып тұр ма?

— Бар, — дейді көкем. — Өлең бар, бүгін таңғы бесте "тұр-тұрлап" оятып еді, біраз сілтеп тастапшын шәйға шейін. Екі-үш өлең келді дүниеге.

Мен күлемін. Күлемін де аға досыма: аман жүре бер, ақиық ақын, қазақ жыры сенімен сұлу, сенімен ғана бақытты! — деп іштей тәуба етемін.

"Қазақ әдебиеті"

2001 жыл

III

МАРҚАСҚАСЫ ҚАЗАҚТЫҢ

*Қызғалдақтай көктемде гүлдеп берген,
су төгілмес жорғадай жүрдек келген,
Қай ақын бар бақ, талант түгел дарып,
қалам алған шақтан-ақ құрмет көрген?!*

*Топқа түсіп доғалы, сан қызбалы
келе жатқан соқтықпай жар-құзға әлі,
Қай ақын бар қалың ел қадір тұтып,
ғашық болған қазақтың бар қыздары?!*

*Қай ақын бар — қадірлеп қала, гала,
сүйікті еткен қарындас, нар ағаға
Қай ақын бар дәл сендей тұла бойы
жақсылықтан тұратын гара ғана?!*

*Құлай сүйіп қызулы жыр дүрмегін,
арғымақтың алдырмай бір күн демін,
қашан болсын халқыңның қақ төрінде
домбырасы сияқты күмбірлегің.*

*Арамызда көп емес сендей бағлан,
кеудемізді біздің де кернейді арман!
Аламанда қосылған ағайынның
қашнасы бар қараңды көрмей қалған!*

*Төңірегін түрткілеп, жоққа емінбей,
көкірегің текті әуен текті ерінбей.
Көздің жауын алып-ақ тұр-ау жырың
өзің туған өлкенің көктеміндегі.*

*Алдын алып тетелес, тең-құрбының,
Қас бәйгеген қасқайып келдің бұрын.
Ежелден-ақ осылай баптайтын жұрт
Жүзден жүйрік шығатын ең гүлгүлін.*

*Өзің туған өлкенің бағын ашып,
Қызғанбайық, талай бір тағына шық!
Күтері де көп әлі сенен елдің,
қазағыңның қыздары әлі ғашық!*

*Әлі ғашық өзіңе,
Сөзіңе де сені оқымай арулар көз іле ме?
Жүрегің де солармен бірге соғып,
Егіле де білесің, езіле де.*

*Парнас таудың басына таяп барып,
көрген жоқсың елден сыр аяп қалып.
Тұманбайдың жырымен басталған той,
Тұманбайдың жырымен аяқталып
жатқанын да бүгінде көргік енді,
Пейіліңе осындай Елді берді,*

*Көсіле бер қазақтың марқасқасы,
Көсілетін тұсың да енді келді!*

Бұл менің осыдан түп-тура ширек ғасыр бұрын Тұмағаңа арнап жазған өлеңім еді. Мемлекеттік сыйлық алғалы жатқанда ақынның анық тілеулесі ретіндегі көңіл лебізі болатын. Сол көңіл, ақжарма сол ықылас-пейіл әлі де бұрынғы қалпында. Толыға, молыға түспесе, ортаймақ емес.

Таныс-біліс, сырлас, сыйлас болғанымызға да елу жылға таяп қалғанымен:

Шын көңілмен сүйсе екен кімгі сүйсе,

Бір сөзінде тұрса екен жанса-күйсе, — деп Абай айтқандай, өз басым біз екеуміздің арамыз әлі күнге сол бір дақ түспеген кіршіксіз таза қалпында екендігін ойлап, құдайға шүкіршілік етемін. Баяғыда, Бауыржан Момышұлының 60 жылдық тойында арнау өлең оқыған әйгілі Сәбит Мұқановқа қатарластарының бірі қағыта қалжыңдап:

— Сәбе, осы оліңді Сіз Бәукеңнің 50 жылдығында да оқыған сияқты едіңіз ғой, — десе керек. Сонда сөзден тосылып көрмеген жазушы:

— Дұрыс. Ер жігіт екі сөйлемес болар, менің Бауыржанға деген көңілім осыдан он жыл бұрын қандай болса, қазір де сондай, — деп жол тауып кетіпті.

Сол Сәбең айтқандай, менің де Тұмағаңа деген көңілім ешқашан өзгеріп көрген емес.

"Қазақ әдебиеті" газетінің жігіттері хабарласып, "Түмекеңнің туған күніне жақын достарының бірі ретінде сіздің де лебізіңіз қажет болып тұр" — дегенде, есіме ең алдымен осылар түскен. "Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басына шабасың ба?" — дегендей, мұндай салтанат пен мерей үстінде айтпаған сөзді енді қашан айтпақпын, — деп қанатымды қомдай құлшына беріп ем, олар қайта хабарласып "Мақаланы Кәкімбек Салықов жазатын болды, сіз өлең берсеңіз қайтеді?" — деп тоқ етер тапсырмаларын жеткізген.

Кәкеңмен қалай таласам. Ол кісі де мен сияқты Тұмағаңмен көптен бері дос-жар адамдар. Әрдайым аралас-құралас жүреді. Әйтесе де, "Тұмағаңды дәл мендей қанық біле бермейді-ау!" — деген бір күдік қылаң беріп қалғанымен, ақынға ақын өлең арнап жатса оның несі айып, ақ сөйлейтін де, ақиқатын айтатын да өлең емес пе өзі, бәлкім, газет басындағылар әдейі жүктің ауырын маған қалдырып жатқан шығар деп те түйгенмін.

Сөйтіп, бір кезде менің өзімді де ең алғашқы "Студент дәптері" кітабымен елең еткізіп, біржола соңына ерткен және әдебиетке еркелеп те ентелеп келіп, Қасымның айтқанындай, "Босағаға тұрып қалмай, төрге ұмтылып", ағалары арасынан сығылыса барып өр жақтағы өз орнын ойып алған жас ақын, бұл күнде иісі қазаққа танымал Бас ақын Тұманбай Молдағалиев жайлы ойымды өлеңмен былайша түйіндегім келген еді.

*Өмірі де жайдары, көңілі де жайдары,
келе жатыр килікпей кикілжіңге қайдағы.
Жауына да жұдырық сілтеп көрген жері жоқ,
ақ қағаздың үстінде аяқталып майданы.*

*Үлкендердің алдында он бестегі қыздан жас,
кішілерге кісімсіп, қыр көрсете сызданбас.
Жақсылықтың барлығы болсын дейді өзіме,
сөйте жүре сенің де несібеңді қызғанбас.*

*Ағыл-тегіл ақтарып асқақ өлең үлгісін
асып-тасып, астамсып сөйлемейді бұл Кісің
"Қой!" – демеуді саған да, жан баласын тең көрмей,
дүниенің тірегі өзіммін деп жүрмісің!*

*Көкірекке ұлап, қолтығына тығылар,
өзі ғана ұғынар бұлбұлының үні бар.
Әппақ таңда сол үннің әуенімен оянып,
ән ғып талып, сол үнмен қалып барып тынығар.*

*Айды барып аймалап, ақша бұлтты жұмарлап,
аңкылдап-ақ жүргені өлең жазып, жыр арнап,
Құйрық жалы төгілген жүйріктей кашанда
кетіп бара жатады көз ұшында бұлаңдап...*

*Жақсылардың көңілін табу дей ме ендігі ем,
көпшік қойып біріне, біреуіне бергі дем.
Кесірленіп кергіген Тұманбайды көрмейсің,
күлген жері – күншуақ, жүрген жері – төр кілең!*

*Күндіз-түні телегей теңіз болып жазғаны,
қанша жергі аралап, қаншама кен қазбады.
Жемістері мәуелеп, даусы кеткен әуелеп.
қалқып ұшып көгінде аққулары, қаздары.*

*Өкіне ме, кім білген, текке бір күн өтті-ау деп,
өлең-жырдың нәсерін күркірете төкті-ау кеп.*

*Үлгі бола бастаған ұлыға да кішіге
өзі де бір асқақ ән өзі де бір текті әулет?!*

... И "чувство доброе я лирой пробуждал", — деп еді Пушкин өзі туралы. Өз өлеңдерімен ұдайы ғана жанымызға ғажайып бір шуақ құйып, күн сайын нұр сәулесін төгіп келе жатқан Тұмекең жасай берсін, жаза берсін деп тілегеннен басқа не дейміз. О кісімен достығын айтып мақтанып та, төбесін көргенде шаттанып та жүретін біз сияқты ізбасар інілері барын ұмытып кетпесе болғаны...

2005 жыл.

IV

Тұманбайдың таланты, Тұманбай шығармашылығы жайында аз жазылып жүрген жоқ. Әр жастағы мерейтойлар тұсында да, басқа да қисыны келген кезеңдерде де алдындағы аты мәлім ақын ағалары ма, академик көкелері ме, біз секілді қасына ерген қаламдас-замандастары бар, соңына ілескен іні-қарындастары бар, бәрі қосыла жамырасып, ұдайы ғана жарым ырыс — жақсы лебіздерін, оған деген ойда бар, бойда тұнған ыстық ықыластарын білдіріп келе жатқанын байқаймыз. Басқасын қойып, біздің өзіміз де ыңғайы келіп қалған жерде қарап отырмай, Тұмекең творчествосы турасында екі-үш мақала жазып, әлденеше өлеңдер де арнап жіберген екенбіз. Әрине, әр тұста әрқалай жазыппыз. Бірде көздеген нысанамызды дәл барып тапсақ, енді бірде асқақтата түсеміз деп отырып, Абайдан да асыра жаздап барып, ат басын әрең-әрең тежегеніміз де байқалмай қалмайды...

Есіме түсіп отыр, сол жаңағы мақала-эсселерімнің бірінде мен Тұманбай Молдағалиев шығармашылығын таудан төмен құлдырай құлап, сыңғырлай аққан мөлдір таза бұлаққа да теңеген екенмін. Ондай бұлақтың арнасы тартылмайтынын, салқын суы сарқылмайтынын айта отырып, қай-қашан еңкейе бере ернеуіне ерніңді тигізсең болды — біржола қанып ішкенше бас көтере алмайтыныңды, жұтқан үстіне жұта бергің келетінін, бұлақтың өзі болса сол баяғы сылдыр қаға ағындаған, бірақ бет алған бағытынан жаңылмаған қалпында бұлықси ағып ілгері тарта беретініне тоқталған едім. Сенің көкейіңде дәмі, құлағың мен көңіліңде әні қалады, ұмыта алмай, аңсарың да, ынтызарың да соған қарай ауады да тұрады.

Қайырыла соғып, қайталап барып мейіріңді қандыра тағы бір жұтсам деп тамсана түсетініңді өзің аңғармай қаласың. Соны меңзеген едім.

Мен білсем, қазіргі көзі тірі қазақ ақындары ішінде ең көп жазатыныда, өндірте, желдірте жазатыныда Тұманбай. Өнімді жазады, ылғи да сергек, өзіне-өзі сенімді жазады. «Таң алдында өлең мені өзі түртіп оятады, — дейтіні де бар, — Үлгеріп қана қағазға түсіріп алып отырамын. Содан қалғып-мүлгіместен таң ағарып атқанша 5-6 өлең жазып та тастаймын». Оған күмән келтіріп жатпайсың, өйткені сол жазғандарын сиясы кеппей тұрып-ақ газеттер мен журналдар бетінде ізін суытпай үздіксіз жариялап та жатады. Жыл сайын, кейде тіпті бір жыл ішінде қос еліден қалың кітаптартар да шығарып жүр.

Басқаларымыз айында-жылында он шақты өлең жазып, екі-үш жылда бір кітап шығара алсақ, соған да мәз болатынымыз бар. Ол болса...

Осы арада бір сөт ойланып та қаласың. Көп болған соң оның көбігі де, күріш арасындағы күрмегі де болмай қоймасы анық. Ұдайы ғана інжу-маржан қайдан келіп қолға түсе берсін, аласы да, құласы да бар шығар-ау деп қалатынымыз болады. Жиі-жиі жұрт ауыстырып, қоныс жаңартып отырмағасын да тақырып өрісі де тарылып, таптаурындық та көзге ұрып қала ма деп сен де күдіктене түсесің. Таңғы шықтай таза бұлақтың көзі де көмескілене бастағандай болып көрінетіні бар. «Бұ қалай болды?» — деп бір сөт дағдырып та үлгермей жатып, кенеттен бұлақ көзі қайта ашылып бергендей, тума талант тегеуріні әлгі тосын келген күдігіңді бірден сейілтіп, қайта түлеген Тұманбай ақынды табар едің. Табар едің де, бетіндегі шөп-шаламын үрлеп жіберіп, бағанағы таңдап татқан, таңырқатқан бұлағыңа қайтадан бас қойғаныңды сезбей де қалар едің.

Бұл күнде Түмекеңнің жасы жетпіс бестен асып жығылады. Соңында қиыр-шиыры мол бұталы-бұдырлы, бұралаң бұрылысы да бар ондаған мың өлең жолы қалып жатыр. Өзі болмаса, о жағын өзгеміз санап тауысып, санына жете алмақ емеспіз. Біздің білетініміз, жоғарыда айтқандай, бүгінгілер ішінде Тұманбайдан көп жазған, асыра жазған, жазғанының бәрін шып-шырғасыз жариялап та жүрген ешкімнің жоқтығы. Сондықтан да болар, қалың елге танымалдық жағына келгенде де оның шоқтығы қашан да өзгелерден биігірек тұрады. Өзімнің де осыдан отыз жылдай бұрынырақта «Марқасқа» деп атап, Тұманбайға өлең арнағаным бар еді.

*Қызғалдақтай көктемге гүлдеп берген,
Су төгілмес жорғадай жүрдек келген.*

*Қай ақын бар бақ-талант түгел дарып,
Қалам алған шақтан-ақ құрмет көрген!
Топқа түсіп доғалы, сан қызбалы,
Келе жатқан соқтықпай жар-құзға әлі,
Қай ақын бар қалың ел қадір тұтып,
Ғашық болған қазақтың бар қыздары! —*

деп те жіберген кезіміз болған екен. Сол сөзді қашан да қайталап айта беруіме болады.

Түмекеңді басқаларымыздан бөлектей түсетін (бәлкі, даралай түсетін) де тағы бір жәйт бар. Ол әр жаққа бір ұмтылып, оңды-солды лықсып, өзгеміз сияқты, өзін-өзі шығын ете бермейді. Яғни оның өзіне ғана тән феномендік болмысын да уақытпен үндесу, қоғамдағы әртүрлі қағидалар мен қайшылықтар төңірегінде емес, бір ғана әдеби категориядан іздесек керек. Сондықтан да Тұманбай: «Ұшпаққа да шығарды өлең мені!» деп жырласа — еріксіз иланасың.

Тұманбай өзінің қай шығармасымен болса да (біреуін нағыз шедевр десек, енді біреуінің тұзы жеңілдеу болар) оқырманының көңілін таба білетін, сезімін сергітіп, санасын оята жүретін ақын. Бұл жағынан алғанда оны ұлттық поэзиямыздың барша мұратын бойына сіңірген шынайы ғана қазақы ақын деп айтуымызға әбден-ақ болатындай. Тіпті әнге арналып жазылған өлеңдерінің өзімен де оқыған елдің ойынан шығып, сезіміне сезім қосу жағынан ол аз еңбек сіңіріп жүрген жоқ. Оған бойлай түсу үшін Тұманбайдың бұрынғы-соңғы жазғандарын ой елегінен және бір өткізіп көру керек. Сонда барып, егер Тұманбайы болмаса қазақ поэзиясының қазынасы, бері салғанда, жұтаң тартып, әйтпесе мүлдем олқыланып қаларына көзің жете түсер еді.

Жасымыз қарайлас бола тұра (ол менен бар болғаны үш-ақ жыл бұрын туған екен) ол өзінің біз айтып жеткізе алмай отырған құйма алтындай құйылып түсер талантының арқасында қалың елге де, әдеби ортаға да ертерек, тым ертерек танылған ақын. Ерте ашылып, ерте танылып үлгерді де Ғали, Әбділда сияқты алдыңғы буын ағаларының алақанында болды. Сондықтан да шығар, өкшесін баса шыққан біздің бірталайымызға ұстаздық ықпалы ерекше болғаны білінбей, еленбей қалған жоқ. Жалған намыстың керегі не, өз басыма оның шығармашылығы сол Ғали, сол Әбділда, сол Қасым Аманжолов пен Ғафу

Қайырбековтерден кем әсер еткен жоқ еді. Әлі күнге алдын қиып өтпей, қатарласа берсек те үнемі өзіне қарайлай түсіп келе жатуым да сондықтан шығар деп қала беремін.

Сонау да сонау, әлі желігі басыла қоймаған шұғылалы шақтың көктемінде, қызғалдақ болып құлпыра түскен көңіліміздің кіршіксіз шағында қолымызға әлдеқалай тие қалып, әп-сәтте бас алмастан түгел оқып шыққан қызғылт түсті «Студент дәптері» аталатын кітаптың әсері де әлі күнге есімнен шықпай жүрсе, ол да Тұманбай ақынның шынайы да шыншыл, сыпайы да сыршыл жырларының бізге тигізген өмірлік ықпалынан шығар-ау деп те ойлаймын.

*Ай да бүгін аласарып, төбемізден төнегі,
Сәулешімді рұқсатсыз қайта-қайта көреді.
Көлегейлеп жабар егім албыраған жар жүзін,*

Бірақ менің өзімнің де көре бергім келегі! — дейтін жалғыз шумақ өлеңнің де әлгі кітап жарыққа шыққаннан бергі елу бес жыл ішінде есімнен кетпей, берік орнаған күйінде көкейімде қалып қоюының себебін де өзіме тигізген әсерінен іздеген дұрыс-ау деймін.

Мына бір:

— Бұдан бұрын тартушы едің *«Прибой»*,

Бүгін тартқан папиросың ірі ғой, —

... Дегенімде көзін қысып дос күлді,

Күлкісінен қуақы үні естілді.

— *Қыз алдында жәтелтегі «Прибой»*,

— *Ал «Казбек ше?»*

— *Маркасы оның ірі ғой, —* деп аяқталатын

сыпайы иронияға (кекесін, мысқыл емес) толы өлеңді де ешбір қағазға қарап жатпай-ақ жатқа жазып отырмын.

Әрі қарай кетсек:

Көрсетпе сүю әуресін,

Берілді жүрек тек саған.

Сүю де жақсы, сәулешім,

Сүйікті болу жақсы оған! — дейтін жол-

дар да айда қалып қойған екен. Ілгерінді-кейін оқыған бұрынғы-соңғы ақын-жыраулардың бір кезде мүдірместен жатқа соға беретін мың сан өлең жолдарын да жадымыздан сыдырып алып қалып жатқан бүгінгідей егде тартқан жасымызда да Тұманбай өлеңдерінің біраз нұсқасын төкпей-шашпай оңашада өзіне оқып беріп жүрсек, ол да сол балаң шақтан бергі жанымыздың жақындығы, жүрегіміздің үндестігінен қалған үлес қой деп білгеніміз жөн.

Осылай бола тұрғанымен Тұманбай көкемнің бүткіл болмыс-бітімін, тыныс-тіршілігін үлгі тұтып, ұдайы ғана пірге балап келе жатырмын десем, құдай алдында жалған айтқан болып шығар едім. Шыны керек қой, қалай десек те, бір жағы бәріміздің де пенде екендігіміз белгілі, баз-базда біздің де шайдай ашық көңілімізге кірбің түсіп, пікір-ниетіміз де бір жерге түйісе қоймай, үдірейісе, үрке түсіп барып, райымызға қайтатын тұстарымыз болып тұрады. Бірақ мұндай бір сәттік қана көңіл алшақтығы, аспанымызды торлай бере айыққан ақшарбы бұлт бұған дейінгі өзім сүйсіне оқыған, сүйіп таныған өлең-жырына деген шынайы ықылас-пейілімізге кір шалдыра қоймасын, тіршіліктен туындайтын әлгі бір ала-құлалықтың өзі де оның шығармаларына деген ой-ауанымды өзгерте алмасын әбден жақсы білемін. Бұл жағына Түмекең қалай қарайды, ол енді... оның өз шаруасы. Біздікі «көңіл кірі айтса кететіден» шығып жатқан жәйт қана.

Тұманбай Молдағалиев 1935 жылдың көктемінде Алматы облысының шағын ғана «Казатком» аталатын ауылында дүниеге келген еді. «Шапырашты руының Қошқар әулетіненмін», — дейтіні бар. Әкесі кешегі ел басына қан мен қасіретін төге келген, арандай аузын аша төне келген Ұлы Отан соғысынан оралмай қалыпты. Әжесі мен шешесі, апа-жезде, әпкелерінің қанаты астында, солардың нұрына шомыла жүрсе де кішкентайынан қамкөңіл болып өскен болашақ ақынның ойы онға, санасы санға бөлініп, көңілі ұдайы бір алыс нүктеге, құпиялы әлемге қарай ойыса беретін еді. Ол — ақындық жолдың алғашқы адымдары болып шыққанын өзге түтілі өзі де кейін барып ұққан тәрізді.

Тұманбайдың «Етік» дейтұғын өлеңі бар. Сол бір сұм соғыстың зардабынан аш құрсақ, жалаңаяқ жүрген күндерін еске ала отырып, ол:

*Арбасы балалықтың алға жүргі,
Жау көздеп атты менің арманымды.
Аш жүргім, суық үйде ұйықтадым мен,
Білмеймін қалай тірі қалғанымды.*

*Анамның көңілі маған бөлінегі,
Мен үшін қабырғасы сөгіледі.*

*Екеуміз кигік соны кезектесіп,
Бір етік біздің үйге болып егі.*

*Әңгіме, өлең гесе ұйып қалам,
Айтады соның бәрін сүйікті анам.
Қалады пеш жаңында жалғыз өзі,
Мектепке етігін мен киіп барам.*

*Қай қазақ есіркесін жетім ұлды,
Маған тек талайлардың беті күлді.
Тапжылмай түстен кейін мен отырам,
Кетегі анам киіп етігімді... — деп жазған еді.*

Көбіміздің көз алдымыздағы сурет. Соғыс кезіндегі балалардың баршасының басынан дәл осындай уақиғалар өткен. Бірақ соны Тұманбай ғана көзімізге жас үйілдіре отырып, қаз-қалпында алдымызға жайып салып еді.

Жас өседі, жарлы да бір баииды. Тұманбай да жетілді, жетті. Аты алысқа жайылған арқалы ақын болды. Жұмыр жердің түкпір-түкпірін түгелге жуық аралады. Мың сан маңғаздармен, тіпті бір-бір елді дара билеп отырған премьер-министр, Президенттермен де қатар жүріп, дәмдес болды. Бірақ мен үшін арындап, әлі де жалындап жүрген қас ақын, бүгінгі бас ақын Тұманбайдан гөрі, сол баяғы өзіме ұқсаған, шешесінің етігін кезектесіп киіп, «әңгіме, өлеңді ұйып тыңдап», етіксіз қала берген сәттерде пеш түбінде бұйығып қана бұрынғыша қиялға батып отыратын бала Тұманбай жақынырақ көрінетіні бар. Тіпті мен үшін ғана емес, өзінің асқақ тауларды өрлей, көк теңізді көлбей өтіп жүргенде жазылған барлық өлеңінің босағасынан сығалап тұрғандай болатын сол бала-ақын оның өз көзіне де ыстығырақ көрінетін шығар-ау дегенді де ойлай беремін. Ол туралы өзі де:

*... Естігендей боламын да бөтен жыр,
Қырға шығып, қиялдарға кетем бір.*

Меніменен қоштасуға асыққан

Жастық шағым ба екен бұл?! — деп жырлапты бір кезде. Сөйте келе қаршадай күнінен бастап көңілін елеңдете берген өлең аталатын, поэзия дейтұғын сазы бөлек сиқырлы дүниеге әмпей-жәмпей араласты да кете берді. Сол шарқ ұрудың аяғы ауқымы кең ақындық даңғылға барып ұласты. Жырға деген сол бір құштарлығы оны жаны кең, жайсаң ұстаздардың алдына алып барып, бірден-ақ солардың ыстық мейірі, оқшау ықыласына

бөленді. Бұл жағынан жетімдік көрдім деп өзі де айта алмайды, айтпайды да. Әсіресе алғашқы балаң жырларынан болашақ классикті тани білген Мұқан Иманжанов сияқты ағаларынан алған үлгі-тәлімін де өзі ұдайы еске алып, аса бір ынтық сүйіспеншілікпен әңгімелеп жүреді.

Тұманбай Молдағалиев әдебиетке жігіттің нағыз жолы болар бақытты шағында келе қалған ақын. Бұл қазақ қауымының, үлкен-кіші айнала қалың елдің поэзияға, өлең-жырға деген құштар-құмарлығы барынша шалқыптасып, ұйқыдан ояңғандай күрт жетіле, арта түскен, дауылпаз Қасым үніне енді-енді қанығып, іле-шала Лияс дауысы құлағымызға енді-енді шалына бастаған тұс болатын. Мінеки, сол бір құдай сәтін салған тұста қазақ поэзиясының сапына тегеурінді жас сарбаз Тұманбай келіп қосылды да, өлең көкжиегін одан әріге кеңейте түсуге бірден-ақ білек сыбана белсене кірісіп кеткен болатын. Үлкен-кішінің назарын бір өзіне аудара отырып, шымырлана, шыңдала түскен.

Сол кезгі жастар, әсіресе студенттер жағы оны мөлдіртұнық сезімнің, мәнді махаббаттың, жалынды жастықтың бірден-бір жыршысы деп қабылдады, төбелеріне көтерді. Әр сөзін жерге түсірмей қағып алып, той-думанда тек қана Тұманбай әндерін шырқады. Қызулы, қызғын жырларын жабыла жатқа оқыды. Хатқа түскенін қағып алып, біріне бірі ұзата жүре ақын даңқын әуелетіп, атағын аспандатып әкетті.

Оның өзі де бұл тұстарда ереуілдете, екпіндете жазды, шабыттана, шаттана жүріп төңірегін түгел қамти жырға қосты. Саз өнерінің біртуар саңлақтары Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов сықылды өз ағалары, өнер жолында шашасына шаң жұқтырмай өткен іні досы Әсет Бейсеуов сынды сабаздарға қосылып, айға қарап әндетті, күнге қарап күлімдеді, құс болып қайтып, әуелеп ұшты, әуендетті. Аузын ашса болды, сауылдап өлең төгіліп тұрған сол бір қарымды шақта оның қаламынан қаншама бір әсем әннің дүниеге келгенін де қазақ қауымы әлі ұмыта қойған жоқ.

Мен оның сол кезгі өлеңдерін оқи отырып, бұл ақын тегі тәуліктің жиырма төрт сағаты бойына бақыт құшағында балқып жүрген екен-ау деген ойға да табан тірей беретінім бар. Өйткені:

*Төтелеп мен тартып келем кегір-бұдыр жолменен,
Тау да жатыр бұлт бүркеліп, тас та жатыр көлденең,
Жолаушымын мен ешқашан ұйқы-күлкі көрмеген,*

*Келешектің күндеріне, түндеріне шөлдеген.
Бүкіл барлық арманымды алып-ұшып мен келем.*

*Құласам да, жыласам да ағып барып құлайын,
Жүрегімнің соңғы нұрын жағып барып құлайын,
Жұлдыз болып жанып барып, жанып барып құлайын,*

Неге болса барып-барып, барып-барып құлайын, —
дейтін жолдар әлгіндей шалқып-тасып, алдында бармайтын алаңы, алмайтын қамалы жоқтай көрінетін, талантымен тау қопаруға дайын адамның ғана аузынан шықса керек.

Сүйгенін аңсап асығып та аптығып келе жатқан бозбаланың алдынан жайдақ бір төбе шыға келіп, қол созым жердегі ауылын көлегейлей береді, сонда ақын:

*Тілегім неткен көп егі,
Жүрегім тұр ғой от алып.*

Мына бір тұрған төбені

Тастасам ба екен қопарып! — деп те

жібереді.

Кеудесі көк тіреп келе жатқан жиырмадағы жігіт болмаса, бүгінгі жер ортасы жастан асып бара жатқан Тұманбайлар қаламына іліге бермейтін-ақ сөз!..

Ақынның алғашқы жырлары ішінде басқаларынан оқшауырақ тұрған бір өлең бар. Ол өлең — «Асыл ұстазға» деп аталады. «Мұқан Иманжановқа ескерткіш» деген анықтамасы да бар.

*Оркестр! Тарт қаралы күйіңді,
Күңірен!*

*Қоштасты асыл жан
Көктемнің гүлімен, күнімен,
Көктеген алма ағаш*

Айырылды бүрінен! — деп кеуденді дүр
сілкіндіре күрсіндіріп алады да, ол бақиға аттанып бара жатқан өз Аға — асыл Азаматты қия алмай, өзі де күңірене келіп:

*Сүюші ең көгілдір көгіңді,
Сүюші ең елжіреп еліңді, — деп алып:*

*Іздегім, өлеңмен тербегім,
Денеңді қияды жерге кім.*

Аяулы ұстазым, өзіңді

Кеудеме жерледім, — деп аяқтайды қазалы
күйге ұқсаған сол өлеңін. Шамасы келсе, әркім-ақ асыл ұстазын осылай азаласын. Осылай жоқтасын!

...

Маған салса, Тұманбай творчествосын біріне бірі жалғасып жатқан қос ағыс — екі бірдей кезеңге бөліп те

қарастырған болар едім. Оның алғашқысы – өлеңін балаша әдділеп, аялап өсіріп, өзі сүйрелеп, автор ретінде үнемі биіктен биікке көтерген кезеңі. Екіншісі – әбден жетілген, пісіп-толған, толысқан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан Өлең дейтін шіркіннің енді автордың өзін жетегіне алып, арғы-бергі ағайын, алыс та жақын елдегі абыройын асыра түсіп келе жатқан қазіргі кезең. Өйткені, біз бір кезде оның әрбір шумақ, әр жолына талғаммен қарап, татып көріп қана бағалап келсек, кейінгі кезеңде ол не жазса да, не айтса да аузымызды ашып, көзімізді жұма жүре қабылдай беретін болғанбыз. Бұл жақсы ма, жаман ба, оның әділ қазысы болатын мен емеспін. Оқып, көріп жүрген қалың ел әлі бар ғой, ендігі ақиқатын солар айта жатар.

Қоғамдық салада, қимыл-қарекет жағынан оның аты әзірге аңызға айнала қойған жоқ шығар, бірақ қазіргі поэзиямыздың аузы дуалы абызы дәрежесіне дейін көтеріліп отырғанын айтпай қала алмаймыз. Сол Тұманбай Молдағалиев, оның творчествосы жайында мен қырғыз манасшылары сияқты ерінбей-жалықпай таңды таңға ұра отырып әңгімелеуге бармын. Қаншама қазып айтып жатырмын дегеніммен сөзімнен жаңыла да, көп сөйлеп қойдым-ау деп жалыға да қоймасым белгілі. Тұманбай тудырған көл-көсір өлең дүниесінің қай қырынан келсең де әңгімеге нәр қосып, дәм беріп, ілкіде тапшылау ма деп қалған тақырыптың өзі-ақ сені қай-қайдаға сүйреп ала жөнелер еді... Басқасын былай-ақ қояйық, осы бүтінгі азды-кем әңгіменің өзінен-ақ қазақ жырының қайыспас қара нары Тұманбай тірлігінің барына мәнді, барынша ауқымды көрінісі, шығармаларының ұнғылы мен шұңғылы, сыры мен сымбаты, тылсым-тұңғыығы, қалтасы мен қалтарысы қылаң беріп қалып жатыр-ау дейміз де, бұдан әрі өзімізді өзіміз тежей тұруға мәжбүрміз.

Кезінде Тұманбай творчествосына да сын айтып, «анау-ақ», «мынау-ақ» деп, оның сонау әу баста таңдап түскен сүрлеу-соқпағынан басқа бағытқа бұрып та жібергісі келгендер болған. Оған бола айылын жиған ақын жоқ, алған бетінен айнымай, алпыс жыл бойына жүрегінгі қалауын ғана айтып, әлгі сүрлеу-соқпақты қазақ поэзиясының Тұманбай даңғылына айналдыра білді. Ара-тұра сол даңғылға біздің де соға кетіп тұратынымыз болады. Қаншама кітаптарға арқау боларлық әңгімелер айтамыз. Сырласамыз, сұхбаттасамыз. Бұрынғыдай болмағанымен, ара-тұра бір-бірімізді оқып қойып та жүретініміз бар. Бір-бірімізден мін таппаймыз, мін таппаған соң сын да тақпаймыз.

Қазіргі Тұманбайды мен қадірі бөлек қаламдас, заты бөлек замандас деп қана емес, үлкен-кіші таланттар тобын өз туының астына шоғырландыра білген дара да дана тұлға деп те есептеймін. Өзі де сол бір атағына лайық Ел алдындағы ақындық қызметін адал атқарып келе жатқан азамат.

2011 жыл.

АҚЫННЫҢ НҰРЛЫ ӘЛЕМІ *(Ғали Орманов шығармашылығы)*

Осы мақаланы жазарда мен Ғали Ормановтың кейінгі жылдар үдесінде ғана қалың оқырман қолына тиген төрт томдық шығармалар жинағын қайта бір қадағалай қарап шыққан едім. Өзім үшін бұрыннан-ақ етене таныс өлең-жырларды қайталап оқу үстінде анық көзім жетіп аңғарған бір нәрсем, Ғали Ормановтың өмірімен де, творчествосымен де жете таныс емес адам, ешбір анықтамаға қарамай-ақ, осы кітаптарды оқи отырып, ол өткен жолды, қызулы, қызықты ғұмырын, ақынның бар күйініш-сүйінішін, қала берді, келбет-мінезін көз алдына елестете алады екен. Кімді сүйіп, кімдерді жек көргені, үйренгені, жиренгені хаттай тізіліп, шұбаған ұлы көшпей болып оқырман көз алдынан түгел өтіп жатады. Оған Ғалидың өзіне дейінгі де, өзімен тұстас та, өзінен кейінгі де ешкімге ұқсамас дара біткен майда қаңыр үшін қоссаңыз, қазақтың бұл көрнекті қаламгері қақындағы ұғымымыз да, мінездемеміз де соқталанып, биіктей түсе берері даусыз.

Сол төрт томдықтың алғашқы кітабын ашып тұрған "Қысқы күй" дейтін өлеңге назар аударып көрелік. Үлкен жолдан бұрыс, қағаберіс қамыс арасына орналасқан ауылда өскен мен үшін бұл түп-түгел таныс сурет. Жазы аптап ыстық, қысы ызғарлы, балшық орамы, ақырған бораны – бәрі таныс. Ақдаңдатқан ақтүтек әлі күнге есіме түссе, арқамды қариды.

*Үйден ұзап шықпаймыз
Өзіміз де ондайда.
Ондайда тым ұқсаймыз
Үрпiскен торғайға.*

Осы жәйтті өз басымнан да көп өткізгендігімнен болар, бұл жолдар көңілімді қай-қайдағыға жетелеп, алыс қалған балаң шаққа бір апарып тастағандай болады. Сондай ауыл-

да тудық, оқыдық. Пеш түбінде торғайдай болып үрпісе бүрісіп отырып, әдебиет оқулығын парақтаушы едік. Сөзіне терең бойлап, түсініп жатпасақ та, ақын, жазушы ағаларымыздың суреттеріне тесіле, ұзақ қарайтыным болатын. Өзіне қадалған мейірлі жанар аржағында әлдебір жұмбақ дүние жатқанын бала көңіл аңғарар еді. Тіпті бұл адамдар да ауылымыздағы әлдекімдер сияқты ет пен сүйектен жаралған шығар дейтін ой үш ұйықтасақ түсімізге кірмес еді. Қоңыр үйде қиялға беріліп, сол суреттерге сұқтана жүріп, ебіл-себіл сөз дәмін татқаннан да болар, келе-келе жыр кітаптарын іздеп оқып, өне-міне дегенше, жүздеген өлеңді жатқа да біліп шығып едім. Сол жұпыны ауылда жүрген мен үшін:

*Аттанып ауыл – анаған,
Оқуға кеттім қалаға.
Жабыла маған қараған
Жалтаңдай кеттім далаға.*

*Жарбиған жаман тон, тұмақ,
Жабысып кетті үстімге.
Жанайын деген бір шырақ
Жалтылдап кетті ішімге,* – деген сөздер де әсіресе

жақын еді. Құпиялы, қызықты бір әлемге өзім аттанып бара жатқандай болатыным бар еді.

Ғали Орманов, ең алдымен, айтулы лирик ақын. Бұл менің ғана пікірім емес, ақынның қаламдас ағалары да, барша творчествосына тәнті тұстастары да, қалың оқырман мен сыншы қауым да осылайша бағалап, осылай жазып келеді. Әлгінде біз тілге тиек еткен алғашқы шумақтарынан бастап, кейінгі жылдары жарық көрген төрт томдық шығармалар жинағын зерттеп, зерделей оқыған сайын, сол пікірге берік табан тірей түсесің. Ол үшін тақырыптың уақ-ірісі жоқ, басқамыз байқай бермейтін қандай бір қағаберіс көріністің өзі ақын қаламына іліккенде жан бітіп, жып-жылы шуаққа бөленіп, әрленіп, нәрленіп жүре береді. Өз материалы – адам жаны мен өмір мазмұнына қырағылықпен жіті үңіле білген ақын әр өлеңі сайын оқырман жүрегін дөп басып, көңілінен шығып отырады. Қазақта бар барша жақсы дәстүрді толық игерген қаламгер сезім иірімдерін домбыра ішегіндей шиыршық аттыра отырып, кісілік, семья, бақыт, өмір туралы кілең бір сегіз таспа қамшыдай жымдаса өрілген жыр жиһазын жасапты.

Ақын талантының өзгеге ұқсамас алабөтен дара қасиеті

қайшығармасы болсын алдыңнан шығып, айрықша көрініп отырады. Бұрқырап, бұзып-жарып жатпай-ақ, майда жұмсақ үнімен баяу сөйлеп отырып, оқырман көкірегіне киелі ой, келелі арман, айқын да асыл мұрат ұялатып жататынын аңғарасың. Бірде әлгі "Жанайын деген бір шырақ ішінде жарқылдап" кетіп бара жатқан, үлкен арман арқалаған, әке көрген, аға көрген, ибалы да бұйығы бозбала ұшырасып, тілдесіп, іштей үндесіп кетсең, енді бірде танау астынан "қарағым" деп қойып, үлкенге жұғымды, кішіге ұғымды бірқалыпты жұмсақ қоңыр үнмен кейінгілерге жөн сілтеп отырған ақбурыл басты ақсақалды көресің. Ешқашан бос даурығып, жарқылдақ жалған ұран салып, өңеш жыртардай айқайға басып көрмеген ақын әр өлеңді өзінің ой шеңберіне лайықтап алады да, жақсылықтың жолында шыбын жаны шырқырап, кісілік мінезді қызғыштай қориды. Дүние тыныштығы отбасының амандығынан басталатынын, халық бақыты қара басқа да байланысты екенін там-тұмдап, таңғы жұтқан саумал қымыздай санаң жайлап сіңдіре береді. Оқып көріңіз:

*Сағыныштан сарғайып,
Сары белден таң атты.
Сахарада шалқайып,
Сарғая бір жол жатты.*

*Көкжиекке қосылған
Қара жолдың ұшына.
Қарай-қарай асығам,
Қанатым жоқ ұшуға.*

Көңіліңіз бір қобалжып барып басылғаны сөзсіз. Сезім шынайылығы осындай шынайы жолдар арқылы өріс алып жатады.

*Не де болса, теуекел,
Қостым тайды жарысқа.
Мейлі, үмітім бос кетер,
Жарамаса алысқа.*

*Топқа түсер шын жүйрік
Тай күнінен танылар.
Талантсызға сол бұйырық —
Көзге ілінбей қалынар!*

Жалқының жалпыға ұласуын, жеке сезімнің ортақ ойға ұштасуын байқаймыз. Іштей түлеп, булығы өсіп келе жатқан ақын кейіпкерінің өміртанымы да қырағылана,

қаталдана, сыншылдана түскен. Енді ақын өмір сынына үзбей ілесіп, болмысты үңгі, үңіле зерттеуге ойысады.

Ақын әсіресе Ұлы Отан соғысы тұсында өндіре жазып, жұрт аузына айрықша ілікті. Ұлы сілкініс кезеңі, ақын мінезіне де қаталдық қосып, даусын ашып, тынысын кеңейте түскенін аңғарамыз. "Ана" деп аталатын шап-шағын үш шумақ өлеңдегі ішкі драматизм, қатыгез шындықты қараңыз.

Өлең:

*Қалтырап буын босамас,
Қобалжып саспас, ержүрек,
Жалынып көзге жас алмас,
Қайыспас емен көкірек, —*

*Әжімді анау қарт анам,
Көрсем-ақ ақшыл шашыңды,
Қылыштан қорқып тартпаған*

Иер ем саған басымды, — деп бітеді, Әлеуметтік есею деп осыны айтар болармыз. Бұл соғыс жылдарындағы "Ана үндеуі" деп аталған атақты плакат-ұран сарынындағы, жан дүниенді шымырлатып әкетер қуаты бар публицистикалық лирика үлгісі. Кезінде көп айтылып, көп жазылып жүрген ақынның осы соғыс тұсындағы "Қасымға хат", "Емен", "Ағалық тілек", "Орамал" өлеңдерінде өмірдің біршама бел-белестерінен өткен, өз дәуірінің жосын үні, ыстық-суық табын тартып көрген, талап-талғамы өнеге боларлық кейіпкердің жан дүниесі жарқырап ашыла түседі. Ақынның ой-қайнары бірде серіппедей ширатылып, шиыршық атса, енді бір сәт даладай молдықпен кемелдене, тербегіле, құлпыра жайнап кетеді.

Поэтикалық образдың барша жұмбақ көп қырлы характерін, кескін-келбет, ой дүниесін, қуанышы мен көз жасын барынша табиғи көрсетуге келгенде де қысқа лирика алдына қара салмақ емес. Қып-қысқа лирикалық жырларымен жүрек түпкіріне берік орнайтын сиқырлы да сырлы, алуан қырлы кейіпкерлер жасаудағы Ғали шеберлігіне бүгінгі біразымыз жете алмай-ақ келеміз. Салқын, самарқау сөйлеуді білмейтін, жалған жалтара айтуға бармайтын таза ақынға тән мінездің бірі де сол. Өйткені көркем шығарманың дүниетанымдық қызметі, қоғамдағы ролі сол үлкенді-кішілі қаһармандарының қауқарымен өлшенеді. Ол ең алдымен ақынның өз басының азаматтығына, өз парызын қалай түсінуіне де байланысты. Ғалидың бармақ жалап отырып оқитын

барша қысқа лирикасынан мен әрдайым сондай биік парасатты аңғарам. Өзімен бірге өлеңі де жетіле түсіп отыратын ақын шығармаларының қай-қайсысынан болсын уақыт тынысы, дәуір сарыны елес беріп, ілгерілеген сайын тұтаса, қоюлана, қалыңдай береді. Лирик Ғали өз көкірегін кернеген асыл сезім, аңсарлы ойдың бәрін түгел ақтарып, оқырманын соған иландыра еліктіріп, желіктіріп отырады. Ол әсіресе тұрмыстық көңіл-күй тамырын дәл тауып, білгірлік, балгерлікпен тани білетініне таңырқамай болмайды.

Әсте, пейілі тар, ниеті ала-құла адамнан жақсы өлең тумақ емес. Гүлді үзуге, құсты үркітуге қимайтын ақынның кісі баласына қиянат жасауы мүмкін емес. Ғалиды көзі көрген, дәм-тұздас болған адамдардың бәрі де бірауыздан оның өз басын осылай бағалайды. Ал өз творчествосынан ол қасиет-мінезі тіпті айқын аңғарылып тұрады. Отаншыл, адамгершілік биік мұратқа іңкәр ақынның кейіпкері кілең ғана жүртқа жақсылық тілеп, емірене өліп-өшіп тұрады. Бұл ретте ол бармын деп тасымайтын, жоқпын деп жасымайтын, үлкен-кішінің бәрін “әке-көкелеп” жүретін үбірлі-шүбірлі отағасына ұқсар еді. Еріңдерінде мысқыл бар, емеурінінде зіл жоқ, тәтті қалжыңы бар, қатты қайырысы, қатыгез-қаталдығы жоқ тау кеуделі ақын кейіпкерінің өміршендігі сонда ма деп ойлаймын. Тұрмыстық бар әсерді бөле-жармай, тең, түгел қабылдау арқылы еткен ақын кредосы осындай.

Болмыстың барша ұңғыл-шұңғылын іштей сезіне қабылдау, образды ойлай білу шеберлікке бастар баспаздақ деп есептесек, ақынды әлеуметтік үлкен тұрғыға көтеретін, айналып келгенде, сол шеберліктің тап өзі. Күрес үшін, тіршілік үшін айқайдан гөрі, Ғали жыры тәріздес асыл ыстық сезім таптырмас қару бола алады. Тұрмыстық лирика мен әлеуметтік лириканың аражігін ашуды бірінен бірі бөлек құбылыс етіп көрсетудің орны жоқ. Адамның барша парасат-парызын махаббат, достық, кісілік, әділет ұғымдары төңірегінде көрсете білу – азаматтық лириканың ұлы мақсаты. Адам сезімінің бар дүйім-дүниесін бойына жинақтаған Ғали ақын жырларын осындай поэзия деп күмілжімей айта аламыз.

Арғы -бергі поэзиялық дәстүрді еркін меңгерген Ғали Орманов шығармалары ең алдымен көркем қарапайымдылығымен тартымды. Ол қарапайымдылық тіпті де қарадүрсіндік емес. Абай, Пушкин, Есенин, Твардовский сияқты ақындардың халықтық қарапайымдылығы

олардың ұлы шығармаларына мысқалдай мін бола ма? Тіпті, ол шығармалардың жасампаздығының өзі әлгіндей қарапайымдылықтың мызғымас күшінде жатқан жоқ па? Көкейге келіп қалған мазмұнды ойды қарапайым, мөлдір таза тілмен ұғымды жеткізе білетін Ғали ақынның қарапайымдылығын да осы тұрғыда бағалау керек. Халықтың қанында бар қағытпа қалжың, әдемі әжуа, жақсы да жарасымды өзіл бұл пікірімізді үстей түседі.

Мына бір "Жеңілген жүрек" өлеңін осыдан ширек ғасыр бұрын оқып едім, әлі күнге көңілімде жаттаулы қалып жүр:

Тайпаң қағып ақ тоқал,

Тіл қатады қонаққа.

Тынымы кетіп ақсақал,

Көп қарайды сол жаққа, — деп, қонаққа күлімдей берген жас тоқал қылығына төзіп отыра алмаған шалдың көңіл күйін:

Тоқалына айтты жай

Ынғайлы бір кезекте:

— Құймай-ақ қой маған шай,

Батпай отыр жүрекке! — деп тәмәмдайды. Еріксіз сен де жымиясың. Тынышы кетіп болған шалды да аяйсың, ақын тапқырлығына да сүйсінесің. Немесе, "Қалжың хаттағы":

Айнала тау, түн жым-жырт

Бурабайдың басында.

Отыр ма әлде бір қу мұрт

Өле жаздап қасында? — дейтін жолдар тек Ғалиға тән қалжың емес деп кім айтар! Ал "Жамбылмен қалжыңы" ше?

Өзі де өлеңді осылай нық шегедей берік түйіндейтін ақын жастардың жылт еткен жақсылығына мәз бола қуанып, ауызша да, жазбаша да пікір білдіріп жүруші еді.

Шын ақынның ешқайсысы көзі тірісінде "мен болдым-ақ" деп тоқмейілсіп көрмеген болар. Жетпіске дейін қолынан қаламы түспеген ақын да ара-тұра ойланып, толғанып, соңына қарап, әлі де өзіне өзі көңілі толмай келе жатқанын үзбей айта жүріпті. Әлдеқашан бұрын жазылған бір өлеңінде:

Отыздың шығып өріне,

Оқуға қайта бұрылдым.

*Олқылау жатыр көңілге
Өзімше жиған бұрынғым, — десе, одан кейін "Сұрау"
дейтін жырында:*

— Білдім бе бойлай жүрекке?

Ылайық орын алдым ба?

Жан болып әлде жүргім де,

Дем біпті, жым-жырт қалдым ба?—деп өткен-кеткенін шолып, өзіне-өзі сұрақ қойып, ойға алған межеден шықтым ба, жоқ па дегендей, алды-артын тағы бір бағдарлап алады.

Ғали Орманов қаламынан туған қаншама жыр-толғаулар, сығып алсаң, майы шығып тұрған нелер бір көркем аудармалар бар. Олардың әрқайсысы да бірдей бір қаламгер ғұмырына аздық етпейтін, қай бір тұрғыда ауыр да болар жүк. Ал Ғалиға қарасты айтсақ, ол ірі таланттың бір ғана қыры сияқтанады. Өйткені халық Ормановты ойы сарқылмайтын, қасиеті кемімейтін лирик ақын ретінде таныған да, көбіне сол ыңғайда бағалап әдеттенген болатын. Біз де лирик ақынның өзіміз аңғарған осы тұсына тоқталып қана өттік. Кейінгі өлеңдерінің бірінде ақын:

Үзбестен ой салармын өренге мен,

Өрен ойын жетелер тереңге өлең.

Өзімді ылғи ортада деп білемін,

Өлең барда орнымнан төмендемен, —деп еді. Қазақ поэзиясының ешқашан өз орнынан жылжымас қадау-қадау құзар биіктері көп. Ғали Орманов та — өзі көп жырлаған Талғар шыңындай болып, әдебиет төрінде, беретін ақын.

ЖҮБАН АҒА ЖАЙЫНДА

1

1958 жылдың жазы еді. Аты дүрілдей, атағы жер жара шығып, газет-журнал біткеннің бетін бермей жүрген Өтежан Нұрғалиев Қастек екеумізді Жазушылар одағына, сол ғимараттағы редакцияларға ертіп баратын болып алған. Өзі тым еркін, есікті "теуіп ашып", екпіндей кіреді екен. "Жұлдыз" журналының редакциясында бізді Шәміл Мұхаметжановпен таныстырды. Мен босағадан орын тигеніне де мәз едім. Бөлмедегі таныс-бейтаныстарымның жүзіне жаутаңдай қарап, бетегеден биік, жусаннан аласа күйде жұп-жуас болып отырмын. Олардың күлгені де қызық, жүргені де таң. Сөйтіп тұрғанда бөлмеге екпіндей басып, омырауы кестелі тік жаға жейде киген, келбетті келген бір адам кіріп келді. Бөлмедегілердің бәрі генерал-

ды көрген солдаттай бойларын жиып ала қойды. Бірден таныдым — Жұбан Молдағалиев. Осының алдында ғана бір томдық шағын "Таңдамалысын" сатып алған едім. Соның бірінші бетінде омырауы кестелі тік жаға көйлек киіп түскен, еріндері қалың, келбетті автордың суреті бар болатын. Көңілім қобалжи толқып жүре берді. Бірақ Жұбан ақын бізді кім екен деп қараған да жоқ, елеп-ескерген де жоқ, Шәмілге:

— Анау райком секретары болып істейтін ақынның өлеңдері қайда, Байтуғановтың? — деп бірден шүйлікті.

— Беремін, Жұбақа! — деп Шамқаң жығылып-сүріне беріп еді.

— Әй, осы қылықтарың-ай сендердің, айтқанды айтқан сәтінде орындай салсаңдар қайтеді! — деген қалпы есіктен жіті басып шығып кетті.

Жұбан Молдағалиев ол жылдары қазіргі "Жұлдыз" журналының бас редакторы болатын.

Бес-алты жылдан кейін, енді біз де жас ақын ретінде танылып қалғамыз, сол кездегі әдеби қордың директоры Ахметов ағам: "Сен арыз жаз да, жәрдем ақша сұрап, Жұбанға кір. Ол қолыңды қаға қоймас, сірә!" — деп, арызды өзі маған "диктовайт" етіп жаздырды да, ол кезде Жазушылар одағының екінші хатшысы болып істейтін Жұбақаң кабинетіне итергендей етіп кіргізіп жіберді.

Жұбан ағаның алдына барып, амандық айтып, кім екенімді мәлімдедім де, осы маңдағы демалыс үйінің бірінде демалып жатқанымды, қалта түбі қағылып, көмек сұрай келгенімді білдіріп, арызымды ұстата қойдым.

О кісі арызымды аударып-төңкеріп қарап шықты да:

— Одаққа мүше емес жастарға көп ақша бере алмаймыз, менің әмірім 50-60 сомға ғана жүреді, — деп, арызыма сүйкелете қол қойып берді.

Алдына алғаш барғанымда меселімді қайтармағанына мәз болып мен кеткен едім.

Кейін де әлдеқалай ұшырасып, бірде бас изесіп, бірде жұртпен бірге қол алысып амандасып жүрдік. Бірақ ол кісінің менің кім екенімді жыға танымайтынын аңғарып қалатынымын.

Жетпісішпі жылдардың соңында теледидардан бір өлең оқығаным бар. Ертеңінде Баспочтамтың қасынан Жұбағаң кезіге кетті де, мені танып, жылы жүзбен сәлемдесті. "Сәкен, кеше оқыған өлеңдерің тым тәуір екен, құттықтаймын!" — деп қолымды алды. "Бұл бұрынғы

өлеңдерім еді, газет-журналдарда басылған, көңіл бөліп оқымайсыз-ау" — дегім келіп бір тұрдым да, батпадым.

Көп ұзамай Жұбағаң Қазақстан Жазушылар одағына бірінші хатшы болып сайланды. Кезекті съезд өтерде мәскеулік Виктор Широков деген ақын маған телефон соғып, бір топ өлеңімді "Литературная газета" жариялағалы жатқанын, "соған атақты бір адамға шағын алғысөз жаздырсаң, жақсы болар еді, Жұбан Молдағалиев болса, тіпті қатып кетеді, ол кісімен өзің сөйлессең қайтеді", — дегенді айтты. Мен "жарайды" деп уәде берсем де, әлі уақыт бар шығар деп жүргенде, естен шығарып алыппын. Дәл съезд болатын күні өлеңдерім Жұбағаң алғысөзімен орталық газетте басылып шықты. Жоғарғы Кеңестің мәжіліс залында өтетін съезге қатысу үшін биік баспалдақтарды бойлап көтеріліп келе жатыр едім, алдымнан әлдекімдермен тұрған Жұбағаң ұшыраса кетті. "Сәкен, "Литгазетаға" шығуың құтты болсын. Менің сөзімді сен жазып бердің бе?" — деп сұрады.

Ішім қылп ете қалды да, не де болса деп: "Не, Жұбан аға, маған қимайтын сөздер ме екен, соншама?" — деп қитыға қыңыр сөйледім.

— Жоға, — деді Жұбағаң, — тек өзіме айтқанда, бұдан да жылылау, бұдан да салмақтылау жазар ма едім дегенім ғой, әншейін.

Риза болып қалдым. "Ұялған тек тұрмасқа" бағып, арсалаңдап күле беріппін.

Бір күні о кісіге телефон соқтым. "Бір бұйымтайым болып тұр, қабылдай аласыз ба?" — деп сұрадым. "Тез келе ғой" — деді Жұбағаң.

Абай даңғылы мен Гагарин даңғылының қиылысқан тұсындағы Баспалар үйінен Жазушылар одағына қарай бір ғана 22-автобус жүретін еді. Соны біраз күтіңкіреп қалып, тездеттім-ау деп жүгіре басып, Жазушылар одағына жақындап едім, Жұбағаң машинасына отырғалы жатыр екен. Әдеп дегенді біржолата ысырып тастап, сондайдан қол көтере айғайға басып келем. Жұбағаң мені көріп, сағатына бір қарап алды да: "Әй, Сәкен, тез келе ғой дегенім қайда саған, көп күтіп қалдым ғой, бір шаруамен кетіп бара жатыр едім", — деп кейіс білдірді.

— Ойбай-ау, Жұбан аға-ау, менде сіздікі сияқты ақ машина бар дейсіз бе, қаланың автобусын күтем деп, ол да осылай күткен кезде қырсығып, келмей қалады, — деп асыға сөйлеп, ақталып жаттым.

Жұбағаң күліп, менің қолтығымнан алды да, бұрылып,

кабинетіне қарай бастады. Арнайы барған бұйымтай арыз-мұңымды енді айта бастап едім, үстімізге мен істейтін баспаның бас редакторы Есет Әукебаевтың кіріп-ақ келгені. "Кісі бар" дегенге, "кім" деп сұрасам, өзіміздің Сәкен дегесін. "Е" деп, кіре салдым" — деп қалжыңдайды тек тұрмай.

— Апыр-ай, Есаға-ай, — деймін мен шырылдап, — баспада бастық екеніңізді сәт сайын көрсетіп, сағат сайын білдіріп, еске салып, дігірлеп бітесіз, Жұбақаңа жалынып, бір бес минутқа қабылдауын сұрап, әрең кіріп едім, оны да бұйыртпайын дегеніңіз бе бұл, немене?!

Жұбақаң қарқылдап күліп алды да:

— Есаға, шынында, бізді сәл-пәл оңаша қалдырсаңыз қайтеді, Сәкеннің шаруасы көп болмауы керек, — деп зорлағандай етіп Есағанды шығарып жіберді.

Сол жолы Жұбақаң күле отырып, ортамызға өзі шақырып алған екінші хатшы Қалтай Мұхаметжановты қоса отырып, бар шаруамды бірден бітіріп беріп еді.

Жұбан Молдағалиев бірінші хатшы болып тұрған кезеңде Жазушылар одағы біраз шаруаның басын қайырып жататын.

Жаңа жыл қарсаңында барлық жазушылар ерлі-зайыпты болып әдебиетшілер үйіне жиналатын. Бас қосып, шүйіркелесіп, мәре-сәре қауқылдасып, қаужандасып қалатынбыз. 8-Март мерекесі қарсаңында әйелдерімізге: "Қаласаңыз, еріңізді де ерте келуге болады!" — деген әзіл аралас арнайы шақыру жіберіп, кіре берісте олардың құшағын гүлге толтыра мәз ететіні де есте жүр.

Осының бәрі бір қарағанда соншалық әңгіме етуге тұрарлық та дүние болып көрінбеуі мүмкін. Сөйте тұра, әйел жолдастардың әлі күнге дейін айтып жүрулеріне қарағанда аса нәтижесіз де болмаған сияқты. Жұбақаң сондай-ақ облыс-облыстардағы қазақ әдебиетінің күндерін өткізіп те, бәріміздің ел танып, жер көруімізге кеңірек жол ашып еді. Сондай бір сапармен 30-40 жазушы Маңғыстау өңіріне барып, апта бойы алыс-алыс ауылдарды аралағанмызды да ұмытпа қойған жоқпын. Әрқайсысымызға облыстың бір мекемесінің басшысын дербес көлігімен бекітіп беріп, шын мәніндегі ықылас пен құрметке бөленгеніміз қалай ғана естен шыға қойсын. "Семіздікті қой ғана көтереді" дегендей, халықтың сол құрметіне танау шүйіріп, шолжандық көрсеткен әріптестеріміз де болып еді-ау, не керек!

Ақтау қаласындағы кешкі бір дәм үстіндегі отыры-

ста темекі шексек деп елден бұрын орнымыздан жиі-жиі көтеріле берген ақын Сағи Жиенбаев екеумізге үзілісте қатты кейіп:

— Осының бәрі сендер үшін жасалып жатыр ғой, қопандамай, отыра тұрмайсыңдар ма! — деп бұрқылдай ұрсып тастағанын да ұмытпақ емеспін.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, сондағы "қанды қол" Колбиннің алдында қасқайып тұрып қас батыр қаһарманның сөзін айтқан Жұбан Молдағалиевтің ерекше әрекеті жайлы мың сан айтылып та, жазылып та жүр. Ол жиынға мен де қатысып, ақынның ірі сөзіне сүйсінген едім. Қолын алуға жұрт арасымен сығылысып жете алмай, үйге келіп құттықтап телефон соққаным бар. Біреулер Колбинмен жанасып, біреулер қасына отыруға таласып жатқанда, жалғыз өзі ғана бәріміздің ішіміздегі қыпқызыл оттай қайнаған ыза-кекті ақ жалындай етіп ақтарып беріп еді-ау ағамыз. Кейін ғой, бәріміз де батыр, бәріміз де батыл болып, "өйттік те бүйттік" дейтініміз. Ал сол бір желтоқсанның ызғарлы соңғы күндерінде Жұбан ақын шын мәнінде артына жалтақтап қарамай, басын бәйгеге тіге отырып, ұлттың ары, жұрттың намысы үшін омырауын отқа төсеген жалғыз жалаңтөс батыр болып көрініп еді маған.

Поляк тілінде қазақ поэзиясының антологиясы шықпақ болды да, соны құрастыру маған тапсырылған. "Жазушы" баспасында бас редактордың орынбасары едім. "Орыс, қазақ тілдерінде 300-400 жол өлең беріңіз", — деп үлкенкіші ақындардың бәрімен хабарластым. Жұбақан ауруханада жатыр екен. Бір парақ қағазға хат жазып, кітаптарын жіберіпті. "Сәкен қарағым, осының ішінен өзің таңдап аларсың", — депті хатында. Бұл сеніміне де риза болып, бір топ өлеңін таңдап алып едім. Бірақ Польша елі де аяқ асты аласапыранға ұшырап, ол кітап ақыры жарыққа шықпай қала берген болатын.

... "Жұбақан қайтыс болыпты" деген хабар кейінгі біз сияқты інілері үшін төбеден жай түскенмен бірдей әсер етіп еді. Отыра қалып, сол сәттегі көңіл-күй сезімді қағаз бетіне түсіріп, "Қазақ әдебиетіне" бастырдым. Біраз жігіттер телефон соғып: "Бәріміздің ойымыздағыны айтыпсың!" — дегендері бүгінгідей есімде.

Жаратылыстан текті Жұбан аға бейнесі теледидардан көрінсе де, сырт тұлғасы, қимыл-қозғалысының бәріне үйшіміз болып сүйсініп, риза болып отыратынбыз! Соны да сағынасың кейде!

2

Шын жақсының қазасы қашан болсын жан дүниенді түгел езе тебіrentіп, қабырғаңды қайыстырып-ақ жіберетіні бар-ау. Мұндайда күнделікті қым-қуат тірліктен де біржола түңіліп кетердей боласың...

Олазаматтың өзін соншалық жыға танымауың да мүмкін...

Аралас-құралас болмаған алыс ағайын ғана шығарсың...

Қатпар-қатпар көп қырының біреуіне ғана енді-енді бойлап, енді ғана байқап, кісілік құнын жаңа ғана пайымдай бастауың да мүмкін...

Жұбан аға, ақын Жұбан дүниеден өткенде көкірегім тұтас күңірене, күйзеле күйрей отырып, іштей ғана иманды болсын айтқан көп інісінің біреуі мен едім.

Сол азалы шақта алқымға тығылған ащы өксік аралас сөзімді қағазға түсіріп, "Қазақ әдебиеті" газеті арқылы ақын оқырмандарына амалсыз көңіл айтқаным да бар-ды.

Сол күндері жолыққан үлкенді-кішілі жігіттердің біразы: "Ағамыз жайлы бәріміздің аузымыздағы сөзді айтыпсың", — дескен де болатын.

Оңаша отырып бар болғаны екі-ақ рет ауызба-ауыз әңгімелескен, көзі тірісінде бір рет қана сапарлас болуға жазған, телефонмен жалғыз рет тілдескен, қолымда емханада жатып өзіме жолдаған бір жапырақ сәлем хаты ғана бар Жұбан Молдағалиев бейнесі маған неге ыстық болды соншама? Айналып соғып, азаматтығын айрықша ілтипатпен еске ала беруімнің себебі неде?

Қазақта ақын аз болмаған, әлі де бар. Творчестволық қауқар-қуаты, талант-табиғаты, дарын деңгейі жағынан Жұбаннан гөрі мойны озық тұстастары да, тетелестері де барын айтуға борыштымыз. Бірақ олардың бәрі бірдей Жұбан емес. Тек мөлдіретіп, төгіліп, жігі білінбес кестедей келісіммен жақсы өлең, жақсы дастан жазып қана, еңбегіне орай, соның игілігін көріп қана қатарымызда жүре берсе, Жұбан ақын да біз таныған, шетімізден құрметтей қадір тұтқан Жұбан Молдағалиев болмаған болар еді.

Ақын атын иемденген әр адамнан өз басым ылғи ғана азамат-қайраткер тұлғасын қатар көргім келетіні бар. Бір ғана өлең емес, азаматтық тағы бір жүкті, әрине, екінің бірі көтере бермейтін ауыр жүкті қоса арқалай жүрмесе — ол өзімшіл талант. Құдай берген бар күш-жігерін, арыны мен дарынын, бісмілдадан басталған барша білімін ел-жұрты үшін түгел жұмсағанда ғана айналасына абыройлы аза-

мат, арқалы ақын аталып, біртуар тұлға ретінде халқының ыстық ықыласына бөленбек.

Қалғып-мүлгуді білмейтін, әрдайым көңілі сергек, көкірегі ояу жүретін Жұбан ағаны өзім жұрты үшін жаралған сондай тыңтұяқ ақын санауым да сондықтан шығар деп ойлаймын: Ақындық пен азаматтықтың өзі де ара-жігі ажырамас егіз ұғым екенін Жұбан өнегесінен, Жұбан тәлімінен танығам. Жұбан Молдағалиев атына "ақын" сөзін қосқанда, астарында бұдан да гөрі молдау мағына жатқанын аңғаратынымын.

Әрине, біреуді біреуге шағыстырып, өліні тіріге қарсы қояйын деген ниетім жоқтығы белгілі. Өйткені күнгей жақты көбірек қуалап, кісікіік құба тірлік кешіп жүрмесе де, көп қақ-соқпен жұмысы жоқ, арпалыс-күреспен әлек болып жатпайтын, әділет іздеп, әлі келмес әбілетпен тек тұтас творчествосы арқылы ғана шайнасып, шайқасып өтетін, көкіректі езген қыжылдан күйініп, ашынып, асығып жүріп, өзін-өзі іштей мүжіп, қажап, біржола жанын жеп тауысатын да ірі таланттар болады. Олар да ел есінде жүреді. Өнегесі өлмейді.

Жұбан үлгісі бұл айтқаннан да бөлектеу. Жұбан үлгісінен творчестволық қана емес, тірлік белсенділігін, қайраткер, күрескер келбетін көре алар едік.

Шыншыл шайырдың шығармалары да әрдайым өзіне ұқсап тұрады деп жатады жұрт. Дұрыс та болуы керек. Ал онда "Өзің алма, сөзін ал" дейтін қағида қайдан шықты? Менің Жұбан ақынға деген інілік ізетке толы махаббатым да сөзін оқудан басталған болатын.

Алдағы күнге асқақ үмітпен ғана қарап дағдыланған, газет бетінде оқта-текте жарқ етіп көрінген өлең-жырларымыздың өзіне төбеміз көкке жете қуанып, тұшымды жыр оқысақ, қыз құшқандай құшырлана мәз болатын сонау бір ботатірсек бозбала шақта қолыма Жұбан Молдағалиевтің алғашқы бір томдық "Таңдамалысы" түскен болатын. Көркем безендірілген кітапты ашып оқи бастағам. Кітаптың ішкі бетін ашқанда, көзіме бірден түскен ақын суретіне қайталап қарағам. Сол кездің сәніне (модасына) орай, хохолдардың қисық жағалы көйлегіне ұқсас кестелі жұрын салынған жарасымды ақ жейде киген, екі көзінде ықылас-мейір, қайсарлық-қажыр қатар ұялаған, ерінді, мұрынды келген жайсаң жігіттің ажары баурай тартып ала берді. Мұндай келбет дарыған адам әркім бір айта беретін арзан сөзге аяқ баспаса керек деп тұжырым жасағам. Осы арада жақша ішінде әдейі айта

кететін бір нәрсе, мен сол сенімнен, Жұбанның өзіне де, сөзіне де сүйсінуден айныған емеспін, тірісінде ара-тұра теледидардан көргенде үй-ішіміз болып қошеметтеп, ал оның творчестволық талантына баға беруде сыңаржақ пікір білдірген кейбір тұрғыластарыммен қызыл кеңірдек болып таласып та қалып жүрдім.

Кейін аңғарсам, Жұбан Молдағалиев "әуіп" деп атқа қонғаннан бері іс басында жүріпті. Кейінгі жылдарға дейін жазушы жұрттын жұмылдыртып ұстайтын шылбырдың бір ұшы сол кісінің қолында болған екен. Ел билеп, жұрт басқаруға келгенде, төрт аяғы бірдей түсер жорғаның еріксіз ебедейсіздік танытып, орашалақтық көрсетіп жататыны бар. Жұрттың басын қосып, шашыратпай, шамдандырмай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып басқарудың орнына, ұйымдастырушылық, ұстамдылығы жетпей, ағайынды атыстырыш, шабыстырып, айқаймен алмақ болып, беделінің берекесін кетіріп бітетіндерді де көргенбіз, көріп те келеміз. Жұбан басқарған бірер жылдар Жазушылар одағы тілеулес, мұңдас-сырлас, пікірлестер бас қосатын ұядай ыстық мекенге айнала бастап еді. Кім айтқанын білмеймін, бір жерден оқығаным бар, жұрттың бәріне жағу үшін ең құрығанда зәндемі жауыз, не алаяқ болуың керек екен. Жұбан да сол тұста біреуге жағып, біреуге жақпаған шығар. Бірақ әзірге рушылдығы да, бұрушылдығы да құрып біте қоймаған біздің жазушы ағайындардың үлкен-кіші көпшілігі ол кісіге разы болғанын айтып жүр. Мақсат біреу болғанымен, жұмыс стилі әркімде әртүрлі болады ғой, Жұбақаң шікірейіп сіресіп қалған әдебиет шенеуніктеріне ұқсамай, жазушылар үйін ықылас, ынтымақ орталығыша айналдыруға тырысты. Кейбір ірі мерекелерде ол үйде жазушылар балашағасымен бас қосып, әңгіме-дүкен құрып, аралас-құралас жүру де сол кезде басталып, сол кезбен тәмамдалғанын кім өтірік дей алады?

Сол бір жылғы облыс-облыста қазақ әдебиеті күндерін өткізу дағдыға айналып еді Елмен етене танысудың, әдебиетті насихаттаудың, оның көрнекті өкілдерімен қалың жұртшылықты жүзбе-жүз жақын таныстырып отырудың бұл да бір ғанибет тиімді жолы сияқты еді. Сондай күндердің бірі көне Маңғыстау жерінде өтті де, құрамында марқұм Лияс Есенберлин, бүтінгі Әбдіжәміл Нұрпейісовтер бар өңкей бір қазақ әдебиетінің ығайы мен сығайы отыз-қырық адамды өзі басқарып барған. Менің ұғымымда қашан болсын өзі тұрғыластардан еңсесі

алып, кеудесі биік тұратын ақын аға беделінің ел ішінде де құрметті екеніне сонда көзім жете түсіп еді.

Сол сапарда Жұбан ақынға, сол кісі арқылы, сол кісінің арқасында қалған бәрімізге, қала берді күллі қазақ әдебиетіне деген ел құрметін, облыс басшысынан жасөспірім баласына дейінгі шын ықылас, таусылмас пейілді көріп, бәріміз де разы болған едік. Қазір әдебиетті насихаттаудың сол түрі сиырқұймышақтанып барып, біржола құрдымға кеткеніне қинала қарайсың.

Жұбан ағамыздың кім екенін анық аңғартқан, азаматтық тұлғасын биіктете түскен тұс 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына орай келіп еді. Сол жылдың ең ақырғы күнінде Қазақстан жазушылар одағында республика партия ұйымының сол кезгі басшысы Г.В.Колбин интеллигенция өкілдерімен кездесу өткізген болатын. Ішімізді ащы өксік аралас ыза кернеп тұрса да, бірімізге сөз тимеді, сөз тиген енді біріміз күйгелектей күмілжіп, Колбинге көпшік қоя сөйлеп: "Қазақ халқына Құдайдың өзі әкеп бере салған мейірімді жалғыз басшысы сен болдың", — деп, кездейсоқ келген кезекті "көсемнің" аузын жалауға таласып жатқанда, баяғының қас батырына ұқсап, қасқайып тұрып шындықты айтқан, шымбайға батыра шырылдап тұрып айтқан жалғыз Жұбан Молдағалиев болып еді. Ойы толып, бойы жетіліп болмаған өрімдей жас қыз-жігіттерді өкпеге теуіп, өлімші ете қуып сабаған, солдат етігімен таптатып, үрейін ұшырғандарға қарғыс айтқандай: "Мұны көргенше, кешегі қанды соғыс кезінде оққа ұшып өлгенім артық еді", — дей тұрып, ердің аузымен елдің сөзін, ағаның, азаматтың өзін айтып еді. Жиын соңында жұрт арасымен сығылысып барып, ризалықпен қолын алмақ едім, жете алмадым, ақын жүзі әлі де алабұртып, ішкі солығы басылмай, күйіп кетердей болып қиналып тұрғанын байқап едім.

Сол сөзі кейіннен "Парасат" журналына да жарияланды. Бұрын құлағы шалғандар енді өздері оқып шықсын деп, әдейі жариялаған журнал қызметкерлеріне де мың алғыс! Сөзбұйдаға сала бермей, жедел қолға алып, ақын жайлы естелік кітабын шығарсақ деген мына бір жақсы ниетке де разылығымды айтар едім. Үлкен-кіші ағайынның өтелмей жүрген үлкен бір парызы да осы еді.

Оның өзінен кейінгі ізбасарларына әдеби тұрғыдан да, адамдық тұрғыдан да жасаған ізгі қамқорлық-кісілігі жайлы елден естігеніміз де, өзіміз аңғарған пайымдауларымыз да аз емес.

Бұл Жұбан ақын өмірінің біз таныған негізгі бір қыры ғана. Ендігі бір қырын ақын творчествосымен таныса келе аңғарар едің. Әрине, мен Жұбан еңбегін зерттеуші емеспін. Бірақ Абайдан бастап, өзіме замандас қаламгерлерге дейін оқтын-оқтын оралып соғып, қайталап оқып отыратын ақындарым бар. Сонда байқағаным — Жұбан “тисе терекке, тимесе — бұтаққа” деп сықпыртып жаза беретін, шығармаларының барар жері — бағдары жоқ ақындар сияқты емес, ең алдымен, өз сөзін кімге арнап отырғанын, не үшін қалам алып отырғанын анық біліп барып қана ақ қағазға үңілетін тәрізденеді. Содан да барып оның әр кезеңде жарық көрген шығармалары сол тұсқа орай белгілі бір ойға жетелеп, пікір таласын туғызып, ешкімді енжар қалдырмай, ел ішіне тез тарап отырыпты.

Осыдан жарты ғасырға жуық бұрын жарық көрген “Жыр туралы жыр” дастанын-ақ алып қараңыз. Мұса Жәлил былай да елге танылуы әбден мүмкін еді ғой. Тар қапаста отырып, қайсар да қажырлы жырларын жауға қарсы оқ қып атқан азамат ақынның Моабит түрмесіндегі ауыр да азапты күндері өз шығармалары арқылы да жұрт құлағына жетуі мүмкін еді. Бірақ “Жыр туралы жыр” сол процесті тездете түсті. От шарпыған ыстық дем, жалынды леппен жазылған жыр “құлақтан кіріп бойды алып”, оқырманына бірден жетті де, қазақ елінде Мұса Жәлил есімі жұлдыздай жарқырап шыға келді.

Кезінде ұлтымыздың кім екенін айтуға аузымыз әрең барып, қазақ жерінде өтетін мереке-мейрамның өзін “Орыс қысы” деп атап жүрген абыройсыздау күндерде Жұбан ақын “Мен — қазақпын” поэмасын жазған болатын. Поэма ауыздан ауызға тарап, саңқылдап сахнаға да шықты, орыс тіліне де, басқа тілдерге де аударылды. Ақынның өзін ғана емес, ұлтын да, ұлттық әдебиетін де аспандата бір көтеріп тастаған бұл поэма әлі күнге дейін сол алғашқы жарияланған жылдардағыдай оқылады. Әрине, дәл бүтін жазылса, бұл поэманың әсері басқаша болар еді, оның құндылығы да, әсіресе, әлгі айтқандай, “қазақ” сөзін үркіп айтуға дағдыланған ұр да жық кезеңде тұрғандығында болып тұр. “Мына жерін бүйтсе болар еді” дейтіні жоқ, поэма бір дем, бір лепрен көктен құйыла салғандай тәкаппар, тау көкірек қалпында оқыған сайын құшырынды қандырады да отырады.

*Әлдекімдер жүрегі сіркелеген,
Ұлт атына уларын бүрке берген.*

*Көргенсіздік, пасықтық, нағандығын
"Қазақшылық" дегенмен бүркелеген.*

*Жо-жоқ, маған ондайды жапсырмасын,
Еңкеймейді ездікке тақсыр басым.*

*Жаным аға қараңғы қалтарыстан,
Менен тапқан ағалдық ақ сырласын.*

Жұбан Молдағалиевтің "Мен — қазақпын" поэмасының кездейсоқ бір бетін ашып қалып, осы жолдарға тап болдым. Ақын поэзиясына, поэманың ұзақ жасар идеясына дәлел бола кетті бұл шумақтар. Ақын абыройын да, міне, осы тұстан іздеу керек.

Біздің әдебиетте бұл Ілияс салған қасқа жол — дастаншылық дәстүр. Жұбан творчествосынан ләйім эпика лебі есіп тұрады. Кейбір қысқа қайырған шағын шығармаларының өзінде эпика тынысы айқын сезіліп жатады. Ақынды асқар биікке шығарған да осы жанр Кейінгі "Қыран дала", "Сел", "Байқоңыр баспалдақтары" оқырман тарапынан да, мемлекеттік тұрғыдан да өзінің лайықты бағасын алған шығармалар. Оларға арнайы тоқталып жатқым келмеді.

Кім біледі, Жұбан ағаның жырдан жырақтап, қаламсыз жүрген кездері болған шығар, бірақ елін ойламай, жұртының қамын жемей, алаңсыз жүрген күндері бола қоймағанына көзім жетті. Бұл да оны биіктете түсетін қасиеттерінің бірі.

Жұбан ақынның әр шығармасы бір-бір ғылыми еңбекке арқау болуға жарарлық. Жазылып та жатыр, әлі жазыла берер. Біз оларды талдап, өреміз жете бермес жерлерге ұмтылып, бекерге тыраштана беруді артық санадық та, өзіміз анық білетін тұстарына ғана тоқталып өткен болдық. Одан ақын беделі кеми қоймасы белгілі.

3

Жұбан Молдағалиев жайында әртүрлі жағдайға байланысты әр тұста қағазға түсіп, өз кезінде газет беттерінде жарық көрген бұл екі естелік-мақала бірін бірі қайталап, бірін бірі толықтырып тұрғандай көрінді. Мен бірақ бүгінгі күн талабына орай қайтадан қарап, өндеп, жөндеп отыруды артық әурешілік санадым. Өйткені уақыт өтіп, заман да, адам да өзгере берер, бірақ Абай айтқан "Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе, бір сөзінде тұрса екен жанса, күйсе" деген қағиданы қазық етіл ұстамақ болсақ, аға ақынға деген көңілдің сол баяғы қалпында екенін

білдіре кету үшін де ешбір сөзін өзгертіп жатқым келмеді. Бұл менің жалқаулығымнан емес екенін жанашыр қауым түсіне жатар. Әйтеуір оқырман талабынан шықса болғаны ғой деп ұйғардым.

ХАЛҚЫНЫҢ ҚАДЫРЫ

(Қадыр Мырза Әлидің 60 жылдығына орай)

Алпысқа толып отырған айтулы тойы үстінде Қадекеңе арнап жылы бір жүрек сөзін айтқым-ақ келіп еді. Біраз қырын білем ғой, сырына да қанық шығармын деп ойлағам. Бірге туып, біте қайнаспасақ та, екі күннің бірінде кездесіп жүргенбіз, көп-көп әңгіме-сұхбат та құрғанбыз. Қырық жыл бойына жазғандарының бәрін қалт жібермей оқып, оқып қана емес, көп сөзін көңілге тоқып та жүрген құрбыластарының бірімін, тұрғылас інімін.

Әйтсе де, "әншейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппастың" кебін киіп, жөпелдемеде аузыма жөнді сөз түспей және қиналып отырған жайым бар.

Шынында Қадыр Мырза Әли туралы не айтуға болады өзі? Айтылмаған, жазылмаған қандай сөз қалды? Оның үстіне, бүгінгідей мерейтой үстінде үлкен-кіші деместен қаламдастарының бәрі де оған деген жүрекжарды ыстық сөздерін айтып, ықылас-пейіл білдіріп жатқан кезде. Жарасқан ініміздің кезінде Ғафу ағасына қарата айтқан әзілін Қадекеңе орай қолданар болсақ, қазір "радионы басып қалсаң да, теледидарды ашып қалсаң да Қадекең" болып тұрғанда, мен айтар түк қалмағандай көрінеді екен.

Көп дүрмегіне ілесіп, құр мақтау, құрғақ марапаттау Қадырға қажет бола да қоймас, бүкіл шығармашылық жолына шолу жасауды мақсат тұтқан зерттеуші не баяндамашы да емеспін. Ендеше, не деуім керек?

Ақындығын айтпақпын ба? Оны жұрттың бәрі біледі. Қазір Қадырдан танымал, Қадырдан көп оқылатын ақын, әй, білмеймін, бұл қазақ ішінде кем де кем шығар-ау. Сонау алғашқы қылдырықтай-қылдырықтай "Көктем", "Жаңғалақтардан" бастап, қазіргі молыққан, толыққан том-том қалың қарын кітаптарына дейін түгелдей ел-жұрттың қолында. Ұл-қыз демей, қазақтың бәрі ақынның өзін де, орнықты сөзін де жақсы көріп түсініп, жалықпай оқып, жаппай жаттап келеді.

Жаттау дегеннен шығады, осы қазір менің алдым-да Қадыр Мырзалиевтің бір де бір кітабы не ол жайын-

да анықтама материал жоқ. Бірақ ойда қалған үзінділері, жеке шумақ, жекелеген жолдары менмұндалап әр тұстан бой көрсетіп алдымнан шыға келеді, қайта жаңғырып еске түсе береді.

Осыдан қырық жылға жуық бұрын ауыл мектебінде бала оқытқаным бар еді. Сонда оқулықтан тыс болса да, өзім білетін ақын-жазушылар шығармаларын сабақ арасына сыналап кіргізіп, ұғындырып, шәкірттеріме түсіндіріп жүретінмін. Қадырдың балаларға арналып жазылған ит жөніндегі бір өлеңіндегі:

*Білмеймін бұрыс кім, дұрыс кім,
Әйтеуір, мен итке итсің деп ұрыстым,*

дейтін жолдарына мәз бола күліп, әрі қарай мәнерлеп оқып беретін едім. "Күрес" деп аталатын өлеңін балалар тіпті сахнаға лайықтап:

— Бәсе, бәсе, о мықтым!

— Қақ түбінен тобықтың! — деп белдесе жүріп кезектесіп айтатын. Өлеңдерін сол кезде жаттап өскен, жетесіне құйып алған әлгі балалар Қадыр есімін өлсе есінен шығарар ма. Оған осы ауыл-қаладағы қандай бір ірілі-уақ басқосуларда "Ақын Қадыр айтқандай..." деп мысалдар келтіріп жатқан сан алуан әңгіменің де күні бүгінге дейін күәсі болып келе жатырмыз. Балалар ақыны ретінде кемеліне келіп толып-пісіп алып, әйгілі "Дала дидары", "Бұл-бұл бағынан" кейін оқырманы ең көп озық ақынға айналған да осы Қадыр Мырза Әли болатын. Ендеше, оның ақындығы жайлы айтам деп ауыз ауыртып жатудың өзі басы артық шаруа, бос әурешілік сияқты болып көрінеді де тұрады маған.

Қадырдың атақ-даңқы туралы сөз етуіміз керек пе?

Бұл күнде аты Алашты аралап кеткен Қадыр Мырза Әлидің атағына да, даңқына да жұрт әбден қанық. Советтік Қазақстанда бар атақ пен сыйдың қандайынан болса да Қадыр құралақан қалып көрген жоқ еді. Өз күрдасы Тұманбай Молдағалиев екеуі қатарласа сілтесіп жүріп, бір үйдің егіз екі баласындай жарыса жүріп, ақын-жазушыларға берілетін сыйлықтардың бәрін де иемденген. О жағына да бұл екеуі әбден үйреніп алған. Қадыр сыйлық алса — Тұманбайды, Тұманбай алса — Қадырды іздейтін болған. Біріне тиген сыйлық екіншісіне тимесе, өкпелеп қалатындай көрініп, бәйгеден екеуінің атының қатар келетініне етіміз әбден үйреніп алған. Қадыр Мырза Әли Республика Парламентіне екі дүркін депутат болып сайланды. Тұманбай да бірер ұмтылып барып, бұл жағынан аты озбасын білді ме, түрікке барып Физули сыйлығын жеке өзі иемденіп қайтқан болатын.

Бүгінде екеуі жасы алпысқа қатар келіп, тағы да қатарласа тойлап жатыр. Бұл жағынан да екеуі жарасымды бәсекеге түскендей. "Нысап сайын береке" дегенді ескерсек, атқарған қызметі мен тыңдырған жұмысына лайық құрметпен, қошеметпен де Қадыр әзір алдына жан салмай келеді.

Қадырдың шығармашылық шеберлігін айтсам ба?

Шебер болмаса, әр сөзі, әр кітабы жұрт аузында жүрер ме еді! Оның үстіне, өз басым әдеби шаруада Қадырдан асқан рационалисті ақынды көрген емеспін. Әр кітабы алдын ала ойластырылған мөлшермен бүге-шігесі, бұрышы мен қуысына дейін миллиметрлік дәлдікпен өлшеніп, қиюы келісіп, жымдаса жарасып шыға келеді. Бұл жағынан Қадыр маған ұзақ жылдар бойына жалықпай, жатпай-тұрмай, белгілі бір келісті қала құрылысын аяқтауға арналған сәулетші сияқтанады. Бір үйді көркем етіп әркім-ақ тұрғыза алуы мүмкін. Ал біреуі биік, біреуі аласа демесең, біреуі ауқымды, біреуінің ауқымы тар демесең, шетінен келісімі келіскен біркелкі сәнді үйлерден тұратын шаһар салып шығу бір сәулетшінің маңдайына дара бұйырар-ақ бақ бола қоймас еді.

Қадыр шығармаларының ұзын ырғасына ой жібере отырып, өнердегі осындай озық үлгісін еріксіз мойындауға тура келеді. Талантты ақын не жазса да, иін қандыра жақсы жазады ғой. Қадыр қолынан шыққан сын кітабы да, пьесалары мен ән текстері де әлгі қалалық құрылыстың кемшін жерін толтырып, үйлесімді болып шығуына ерекше рең бере түсу үшін үйлестірілген айшықты жиһазға ұқсап тұратыны да сол талант, сол шашаусыз, ысырал-шығынсыз пайдаланылған дарын қуатының арқасы деп білем.

Кісілік қасиеті жөнінде әңгімелеймін бе?

Ісі мен қылығы қабыспай жататын қаламгерлер де көптеп табылады. Ал Қадырға қарап ақындық пен азаматтықтың, азаматтық пен адамгершіліктің аражігін ажырату қиын. Өзгені білмеймін, өз басым Қадыр ақынның әдеби ортада жиі болып тұратын дау-дамайға араласып, әріптестерімен қызыл өңеш айтыс-тартысқа барғанын немесе біреудің сойылын соғам деп солақай тартып, солқылдақтыққа басқанын көрген емеспін. Бұл күнде ұтымды әзіл, ұрымтал тұстағы талқыр айтқыштығының өзі аңызға қарай ойыса бастаған ақынның бұл да бір өзгеде жоқ сирек жақсы қыры ма деп танымын.

Басқалар да біле жүрсін, Қадырдың әділ айтылған пікірге, достық ниетке тоқтай білер мінезінің де барлығын

айта кетсем деп отырмын. Әйгілі “Күміс қоңырау” кітабы толықтырылып қайта бастырылып шығатын болды да, пікір жазу үшін қолжазбаны баспа маған тапсырды. Кемел бол, қанша жерден кемеңгер бол, қалам ұстаған адамда кемшілік кетпей тұра ма. Қолжазбаны оқи отырып, осы тұсы олқы жатыр-ау деген жеріне көбірек шұқшиып, отыз-қырық ескертпе жасағаным есімде. Менікі де әсіре білгіштіктен емес, жақсы дүние одан ары жарқырай түссе екен деген ізгі ниеттен туған достық ықылас еді. Соны Қадекең дұрыс түсінді. Басқа біреу болса, шамданып, жалған намысқа басып, ерін бауырына ала тулар ма еді. Қадекең өйткен жоқ, әлгі пікірлердің бәрімен санасып, қайта қарап, шығармасын өңдеп, жөндеп барып, қолжазбасын баспаға ұсынды.

БОЗАЛА ТАҢНЫҢ БОЗТОРҒАЙЫ (Есенбай Дүйсенбаев шығармашылығы)

Есенбай есімді ақын барын бұл күнде иісі қазақ біледі десем, ешқандай артық болмас еді, ал жыр құмар жұрттың жөні бір бөлек қой. Өйткені жыр құмар жұрт та кәнігі құсбегі (птицелов), яғни баяғының мергендері сияқты емес пе?! Ит тұмсығы өтпейтін ну орманға кіре бергенде алдыңнан жүздеген әсем дауысты әнші құстар қарсы алар еді де, тек әккі, кәнігі құсбегі ғана сайрап тұрған қай құс екенін жазбай танитын, қателеспей ажыратар еді. Есенбай қолтаңбасын да жыр дауысты хор ішінен бірден танып алады жұрт.

*... Сәуір келген сәріге
Сылқым, күміс сыңғырлы,
Бастап кетті бөрі ге
Жалпыға ортақ бір жырды.*

*... Жастық шағы өткенде
Күрсінетін жыршыдай,
Сондықтан, Күн, көктемде
Күркірейсің тыншымай,* — деп сыңғырлай білетін Есенбай, бұдан әрі кілең осы көктем, гүл, бозала таң, бозторғай әуенімен әспеттеп, біркелкі шуақты, жылы, көктем лебіндеі ырғақты жырлардан түзіпті. Жусаны жұпар атқан, бұлағы күліп, бөрісі ұлып, бақасы құрылдап, бозторғай шырылдап жатқан тума даланың тұнық әлеміне кезігесің.

*Қарлы қыстың қойнында жаз жаралып,
Сәуірлерде сәулелі саздар ағып
Табиғаттың келегі көктемдерін*

Қаңқылдаған қанатты қаздар алып, — деген сәулелі, нұрлы шумақтар сенің де көңіліңе шуағын төгіп, кеудеңе көктем орната бастайды, өз көкірегіңде де әлдебір құстардың сайрап ала жөнелгенін аңғарасың. Шынайы, шыншыл, назды, сазды поэзия деп өзім осыны айтар едім. Көр-жөрді тізіп көне аңызды қайта жырлап, ұйқастырып әңгіме жазып та абырой тауып жүргендер бар, оның қасында:

Жетпейін я жетейін, —

Өкпем бір өшіп қалғанша

Құмай боп қуып өтейін! — дегендер түгін тартсаң майы шығып тұрған текті сөз, асыл поэзия емес пе!..

Дүние неткен жарық-ты,

Сағымнан азат сай-шыңдар.

Саф таза осы қалыпты

Сақтайтын мәңгі қайсың бар?! — деген шумаққа тәнті болмай көр. Сезім де, ой да өзінде, селкеуі жоқ жолдар ғой.

Шынында да ағынан жарыла:

Бұл жүрек арманы мол, жыр-әні көп,

Ойламан мәңгі соғып тұрады деп.

Өртеген өзегімді өлең үшін

Дүниеге келгенмін мен бір-ақ рет, — деп ақынның өзі айтып отырғандай нағыз өлең елінен өлең үшін келген бірен-саран ақындардың жырын оқып, мен өзім де шабыттана түсіп отырам. Өйткені, өзек жарып шыққан мұндай өлеңдер көкірегіңде оты бар адамның көңілін желпімеу, үрлеп, түртіп, қоздыра маздатпауы әсте мүмкін емес. Шын поэзияның асыл қасиетінің бірі де осы екенін аңғарам. Әйтпесе, "әй, пәлі, дұрыс қой" дегізіп қана қоятын, жаны болса да, қыздырар қызулы қаны жоқ, дәні болса да, жалт қаратар нәрі, есте қалар дәмі жоқ өлеңдердің мың санын кездестіріп те, оқыған болып та жүрміз ғой.

Ондайға қосыла кеудеңнен құс ұшырмайсың. Елікпейсің, демікпейсің. Бас шұлғып, "осылай шығар" дейсің де қоясың.

Арманым қандай мол еді,

Ойым да онға бөледі.

Барлығын құйттай жүрекке

Сыйғызып кеткім келеді, —

деген жолдар еріксіз елең еткізіп, сенің де делебенді қоздырып, бір іздете бастайтыны ақиқат емес пе? Ендеше бұл өлеңге неге қол соқпайық?! Өйтпесек қазақ жырына көпе-көрнеу қиянат болмай ма?

Ақын ауылы, өскен орта, тай-құлындай тебіскен құрбы-құрдасы, қиянат көрсеткен ұр да жық дойырлар, өз етіне тиген сойылдар, жәутендеген жетімек көз бен жетілген шақ, аяулы әже, өз достар — бәрі-бәрі көз алдыңнан өтіп, көлбеңдей түсіп көрініп барып, кейде жылымшы сезім астында көміліп қалып жатады.

*Кимесек те біз көк сауып,
Көз ілмей өтті не түндер.
Жигелі сайда шөп шауып,
Жорықта жүргік жетімдер.*

*... Сыпа бір белден боратып,
Сыпыра сәуле томаға, —
Сыпыра бізгі оятып,
Сықпыртушы егі сол аға.*

Бұл соғыстан кейінгі ауылдың бәрімізге таныс қаракеті. Таң атпай жылы төсектен жұлып алып, құла бестісін борбайлай жүріп, жұмысқа айдап салатын мазасыз бригадир бәрімізге таныс. Менің де дәл осы тақырыптас "Бригадир" дейтін өлеңім болған. Идеясы да осы еді. Есенбай оны оқыды ма, оқымады ма, білмеймін, бірақ көркемдігі бұл өлеңнен артық емес еді, кітаптарыма кірмеген. Газетте басылған күйі қала берген көне жырлардың бірі ғана.

Балалық дәуір сағынышы сыңсыған бір тәтті әуен, әдемі шуақты армандай үлбіреп алып, өмірі көкейіңнен кетпейтін балалықтың балдәурен шаттық шағы жайлы өзекжарды жырлар осылай бір түйіндесе тұрады да, енді ержеткен, есейген Есенбай жанары алысты шолып, көкжиегі кеңейіп, әкелер өткен ізге, солардан қалған сүрлеу-соқпаққа үңіліп, содан сыр түйіп, алыс-жақынмен сырласа бастайды. Бұл реттегі жырлары да әйтеуір елден қалмауды ниет етпей, өзінше түйін, өзінше байлам іздеп, тың тұжырымдар жасаудың жақсы мысалдары бола алады екен.

*Торғын түнде құшағыма толды өлең,
Әр тасыңа амандасып, қол берем.
Қасиетті Ленинград, келдім мен*

Қалдайбектен шығып жатқан жолменен, — деп Ленинград құрсауы, өмір мен өлім, ажал мен адам жайында көнекөз қарттарша майпаздап бір жырлап алады. Ялта,

Қара теңізді шарлап, толқынға құлаш ұрады.

Бұдан соң қайтадан ауыл маңына оралып, өмір жайлы, тірліктің ащы мұңы мен тәтті рахаты жайлы, жауыздық пен кісілік, адал мен арамза, аласа мен биік туралы толғамды, философиялы ойларға кетеді. Бәріне де сол ақын қалпынан айнымай отырып, ойлы да парасатты азамат сөзін айтады.

*Жиілегі бозаң қырға
Бозторғайым лүпілі,
Туғай шалқып көз алдымда*

Туған ауыл түтіні, — деп өзінің кіші отауы, былайша айтқанда, туған ауылы төңірегіндегі төгілмелі төкпе күйге басады. Ауылының құмын да, қыры мен қыратын да, жылғасы мен бұлағын, жусаны мен құрағын соншалық ыстық махаббатпен үздіге, үзіле жырлап келіп, енді Алматыға тұрақтаған ақын, өзінің Қалдайбек, Жарқамыс, Темірге деген ғашық көңілімен бүкіл елін құпсам деген игі ниетке ауысады. Сөйте тұра, аңсары ауылына ауады да тұрады, ауады да тұрады:

*Көктем көңіл өсіріп,
Тұрмын қиял тауыңда —
Апарсам деп көшіріп*

Астананы ауылға! — дейді енді. Ауылды, ауылдастарын сағынып отырып:

*Ақтөбеде жауып күн,
Сайрап көктем сайыңда.
Хат жаз маған Ауылдың*

Жаңалығы жайыңда, — деп те езіліп, тебіренеді.

Мұның бәрі де біз үшін шетімізден таныс сезім, белгілі, бастан өткерген жәйттар болғасын ба, өз сөзіндей, өз ойындай болып, жүрекке дәл тиіп, дәлелмен ұялап жатады. Көп көңілінен шыға білген ақын қай-қайсысы болсын өз оқырманын, өзін іздеушіні табатыны айдан анық белгілі ақиқат.

Ақын — әрдайым табиғаттың төл баласы. Ел перзенті Есенбай табиғат тамашысына, қылт еткен құбылысқа өз көңілінің жарқылын ұштастыра отырып, жаңа бір тың, тосын дүние жасап шығуға шебер.

*Титтей торғай тіл қатты
Тіршілікке жараған.*

Қайырлы таң, қымбатты

Әрі әкем, әрі анам, — деп қандай тауып айтса, енді бір тұста:

Қиян құмда қияқтары ырғалған,

Қимасым жоқ, екі туып бір қалған.

Алмау үшін өлең отын өшіріп,

Алматыға келгем бәрін көшіріп, – деп өз тірлігінен де хабар береді.

Осыларға қарап Есенбайды таза тұрмыстың жыршысы деп атауға болар еді, бірақ талант, қашанда талант. Ол не жазып, не десе де, нені жырласа да тасқа тіл бітіре отырып, талантты жырлайды емес пе! Есенбайдың қоғам, заман туралы топтамасын оқып, осыған көзім тағы жете түскендей. Осы топтамадағы қырық шақты өлеңде ақын ысылған қайраткерлердей саясаттың өзіне батыл барып, публицистиканы лирикамен әдіптей отырып, әдемі-әдемі, биік-биік пікір айтады, ойлы, орамды тұжырым жасайды.

Осы реттегі жақсы өлеңдер қатарына мен қиналмастан "Тану", "Күлген жақсы-ау", "Жол балладасы" туындылары мен "Қайта бастау", "Сызу" дастандарын, тағы басқа толып жатқан шығармаларды қосар едім.

Ақын кейде ағымдағы саясат, әлем тірлігіне құлақ түре отырып, болып жатқан оқиғаларға байланысты өз ойын, өз көзқарасын білдіреді. Мұнда да жалаң ұран, жадағай айқай емес, ақындық түйсіктен туған байламын тың образға айналдырып, бейнелеп беруге тырысады. "Жер бетіне сызат түссе, ол алдымен ақын жүрегі арқылы өтеді" дейтін Гейне қағидасын қатаң ұстанған біздің ақын да әлемдік, әлеуметтік әділетсіздікке ашынуын, ызасы мен кектенуін құрғақ айқай, бос байбаламға айналдырмай, өзі де күйіне, күрсіне отырып, өзгені де соған ашындыра отырып, әдемі жырлай алады екен.

Ол шабытына мінген шақта қызды да, қызғалдақты да, қызық пен қиналысты да, әлеуметтік ақиқат пен әлемдік масштабты да жырлай алатынын, тамылжытып, тәтті жырлай алатынын дәлелдеп отыр. Елуге толған Есенбай ақынға ер көңіл, ұзақ ғұмыр тілейміз.

1990 жыл

АҚЫН ЖОЛЫ

(Қастек Баянбаев хақында)

I

Қастек Баянбаев екеуіміз бір ауылда тудық, көршілес аудандарда өстік. Бес-алты жасқа дейін сол туған ауылымыздың ақ шаңын бұрқыратып, суына шомылып, құмына көміліп бірге жүріп, бірге тұрғанымды білемін. Үй арасында үй жоқ, қорамыз қатар, ауламыз іргелес еді, содан да болар, атқа мінсек те, асық ойнасақ та жұп жазбай-

тын егіз қозыдай болған балалығым қаз қалпында есімде қалыпты. Соңымызға Қастектің өзіміз тетелес інілерін ілестіріп алып, Баянбай қарттың алма бағына баудай тиетін бала күндер де бұлыңғыр тартпаған. Әжеміздің шыр-шыр айқайы да, айналайыны мен алақаны да ортақ, жазаласа да, жазғырса да бірімізден бірімізді бөлмей, сыбағамызды бірдей бөліп беретін. Соғыс жылдары біздің үй қайтадан атамекен Алакөл жақтағы ағайын арасына қоныс аударған кезден бастап бір-бірімізден көз жазып қалдық та, кейін ес біліп, етек жиған бозбала дәуірде өмірде де, өнерде де енді қайта ажырамастай болып тағы табысқанбыз. Содан бергі кезеңде бір-бірімізден жасырып, бүтетін, құпия сырымыз жоқ, бірде тату, бірде қату тірлікті қатар кешіп келе жатқан жайымыз бар. Ол кезде елудің ауылы армандай алыс сияқты сезілуші еді, сөйткен Қастектің жар — ты ғасырлық торқалы тойы қарсаңында осылайша арнайы сөз айтып, мақала жазармын-ау дегенді ойлап та көрген кім бар дейсің...

Кіндік қанымыз тамған туған ауылымыздың аты — Талдыбұлақ. Осы аттас бұлақ та бар. Шыбынды тауының етегінде бір уыс тарыдай шашырап жатқан шағын үйлі ауыл. Нулы да сулы сай табанына көлбей орналасқан ауылды қақ жарып таспа қара жол өтеді. Дәңгесте тұрып қарасаң жылаңдай ирелеңдеген әлгі жол бірте-бірте жоғары қарай көтеріле өрлеп барады да, Шыбындыны белдеулей түсіп, жотадан асып түсіп, содан әрі аспанмен астасып, әрі қарай сіңіп кетіп жатқандай болатын.

Бала кезімізде, үйден шықсам болды, көзім ең алдымен сол қара жолға түсетін. Жол үстіндегі, аттылы жаяу адамдар баспалдақ бойлап, көрінбейтін есік арқылы көк күмбезіне көтеріліп кетіп жатқандай болып көрінетін.

Он жеті-он сегіз жасымызда қайта табысып, ол кезгі жағдайда ауыл арасы едәуір шалғай, жиі көрісіп тұруға мүмкіндігіміз жоқ, біз жыл бойына бірер рет қана жолығып, қалған күндерде кілең ғана хат алысып тұрғанымыз бар. Бұл жылдарда Қастек Баянбаев өлең ауылына бір жола ат басын бұрып, ендігі тірлігінің нәрін де, мәнін де өнерден ғана іздеуге ойысқан болатын. Облыстық "Советтік Жетісу" газетінде, "Пионер" журналында өлеңдері жариялана бастады. Әрі қысқа, әрі нұсқа, шапшағын, жұп-жұмыр жырлары бас-аяғының бүтіндігімен, нақты-дәлдігімен, ойлылығымен, ойнақылығымен еріксіз еліктіріп алатын еді.

1963 жылдан бастап Қастек Баянбаев екеуіміз Алакөл

аудандық газетінің редакциясында тағы табысып, екі-үш жыл бірге қызмет істедік. Осы жылдарда ол балаларға арнап өндірте жазып жүрді де. "Арғымақ" аталатын тұңғыш кітабын шығарды.

Сол бір жылдары "Балдырған" журналында істейтін Қадыр Мырзалиевпен жиі араласып, көңілде дос болуы Қастектің балалар әдебиетіне түбегейлі ден қоюына бірсыпара әсер етті ғой деймін, әйтеуір сол тұста жатталуы жеңіл, ұғымға оңай, оңқай асықтай ойнаған жұп-жұмыр тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтар, кейде тіпті оқиғасы бірсыдырғы тартымды ертегілер жазып, жиі-жиі жариялап жүрді. Өзі де үбірлі-шүбірлі көп балалы отбасынан (семьядан) шыққан, бағбан атасы Баянбай мен әңгімешіл Үмітхан әжесінің бауырында өскен, саналы өмірінің көбін ауылда, ел арасында, құйма құлақ қарттармен әңгімедүкен ішінде өткізген ақын тілді қандай жақсы білсе, елдің тұрмыс-салтына, арғы-бергі тарихына да барынша сұңғыла, содан да барып оның өлеңдерінде, әсіресе, ұлттық ұғым басымырақ, тірлігімізге тән бояулар қанық болып келеді. Бұл ретте ақынның бұдан бұрынырақ жарық көрген "Әсем әлем" кітабына жүгініп, сондағы қалыптан шыққандай қадау-қадау қатпарлы жырларын мінәжат етпей болмайтын сияқты.

Бұрынғы бірқатар жыр жинақтарының басын қайта біріктірген бұл кітап Қастек Баянбаевты бүгінгі балалар әдебиеті өкілдерінің алдыңғы қатарына шығарғанын алдымен айтуымыз керек. Мұнда бәрі бар: балалық шақтан бастап өзі көріп, көкірегіне түйген барлық асыл ойы да, асқаралы арманы, әзілі мен әжуасы да бір-бірімен заңды жалғасып, тұтаса бірігіп тұрған мінезі бөлек ерекше әсем әлемге кезігесің.

Балаларға арнап жазған жырларын бөле-жармай, шетінен сыдыртып оқи беріңіз. Тисе таяққа, тимесе — бұтаққа деп, ойды бытырадай шашырататын да "балалар ақыны" бар, олардың қасында Қастек көздегенін құр жібермейтін, дара оғы далаға кетпейтін құламерген болып көрінеді. Нені жазса да орнықты, ойлы, қызулы, қызықты етіп, жүрекке жылы ұялата қояды. Бала қызығына күлесің, орашолақ икемсіздігіне, күйгелектене күйсінесің, ренжисің, ашуланасың, тағы да мәз болып, масайрайсың. Тек енжар қала алмайсың. Жылуы мол жол, шуақты шумақтар астарлы әжуа, ойнақы әуен жайбарақат қалдырмайды.

*Жайлау сәнін кім белген,
Қайран қалып жүрмін мен.
Текеметтің астынан
Теріп жейсің бұлдірген.*

Өзіміз сан көрген таудағы жайлау, жан баспаған көкорай шалғын көз алдыға келіп тұра қалмай ма? Ал этнографиядан да хабар беретін ғибраты мол киіз үй, оның уығы мен керегесі, түңлігі мен туырлығы, шаңырағы мен тұрқы туралы өлеңдерді оқып көреміз. Балаға ғана емес, ұлттық дәстүрде, көнеден келе жатқан дүние тірлікті ұмытып бара жатқан өзімізге де берері мол дүниелер емес пе. Қай-қайсында да бірегей, киіз үй тіккендей бірте-бірте бой көтеріп, ажарланып, анықталып сала береді.

Өзім етене таныс бола жүріп, Қастектің бірден тасып, тез тартылып жататын шолақ сайларға бүйрегі бұрғанын, даңқтан гөрі дақпыртқа құмар алакөлеңкелерге де қарағанын көрмедім. Қас-қағым сәтте "классик" бола кетіп, әдебір тізімге тіркелу үшін екі өкпесін қолына алып жүгіріп беретін тұстастарының басында бар "қасиетін" де өз бойына дарытпай келеді. "Анау өйтеді, мынау бүйтеді", — деп өлермендікке барса, көптен қалмайыншы десе, осы күнге дейін сыртын жылтыратып, ішін қалтыратып, талай бір кітап шығарып тастауға оның да мүмкіндіктері болды. Бірақ, алдымен әдебиеттің, қала берді, өз жанрының арын ойлаған азаматты, шынайы талантты ондай "дерт" шектей алмайтын болуы керек, соны Қастек өз тірлігінің, өз өмірінің өнегесімен дәлелдеп те келеді. Әр сөзіне, әрбір жолына өзінің жүріс-тұрысы, реңбасы сияқты бипаздықпен, баппен қарайтын Қастек аз болса да саз болсын деген қағиданы тұпқазық етіп, берік ұстанып келе жатыр.

Бүгіндері егеулі найза — елудің үстіне іліккен ақын Қастек Баянбаевтың әдебиетіміздегі өзіне лайық оқшау орны барына дау айтушылар табыла қоймас. Поэзиямыздың екі бірдей жанрын парлап жегіп, делбесін қос қолдап қатар, тең ұстап, әсем жүрісінен айнымай келе жатқан ақын творчествосы әлі де ажарлы, әлі де айшықты. Сусағанның шекесінен шып еткізіп тер шығаратын Талдыбұлақ суындай жыр жолдары да мөлдір.

"Мен болдым-ақ" — деп көкірек қағып жүрген талай бір тұстастарымыздың творчествосынан Қастектің ақын ретіндегі тағы бір айырмашылығы — әр шөптің басын бір шалып, әр төбеге бір шығып, шашылмайтыны. Кейбір кітаптарды ашып, мазмұндап көріңізші. Жар құшағынан

бастап, бері салғанда жарты әлем, әйтпесе дүниенің төрт бұрышынан түк қалдырмай түгел қамтып шыққанын көресің. Тақырыбына қарасаң — бәрі бар, тек өлең жоқ, поэзия жоқ. Қастек туындыларының географиялық аясы кең болмайды: Алакөл — Талдыбұлақ — Алматы — Москва маңымен шектелер еді. Мұны ақынның мініне баласақ, бар ғұмырын тобықты тоғышарларымен күресуге арнаған. Абай шығармалары әлемдік ауыр жүкті арқалай алар ма еді? Ендеше, тақырып диапазоны дегеннің мәні атында емес, затында, көзге түсер бетінде емес, көңілімен жетер тереңінде болса керек. Алматыдағы пәтерінде отырып әлемнің мұңын мұңдап, жоғын жоқтауға болар, бірақ ол оқырман көңіліне ұялай қояр ма екен?

Күні кеше кішкене оқырмандар қолына тиген жаңа кітабы — “Тәтті сабақта” да сол аз сөзге көп мағына сыйғызатын сырбаз, қызыл сөз, қысыр әңгімеге сараң, ойға жомарт ақынды көрдік. Дәл соның айғағындай Қастектің бұл кітабы биыл Қазақстан Жазушылар одағының Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлығына ие болуы қазақ балалар әдебиетінің шоқтығын және бір биікке көтергені анық. Ақын творчествосының ізденісі әлі де солай бола беретініне, оқырмандарын қуанған үстіне қуанта түсетініне қылдай күдігіміз жоқ.

Жуырда ғана ел жаққа бара жатып, Шыбынды шындарына тағы да көз жібердім. Баяғы тартылған айылдай таспа қара жол қасқайып әлі жатыр. Жол бойымен аттылы ма, арбалы ма, ноқаттай қарауыта қозғалып біреулер кетіп бара жатты. Ойыма айналасына асықпай қарап қойып, маң-маң басып, көз ұшында көрінген қайқы қара шыңға қарай өрлеп бара жатқан Қастек Баянбаев оралды. Биіктерді ғана дәмететін ақын әлі де өз жолымен өрге өрлеп бара жатқандай әсер тұрды көңілде.

Жол жотадан асып бара жатты.

II

Қырық жыл қатар жүрсем де Қастек жайлы білетінімнен гөрі, білмейтінім көп пе деймін. Өйткені ұдайы ғана өзімен-өзі болып бұйығы жүретін, жұртқа жұғыса кетсем, ұғыныса қойсам деп өкше көтере өзеуреп жатпайтын Қастекпен екеуміздің арамыздағы жолдастық, достық, жерлестік, қала берді ағайыншылық қарым-қатынастың өзі де әмісе даңғыл-түзу болып көрмепті. Кей-

де арамыздан қыл өтпестей болып қойындаса кетеміз де, енді бірде ұрыспай-таласпай өз-өзінен алшақтап, айлар бойы араласпай, хабар-ошарсыз қала беретініміз де болып тұрады екен.

Бұрын да бір жазғаным бар еді, қайыра соғып, қайталап айтып жатсам — оның да артық-ауыс айыбы бола қоймас, Қастек екеуміз бір ауылда туып (үй арасында үй жоқ еді дерліктей), бір таудың түстігі мен теріскей қапталында орналасқан (арасы 50-60 шақырым) көршілес екі ауданда ержеткен кісілерміз. Оның да өзіндік оқшау себебі жоқ емес-тін. Сонау бір қытымыр да қыспақты "сталиндік" заманда менің әкем Құсайын жарықтық Алакөл ауданы "Талапкер" колхозында (кейін "ұжымшар" деп жазып жүрміз ғой) егіс бригадирі екен. Жазғытұрым, көктем егісі басталарда қараса, колхоздың тұқымға деп көміп қойған картобы түгел дерлік үсіп, шіріп кетіпті. Сол-ақ екен, "әдейі қастандықпен үсіттің, колхоздың да, халықтың да жауысың" деп, жерден жеті қоян тапқандай дедектетіп апарып әкемізді аудан орталығындағы абақтыға жаппақ болады. "Жексенбі күні еді, — деп әңгімелейтін әкем, сол бір үрейлі кезеңді еске алғанда. — Түрме есігі жабық тұр екен. Айдап апарған таныс милиционер: "Сен осылай отыра тұр, мен күзетшіні іздеп келейін", — деп мені шарбақ сыртына қалдырды да, өзі үйді айналып жоғалды. Тәртіптің өзі солай ма, болмаса "қашқанда осы қайда бара қояды?!" — деп, қаперсіздік танытты ма, қайдан білейін, мені оңаша ғана жайыма қалдырып, өзі кілт іздеп кете берген. Әудем жерде базар бар еді, солай қарай әрі-бері ағылып жатқан жұрттың аяқ алысын санап мен отырдым. "Құдай салды — біз көндіктен" басқа амалым да жоқ еді. Сол арада Шәймерден дейтін, ауыл кеңесте хатшы болып істейтін таныс жігіттің кездесе кеткені: "Әу, неғып отырсың мұнда?" — деп, анадайдан дауыс көтере соның келе қалғаны қалбалақтап қасыма.

Мән-жайды тез ұғып, әкеміздің басына төнгелі тұрған тауқыметті қас-қағым сәтте аңғара қойған әлгі жанашыр танысы оқыс бір күрт шешімге келеді де, қолды-аяққа тұрғызбай дедектете сүйрелеген күйі оны тау асырып қашырып жібереді. "Кейінгісін тағы көре жатарсың, алдымен өзің бас сауғалап ал!" — деп жөн сілтейді. "Содан, — дейтін әкем, — әлгі Шәймерден ес жиғызбастан жолға салып, өзі көзден таса болысымен, алды-артыма қарамай "тәуекел" деп тас жұттым да (ұстап алып жүре ме деген күдік пен қауіп те қыр соңымнан қалмай келеді), төтелей

тартып, Шыбынды тауының ұзынша бір тұйық сайына сұғына кіріп жатқан Талдыбұлақ ауылынан барып бір-ақ шығып едім. Сол жердегі ағайын үшін паналап, абыр-сабыр басылып, ес жия бастаған бір тұста ешкімге білдірмей, астыртын ғана барып, үй-ішімді көшіріп алғанмын. "Сөйтіп, — дейтін әкем көңілі түскенде өткен шағын есіне ала отырып, — бір, жылдан кейін, яғни 1938 жылы сол ауылда сен туғансың".

... Сонымен, қойшы. Отан соғысы деп аталатын әлемге әйгілі қанды қырғын басталғанда, жаңа мекенінде де жұрт қатарлы атқамінер болып жүрген әкеміз көппен бірге майданға аттанады да, біз болсақ, "есің барда елің тап", — деп, қыс ішінде жаяу-жалпылап ежелгі атамекенімізге қайта оралсақ керек.

Балалық шақтың санада қалған бұлыңғыр елестері, ересектердің ауызекі әңгімесінен еміс-еміс естіген, жадымызда жаңғыра жетілген бұлдыр да көмескі суреттер болмаса, ол ауылды да естен шығарып, Қастек дейтін азаматтың да бар- жоғын, оның қалай өсіп, қалай ержеткенін өзім әбден ес біліп, етек жиғанға дейін біле де қоймаппын.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Күндердің-күні болғанда дәм айдап барып өзімнің де сол ауылдағы мектепте бір жыл оқып шыққаным бар-тұғын. Талдыбұлақ дегеніңіз жерүсті жұмағындай бір көркем қоныс екен. Айнала қоршаған тау, көкала шалғын. Ауылды қақ жара күркіреп Талдыбұлақ өзені өтеді. Қол созым жерде жұрттың бәрі әулие тұтатын, табынып, тамсанып жүретін Қаратұма аталатын бұлақ көзі және бар еді. Айнала жұрттың асыра мақтауынан ба, әлде өзі сондай ма, әйтеуір төрт тағандап жата қалып ішкен суы бал татып, шеке терінді бұрқ еткізер еді. Қаратұмадан әрі қарайғайлы сайды өрлесең, көкке қарай тік шаншылған Кіндіктас шығар еді алдыңнан.

Міне, сол ауылда бір кезде орта, одан (ел сирей келе) орталау, келе-келе бастауышқа айналған, ақыры "тұрындардың өз өтініші бойынша" қазақшадан орысшаға ауысқан көгілдір мектеп үйі болушы еді. Тағдырдың жазуымен жетінші класты мен де сол ауылда, сол көгілдір мектепте оқып бітірген болатынмын.

Менімен бірге Қастектің туған інісі Есімхан (менен бір жас кіші болар) оқыды. Бұлар өзі Қасымхан, Есімхан, Досымхан аталатын ағайынды үш бала. Әжелері еркелетіп Қастек, Естек, Достай атап кеткен. Сол Есімханнан естіп жүрдім. Екпінді аталатын көршілес ауылдың орта

мектебінде оқитын ағасы бар екен. Аты — Қастек.

Интернатта жатып оқып жүрсе керек. Алғыр, ақылды бозбала деп естідім. Өлең жазады екен. Естек кейбір өлеңдерін білетін болып шықты.

Әр аптаның аяғында ауылдың басқа да балаларымен бірге үйіне келіп-кетіп тұратын көрінеді. "Кісіге көп жуи қоймайды, саяқ жүргенді ұнатады" — деді Есімхан.

Күндерден күн өткенде барып ақыры сол Қастектің өзін де көрдім. Қалың қара шашын желкесіне түсіре қоя берген орташа ғана бойы бар қызыл шырайлы бозбала екен. Сұстылау өңінде, жалт етіп қараған уытты жанарында ұяң ғана ойлылық нышаны байқалады. Бойының сол бір сәл аласалығын байқатқысы келмегендей басын шалқақ, кеудесін кекжите ұстай жүреді екен. Талдыбұлақта жалғыз ғана көше бар. Мектеп те сол көшенің орта тұсында еді. "Анау келе жатқан Қастек", — дегенге мен де елендеп қарай қалсам керек. Бірақ ол біз сияқты бірер жас кіші "уақ-түйектерге" мойнын бұрып та жатпастан, сол маң-маң басқан маңғаз қалпында қазықтай қайқайып қасымыздан өте шықты. Орта мектепті бітіретін жылы еді. Соның буы да бар ма, болмаса туа бітті жаратылысы сол ма, о жағына бой сала бойлап жатпадым, некен-саяқ кинолардан көре бастаған бюрократтар кейпіне ұқсатып мырс ете күліп бір алғаным да бар-тын. Оның үстіне ол кезде өзімнің де кісі менсіне қояйын деген қылығым аз еді, өз қатарымыздың алдымын деп кеудемізге нан пісе бастаған өркөкірек шағымыз. Сондықтан болар, Қастектің бізді кісі екен деп елеп көз тоқтата қоймағанына пәлендей мән беріп, ренжімеген болуым керек.

Талдыбұлақтағы бір жылды да әне-міне дегенше тәмәмдап, өз ауылыма оралдым да, әркімнің өз жөні, жосығы бар, Қастек жайлы ойлап аса бір бас қатырып жатпадым.

Содан кейін араға екі-үш жыл салып барып біз Қастекпен қайта табысып, танысқанбыз. Ол да, мен де "өлең дертіне" ұшырап, ат басын әдебиет аулына қарай біржола бұрдық та, "айлас қатын — мұндастың" күйін кешіп, тез арада тіл табысып, ләм-мим деп жатпастан аз уақыт ішінде майлы ішіктей аралас-құралас тірлікке біржола көшіп алғанбыз. Жас едік. Жастыққа тән албырттық та, аңғырттық та бізге жат емес еді. Ол болса, әрине, он жылдық мектепті менен бірер жыл бұрын бітірген. Бірақ сол бір тұстарда жоғары оқу орнына бірден барып түсе қою дегеннің өзі де қияметтің қиыны еді.

Қастек те бірер рет талабы тасқа соғылып, тауы шағылған соң бастапқыда не істерін білмей дағдарып, ақыры барып амалсыздың күнімен ауылда көше тоздырған көп тұрғыластарының қатарына барып қосылған. Қара жұмысқа қабілеті де жоқ, ықыласы да шамалы. Басқа кәсіптің ретін және келтіре алмады. Алақандай ауылда екі қолы алдына сыймай бірер жыл көзге шыққан сүйелдей болып сенделіп жүріп қалды. Ақылы да, алғырлығы да бар, таланты да, талабы да бар, бірақ бармақтай ғана бақ шіркін бұйыра қоймай, бұйығыңқырап жүрген тұстарында көлденеңнен мен жолықсам керек.

Иә, сол бір екеуміз үшін де өтпелі кезең сияқты болған қыстығыңды күндерде табысып едік біз. Облыстық, республикалық басылымдарда Қастектің қысқа да нұсқа суреттеме, мақалалары, бірлі-жарым өлеңдері де көрініп қалып жүрген. Менің де тырнақалды туындыларым алдымен аудандық, одан облыстық газеттер беттерінде жариялана бастаған болатын.

Маған Қастектің қалауын тауып қар да жаға алатын тумала таланты, нені айтса да қолымен қойғандай нақты да дәл жеткізе білетін құнттылығы ұнайтын. Сол ерекшелігіне бола өзімше сүйсінгенімді білдіріп, не үшін сүйсінгендігімді барынша анық та айқын етіп дәлелдеген болып бір күні оған хат жаздым. Көп ұзамай бұл ықыласыма разы болған ниеттегі оның жауап хатын да алдым. Сөйтіп алдын-ала уағдаласқан ешқандай бір келісім, байламсыз-ақ жиі-жиі хат алмасып тұру ол екеуміздің дағдымызға айналып еді. Ол кезде телефон деген жоқтың қасы, қатынастың өзі де қазіргідей емес, қозы көш жердің өзіне аяқ жеткізу ит әуре. Сондықтан да болар, екі араға дәнекер болып тек қана хат жүретіндігі.

Қастек жаңа жазған өлеңін өзінің тасқа басылғандай дөңгеленген сұлу жазуымен маржаңдай етіп көшіріп, маған жолдап жатады. Оның оқыс тапқан оқшау теңеулері, сол теңеулердің қолмен қойғандай дәлдігі маған қатты ұнаушы еді. Сондай-ақ кей-кезде мен аңғармай, оқымай қалды-ау деген оймен газеттерде басылған суреттеме, мақалаларын да хат арасына қыстырып жіберетін. Мен өз әлімше оларды талдап, мақтайтынын мақтап, сынайттын тұстары болса сынап та қоямын. Өз өлеңдерімді де жіберіп, оның да ашық пікірін күтетін болғанмын.

Қазақтың, әсіресе, ауыл қазағының қағазға деген салғырттығы, оны сақтауға деген ұқыпсыздығын қойсаңшы, әйтпесе, осы күні ойлаймын, сол бір екі жыл

бойы біздің өзара жазысқан хаттарымызда талай бір тұжырымды пікір, інжу-маржан болмаса да, әйтеуір іліп алар жылтырағы бар жылы да тартымды ойлар, татымды пікірлер кетті-ау, деп. Амал не, қазір еске түсіріп қойғанымыз болмаса, ол хаттардың бірде-бірін Қастек те, мен де сақтамаппыз. Оқылған жерде жыртылып қала берген. Кейін де бір қажеті болып қалар-ау деген ой қаперімізге кірмегеніне таң қаламын. Бәрі желге ұшып жоғалыпты. Оның үстіне бізде жазу столы, қалам-қағаз сақтар атаулы орын да болмаған ғой. Асүйде ме, терезе жақтауына сүйеніп тұрып па, әйтеуір, жазып-сызған болып едік те, олардың көбісі (жариялана қоймаса) кейде ұшты-күйлі жоғалып жататын.

Осындайда ойлайсың, орыс әдебиетіндегі Пушкиннің Михайловское, Толстойдың Ясная Поляна, Тургеневтің Спасское Лутиновосы, одан бергі Чуковскийдің, Шолоховтардың да сол өздеріне қараған атамекендерінде тұрып та еңбек етулеріне мүмкіншіліктері болған ғой. Қазақ жазушыларының бір де бірінің маңдайына сол бақыт бұйырмапты. Күнкөріс деген де қыр соңынан қалмайтын бір пәле, баспасы, баспасөзі бар астанаға қарай үймелемесе, жырақта жатып санат түглі санға да қосыла алмасы хақ. Әйтпесе, Қастектер сол Талдыбұлағын бауырына басып, біржола тұрақтап қалса, алаңсыз тірлік кешуіне жағдайы болса, қазіргісінен де өнімдірек еңбек етер ме еді, кім біледі.

Қазір, әрине, қалтасы барға талтандап қалар мүмкіндік туды, бірақ қазақ жазушыларының басым көпшілігінде ол да жоқ, бәрінен мақрұм, басқасын былай қойғанда он-он бес жыл кім көрінгеннің есігінде, біреудің ескі үйшігін жалдап келіп, әбден есейіп балалы-шағалы болғанда ғана қолы әзер жеткен пәтерінде де кең отырып шығармашылықпен айналыса қояр жағдайы барларының өзі саусақпен санарлықтай ғана болып келді ғой.

Қастектің азамат һәм ақын болып қалыптасуына өзінің сол туған ауылының ықпал-әсері болғаны айдан анық. Жоғарыда бір айтқанымыздай, сол өңірдің ертегіге ұқсаған табиғи болмысы, жап-жасыл жоталары, аспанмен тілдескен сеңгір-сеңгір тау сілемдері бала көңілін қай-қайдаға жетелері сөзсіз еді. "Әркімнің туған жері — Мысыр шаһары" деп отырған түгім жоқ, шын мәнінде ұйқыдағы сезімді еріксіз оятардай құпия-қыртысы көп ауыл болатын. Қазір көбінің аттарын ұмыттым, сол ауылда әңгімешіл де, ертегіші де қарттар көп болатын еді.

Біріне бірі ұқсамайтын. Бас қоса қалған жерлерде бала біткен сол бір көзінен мейірім, көмекейінен нұр төгіліп тұратын қариялардың аузына қараушы едік. Ол ауылда түрлі-түрлі газеттер мен журналдарға хабар-ошар жазып, ел тірлігінен хабар беріп тұратын кісілерге де кәрі-жастың бәрі құрметпен қарайтынын білуші ек. Бұл да жас сезімге әсер етпей қойған жоқ. "Болмасаң да ұқсап бақ" деген Абай сөзін ұстанып өскен ұрпақ еліктемей, солықтамай тұра алмас та еді.

Кейін келе, біз әбден достасып, сырласып, сыйласып, аралас-құралас бола бастаған кезде Қастек тағы бір әңгіменің шетін шығарған еді. Өзі сол тоғызыншы не оныншы класта оқып жүрген кезде бұлардың мектебіне аты-жөні енді-енді айналасына мәшһүр бола бастаған жас ақын Төлеужан Исмаилов мұғалім болып келеді. Жоғарғы кластарға ол қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беріпті. "Жер ауып келіпті деген бір сыбысты естіп едік, — дейтін Қастек. — Төлеужан өзі сияқты жолбарыс жүрек екі-үш жас жолдасымен бірге түкірігі жерге түспей тұрған Хрущевке хат жазса керек. Әлде жедел-хат жолдаған ба?! Сталинді қаралауға қарсылық білдіріпті.

Әйтеуір бізге жұмбақ бір қылығы үшін астанадан аласталған. Шашын желкесіне түсіріп, желбіретіп жіберуі де, сүйретілген ұзын қара жұқа пальтосы да, қыс ішінде аяғына бізге таңсық бәтіңке киіп жүруі де көңілімізді еріксіз бұрғызған. Аялы көздерімен айналасына байыппен шола қарап, ақсұр жүзінің лезде қызарып шыға келетіні де өзіне жарасып тұрушы еді. Бәріміз де оған еліктей бастадық.

Сабақ өткізуі ешкімге ұқсамайтын. Әр жазушы-ақынның өзгеден айырмашылығы, өзіне ғана тән стильдік ерекшелігі, жазу мәнері болатынын әртүрлі мысалдармен дәлелдей отырып, санамызға сіңіре беретін. Біздің шағын ауылға бұрын-соңды бұл өңірде болмаған әлдебір тосын леп келіп қосылғандай болып еді. Еті тірі дейтін балалардың бәрі бірден-ақ әдебиетші болып шыға келдік. Бәріміз де Төлеужан ағаның қасынан үйіріліп шықпайтынбыз. Ер балалар соған ұқсап шаш қоя бастадық, шетімізден өлең жазамыз, өлең жаза алмағанымыз түрлі газеттерге мақала жазып жіберіп тұруды әдетке айналдырдық. Тіпті сол Төлеужан мұғалімге ұқсап байпағы бар жұқа етік кию де дағды бола бастап еді..."

Әрине, зейінді де зерделі бала құдай берген дарынының арқасында Төлеужан дәрісінсіз де ақын болып кетуі

мүмкін еді. Бірақ сол балаң кезде әлгіндей аға ақынның алдын көруі, ақылын тыңдауы оны дара да сара жолға тезірек салып жібергені шындық шығар.

Бұл Қастектің сөзі болса, 1958-1960 жылдары біз де Төлеужан ақынның соңына ілесіп, оның төңірегіндегілердің тобын көбейтіп, қайда барса қасынан қалмайтын болғанбыз. Сонда Қастектен естіген әңгімемізге өз әсеріміз қосылып, ақын ағамыздың ауызынан шыққан әрбір сөзді қағып алып, айтқанын екі етпейтін мүриттеріндей болып жүріп, көптеген айлар мен күндерді бірге де өткізгенбіз. Арамыздан ертерек кеткен Төлеужан Исмаиловтың адами болмысы, шығармашылық өмірі бізге де әсер етпеді деп айтуға ауыз бармайтыны да содан.

Қай ақын болмасын, рас ол шынайы ақын болса, ең алдымен өлеңдегі өз портретін жасайтыны анық. Өзгеге соны үлгі етіп ұсынады. Қабылдау-қабылдамау, әрине, оқырманның еркінде.

Қастектің де:

*Сынағыш өз жұртым да,
Сырбазбын сол үшін де:
Бүтіндерім – сыртымда,
Жыртықтарым – ішімге.*

*Қатты менің ұйқым да,
Тәтті менің түсім де.
Қуанышым – сыртымда,
Күйінішім – ішімге.*

*Жоламадым жылтыңға
Береке жоқ ісінде,
Кісілігім – сыртымда,
Пенделігім – ішімге.*

*Құл болмадым құлқынға,
Қалдым қамсыз пішінде:
Тоқшылығым – сыртымда,
Ашаршылық – ішімге.*

*Қосылсам бір қиқуға,
Қызбалық деп түсінбе.
Батылдығым – сыртымда,
Үрейлерім – ішімге.*

*Жығылған жоқ мұртым да,
Мүжілген жоқ тісім де.
Денсаулығым — сыртымда,
Сырқаттарым — ішімге.*

*Жауларымды құртуға
Жетер егі күшім де,
Жақындарым — сыртымда,*

Жауларым өз ішімге, — дейтін өлеңі бар. Түп-тура өз бейнесін, болмыс-бітімін айнытпай берген де қойған. Көп сырын сыртқа шығара қоймай, ішке бүгіп әдеттенген бұйығы тірлігі де бой көрсетіп қалады. Ол шынында да біреуді асыра мақтау, асыға даттау дегенді білген емес. Әлдекімдерше " осы бір оңтайлы тұста көзге түссем, көрініп қалсам" деген әдетке де үйір бола қоймапты. Осы күндердің өзінде де көпшілік болып бас қоса қалған алқалы жиындарда шеткері бір қаға берістеу жерде оқшау ғана оңаша отырады да, елден бұрын тұрып үн-түнсіз өз жөніне кете береді. Содан да болар, бәлкім, көп адам бүгінде оның бар-жоғының өзінен хабарсыз, олай дейтінім осы биыл болар, "Әдебиет айдыны" газеті қызметкерлерінің бірімен әңгімелесіп отырып әлдене мәселе төңірегінде "Қастек Баянбаев былай деп еді" — дегенді айтып қалғаным бар-тын. Сонда әңгімелесіп отырған әлгі жігіт ағасы жасындағы азаматтың: "Ол кісі әлі бар ма еді?!" — дегені ғой, төбемнен жай түскендей етіп.

Орта жастан асқан таныс-біліс тағы бір әйелдің де жолшыбайғы әңгіме үстінде : "Қастек Баянбай әлі тірі ме?" — деп сұрағаны бар-тұғын. "Е, тірі емей, осы өзіміз сияқты, әлі жетпіске де толған жоқ!" — деген едім, сасқалақтап қалып. "Қайдан білейін, ол кісінің өлеңдерін баяғыда оқулықтан оқушы едік", — деп тұр әлгі әйел.

Осы бір жайсыз әңгімелерді, ішіме сыймаған соң, Қастектің өзіне де айттым. Әрине, ыңғайсыздана тұрып, қысыла жеткізген болатынмын. "Е, білемін оны, — деді Қастек, — "Сіз әлі бар ма едіңіз?" — деп өзімнен де тіке сұрағанадар болған".

Қастек өзінің тағы да бір "Өмір сүріп келемін" деп аталатын өлеңін:

*Уақытым жоқ бос өткен,
Тағдырға жоқ еш өкпем.
Өмір сүріп көрмеппін,
Әйтеуір, мен есеппен! —*

деп тәмәмдайды. Онысы да рас шығар дейсің. Өйткені

оның әлдебір ішкі есеппен өзгеден ерекше бола қояйыншы деп жалған намысқа ергенін де, әлдекімдерге сырттай ғана еліктеп, "жоқ-барды тергенін" де көрген емеспіз. Қолына алған ісі қомақты ма, жоқ па, маңызды ма, мәнсіз бе, ол ешқашан ауырдың үсті, жеңілдің астын іздеп, атүсті қарау дегенді білген емес. Қай іске де туа бітті ыждағатымен жанын сала, бойдағы барын сала кірісетін. Бұл жағынан келгенде ешкімге ұқсамағаны рас. Жоғарыда бір сөз арасы айта кеткеніміздей, ондайда өз дегені болмаса, ара ағайын сөзіне құлақ асып, алған бетінен ауытқу дегенді де білген емес.

1963-1965 жылдары Қастек екеуіміз "Жаңа өмір" аталатын Алакөл аудандық газеті редакциясында бірге қызмет істедік. Жұмысқа шұғыл, айналасына төзімді, екі сөйлеу дегенді білмейтін Қастек мінезінің көп қырына сол кезден бері қанық бола түсіп ем. Кейін келе көршілес баспаларда дәрежесі деңгейлес қызмет атқардық. Сонда... қашан іздеп барсаң да ол өз орнынан табылатын. Елтең-селтеңі жоғын онсыз да білеміз ғой, бірақ ұдайы ғана қой құрттаған қойшыдай болып, аласы да, құласы да бар өзгелердің қолжазбасына соншалық шұқшиып отырудың не екенін мен түсінбей-ақ кеттім. Бәз-бірде оған әзіл-шыны аралас: "Осыншама езіліп отыра берудің керегі қанша, Қасеке? — деуші едім. — Содан тапқан пайдаң, алған алғысың қайсы? Жетпей жатқан тұсы болса автордың өзі жауап береді ғой, соншалық қадалмай-ақ қоймайсың ба?"

Ол саспайды. Жалтарып, жаба тоқып та жатпайды. "Осы жасыма шейін өзім ұстанған жолымнан тайдырып қайтесің мені!" — дейтін де қоятын сабырмен.

"Жалын" баспасында, кейін "Балауса" баспасында бас редактор бола жүріп те осы бір әдетінен жаңылған емес. Тіпті сол "Балаусаның" білдей директоры, аты әйгілі Қадыр Мырзалиевтің өзі де кейбір алдына келген азаматтардың көңілін қимай қайсыбір пісуі кемдеу қолжазбасына көз жұма қарағысы келіп, Қастекке құлаққағыс еткенінде де, бастық екен деп тілін ала қоймапты. Оны да сол баспада Қастекпен бірге қызмет істеген аты дардай жігіттердің біразынан естігенмін.

Онысын дұрыс деп те, бұрыс деп те айта алмаймын, бірақ өз дегені болмаса ағайын арасындағы пендешілік ымыраға әке десе көне қоймайтын, өз көңілі бұра тартқан жағынан бұрылу дегенді білмейтін сондай бір кереғар мінезі бары рас. Соны білетін жігіттер, әйтеуір, буынсыз жерге пышақ ұрып, Қастектің алдына көп бара бермейді.

Сонау бір жылы, 1982 жылдың күзі-ау деймін, екеуміз де қатты сыйлап, өзімізге ұстаз тұтып жүрген ақын ағамыз Әділбек Абайдұлданов елу жасқа толды да, сол кісінің шаш-бауын көтеріп туған жері Ақсу өңіріне бірге барып қайтуға келісім бергеніміз. Жазушылар одағының сол кезгі басшылары да қолдап, жол шығынын көтеріп алған. Әдекең ол кезде бойдақ. Былай да той-думан, дүбірлі-дүрмекті жек көрмейтін ақын, әйел бақылауынан босағасын сал-серілік жүрісті үдете бастағанын білеміз. Ішуте де, жеуте де кетәрі емес. Соны жақсы білетін біз: "Ақыры соңыңызға еретін болсақ, былай істейміз" деп көкемізге шарт қойдық. Яғни, үшеуміз де осы жолы ел аралап қайтып келгенге дейін ішімдік атаулыны аузымызға алмайтын болып келістік. Әдекең де айтқанымыздан алшақ кетпеуші еді, бізді қолдап, қуаттап, уәдеге қарық қылды да, жолға дайындала бастадық.

Дәл жүрер күні, алдын-ала келісіп алғанымыздай, Қастек екеуіміз жол қапшығымызды арқалап, Әдекеңнің үйіне бармаймыз ба. Даңғыраған бес бөлмелі үйдің дәлізінде қаннен-қаперсіз әлдене әуенді ыңылдап қойып ақын ағамыз жүр. Ойында түк жоқ. Мұнтаздай ғана болып жүретін кісіміздің түрі адам көргісіз, бет-аузы ісіңкі, сақал-мұрты да алынбаған. Үйінде бізге бейтаныс тағы біреулер бар сияқтанды. Бізді көре сала ағамыз қоярда-қоймай солардың бірін дүкеннен шарап әкелуге жұмсады. Біздің азар да безер бола бас тартқанымызға қарамай, "жолымызды жуып жіберейік", — деп столға қырлы стақандарды қатарластыра қоя бастады. "Уәде қайда, Әдеке?" — деді, Қастек қабақ түйе қатуланып. "Әй, мына бір жігіттер келіп қап, түк етпейді. Ал, қане!" — деп, әлі де қызулау Әдекең стақанды қолына алып елпілдете түсіп еді, Қастек орнынан тұрды да, ләм-мим деместен қапшығын қолына ұстай сыртқа беттеді. Солбірейіп соңынан мен ілестім. Не істерін білмей, дағдарып Әдекең сол аңырған күйі үн-түнсіз қала берген.

Төрт-бес сағаттан соң ол кісі маған телефон соқты: "Әй, Сәкен, ана қара тас айтқанға көніп енді жиби қоймас, сен жұмсағырақ едің, екеулеп жүре берсек қайтеді, ел-жұрт күтіп отыр ғой?" — деп.

"Ағатай, азын-аулақ абырой-беделім бар еді, сізге ілесем деп енді содан айырылар жайым жоқ", — деп, бір жағы әзілге айналдырып, мен де икемге көне қоймадым. Сөйтіп, ағамызға өкпелеп біз қалдық та, Әдекең басқа біреулерді ертіп еліне қарай аттанған.

Сол Әдекең айтқандай, ешкімнің де иіп әкеліп икемдей қоямын дегеніне көнбейтін Қастектің оқшау бір қылығына өзім де ұшырағаным бар. Онда ол "Жалын" баспасында бас редактордың орынбасары болып істеп жүрген. Баспадан шығатын өлең кітаптарының бәрі соның қолынан өтеді, ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс. "Бармайды" — деп, кесіп-пішеді, болды. Енді оны райынан қайтарамын деп айтқан уәжіңнің бәрі желге ұшты дей бер. Автор түгілі баспаның бастығы да, басқасы да райынан қайтарып, жібіте алмасы хақ.

Менің де кезекті бір кітабым сол баспадан шыққалы жатқан. Баспа директоры Қалдарбек, бас редакторы Бексұлтандар құлшынып, қатырып шығарып береміз деп, қолдарын уқалап отырған. Сол кітап ішінде өзіме өте ұнайтын "Бір ақ боз ат түсіме көп кіреді" деген өлең бар еді.

"Ақбоз мініп атойлар қазақ қайда!" — деп те мені, кім білсін, мазақтай ма?

(Қылп етсін қайтейін ішім ептен,)

Тыным бермей тұрады кісінеп кеп!

Бала жастан қаныма ғұрпы сіңген,

Не жақсылық жасадым жұрт үшін мен,

Азаптай ма соны айтып, мазақтай ма —

Бірақбоз ат шықпай-ақ жүр түсімнен! — деп аяқталатын сол өлеңге Қастектің айырықша шүкшиып: "Ұятшылық сарын бар, — деді ме, — астарында бұлыңғыр бірдеңе бар", — деді ме, әйтеуір, қадалып отырып, жалынып-жалбарынғаным да қарамай, өндіріске кетейін деп тұрған қолжазбадан алдыртып тастағаны ғой. Соған бола өлердей өкпелеген мен екі-үш ай бойына Қастектің маңына да жоламай, сәлем де бермей, сәлемін де алмай, тоң-теріс, дұрдараз күй кешкенім бар.

Кітап редакторы Серікбай Оспанов еді, аңқылдап қалған ақкөңіл жігіт. Сол ұмытып кетті ме, әлде Қастектің өзі аңғармай қалды ма, әйтеуір кітап түптелерінде қарасам, әлгі өлеңім сол қалпы тұр екен. Серікбайдан сұрасам, "білмеймін, сірә өзі жіберген болар" — деді. Соның алдында ғана басқа да бір топ өлеңіммен бірге "Ақбоз ат..." та "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланған болатын. "Е, соны оқып ойланған ғой, ақылға сала келіп, "зиянсыз" екеніне көзі жеткен соң жіберген шығар" деп түйген едім.

Сөйттім де, біз сияқты сырын сыртқа шығара қоюға жоқ, бірақ маған деген оның да азын-аулақ өкпе-назы ба-

рын білетін болғандықтан, "көңіл кірі айтса келеді" деп, соның бәрін алдына барып жуып-шаймаққа үстіңгі қабатқа көтерілдім. Жылы-жылы сөз айтып, ақыры түсініскендей болып, татуласып тарағанбыз.

Соның артынша еңтігіп Серікбай інім жетсін. "Ойбай, Қастек ағам екі аяғымды бір етікке тықты. "Мен көрсеткен өлеңді неге алып тастамағансың?" — деп. Ақыры алдырып тынды", — дейді. "Қап-ай, ә! — дедім мен күліп, әлгінде ғана татуласып едік, сәл аялдай тұрмаған екем де!"

Серікбай сол сөзімді де айтып барыпты. Тағы бір жолыққанда Қастек: "Сен ертерек татуласыппын деп өкініп жүр дейді ғой, рас па?" — деп сұраған. Жалған еді дей алмадым мен де.

Бірақ өкпе де, реніш те ұмытылады. Жаман адамның өкпесі басы жерге жеткенше екенін екеуіміз де жақсы білеміз. Жасандылығы жоқ, туа бітті мінезі сол болған соң Қастекке де көп өкпелей бермеймін, артық-ауыз мінін кешіруге бейім тұрам. "Көп айтса көнбейтін, жұрт айтса — болмайтын", өзінен басқаның айтағына еріп, айдауына жүрмейтін, кісі сөзін құлағына іліп, тыңдай қою дегенді де білмейтін Қастектің өзіме мәлім бір қыры, міне, осындай еді... Қартайып барып серттен тайса өзі біледі, әйтеуір біз білетін қазіргі қазақ поэзиясы, оның ішінде балалар әдебиеті корифейлерінің бірі, бірі ғана емес, бірегейі Қастек Баянбай осындай адам!

*Әлденеше жаншығып денем менің,
Жанға батқан құлдырап жөнелгенім.
Өмірдегі ең қатты құлағаным —
Пенделікке дейін мен төмендегім.*

*Қайта тұрдым, шашырап жоғалмадым,
Қолтығымнан гемегі мені арманым.
Өмірдегі ең биік шырқағаным —*

Адамдыққа дейін мен жоғарладым,—дейді ол "Жоғарылау мен төмендеу" аталатын өлеңінде. Өзі тұрасында бұдан ащы, бұдан асқақ айту мүмкін де емес сияқты.

Жалпы, Қастек өлеңдері, өкінішке қарай, әлі де болса өзіне ғана тән барша мол даусымен еркін, көсіле шыға, кеңінен өріс ала алмай жатқандай болып көрінеді де тұрады маған. Оның ешқандай қойыртпақ-қоспасыз, опа-далапсыз, сылдырмақ-сырғасыз қалпындағы қазақы жырлары қазіргі жастарға, бәлкім, барынша қарапайым болып та көрінуі мүмкін. Бірақ қара-дүрсін емес, сөз таныр кісі болса қатпарлы да, қыртысы қалың осы бір шығармалардың

қауқарын да, санаға түсер салмағын да бірден аңғарар еді. Амал не, сол бір құнарлы ой, ішкі толғаныс пен бұлқыныс-бұралаңға толы құнды тұжырымдар әдеби сында да әлі анық бағасын ала алмай келеді. Соны ескерте отырып, біз бүгінгі мерейтой тұсында Қастек ақын мінезінің өзіндік бір қырына ғана тоқтала кетуді парыз санаған болатынбыз. Қалғанын тағы көре жатармыз, дедік.

2006 жыл.

"Әдебиет айдыны" газеті.

ЖҮРСІН ӨТКЕН ЖОЛ

немесе "Құдіретке жүгіну" кітабы хақындағы бірер сөз

Басқа да барлық үлкен-кіші замандастары сияқты мен де Жүрсін Ермановты ең алғаш ақын ретінде, ақын болғанда да баяғы Маяковскийге қарата: "Босағада тұрмады, төрге ұмтылды" — деп Қасым Аманжолов айтқандай, бірден-ақ буыны бекіп, бұғанасы қатайған қалпында өз үні, өз әуенімен қатарымызға келіп қосылған талантты жастың бірі ретінде танығанмын. Әу дегеннен-ақ өз тұстастары арасынан суырыла алға шығып, ойлы да орнықты сыры, бедерлі де бейнелі жырымен қазақ поэзиясы сарбаздарының сапына екпіндей келіп кірген дарынды жастың сол жылдарғы жүрдек те жүйрік қалам алысы мен қанат қағысына қызыға қарағанмын. Сондай-ақ оның оқта-текте бұрыла соғып, бұрқырата бір өтетін әдеби сын-пікірлері де алдыңғылар қатарындағы бізді елеңдетпей қойған жоқ. Алғашқы аяқ алысынан-ақ алысқа сілтер кең тыныс, алқынбас демді аңғарған болатынбыз. Кесіп айтар, келістіріп айтар жастың кесімді байлам, өзіндік оқшау тұжырымдарын бас изей отырып, риясыз қабылдағанбыз.

Сөйтiп бiреулердi үркiте, бiреулердi үмiттендiре келген Жүрсiннен бiз сияқты жыр сүйер қауым бiрсыпыра жылдар бойына көз жазып та қалғандай едiк. Өткен ғасырдың сексенiншi жылдарын орталай ол бiржола айтыс өнерiн өрiстету жағына қарай ойысты да, өз стихиясы — поэзия ауылына ат басын оқта-текте ғана бұратын дағды шығарған. Ауық-ауық болса да газет-журнал беттерiнен көңiлiңдi дүр еткiзе өлеңдете көрiнiп қоятын дәмдi де нәрлi жырларын оқып: "Е, жазып жүр екен ғой!" — дейтiнбiз де қоятынбыз. Менiң өзiм де алдындағы ағалығымды бетперде етiп, жолыққан жерде оған: "Әй, бала, сенi халқың

әуелгіде ақын ретінде танып-біліп еді ғой, әлі де сол ойда, айтыс-айтыс деп жүріп асыл жырдан көз жазып қалып жүрме" — деп бірер рет ескерткенім бар-тұғын. Қарсы дау айтуды қажет деп білмеген тұстардағы дағдысы бойынша ол жымия күліп, бір мырс ететін де, үнсіз қала беретін... Өткен жылдың аяғына таман Талдықорған қаласында тағы бір басымыз түйісе қалғанда Жүрсін маған өзінің жаңадан баспадан шыққан, әлі бояуы құрғап та үлгермеген су жаңа "Құдіретке жүгіну" деп аталатын кітабын сыйға тартты. Әдемі мұқабамен көмкеріліп, жақсы безендірілген кітаптың сыртқы пішімі көз тартарлықтай-ақ көрікті екен. Көз жауын алып тұр десе де болғандай. Баяғы үміт, кейінгі күдік бар, итжығыс түсе бере ме деп, оңаша бір қалған тұста кітап бетін парақтай бастадым. Біздің осы бір күйге душар болатынымызды алдын-ала сезгендей, автордың өзі де қысқа ғана беташар-бағыт сөзінде: "Ұят дейтін бір кінәз, нәпсі дейтін бір кесел — арбасады да жатады. Содан ба екен, қанағаттың шапаны мен қияметтің кебінін мен алдымен өзіме өлшеп көремін. Назары сұсты бір құдірет жазғанымды жырттыра береді, кітабымды кідірте береді. Алпысқа келгенінше бар жазғаны бір томға жетер-жетпес өлең болған Абай аға да көкжелкемнен қарайды да тұрады. Ол кісі де қатал-ақ! Осылайша бар мен жоқтың, от пен судың арасында қапылған шамшыл шайырдың тым болмаса бір шумақ өлең, тым болмаса бір қайырым сөзі талғампаз оқушының таңдайын жібітуге жараса жетті деп үміттің шырағын үрлегеннен басқа, құдіретке жүгінгеннен басқа не шара бар?!" — деп күмәнді ойды сейілте отырып, ағынан жарылыпты. Адалын айтыпты. Өзіне де, сөзіне де ыждағат, әрбір лебізіне ұдайы жоғарыдан қарап дағдыланған, жауапкершілік дегенді мейлінше жете сезінген адамның ғана аузынан шығатын сөз еді бұл. Біздің әлгіндегі бір пікіріміздің де алдын алғандай, өлең алдымен:

*Қаламды әкел, қарманып жазайын жыр,
Жаным төсел жазғаным азайып жүр, —
деп алады да, одан әрі:
Ақыл апшып қалғанын, сезім бұғып,
Отырамын ішімнен өзім біліп.
Базар баққан бәдіктер ортасында
Кісі де жоқ тұшынар сөзіңді ұғып.*

*Бір күніңнен аумады бір күніңіз,
Жамалатын түрі жоқ жыртығымыз.*

Саңырауға беретін сәлемгей-ақ,

Кімге дәрі осы өлең шіркініңіз? — деп, бар өмір, барша ғұмырын өлең жолына сарп етіп келе жатқан біразымыздың ішіміздегі удай бір ащы болмысты аяусыз ғана алдымызға ақтара салады. Көбіміздің көкейіміздегі күпті ойды дәл басып, өзара үндестік іздейді. Дәл осындай алағайлы сезім ұшқыны өзін-өзі ақынмын деп таныған әрбір екі адамның бірінің басынан ұшырасары күмәнсіз. Осы сарыңдас өлең меңде де бар, біз тұрғылас біраз жақсы ақындарда да көрініс беріп жатады. Жүрсін соны дәл меңзеп, қинала, қидалай отырып, сол бір іштегі арпалыс, алабұртқан ақындық халді шып-шырғасыз шырылдатып алдымызға тартыпты. "Кей топта сөз түсінер кісі аз-ақ, мұндайда өлең айтып бояма мазақ" — дейтін Абай ойымен үндес, ақ сөзінді тақ көрмес айналаңа деген әлдебір реніш-күмән елес беріп өткендей болады.

Кітапты әрі қарай парақтайық. Ойымызды ірікпей айта отырайық. Өз басым көкірегіңді қақ жара буырқанып шығар бұрқақ таза сезімсіз жақсы өлең жазу мүмкін емес деп білемін. Өйткені, сенің де бір сәтке бұйыға қалған көңіліңе қандай да бір қозғау салмайтын, тосыннан тербетіп, тебіренгіп барып, толғаныс тудырмайтын, кеудеңе дүлей бір желік ұялатып, желпіндіріп әкетпейтін, сенің де өлең жазуға деген құштарлығыңды оятып, қағып-сілкіп құлшындыра түспейтін өлең-жырдың ешқайсысын өз басым шынайы талантқа тели қоймаған болар едім. Қазақта не көп, өлең жазғыштар көп. Өлең жазғыштар көп болған соң өлең де көп болады. Солардың бәрін болмағанымен біразына көз тоқтатасың, сүйсінбесең де, түйсінбесең де, кей-кейде оқып та шығасың. Былайша қарағанда бәрі де өз орнында сияқты, техникалық тұрғыдан да төрт аяғын тең басып тұрғандай көрінеді, ойы да орнықты дерлік, сыдырта бір оқып шыққанда: "иә, солай-ау" — дегізерлік қауқары да бар ондай өлеңдерге әлі де болса бұрқ етіп қайнар бір екпін, бет шарпыр бір жалын, отты рух, қысқасы бәріміз болып айта беретін динамикалық уыт жетіспей жатады. Оқисың, оқыған жерінде қала береді. Қайта қайырыла қоюға зауқың соға қоймайды. Елтіп, елікпейсің, "баяғы жартас — бір жартас", самарқау, салқын күйде қала бересің. Ендігі жерде ондай өлеңге тәбетің тарта қоюы да екіталай.

Ақыры мақтағасын айтып қалайын деп жатқан түгім жоқ, шындыққа ғана жүгінсем, мен Жүрсіннің өлеңдерінен сол бір өзім күткен динамикалық қуатты, асау

ойды топшысымен қағып түсірер тегеурінді тұтастықты аңғардым. Мына кітапты үңіле оқып, ішіне деңдей еніп қадағалай қараған адамның бәрі де көп ұзамай менің осы пікіріме қосыла кетеріңе көзім жетеді.

Осыдан біраз бұрын оның *"Қасымның үйі"* дейтін өлеңін оқығаным бар-тұғын. Бір кезде:

Берсең бер, бермесең қой баспананды,

Сонда да тасмаймын астанамды.

Өлеңнің отын жағып жылытамын,

Өзімді, әйелімді, жас баламды! — деп құдайдың зарын қылып жүріп әрең алған, бәріміз пір тұтып өскен Қасым ақынның үйін кезекті бір құрылыс ыңғайына орай талқанын шығара құлатып жатпай ма. Зілмауыр салмаққа шыдамай қақырай бастаған қабырғаларды көріп іші қан жылаған шарасыз ақын бар күрсінісін *"біздің үй Қасым үйінің қасында еді!"* — деп аяқтайды екен. Өлең дүниесіне өртке тиген дауылдай болып келіп, опасыз жалғанның біраз опығын жеп өткен сол Қасымға деген жабайы қылыққа күйіне тұрып, іштегі жалынын осылай бұрқ еткізген ақын *"өгізге туған күн бұзауға да туады-ау!"* — дегендей болады да, сенің де төбеңнен түйіп қалғандай жан-дүниенді түршіктіре алақұйын күй кештіреді.

Немесе осы сарындас Оралхан Бөкеевке арналған *"Мүйіз кесу"* өлеңін алайық.

Таудағы елдің таңсықтау салты білем:

Таңертеңгі самалдың салқынымен.

Бұғыларды қораға қамап қойып,

Мүйіздерін кеседі дәл түбінен, —

деп, бұғылы ауылдың маусым айындағы жаппай мүйіз кесу дәстүрін қалтқысыз суреттей келеді де:

Бір ішкеннің екі ішу серті білем,

Құныққандар келеді жер түбінен.

Қаптап кеткен қан ішер қазақтар бар,

Бістық қанмен айығар дерті кілең, — деп салып, әрі қарай:

Тағайын деп тұрғам жоқ,

Жоқты кінә

Бұл не дәстүр?

Заманның тоқтығы ма?

... Қуанасың

Қазақтар қағып алар

Қарағайдай мүйізің жоқтығына! — деп, өлең соңын ащы бір әжуа-мысқылмен тәмамдайды автор.

Тағы да тұла бойың дір ете түседі. Қарағайдай мүйізің

жоқ, қатардағы көптің бірі екенің еске түсіп, Құдайға шүкірлік айтып, іштей ғана тәуба етесің.

Осы бір екпінінен жаңылмаған қалпында Жүрсін ақын ерлікті айтып, елдік пен өрлікті жырлай ма, батыр кегін, ақын сертін сөз ете ме, жан-жағын тұтас қарманып, жанын ұғар жан таппай дағдарғасың барып Абайға мұң шаға ма, Райымбек әулиенің басына тәу ете ме, — әйтеуір сол бір көкірек жарған жалынымен, ыстық леп, бет шарпыр қызуын бәсеңдетпеген, іркілмеген арынымен ілгерілей береді.

Айналаға асқақ қарап, төгіле сөйлесе де, кейде бір еңсенді езе егіле сөйлесе де езінің ішкі әлеміндегі аласапыран алмағайып құбылыстарды шиыршық атыра білетін шебер екенін әр өлеңі сайын дәлелдей түсіп отырады. "Мұхтар Әуезов қабірінің басында жазылған жырлар" аталатын топтамасына құлақ түріп көрелік.

*... Теріс мініп тұғырын, тойсыраған,
Үмбетіңіз — тәубаға ой сұраған.
Күгірейтіп жүрсек те жонымызды,
Толар емес орының ойсыраған.*

*Тұрқың асып тұрғанда көп тұғырған,
Келмеуші еді шобылар шоқтығыңнан,
Шыбындасақ соларға шұлғып басты,
Бәрі, Мұха, өзіңнің жоқтығыңнан, — дей келіп, ол:*

*Құрысыншы, бәрі де құрысыншы,
Бірі ақылгөй қазақтың, бірі — сыншы.
Бәрімізге жақсы атты көрінем деп,
Арамтер боп арада жүр үшінші.*

*... Дандайсыған дәлдүріш данасыңдар,
Жанап кетсең — жабатын жаласы бар.
Иттірліктен іргеңді бөлгің келсе —*

Жай табатын жалғыз жер — мола шығар, — деп тағы да оқыс бұрылыс жасайды. Сенің де жан-дүниенің тағы да астаң-кестең болады. Өз жүрегінің әнін ыңылдап, өз көкірегінің күйін шерткен болып отырып-ақ, ол сені де ен-жар оқырман ретінде қалдырмай, ой иірімімен үйіріп, іштей шеріне біржола ортақтастырып жібергенін аңғармай да қаласың.

Оқырманын ойға жетелейтін мұндай тартымдылық, көздемей айтпайтын мұндай нақтылық, ойына алған әрбір

үлкен-кіші детальды ойната білу шеберлігі Жүрсіннің барша жақсы өлеңіне тән құбылыс. "Жақсы өлеңге" дегеннен шығады, осыдан бір жылдай бұрын "Жас қазақ" газетіне берген ақын Ерманның сұхбатына кездейсоқ тап болғаным бар еді. Сонда Жүрсін, "өлеңді жақсы жазып кеттім, жаңа кітабымда 3-4 ортақол өлең болса болар, әйтпесе бәрі де су төгілмес жорғадай суырылып тұрған жырлар" дегендей сөз айтып еді. Мен онысына кешіріммен қарап, ақындық шабыт үстіндегі лепірме көңіл-күйіне балағам да қойғам. "Құдіретке жүгінуді" оқу үстінде байқадым, онда шынында да үш-төрт ортақол өлең болса болып та қалар, бірақ бір қайнауы ішінде кеткен дүмбілез жырлар, қосақ арасында бос жүрген шумақтар, қысқасы, селкеулі жолдар жоқ екендігіне қалың қауымды әбден сендіре аламын. Және де мұның өзі көрінгеннің қолынан келе бермейтін, тек таланттыларға ғана бұйырар сыбаға екенін де еске сала кетпекпін.

Кітаптың тақырып аясы да барынша кең. Сан түрлі ойға жетелейтін, сан алуан өрісті қамтитын, құрылымы да, тұжырымы да қилы-қилы өлеңдер баршылық. Өйткені, өзі де сыншы Жүрсін өзіне келгенде де сол бір сын көзбен қарауды әсте ұмытпайтынға ұқсайды. Өйткені, қаншама бір көз жауын алып тұрар жауһар мен гауһар болғанның өзінде де кілең ғана бір түс, бірыңғай бояу оқыған адамды әйтеуір бір жалықтыра бастайтынын да ол барынша ыждағаттықпен кеңінен ойластырғандай болып көрінеді. Суреткерлік палитрасының ауқымды болып келуі де ақын қолын ұзарта, тілін ұстарта түскен.

"Қара бұлтты жамылып қара жолдың үстінде қарасөзден жаңылып, қара өлеңге түстім бе", — дей отырып, "қаратүнек ойдың да қарғыбауы мойнында" екенін әмісе естен шығармайды. Ақын үшін аса қауіпті дерттің бірі — өзін-өзі қайталау екенін де ол жақсы біледі.

Сөйтеді де өзі жүріп өткен тар жол, тайғақ кешу мен өзгелер таптаурын еткен соқтықпалы соқпақтардың өзінен өзіндік сүрлеу тауып шығуға тырысады. Басқаның ізін баспасам дейді. Содан да ол кітабының әр беті сайын поэтикалық күйтабағын үнемі ауыстырып салып отыруды да әсте ұмытпайды. Күйтабағынан кезекті бір келісті күй ескенде өзі де көтеріліп, өзгенің де еңсесін биіктетіп:

*Әлемнің әміршісі секілденіп
Отырам билік құрып патшадайын, —
деп бір түйіп тастап, одан әрі:
Ішіне кіріп алып ойдың қалың,*

Еліккен, желіккеннің қойдым бәрін.

Көтерген дүниенің төбесіне,

Тарқама, жыр-жәрмеңке, той-думаным! — десе, сен де елегізіп, қосыла кеткің келеді. Өйткені, өзің де осындай ойда жүргеніңді жақсы білесің. Ақындарды туыстыра түсер тылсым бір түйсік деген болады деуші еді, соның өзі осы болмағай! — деп қала бересің.

Жүрсіннің "Алматыдағы арбакеш" аталатын жай ғана тұрмыстық тақырыптағы шағын ғана бір өлеңі бар. Оны оқи бастап, мұндайды екі күннің бірінде кезіктіріп жүрміз, бізден асып не айта қояр деген де бір күдік қылаң бере көлденеңдей кететінін байқайсың. Әйтсе де оқи бастасаң "асығы алшы түспей ашқарын жүрген адамның арбакеш болып Алматының жарымын тасыған" күйкі тірлігі емес, арғы түбінде кісілік болмысты төмендетпей:

Тек, көңілім, кірленбе,

Білем әзір бағамды,

Жұрт сөз тасып жүргенде

Мен тасыдым адамды, — дейтін қоғамдық астар жатқанын аңғарар едің. Болымсыздың өзінен боталы түйедей ой тапқан ақын көңіліне тағы риза болар едің.

Осындай өлеңдердің бірі — «Абайға мұң шағу» топтамасындағы "Жиырма теңге".

Абай аға, мен дел-сал болып тұрмын,

Жанарында сенің де толып тұр мұң.

Оқулықтан көретін дидарыңды,

Енді ақшаның бетінен жолықтырдым, — дей келіп:

Түсінем ғой бәрін де...

Бірақ, аға,

Не бетімді айтамын жыр Анаға?

Енді сені жұмсаймыз шай-пұлға да,

Араққа да жұмсаймыз, сыраға да,

... Сенің құның болғанда жиырма теңге,

Менің құным көк тиын ағайынға!.. — деген түйін жасайды.

Тағы да денең дір ете түскенін аңғарасың.

Осы сарындас төбе шымырлатар қуатымен, шымыр шындығымен, поэтикалық типтілігімен көкейге барып қона қалатын жырлар Жүрсінде аз емес. Ол бәрімізге белгілі тақырыптың өзінен найзағайдай жарқ етер ой тудырып әкетуге шеберленіп алыпты.

Соған орай жыр қаһарманының жан сарайын қалт еткізбей қапысыз сүзетін көркемдік құралдарды орында қолдануға да машықтанып алған. Бұл кітаптағы қадау-қадау ой ұшқындары осы пікірімізді дәлелдеуге жарал-

ақ жатыр. Кешегіні бүгінге сабақтап, бүгінгінің көзімен ертенді ұқтырар тәсіл бар десек, сол кешегі мен бүгінгінің іштей ұғысар, ұласа түсер тамыры болашақты да мезгесе керекті.

Соның бәрін тәптіштей тере білетін ақынның басты бір мақсаты — сенің көкірегіңе бұғып жатқан вулканды ояту болса, Жүрсін дәйім ғана соған ұмтылып, ақындық қуат-күшін сол жолға жұмсап бағады.

Адам бойындағы табиғи нышандарға оқушы зейінін аудару арқылы асыл мен жасықтың ара-жігін ашып, нарқы мен парқын саралайды.

Өзі қатты қадірлеп сыйлайтын ақын ағасы Тұманбай Молдағалиевке арнаған *"Ұлытаудан оралдым"* — дейтін өлеңінде ол:

Бәйгеге жалғыз атын қосып інің,

Оралды Ұлытаудан осы бүгін.

Көңілге қаяу түскен жағдайы бар,

Айырып қасы кімін, досы кімін, — деп, күні кешелер өзінің халық депутаты болсам ба деп елге барып, тауы шағылып қайтқанын алға тартады да:

Құлансың тауып жүрген жырақтан нәр,

Деп едің алдыңда, інім, бір ақпан бар.

Шын екен. Мені қайтсін, Мен түгілі

Шалқадан Шоқанды да құлатқандар! — деп бір тоқтайды. Кейбір пенделік қылықтарға нали отыра, тағы бір тұста кейбір кеуделердегі шайыр болып қалған татты шайып кетіріп, сананы сілкіп алып отыратын от қызулы орнықты ойларға, нұрлы сезімге қарай қайта ойысады. Қалай етсе де көлеңке мен күнгейлердің тізгінін тең ұстап, жақсылықтың бәріне сүйсіндіре де біледі, өмір сәнін кетіретер келеңсіз құбылыстарға жирене қарауға дағдыландырады. Жүрсін поэзиясындағы драмалық тартыстың терең идеялық қуат-күші де осында.

Мен білетін Жүрсін "көбік те болса көп болсын" деп, болсын болмасын, оң жамбасына келсін келмесін онды-солды қалам сілтеп, төпелеп ұрып жаза беретін "ақындар" санатынан емес. Әуел бастан-ақ "аз болса да саз болсын" деген қағиданы қадір тұтып, айтары болғанда ғана, лықсып келген ойды ірке алмай, шірей тартқан шабытына шамасы жетпеген тұста ғана барып қолына қалам алатынға ұқсайды. Содан да барып оның әр өлеңі қырық күн бабымен бауырына басып шығарған қыран балапандай шымыр келеді. Көз алдындағы нұрлы бояудың өз басы, өз көңіліне лайықтысын ғана таңдап тауып ала біледі. Сол таңдап алған бояуының өзін келістіріп қана орнымен жұмсап,

қымбаттата жағуға автор дарыны бұл жолы да олқылық етпеген. Әлем-жәлем басы артық жамау да, бәрін қамтысам дерлік орынсыз жомарттық та сезілмейді.

Ендеше, қазіргідей кітап шығарғыштар көбейіп берген, газет-журнал беттерінен іліп алары шамалы солғын да сүреңсіз өлеңдерді күн сайын дерлік көре-көре көңіл күпті болып жүрген осынау бір өлара тұста Жүрсін Ерманның "Құдіретке жүгіну" кітабын әлденеше рет оқып шығуым соңғы кезде өзім тындырған бір ғанибет ісім болды дегенді айтып, бүгінгі сөзді осымен тәмамдай тұрғаным жөн шығар.

"Қазақ әдебиеті", 2006 жыл.

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР *немесе қайран да біздің ӘДІЛБЕК*

*Шола қарап алыс-жақын қыр басын,
өр еңсесін биік ұстап тұрғасын,
жақсы көргім, жақсы көрем, достар, мен
Алатаудың алыпқа тән тұлғасын.*

*... жарық бола түссінші деп дүние
Күн мен Айды көтеріп тұр ықпен.*

*... тұрады ылғи қасқайып та қасқарып,
тәкаппарлық тауға ғана жарасқан.
... табындырған аспанды да иіп кеп,
тұр емес пе төбесіне тиіп көк,
өзі ешкімге бас шюді білмейті,
сондықтан да көрінеді биік боп.
"Тау" өлеңінен
"Жүрегімнің шұғыласы" кітабы,
52-бет. "Жазушы" баспасы, 1982 ж.*

Осынау бір өлең жолдарынан біз білетін ақын Әділбек Абайдідановтың бүкіл болмыс-бітімі, туа бітті табиғи тектілігі, ақырғы деміне дейін айнымай ұстанған бағыт-бағдары, мінезі (міні де) алып-қоспасыз түп-түгел көрініп тұрғандай. Иі қанық әрбір жақсы өлең ақынның өзіне ұқсап тұрады деп жатпаушы ма едік, бұл да соның көзге ұрып тұрған айқын бір дәлелі.

Аумалы-төкпелі дүниеде әр кезең, әрбір дәуірдің өз келбетіне ғана лайық көркем сөзі, сол тұсқа құт боп

дарыған құнарлы поэзиясы болады. Бұл ретте еткен ғасырдың екінші жартысы қазақ өлеңі үшін мейлінше құт-берекелі, нағыз ғана ақ түйенің қарны ақтарылып берген жылдар болып еді десек, түк те қателеспейміз. Сол жылдары бірінің өкшесін бірі баса, қатарласа, қапталдаса келіп, "бес жас — бел құрдас" дерлік бір топ сайдың тасындай талантты ақындар Алматыда тоғысып жатты. Бірімен бірі жарысқандай, ауыздығын шайнаған асаудың басымен алысқандай болып әдеби ортаға жан бітіре келген бұл топтың ел көңілін елең еткізбеуі тіпті де мүмкін емес еді. Тоқаш Бердияров, Төлеужан Исмаилов, Ғафу Қайырбеков, Ізтай Мәмбетов, Қабдікәрім Ыдырысов, Еркеш Ибраһим, Әнуарбек Дүйсенбиев, Шәміл Мұқаметжанов, Мұқағали Мақатаев, Сағи Жиенбаев, Оспанхан Әубәкіров, Жүмекен Нәжімеденов, Құдаш Мұқашев, Әділбек Абайдіданов, оларға ілесе Бекен Әбдіразақов, Қосжан Мүсірепов, Жүсіп Қыдыров, Төлеген Айбергенов, Меңдекеш Сатыбалдиев, Сабырхан Асанов, көзі тірілерден Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, осы бір тұста біз де бар болсақ керек, Еркін Ібітанов, Қастек Баянбаев, Өтежан Нұрғалиев, Фариза Оңғарсынова болып, қазақ поэзиясының зеңгір көгіне бір шоғыр жұлдыздай жапырласа барып орналасқан болатын, сол орындарында мәңгі тұрақтап қала да берді.

Бұлар жай келген жоқ, өлең өлкесінің іргесін биіктете, керегесін кеңейте, ауқым-өрісін ұлғайта өсіріп, бұрынсоңды болып көрмеген тың серпін, тегеурінді екпінмен айналаны сәнге бөлеп, сәулеге орап, жарқырата келген еді.

Өлең-жырдың шалқар көшін бастап жүрген ағаларымен ә дегеннен жатсынбай, өгейсімей қоян-қолтық араласты да, өнер жайлауын еркін жайлап шыға келген. Бұл өзі сөз өнерінің қыр-сырына туа қанық, поэзия құпиясын аша түсуге қабілеті молынан жететін тегеурінді де телегей теңіз дарынды қайрат иелері болып шықты. Өлеңді еріккеннің ермегі емес, қоғам мен елге, отан мен жерге қалтқысыз қызмет етудің бірден-бір қапысыз құралы деп біліп, соның барлық азабы мен абыройы, ләззаты мен қапа-мұңы аралас қиын да қызықты, күдерлі де күрделі жолына төзіп-ақ бағармыз деп келген барынша білімді, өнегелі, өнімді әдебиет өкілдері екенін дәлелдей білді.

Сондықтан да олар қазақ поэзиясының күмбезін бұрынғыдан да биіктетіп қана қоймай, ар мен иман, азаматтық пен адамгершілік жолына бойда барын аямай

жұмсап, сол арқылы айналасының аузын аштыра, көзін жұмдыра отырып, адам басы айналар өнер шыңына қадау-қадау ту тіккен қайраткер деңгейіне көтеріле біліп еді.

Бүгінгі қазақ поэзиясы толысқан шығар, толған шығар, арғы-бергіні, алыс-жақын өнеге-үлгіні бойына сіңіре қабылдай отырып — тоғайған, молайған шығар, бірақ ең алғаш “тауды бұзып, тасты жара” салынған сол арнадан асып төгіле қойған жоқ, бұлтарыс, бұрылыстарға бөгелмей ілгерілей түсіп келе жатса, ол да сол бір алдыңғы буын ағалар салған қасқа жолдың арқасы. Оны кері дәлелдеп әуре болып жатудың керегі бола қоймасын екінің бірі сезеді де. Мана біз санап өткен ақындардың, іркес-тіркес тұтас бір ұрпақ-буыны салып берген іздің көмескі тартқан, айшығынан айырылып, ажарынан тайған кезі әзірге бола қойған жоқ. Өйткені олар тұла бойына құдайдың өзі дарытқан таланты мен дарынын, қайраты мен қуатын, қабілеті мен қауқарын өз елі, өз жерінің, туған топырағының қасиеті мен қастерін көтере түсуге, атақ-даңқын асыра түсуге аямай жұмсап бақты, соны ғана ғанибет санады.

Бүгінгілері әлі де алдына жан салмай, жүрісінен жаңылмай сол баяғы бағдарды маңдайға алып, алқымы іспестен ілгері тартып-ақ келе жатыр. Ұлт үшін, ұрпақ үшін қапысыз да қалтқысыз қызмет етудің озық үлгісі де осы еді. Сондықтан да олардың “қырық күн бауырына басып шығарған қыран балапанындай” серіппелі, шымыр шығармалары басқа жаққа көшірсе қалай болатынын қайдам, әйтеуір ең алғаш тамыр жайған тол топырағында солмай, сембей жайқалып, әлі жапырақ жая беретіні анық.

Сол таланттылар тобының кеуде тұсында біз тілге тиек етіп отырған Әділбек Абайділданов сынды ақынның жүргенін әзірше ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Жоқтан бар жасалынбайды. Ғайыптан тайып ғажайыптың да өз-өзінен пайда бола салмасы хақ. Ендеше Әділбек те екі аяғы салбырап аспаннан түсе қалған жоқ. Талдықорған өңірінің Ақсу, Сарқант жағында дүниеге келіп, алдындағы ақберен ағалары Лияс Жансүгіров, Қуат Терібаев, Ғали Ормановтардың інжу-маржан жырлары арқылы ауызданып, сол уызынан жарыған қалпында халық ауыз әдебиетінің шын ғажайып үлгілерімен өзгелерден ертерек, сонау бозбала шағында (Лепсі педагогикалық училищесінде) таныса бастайды. Оқығанының бәрін көңілге тоқи жүре, тал бойына сіңіре жүре, қызыға зерттеп, құмарта жаттай жүре өлең өлкесіне қарай ойысты да, келе-келе біржола тұрақтап тұрды да қалды.

Поэзия дегеніміздің өзі тіршілік атаулыны бөле-жарып жатпай қаз-қалпында қабылдай отырып, ұққаның мен түйгенің, жек көргенің мен сүйгеніңді көңіл таразысы арқылы қайта сүзіп шыққандағы жаңадан жан біткен тосын бейнелердентұрса керек. Өз еліңнің тарихы мен тағдырын, арғысы мен бүгінін ой елегінен өткізіп, уақыт тынысын жан-жүрегіңмен сезінгенде барып көңілдегі көрікті ой қорғасындай қорытылып барып, тосын да тың құбылысқа айналады. Ақын ол құбылысты ет қызуымен отырғанда өзі де сезбей қала беруі ықтимал. Даналық бұлағының бастау көзі, бұрқырап қайнар тұмасы, тәңірі тұтар өнеге деп жүргеніміз де ақыры келіп соған саяды. Алдыңғы толқын ағалар тәжірибесі, ізденісі мен іздері кейінгілер үшін көп үлгі. Әрине, әр мезгілдің бұрынғыға қарағанда артық па, кем бе, әйтеуір бір айырмашылығы, айрықша реңі болуы заңды, соған бас қойып, мойынсынғанда барып дәстүр жалғастығы бой көрсетеді. Рухтастық, тақырып аясының ұқсастығы деген де сол арадан шығады.

Мана біз аттарын атап өткен (есімнен шығып кеткендері болса кешірім сұраймын) тұтас бір буын (жас айырмашылықтары 6-7 жыл) өкілдерінің ішінде сол кезгі оқырман назарын өзіне бірден бұрып, шығармашылығының бастапқы кезеңінде айрықша ауызға іліккені де Әділбек Абайділданов болған. Әу баста біздің Әдекең әдеби шаруашылықта да, әлеумет ісінде де аса бір беймаза белсенділік көрсеткен еді. Әсіресе, "Қазақ әдебиеті" газетінің редакциясында қызмет істеген 1959-1962 жылдар аралығында әдеби жанрдың әр саласында өз қабілетін байқап көргенінің куәсіміз.

Әділбек Абайділданов Алматы облысының (бұрынғы Талдықорған) Ақсу, Сарқант өңіріне ортақ азамат. Өйткені ол 1932 жылы дүниеге келген Бақалы ауылы біресе Ақсу, біресе Сарқант ауданына қарап келген болатын. Ақсудағы орта мектепті, Лепсідегі мұғалімдер училищесін, одан соң қазіргі ұлттық университеттің филология факультетін тәмамдаған ол біраз жыл Талдықорған облыстық "Советтік Жетісу" газеті редакциясында абыройлы қызмет етті. Әдебиет ісіне белсене араласуы да осы тұстан басталған.

Айтары жоқ, Әділбек Абайділдановтың жеке бас тағдыры былайғы жұрт үшін соншалық бір қызыға қоярлық қым-қуыт оқиғаға толы, қою да күрделі көрінбеуі де мүмкін. Жоғарыда біз көз жүгірте сүзіп шыққан өмір жолы бір кезгі Александр Блоктың: "У поэта нет карьеры, у поэта — судьба" дейтін тас түйін өлшем-пікіріне де

сәйкес келе қоймас. Өлеңнен басқа өз қолымен жазып қалдырған өмірбаяндық деректері де мәз емес көрінеді, жұтаң, жұқа ғана. Қаламдастары мен замандастарының да Әділбек жайлы, оның шығармашылығы турасында көсіліп жазғандары аз, тіпті жоқтың қасы десе де болғандай. Өзі де оған аса бір көңіл қойып, құмартпады, білем, әңгіме арасында "Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап" — дейтін Абай сөзін жиі қолданатын еді. Соның шырмауынан шыға алмай қалса керек-ті. Өзі жайындағы жұрт пікіріне зәрулік таныта қоймауы да содан болар. Бірақ ол ең алдымен Ақын еді. Бәлкім, өзінен үш-төрт жас үлкендігі бар Ғафу, ит көйлекті ғана бұрын тоздырған Мұқағали, екі-үш жас кіші әріптестері Қадыр, Тұманбайлар сияқты айнала аты дүрілдеп шығып, атақ-даңққа бөлене алмаған да, олар шыққан биікке көтеріле қоймаған да болуы мүмкін. Бірақ сөзсіз ақын еді, ақын болғанда да ылдидан салса төсте озар, нағыз көсіле шабар кең тынысты, алымды да қарымды Ақын болатын. Ендеше оның да біз аңғармаған жұмбақ жағы, "ішкі тірлігі" — қамыққан, жабыққан, алданған, дағдарған, үміттенген, күдіктенген, бүлінген, сүрінген шақтары болуы әбден ықтимал. Біз үшін қарадүрсін өмірбаяндық құрғақ мәлімет-деректен гөрі осынау бір жұмбақтау жағы қызығырақ болып көрінеді. Соның бәрінен өлеңінен іздеуге тура келеді ендеше.

*Түгін де қимай тез өтіп
Кетті де қойды бұл бір түн,
Сыртымнан ғана сөз етіп,*

Сөз етіп тағы жүр қыртың, — деген шумақ астарында да біраз сыр жатқандай.

Басқалар қалай бағалағанын анық кесіп айта алмаймын, ал Талдықорған өңірінен өрбіген біз үшін, яғни соңынан ілесе шыққан Сайын Мұратбеков, Қастек Баянбаев және бірқатар басқаларымыз үшін ең алғашқы әдеби ұстазымыз Әділбек Абайдіданов болғаны ақиқат. Қалам күшін әр жанрда жаңа байқап жүрген сол кезгі жап-жас жігіт біздің талабымызға талап, жігерімізге жігер қосып, анық айқын жол сілтеп, сенімімізді ұлғайта түсуге барын салып баққан. Болашағымызға өзі де сеніп, өзімізді де, өзгені де сендіріп, жазғанымызды үсті-үстіне облыстық газет бетінде жариялатып, сол газет арқылы ашық пікірін қоса білдіріп отырды.

Өз басы соншалық талғампаз, аса кіді, кірпияз еді. Кейінгі біздер өзі туралы жаман ойлап қалып жүре ме деу-

ден сақтанатыны әрбір іс-әрекетінен аңғарылып тұратын. Содан да болар, бізді көбірек тыңдап, өз жазғанын оқып беруден тартына беретінін байқайтынбыз.

Біз болсақ оның сонау ең алғашқы жарық көрген шағын ғана "Салтанат" кітабымен-ақ қазақ поэзиясына романтикалық жаңа бір сарын, Ебі желіндей екпіндеп соғар, еркін де соны ырғақ ала келгенін жазбай таныған болатынбыз. "Біз" деп бұл жерде қазақ өлеңін сүйер қалың қауымды айтып отырмын. Өйткені жаңа бір жарқын жағалауға қарай құлашты кеңге сала сілтеп берген жас ақынның өзгеге ұқсамас мәнері, дауыс әуені елдің көбін еріксіз елең еткізгенін білеміз. Сол әуен, толастауды білмеген сол сарын оны үнемі іздендіріп, өсіп-ілгерілеуіне демеу беретін қуат-күшке айналды. Ғұмырының ақырына дейін сол жүрісінен әсте бір жаңылып көрген емес.

"Жер үстіне бір сызат түссе — ол ақын жүрегі арқылы өтеді" — дейтін Гейне сөзін өміріне өзек ете білген ақын өз заман, өз дәуірінің үлп еткен лебіне елеңдеп, дүние дүбірінің ешбірінен сыртқары қала алмады, уақытпен ұдайы ілесіп отыруды мұрат тұтты. Өзін өзі қамшылап, тыным тауып, тыныштық көрмей кетті. Бұл өмірде өлең-жырдан да өзге бір құдірет, басқа да тірлік, рахат пен ләззат бар дегенді есіне де алып көрген жоқ.

Тірлігі тауқыметсіз болған, шығармашылық жолында қым-қуыт кедергіге ұшырамай ғана, кедір-бұдырсыз қатқақпен сыдыртып өте шыққан ақын болыпты дегенді естіген де, көрген де емеспіз. Ондайлар табыла қалғанда да саусақпен санаулы ғана шығар-ау. Әділбек те сол: бірде өртене жанып, бірде өкіне налып ғұмыр кешіп еді.

Адам бойындағы ұсақ пенделік, қыбыр-жыбыр күйкі тірлік, әлсіз, әлжуаз әдет, екіжүзділік атаулымен алысып өтті. Жеңе алмасын біле тұра, қылышы да, құшағы де жете алмасын сезе тұра көзсіз ерлікке барды.

*Өзімді өзім жарардай,
Жұлып бір жердей шашымды,
Сөлін де сығып алардай,
Сығымдаймын кеп басымды! —*
деп те шамырқанған шақтары болыпты.
*Таң болып атамын,
Күн болып батамын,
Сол жолда лапылдап,
Жанам да жатамын! —* дейді енді бірде.
Ойы да ұшқыр, сөзі де уытты болатын еді. Алдын кес-

кестеген қауіп-қатер бар-ау деп ойламай қанды шайқасқа кіріп кете беретін баяғының батырларындай-ақ кілең бір көзге көрінбес қас дұшпанымен шайқасып жүргендей әсерге бөлейтін өлеңді де көп жазатын.

*... Мұндайда құдайын да тани ма ақын,
Жырымда тұр ғой менің табиғатым,
Лаулаған өртке де енем, серт те берем,*

Сен үшін соның бәрі, жамиғатым, — дейді сосын барып біраз сабасына түскенде.

Аллатағала оған әлемдегі тіршілік тынысын тамыршыдай дәл басып, соның ішінен елеп-екшеп өзіне керегін таңдай білерлік талант, айрықша сезімтал қабілет сыйлап еді. Соны шамасы жеткенше сарқа пайдалануға тырысты. Ірісі бар, ұсағы бар бас-аяғы 11 поэма жазған екен. Бір ақын үшін осы да аз олжа емес, әрине. Сөйте тұра мен үшін оның “Қыран” деп аталатын поэмасының орны ерекше. Бұл өзі кешегі Лияс Жансүгіров сарынындағы бір дем, бір тыныспен төгіліп түскен, бас-аяғы жұп-жұмыр болып тұтаса шыққан бүтін дүние. Туған жерін сүюдің, елге деген сағыныш-махаббаттың символындай құйыла салған бұл шағын дастанды оқып, кезінде қызықпағанымыз жоқ шығар-ау, сірә.

Әділбек қаламынан туындап, ақынның өзі иман етіп ұстанған поэтикалық әлемнен біз ылғи ғана жылт еткен жақсылыққа қуанып, қылт еткен қиянатқа күйініп шыға келетін кірпияз замандасымыздың болмыс-бітімін көргендей болатын едік.

Шабытты кезде шалқарың кеңіп, әлемде мынау нұр түлеп, селдейсің-ау бір сәуірдің бұлтын сапырып, күндей күркіреп, дидары жаздай қайран да менің қағаздай аппақ далам-ай, жатасың-ау бір нәсерді күтіп, жыр тілеп, — дейді ол рухтас ағасы Қалижан Бекхожинге арнаған өлеңінде.

Өмірге деген іңкәрлік, жарық дүниеге деген құштарлық, саф таза сұлулыққа сүйсіну ақын шығармаларында ар мен иман өлшеміне ұқсас желі болып тартылып жатады.

От болып кейде, шоқ болып мен де жарқылдап тұрған шақпақ ем,

Отымның бәрін өзгені жылытып отыру үшін жаққан ем,

Жүрегімді қолға шырақ қып ұстап, шырқау да шыңға шығарып,

Күндерге бір күн кетсем де сөніп, сол биікте өзім жатпақ ем!

Әр жол, әр шумақ ақын болмысының дербес өлшемі

сияқты болып тұруы керек. Сонда сен де иланасың. Шиыршық атқан сезім, орнықты ой, жігер мен жалын жетіспес, "рас-ау!" дегеннен әріге бармай, енжар ғана самарқау қала берер едің. Әділбектің балаң кезгі өлеңдерінің өзі-ақ жұрт арасында сан түрлі пікірталасын тудырғанын да білеміз. 1960 не 1961 жылдың жазында "Қазақ әдебиеті" газетінің бетінде "Бір өлең туралы" деп аталатын мақала жарияланды. Белгісіздеу бір автор тілін безей отырып Әділбектің сол кезгі жарияланған бір өлеңіне барынша шүйлігіп берген екен. Сөз саптауында бізге жат оқшау тосаң сарын бар, құлаққа көбі түрпідей тиеді. Тұщы етімізге ащы таяқ тигендей тіксініп қалып едік, Әдекең айылын жия қоймады. Басқамыз үдірейісе үрпиісіп, "бұ қалай?" десіп дүрлігісіп бергенде өзінің биязы мінез, жаз дидарлы жарқын жүзіне шаң жуытпай, жайраңдап жүре берді...

Көп ұзамай сол кезгі ғылым кандидаты, қазіргі әдебиет академигі, айтулы ғұлама Рахманқұл Бердібаевтың "Өлең – әдеби категория" дейтін жауабы да газет бетінде жарқ ете қалды. Рахаң өзіне тән қазымыр білгірлікпен әлгі сыналған өлеңді жілікше шаға отырып, жалпы поэзия деген қастерлі жанрдың арғы-бергісін шола, тереңнен тарта төрелік айтқан екен. Лаулап берген пікірталастың соңғы нүктесі де солай қойылған болатын.

Ол кезгі әдеби газетіміздің бетінде осы секілді пікір алмасу, ой бөлісудің талай бір жақсы нышаны байқалып жатушы еді. Кейін ғой, қайдағыны жиып-теріп, өнбес дауды қуып, бет жыртыса байбалам сала бастағанмыз...

Әділбектің жеке басы соншалық кіді, кірпияз екенін әлгінде бір құлаққағыс еттік-ау деймін. Киімді де таңдап киетін, тамақты да талғап ішетін. Тіпті ғұмыр бойына желке шашының өзін Алматыдағы бір ғана шаштаразға қидырып, басқасына әке десе бас сұқпайтынын білетін достары сыртынан күліп те жүруші еді: Алғашқы әйелінің төркінінен келген қызыл кәрлен кесесі ("Кәрлен кесе" дейтін өлеңі де бар) болушы еді, шайды да бір ғана сол кесемен ішетін. Әукесі салбыраған әлдекімдерше әйел соңынан салпаңдап ергенін көрген жоқпын, бірақ сылқым келіншек, сұлу қыз Әдекеңді көргенде үлбірей түсіп, үйіріле кетіп тұратынын сан рет байқағаным бар. Әйтеуір отыз-қырық жасында бір көрген адамға "ақын деген осындай болады екен-ау" дегізерлік-ақ жігіттің сұлтаны еді біздің Әдекен.

Оқта-текте таңды-таңға ұрып преферанс ойнайтын хобби болмаса, қалған тірлігін таза ғана әдебиет жолы-

на бағыштаған Ақын қырық жасқа жете бере бұрынғы белсеңділігінен айнып шыға келгендей болды. Аты жүреген, иті үреген әлдебіреулерден көрген жәбіріне төзбеді ме, әйтеуір неден түңілгені бізге белгісіз, Жазушылар одағының өзіне ең жақын сыйлас-мұңдас достарымен бірер сағат кафе-барда отырып қайту үшін ғана бас сұғатын. Тек ара-тұра өзі айырықша ардақтайтын Сәбең — Сәбит Мұқановқа атқосшы болып, Қалижан Бекхожиннің қасына еріп, партизан Қасым Қайсеновтың соңынан інісіндей ілесіп ел ішін аралауға шығатын. Сол сапарларының қай-қайсысынан да құралақан қайтпай, қоржын-қоржын ой арқалап, көңілі көтеріле, біртүрлі шабыттана шалқып-тасып оралатын. Бірер апта ешкімге көрінбей кетіп, сол әсерінің бәрін өлең-жырға тамызық ететіні болатын. Ақ маржан жырды едәуір төгіп-төгіп алады да, қайтадан сол бұрынғы бұйығы қалпына қарай ойысатын.

Ақкөңіл, әсіре адал адам еді. Дүниенің бәрі өз ойлағанындай кіршіксіз таза болуын қалады. Аспан да ұдайы ашық болса, адамдар да мейірман, көңілге дық салар көлеңкелі көріністерден ада тірлік кешсек-ау деп тілейтін. Өмір деген оған көне ме, бірақ. Өз дегенін істейді. Содан да барып өмірінің соңын ала қарап отырып қыж ете қалатын кінәмшіл болып бара жатқандай көрінетін маған. Жүрген жерінің бәрінде аңқылдап сөйлеп, асып көрініп, тасып төгіліп тұратын мінезінің өзін мін деп санайтындар да шыға бастады. Әділбек соның салқынын ертерек сезді, бірақ пенде баласын мойындамайтын өр мінез, туа бітті бекзат бітім уақыт ауанына қарай бейімделуге көндіре алмады. "Әдеке-ау, өмір деген ұдайы сіздің ырқыңызға көне бере ме, бала құсап мұныңыз не?" — дегендерге: — "Неге? Неге мен ойлағандай болмауы керек? Мен жамандық емес, жақсылық тілеп тұрған жоқпын ба, тегі!" — деп шынымен күйіне жауап беретін. Менен гөрі қасында көбірек жүрген марқұм Сабырхан Асанов Әдекеңнің сол салт-саяқ тірлігінен, адамға сенгіш аңқылдақ мінезінен, алды бар, арты жоқ ашуынан туындайтын көп қызық әңгіме де айтушы еді. Амал не, соның бәрі айтылған жерде қала беріпті...

*Өткелдің батпағы да, ұйығы да,
Түсіргі-ау ауыр салмақ шығыма,
Отыздан аса бере опық та жеп,
Тірелдім Гамлеттің тұйығына!* -дейтіні де содан ба екен?

Сол "Гамлет тұйығына тіреліп" жүрген шақтарының бірінде "Жазушы" баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев оны қоярда-қоймай қолқалап қызметке шақырды. Әртүрлі аудармалар жасатып, қаржы-қаражат жағынан тарықпауын да ойластырып, қол ұшын соза білді. Қарауындағы бізге де соны шегелеп тапсырып жүрді.

Бірақ кіріп-шыққан сайын күңкілдеп қалатын, жұмысқа бірер минут кешігіп келсе — қыбы ғана жымындасып құдайы беріп-ақ калатын пейілі тар әріптестерінің тұртпегіне шыдамады ма, дала тағысындай саяқ жүріп қалған әдет табандап отырар кеңсе қызметін аяққа оралғы көрді ме, әйтеуір бірер айға жетер-жетпесте Әдекең қағаздарын апыл-ғұпыл жинастырып, столдан тұрып кете беріп еді. Ертеңінде маған телефон соғып: "Сәкен, Әбекеңе кіріп, менің атымнан рахмет айтшы, бала-шағасының қызығын көрсін, елеп шақырып еді, ақтай алар емеспін сенімін. Әрі әркіммен бір ырылдасып отыруға да жоқ екем, тегі", — дегені бар.

Мен Әдекең сәлемін Әбекеңе шып-шырғасын шығармай түгел жеткіздім. "Апыр-ай, қызық жігіт екен ғой өзі!" — деп ол кісі бас шайқап күлген де қойған.

Міне, осы мінездің өзінен алақұйын ақын жанын, ақындық көңіл-күй тосындығын ғана аңғарып қоймайсың, суреткердің бізге жұмбақ тағы бір қырына қанығып, еріксіз қызыға түсесің.

Осындайда еске түседі, қазіргі "Заңғар" аталатын орталық әмбебап дүкенінің іргесіндегі бес бөлмелі пәтерінде салт басты, сабау қамшылы жалғыз тұрып жатқан күндерінің бірінде Қастек Баянбаев екеуіміз әдейілеп іздеп барғанбыз. Сыртқы есігі ашық екен, даңғарадай дәлізді бойлап ағамызды іздеп келеміз. Ең түкпірдегі бөлмедегі шағын кереуетте қаннен-каперсіз ұйқыны соғып жатыр екен. Тік көтере көшіріп әкетсең де сезер емес. Есігінің бұлайша күндіз-түні жабылмайтынын ауызша да айтып, өлеңінде де жазып жүретін. "Әй, ұры менің өзімнен басқа немді алады?" — деп те күлетіні бар еді. Шынында да бес бөлмелі пәтерде бір кереует, ас үйдегі стол мен орындық, 30-40 кітап сиятын қолдан жасалған шағын сөре, жазу столынан басқа жиһаз жоқ еді, "хоть шаром покати!" — дейді мұндайда орыстар.

Әдейі айтатынын, әлде шыны солай екенін білмеймін, әйтеуір оқта-текте бас қосып қалғандағы қысыр әңгіме үстінде: "Кітап та, газет пен журнал да оқымаймын!" — деп сіресе қалатыны болатын. Онысына біз кеп сене қоймайтын едік. Өйткені әңгімені әрі қарай күрделі

тақырыпқа бұрып, жалғастыра бастасаң — білмейтін пәлесі жоқ, саясатыңды да судай сапырып, қазақ, орыс, тіпті әлем әдебиетіндегі жылт еткен жаңалықты жаңғақша "шағып" аға жөнелетін. Соның бәрін кейбіреулеріне бетінен ғана қалқымай, әдейі зерттеп жүрген адам сияқты тереңнен тарта қозғайтын. Сонда әлгі "түк оқымаймынын" қалай түсіндік? Онысын біз өзінше елден ерекше, басқаша айтсақ, "оригинальный" болғансыған түрі деп түсінетінбіз, ақынның бала мінезіне апарып саятынбыз.

Кісіге сенгіштігінде дауа жоқ еді. Қасында ұдайы енгезердей грузин бе, чешен бе, әйтеуір қалың қабақты, сұсты да сесті қаба сақал, қауға сақал біреулер жүретін. "Бұлар кім?" деп сұрай қалсаң: "Достарым ғой, жүре берсін, зияны жоқ", — деп күліп қоятын.

Кейде, амал не, сондайлардың зияны да тиіп қалушы еді. Бірде маған телефон соғып: "Сәкен, Елена Ивановнамен ("Жазушы" баспасының көп жылғы кассирі) келістім. Ақшам бар еді алашақ, бір кісі жұмсайын, соны бергізіп жіберші" — дегені бар. "Әдеке, ақша деген жатқан бір пәле емес пе, өзіңіз келсеңізші!" — деп көріп ем, көнер болмады. Келісуге тура келген.

Әжептәуір қомақты соманы Елена Ивановнадан санап алып, жұмсаған жігітінен қолма-қол беріп жібергенмін.

Кейін білдім, сол ақша, біршама мол ақша қолды болыпты. "Көк базарға ет ала келуге соғып, сол жерде ұрлатып алыпты" — дейді Әдекең.

Әлгінің өзі пайдаланып кетуі де мүмкін-ау деген күдік қаперіне кіріп те шықпайды.

*Отырайық арақ ішіп, сыра ішіп,
Келсеңдерші хал-ахуал сұрасып.
Өмірім де сендер үшін, адамдар,
Көңілім де күндіз-түні тұр ашық.*

Әр өлеңді автордың бөлінбес бір бөлшегі деп білсек, ақынның кез келген адам бойлап бара алмайтын, сырт көзге көріне бермейтін де тылсым жұмбақ сыры, түсініксіз қыры болатынын аңғармау мүмкін емес. Әділбек өлеңдерінен махаббат пен достықтағы тұрақтылық, қарсылықтар мен таршылықтардың бәріне қанығып, бәрін де танып білер едің.

Ауыз әңгімені де тігісін жатқыза келістіріп айтатын еді. Ондайда қызылшырайлы сұлу өңі одан әрі бал-бұл жанып, шалқи шабыттанып, өзі де әсерленіп, өзгені де сөзіне ұйыта мүлгітіп, бөлек бір күй кешетін.

Бір кезгі әдебиетті насихаттау бюросының жолдамасымен облыс-облысты аралауға көбіне-көп Қасым Қайсеновпен серіктесіп шығады екен. Қасекең де әңгіменің майын тамызатын адам, бір өзі зал толы жұрттың аузын аштырып, көзін жұмдырып жарты күн жалықтырмай ұстай алады. Сол кісі осы күнге дейін: "Әділбек айтушы еді..." деп, нелер бір қызықты хикаяның тиегін ағытатыны бар. Мен соларын жазып алсам деп ылғи ғана оқталып жүрсем де, мойным жар бермеген күйі, салақсып келе жатырмын.

"Адам — сөйлескенше, ат — кісінескенше" деп жатамыз ғой, бірақ Әділбек құсап кімді де болсын бір көргеннен өз аузына қаратып, ә дегеннен үйіріп әкететін кісі сирек болар-ау, сірә. Бұл жөнінде "Қазақ әдебиеті" газетінде қызмет істей жүріп Нарынқол-Кеген жағына барған бір сапары жайлы жолдастары күліп отырып айтатын қызық бір әңгіме бар. Сол кезгі аудан басшысы Әдекеңді баяғы Гогольдің "Ревизорындай" орталықтан келген төрелердің бірі деп қалып, қоярда-қоймай үйіне шақырып, жатып жастық, иіліп төсек бола жік-жапар қызмет көрсетпей ме. Әңгіме барысы бұйымтай сұрауға тірелгенде Әдекең "Қазақ әдебиеті" газетіне жазылу барысын білгісі келетінін айтады ғой, баяғы. Аудан басшысы қолма-қол тиісті адамдарына тапсырма беріп, бұл жағы реттелген соң, қазіргі қызметі қандай екенін анықтағысы келетін емеурін білдірсе керек. Сонда Әдекең: "Е, сол баяғы "Қазақ әдебиетінің" редакциясы ғой" демей ме. Бастықтың бұдан кейінгі реакциясы айтпаса да түсінікті ғой, әрине.

Мен өзім де о кісімен бірер рет сапарлас болғаным бар. Сонда Әдекеңнің кісіні бірден үйіріп алатын алабөтен қасиетіне мен де тәнті болғанмын. Жазушы десе тыжырына қалатын неше бір үрген қарындай тырсиған шенеуніктер Әдекеңмен бес-он минут әңгімелескен соң тартылған көңдей болып қалыбына қарай ойыса бастайтын да, одан әрі танауы тесік тайлаққа ұқсап алдына түсіп алып елпілдейтін де отыратын. Әйтеуір қалам алдым ғой деп, әсіре мақтап жатқан ештеңем жоқ. Бір оқығанда күйректеу болып көрінетін өзіндік дара философиясы бар, үні, демі бөлек, қаласаң да, қаламасаң да кезінде жеке тұрар тұлғаға айналған, рухы күшті, иі жұмсақ Әділбек Абайдіданов дейтін ақынның болғаны анық. Басқасын былай қойғанның өзінде, біз мана бір шет жағасын сездірген "Қыран" поэмасын-ақ алайықшы. Бодандықтан

бостандыққа қарай сығыла шығып, алып ұшып, ағып ұшып
бара жатқан ақсұңқар құстың баласының шиыршық атқан
жан-дүниесін ақын:

*Қалды артында тұтқын үйі тозақ қасы
Кімге де ыстық көрінер өз от басы.
Әйтеуір бостандығын қолына алып,
Оу, дүние-ай, аңырады-ау азат басы.*

*Күйдіріп алай-түлей құйын ішті,
Байлауда бодандықтың уын ішті.
Жердегі байлап-матап ұстап келген
Аласа өмірден де биік ұшты.*

*Өзі боп көктің жалғыз өлермені,
Дауылға, жауынға да бөгелмеді.
Уа, дүние, бұғаудағы елдің бәрі*

Қыранның осы қалпын көрер ме егі! – деп жырлап, бүгінгі күнге олжа салып тұрғандай болып көрінер еді. Ал поэма өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында жазылған. Ақын біткен өзегін өртеген ауыр мұң, ащы өксігін осы сияқты аллегорияға орап ұсынуға да мәжбүр болған кезең еді ол. Әділбек сол жүрекжарды мақсат-мұратын осылай етіп дәл де дәйекті жырлап берген ақын болатын.

Сол ақын пәниден бақиға аттанғалы да жиырма жылға жуықтапты, ең соңғы өлеңдер кітабы 1982 жылы жарық көрген екен. Содан бері бірде-бір рет үлкен мінбе, жиынтойда аты аталып көрген жоқ, бірде-бір ескі-жаңа өлеңі жарияланған да емес. Бұл тұтас бір ұрпақ — бір буын Әділбекті білмей ержетті деген сөз.

Біреулер мұны ақынның тұзы жеңілдігіне саяды, біреулер: "соңында іздеуші, жоқтаушы, сұраушысы жоқ" десіп жатады. "Сұраушысы тұтаса жатқан қазақ халқы емес пе?" дегім келіп, тағы тартына беремін. Халықта да не қауқар бар, қолында әмір-билігі барлар халықтың қай сөзіне құлақ асып жатыр? Әйтпесе, "ағайын бек кеп" еді ғой деп, мен де біраз адамның құлағын шулата "ептеп айтып" көрген болдым. Хат та жазып, хабарласқан болып та жатырмын. Сірескен мұз сеңін сонда да жібіте алар емеспін, селт еткен жан баласын көре алмай-ақ келемін.

Міне, қазақтың сол бір басқадан бөлек жаралған даусыз даңғайыр ақынының туғанына 70 жыл толып отыр екен.

Нағыз бір аш қолтығы сәгілген, ащы тері төгілген тұста өмірден ертерек өткен ақынның артында асылдың сынығындай, ағын судың тұнығындай туындылары қалып еді, сол қат-қат кітап, қапшық-қапшық қолжазбасы кім көрінгеннің қолынан өте жүріп тозатын болды, не туған жерінен, не Алматы, Астанадан қол ұшын берер де ешкімді іздеп таппадық.

Әлі де атаусыз қала берер ме екен деп те қорқасың!..

2002 жыл

ШЕРАҒАҢ

Осы күнге дейін жұлдызымыз жұрт айтқандай оншалық жараса қоймай келе жатқан адамның бірі әйгілі Шерағаң – Шерхан Мұртаза ма екен деп ойлай беремін. Сөйте тұра, біреулер “неге?” – деп сұраса, оған да “себебі былай еді” деп айтар дәлелім тағы жоқ. Сәніміз келіспесе де, сәлеміміз түзу. Шыж-быж деспей, сыйласып келе жатқан сыңайымыз бар.

Мені Қазақстан Жазушылар одағына қызметке алған сол кезгі екінші хатшы Ілияс Есенберлин аяқ астынан зейнеткерлікке шығып кете барды да, оның орнына осы Шерағаң келген еді. Бұған дейін газет-журналдар редакцияларының басында отырып, онсыз да темірдей тәртіпке үйренген журналист атаулы жұртты бір шыбықпен айдап дағдыланған адамға Жазушылар одағындағы жайылыңқырап кеткен босаңдану тірлік жат көрінді ме деймін, болмаса бірден ықтырып, бұқтырып алуды ойлады ма, әйтеуір, қалай ойласа да, жаңа хатшы біреуге киліге, біреуге шүйліге келген сыңай байқатты. Шерағаңның сондай ытырылып тұрған, ентигі басылып әлі сабасына түсе қоймай жүрген күндерінің бірінде екі-үш күнге жұмыстан сұрана қалмаймын ба! Сейсенбі күні еді, “Жұма күні жұмыста болайын,” – деймін. Шерағаң бас изеп қана рұқсат еткен.

Мен айтқан сөзде тұра алмай, “бір күннің әрісі не, берісі не” дедім де, жұмысқа ақыры келесі аптаның дүйсенбісінде бір-ақ шықтым. Сол-ақ екен, аңдып отырғандай, екінші хатшы өзіне шақыртты.

– Бүгін қай күн? – деп сұрады Шерағаң ресми амандықтан соң түнере түксиіп отырған қалпы.

– Дүйсенбі ғой, – дедім күмілжіп, неге сұрап отырғанын да сезіп, ішім қылып ете қалғандай болды.

– Сен жұмыстан неше күнге сұранып едің?

- Үш күнге.
- Қай күні жұмысқа шығуға тиісті едің?
- Жұма күні.
- Екі-үш күн себепсіз жұмыста болмаған адамды қызметтен шығарып жіберуге болатынын білесің бе?
- Білмеймін.
- Білмесең, енді біліп ал. “Прогул” жазғызамын да, шығарамын жұмыстан.

“Өзілдеп отыр ма” деген әлдебір есекдәмемен күлімдеп, бастығымның көзіне қараймын. Жоқ, беті бұлк етер емес, өңінде күлкіден түк жоқ, түгін сыртына салып, сыздана қалыпты. Бұдан әріге мен де төзе алмай, өзім кінәлі бола тұра, шарт ете қалып:

— Е, мейліңіз, жұмыстан шығарғаннан басқа не істей аласыз, атып жіберем дейсіз бе? — дедім де бұртия бұрылып алып, жөніме кете бергенмін.

— Жазушылар одағынан кетуіме себеп болған осы оқиға ма немесе басқа бір жағдай ма еді, о жағын ұмытып қалыппын, әйтеуір, мен “Жазушы” баспасына кеттім де, Шерхан Мұртаза (онда Мұртазаев) “Қазақ әдебиеті” газетіне бас редактор болып ауысты. Арада айлар өтіп, тіпті, жыл түсіп кетті ғой деймін, бірде Шерағандымен ұзын дәліз бойында ойда жоқ жерден ұшырасып қалдым. Мен кішіпейілдікпен иіліп сәлем беріп жатырмын. Ол кісі менің қолтығымнан мыта ұстаған күйі (қолы да қарулы-ақ, тегі) алдына салып алды да, өзінің кабинетіне алып кірді.

— Отыр, — деді маған орын нұсқап.

— Отырдым. Өзі қарама-қарсы барып жайғасты.

— Сәкен, тегі, адамдар бір-біріне деген көңілін, ықыласпейіл, қалай қарайтынын біле жүргеннің ешбір ерсілігі жоқ. Айтайын дегенім... Қысқасы, маған сенің біреудің айтағына үрмейтін, айдауына жүрмейтін мінезің ұнайды. Соны айтып қояйын деп едім, — деді.

— Шәке, мен де Сізді... — деп келе жатыр едім, “қатты сыйлаймын” демекке оқтала бастағам, бірақ ол менің сөзімді аяқтатпай, шорт үзіп:

— Жә, Крыловтың “Қоразы мен Көкегі” құсамай, осымен доғара тұралық, — деп тұжырғаны.

Не дерімді емеуірінімнен таныған сыңай танытқандай болған. Арғы жағын екеуміз де езіп жатпай, “ендігісін айтпаймын, ішің білсін, алу-ай!” — деп тоқтадық-ау деймін.

Талдықорғанда тұратын, сондағы облыстық газетте жауапты хатшы болып істеп жүрген қаламы жүрдек журналист, әйгілі ақын Өтепберген Ақыпбеков бірде Алматыға

ауысқысы келетінін айтып, маған інілік қолқа салды. Бұрын бұйымтай айтып көрмеген рухтас інім еді, сөзін жерге тастай алмай, не де болса көрейін деп ойлап, мен де Шерағаңа бардым.

— Бір бөлім бастығының орны бос екені рас. ЦК-дан бір адамды тықпалап отыр, маған салса, алғым жоқ. Қаттырақ тізеге салып, тұқыртып жібермесе, көне қоймаспын. Онда сен айтып отырған азаматты жұмысқа алудың мүмкіндігі туып қалады. Бірер күннен кейін хабарласшы, — деп алды да, — айтпақтай, өзі бастығырақ болып, қызмет дәмін татып қалған жігіт көрінеді, бізді тыңдамай кетіп жүрмей ме кейін? — деп сұрады.

— Сізді тыңдамауға бір жеріне қарасын да алдымен, — дедім мен.

— Шерағаң күлді де қойды.

— Мен бұл әңгімені телефон арқылы Өтешке айтайын: "Сәтін салса, болып қалар, беті бері қараған сияқты", — демеймін бе баяғы. Шерағаңмен болған әңгімені түсіндіріп айтып, бірер күн күте тұруын сұрадым.

Сол күннің ертеңінде Шерағаң маған аяқ асты телефон соғып тұр.

— Әу, Сәкен мырза, біз не деп уағдаласып едік кеше? "Кейін" деген жоқ па едік. Мына жігіттің, міне, келіп, менің алдымда отыр. "Жұмыстан шығып, біржолата босап келдім" дейді. Не істейміз?

Мұндайды мен де күтпеген едім. Өтепберген де осынша асығып, тез қимылдар деген ой бола қоймаған. Хабарласады ғой деп жүргем.

— Не істеуші едіңіз. Келіп қалса, аласыз да жұмысқа! — дедім мен де "шіреніп".

Шерағаң ыңыранып отырып-отырып барып телефонды тастай салды.

Сол күннен бастап Өтепберген "Қазақ әдебиеті" газетінің бөлім меңгерушісі болып шыға келген.

Біршама жыл қатарынан сонда абыройлы қызмет атқарды-ау деймін.

Өз басым жазғанымды газет-журнал редакцияларына ала жүгіріп әдеттенбеген адаммын. Ал алда-жалда әлдебір газетке маңызды бірдеңе апарып ұсына қалсам болды, қашан сол жарияланып кеткенше дегбірсіздене беретінім тағы бар. Бір топ өлеңімді "Қазақ әдебиеті" газетіне ұсынып, ойлаған кезде шыға қоймай, ақыры болмағандықтан, бір күні бас редакторға кірейін. Өйткені бөлімдегілер сол кісінің алдында жатыңқырап қалғанын құлаққағыс еткендей болған.

— Шераға, менің өлеңдерімнің сіздің алдыңызда жатқанына көп болыпты, соның жайын білейін деп едім, — дедім.

— Жатқаны рас, — деп ол кісі асықпай отырып қобыраған көп қағаздың арасынан менің қолжазбамды да тауып алды. О жер, бұ жеріне белгі де салынған, мұқият оқып шыққаны сондайдан-ақ менмұңдалап тұр.

— Өлеңдеріңнің ештеңенің “но”-сы бар екен, — деп күшене ыңыранды бас редактор. — Сол үшін ұстап ем...

— Өлең дегеннің қызығының өзі сол “но”-сы ғой. Әйтпесе, кімге керек ол? — дедім.

— Солай дейсің, ә! Ол да жөн шығар. Жақсы, онда! — деп Шерағаң бадырайтып қолын қойды да, көзімше теруге жіберді қолжазбамды.

Шерағаңның “Егемен Қазақстанға” бас редактор болған кезі. Елде тұратын жамағайындардың бірі телефон соқты. Отбасы ауыр қайғыға душар болып, қорған іздеп әркімге барған екен, заң орны бар, басшысы, басқасы бар, біреуінің бүйрегі бүлк ете қоймапты. Аяқ асты пұшайман болып, дәрменсіздігінен амалы құрыған, не істеуге білмей дағдарған жер ортасы жасқа келіп қалған отағасы, “Жан қысылса, жақынын табады” деп, ақыры мені іздеп тапқан ғой. “Егемен Қазақстан” газетінде Қайнар Олжай деген жігіт бар, сол жігітті жібере алсаң, жақсы болар еді! Тексеріп, ақ-қарасын анықтап, араша түссін. Сол төңіректе жүрсің ғой, басқадай басар жер, барар тауым қалмай тұр”, — дейді әлгі адам еңірегенде етегі жасқа толып.

Істің байыбына қанып алып, мен де ыза мен күйініштен өртенердей күйде “Егемен Қазақстанға” барайын. Ескі досым Мамадияр Жақыпқа жолығып, шаруамды айтып көріп ем, ол: “Қайнар қазір бізбен сөйлесе қоймас, тыңдаса, тек бас редакторды тыңдар, сол кісі ғана шеше алатын жұмыс бұл”, — дегенді айтты.

Біреуге күнің түсіп, кібіртіктегеннен мүшкіл нәрсе жоқ. Бірақ амал қайсы, беттің арын белбеуге түйіп, тағы да Шерағаңа барайын. Сөзімді сабырмен тыңдап алды да, бірден Қайнардy шақырды: “Шұғыл түрде жолға шығуға тура келіп тұр. Қазір жүріп кетсең де жақсы болар еді. Қалғанын мына Сәкен ағаң түсіндіреді Құжаттарыңды реттетіп ал да, тәуекел деп тартып кет”! — деп қайырды сөзін.

Бас редактордан шығып, мәселенің байыбына қанып алған Қайнар: “Түсіндім бәрін, ертең ертемен жүріп кетем”, — деді.

Кейін ол осы сапарынан көлемді мақала да жазды. Жергілікті заң орындарындағы біраз былықтың бетін ашып, әділетке араша болуда үлкен жігіттік жасады.

Бұл жағдай басына қайғының қара бұлты үйірілген алыстағы азаматқа қаншалықты демеу болды, дертіне зәру болып, жарасын жаза алды ма — мәселе онда емес. Мәселе бұл жерде бас редактордың жанашырлығында, адам қайғысын айтқызбай ұққан кісілік қылығында тұр. "Түсіп жатқан хат та жоқ, әр адамның ауыз сәлеміне бола редакцияның бақандай бір белді қызметкерін қыруар жұмыстан қалдырып, командировкаға жібере алмаймыз ғой", — деп уәж айтса, мен не істей алар едім!.. Бармағымды тістеп, бетім қайтып, ағайын арасында да жерге кіргендей болар едім-ау...

Басқа да үлкен-кіші қаламдастарым сияқты, Шерхан Мұртазамен де оқта-текте ұшырасып қалып жүретінім бар. Сәлемімиз де дұрыс. Осыларды өзі біле ме, жоқ па, оңашада бір асықпай отырып айтып берсем бе екен деп те оқталған кезім болды. Бірақ адамға жасаған үлкенді-кішілі әрбір қайырымы үшін, қолынан келіп тұрған жақсылық-шарапатын тигізгені үшін мақтау күтетіндей ол цирк торындағы арыстан емес, азамат, қала берді қаламынан мың сан қаһарман тудырған жазушы ғой деймін де, өзімді өзім тежеп қала беремін. "Әй" дегеніне алғыс дәметіп, "әуп" дегеніне ақы сұрайтындар да бар. "Өзі жарымағанның сарқытын ішпе" дегендей, ондайлардан аулағырақ жүресің. Мардымсыздан май шықпайды ғой. "Бардан жұғады, балдан тамады" дейтін де сөз бар.

Мен бұларды Шерағаңнан басқа ешбір адамның қолынан келмейтін соншалық күрмеуі қиын күрделі шаруа еді демеймін. Азар бүгін егер шошқа болып кетпесе, екі жақсының бірі жасауға тиіс қайырым деп білемін. Іс басына да айналасына қамқор болуы үшін ойы озық осындай игі жақсыны тағайындап жатпай ма. Бірақ азаматтығын, басшылық қызметінің өзін бұлдап, қашан сенің бұйымтайыңды сұрағанша бәлденіп, бәлсініп бітетіндер де бар, оларға не істерсің!..

Бұдан көп жыл бұрын әйел-еркегі бар төрт-бес адам Жазушылар одағының дәмханасында кездейсоқ бас қоса қалдық. Ішімізде кімдер болғанын қазір түстеп айырып бере алмаймын. Әйтеуір ортамыздағы Шерағаның орнынан тұрып кеткісі келіп, қайта-қайта қопаңдай бергені

есімде. "Оу, отыра тұрсаңызшы"! – дегендерге Шерағаң қолсағатына қарап қойып: "Апырай, сыртта бір полковник күтпек еді, содан ұят болды-ау", – деп, дәміл-дәміл есікке қарап, елегзи берген. Сонда мен қарап отырмай: "Шераға-ай, немене соншалық, "полковник, полковник" деп дегбірсіздене бердіңіз. Полковник болса, қайтеді, сәл күте тұрар, Сіз болсаңыз, әдебиеттің генералы емес пе едіңіз?" – дегем.

Қатар отырғандарға қосылып Шерағаңның өзі де күлген.

Күлген де: "Әй, солай ма, болды, ендеше!" – деп енді елпілдемей, орнына нығыздала отырған еді.

Ол кезде "генерал" деген бізге аса бір қол жетпестей шындағы шен болып көрінуші еді. "Қазақта генерал неге аз?" – деп күйінетінбіз. Қазір генералдан көбі жоқ, тас лақтырсаң генерал мен академикке тиетін болды. Сондықтан Шерағаңдарды генералға теңеу де соншалық биік дәреже емес-ау деп ойлай беремін осы күні...

Сәлем дұрыс, сыйласым жақсы, бірақ жұлдызымыз жарасып, тонның ішкі бауындай әмпей-жәмпей болып кеткен ештемеміз әлі жоқ. Арамыз әлі де сол баяғы көзге көрінбес кіреукелі қалпында. Бір үйге жарық беріп тұрған екі шам сияқтымыз. Екеуі де қажет, бірақ бір-біріне жақындай алмайды. Біз де сырттай бірімізді біріміз теріс көрмейтінімізді сеземіз, бірақ туысып, достасып кете қояйықшы деп тырысып көрген емеспіз.

III-БӨЛІМ

ӘДЕБИ МАҚАЛАЛАР

МӘРИЯМ АПАЙ ЖАЙЫНДА *Туғанына 100 жыл толуына орай*

Сыбырлағанды Құдай естімей ме дегендей, болмағанды болды деп өтірік айтудың керегі бола қоймас. Мен Мәриям Хакімжанова апамызбен тірлігінде бәлендей сырласып, көп біле қойған да, сөйлесіп, сырласып көрген де адам емеспін. Алыстан атын естігеніміз болмаса, кезінде о кісінің кітаптарын да қалт жібермей қадағалай оқып отырып едім деп және өтірікші бола алмаймын. Кейін алыстан жүздесіп, бірде бас ие, бірде бас изесе сәлемдесе жүріп те ол кісіге деген сыйластығым мен құрметімнің біртіндеп арта түскені болмаса, қатар жүріп тіл айқастыра қойған кісілер емеспіз. Жалғыз рет қана, онда да Фариза Оңғарсынованың жетелеуімен ЖЕНПИ-де бірге болғанымыз бар. Ұмытпасам, ол қазір өткен ғасыр аталатын сонау бір жетпісінші жылдардың соңы болуы керек, Фариза маған телефон шалып, сол Қыздар институтында Мәриям апаймен кездесу болатынын, соған біз екеуіміз нөкер ретінде ере барып, шашбауын көтеруіміз керек екенін айтқан. Фаризаның мінезін біразыңыз білесіздер, өктем сөйлеп үйренген, сенің қолың бос па, жоқ па, ықылас-ынтаң бар ма, барғың келе ме, келмей ме деп сұрап жатпады, айтым – бітті, кестім – үзілді деп, тоқетерін бірақ қайырды да, көшеге шығып күтіп тұр деп, жолшыбай көлігіне мінгестіріп ала кеткен. Қасында Мәриям апам бар екен. Қысыла барып қастарына жайғасқам.

Менің анам Жұпар да 1906 жылғы еді. Сол кісімен жастары қатарлас екендігін білгендіктен де болар, кішілікпен қысыла барып сәлем берген маған Мәриям апам да бар ықыласымен бұрыла көңіл бөліп, хал-күй сұрады, көптен білетін кісідей-ақ өзіне бірден-ақ үйір етіп алды. Фариза сол еркін сөйлейтін замандастығын пайдаланып бірер рет артық-кем әзіл айтқан болып еді, оны да барынша сыпайы күле отырып, орынды тежей берген. Бұл кезде үлкенді-

кішілі ақындардың бірқатарымен танысып, үйірсек болып қалған кезім ғой, маған, шынымды айтсам, ол кісі ақын Мәриямнан гөрі, ана Мәриям ретінде көбірек ұнап, көңілімді өзіне көбірек бұра берген. Бір көрген жанды жүрегiнiң жылуына осылай орай қоятын адамдар да болады екен-ау деп ойлағам еріксіз.

Қараңыздаршы, шынында да талант дегеннің өзі де түрлі-түрлі бола ма деймін. Таланттың бір қыры дарын, бір қыры қабілет болар. Біреулер ел билеп, жұрт шүйлеу арқылы көзге түссе, енді біреулер инемен құдық қаза жүріп, оқу-білім жолындағы талантымен діттеген жеріне жетіп жығылып жатады. Ал енді осылардың ешқайсысына ұқсамайтын, жолыда, жөніде ешқашан түйіспейтін еңдара, биік, ауыр еңбекпен де екінің бірінің қолы жете бермейтін дарын — ол кісілік болмыс-бітім, сүтпен кіріп сүйекпен ғана шығатын туабітті мейірім, мейірімандық аталатын талант. Ол кім көрінгеннің маңдайына бұйыра бермейді. Кейде небір даңғайыр да дара дарын ақындардың өзіне таланттың осы бір қыры жетіспей жатады. Ал алда-жалда тал бойына сондай қасиет ұялай қалған адам ың-шыңсыз үндемей отырып-ақ айналасын үйіріп, иіріп, өз маңына топ-топтастыра, өз аузына қарата бұрып алып кетер еді. Ескінің көзіндей болып көрінетін ондай адамдардың тәлім-тәрбиесі, мейірім-шапағатын да, өнеге-үлгісін де, жұртына жасаған ықпал-әсерін де бір өлшемнің бойына сыйғызып, қолмен ұстай алмайсың, қапелімде нақпа-нақ, дәл анық анықтамасын берудің өзі де қиын. “Жақсы адам” дейтін өлшемнен гөрі оның ауқымы де кеңірек, ықпалы зор. Ондай адамдардың ізгілігі мен үлгісінсіз, ықпал-ықаласынсыз, ешқандай дарын өз бетімен өркен жайып, көгеріп, көктеп, жетіле түсіп кете алмас еді. Ондай адамдар болмаса мынау жалған дүниенің өзі күңгірт тартып, өнердің өзі де өңінен айырылып, көмескіленіп шыға келер еді. Сол алғашқы азды-кем жүздесуде Мәриям апайға қарай отырып, әр сөзін ықыласпен тыңдай отырып, мен осындай ойға келген болатынымын. Сырт қарағанның өзінде қарапайым дегуте келмейтін, келбетінде ұяндықпен бірге әлдене ұлылық белгісі де қоса ұялап тұрған апамыздың айнала жұртына осыншалық неліктен сыйлы, несімен сыйымды екенін де сол жолы там-тұмдап аңғара түскендей болып едім.

Кейін өлеңдерін оқыдым, замандастары мен қаламдастарының ол кісі жайында азды-көпті жазған естеліктерімен таныстым, тәлім көріп, тәрбиесін алған етжақын ізбасарларының әңгімелерін тыңдадым,

осылардың бәрі арқылы қазақ елінің бір ғасырға жуық мерзіміндегі әдебиеті мен әлеуметтік тірлігінің қызығы мен шыжығының бел ортасында жүрген, сол қым-қуығт рухани өміріндегі өзі қалдырған ізі де қатпарлы, алар орны да өзгелерден өзгеше Мәриям апай Хәкімжанованың ақындық, азаматтық, аналық бейне-бітімі сұлбадан тұлғаға қарай айналып, көз алдымда айдан-анық қалпында сомдалып, беки түскенін айта кетуге тиіспін. Кісіге бітетін зейін мен пейіл, аналық мейір, ізет пен ілтипат — Абай айтатын "нұрлы ақыл мен ыстық жүрек" айналасынан табылатын барлық табиғи қасиеттердің жиынтығы осы араға тоғысқандай еді.

Кісінің өзін білгеннен кейін барып, оның сөзіне де ден қоя бастайсың. "Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал" — дейді мұндайда Абай атамыз да. Кісі болмысын бірден танытар сол бір шуақты да қуатты сөздің Мәриям апай бойына даруы да кездейсоқтық емес екен. Қазақтың рухани тіршілігінде өз орнын ешқашан ешкімге де бере қоймайтын ұлы педагог Ыбырай Алтынсаринге шөберелес туыс болса, сол қатардағы тағы бір әйгілі педагог Спандияр Көбеевтің уәжін тыңдаса, алғашқы аяқ алыс тәлімді күні кешегі күллі қазақ аузына қараған Бейімбет Майлиннен алса, қанатының қатаюы жолында демеу болып, дем берген адамдары Сәкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіровтер болса, орнықты мінезі, ойлы көкірегі бар жастың тірлік жолын қателеспей дәл таңдауына Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, одан бергідегі ұлт әдебиетінің көсемдері Ғали, Тайыр, Дихан, Әбділда, Жақан, Қасымдар қол ұшын беріп, қатарлас қызмет атқарса, "әркімнің-ақ таласы бар" өлең сөз Мәриям апайдан қашып қайда бара қойсын-ау деп те ойлайсың. Аттары аталған, аталмай да қалған сол адамдардың барлығы бұл кісінің қас-қабағына қарап, көңілдерінен таса етпеуге, қатарларынан қалдырмауға тырысыпты. Сөйтіпті де, кей кезде артығырақ кетіп, оның иығына нар көтерер ауыр салмақ та артқан тұстары аз болмапты.

Мен сол алғаш жүздескенде ол кісінің отырыс-тұрысына, иманды жүзі мен ибалы мінезіне қарап, көз ашқалы таршылық дегенді білмеген, тоқпейіл, не ішем, не кием дегенді ойлап бас қатыра қоймаған дәулетті ұяның ұйтқысы-ау деп ойлағаным рас еді. Ал өлеңдерін оқи келе, ол кісінің де ауыр да азапты тірлікті бастан өткізгенін, көппен көрген ұлы той деп, сол бір таршылық пен тауқыметтің бәріне қайыспай төзе білген, өз бақыты

үшін күресуден жалықпаған, сол табандылығы арқасында ауырлық пен азаптың бәрін де жеңе білген адам болғандығына қаныға түстім.

Арғысын айтпай-ақ, сол кісінің жазушы Мағира Қожахметова құрастырып, "Ана тілі" баспасы осы таяуда шығарған биылғы үш томдық шығармалар жинағының алғашқы томына тағы бір үңіліп көріңіздерші. Сол кітаптың алғашқы беттерінің бірінде "Жиырма тоғыз" дейтін өлең бар.

*Августың жиырма тоғызы естен кетпес,
Сол күні төккен жасым мәңгі кеппес,
Бұлбұлым бақшадағы торға түсті,
Көзімнен ғайып болды қолым жетпес.*

*... Сол күннен тас жұтқандай жүрек ауыр,
Сырылып, сырт айналды дос пен бауыр,
Кінәсіз кінәлінің болдық бірі,*

Түтеп тұр қарсы алдымда қара дауыл, — деп басталып, өмірлік қосағының, отағасының жазықсыздан жау болып ұсталып кеткенін айтып, сол бір 1937 жылғы сталиндік зұлмат жайлы хабар ете келіп:

*Кетті ол, қалдық шулап өңкей жетім,
Жеп барады жүрегімді ішкі дертім.*

*Жақынсыз, жанашырсыз қалдық шулап,
Бәрін де жат қып қойды құдіретім!* — деп ішкі дертін ақтара, аңырай өксіп алады да:

*Амал жоқ, өмір заңы көнгім саған,
Ел-жұртым, өкпелеме сен де маған.
Жандым да жалт етіп бір, сөнгім лезде,*

Өзі іздер кейінгі ұрпақ гесе анам! — деп өзін-өзі сабырға шақырып, оқтам айтады. Осы бір "өзі іздер кейінгі ұрпақ гесе анам" деген сөзінде жатыр еді көп мағына-мән.

Осы өлеңге жалғас:

*Қапияда қақ төбемнен түсті жай,
Жарқ етті де, қалды сөніп Күн мен Ай.
Өзегімді өртеп өтті, өксітті,*

Бізді неге аямадың, ә, Құдай?! — дейтін оқырманның да еңсесін езер шумақтар түйдек-түйдегімен кете береді де, бұдан әрі:

*Мен жүрмін Қаскелеңде картоп қазып,
Балаларға табам ба деп қыстық азық.
Жарылып екі қолым күс боп кетті,*

Неден ғана қарғалдым, неден жазып?! — деп алады да, бұдан кейінгі өлеңінде:

*Өксу мен өкініште өтті-ау өмір,
Қайғымен қарауытып шерлі көңіл.
Кешегі лапылдаған ыстық жүрек,
Суыды, суықтығы бейне темір! —*

*Жас жетпей қырау басты самай шашты,
Улы ой өзегіме араласты.
Сұм өмір сылаң қағып сырт айналды,
Жаралап, келеке етіп қыршын жасты, — деп бір өтеді.*
Сөйтеді де бұдан кейінгі өлеңінде:
*Езілме, жүрек, езілме,
Шаршап жүрген кезімге.
Шыдамасаң өле қалшы,
Мазамды алмай, езіл ge! — деп шиыршық ата ширыға түседі.*

Бұл сүйіп қосылған жары Серғалидың он жылға айдалғанын естігенде Орынборда жазылған өлеңі екен.

Өз басынан өмірдің осындай ащы-тұщы азабын өткере жүріп, туа бітті мейірімдігінен, кеңпейілділігінен әсте көз жазып көрмеген Мәриям апай әдебиетімізге өзінен кейін келіп қосылған, туған сіңлісіндей болып кеткен Зияш Қалауоваға қаншалықты ізет-қамқорлық жасап, қол ұшын береді десеңізші. Өлеңдеріне қарасаңыз, өмірден қыршын кеткен Зияш үшін ол кісінің үйінің төрі қашан да бос, қолы да көңілі де ашық болғанын көреміз. 1941 жылы жазылған бір өлеңінде:

*Бүгін бізге Зияш келді кештетіп,
Жас баладай, жоқ сияқты есте түк.
Жаны жайраң, жүзі жарқын жас ақын,
Домалайды өлең болып сөзі тек.*

*Күн ge суық, салқын егі үйіміз,
Айтарлықтай емес егі күйіміз,-гейді ge:
Отырдық біз жарығымен майшамның,
Ауық-ауық айтты Зияш зарлы әнін,
Өз баламдай еркелейді сырласып,
Айтпаса да түсінікті сырды ашып, — деп сол көңіл-
күйінен де, тұрмыс-тірлігімен де хабар етеді. Осы сарын-
дас:*

*Бүгін міне, демалыс,
Зияшпенен жудым кір,
Секілді емес жәй таныс,
Секілді маған туған бір, — деп тағы да Зияш өмірінен дерек береді. Бұдан кейін де:*

Келді Зияш, кескіні оның тым жабық,

Екі көзден ыстық жасы тұр тамып, — деп басталатын өлеңі арқылы осы бір ақын сіндісінің тағдырына қабырғасы қаншалық қайысатынын білдірсе, осы өлеңнің соңына он жыл өткен соң барып, 1952 жылы:

Деп жылады басын сүйеп төсіме,

Бар генесі солқылдайды есіле.

Үш күн жатты қойнымда құшақтап,

Сол қылығы түсегі енді есіме, — депті.

Осы өлеңдерінен-ақ Мәриям апайдың мана бір сөз басында айтқан аналық ұлы мейірімі барынша ашыла, айқын көріне түспей ме! Әрине, азапты ауыр өмір де артта қалды. Өлеңінің, өнерінің, кісілік, кішілігінің арқасында қатарынан озды. Қайнаған тірліктің ащысымен бірге тәттісін де татып көрді. Бейнеттің зейнеті де болатынын дәлелдей алған еді.

Үш томдықтың ұзына бойында ақынның үлкен жүрегінің лүпілі, тамырының соғысы сезілері, көңілінің күн шуағы бар, сондай-ақ ол кісіні көрмеген адамдар үшін де кескін-келбет, бітім-болмысы түгел бой көрсетіп, көз алдыға келіп тұра қалғандай әсер қалдырары да сөзсіз.

Маған Мәриям апай Хакімжанова жұмыр жерді алдына алып, баяу да байыпты даусымен өмір жырын әуендерге айтып отырған, әддилеп отырған асыл Ана сияқты болып елестейді. Біздің әдебиеттің атасы бары белгілі, ағаларымыз да болған, ал анасы деуге лайық бір ғана адам, — ол осы Мәриям апай деп білемін мен.

Ендеше, осындай озат ойлы адамдарды тек қана 100 жылдық, 1000 жылдық мерейтойлары тұсында ғана еске алып қоймай, әртүрлі тақырыпқа бөле отырып, үлкенді-кішілі кітабын жыл сайын шығарып тұруды ойластырса болар еді. Аз да болса арзан бағамен кейінгі ұрпағының қолына үзбей жетіп жатса, нұр үстіне нұр болмас па?! Жазушылар одағында жыл сайын еске түсіру кешін өткізіп тұрса да артықтығы бола қоймас еді.

Менің досым Қоғабай Сәрсеке өзінің бір кітабында Қазақстанға кездейсоқ келіп бастық бола қалған Колбин Торғай жерін аралаған бір сапарында:

— Жангелдин деген кім болған? — деп сұрапты дегенді жазғаны бар еді.

Әрине, ол сөзді ұлты бөлек орыс өкілі айтқан шығар деп жұбаныш етуге болар. Ал, жылдар өте келе өзіміздің мырқымбай-сылқымбайлардың бірі де:

— Хакімжанова деген кім болған? — деп сұрап жүрмеуі үшін де сондай бір игі шаралар керек-ақ.

Мәриям апай 50 жасқа толғанда 1956 жылы жазған бір өлеңінде:

*Елу тұр ашып қақпасын,
Келемін мен де жақындап,
Көбейе түсті-ау ақ шашым,
Сыналар күнім жақын қап.*

*Елуте екі келмеспін,
Жартысы ғой жүздің ол,
Жүзге де келіп өлмеспін,
Келер ұрпақ, аман бол! — деген ақын. Бірақ өлген жоқ.
Келер ұрпағы аман-есен. Ендеше, өлмек те емес!*
"Әдебиет айдыны", 2006жыл

**ЖҮМЕКЕН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ҚЫРЫ МЕН СЫРЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ**
(Ақынның 70 жылдық мерейтойына жасалған баянда-
ма)

Жазушылар одағынан Берік Шаханұлы телефон шалып, Жүмекен мерейтойына орай бірер ауыз сөз айтсаңыз дегенде ойланбастан лып ете келісе қойып едім. Оған себеп, Жүмекен Нәжімеденовпен араласа сырласып, көп мұндасқан адаммын. Жігіт жасынан бергі әр жанрдағы барша шығармаларымен де таныспын. Кезінде ол туралы естелік те жазып, өлең де арнағанмын.

Бірақ не айтсам екен деп ойлана келгенде, әжептәуір тығырыққа тіреліп, біраз терлегенім де рас. Ортақол ғана таланты бар ақынды мақтау да оңай, даттау да оңай. Ысқырғаны да, қышқырғаны да ауыл-үй арасынан әріге ұзай қоймайтын ондай ақынды белгілі бір мерейтойына орай мақтап бере ғой десе, амалсыз болса да, ешқандай қиналмастан сыдыртып өте шығуға болар еді. Өйткені ондай-ондай ортақол ақын нені жазуды, қалай жазуды жақсы біледі, тақырыбынан әсте бір жаңылмайды. Айтпақ ой, идеясы да Абылайхан даңғылындай түп-түзу, бұрылыс-бұлтарысы болмайды. Олар кешегі кеңестік кезеңнің кемелдігін қалай-қалай асқақтатып әйдік жырға қосса, бүгінгі егемен еліміз жайлы да егіле сөйлеп, тәуелсіздік туралы төгіле берер еді. Тіпті тіл мәсслесін көтеріп, күн тәртібіне қойдыңыз бар ғой, алдына жан салмай сол жайлы өлең жазып, өлі-тірі шумақтарымен оқырман ойын шырмауықша шырмап алары және сөзсіз.

Ал шын мәніндегі қаламгер, туа бітті талант иесі туралы қисындырып айту қиынның қиыны. Олай дейтінім, бұларда алдын ала жоспарланған, "осыны да айтып тастасам-ау, осы тұста да бір көрініп, ел көзіне түсіп қалсам-ау" дейтін пенделік ой болмайды. Олар алдына ақ қағаз алып, жазу столына барып жалғыз қонжиган сәттерде де әлі не жазарын анық білмеуі, қарсы алдындағы қыр-сыры беймәлім тылсым дүниенің қақпасын қалай қағып, оқырман көңілін қалай селт еткізуді білмей дағдарып қалуы да мүмкін. Себебі оның қуанышы да дара, қайғысы да елден ерекше бөлек. Ол өз оқырманының аузына шайнап ас салмайды. Ойқы-сойқы, кедір-бұдыр қауқарлы дүниесін бөліп-жармай, қырнап-мінемей ғана сол кесек күйінде алдыңа ақтара салады. Езесің бе, егілесің бе, мүжисің бе, мүдіресің бе — әрі қарайғысы енді сенің өз шаруаң. Бірақ сен әжептәуір кідірсең де, тыжырынып теріс қарай алмайсың. Шетінен ұстап тамсанып, таңдайына сап татып көріп, енді өрі ысырып тастамай, сөлін сығып, тамтығы қалғанша талғажу қыласың. Кекірелеп тоймайсың да, кердеңдеп кері шегіне қоймайсың. Бұл шын ақынның өзі байқамай отырып саған тартқан табағы, тағдырдың дара сыйы.

Міне Жүмекен Нәжімеденов сондай алаулы поэзияның жалаң қылыш жалаулы иесі болатын.

Сонау бір өзімізден басқа пенде баласын менсіне қоймайтын жиырма жасар кезімізде-ақ Жүмекеннің "Балауса" деген бір өлеңін әлде қазіргі "Жұлдыз", әлде сол кезгі "Мәдениет және тұрмыс" журналынан ба екен, солардың бірінен оқып, оның біразымыздан гөрі тұңғыық терең, біразымыздан гөрі талантты, адуынды, дарынды, әйтеуір бір мен ғана емес, сол кезгі жұбымыз жазылмай жүретін бірқатар кеудемсоқ көбімізден гөрі шалымды екенін қалтықсыз мойындаған болатынбыз.

Осы жерде бұл өлең жазылған мезгіл өткен ғасырдың сол кешегі елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдарының басы, қазақ поэзиясына дарияның жарға соққан толқынындай болып, бірімен бірі жарыса, үзеңгі қағыса, алыса-жұлыса келіп жатқан жаңа бір қуатты толқынының тұсы екенін, өлең-жырдың арнасынан асып-төгіліп, буырқана ағып-құйылып жатқан кезі екенін еске сала кетудің оғаштығы жоқ. Сол арындылар мен дарындыларға қосыла ағып, су аяғы құрдымға көппен бірге сіңіп кете бермей, өз арнасында ғана лықсып, жеке дара толған, толысқан қалпында қала беру үшін де айрықша

бір тегеурінді қуат, талантты табандылық құдірет керек еді. Сол таланттың Жүмекенге молырақ дарығандығын бәріміз де іштей сезгенбіз.

Ақын да сол сезім, сол сенім үдесінен шыға білді, бізді де, бізден өзге оқырманын да алдамай, өзінің қысқа ғұмыры ішінде тоқырап тоқтамай, кідіріп-мүдірмей, кібіртіктеуді білместен ылғи ғана ілгерілеп, ізденіп, өзін-өзі қамшылай отырып көп пенде қызғанып та, қызығып та қарайтын биік шыңның басына қарай тынымсыз өрлей берген еді.

Әлдебір ақынды мақтағанда "өлеңдерінен өзі өмір сүрген уақыттың тыныс-демі сезіліп тұрады" деп те жатамыз.

Ол қандай тыныс, қандай дем? Әудем жерге еңтігіп қалар ептілік пе, алаөкпе асығыстық үстіндегі алқыныс па, оны ажырата айырып жатпаймыз. Жүмекен болса, қашан да өз демімен тыныстайтын, жалтара сөйлеп, жасқана қарауды білмейтін, шындықтың да, жалғандықтың да көзіне тайсалмай тура қарайтын жаратылысы да, қалам сілтесі де бөлек ақын еді.

*Анау келген кім болды екен, біліп келші кім екен,
Батырлық па? – өз төрімде күтіп алам, түнетем,
Байлық болса қулау болар, тура қара көзіне,
Кімде болса алдамасын, алданбасын өзі де,
Қайғы болса – артында оның қуанышы бар шығар,
Бірі кірлеп, бірі жуып, кеудем менің аршылар.
Бақыт болса – денем әлсіз, көтере алман (өз ойым)
Арман болса – өмір бақи арқалайын, төзейін
Адалым боп арнап келсе – барым әзір, көңіл хош.
Түсір жылдам, атын байла, қырауын қақ, тонын шеш.
Шындық болса – кілем төсе, дастарқаным жаямын,
Жалғандық па – тулақ таста, сүртіп кірсін аяғын.*

Бар болғаны он екі жол өлеңде қаншама салмақ жатқанын аңғарып отырған боларсыздар. Бұл жиырмадан жаңа ғана асқан, әлі өзі де балауса, балғын дарынның айтқаны еді.

Өмір дегенді, тіршілік дегенді тыныштық түске де кірмейтін мәңгілік майдан деп білем. Ақ пен қараның аяқталмас арпалысы. Баяғы ақ пен қызылға бөлінген азамат соғысы сияқты. Ақ жағында Ар мен Иман, Ар мен Ұят, Ар мен Ождан, ал қара жағында қатыгездік, қанышерлік, зұлымдық, зәлімдік, арсыздық, бетсіздік дейсің бе, ойдан-қырдан жиналған қара ниет қаныпезерліктің бәрі бар. Жүмекен сол ақ жағының өлмей беріспеуге бел буған, әлгі айтылған Ар мен Иманды, оған қоса Ақиқат пен Шындықты

қорғау үшін ғана туған жалаңтөс жауынгері, серттен таймас сақшысы еді. Оның жолында алтын да жатты, алдау мен арбаудың да алуан түрі кездесті. Бірақ пенде болып соның біреуіне ыңғай танытып, бір сәтке кідіріп, бір сәтке мүдіріп көрген емес, аңырған да, жаңылған да кездері болған жоқ. Күні-түні кірпік ілмей әлгі айтылған таза ғана адами қасиеттерді аярлықтың бар түрінен қорғай білді. Ауытқи айтқан, кездемей атқан жері жоқ. Оны біз сияқты дос-жарандары ғана емес, көзіне күлімдеп, теріс қарап тыжырынатын күншілдері мен күңкілшілдерінің өздері де ерте, тым ерте мойындаған болатын.

Жоғарыда мысалға келтірілген өлең жолдары осы сөзімнің айқын айғағы сияқты естіледі.

Мен бұдан әрі Жүмекен өлеңдерінен мысалдар келтіріп, керек тұсына тықпалап отыру арқылы сөзімді шұбарлай бергім келмейді. Жүмекен өлеңдерінің біреуін оқып шықсаң болды, "мен де бармын ғой" дегендей екіншісі емініп, енді мені оқы!" — деп үшіншісі сұранып шыға келеді. Оның үстіне Жүмекен өлеңдерінен үзіп-жұлып мысал алу қиын, аузыңа алсаң бастан-аяқ түгел оқып шық, әйтпесе жігін бұзып, дәмін кетіріп әуреленбей-ақ, тиіспей ғана қоя салған дұрыс.

Әр ақынның тағдыры да, әдебиеттегі жолы да бірі біріне ұқсамайтын, әртүрлі болып келеді. Бір жыл туған төл, бір мезгілдің перзенттері, Кеңес мектебінде оқып келмеденген Қадыр, Тұманбай, Жүмекен үшеуін ғана алып қараңыз. Үшеуі құрдас, кезінде сырлас та, мұңдас та болып, қатар жүріп қуанып, жастық атты ортақ мерекені бірлесе жүріп бірге тойлаудары да ықтимал. Бір мезгіл, бір кезеңнің ақындары. Заманы ортақ, қоғамы ортақ, бірақ сырт пішіндері, бет-бейнесі, мінез-құлықтары бір-біріне қалай ұқсамаса, жазу-сызу жағы да әрқилы, кереғар, бір-біріне мүлдем жақындаспас еді.

Қадырдың ұрымтал тұстан қосылып, көбіне ұтып шығар уытты ұтқырлығы, Тұманбайдың қақаған қыста да қалтырамай, шілделі жазда пысынап-терлемей, қашан да болсын бір түсті жайдарлығы арқылы аңқылдап әрдайым алда жүретіндігіне енді Жүмекеннің, өзі қайталап көп айта беретін, қоңыр ғана көңіл ауанын, сен тыңдап отырсың ба, жоқ па, онда ісі болмай, домбырасының құлақ күйін белгілі бір не жайдары, не қапалы әуенге қарай ыңғайлап алып, өзімен өзі бола, сонымен қатар тұтас дүние тылсымы жайында шымырлап қайнап, ұдайы тереңге тарта беретін тұңғиық тірлігін салыстырып көре аласың ба?

Мен салыстыра алмаған болар едім.

Өзінің жалғанды жалт қаратар жаңалығымен де, туа бітті даралығымен де жұрт көңілін ә дегеннен баурап, бірден-ақ жаулап алып, өзіне табынған оқырманын енді қайта құшағынан босата қоймайтын да ғажайып Поэзия бар.

Ал Жүмекен Нәжімеденовті, араға уақыт сала отырып, ара-тұра болса да қайталап оқымай, "әй, сол бір тұсы қалай еді?" – деп, қайыра соғып, қайырылып отырмай тұтас күйінде Қабылдай қою да, елти қою, еліге қою да қиын. Ол үшін бір кезде "Қазақтың бас ақыны" – деп Абайды барынша жан-жақты, барлық қырынан қарап түсіндіруге тырысқан Ахмет Байтұрсынов сынды тағы бір ғұлама керек болар еді. Күні кеше ғана "Әдебиет айдыны" газетінен Сейілғазы Әбдікәрімов ініміздің Рамазан Тоқтаров жайлы мақаласын оқып ем, сонда ол: "Жазушы туралы әлде не сөз айту үшін сол жазушының барлық шығармасын түгел оқып шығу керек" – деген екен.

Бұл дұрыс қой, бірақ Жүмекен шығармаларын түгел оқып шығуға бір адамның төзімі де, білім деңгейі, қабілет-қарымы да жете қоймас еді. Сондықтан оны өзгеге түсіндіреміз деп арам тер болып жатпай-ақ, ұдайы ғана еске алып, дүрсін-дүрсін кітаптарын қайталап шығарып, жұрттың бәрі қайырыла қайталап оқып жүретін деңгейге көтере білуіміз керек. Қанша ішсең де шөліңді бір қандырмас мөлдір таза бұлақ суындай оның өлең-жырларын да үзбей оқып, сіміре беруіміз, бойымызға сіңіре беруіміз керек. Сонда ғана Жүмекенді танып-білетін боламыз. Сонда ғана тұтас қабылдап, дұрыс бағалай білетін боламыз.

Өзінің оң жамбасына келетін ыңғайда Жүмекеннің айтқанын әдебиетке оның өкшесін баса іркес-тіркес келген сол Төлеген, сол Өтежан, сол Қастек, сол Сабырхан, сол Фариза, тағы басқа бірқатар тума таланттар да айтқан болар, айтып қана қоймай, тіпті кей тұстарда сол ойды одан артылта да, жетілдіре де түскен болуы ықтимал. Бірақ өмірдің қағаберіс қалтарыстарының бәрін түгел тұтас шолып, соны қаузап түсіп, барынша терең, барынша жан кешті қазымырлықпен қапысыз жырлау жағына келгенде Жүмекеннің алдына ешкім түсе алмасы және кәдік.

Жүмекеннің өзгеге ұқсамайтын тағы бір ерекшелігі – әр өлеңінде жататын зілбатпан ойдың молдығы еді. Әрине, ойсыз, сезімсіз поэзия болмасы хақ, әрбір дарын иесі өз жазғанын нақтылы бір ойға қарай ыңғайластыра, жымда-

стыра құруға тырысатыны белгілі, бірақ кейде тек соңғы екі жолға ғана, "концовка" деп жүреміз ғой, салмақ салып, басқа шумақтарын сол тұрғыда қажет болар қалқа ретінде пайдаланатын ақындар да бар. Солардың біреуінің қолына тисе Жүмекеннің әр шумақ, әрбір жолының өзінен жұтынып тұрған жаңа өлең жасап шығар еді. Бұл қалам ұстап жүрген көбімізге бұйырмаған қасиет, феномендік құбылыс деп бұрын да айтқанмын, тағы да қайталаймын.

Жүмекеннің әр жолы бір қаралық ойға толы кез келген өлеңі кемі 200-300 беттік роман-хикаялардың жүгін иемденіп, иемденіп қана емес, арқалап та тұр.

Соған қарамастан ол өз қуат-күшін, қарымы мен дарынын қара сөзде де сынап көрмекке кірісіп, бірінен кейін бірі "Ақ шағыл", "Кішкентай", "Даңқ пен дақпырт" деп аталатын көлемді-көлемді туындылар берді. Ел-жұртқа ақындығымен, ақын болғанда да алдына жан салмас асқақ тегеурін, алып тұлғалы ақын, өзінің мықты екенін, әдебиеттегі, әсіресе қазақ жырындағы үлес-салмағы қанша екендігін жақсы сезетін ақынға өзге жанрға қарай кілт бұрылыс жасау оңай болмас еді. Бірден ғана төтелей тартып, көркем прозаға барып сол тұрғыда танымал болған замандас-қаламдастарына өкпе тұстан қосылып, жарыса кеткен Жүмекен бұл ретте де табыссыз емес еді. Мен оның прозалық шығармаларындағы кейде көрінер, кейде көзге көрінбей-ақ өзінің барын сездіріп тұратын детальдар тоғысына тәнті болғанымды айтар едім. Зейнолла Серікқалиев сөзімен айтсақ, "Әлі зерттелмей жатқан" бұл шығармалардың да сөйлейтін, өзі туралы сөйлететін кезеңі келеді деп ойлаймын.

Көңілге қандай да бір қозғау салмайтын, толғандырып-ойландырмайтын, тебірендірмейтін, сенің бойыңа да тосыннан дүлей желік бітіріп желпіндіріп әкетпейтін өлең-жырдың ешқайсысын шынайы дарынға телу қиын. Сенің де шабытыңа шабыт қосып, жан-дүниенді қайрақ бола жанып, ынтаңды оятып, жазуға құлшыңдыра түспесе ол Ақын емес, Ақын атын иемденіп жүрген жай ғана өлеңші. Амал не, бұл таңда сондай өлеңшілердің бағы жанып, көптеген тау тұлғалы дарынымен, адамшылыққа жатпайтын қисық-қыңыр қылықтың бәрін жасқар арғымақ арынымен көрінген таланттар қағаберісте қалып жүр.

Ал Жүмекен сияқты ерлікті айтсын, өрлікті, кемелдік пен кеңдікті жырласын, батыр кегін, ақын сертін сөз етсін, шері мен мұңын қозғасын — көкірек жарған барша бет шар-пыр қызулы қуат-жалынымен іркілмей толғайтын

Ақын көлеңкеде қалуға тиіс емес еді. Кейде бір көсіле кетіп төгіле сөйлесе де, еңсеңді езе, егіле сөйлесе де сені бейжай, бойкүйез қалдырмай, ішкі әлеміндегі аласапыран алмайып күй-құбылыстың бәрін ақтара білетін шебердің соңында қалған мұрасына абай болуымыз керек-ақ.

Амал қанша, біз көп-көп жақсы ақынды тек дата-датаға бөлінген 70, 80, 90, 100 жастары тұсында ғана елеп-ескеріп, кейде тіпті үлкен-кіші демей жүгініміз де, той тарқаған соң "ұмытып" кете береміз. Жақсының жақсылығын айту аясында "алтын еді" деп әрбір жаңа ұрпаққа жүздестіріп, кездестіріп отыру неге ғана мерейлі тойға барып тірелуі керек?

Сондай-ақ исі қазақ мойындаған, "еліндегі жақсың кім еді?" дегенде ауызға ілігер ірі тұлғаларды атап өтуге келгенде: "Ол Атыраудан еді, мынау Алатаудан еді, сол жақ қана атап өтсін деп, тау тұлғаны төбедей етіп кішірейтіп, бір аудан, не ауыл құшағына қарай итере салатынымыз да бар. Осыдан 4-5 жыл бұрын, Алматы облысы әкімшілігінде істеп жүріп, қала түбіндегі Талғар ауданында Жүмекен Нәжімеденов күндерін өткізсек деп, біршама талаптанып көріп едім, қолдау таба қоймадым. Тағы да сол "Ол Атырау жақтың азаматы еді ғой, соларға неге хабар салмайсың одан да?" — деген керенау қылыққа кезігіп, амалсыз кері шегінгенім болған.

Мен, әрине, әр тұста, әртүрлі жағдайға орай Жүмекен творчествосын сөз етіп, қомақты ой-пікірлерін ортаға салған Әбіш Кекілбай, Қадыр Мырзалы, Зейнолла Серікқалиевтерден асыра бірдеңе айта қоюды мақсат тұтқан емеспін. Қырық қырлы, бір сырлы ақын шығармашылығын аз сөзбен талдап шығу мүмкін де емес еді. Тек Жүмекеннің насихатшысы, оның шығармаларын қалың елге таныстырудағы үгітшісі ретіндегі азды-кем ойларымды ғана ұсынып отырмын.

Жүмекен атын әлі де өз талантына лайық деңгейге көтере алмай жатырмыз, соған бәріміз болып атсалыссақ деген пікірімді білдірмек болдым.

Осы жерде еске түседі, француздың әйгілі жазушысы Андре Моруаның бір жазғаны бар еді. Ол алыс-жақынға белгілі ағылшындық Герберт Уэльстың 60 жылдық мерейтойына қатысу үшін Лондонға келеді ғой. Кеш өтетін залда әлемге танымал тағы бір дәкей драматург Бернард Шоуды көріп, қасына барып сәлем береді де: "Бүгінгі бағдарлама сценарий бойынша сізден кейін мен сөйлейтін көрінемін" депті. Сонда қыңыр сөзден кісіге есесін жіберіп көрмеген

Бернард Шоу тұрып: "Апыр-ай, қиын болған екен, неде болса менен бұрын сөйлеуің керек еді, өйткені менен кейін айтылар сөз қалмайды ғой деп қорқамын?" — деген екен.

Сол айтқандай-ақ, Жүмекен жайлы менен кейін де сөйлейтіндер, сөйлегісі келетіндер бар шығар, солар айтар да бірдеңелер қалсыншы деген жақсы ниетпен мен де өз сөзімді аяқтай тұрмақпын.

2005 жыл, қараша

БІЗДІҢ ҚУАНЫШБАЙ

Алпысқа кім келмей жатыр, аман-сау жүрген адамның алдынан әп-сәтте шыға келетін биік бір белес қана ғой ол деген. Қуанышбай, тек, біздің қатарымызға біразымыздан кейінірек келіп қосылды да, "қолда өскен бураның тайлақ аты қалмайды" дегендей, біз үшін әлі күнге ботатірсек бозбала сынды болып көрінетіні бар. Содан ғой, алпысқа келіп қалыпты-ау деп таңырқап жатқанымыз. Әйтпесе, ол жай ғана көптің бірі емес, көп ішінде ерекше көзге түсер көрнектісі. Оған ешкімнің дауы жоқ. Аралас-құралас ағалары да, іліп-қаға қажасып жүретін әзілі жарасымды достары да, құрметпен қарайтын інілері де көп. Оны әрдайым арқаға қағып аялап келе жатқан Шерхан ағасы, Тұманбай, Қалдарбек сияқты көкелері де қағыта сөйлеп, қауқылдасып жүргендері. Қашан көрсең азу сала қалжыңдасып, тіресіп, "тістесіп" жататын Қадірбек, Бексұлтан, Серік Әбдірайымов, Ақселеу, Дулат Исабековтердің жөні тіптен бір бөлек. Олар кейде маған Қуанышбайды "жуас түйе" сияқтандыра жүндеп жатқандай да болып көрінетіні бар. Бірақ, әбден еті үйреніп, көңтері де көнбіс болып кет — кен бе, артық-кем айтыла беретін әжуа-мысқылдың біріне қыңқ етіп көңіл бөліп жатқан Қуанышбай да жоқ, сол былық етпеген қалпы сирек мұртын ширата бір сыйпап қойып, миығынан мырс ете күліп алады да: "Ауыз өздеріңдікі, айта берсін!" — деп міз бақпай отыра береді.

Басқалар сияқты артық-ауыз әзіл-оспаққа барыспағаныммен, мен де Қуанышбайды, міне, қырық екі жыл бойына танып-біліп келеді екенмін. Ең алғаш біз "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас алаш") газетінің редакциясында, 1960 жылдың жазы аяқталар тұста танысып едік. Біздің редакцияға тікенек шашты, тікшелеу көзді уыздай

жас балаң жігіт аяқасты тап болған. Хат бөлімін басқаратын Салық Молдахметовтің колтығына кіре жайғасып, бір бұрышта бұйығып қана үндемей отыратын еді. Өңкей ғана "сен тұр, мен атайын" деп жаланып тұрған сол кезгі жас пері журналистер бастапқы әзірде оған тіпті көңіл бөліп қарамады да ғой деймін. Тек әркім-әркімнің: "Салықтың інісі көрінеді, хат тіркеуші етіп орналастырыпты" — десіп жүргендерін естігенбіз. Жасымыз да үлкен, кім көрінгенді тең тұтып, қатарға ала қоюға да құлықсыздау кезіміз еді.

Сол жылы қыстың басында мен ауылға қарай қайта қоныс аударып кеттім де, Қуанышбаймен етене қауышудың да, дұрыстап танысудың да сәті араға он шақты жыл салып барып түсіп еді.

... Мен сөйтіп араға біраз жылдарды салып Алматыға оралғанда Қуанышбайдың едәуір ілгерілеп өсіп, өз тұстастарының кеуде тұсында жүргенін байқадым. Әскер қатарында болып қайтқан, офицер. Журфакті сырттай оқып бітірген, сол өзі еңбек жолын бастаған "Лениншіл жас" редакциясында бөлім меңгерушісі екен. Бұл кезде әбден ысылған, көпті көріп көсем бола бастаған, пісіп қатқан азаматтың бірі болыпты. Содан бергі тірлікте біз бір-бірімізден көз жазбай, аға дос, іні дос болып, бауыр-туыс болып, қапталдаса, қатарласа ғұмыр кешіп келе жатыр екенбіз.

Қуанышбайдың жұрт назарына көбірек ілініп, көзге түсе көрінген кезі — "Жалын" баспасының ашылуына тұспа-тұс келді ғой деймін. Баспаның алғашқы директоры, жалынды да алымды ақын Қабдікәрім Ыдырысов өз маңына кілең бір ығай мен сығай жігіттерді жинап алғандай көрініп еді. Қалдарбек, Бексұлтан, Қастек, Еркінбай, Жүсіп, қойшы, әйтеуір, сол кезгі әдеби ортада көзге түсіп жүрген игі-жақсы азаматтардың біразы осы баспада бас түйістірген болатын. Қуанышбай да сол ортада жүріп, асығып-аптықпай ғана сатылап өсіп, жоғарылай берді. Әсіресе, бас редактордың орынбасары қызметіне қадалып көбірек отырып қалды-ау деймін.

Лауазым ретінде біршама қомақты һәм тиімді болғанымен, бұл жер қып-қызыл оттың ортасы, үдей соққан ызғырық желдің өті сияқты болатын. Өз басымыздан да өткен, сондықтан да жақсы білеміз. Авторлардың атақтысы да, шатақтысы да бар. Кердеңі де, менмені де кездеседі. Соның бәрінің бабын таба білуің керек. Кейде басшылар да, бағыныштыларың да неше бір даулы қолжазбаны "білдірмей" ғана саған қарай сырғыта салып

отыратыны болады. Ол кезде цензура деген пәле және бар еді. Халтурамен де күресу оңайлыққа түспейді. Жан-жағыңнан осылайша лап берген сол от пен өрттің ортасынан жол тауып шығу, жағаласа, жауласа келген дәукес автормен де тіл табысып, басшылардың да қырғи қабағына шалынбай өту екінің бірінің қолынан келе бермейтін. Ол білімпаздықты да, табандылықты да, төзімді де, әділдікті де қажет ететін жұмыс болатын. Біраз жұрт мертігіп жатқанда Қуанышбай сол қажет деңгейден көріне білді, сый-құрметке бөленді.

Бұдан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің органы "Қазақстан коммунисті" журналының редакциясында бас редактордың орынбасары, "Қазақ энциклопедиясы" Бас редакциясында редакция меңгерушісі сияқты "мен барайыншы!" деп жұлқынған көптің ілуде біреуі әрең жететін қызметтерде жүрді. Қайтадан келіп сол "Жалын" баспасында бас редактор болып біраз жыл тапжылмай тағы отырды.

Қуанышбай екеуміздің әңгімеміз жарасып, сыйлас, сырлас жүретінімізді білетін ақын достарымыздың бірі менен: "Осы жігіт соншалық қабілетті, іскер ме, жоқ, қолдаушы, қолпаштаушысы көп пе?" — деп те сұраған болатын. Дәл осы сарындағы сұрақты мен өзім де әлдебір әңгіменің ретіне қарай "Қазақ энциклопедиясының" бас редакторы (Қуанышбай сонда істеп жүрген) әйгілі ғалым Рымғали Нұрғалиға да қойған едім. "Пәлі, Сәкен, — деген Рымғали сонда, — басқа барлық қасиетін былай қойғанда дәл Қуанышбай сияқты кеңсе жұмысына орнықты, ыждаһатты, ұқыпты, орыс, қазақ тілдерінде дайындалатын құжаттарға бірдей сауатты жігітті мен көп кездестіре қоймай келемін". Рас та шығар. Міне, ол алты-жеті жыл болды, тағы сондай қайнаған оттың ортасы — Білім және ғылым министрлігіне қарасты алғашында республикалық баспа кабинеті, кейін "Ғылым" ғылыми баспа орталығын басқарып, абыроймен келе жатыр. Мұндай жерде де сол жоғарыда айтылғандай мол білім, білгірлік, ынта-ықылас, әсіресе, табандылық қажет. Екінің бірі атқарып кете береді деп ойлаудың өзі әбестік.

Мен Қуанышбайдың аға досы ретінде бағзы бір кезде тасып та, тағы бірде жасып та жүрген шақтарының куәсі болған адаммын. Сондай бір көңілі жүдеп, жүйкесі жұқарыңқырап жүрген тұста ақын ініме арнап:

*Бақшасын басқалардың суарыспай,
бағың да жанбай жүр ме, Қуанышбай?
біреулер анасының жатырынан
Құдайдың кіндігінен туады ұстай!*

*Біреулер біреулергі ағалады,
біреулер сол ағасын жағалады.*

Сабыр ет, салқын сөзге құлақ түр де,

бағың да бір-ақ күнде жанады әлі! — деп басталатын төрт-бес шумақ экспромт-өлең жазып бергенім бар еді. Ол өлең өзінде бар ма, жоқ па білмеймін. Мен, әйтеуір, осыдан басқа жолдарын есімнен шығарып алыпшын.

"Ақын ініме" деген сөзді мен жайдан-жай айтып отырған жоқпын. Қуанышбайдың өлең жазатынын біреу білсе, біреу білмейді. Осыдан көп жыл бұрын ертелі-кеш жазған жырларының басын құрап, "Арман аралы" аталатын жинақ шығарған болатын. Өзіндік қолтаңбасы бар, бағыт-бағдары айқын шып-шымыр болып шыққан сол кітапқа мен барынша қадалып, үңіле үңгіп, кең көлемді пікір жазып, онымды дер кезі "Жұлдыз" журналында жариялаған да едім. Қазір көбі есімде жоқ, бірақ аз да болса саз жазатын Қуанышбай жырларына, әсіресе махаббат пен гадауат тақырыбындағы терең ойлы тапқыр шумақтарына сүйсінгенімді қалтқысыз айтып, бірсыдырғы мақтап шыққанымды білемін. Өйткені ол кітабы қалай мақтаса да жарасардай, оқырман сынына толымды болып шыққаны ақиқат еді. Бірақ өзі салақсыды ма, әлде әлі де бір қолайлы сәтін күтіп жүр ме, о жағы маған беймәлім, әйтеуір көптен бері поэзия бағынан әдемі де әуенді үні естілмей кеткені рас. Соны ғана есіне сала кеткім келеді.. Барыңды базарлай жүргеннің де артықшылығы жоқ деп білем мен. Қуанышбайдың жұрт білетін басқа да толып жатқан ірілі-уақты еңбегін санап жатпай-ақ, бір ғана Мұқағали Мақатаев пен Тұманбай Молдағалиевтердің шығармашылық жолына терең үңгі шолу жасаған мақалаларын оқырман есіне сала кеткім келеді. Әсіресе, аса бір ыстық ықылас, сүйсініс, сілкініспен жазылған Мұқағали жайлы еңбегі (ол мақала "Жалын" баспасы шығарған ақын туралы естелікке алғысөз орнына берілген) тұтас бір диссертацияның жүгін арқалап тұр десем артық айтқандық емес. Мұқағали жайлы жазылған жүздеген мақала ішінде ең өтімдісі де, татымдысы да, толғамды, талғамдысы да осы. Егер бұл сөз аузы дуалы "айтқыш" ағаларының бірінің қолынан шыққанда бар ғой, осы күнге

дейін ең кемі он адам содан цитата алып, сілтеме жасап жатар еді. Бірақ, "өзіңде бармен көзге ұруды" білмейтін Қуанышбай аузынан шықты, амал не, "әй, ол да не айта қойды дейсің, қолында тұрған соң жаза салған да" дейтін қазақы самарқаулық бұл жерде де қылаң беріп қалатынын байқаймыз.

Қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, баспасөз, баспа ісіне бір кісідей үлес қосып, тең тұстастарының алдында келе жатқан танымал да тарлан азаматтарымыздың бірі Қуанышбай Құрманғали жайында айтар сөзіміз әлі де көп еді. Жасаған мұрша берсе қалғанын ретіне қарай тағы да көре жатармыз деп түйдім. Бұл жерде тек "жақсының жақсылығын айту" парызынан туындаған ағалық, достық пейілімізді ғана білдіре кетуді мақсат тұтқан едік.

"Егемен Қазақстан" газеті, 2002 жыл

БІР СУРЕТТІҢ ӘСЕРІ

Біздің ауылда үлкен-кіші, кәрі-жас демей, жұрттың бәріне сыйлы, жалпыға жұғымды Омардың Рақымы дейтін ақ сақалды адам болды. Ән мен күйге әуес, өлең айтып, домбыра тартатын, қысқасы өнер атаулыға үйірсек бала көрсе, үйіне шақырып, қошеметтеп, қолпаштап, әрдайым қамқорлық жасап жүретін әдеті болушы еді. Аудан дәрежесіндегі лауазымының әжептәуір екендігіне қарамай (мен жоғары кластарда оқып жүргенде ол кісі ауатком төрағасы болатын), енді-енді өлең жаза бастаған, бірлі-екілі шумағы аудандық газетте жарияланып жүрген мені ол бір күні өз қасына шақыртып алды. Әлгі әлжуаз шығармаларымды әдейі бөлек сақтап қойған екен, көтере сөйлеп, абыройлы болуыма тілек білдіре отырып, бірқатар көкейге қонымды пікірін де айтты. Қағаздарын ақтарып отырғанда сусып жерге түскен бір суретті еденнен көтеріп алдым. Суағарында бармақтай мұрты бар, сұстылау келген келбетті адамның суреті екен. Сыртындағы екі жол арнау өлеңді оқып үлгердім, сондағы:

Аяулы бауырым Рақым,

Жаныма жан ең тым жақын... —

деген сөздері мен "Ілияс Жансүгіров", деп қойылған қол әлі күнге дейін көз алдымда. Рақаң ақсақал қалт қимылдап, қолымдағы суретті бір қағаздар арасына тыға салып: "Бұның саған керекті жоқ, білмейсің!" — деп жуып-шайған болды.

Арада біршама жылдар өткен соң барып, 1958 жылы Ілияс Жансүгіровтың қалың бір томдық қоңыр кітабы шықты да, сондағы бейнелер ішінен өзіме таныс суретті де ұшыраттым. О кітапқа өзім сүйіп оқитын қазақтың үлкен ақыны Қалижан Бекхожин ағамыз алғысөз жазған екен. Енді мен бұл қоңыр кітапты қолдан түсірмей оқитын болдым, оқып қана қоймай, атақты "Құлагер" поэмасын жаттап та алғам, үлкендер алдында қисса мақамына салып, сан рет айтып та берген кездерім болған.

Сөйтсек, ол кезде Ілияс аға есімін атауға болмаған екен ғой. Ол "халық жауы" аталып, сонау сұрапылды сұрқия жылдардың құрбаны болып кеткен екен де, шығармалары оқулықтардан алынып, кітапханалардан қуылған екен. Араға жиырма жыл салып (1937-1957), ақын жырлары оқырмандарына қайта оралыпты.

Мен, бәлкі, Ілияс жырларын онсыз да сүйіп оқуым мүмкін-ау, бірақ Рақым ақсақалдың қолынан көрген ең алғашқы сол суретінің де айрықша әсері болғаны ақиқат еді. Содан кейін "Ілияс Жансүгіров" деген есімді ұшыратсам болды, көз алдыма "Жетісу суреттері", "Ағынды менің Ақсуым" сияқты өлеңдеріндегі ғажайып өлке қайта бір елестеп, ақын шығармаларын қайталап оқи бергім келетін еді:

Ағынды менің Ақсуым,

Ақырып әлі ағасың,

Ақиланған ашумен

Ақтарды асқар сабасын,

Тас тарпуын, шапшуын,

Қарасаң, қайран қаласың, —

деген жолдар да, немесе Жетісу суреттеріндегі:

Жер таппан жерге жетер Жетісуым,

Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,

Асқардың аспан сүйген сілекейін

Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын,

Бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу құз,

Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмын,

Асқардан ақтарыла арқыраған

Жөкеңнің кім аңсамас балдай суын, — деп басталатын алғашқы шумағы-ақ сені де еліктіріп, бұрын көріп-білмеген ертегідей аса сұлу, таңсық өңірге жетелей жөнелгелі тұрғандай емес пе.

Осы күні ойлаймын, Рақаң ақсақал маған әлде сол суретті байқамағанып отырып, әдейі көрсетті ме екен деп те. Менің өлең жаза бастағанымнан хабары бар, кезінде

Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіровтермен дәмдес болған, қастарына ерген, ақылгөй қарт көзі қаныға, құлағы ести берсін, түбі керегі болар да деп ойлаған шығар. Дәл сол жылдары Ілияс, Сәкен, Бейімбеттер жуық маңда ақтала қояр деп ол кісі ойлай қоймағаны кәміл. Өзі де қуғын-сүргінді көп көрген, әрдайым екі шоқып, бір қарайтын сақтыққа үйренген адам, Ілияс атын маған айтып, кім екенін талдап жатуға әлі ертеректе түйгені — суретті көрсетіп алып, тыға қойғанынан-ақ аңғарылып еді.

Қарап отырсам сол суретті көргеннен бері де аттай қырық жыл өтіп кете беріпті. Мен де бүгін жасамыс ақынға айналып барамын. Ақын болып қалыптасуыма дәл Ілияс Жансүгіровтей қатты әсер еткен ақын болды деп әлі күнге айта алмаймын. Ақынның "Тапанша" деп аталатын өлеңі бар. Сондағы қаладан ауылына милиционер болып оралған баласына әкесінің:

*— Апырмай, балам түнеугі
Кеткеннен жаңа келдің бе"?*

Ай жоғалдың, неғылдың?

Аманбысың? Тегін бе?

Мықыныңды мықшитқан

Мынауың не белінде?

Үлпершек пе, үйрек пе?

Тіккен бе өзін теріге?

Құғағи байғұс құнттап,

Жіберген шығар келінге, — дейтіні бар еді. Сонда біз тапаншаны "Үлпершек пе? Үйрек пе?" деп тұрған ауыл қартының аңқаулығына бір күліп, құндақтағы тапаншаны үлпершекке қандай дәл ұқсатып тұрғанына да таңырқаушы едік. Сол таңырқау, сол тамсанудың аяғы еліктеуге, еліктей жүріп үйренуге, өз жолымызды табуға ықпал етті. Біз де сондай сәтті теңеу тапсақ деген ниетімізге қамшы болып, ілгер жетелей берді.

Ал менің, мен сияқты біраз ақынның шығармашылық жолына Ілиястың "Күй", "Күйші", "Құлагер" дастандарының тигізген әсері де өз алдына бір ұзақ әңгіме. Оны аз сөзбен тұжырымдап айтып шығу тіпті де мүмкін емес.

Ілияс Жансүгіров туып-өскен Ақсу ауданы мен біздің Алакөл арасы екі жүз шақырымдай жер. Ауылға жолым гүскен сайын Ақсу жерін кесіп өтеміз. Сонда ағынды Ақсу бойында Ілекең де қыдырып жүргендей.

Жалғыз жазғы бір кеште

Жағаладым жағасын,

*Тұнжыраған торғын түн,
Төнгім сұлу суына.
Таңырқап тау-тас тамсанып,
Жымыяр жұлдыз мұныма, — деп күбірлеп сөйлеп бара
жатқандай әсерде қалдырады.*

Өзімнің "Ақсу бойында" деп аталатын ескі бір өлеңім
әрдайым қайта жаңғырып есіме түседі.

*Тұратын аспаны да бүркіп өлең,
Осы, дос, Жансүгіров жұрты деген,
Анау ғой асау өзен Ақсу атты,
Алқынып, алыс барып күркіреген.*

*Басталып баяғыдай демікпеген,
Айтудан ақын әнін зерікпеген.
Бұл жергің балауса әуен бұлағы да
Арыңды Ақсуына еліктеген.*

*Шетінен — аруы ма, нар ұлы ма, —
Шалдыққан Ілияс-жыр шалығына,
Естіліп тұрғандай-ау Матай жақтан
Молықбай қобызының сарыны да.
Бар арман Балқаш болып, барлық үміт,
Бас бұрмай бұрқыраған жарға ұрынып,
Ақсудың нуында да, суында да
Жатады ақын даусы жаңғырығып*

*Көптен-ақ көрсем геуші ем кезігіп бір,
Ақсуым, ендігісін өзің ұқтыр!
Әйтеуір, Ілиястай әулие леп
Айнала әрбір үннен сезіліп тұр.
Көңілге дауаң қайсы көп тілесе,
Жүрегім шымырлап та өтті неше,
Сеңуім сөзсіз еді... Ілиясты
Дәл қазір қалғып қана кетті, десе!
"Ұлан" газеті, сәуір, 1994 жыл*

ҚҰТТЫБЕК КІТАБЫ ЖАЙЫНДА

Әдебиетімізге азды-кем үлес болып қосылар әрбір жаңа туындыға елең ете түсетін әдетіміз бар, оның үстіне сол шығарма өзің жақсы білетін, аралас-құралас жүрген азаматтың қаламынан туып отырса, тіпті елпілдеп, оқып шыққанша асығып тұрасың.

Осыдан бес-алты жыл бұрын Құттыбек Баяндин Жетісу жеріне кеңінен мәлім, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов жайында "Нар тұлға" деп аталатын көлемді кітап жазып, қазақ әдебиетінде кенжелеп келе жатқан өмірбаяндық хикаят жанрында шеберленіп қалғанын бір байқатып еді. Сол кітапты оқып шыққан, бар нәрсеге кірпияз талғаммен қарайтын менің талантты ақын інім Есенғали Раушановтың өзі: "Құттыбек аға, кітабыңыз оқылады екен, қатты тәтті болдым!" — деп еді.

Мен де сол кітапқа сүйсіне отырып пікір жазып, оны осы "Қазақ әдебиеті" газетінің бетінде жария еткен де болатынымын.

Міне, сол автор араға жылдар салып барып әйгілі химия ғалымы, өткен жылы ғана Қазақстан меценаттары клубының "Тарлан" сыйлығын өз саласы бойынша жеңіп алған Еділ Ерғожин жайында "Ғылым тарланы" деп аталатын кітап жазып шығарыпты.

Айтары жоқ, "сабақты ине сәтімен" дегендей, дер кезінде жазылған, оқырман ойынан шыққан еңбек екен. Бір-бірімен желілес жеті толғаудан тұратын осынау өмірбаяндық хикаят көтеріңкі көңілмен, жедел де желдірмелете жазылған екен. Мұндай үлгідегі шығарма кез-келген қарапайым әңгіменің өзіне айрықша ажар бітіріп, оқырмандарына деген әсері де айырықша толымды бола түсетіні белгілі.

Сонымен бұл кітап не туралы болды? Бұл инемен құдық қазғандай білімнің қия жолына қарай әлі күнге тынымсыз өрмелеумен келе жатқан Еділ сияқты ғалым азаматтың туған жер, өскен ортасы, бақытты балғын балалық шағы, өсу, өрлеу, сүріну, жығылуларға толы 60 жылдық ғұмыр жолын тұтас қамтыған көркем әңгіме. Құттыбек бұл жерде ғалымның аузына қарап, әңгімесін тыңдаушы ғана емес, әрбір қызықты оқиға, күрделі түйін, кедергілі кезең жайында өзі де ойланып, өзгені де ойландырып, асықпай, саспай бәріне де жазушылық сыни көзбен қарай отырып, оқиғаға оң, құбылыс-болмысқа жан бітіріп, байыппен баяндай алған. Оқырманын жалықтырып алмауды ұдайы есте ұстайтын автор әрбір деталь, әрбір сюжеттік ұтымды құбылыстар мен бұрылыстар жан-жақты қамтылып, темірдей берік мотивировка арқылы әңгіме арқауының ширатыла, шымырлана түсуіне күш салады. Бұл реттегі табыстарын құптауға әбден болғандай.

Қаршадайынан жетімдікті де көрген, жетіспеушіліктің де дәмін татқан Еділ ыстыққа да, суыққа да төзімді, алған

бағытынан адаспауды ойлаған, қажырлы да қайратты болып өседі. Бұл жолда оған үлгі болған да, өнеге көрсетіп баулыған да апасы Тәттібала, ағасы Елеусіз. Бұдан кейін мектеп мұғалімі Бекбосын да шәкірт баланың болашағынан үміт күтіп, жігер бере, сенім көрсете жүруінің өзі неге тұрады.

Алғаш рет Алматыға оқуға барғанда талапкер баланың тауы шағылмасын деп жылы сөзбен демеп, көңіліндегі үміт отын өшірмей үрлеп жіберген ғалым Батырбек, қойшы Асқар мен соның әйелі, ферма меңгерушісі Далабайлар да "болар бала боғынан" дегендей, қосшы болдым деп кемсітіп, кекетіп-мұқатпай, жастың өсіп, жарлының байытынынан күдер үзбей, қамқорлық жасай білуі де оқырман есінде ұзақ қалып қояды.

Кейін ғылымның кедір-бұдыры көп, қиясы, құзы, шыңырауы мен шыңы таусылып бітпейтін азапты да ауыр жолына бел шеше біржола бекініп түскен шақта ғылыми жетекшісі болып ұшырасқан Сағит Рауфұлы, сол Батырбек Бірімжанов, Евней Букетов, Нина Ефимовалар жас маманды қанат астына ала қамқорлық жасап, жебеп, демей жүрулерінің өзі де тұтас бір қауымға үлгі боларлықтай. Автор мұның бәрін жел сөзге ұрынбай, барынша нанымды етіп, жеріне жеткізе баяндайды.

Құттыбек Баяндин, өмірбаяндық хикаяттар жазуға бейімделе бастағанын әу баста айтып едік. Бұл жанрдың озық үлгілері Батыс әдебиетінде көптен бар. Мәселен Андре Моруаның Дюма, Бальзак, Жорж Сайд, Гюголар жайындағы шығармаларын, Стефан Цвейктің кітаптарын қызыға оқитынымыз рас қой. Бұл жанрдың "Тамаша адамдар өмірі" сериясымен шығып жүрген кітаптардан азды-көп айырмасы бар. Оларда құрғақ фактілерге, дата-лар мен өмір кезеңдеріне, кейіпкер еңбегіне көбіне көңіл бөлінсе, мына өмірбаяндық хикаядан кейіпкердің ішкі сарайы, қайғысы, мұңы, мұқтажы, реніші, өкініші, өнегесі, күйініш-сүйініші түгел қамтылып, көркемдік шешімін таба орнықты әңгімеленеді. Мұндай кітап сонысымен де құнды, сонысымен де қымбат.

Мақтауын мақтап жатырмыз ғой, ал енді "осы кітапта кемшілік бар ма" дегенге келейік. Көлемі жуан қос елі болатын кітапты әлі де біраз сығымдауға, суын сарқи түсуге болатындай екен. Көр-жер ұсақ оқиғалар, жұмыс үстіндегі айтысқа құрылған эпизодтар қысқара түссе жаман болмас еді, кітаптың ширай түсуіне септігін тигізер еді. Маған бұл ретте қызықтылығы, көркемдік құндылығынан гөрі автор

кітап көлемін көбірек қуалап кеткендей әсер етеді. Бұл жағынан сақ болу керектігін әдейілеп ескертіп жатырмын.

Бұл — Құттыбек Баяндинге алдағы кезде, жаңа еңбектер үстінде сақ болсын деп айтып жатқаным. Әйтпесе, оның осынау жаңа туындысы да өз оқырманын таба алатынына ешқандай күмәнім жоқ.

"Жетісу" газеті

ЖАРЫЛҒАП БАТЫР ЖАЙЫНДАҒЫ ЖЫР

Алғашқы қадамын өлеңмен бастап, бірте-бірте, Пушкинше айтқанда, салқын-сұсты прозаға қарай ойысып, арғы-бергіні үңгі қазып, ілгерілей озып, сол маңда біржола тұрақтап қала берген қаламгер атаулының жүре келе поэзияға қайта бет бұруы сирек ұшырасатын құбылыс. Оның үстіне авторымыздың өзі қазақы қара сөзде өз тұстастарының ешбірінен кем соқпайтын, жанрында, жазарында таңдап таба білген таланттар тобынан болғандықтан да ма, әйтеуір. Софының поэтикалық шығармасын көп күдікпен тосырқай қарсы алғанымыз рас еді.

Бірақ күдігіміз бекер болып шықты. Соған "Жарылғап батырды" бастан аяқ түгел оқып шыққан біз де автормен бірге қуанамыз.

Софының қазақ тарихын, әсіресе елді Абылай билеген аласапыран тұсын терең зерттегені де, сол кезгі әлеуметтік ортасы, "хан таластар" мен жер-су үшін жанталастарды да бір кісідей білетіндігі ешқандай дау тудырмаса керек. Кезінде екі кітаптан тұратын "Елім-ай" үлкен-кішінің назарын бірден аударып, қалың нәпір оқырманның қолынан тастамайтын шығармасына айналғанын бәріміз де білеміз. Сондықтан да болар, "Жарылғап батырдың" кіріспесіндегі автордың:

Беттерін тарихтың парақтадым,

Кейінге — екі-үш ғасыр әрі аттадым.

Үңілдім керуен-уақыт іздеріне.

Жар бол деп бұл сапарға Жаратқаным, — деген сөзіне ілесе біз де көне тарих қойнауына сүңгіп кете береміз.

Әрине азаттық жолындағы Абылай бастаған жойқын ұлы жорықта әр ата, әрбір рудан суырыла шыққан қазақтың маңдайалды батырлары мен бағландары аз болмаған ғой. Біз көбіне-көп ежелгі жыр-аңыз, қиссаларда ауызға жиі оралатын:

*Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Богенбай.
Қаз дауысты Қазыбек,
Шақшақұлы Жәнібек,
... Шұбыртпалы Ағыбай,*

Шапырашты Наурызбайлардың ерлігін білетін едік те, аты-жөні әр тұста бір айтылып қалатын үлкен-кіші басқа батырлардың ел мүддесі, жұрт пен ұлт тұтастығы жолында не істеп, не қойғанынан бейхабар қала беретінбіз. Оның үстіне рушылдық дертіне ерте іліккен жекелеген авторлар тарихқа да көпе-көрнеу қиянат жасап, "у ішсең руыңменнің" жөні осы екен деп, өз елінен шыққан батырды басқа қатарлас, тағдырластарынан биігірек қоюға тырысып, барлық ерлік атаулыны да бір ғана соның басына үйіп-төгуді әдетке айналдырғанын көріп, бірде күліп, бірде түңіліп жүретінбіз.

Софы соның бәрін де ескерген. Абылай қасындағы басқа да марқасқа, жалқы туар жайсаңдардан Жарылғапты айрықша тұлға етіп бөліп алмай, өзгелермен үзеңгілес, қандас, қарулас ердің бірі болғанын дәлелдеп бағады. Содан да барып әр оқиға, әрбір деталь нанымды болып шығады.

Жарылғап батыр да "алты күнде күлетін, алпыс күнде жүретін" ертегі аралас эпос батыры емес, кәдуілгі ет пен сүйектен жаралып, "ата көріп — оқ жонып, ана көріп — тон пішіп" үйренген қазақтың бір өнегелі ұлы еді. Әрине, мұнда да ескі аңыз-ертегінің сарыны жоқ емес, өйткені батыр Түйте мен Айша да бір перзентке зар болып, олжалы жерде үлестен, ордалы жерде орыннан қағылып жүреді. Ел біткеннің бәрі қадір тұтып, азаматым деп ардақтап жүрген Түйтенің өзін жалғыз міні — бауырынан баласы болмағаны үшін кекетіп-мұқатып, ақыры елден безуге мәжбүр ететін көне сүрлеу-сюжет бұл шығармадан да көрініс береді. Қазыбек бидің ақ батасы, ағайын-туыстың тілегі желге ұшпай, өмірге Жарылғап келген.

Сол Жарылғап қазақ-қалмақ соғысындағы үлкен бір сайыс үстінде жау жағының айтулы батырларының бірімен жекпе-жекке шығып жеңеді де, жас та болса ерен ерлігімен Абылайдың көзіне түседі. Сол күннен бастап және "сабақты ине сәтімен", бірер рет ханды тура келген ажалдан сақтап қалғаннан соң ел арасында атағы дүрілдеп, шоқтығы биіктей түседі. Абылай оны өзіне "Бармақдос" етіп алады. Кейін, тағдыр тәлкегіне орай, Абылай анда жүріп торғауыттар тұтқынына түсіп

қалғанда да қасында Жарылғап бар-тын. “Үйде иесі барды түзде ит қапшайды” емес пе, баласының кегі үшін ішіне қан қата тұра тұтқындағы Абылайды қинауға да, өлтіруге де бата алмаған қалмақ хонтайшысы қарадан шыққан батыр Жарылғапты аямады. Көзіне көк шыбын үймелетіп қой соңына салады, малшы да, жалшы да етіп жұмсайды. Оны өлтірсе де ешкімнің құн дауламасын біледі, соғыс заңы қатал. Жалғыз ұлы Шарыш та Абылай қолынан қаза тапқан. Қанын судай шашар еді, артында қабырғалы қалың елі бар, көп қараның бірі емес, хан тұқымы ақсүйек, сұлтан Абылай, хан Абылай. Қалмақтың қанды қолын тежей беретін де сол, сескендіретін де сол.

Ақыры ебін тауып Жарылғап қашып шығады. Тұтқыннан босанады. Кейін Қазбек бимен ілесе келіп Абылайды құтқарып алады.

Софы Сматай көне аңыз, жырдағы қисындарды пайдалана отырып, батыр образын сомдауда, сол заман оқиғасын бүгінгі көзбен суреттеуде “қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарсаға” бармай, романдағы кейіпкерлерін барынша “тірілтіп”, ұра да білетін, қажет жерінде бұға да білетін батырлар тұлғасын жасайды. Сондықтан да ешқандай мысқылға бармастан, миыққа күлкі үйірместен әрбір кейіпкердің өз әрекетіне лайық болып шыққанына иланасың, нанасың.

Софы сол баяғы “Елім-ай” романында да автор ретінде де шешен сөйлеп, кейіпкерлерінің аузына да кілең бір ауызекі айтыс үстінде отырғандай тапқыр да ұтқыр сөз салып, қызықтыра тартып отырушы еді. Тіпті кезінде “Софының көсемі де, шешені де – шешен, батыры да, қатыны да жезтаңдай, сөзуар” деп мін тағушылар болған. Оған Софы айыл жия қойған жоқ. Өзінің жазу мәнерін, әдіс-стилін сақтап қала берген.

Мына “Жарылғап батыр” жырында да сондай тапқырлық, ағыл-тегіл шешенсіп сөйлеудің үлгілері бар. Оның өзі бір жағынан поэзиялық шығармаға жарасып та тұр, оқиға ажарын аша түседі.

Қазыбек биге қастандық жасауды ойлаған сол кездің күншіл-міншіл жантаықтарының бірі алдымен биге көпшік қоя сөйлеп:

Аңға шықсақ – сіз біздің қыранымыз,

Жауға шапсақ – алаштық ұранымыз.

Ел қазығын көргім деп айта жүріп,

Ер азығын қолымнан бір алыңыз! – деп ет асатпақ болып, ниеті орындалмай, қолға түсіп қалғанда:

*... Арғы өлтіріп пірсіздік,
Ашу жеңген ақылды.
Жырды жерлеп құнсыздық,
Әкім тепкен ақынды.
Кіндігінде сайқалдың,
Агам. Шайтан. Тәңір бар.
Ағамы кім? Шайтан кім?
Іздеңдер де, табыңдар.*

*Отыр жайлап бір сұмдық,
Кеудесінде-ақ әркімнің.*

Ол – бақастық, күншілдік, — деп ащы ызасын ақтарып салады.

Осыған ұқсас тұздықты шумақтар, тұтаса шыққан сәтті бөлімдер роман бойында баршылық. Пікіріміз шұбарланып кетпесін дедік те, мысал келтіре беруден тартына бердік. Қазақ әдебиетінде өлеңмен роман жазу үрдісі аса кең тарампаған. Өткен ғасыр басындағы Сұлтанмахмұт, Сәбит Мұқановтар болмаса, бұл жанрға батылы жетіп қалам тербеген ақындар аз болатын. Оның үстіне біздің ұлттық прозамыз Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, І.Есенберлин, Т.Ахтановтар арқылы соншалық ілгерілеп, көркемдіктің көкжиегін мүлдем кеңітіп жіберді де, өлеңмен роман жазуға мүмкіндік те бермеді, оның қажеті де бар деп ешкім ойламаған. Софы соны басқамыздан жақсы біле тұра осындай көзсіз ерлікке барып, әдебиетші ретінде, зерттеуші, қаламгер, ақын ретінде үлкен табысқа жеткен. Кітап соңына таман берілген Абылай монологи автордың да мақсат-мүддесін айқын ашып бергендей.

... Жанымды жай тапқызбай сынға малып,

Отырам ой соқты боп мың қамалып.

Өзгенің тыныштығын бұзбау үшін,

Өзімнің тынышымды ұрлап алып.

... Көрбілте ұйып жатқан бұрын көргей,

Ой, миын мазаладым тыным бермей,

Салғырттың самалына сөз қондырдым.

Ұшсын деп ең болмаса қырын көлбей.

Дән салдым таңдайына тамсансын деп,

Жыр ектім кеудесіне ән салсын деп.

Пердесін қара түннің қарс айырдым,

Шапағын атқан таңның қарсы алсын деп.

Бұл — хан Абылайдың қазақ тағдыры, халық болашағын ойлағандағы айтқаны. Сол сөзді хан аузына сала отырып, жазушы Софы Сматай да біразымызға ой сала кеткендей.

Жоғымызды түгендеу үстінде дәл осы сарындас сөз бүгінгі бізге де керек еді.

Сондықтан болар кітапты ұлт әдебиетіне тағы бір тамаша тарту келіп қосылғанына деген разылықтың сезімімен жабасың. Бұл кітаптың оқырманы да көп боларына шүбәсіз сенесің.

Жазушы Софыға бойдағы дарынын әрдайым осылай сарқа пайдаланып, дәмді де нәрлі дүние туғыза берсін деп тілек айтқың келеді...

**“Егемен Қазақстан “ газеті,
2006 жыл**

МАХАМБЕТ

Ақынның 200 жылдығында сөйленген сөз

Осыдан аз күн бұрын Махаббеттің осы жиынына орай бірер ауыз сөз айтыңыз дегенде, аз-кем тосылыңқырап қалған едім. Өйткені соның алдында ғана М.О.Әуезов атындағы әдебиет институты дайындап, “Ғылым” баспасы шығарған “Махамбет” деп аталатын 4 том кітап сатып алғаным бар-тын. “Апыр-ай, Махамбет мұрасы осыншалық мол екен-ау, біз болсақ сол баяғы Қажым Жұмалиев ағамыз құрастырған, алғысөз жазған қалақтай ғана қара кітап пен беріде Берқайыр Аманшин толықтырып бастырған жалғыз қалың елі кітапты ғана малданып, соны ғана жастанып жатып, жаттап өсіп жүре бергенбіз бе?” — деген күмән-күдік аралас оймен әлгі 4 кітапты түгел ақтарып шықтым. Мұнда Махамбет өлеңдері, күйлерінің нотасынан басқа да көбімізге беймәлім, орыс-қазақ архивтеріндегі көп-көп құжат-қағаз, тосын дерек тың тұжырым, бұрын тасқа басылғаны бар, шашырап шашылғаны бар зертеу болжамдардың ең қажет, ең құндылары топтастырылған екен. Жинап-теріп шығару ғана емес, оларды сыдырта оқып шығудың өзі үлкен күшке түсетін сол мол қазынаға соңғы бірер жыл ішінде Махамбет өміріне, оның жеке басы, айналасы мен заманына орай жазылған, жазылып жатқан сан сипаттағы көркемсөз, көсем сөздерді қосыңыз, олар да түзіле келе тұп-тура 4 том боп қалар еді. Махамбеттің туған өңірінде күні кеше әлемдік деңгейде аталып өткен ұлы жиын-үлкен той үстінде біреуі бәйге аламыз деп, біреуі біз қалай құралақан барамыз деп, марапат мақтау дәмете дүниеге келген өлең-дастандар легі тағы бар. Бір Р.Ниязбековтың өзі екі жүз өлең жазып

жеке дара кітап шығарғанын білеміз. Қазір ғана естідім, таяу күндерде Махамбет жайында жиырма кітап оқырман қолына тиіп қалатын көрінеді.

Ал осыдан кейін, мықты болсаң сен де Махамбет жайлы өз жаныңнан жаңа бірдеңе қосып айтам деудің өзін әбестік санамай көр. Жұрт айтқанды қайталап, тіл-жағыңа сүйене езіп-мыжып сыдыртып өте шығу аруақ алдында күнә болар еді. Енді не істесем болар еді деп ойлағанмын.

Мен де арнау өлең жазсам ба екен деп те ойладым. Бес-алты ауыз өлеңді басқалардан гөрі біршама тәуірірек жазып шығарыма сене тұра, Махамбеттей ұлының өзінен асыра қоярмын-ау, тіпті сол деңгейге жете жығылармын-ау деудің өзі де бекер әурешілік, құр далбаса, босқа тыраштану болып шығатын сияқтанды.

Ендеше бұл күнде ұлтының ұяты, халқының қалқаны сынды бұлжымас тұрақты ұғымға айналып кеткен Махамбет туралы сөйлеуден гөрі, өзіміздің оған деген қатысымыз жайлы ойлау, соны сәт сайын, сағат сайын еске түсіре отырып, арғы-бергімізді таразылау әлдеқайда тиімді көрінді. Ал осы тұрғыда ойлану үшін де оқта-текте Махамбетті қайталай оқи түсіп отыру қажет екендігіне көзім жете түсті. Бірақ мынаған қараңыз, бар болғаны соңына 70-80 өлең қалдырған Махамбетті арнайы зерттеп жүрген адам болмаса кісінің бір ғұмыры ішінде түбегейлі сіңіре оқып тауысу да, оны өз болмысымен бірге тұтас қабылдау да мүмкін еместей көрінері бар екен. Оны да ұлы Абайды оқығандай, ұдайы үзбей ғана там-тұмдап оқып, күнделікті қажетіңе жаратып отыру керек екен. Сөйтсең ғана кез-келген уақыттағы кез-келген жағдайға байланысты өз көңіл күйіңе орай есіңе түсіп, үнемі саған қол ұшын созып, атой сала көмекке келіп отырады екен.

Құйқылжыған құла жирен ат мінген,

Құйрық-жалын шарт түйген,

Кесекті ердің сойымын, кескілеспей басылман! —

деп, жасыған шағыңда жаныңа жігер беріп, күйрей бастаған көңіліңді бір көтеріп тастар еді ол.

Ұдайы аттың жалы, түйенің қомында темір қазық жастана, қу толағай бастана жүріп жазған жырлары біз жоғарыда айтқан көп-көп томдықтардың бәрінен де құндырақ, бәрінен де салмақты, бәрінен де биік тұр.

Кез келген үйдің табалдырығын аттай бере:

Қарағайға қайқы бұтап біткенше,

Еменге шір бұтақ бітсейші,

*Қыранға тұғыр қыларға,
Ханнан қырық туғанша,
Қарадан жалғыз тусашы,
Ата жолын қусашы,
Артымыздан біздергің,
Ақырып теңгік сұрарға! —*
немесе:

*Мен, мен егім, мен егім,
Мен нарында жүргенде,
Еңіреген ер егім, —*
болмаса:

Хан емессің қасқырсың,

Қара албасты басқырсың, — деп бастаңызшы сөзіңізді, құдай біледі, ешқашан кітап ұстап көрмеген, өлең дегеннің иісі мұрнына да бармайтын иісалмастың өзі: "Махамбет қой!" деп санқ етер сөзсіз.

Оның есімі халық сөзі ғана емес, халықтың мұрат-мүддесі, ұяты мен ұранына айналып кеткеніне сол да бір дәлел.

Кейде біз бұрынырақ өткен белгілі бір тұлғалар жайлы айтып отырып, оларды мақтағымыз келгенде: "Әр сөзі бүгін де өз құнын жойған жоқ, бүгінгінің өзіндей болып естіледі, ол біздің замандасымыз" сияқты деп жатамыз. Махамбет турасында олай айту мүмкін емес. Ол бізге замандас бола алмайды. Оқ бойы, жоқ, ол бізден ғасыр бойы алда, ғасыр бойы озық жүр. Үнемі ғана жыр жалауын желбіретіп біздің алдымызда осылайша жүре беретін болады.

Артында кесек сөзі қалған әрбір кемеңгер ақынның ізбасарлары, шәкірттері еліктеушілер мен солықтаушылары болады. Ал Махамбетке еліктеу әсте мүмкін емес. Оған көзсіз еліктейміз деген әрбір талант иесі сөзсіз масқараға ұшырар еді. Сондықтан оған еліктеудің орнына, оның асқақ та адуынды үнін үзіп алмай ұдайы жалғастырып кейінгіге сол қалпында жеткізе беруге тиіспіз.

"Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық" болады деп жатады жұрт. Махамбет те әлденеше қырық жыл бойына кейінгілерге, оның ішінде біз де бармыз, азық болумен келеді. Азық дегенді тура мағынасында да, тұспалды жанама мағынасында да айтып отырмын. Еңдеше бәрімізді де демеп, әсіресе қалам ұстар қастерлі қауімді Махамбет рухы әлі де жебеп жүрсін. Ол болашақ ұрпақтарымызға да рухани ұстаз ғана емес, рухани азық бола бермек!

Ақын СЕРІК АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Ақын Серік Ақсұңқарұлын өз басым шын мәнінде жақсы көрем. Маған оның өзгелерге мүлдем дерлік ұқсай бермейтін өзіндік дара дарыны ұнайды. Бүкіл болмыс-бітімі, кескін-келбет, жан-тәні түтел ғана өлең-жырдан жаратыла салғандай болып көрінетін ақындар болады. "Ақын деген барша жұрттың алдында ақ жанын айқара ашып тұратын адам", — депті ғой шығыстың бір ойшылы Акутагава Рюноске. Серік солардың бірегейі. Сүтпен сіңген, сүйекпен ғана кететін туа бітті мөлдір-тұнық тазалық, ақ жолдан өлсе айнымас аңғал-ашық адалдық оның тұла бойынан, жүрісі мен тұрысынан дәйім ғана "мен мұңдалап" атой салып тұрады. Өз бойы, іші-сырты түтел ғана кристалдай таза болғандықтан да, ақын Серіктің дүние шіркіннің қылат еткен былығы мен шылығына жирене қарауы, бастан асып бара жатқанда шыдап тұра алмай, кірпідей жиырылып, ашуға басып кетуі де содан. Былғаныштар мен кір-қағыстарға, жалғандық пен жарыместікке кезіге қалса тітіркеніп, өзін қоярға жер таппай біржола тіксініп, "бетті басып, қатты сасатыны" да, байбалам сала "тұра қашатыны" да содан.

*Жүрек — күпті.
Сынып өң,
жазығым не Құдайға?
Мөлдіргі іздеп шығып ем,
түсіп кеттім лайға.*

*Дүние — теңіз,
Толғанып,
Олай да ұштым, былай да.
Жүрегімді қолға алып,
Жүзіп жүрмін лайға.*

*Мөлдір бұлақ кемелмен,
Қызығым қайсы кенелген?
Лай басқан генемнен*

Лаңға батып келем мен, — деп жырлайды ол содан кейін.

Бір сөзі, жалғыз ауыз өлеңімен дүние біткенді кір-қоқысынан арылта қоятындай аптығып, апың-ғұпың әрекетке көшеді, жалғанның жыртығын жалғыз барып

жамайтындай-ақ болып, келеңсіздікті көріп күйіп-пісіп, кейде тіпті күрсіне күңіреніп кетеді:

*Ауылдағы Шариков, қаладағы
тап береді жан-жақтың, талағалы.
Тағы кімді қаппақсың қапылыста,
Тоқта деймін!
Тоқта!*

Иттің балалары! — деп, кейде асқақ та айтқысы, қатарластарын жасқап та айтқысы келетіні де көрініп тұрады.

Мен оның кейінгі жеті-сегіз жыл ішінде іркес-тіркес жарық көрген үш кітабын ("Адам Ата — Гауа Ана", "Өмір деген — күнді айналу", "Төбемнен жауһар жауып тұр") түгелге жуық қайта бір ақтара-төңкеріп, сүзгіден өткізіп шықтым. Бұрын оқып сүйсінген де өлеңдерім бар екен, әлі оқи қоймаған шумақтарым да жеткілікті көрінеді.

Мен баяғыда байқаған кейбір хрестоматиялық, тіпті антологиялық өлеңдері де бір кітаптан екінші кітабына қоныс аудара көшіп жүретіні де байқалады. Соларды саралай келе аңғарғаным: ол кешеден бүгінге қарай ұдайы бір екпіндей ілгері ұмтылумен, қылаң елі болса да биіктей түсуге, көкке қарай көтеріле түсуге тырысумен келеді екен. Сөз жоқ, бірде артығырақ айтам, бұрынғымнан артылта айтам деп отырып, асыра сілтеп жіберетін, ақындық адуын мінездің ауыздығын тартпай, сезім еркіне жіберіп алатын тұстары да кезігіп отырады. Бірақ соның бәрінде де Серік Ақсұңқарұлының өз демі, өз қанатының сусылы бар. Өзінше талпынады, өзінше алқынады.

Ол өзі біздің оқта-текте айтып жүргеніміздей, бүгінгі күннің ғана емес, дәл қазіргі сәттің, осы шақтың, осы қазір өтіп жатқан мезет-мезгілдің ақыны. Оның әрбір өлеңінен сол сәттің, кешегі түндер мен бүгінгі күндердің лебі есіп тұрады. Ол әлдекімдерше әлемдік әуен-хорға қосылып, соларға ілесем деп әуреге түсіп жатпайды. Мәңгілік тақырыптарды игерсем деп өз басын оңды-солды тау мен тасқа да ұра бермейді. Сондықтан да болар, оның үні айнала қаптаған қалып нөпір көпшілік ішінен ащырақ та, айқынырақ та естіліп жатады. Рас, өмірде де, өлеңде де асығып келе жатып алқына сөйлеп кеткендей әсерге бөлейтін шақтары да аз емес. Осынау бір тұста оның сөзі осынау сұсты қоғамның жекелеген өкілдеріне, әсіресе "белсенділер" аталатын қауымға ұнамай қалуы да әбден мүмкін. Бірақ оған бола абыржып, айылын жиып жатқан

Серік жоқ, қарсыласына қарсы қарап, қасқайып тұрып өлеңін оқи береді. Өйткені ол:

*Бас қатырмай қаламақы, ақша үшін,
Өрге салды өзегінің бақсысын.
Өлеңімен быт-шыт қылды сол шәйір —
аупарткомның небір қатал хатшысын.*

*Үрейлене қарап, тіпті, жатсына:
“Жынды” дейді оны Ақтоғай, — бақсы да.
Не десе де, одан басқа бір ағам*

қарсы сөйлеп көрмеп егі хатшыға! — деп өзі жазған өз кейіпкеріне де егіздің сыңарындай ұқсар еді. Атшысың деп кемітпей, хатшысың деп елікпей, ойындағысын еркін айтып берер еді.

Біздің арамызда сезімге ғана бой алдырып, таза ғана жүрегінің әмір-әсерімен жазатындар да, салқын ақылымен-ақ санаңды солқ еткізе сілкіңдіріп, соңынан ерте жөнелетін үздік ойлы ақындар да бар-ау. Серік Ақсұңқарұлы бұлардың бірде-біріне ұқсай қоймасы ақиқат. Ол аса бір шамкөс (жақсы мағынасындағы), қай тақырыпты қозғамасын, долбарлап қана бетімен қалқымай, іштей беріле, санасын сілке отырып, жүйкесін тоздыра жазатын ақын. Басқамыз: “Осы қалай болар екен, поэзияға тақырып бола ала ма, жоқ па”, — деп ойлана кідіріп, тұтқиыл тосылып қала берген тұстарда да ол “шешінген судан тайынбастың” керімен көзді жұмып жіберіп, тұңғиық түбіне қойып кеп кететіні бар.

*Ішқұса боп, айта алмай, өлемін бе,
Басқа тағдыр не салса көнемін де.
Өзім білем, — өзгелер қайдан білсін,
Өмірім де ертегі, өлеңім де.*

*... Періштеге сан мәрте серік болдым,
Пері қыздың шашын да өріп бердім.
“А” дегенде аузынан алтын түскен
Жеті басты жалмауыз көріп келдім.*

*Алдында оның алып бір дию отыр,
Қалай мынау ғаламға сыйып отыр?
Айдаһар кеп құсқанда, тау боп кеткен
сары алтынын алаңсыз жиып отыр.*

*Қарап отыр,
алтынын санап отыр,
Қалған ел-жұрт қайыршы.*

Қара қотыр.

Жер тәңірі, апыр-ай, осы болса,

Көк тәңірі қай жаққа қарап отыр?! — деу үшін де дара бір дарындылық, ішкі қайрат, саналы ақыл керек шығар-ау дейсің еріксіз.

Өйткені ол ешкіммен де жасырынбақ ойнап жатпайды. Жасырып, жабатыны жоқ. Ақ сөйлеп, адалын айтуға барын салады. Жанына жағып кеткен жағдайда Пушкинмен де үндесіп, Блокпен де тілдеседі. Көңілін күпті еткен сауалдың жауабын беріден таппаса, әріге барып, Абайға жүгінеді. Шалкиіз, Қазуған, Махамбет жырауларды да бір төңіректеп шығып, бүгінгі Мұхтар Мағауин, Тұманбай, Қадыр сияқты әріптес ағаларынан, іні досы Есенғалидан емеурін іздейді, тегеурін күтеді. "Сендердің мына бір ойыңды ұнаттым, бірақ мен мұны былай етіп айтқан болар едім", — дегендей, солар түткен жібектен жаңаша бір жіп есіп, өзіндік өрнек-оюмен айрықша айшықтап, көз жауын алар бас-аяғы бүтін жаңа дүние жасап шығарудан да қаша қоймайды.

Сөйте тұра, ол тікелей еліктеуге әсте ат басын бұрған ақын емес. Не айтса да Серік болып айтады. Құласа да Серік болып құлап, жыласа да Серік болып жылайды. Мына бір "Капитализм келді біздің маңайға" дейтін өлеңіне қараңыз. Әкетіп бара жатқандай әлеуметтік астары жоқ та болып көрінері хақ. Бірақ бір оқып шыға сала іштей қажып, өз өзіңнен мұңға батасың. Жалған дүние дәмін татасың. "... Бес қабатты біздің бетон үйді кеп, қоршап алды қос қабатты сарайлар", — деп алып, әрі қарай:

Алтынменен аптап қойған бұл үйді,

Күміспенен күптеп қойған бұл үйді.

Қабаған ит күніменен абалап,

Түніменен Айға қарап ұлиды.

Ашулы иттер күнгіз-түні үргі кеп,

Бізбен неге ақын өмір сүргі деп.

Мен өлгенде тақта ілмеңдер бұл үйге

"Ақсұңқарұлы тұрды" — деп.

Екі-ақ қадам бұл екі үйдің арасы,

Иесінің, иттің де жоқ санасы.

Өздерінің маған көрші болғанын

Сезбей өтсін, өңкей иттің баласы!..

Қандай да бір қалтарыс-қараңғы жолдармен, жымысқы жүріспен көлденең байлыққа бөгіп алған жәдігөй-жылпос

жерлестерінің керенау, кердең қылығына күйінгеннен туған дүние сияқты. Бірақ... Иә, мәселе сол "бірақта" жатыр. Тағы бір оқып шығыңыз...

Алқына күліп, асқақ сөйлеп кеткен тұстағы өлеңдерін оқи отырып, осы біздің Ақсұңқарұлының қазақта өзінен басқа тым тәуір ақын санайтындары болса болар, бірақ кереметке балайтын, кеменгер деп қарайтын ешкімі жоқ-ау, сірә, деп те бір ойлап қалғандайсың. Сол оймен кітабын ақтара келе "Қазақ поэзиясының бес кезеңі" туралы кандидаттық диссертациясының жобасы" дейтін өлеңге тап боласың. Тап боласың да, кіріспесінен бастап оқи жөнелесің. Бұл топтама (толғау десе де болады) қазақтың маңдайына біте қалған Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жұбан Молдағалиев, Төлеужан Ысмайылов, Кеңшілік Мырзабековтер рухына бағышталған екен. Әрқайсысының жеке бөлек тағдыры, шырқап шыққан шыңдары мен шырылдап түскен шыңыраулары жартастағы жаңғырықтай бүйірінді бүлкілдете көңіл елегінен тағы бір өткендей болады. Алқымына ащы өксік, ашу мен ыза тығыла ашынған ақын:

Поэзия демін ішке тартып тұр

Жидебайдың тұсында.

Дантес — Қарасартовтың

Мылтығының ұшында.

... Аза тұтып алыбым

Тұманданып санасы,

Қасқыры өліп даланың,

Қалды итінің баласы!.. — деп Шәкәрімді

жоқтаса, Мағжанды мазақ еткен сона бір кесапатты қоғамға да лағнет айта отырып:

... Хош!

Өмірім — өңім емес, түс мүлде,

Романовтан кетіп, тиген күш кімге?

... Біржан салға қамшы ала жүгірген

Қызыл мундир — Поштабайлар үстінде!

деп бір толғанып өтеді.

Күні кеше қандықол Колбиннің ызалы ызбарынан ығыспай, қаһарынан қаймықпай қатал үкім айтқан Жұбан ағасына, өр де өміршең ақын ағасына қосыла:

Ұрғызбаңдар ұлдарыңды басынан,

Жұлғызбаңдар қыздарыңды шашынан! —

деп ұран тастайды.

Ал өз дәуіріне, сол дәуірдің қысаң қалыбына сыймастан шиыршық ата ширығып өткен Төлеужан мен оны өз елі, өзінің жеріне де, қала берді қиырсыз кең дүниеге де сыйғызбағандар жайында:

Ах, Төкем!

Хош, Көкем!

Тұл — әні...

Паравоз, керуені.

Келдім! — деп жар салып

Ұмытшақ вокзалдар тұр әлі,

Ұрыншақ... ұлдарын қарсы алып!.. - деп

кекесін толы кесек ой тастайды.

Замандасы Кеңшілік жөнінде де жоқтауға бергісіз жыр төге келіп, оның соңында не қалып, не қойғанын тізбелей түседі де:

Анаң қалды — желтоқсанда гір еткен,

Ғалам қалды — көз ашпаған түнектен.

Рак болса, арман бар ма— бейдауа,

Біздің буын өлегі өстіп жүректен!-деп

сөз аяғын тағы да замана тарлығына, әлі де ер еңсесін басқан зілмауырдай құбыжық кесапаттар барлығына апарып тірейді. Бұл өлеңдердің әрқайсысы жоғарыда аттары аталған адамдарға деген тұтас бір реквиемдей естіледі.

Ой дәлдігі мен сөз дәлдігі бір-бірімен ажырамастай берік байланыса келіп, өзара шиеленісе қиоласқанда ғана барып осындай өлмес өлең туса керек еді. Бұл әуен, осынау сарын Серіктің жақсы жырларының бәріне де тән. Қай өлеңі болса да бір ғана бояумен емес, қалам ұшын қалыңға малып отырып, қатпарлы қалтарысы, әралуан ажары бар өрнектермен көңілге түрлі ой салар түйін тастап отырады.

Серік, тегі өзіне керегін бір ғана Алаш ұлдарынан іздеп, өзін-өзі шектеп, өзін өзі тежемейді. Мәселен, ол әлемнің бізден іргесі бөлек тағы бір түкпірінде дүниеден өткен француздың "басбұзар" ақыны Франсуа Вийонмен де сырласып, сыбырласып, тосыннан ой бөлісетіні бар. Өзі де оның бірер өлеңін қазақшаға аударыпты. Франсуаның орыс тіліндегі:

Я — Франсуа, чему не рад,

Увы, ждет смерть злодею

И сколько весит этот зад

Узнает скоро шея! — дейтін жолдарын

Серік:

Мен — Франсуа Вийон,

Жалғанның сезгім жалғанын!

Ойнақтап жүріп осылғаны ма мойыным

Белімнен төмен белгісіз жерімнің салмағын

Билетін болды бәрінен бұрын мойы-

ным,— деп қазақшалаған екен. Әңгіме аударманың сапасында, көркемдік құндылығы мен дәлдігінде емес, қазақ ақынының кейбірдегі өз мінезі, өзгеше қылығы да

Франсуа өмірін еске салатындығында болып тұр. Әрине, біздің Серік француз ақыны сияқты бас жарып, көз шығарып жатқан жоқ, бірақ қамыты қасаң, қысастығы басым қоғамға деген көзқарастарында әлдене бірегейлік бары байқалып-ақ тұр емес пе. Араларында қаншама жол шалғайлығы, уақыт кеңістігі жатқан екі елдің екі ақынының бір-бірінен рухани ұқсастық іздеуінің өзіне таңырқамай болмайтындай.

Серіктің маған тағы бір ұнайтын жері — оның шығармаларының сегіз қырлы, бір сырлы болып келетіндігінде де жатыр. Мен де ақын адаммын ғой, баз-баяда бір деммен қағазға түсіп берген өлеңдерімде бір әуен, бір сарындылық басым болып кететінін өзім де сезіп қаламын. Ақсұңқарұлы ондай “пәлеге” ұрына қоймаған сыңайлы. Бір беттегі өлеңін сүйсіне оқып отырып, екіншісіне ауысқанда — оның енді не айтарын алдын ала болжай қою тіпті де мүмкін емес. Серік турасында сөз бола қалған жерде әркім-әркімнің (ағалары мен інілері, замандас-қаламдастарын айтам) — тіліне тиек болып жүрген “Қасқырдың монологы” деген әйгілі бір өлеңі бар.

*... Қаңқу сөз жүрек кегін үрлейді,
Қорлық — қарғысқа барабар.
Бізбенен иттің тегі бір дейді.
Рас па, қасқыр — бабалар?!*

*Өлексе үшін жұлысқан болсақ,
Өмірі бітпей кегіміз,
Иттермен біз де туысқан болсақ —
Не болды ата-тегіміз?!*

*... Неге үнгейсіңдер?
Ұрлық түн еді:
Жатқаным мынау — жау іші,
Аспанның астын дүрліктіреді
Үрген иттердің дауысы... —* деген кекшіл

кекесін, ащы әжуаға толы жолдардан соң келетін “Әлди, бөпем” аталатын өлеңнен мүлде басқа леп, басқа сарын еседі. Бұл өзі бүгінгі поэзиямыздағы шыншыл да шымыр публицистиканың шынайы үлгісіндей болып ақ қағазға әуеден құйыла салғандай көрінетін салмақты дүние.

Осыған көз тоқтата келіп, Серік Ақсұңқарұлы шығармашылығының диапазоны қаншалықты кең екендігін де әбден аңғаруға болатындай. Ел ішінің

жақсылығына сүйініп, жаманшылығына күйіне жүріп, қоғамның саяси-әлеуметтік ісінде де ол белсене килікпейтін тұс болмайды екен. "Қайтем соны!" — деп, ен-жар жүрген күні жоқ. Дінсіздермен алысады, тілсіздермен қағысады, әйтеуір қай-қашан болсын атыс пен шабыс ішінде жүретіндей әсерге бөлейді. Соның бәрінің сыртында біресе ат үстінде айғайға басқан, біріне күйіп-пісіп күйгелектеніп жүрген автордың өз тұлғасы тұрады. Ақындық алабөтен белсенділік деп те осыны айтсақ керек!

"Атам Ата — Ғауа Ана" аталатын кітабындағы аннотацияда айтылғандай, оның шығармаларынан "келісті теңеу, көркем ойдың" алуан үлгісін кездестіре аласың. Суыртпақтай суыра отырып қолыңдағы кітаптың соңғы бетін қалай жапқаныңды да аңғармай қала бересің. Поэзия дейтуғын қызыл-жасыл сансыз бояумен әшекейленген алып лабиринт-ғимараттың есігінен төріне, төменінен төбесіне дейін еркін бір аралап шыққандай болып, арқаң кеңіп, жаның жадырап сала бергенін де соңынан барып бір-ақ сезінесің.

Ақсұңқарұлын тым тәуір-ақ дәріптеп жібергендей болып барамыз ба өзі, қалай? "Сонда бұл Серіктің тал бойында тарыдай мін жоқ па, саған ұнағанның бәрі елге де ұнай береді деп ойлайсың ба?" — дейтін бір сұрақтар туындайтынын іштей түйсінесің. Өтірік айтпайын, оның өлеңдері ішінде менің өзіме де ұнай қоймайтындары болуы әбден мүмкін. Бірақ ол басқа бір кезеңнің әңгімесі ғой деп, кейінге қалдырып отырмын. Өйткені ұдайы ғана ізденіс үстінде жүрген ақынның оқыста шалыс кеткен тұсын көзіне шұқып көрсетіп жату да аса бір абырой әпермейтін шаруа. Оның үстіне сен оның мінін тауып, бетіне айтам дегенше, адуын ақын онысын өзі де түзеп үлгерер еді ғой. Сондықтан да шығар, кемістігі болса онысын оңашада өзіне айтармын деп те түйген жайым бар. Серіктің өзі:

*Күнәм көп қой,
Адал егі ниетім де.
Араздаса көрмеңдерші менімен.
Кешіріңдер,
Мына жердің бетінде
Мен өмірге бірінші рет келіп ем.*

*Бірінші рет...
Пәктігіңе шөлдегем,
Бірінші рет көріп қайғы-шеменгі,*

Қайта тусам қателігімді жөнгер ем.

Бірақ қайта келмеймін ғой

Мен енді! — демей ме аударма ретінде берген бір өлеңінде.

Қазақ жыры қайраткерлері қатарында өз қателігін де бір кісідей білетін, қадыр-қасиетінің де қай дәрежеде бағаланып жүргенін сезінетін осындай бір ақынның болғанына да разысың. Болмай жатып “болдым” деп, толай тұрып “толдым” дейтін кеудемсоқтар кезеңінде бұған қалай шүкіршілік айтпассың!

Ақын Серік Ақсұңқарұлын мен бұдан бұрын да ұнатып жүруші едім, мына кітаптарын қайталап оқып шыққан соң ақын інімді одан әрі жақсы көре түскендеймін. Қаншалық жылы сөз айтсам да аздық ететіндей көріне беретіні содан. Нағыз бір ащы тері алынып, аш қолтығы сөгілер тұсқа жеткен екен, Құдай жолын оңғарсын деп тіледім. Нұрмахан Оразбеков ағасына арнап жазған бір өлеңін Серіктің өзі:

... Қызық болып қырық жастан асқанда,

Көкті көргім көзімді бір ашқанда.

Бір сұлу қыз бұлбұл ұшып көзімнен,

Бір сұлу құс әлі ұшып жүр —

Аспанда, — деп тәмамдапты.

Сол Аспандағы құсы қалқып ұшып жүрген шақтарда Серіктер де әлі талай-талай бусана терлеп, алқымы іспестен алысқа қарай самғайтын-ақ шығар деп ойлай бересің... Ләйім солай болсын да...

СОФЫ ТУРАЛЫ СӨЗ

Қазіргі қазақ қара сөзінің кеуделі де көрнекті тұлғалары қатарына жататын Софы Сматаев турасында жазған мақаласында осыдан түп-тура он жыл бұрын оның тұрғылас та тұстас һәм қаламдас досы Дулат Исабековтың: «Софыға жанр атаулығының жаттығы жоқ. Бұл күнде ол қазақ әдебиетіндегі барлық жанрда жемісті еңбек етіп келе жатқан қарымды қаламгер ретінде белгілі. Ол — романист, новеллист, либреттист, драматург, журналист», — деп те бір айтқаны бар екен.

Бұл пікірге анау айтқандай алып-қосарымыз бола қоймас, тек өз тарапымыздан ептеп үстемелей түсер болсақ, Софының осы аталған жанрлардың қай-қайсысы болмасын, барлығында да кісі қызығарлық тұрғыда кілең талантты туындылар беріп келе жатқан дара дарын екендігін қосып айтудың қажеттілігі ғана.

Бұл ойымызға Софының соңғы жылдары жарық көріп отырған 17 томдық шығармалар жиынтығы да толық дәлел бола алғандай екен.

Софы жайында, оның шығармашылығы төңірегінде қалам тербеген жаңағы Дулат болсын, басқа да үлкен-кіші қаламдастары мен замандастары болсын, оның әлгінде бір біз атап өткен көп қырлылығын, қазіргі тілмен айтқанда әмбебаптығын айналып өте алмасы анық. Осыдан бес-алты жыл бұрын Софының өлеңмен жазылған «Жарылғап батыр» романы жайындағы бір пікірімізде біз де: «Алғашқы қадамын өлеңмен бастап, бірте-бірте, Пушкинше айтқанда, салқын да сұсты прозаға қарай ойысып, арғы-бергі тарихты үңгі қазып, ілгерілей озып, сол маңда біржола тұрақтап қала берген қаламгер атаулының жүре келе поэзияға қайта бет бұруы сирегірек ұшырасатын құбылыс. Оның үстіне, авторымыздың өзі қазақы қара сөзде тұстастарының ешбірінен кем соқпайтын, жанрын да, жазарын да таңдап таба білген таланттар тобынан болғандықтан ба, әйтеуір, Софының поэтикалық шығармасын едәуір күдікпен тосырқай қарсы алғанымыз рас еді», — деп жазған екенбіз. («Егемен Қазақстан», 2006 жыл).

Сөйтсек, Софы өзінің ойына алған әрбір тың тақырып, тосын идеясы ауқымында жүз ойлана, мың толғана келіп, ол тақырыптың қай жанрдың жамбасына оңтайлы екенін де ішкі бір түйсікпен дәл тауып, нысанасын дәлдеп ала біледі екен. Сондықтан да болар, сәтімен басталған қай жанрдағы қай шығармасы болмасын, жұрт таңырқарлық оңды шешімін тауып, тиянақты да тыңғылықты аяқталып жатады.

Оның өзгеге ұқсай бермейтін өзіндік даралығы да осында.

Жазушы ретінде, суреткер ретінде Софының атын шығарып, атағын аспандатқан ең сүбелі шығармасы — үш кітаптан тұратын әйгілі «Елім-ай» романы еді десек, қателесе де қоймаспыз. Бұл роман жайында көп айтылды, көп жазылды, әлі де айтылып, жазылып келе жатыр. Мақтағандары басмырақ, даттағандар да кезігіп қалып жатады. Бірақ солардың ешқайсысы да осынау кең тынысты, кемел жазылған шығарманы да, оның Софы сынды авторын да жоққа шығара алмайды. Оған романның ауқым-қуатының өзі де жол бере қоймасы анық. Софыны мақтаған, мадақтап келе жатқан сол бір көптің ішінде біз де бар едік, осыдан біраз жыл бұрын: «Софы

сол баяғы «Елім-ай» романында автор ретінде өзі де шешен сөйлеп, кейіпкер-қаһармандарының аузына да кілең бір ауызекі айтыс үстінде отырғандай тапқыр да ұтқыр, ақылды да айшықты сөз салып, оқиға бойымен желілей тартып, қызықтыра түсіп отырушы еді. Тіпті «Елім-ай» жарияланған алғашқы кездің өзінде де: «Софының шешені де — шешен, көсемі де — шешен, батыры да, қатыны да жезтаңдай, сөзге жорға, сөзуар-ақ» — деп мін тағушылар аз болмаған. Бірақ оған бола айылын жия қойған Софы жоқ, әлі күнге өзінің осы бір жазу мәнері, әдіс-стилінен айнымай келе жатыр», — деп те жазғанымыз бар екен.

Бұл «Елім-ай» трилогиясы төңірегіндегі белгілі бір арнаға тоғыса келіп, толыса түскен пікірлер ағысы десек те, соңғы кезеңде бір жанрдан екіншісіне қарай ешбір кедергісіз, қара күшке сала күшеніп жатпастан еп-еркін аударыла түсіп дағдыланған қаламгер шығармашылығының түп атасы қайдан деген сұрақтардың даяр ғана жауабы да іспетті. Софы турасында қалам тербеп жүргендердің бірінің көмейінде кекесін, бірінің тамағында таңырқау, тамсану тұрғаны байқалып қалып жатса, ол да дарын даралығынан барып өрбитін даңғайыр бір қасиет-ау деп қаласың.

Таланттың табиғилығы деген де, тіпті сол талант дегеніміздің өзі де осы шығар, кім білсін.

Қажет жерінде оған да ой жүгіртіп, ат басын бұра кетерміз. Әзірге алған бетімізден айнымай, ілгерілей берейік.

«Елім-ай» болсын, басқа да қомақты-көлемді роман, хикаяттары болсын, Софы оқиғаны ұдайы тартыс төңірегіне құрады да, шиыршық атыра ширата береді. Мана бір атап кеткеніміздей, әрідегі азуын айға білеген от тілді, орақ ауызды билер мен шешендерді де, әділет іздеу жолында өүреге түсе жүре азапты жол кешетін кейінгі кесек мінез кейіпкерлері де дәйім ғана сол бір айтыс-тартыс ішінде, арпалыс үстінде көрінер еді. Тура биде туған жоғын берік ұстанған, шындық жолында шырылдап, ұтып та, ұтылып та жүрген қадау-қадау сол кейіпкерлеріне автордың бүйрегі ұдайы ғана бұрып тұратынын оқырман сезбей қалмайды. Кейде тіпті кейіпкер ойы қайсы, автордың ұстанған кредосы қайсы екенін де аңғармайсың. Автордың өзі сол бір жанын жеп жазып отырған оқиғамен біте-қайнаса жүріп өз кейіпкерлерінің біріне қалай айналып кеткенін де байқамай қалатын сияқтанатыны бар.

Софының соңғы ширек ғасыр ішіндегі тірлігіне,

болмыс-бітіміне, жазғандары мен сызғандарына зер сала қарайтын болсақ, осынау бір оқшау пікіріміздің дұрыс екендігіне көзіміз жете түскендей болады. Өйткені өз кейіпкерлері сияқты Софының өзі де үнемі от пен шоқтың ортасында жүріпті, өмірінің біраз кезеңі қоғамдағы келеңсіздікпен күрес үстінде өтіп келе жатыр екен.

Бір кезде ол республикамыздағы ең жоғарғы басқару органы — Қазақстан Коммунистік Партиясының орталық комитетінде лауазымды қызмет атқарғанын білеміз. Бұл өзі шын мәнінде екінің бірінің қолы жете беретін жер емес еді.

Әрине, сол қызметті қалтқысыз атқаруға Софының ақылы да, білімі де, білгірлігі де, қабілет-қауқары да әбден жететін. Әлгі орынға соның бәрі еленіп-екшеліп, әртүрлі сүзгіден өткізіліп барып шақырылған да шығар. Сол орын, сол ортада Софымен бірге отырып қызмет еткен кісілердің бірқатарын білетін де сияқтымыз. Қам-қарекетсіз қарап отырыпты дей алмаспыз, бірақ омырауын оққа төсеуден қашқақтап, жұдырығы болса — жең ішіне тығып, тұрар жерде, тұрысар жерде бұғып қала бергендер басымырақ болды ма екен деп те қалатынымыз бар.

Софының ар-ождан, ақыл-ойы ондай оңай жолды таңдатпады, адалдығын, алғырлығын, мол пішілген білім болмысын мойындай тұра, аз күнгі билік тізгіні қолына тие қалған тәртесі қысқа мансапқор әлдекімдер оның да бетін қайтарып, ауыздан қаға берген сияқты. Бұл жағдай әсіресе қандықол Колбин тұсында мейлінше етек алып, асқына түссе керек.

Ол турасында Софының өзі: «... Ал Геннадий Колбин мені ұмытпастай болған. Мен де оны әредік еске алам... Өйткені сол кездегі құдіретті Біріншіге өз пікірін батыл айтып, қарсы келгеніме мақтанайын демеймін, бірақ сол Біріншінің, оның төңірегіндегі кейбір жандайшаптардың келеңсіздігімен келіспей, халқымның шын талантты ұлдарын жақтап, өрескел тапсырмаларын орындамайтынды айтып, алғашқы болып жауапты партия қызметін өз еркімен тастап кеткенім үшін екі рет Секретариатқа салынғанымды және өз ұстанымымды қорғап қалғанымды кәдімгідей наразылық әрекетіне балаймын. Ал бүгінгі публицистикалық дастандарымда халқымның қазіргі мүшкіл халін жасырмай ашып көрсетіп, басқалар бара бермейтін, омыртқанды опырып, жұлыныңды үзер тақырыпқа батыл қадам басқанымды кей-кейде азаматтық ерлікке де теңеймін», — деп жазады.

Расында да, қазақтың бұрынғы-соңғы қай жақсысының

басы нөқтаға сия қойыпты. Өзінің де, сөзінің де қадір-құнын жете түсінген адам қаншама бағынышты бола тұрғанымен де, әлдене себептермен жоғары мансапқа ие болып алған әлгіндей жаңдайшаптардың айтағына үріп, айдауына жүре бермесі белгілі. Оған қоса сарай маңының ырың-жырыңы, аппараттық интриганың былық-шылығын көзі көре отырып ондайға көңілің қалай көншімек. Мұндай кепті өзіміз де ептеп бастан кешіргенбіз. Сондықтан да жақсы білеміз. Жақсы білгендіктен де жасырмай айтып жатырмыз.

Ал әлгі Колбинмен «қақтығыстың» ұзын-ырғасы Софының өз аузынан естуіміз бойынша былай болғанға ұқсайды.

1986-ның лаулаған өрті әлі де өше қоймай, тіпті күн санап өрши түсіп тұрған кезі болса керек. Колбин шақыртады. Қасында Орталық комитеттің сол кезгі на-сихат бөлімін басқарып отырған Альберт Устинов бар. Қазақ жастарына қарата айтылатын Колбин сөзінің мәтінін Устинов орысша, Софы қазақша қағазға түсіруге тиісті екен. Устиновтың не жазғанын қайдам, Софының: «Айналайын, балаларым!» — деп бастауы Колбинге ұнамайды. Мағынасын автордан тәптіштеп сұрап алып, «Мен бұл бұзақыларды қалай ғана «айналайын» — «ми-лые» деп атамақпын. Олар барып тұрған қараниет қатыгез ұлтшылдардың өздері емес пе? Солай деп жазыңдар!» — деп дікендесе керек. «Мен ұлтыма жала жабылатын ондай сөзді қағаз бетіне түсіре алмаймын!» — деп Софы үзілді-кесілді бас тартады. Қазақстанды бір уыспен ұстауға жоғары жақтың Жарлығын ала келген Колбин де шалқасынан түседі. Іс аяғы насырға шабады.

Бірден беттен ала, төске шаба тіке кетуіне Софы кейін опық жеді ме, жоқ па — о жағы маған беймәлім. Тек қана оңбай «таяқ жегені» айдан анық еді.

Бірақ оған бола жасыған, жүні жығыла жабырқаған Софыны көре алмадық. Қайта, өзінің әйгілі жерлесі, «Сары Арқадан сайғақ құрлы сая таппай» өткен Мәдише айтқанда, «қайралып, жауға қарсы қайтадан сермеген алдаспандай шыңдалып, ширыға, шыңдала, шымырлана» түскенге ұқсайды. Оған дәлел ретінде осы соңғы кезеңде «Жас Алаш» газетінің бетінде үзбей жарияланып келген 9 бірдей толымды дастанын атап айтар едік. Мен, әрине, көктен құйыла салғандай болып, бірімен-бірі жалғасып жатқан бұл дастандардың көркемдік жағын сөз етпек емеспін. Софы осы бағыттағы тақырыбына да

өткір де өтімді ғой деп әдейі өлеңді таңдап алған сыңайы бар. Көкірегіңе лықсып келе қалған толғақты ой, тосын қыжылды ізін суытпай сол от ұшқындаған, шоқтай қызған қалпында аянбай, алды-артыңа қарап жатпай ақтара салу үшін де поэзияға жүгіну қажет болған шығар, әйтеуір, Софы айтар сөзінен жаңылып, ойын шашыратып алмай, сол баяғы оттан да, судан да тайынбайтын, шындықты шырынды кезінде айтып қалмаса — сөздің атасы өлерін де ескере отырып, көмейі бүлкілдей, алған бетінен іркілмей отырып-ақ біраз жерге барған екен. Әрине, көзсіз ерліктің ащы зары, зардабы да болмай қалмайды. «Ә, солай ма!» — деп жазушының жаңды жерінен ұстап алып, жұдырыққа бармаса да ретін тауып, тығырыққа тіреп қоятын «өкпешіл», өзімшіл билік иелері бұл тұсты қалт жібермесі хақ. Софы да сол ащы да болса ашық айтатын өзіндік ұстанымынан жаңылмаймын деп жүріп, үй іші, айналасына зиянын тигізіп алғанын аңғармайды емес, әбден-ақ аңғарады. Дәл бүгінгідей қарбалас кезеңде азамат болып, ат жалын тартып минуте жараған үш бірдей оғыланының қызметтен шеттетілуін де басқадан емес, сол өзінің ашық айтқан, әділін айтқан ақжүректілігінен көретіні содан.

Өзіне біткен дарын таланттың қай мөлшер, қандай дәрежеде екенін бізден гөрі жақсырақ сезетін Софы, сол бір өз бойындағы табиғи күш-қуатты сарқа пайдалана отырып, халқына қаншалық қомақты олжа салғанын да бір кісідей біледі. «Қызмет қыл да міндет қыл!» — дейтін қағидаға орай еңбегінің жемісін көрсем деген ниеті де заңды һәм құптарлық. Ол өзінің 5 рет Мемлекеттік сыйлыққа ұсыныла тұрып, жеме-жемге келгенде «жанашырлар» қаламымен тізімнен сызылып қала беретінін де жасырмайды. Кезінде екі дүркін ұсыныла тұрып «Қазақстанның халық жазушысы» атағынан құралақан қала берген өкпесін де ашық айтып жүреді. Әдебиетке бергенінен гөрі алғаны көп, салыстыра келгенде барлық жазған-сызғаны Софының бір ғана жанрда (ол бәлкі проза, поэзия, драматургия болар) тыңдырған ісіне татымайтын әлдекімдердің ұдайы ғана алдын орап, ақысын қағып алып кететін жымысқылығына күйініп, іштегі ашу-ызасын қайда жіберерін білмей, аласұра күй кешетін кездері де бар. Бірақ өзіне өзі баға бере келіп, Алаштың халық жазушысы, қазақ әдебиетінің классигімін десе, біз мұны ешқандай күпірлікке де, біреулер айтып жүргендей, бәспелікке де балап жатқан жоқпыз. «Солайы солай-ау!» — деп бас шұлғи келісеміз.

Софы турасындағы шашыраңқылау шыққан осынау шағын сөзімде мен оны шектен шығара, асыра мақтап отырғандай да болып көрінуім мүмкін. Несі бар, басқалар өз пікірін өздері талдап айта жатар, ал менің қаламгер Софы, қайраткер Софы турасындағы ойым түп-тура осындай. Алып-қосары жоқ.

ҚАЛИХАН ХАҚЫНДА

Тағы бір оқиға есіме түсіп отыр. 1996 жылдың соңғы айларының бірі. Сайын Мұратбековтің үйінде (ол 60 жасқа толған тұс) Әкім Тарази, Қалиқан Ысқақ, Сатыбалды Нарымбетов (кинорежиссер) болып, тағы біреулер бар еді, ұмытып қалыппын, қонақта отырғамыз. Қалихан едәуір кешігіп келген. Жаңа ғана Республика сарайында екі күн бойы өтіп жатқан айтыстың аяқталғанын, өзі содан шыққанын айтты. Бұл — Жүрсін Ерманның төрт-бес жылғы үзілістен кейін қазақ айтысын қайта бір түлетіп, дамыта жаңғыртып жатқан кезі еді. Қалекен жюри мүшесі яғни қазы болып қатысыпты. Аса сүйсініп, аузының суы құри әңгімелеп, желпіне сөйлеп отырды. Айтыстың бұрын-соңды болмаған дәрежеде мағыналы өткенін, аузымен құс тістеген небір саңлақ ақындардың суырылып шығып келе жатқанын, Мұхтар Құл-Мұхамедтей саясаткердің өзі демеуші болып, басы-қасында жүргенін ауық-ауық қайталай айтып, "Әй, бір керемет болды!" — дей берген. Қасымдағылардың бірі басқа тақырыпқа ауысайық деп ұмтыла беріп еді, Қалекен әдетінше қолын сермеп, айтыстан басқа әңгімеге мойын бұрғыза қоймады.

"Керемет, бұрын мұндай айтыс өтіп көрген жоқ!" деген сарынмен тамсануын үдете түсті. Мен:

— Шынында да солай ма, Қалекен? — деп сұрадым.

Әлдебір нәрсе жайлы таласу туа қалғанда ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін дағдысымен ерегесе өзеурей бергесін әзілдеген болып, әлдене айтып ем, ол тіпті қызынып өз пікірін үстемелей дәлелдей берді.

— Екі күнде қанша ақын айтысты? — деп сұрадым енді мен.

— Жиырма ақын. Бәрі де жараған тұлпардай тықыршып тұр, қамшы салдыртар емес! — деп өзеуреді Қалекен.

— Біреуінің болса да бір шумағын, не есте қалатындай бір сөзін айтып жіберші. Баяғы Сара-Біржан айтысындағы:

*Бұл үйге Сара бар ма, шықсын бері,
Ізгеген келіп тұрмын Біржан сері,* — дегендей деп мен де тақылдап қояр болмадым.

— Жоқ, ондай есімде жатталып қалған сөз жоқ, — деп жалтарды Қалекең.

— Екі күн бойына өткен айтыста жиырма жүйріктің аузынан шыққан бір шумақ, жарты шумақ сөз есінде қалмаса, оның несі керемет болды соншама! — деп едім, Қалекең екпіні сәл бәсеңсіп, дауы да басыла бастады. Әкім, Сайындар да сыралғы достарына қарап жымия күліп, аңыс аңдып отыр екен: "Е, ие!" — деп бәрі Қалекеңе қарай берді. Оның да сермеле берген қолы төмен түсіп, күмілжи бастағаны байқалып қалды.

Бәріміз күлдік те қойдық. Сөйтіп басқа әңгімеге көшкенбіз.

Ойды ой, сөзді сөз бөледі. Баяғыда десек те болады-ау, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары болатын, Қазақстан Жазушылар одағында бірер жыл қызмет істегенім бар. Қалихан, Қадыр Мырзалиев (онда осылай айтып жазатын), Аманжол Шамкенов бәріміз бір бөлмеде отырамыз. Қадырдың столы әрдайым тап-таза, үстелінің үстінде бір бет ақ қағаз бен көнелеу қалам ғана жатады. Аманжол ағам біз жағын газетпен көлегейлеп алып әддене жазады да отырады. Менің партия жұмысынан ауысып, бұлардың арасына жаңа келген кезім. Үшеуіне жалтақтап қарай беремін. Жұмысқа келулері де үздік-создық. Мен бұл араның тәртібін әлі біліңкіремей жатқан тұста ертеңгі сағат тоғыздан қалмай кеңсеге келемін. Есік ашып, өзіме басшылар берген тапсырманы орындауға кірісемін. Сағат он мөлшерінде жымия күліп, сып-сыпайы бипаз қалпында Аманжол Шамкенов ағам келіп, столына жайғасады.

Әддене қағаз не газетпен бет алдын көлегейлеп қойып, жазуға отырады. Кейін Қадыр айтты, "Бір актылы пьесалар жазады" — деп. Қадыр көбіне басшылар жағында жүреді, осы маңда екенін білдіріп, бізге де бірер рет көрініп, қалған уақытта қайда жүретіні белгісіз, ізім-қайым жоғалатыны бар.

Бір кезде, 11-ден аса бере өрт сөндіргендей болып алқын-жұлқын Қалекең келеді. Кетік тістерін көрсете жымияп кейде маған амандасады, кейде оны да ұмытып, столын ашады да, бірінен кейін бірін суырып алып, он шақты

папкіні алдына қояды. Қағаз, қаламын алады. Әлденені ойланғандай, әлдене жазардай болып, түнеріп бірер минут отырады. Содан кейін әлгі стол тартпасын қайта ашып, әлгі папкаларды бұрынғы орнына қайтадан рет-ретімен сүңгіте салады да, қағаз қаламын жинап, әлденеге асыққан түрмен есікке беттейді. "Басшылар сұраса, осы маңда жүр дей сал", — дейді маған шегелей тапсырып!

Бірер ай бойына кабинетте көбіне жалғыз ғана оңаша қала беретін едім. Сол тоғызда келіп, бір сағаты түскі үзілісімен сол маңнан табыламын да, сағат 6-да есік жауып, кілтін төмендегі күзетшінің қасына іліп, жөніме кетемін.

Күндегі дағдым сол, мұндағы қалыптасқан тәртіп те сол шығар деп ойлаймын.

Бір күні уақытында келіп жалғыз отырған едім. Әлі Аманжол ағам да, Қадыр мен Қалихан да келе қоймаған болатын. Ұзамай әдетінше екпіндей басып Қалекең кірді.

"Сен неғып отырсың? — деп маған дүрсе қоя берді бірден-ақ. — Сағат тоғызда келіп алып, қақияды да отырады екенсің өзің. Оныңды қой, бүтіннен бастап сағат 11-кезінде келсең де сені іздеп жатқан адам жоқ. Все, бұдан кейін сөйт!" — деді ашулана сөйлеп, бұрынғы дағдысымен столындағы папкалардың да мазасын алмай, сыздана біраз жүрді де әлдебір маңызды істі тындырғандай болған Қалекең ысқырып қойып, сыртқа беттеген.

Ол кездегі одақтың екінші хатшысы Ілияс Есенберлин болатын. Оқта-текте бөлмелерді аралап, әзіл-қалжың айтып жүруші еді. Оқта-текте: "Қадыр қайда? Қалихан қайда?" — деп сұрап алатын. Мен болсам олардың өз үйретулері бойынша: "Осында жүр" — деймін ғой баяғы. Ешқашан өзгермейтін осы сұрақ, сол жауап. Лекеңнің іші бәрін сезеді-ау шамасы, көбіне басын бір шайқап алып, күле сөйлеп кете беретін...

Сірә, Қалиханды тауып алып, араларыңда "бөлмеде көбінесе Сәкен ғана отырады, сендер қайда жүрсіндер осы?" деген сияқты бір әңгіме болғанға ұқсайды. Содан барып Қалекеңнің ағалық жолымен маған ақыл үйретіп, "тәртіпке" шақырып қойған түрі әлгіндей болып шыққан сыңайы бар.

АЛЫС ЖАҒАЛАУҒА ҚАРАЙ

Көпе-көрнеу көлгірсімей турасын айтар болсақ, бұдан бұрын Қуанышбай Құрманғалиевті ақын ретінде аса жетік біле бермейтін едік. "Арман аралы" дейтін тәп-тәуір

қоңы бар кітап, сол кітапқа жазған Қадыр Мырзалиевтің алғысөзі еріксіз елең еткізгендей болғанын да бүгіп қала алмаймыз.

*Қайтем елден сыр бүгіп,
Үйім толы ырыс-құт,
Бөбектерім жүр күліп,*

Сенің арқаң, Тыныштық! — дейтін алғашқы бір қарапайым жолдардың өзі де осы кітапты оқуға кеткен уақыттың зая болмасын мезгегендей еді. Сол бір сезім кітапты оқып біткенде де сейілмегенін жасырмасақ та болады. "Арман аралы" жайлы азды-көпті пікір айтуға итермелеген де сол сезім.

Қадыр Мырзалиевтің алғысөздегі пікірін қайталап жату қолайсыз да, қайталамау — тағы мүмкін емес. Өйткені, Қуанышбай шын мәнінде барынша қарапайым жазатын, әрбір үлкенді-кішілі факторды ойының өзін асқақ шалқып, өресінен артық қарғып жатпай-ақ, үй иесін жылы пейілмен нәрлі дәмді күйінде жеткізе білетінін Қадыр — тамыршыдай дәл басып аңғарған. Мұның өзі ақынның өзіне ғана тән әсерлі мәнер, творчестволық әдістің оң жамбасына келер ығытын тапсам деген ниетіне куә болғандай. Әрине, әлі де болса жарқырай ашылған өз беті, творчестволық даралығы жетіспей жатуы мүмкін, бірақ суреткерлік өзгеше жол іздері көп кісілік хор ішінен құлаққа анық жетер өз дауысын жоғалтпсам деген талабын құптамай тағы болмас еді.

Қуанышбай өлеңдерін оқи бастағаннан-ақ ең алдымен байқалатыны — баяндау мәнеріндегі ерекше бір жылылық, өзара отбасында әңгімелесіп отырғандай әсер ететін таза интимдік ырғақ. Өзінің жақсы бір жақын сырласына ішкі ойын бүгенесіз баяндап, алаңсыз ақтарылып отырғандай әсер етеді. Мұндай әңгімеде көркемдік селкеулер болуы мүмкін, өйткенмен ауыздан шыққан әр сөз, әр пікірінің жалғансыз шын екеніне мейлінше ағынан жарылып, ақтарылып отырғанына иланбай қалмайсыз. Жас болсын, жасымақ болсын, ақынның асыл мұраға әр жырының әсерінде жатады. Оқырман алғашқы жолдарын оқи бастасымен-ақ: "Ә, белгілі болар!" — деп, қайта жаба салмаса — ол өлеңнің қызығы болғаны, қыздырар қызуы болғаны:

*Аймалап сап-сары алтын күн білегі,
Жайнаптып тау қойнауын күлгірегі.
Алатау ерке сәуле-ақмаралын,
Дариға-ай,
Маған қашан ілгірегі!..*

Өз басым Алатауға да, Қаратауға да арналған мұндай өлеңдердің жеті атасын оқығам. Әрқайсысындағы айтылмақ ой әртүрлі бола тұрса да, сол өлеңдердің көбінде тау тұлғасына құрғақ қызығудан, әрі кетсе оны алып батырға теңеуден асып кете бермеуші едік, Қуанышбай таптаурын болған көке жолдың өзінен бұлт етер бұрылыс тауып, өлеңді өз сәнімен, жақсы бір жаңа мәнімен аяқтайды екен. Байқасақ, бұл тау тұрпатына табиғат сұлулығына жалаң сұқтану емес, ақ қарлы, жасыл желекті тау тұлғасына қызыға «араудан батып туған жігіт арманы, арманы ғана емес, алғашқы махаббатқа шөліркеуден туған аңсары болып шықты. Қуанышбай тапқан қарапайым ұғым осылайша бәрімізге ортақ ыстық сезімге ұласап барып тынады.

Өлеңдерінің такырабына, ой өзегіне орай, кітап екі бөлімге негізделіпті. Ақын жырлар тақырыптарда да осы екі бөлім төңірегіне топтастырамыз. Бұл екі бөлімде бәрімізге ортақ тақырып болып келе жатқан туған ел, өскен жер, адамгершілік, достық, махаббат жырланады. Өресі жетсін, жетпесін тақырып ауқымын кеңейтемін деп, ошақ басынан космос кеңістігіне дейін аралықты түгел шарлап келе жатқан "жазғыштарымыз" да бар ғой, еңдеше өзіне ет жақын ой, жүрсе сезімін ғана екшілеген Қуанышбайды құптауымыз керек: мәселе нені жырлауды емес, қалай жырлауда!

Кәдуілгі тұрмыстық қарапайым, белгілі мәнерлермен-ақ оқушы көңілін баурап алуға болатынын Қуанышбай мына төмендегі жолдарда әдемі дәлелдейді:

*Сенсің менің тіршілігім, тынысым,
Маңдайдағы бақ-дәулетім, ырысым,
Өзгелерде жұмысым не, әйтеуір,
Мен үшін сен ардақтысың, ұлысың!*

(«Қазақстан»)

Немесе:

*Өзіңде арманымның көктерігі,
Тамырын терең жайып көктеп егі.
Сұраса біреу егер,*

Туған балаң:

"Жақыным сенен өзге жоқ" — дер еді.

("Туған жерге")

Осы сөздердің өзек жарып шықанына, өтірік емесіне иланбай болмайды. Күнделікті айталып жататын белгілі сөздердің поэтикалық сезіммен астасуынан барып туатын осы сарындас үн, осынау ырғақ қарапайым ойдың

өзінен көкейге қонымды түйін тудырған осы өлеңдердің бекер жазыла салмағанына мейлінше дәлел бола алған. Табиғилықтан туған мұндай өлең жолдары ешкімді де ен-жар қалдырмасы белгілі. "Ноғайкөлде" аталатын өлеңдегі:

*Атқан жоқ алтын таң әлі,
Кетсе де батып ай маңа,
Еседі қырғың самалы,
Шөп басын тербеп жай ғана.*

*Бастарыы суға иіп тұр
Жағалай өскен тал, қайың,
Көл сүттей қалған ұйып бір,
Ал ауа таңғы балдайын,* — деген шумақтар арқылы автор тәтті бір мұң аралас әдемі образ жасайды, үйгеншікті тіршіліктің өзінен үйірі бөлек ой түзеді. Осы теңдес:

— Досым-ау, ақыл айтам

Алакөлге

Үйіңде жарың болса,

бара көрме, — деп басталатын "Балықты қызда" оқыңыз. Көргені мен көңілге түйгенінен, табиғи таза көрініс бар. "Көруте болдым ынтық қыр қыздарын, аққудай еткен айдын келді мекен" деп келген жігіт "мойылдай мөлдір кезді балықшы қызға" ұшырасады да, ақыры, "қайыққа міндім барып, қыз алдында біреулер демесін деп сағысынды" дейді де, лирикалық кейіпкер сыры бөлек, құпиясы көп көл үстінде қара толқынға қақпақыл болып кете береді. Қыз алдында дәрменсіздік көрсетуді намыс тұғатын қыр қазағының ежелгі мінезіне бағып, тәуекел дей тұрса да:

*Толқындар алысады жағаласып,
Бүркітше қанаттарын сабаласып,
Қорықтым, көз алдына елестегі
Тұрғандай бейне аузын ажал ашып.*

*Толқындар бірі үстіне бірі шығып,
Кезекпен бірі құлап, бірі жығып.*

Жатқанда, жел қайықта мен отырмын

Осыдан кетсем-ау деп тірі шығып, — деп мейлінше дәл, мейлінше шыншыл сурет жасайда. Әзілге негізделген өлеңде тұтас бір драма жатқанын аңғару қиын болмайды.

Бұл жерде Қуанышбайдың табиғатты жырлаудағы өзіндік дара бағыт ұстанғанын айтпауға болмайды. Жоғарыда бір құлаққағыс еткеніміздей ол туған жерін алыстан аңсап, шалғайдан қарап шабыт шақыратын қаламгерлер сортынан емес. Ол табиғат суретінің өзін

ішкі сезімімен ұштастыра жымдастырып, не қуанышын, не мұңын ақтару үшін қажетті бір декорация үшін пайдаланатын сияқтанады. Бұл ретте ол жаратылыс құпиясына бойлай сүңгіп, табиғат стихиясымен біте қайнасып, араласып та кетпейді. Әдейі алынған бір шарттылық төңірегінде ғана әдемі сырлар төгеді. Айнала тірліктен өзінің осы сөзіне, осы сәткі көңіл күйіне орайлас үндестік іздейді, әрі іздегенін таңдап таба біледі де.

*Құйғытып еркін шауып, еркін желіп,
Жайлаудың рахаттанам көркін көріп.*

Табиғатпен астасып кетем сәтке

Саржайлау –

Жан жайлауы секілденіп.

(Саржайлау")

Немесе:

Соқса деп тілеуші егім борандарың,

Тұлыпқа бораныңда оранбадым,

Аппақ қыс,

Арманым-ай,

Дәл өзіңдей

Мен ақын дәл өзіңдей бола алмадым!

(«Қыста»)

Сүйемін таудың, достар, асқарын мен,

Сүйемін оның найза тастарын мен.

Көрсетер әдебі мен кісілігін,

Адамның сүйемін мен кішілігін...

Осы жолдарды оқығанда табиғат Қуанышбайға тамашалау үшін емес, не тау мен даланың дара қасиетіне арнайы жырлап беру үшін емес, өз көңіл-күйінің, көргеннен түйген әсерінің айшықты фоны үшін қажет болғанын көрер едік. Ақынның бұл бағытта тапқан тәсілі де құптауға тұрарлық.

Енді мен «Арман аралының» екінші бөліміне, Қуанышбай Құрманғалиев шоқтығын биіктете түсер жырларына тоқталайын. Меніңше кітаптың ажарын ашып, әрін кіргізе түсіп тұрған да осы екінші бөлімге топталған жырлар дер едім. Мұнда да жер өзегін суырардай адуын патетика жоқ, мамыражай элегиялық әуенмен ыңылдай отырып-ақ ақын айтарын анық жеткізеді, айшықты образ жасай алады:

*Бақыттан басым айналып,
Ала бір қашқан асаудай
Барасың, сезім, қайда алып...
(«Бақыттан басым айналып»)*

Бәлкі, қазақ поэзиясында махаббат қылып мұнан да елгі мұнан да нәзік шерте алар жырлар баршылық та шығар. Бірақ мұнда басынан бақытты шақ кешкен, кезінде сүйіп те, күйіп те көрген кейіпкердің бозбала кезгі бір елесі, "Жыл өтті талай арада, жолығам деген жоқ ойда" дегізгерлік қайта оралымы қызық дәурені не өз кінәсінен, не өзгенің қылығынан айырылып қала берген асыл сезім бар. Бұдан соң:

Саған ғашық болған күннен

Ақын болып кетіп егім, — деген ақын сөзіне сенбеске, иланбасқа шараң жоқ.

Махаббат жырлары — Қуанышбайдың өзіне аса бір ұнайтын лирикалық әуені болса керек. Бұл тақырыптағы жырларында ащы рахат та, азапқа салар тәтті мұң, аңсау мен арман, өкініш пен өксіктен гөрі, таңғы шықтай таза алғашқы махаббатқа табыну басым. Енді-енді ғашық болған жігіттің үлбіреген үміті, жан ләззаты мен жүрек лүпілі бар.

Жігіт деген көп, тері,

Бәрі сені айналып.

Қызармай-ақ беттері

Сөйлесегі жай барып.

Қысыламын, қиналып,

Сөз айта алмай, еркем-ау,

Жүргенім бұл ұялып

Шын сүйегі екем-ау, — дейді ол.

"Мойындау" дейтін өлеңінде. Біразымыз базарлаған жерден тағы да қысылып-қымтырылмай орынды олжа тауып оралыпты. Қарапайым сөздерден, қарапайым ойдың өзінен құлаққа жағымды, жүрекке жұғымды шумақтар тұғызған.

Заты біз Қуанышбай творчествосы туралы сөз қозғағанда «қарапайым» сөзін көбірек жұмсап кеттік білем. Бір кезде үлкен жазушының бірі айтқан екен, әр ақын алғашқы кезде қарапайым да жаман жазады, одан кейін күрделі, бірақ жаман жазады, ал қарапайым да жақсы жаза бастағанда шынайы ақын болып қалыптасады, деп. Ендеше Қуанышбай қарапайымдылығы осы үшінші кезеңнің жемісі деп, жақсы мағынасында қайталап айтып отырмын.

*Ару қыз, көркем ажарың,
Ақ ниет, адал, таза арың.
Өткізсем бірге арман жоқ,
Жастықтың гулы базарын.*

Немесе: «Тілек» аталатын өлеңнің соңғы шумағында:

*Түбінде ақ қайыңның отырайық,
Көңілді қуанышқа толтырайық.*

Кел, сәулем, түні бойы сырласумен

Жаздың бір қысқа таңын атырайық, — дейтін шумағы бұл пікірімізге жақсы да дәлелді иллюстрация болуға қанатының сыңары осы тұрғыдағы жырларында деп білемін. Жарап жатқан жоқ па? Ақынды алысқа самғатар Қуанышбай Құрманғалиевтің поэтикалық сөздік қоры әлі де болса айта қоярлықтай бай емес, бірақ сол шектеулі қордың өзімен-ақ ол жүректен кіріп бойды алар", — әуен-ырғағы бүтін бірқатар жақсы өлеңдер жазыпты. Бұл оның бұдан да өнімді болашағын мегзегендей.

Егер Қуанышбай Құрманғалиев әдебиетке бүгін келген жасөспірім дарынның бірі болса, "көңіл жүре түзелер" деп оның мүдіре басқан, мүкіс кеткен тұстарына тоқталып та жатпас едік. Бірақ "Арман аралына" алғысөз жазған үлкен ақынның Қадыр Мырзалиев: "Ақын Қуанышбай Құрманғалиевтің алғашқы өлеңдері" осыдан жиырма шақты жыл бұрын оқығанмын. Жинақтағы жырлардың көпшілігі сол жылдары жарияланған екен... Бұл ақын өлеңдерінің уақыт сынынан сүрінбей өткендігіне дәйекті дәлел деп білемін», — деп отырса, ақынның өзі:

*Өткізіп көп ғұмырды дырғуымен,
Санаспай уақыттың сырғуымен,
Кеткенін із тастамай енді білдім,
Он алты жасымда мен жыр қуып ем.*

.....

*Мен тұрмын Мақсат-таудың етегінде,
Білмеймін бигіне жетемін бе, —
Ауылын Арман-жырдың келем іздеп,
Бір үміт, бір өкініш жетегімде, —
(«Бір өкініш, бір үміт»)*

деп отырса өз атына айтылар бірді-екілі орынды ескертпеге белі қайыса қоймас деп ұйғардық.

Ең алдымен Қуанышбай өзінше дара, жекеменшік стилі тұрғысынан айқындалып болмаған, өзіндік өрнек әлі де болса аздау соғып жатыр. Оған қоса тіл байлығында да, теңеу, бейнелеу тәсілдерінде де ысылған шебердің сипаты

қылаң бере қоймайды. Терең сезіммен сүйсіне шерткен саздарының өзінде де басқаларда бар сырын, таныс әуен ара-тұра ұшырасып қалып жатады. Әрі жібермей арылуды қажет ететін бір кемшілік осында. Жоғарыда көп өлеңдерінен сүйсіне цитата келтіріп отырған ақынымыз үшін:

*Жеттім елге Жетікөлді жағалап,
Желе жортып, ауыл үйгі аралап,
Мені көріп, ойпап жүрген балалар
Шықты алдымнан алақайлап, ағалап.*

("ауылға оралғанда")

Шығарсаң атаң атын — қазақ атын,

Сүйсініп елің айтса: — Азаматым!

Ақталса осы үміт, бауырларым,

Мен-дағы болар егім ғажап ақын —

("Бауырларым") деген жолдар өлшем бола алар ма.

Басқасын былай қойғанда, осы жолдарда дөп баспаған жаңсақсықтар қаншама. Жиырма жыл өлең жазып келе жатқан талғампаз ақында бұл қылық жараспаса керек.

Ендігі бірер сөзді творчестволық диапазон тұрғысынан бастайық. Қуанышбайда осы диапазон кемістеу ме деп қалам. Бұл, тіпті де, тақырып тарлығы деген сөз емес "Тақырып тарлығы" дегенді өзім көп түсіне бермеймін. Осы кітапта бар тақырыптардың өзінен-ақ алуан нәрсені айтып тастауға болар еді. Әзірге ақын өмірден алған әсерін ғана жырлайды да, сол өмірдің ішіне ыстығы мен суығына, жылуы мен шуағына көп мән бере қоймайды. Мұндай жерде ақын қарапайымдылығының қарабайырлыққа апарып соқпай қоймайды, содан сақтандырып жатқанымыз. Әлі де болса әлдебір жасқаншақтық бар сияқты, сол құлашты еркін сілтеуге бөгет бола берді. Содан арылу қажет. Әйтпеген күнде, кезінде Михаил Светков айтқандай, жергілікті дәрежедегі ақын ғана болып қалу қаупі бар. Сөзімге сараңдық жасамау керек.

Сіздің бәрі ақынның өз ықтиярындағы, өз қолынан келетін нәрселер. Қуанышбай жырларында кемістіктен гөрі жетістік басым. Мазмұны жағынан да, көркемдік қуаты жағынан да көрнекілер қатарынан орын алатын өлеңдері барын айттық та, дәлелдедік те, ендеше Қуанышбайдан әлеуметтік үлкен арнаға ұласар өнімді еңбектер көруге де әбден қақымыз бар. Жаңа сапаны сол болашақ жырларынан табатын болайық.

IV БӨЛІМ

ӨЛЕҢ ЖАЙЛЫ ОЙЛАРДАН

ӨЛЕҢДІ КІМ ҚОРҒАЙДЫ ?

Қурап бара жатқан қырат бар, құрып бара жатқан бұлақ бар. Тартылып бара жатқан көліміз, тарылып бара жатқан жеріміз бар. Жазушыларымыздың біразы бес қаруын бойына асынып, соның бәрін қорғау қамына кіріскен. Мұхтар Шаханов — Аралды, Оралхан Бөкеев — Алтайдағы маралды қорғаса, Хамит, Ғафу ағаларымыз қыз-қыз келгенде халтура мен халтурщиктерді де қорғап кетеді. Жылына қайткенде қазақша бір класс аштырам, деп, Шона Смаханұлы ана тіл, ұлтының сөзін қорғаса, тағы біреулеріміз қардай бораған ғайбат, арыз-шағымнан өзін қорғап жүр. Әйтеуір, қаракетсіз қарап жатқаны жоқ, ел қорғап, жер қорғап, табиғат қорғауға құлшына кіріскен қаламгерлеріміз баршылық.

Сонда елдің елдігін, кемелдігін, кеңдігін көрсететін, өсіп-өну мәдениетінің, ілгері дамуының өлшемі — өлеңді кім қорғайды? — деп ойланып қаласың. Қарап отырсақ дәл қазір өлеңнен дәрменсіз, өлеңнен қорғанынсыз мүсәпір жанр әдебиетімізде қалмай бара жатқанға ұқсайды. Көрінгеннің қолжаулығына айналып, панасыз, бағусыз қалып барады.

Туғанда гүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер генең, — деп Абай айтқан аталы сөз де бүгін аяқасты болғанын көріп, көбіміз күйініп жүрміз. Өлең-жыр өмірдің өзімен өзектес екенін, өлеңсіз өмір жоғын естен шығарып алдық. Қазақ халқының барша тіршілік-тынысы, ащы тері мен азапты ырысы, қызығының мәні, аққан қаны, салты мен санасы, жас күні де, дәстүрі де өлеңмен өрнектеліп, өлеңмен өріліп, сан ықылым заманнан бері қарай бірге жасасып, біте қайнасып келе жатыр дегенге де ешкімді иландыра алмайтын халге жетіп қалдық.

Апыр-ау, бұ неге? Қаншама жылдар қойнынан, ғасырлар қойнауынан, қатпар-қатпар формациялардың

зіл батпан қыш тыстары астынан әлі күнге тот баспай, тереңде қалмай, саф алтындай таза күйі бізге жеткен інжу-маржан жырларымыз, аңыздарымыз, ғашықтық тебіреніс, батырлық толғау, халықтық қасиет тұнған қара өлең бүгінгі бізге асыл мұра — поэзиямыз арқылы жетпеп пе еді. Сан мың зергер жасаған асыл бұйым, айға тірелген ғимараттар жер үстінен жоғалып, өшіп құруға айналып бара жатқанда, асыл ойлы, асқақ әуенді, таңдайдан дәмі кетпес, көкіректен нәрі кетпес өлең сөздің өлшеусіз үлгілері әлі күнге бүлінбей, өңін беріп ескірмей, тозбай, күні бүгін жазылғандай кәдеге жарап келе жатқанын кім мойындамас. Абай аузынан ақыл болып құйылған, Махамбет аузынан батырлық ұран болып саңқылдап шыққан жырларға пара-пар келер дүниелер батыс-шығыстың қайсысында шашылып жатыр екен? Өлеңді сондықтан да "сөз патшасы", сондықтан да "сөз сарасы" деп жүрген жоқпыз ба?

Сол өлең бүгін неге сорлы болды? "Шөңге де өлең, шөп те өлең" деп, күлдібадам, көр-жер бірдеңелерінің басын құрап, төрт жолға бөліп жазып, баспаға өлең етіп ұсынатындардың күнкөрісіне айналып, оқырман кәдесіне асудан біржола қалып бара жатқаны қалай? Поэзия дейтін аталы жанрдың, киелі өнердің осылай құлдырауына жауап беретін, обалын мойнына алатын біреу болуы керек қой.

Бас-аяғы бүгін, көркем шығарма деп атауға боларлық бір өлең жаза алмай жүріп, "мен кімнен кеммін?" — деп кеуде қағатындарды, жұрт көкейіне дарыған бес ауыз өлеңі жоқ, бірақ жүзі жанбастан баспадан бес том кітап сұрап шабынды болатындарды көре тұрып неге ымыраға көне береміз?

Бір кезде Абай:

*Шортанбай, Дулатпенен, Бұхар жырау,
Өлеңі бірі жамау, бірі құрау, —*

деп жыр тазалығы жолындағы кекесінін өзіне дейінгі жырауларға да білдіріп еді, не керек, біз сол "бірі жамау, бірі құраудың" астына көміліп бара жатырмыз ба деп қалам. Абай ащы әжуалап отырған өлгі ақын-жыраулардың бізге там-тұмдап жеткен үзік-үзік шығармаларының өзіне аузымыздың суы құрып оқып, қолдан түсірмеуге айналсақ, ол бір жағы Дулат, Бұхар сөздерінің асылдың көзіндей қымбаттығынан да болар, екінші жағынан бүгін сол "бір жамау, бір құрауға" зар болып бара жатуымыздан да шығар деп ойламасқа амалың қалмайды екен.

Өз басым (мақтанғаным емес) айналам, ақ пен қараны

ажырата білетін әріптес дос-жарларым пікіріне орай ғана, "шынында ақын болармын" — дегенге осы соңғы жылдары ғана ден қойып, көңілімді діктеп, енді-енді ойыса бастадым. Өйткені ақындық дегеннің өзі өлең жазумен де, кітап санымен де, жұрт дақпыртымен де өлшенбейтінін, қанға сіңген, жан-дүние діріліне байланысты аса қасиетті ұғым екенін әріден болса да аңғарушы едім де, жолдастарым әлдекімдерге ақын деп таныстырғанда, не дерге білмей күмілжіп, өзімді ұрлық жасағандай ыңғайсыз сезініп, жанарыммен жер шұқып қалатынымын.

Қазіргі жұрт ұялмайтын болып та барады. Өзін-өзі "ақынмын" деп таныстырғанда, күркетауықтай қоқиланып, қырынан қарап, нығыздана, ыңырана түсетіндерін қайтерсің. Егер ақын ініміз Ұлықбек Есдәулетов айтқандай:

*Ұлылық сырын ашатын,
Шетінен түгел ең дана,
Ақынның бәрі — бас ақын,*

Екінші — жалғыз мен ғана, — деп, шынайы дарындар өзара талант салыстырып, өнерімен жарысқа түсіп жатса бір сәрі-ақ, жұртқа танылуда өнерін емес, өзін әйгілеуден бастайтын ағайынды көргенде, амалың жоқтықтан: "Қайнайды қаның, ашиды жаның!" — демеске ешбір лажың қалмайды екен.

Көзі қарақты жұрт қазір романның, повестің, әңгіме, новелла, тіпті әдеби сын сияқты жанрлардың ара-жігін ажыратар, жақсы-жаманын айырап халге жеткен. Ал өлеңге келгенде, оқырман да, баспалар, баспасөз басында іс тұтқасын ұстап жүргендердің өздері де күмілжіп, ақ-қарасын анықтауды жазғыштардың өздеріне қарап ысыра салуды дағдыға айналдырып барады. Әлгі "жазғыштар" "өлең" ғана жазып қоймайды, төсектен тұра арыз да, шағым да жаза бастайды. Дедек қағып жоғары жаққа жүгіргіштер де солар. Қау-қау қағазды, төрт жолға бөліп орналастырылған өлеңге ұқсас өлексе дүниені көргенде жүрегі айни ма, жүзі шайлыға ма, әйтеуір: "апыр-ау, көп жазып тастапты ғой, шығарсаңдаршы!" деп қолыңда әмірі бар азаматтар кесікті билік айтып, бұрыштама соғып баспаға қарай тоғыта береді. Үсті-үстіне телефон соғып, айырықша бақылауға алып, артына түсіп бағады.

Өтірік дегеннің көзі шықсын, екі күннің бірінде болып тұрады мұндай.

Осыдан сәл бұрын Жазушылар одағындағы үлкен бір жиында Сағи Жиенбаев өлеңді қорғау тұрғысынан жақсы

баяндама жасап, жұрт көңілін бір серпілтіп тастады. Ашынып айтты, біраз жәйтті ашық айтты. Сол Сағидың өзі көп жылдар бойы "Жазушы" баспасының поэзия редакциясын басқарып еді, халтурамен күрессе сонда қайда қалды екен, небір жасық-жаман кітаптар сол жылдарда жарық көріп еді ғой, деп ойлауға болар еді, бірақ жоғарыдан болатын жаңағы қысымды еске алып, оның да жайын түсінгендей болдым. Өлеңге өгей баладай қарау өз ішімізде де жоқ емес. Басқасын былай қойғанда, мына бір "дәстүрлі" жәйтке назар аудара кетейінші. Үлкен-кіші жиындарда әдебиет жайында баяндамалар жасалып, орталық, республикалық баспасөз беттерінде мақала, интервьюлер жарияланып жатады. Небір дуалы ауыз шешендер, жұрт басқарып жүрген азаматтар арғы-бергі әдеби үлгілерге, аты мәшһүр қаламгерлер творчествосына шолу жасайды. Сонда поэзия көбіне қағаберісте қалтарыс қала беретінін қайтерсің. Проза жанрында қалам тартып жүргендерді буын-буынға бөліп, жіліктеп, жіктеп, жіпке тізіп келеді де, ұяты бар бірі енді есіне түскендей: — "... әдебиетке ақындар да ат салысып жүр, мәселен..." деп өзіне заты емес, аты ғана белгілі бірер ақынның есімін еске түсірумен шектеле береді. Прозаиктердің данасын, баласын, шаласын түгел тізіп кеп, ең бір белсенді, белді ақынға келгенде тілі күрмеліп, тұтығыңқырап тұрып бірдеме деген болады.

Сонда мен ойлаймын: "апыр-ау, бұлар поэзияға қашанғы сол қосалқы шаруашылық тұрғысынан қарай береді? Әдебиеттің қос қанаты болса, бірі — поэзия емес пе еді", деп.

"Жазушы" баспасында жүріп, аз жылда үш бірдей директормен бірге жұмыс істеуге тура келді. Солардың бірі (жақсы азаматтың атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын) кезекті тақырыптық жоспар жасау үстінде: "Мен үшін жоспарға айтулы деген ақыннан гөрі, Амантай Байтанаевты кіргізу әлдеқайда тиімді", — деп қалғаны бар. Байтанаевты кеміткені ме, өлеңді кеміткені ме, кім білсін. Тыңдап отырып ренжідік, өлеңнің қасиет-киесі жайлы еске салған болдық. Сөзіміз өте қоймады.

Бұл да жоғарыдағы салқын салғырттықтың салдары еді. Поэзия, әйтеуір, екінші кезекте тұруы керек дейтін келеңсіз тұжырымнан туған қисынсыз пікірдің жемісі болуы керек деп түйеміз. Өлеңнің қорғансыздығына бұл да дәлел болып қалар-ау.

"Ақын" аталатын ұғымның нарқы кеміп, поэзия қайраткерлерінің бағасы төмендеп бара жатқан жоқ

па осы? Өйткені, қазір Жамбыл да "ақын", жүрдім-бардым өтіп жататын айтыстарда бір көрініп қалатын жезқазғандық Тазша бала да "ақын", Абай да "ақын", жақын-жанашырларының арқасында теледидардан оқтатекте "әу" деп қалатын Айжарық та "ақын". Шығармасы әлі жүз ғасыр жасайды десек күпірлік болар, әйтеуір, ел есінде ұзақ қалар Әбділда Тәжібаев пен Әбу Сәрсенбаев та, Манап Көкенов пен Көкен Шәкеев те іркес-тіркес бір мезгілде "халық жазушысы", "халық ақыны" деген атақ алды. Онда да қос Әбекең "халық жазушысы" да, Көкенов пен Көкен – "халық ақыны". Яғни, "жазушы" мен "ақын" ұғымы әлі де тең емес, әйтеуір біреуі кем. Өйткені бұл адамдар творчествосын салыстыру ешбір басқа логикамен сиыса қоймауы анық. Осының да басын ашып, белгілеп алып, бір межеге тоқтар түс жетті.

"Ел іші – өнер кеніші" деп жазып жатады газеттер, дауымыз, таласымыз жоқ. Болсын. Бағалайық. Тек қана әр сөзі алтынға бергісіз профессионалдарды – бір сөзін тасқа басуға келгенде бәріміз қиналып қалатын әуесқойлармен қалайша қатар қоя алмақпыз? Әрқайсысына атақ, орден не үшін беріліп отырғанын ашып айтып, тоғытқан қойдай топтап айдай салуды қоятын уақыт жетті емес пе?

Радиодан әлдекімдер өлең оқып жатты. Өлең деуте келмейтін көк жасық бірдеме, мұнысы тағы қай пысық болды екен деп құлақ түре қалсам, диктор: "Сіздердің тыңдағандарыңыз ақындар Изенбасов Жусанбай, Арпабаев Сұлыбайлардың өлеңдері" (шартты түрде) деп, шімірікпей соғып тұр. Құдайы шыным, жағамды ұстадым. Ондай, "ақындардың" атын естіп, өлеңін оқысам құлағым керең, көзім соқыр болып кетсін!

Халтураға қарсы ұлы қамал болуға лайық маңдайға басқан журналымыз "Жұлдыз" кей-кейде қабырға газетінің өзіне ойлана жариялайтын ортақол, дүмбілез шығармаларға бетін кең ашып қойып, аты-жөні беймәлім біреулерді үзбей насихаттап жатады. Кейде журнал Жұбан Молдағалиевке екі бет берсе, әлгіңдейлерге келгенде орапайсыз жомарттық жасап, төрт-бес бетін ұсынып жататынын қайтерсің.

Ақындардың өзіне де обал жоқ. Ру-руға, қайдағы бір жүзге бөлініп бет жыртыса бергенше, рухтас, иықтас таза дарындар жиналып, талантты топ құрап, халтураға қарсы аяусыз ақтық айқасқа шықпас па. Оны қойғанда, алдына келген графоманға: "Әй, шырағым, мынауың көркем шығарма емес қой, әуре болмасаңшы!" дейтуғын,

немесе бір пайдасы тиіп, жақсыны арашалап, жаманды жер етер ме деп, пікір айтуға берген халтура қолжазбаға көпе-көрнеу күлгірси, ат та өлмесін, арба да сынбасын деп атүсті тиіп-қашты ғана пікір айтатын, жалтаруға, жауаптан қашуға даяр тұратын нелер бір дарынды жігіттердің әрекетіне де ішің ашып, өлердей қорланасың. Бір айтса, осы айтар-ау деп дәмеленген үмітің осылайша жер болғанын көргенде, бәрінен біржола жеріп, айдалаға безіп кеткің келетіні бар екен...

Осындай ортақтаса күресер іске белсене, жең сыбана кірісудің орнына, тәп-тәуір аты шығып, айналаға таныла бастаған, ақын атын алып жүруге әжептәуір қақысы бар біраз жас азаматтар, "өлеңді жақсы жазып, жұртты жарылқап тастадық, енді бізге атқамінер кез жетті, тәуір қызмет керек, лауреат, депутат болатын кезіміз де асып барады" – деп, жер-жерге хат жазып, жекебас мәселесін күйттеп жүр. Сонда мен ойлаймын: осы жігіттердің біразына жалақысы мол жоғары лауазым берсе, бәлкі, өлеңді біржола қойып та кетер ме еді, қайтер еді деп... Әйтпесе:

*Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан, —*
деген, Абай даналығын еске тұта жүруіміздің артықшылығы болар ма еді?

Ақын деген қашан да қоғам қайраткері, өз мезгілінің ұлы тұлғасы емес пе. Ендеше ең алдымен оның басы дарынына, талант мөлшері, тындырған әдеби еңбегінің үлес салмағына қарай бағаланбаушы ма еді. Мақаламыздың әр тұсында ауызға алып кетіп отырған дара, даңғайыр тұлғаларды халық кезінде алтын тақта, лауазымды орында отырып ірі қызмет атқарғандықтан емес, артына өлмейтін, өлшеусіз ұлы мұра қалдырғандықтан бағалаған болуы керек. Ендеше талантсыз болсаң да — тағың, дарынсыз болсаң да — бағың болсын дегенді қояр сәттің де жетер күні болмайтын ба еді.

Енді бірер сөзді осы дамыған, толысқан поэзиямызға деген оқырман ықыласы, өлең насихаты төңірегіне қарай бұрсақ па деп отырмыз. Бұл өзі қазір ең өзекжарды мәселеге айналып отырғанын жасырып қажеті жоқ.

"Поэзияны ұқпаймыз, өлеңді оқып түсіне қоймадық", — деушілер де кездесіп қалады. Ол рас. Музыкалы слух (әдейі осылай алдым) әр пенденің басына бұйыра бермесе, өлеңге деген құлық та жұмыр басты көрінгенге қона берер қасиет, маңдайына бұйыра берер ырыс емес. Бірақ

көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болдым дегендей, ынта қойса, ауырсынбай, азға алданбай, әрірек үңіле түссе – өлеңді ұғуға да, сүюге де болады. Саналы, көзі қарақты адам жоғарғы математика, квантты физиканы да игереді ғой. Кейбір музыкаға құлықсыз адамдар концерт залдарына бара жүріп, камералық, классикалық музыканың өзіне құнығып, ақыры нағыз жанкүйеріне айналғанын естіп жүрміз емес пе. Поэзия деген де музыка. Мұны тек құлақпен ғана емес, көңіл-жүрекпен, бар діліңмен, тұла бойдағы дірілмен тыңдап білуің керек. Оның байыбына бармаған оқырмандарымыз нағыз бір ойлы ақынның оралымды, орамды, тұңғиық терең өзіне селт етпей мүлгіп отырады да, "Торғай пыр етті, трактор тыр етті" деген қайдағы бір арзан жатқан аяқ астылық әумесер өлеңсымаққа (өлең деп айтуға аузым барар емес) жатып кеп күліп, жапырлай қол соғып жатады. Амалсыз тағы да Абайға жүгініп:

Қайнайды қаның,

Ашиды жаның

Қылықтарын көргенге! — дейсің де қоясың, күрсініп. Өлеңді осындай еріккеннің ермегі санайтындар кітабымды оқымай-ақ қойса екен деп те тілейсің.

"Шәкіртсіз ұстаз тұл" дегенді білеміз, соны сәл өзгертіп айтсақ, оқушысы болмаса — ақын тұл екен. Тағам дәмін таңдайымен сезгендей, өлең сөздің нәрін, шырынды балын қанымен, жанымен сезіне білетін оқушы болған жерде ақынның да, поэзияның да бағы жанып, жұлдызы жоғарылап жүре берер еді. Ол үшін ең алдымен орта мектептерде әдебиет пәнін оқытуға барынша қатал, барынша жауапты қарап, бұл жұмысқа мемлекеттік тұрғыда мән бере түскеніміз дұрыс бола ма деймін. Ақын дайындай алмасақ та, ойлы да саналы, көкірегі ашық, көңілі жүйрік оқушы дайындау қолдан келетіндігі жайлы қаншама айтылып, қаншама жазылып жүр. Амал не, әлі де нәтижесі ойдағыдай емес. Өрелі, ойы ұшқыр, ояу, түйсігі терең, ұғымпаз, зерделі — бір сөзбен айтқанда шын мәніндегі алдыңғы саптағы, мәдени тәрбиесі жоғары оқушы дайындай алмай келеміз. Күнбе-күнгі өмірден көріп жүрміз ғой, аты алты алашқа мәлім мәдениет қайраткерлері, әншілеріміз, артистеріміздің бірқатары қазіргі қазақ поэзиясы жайлы үстірт біледі. Теледидардан жиі көрініп, аты газет-журналға оқтын-оқтын көрініп жүретін бірен-саран ақындар болмаса, қалған көп белсенді, белді ақындардың атын да естімеген интеллигенция өкілдерімен жүздескенде олар үшін өзің ұялып қаласың. Әдебиетті өмір айнасы

десең, сол айнаның ең таза, ең мөлдір тұсы поэзия ғой, ұлттың поэзиясын танып білмеген азамат қалай ғана ұлт мәдениетінің өкілі бола алады деп те таң қалмауға болмайды.

Мен орта мектепті бітіргелі де отыз жылдан асты. Отыз жыл ішінде орта мектептің әдебиет оқулығы көп өзгеріске ұшырамаған көрінеді. Біз де Жамбылдан бастап, Тайыр Жароковқа дейінгі қазақ совет әдебиетінің өкілдерімен үзіп-жұлып танысқан едік, менің мектеп бітіретін балам да солай, сол оқулық төңірегінде ғана әдеби білім алып отыр. Сол отыз жыл ішінде әдебиетке келген, жоғарыда мен атын атаған, атамаған көп таланттар тобы бүгінгі шәкірт назарынан тысқары қалып жатыр.

Отыз жыл бойына өзгеріссіз қалған әдебиет — өлі әдебиет. Ал біздің әдебиетті, біздің поэзияны өзгермей, дамымай, ілгері баспай, жаңарып, жаңғырмай отыр деуге кімнің ғана аузы бара алады? Олай болса, көп сөйлеп, жылдан жылға сағыздай соза бергенше, кесіп-пішіп бірақ тындырар қауырт бір қимыл, тоқетерлі әрекет керек сияқты. Ертеңге қалдырмай, осы бүгін, тап қазір шешілуге тиісті тығыз шаруаның бірі осы деп білемін. Мектеп бітіріп, тірліктің басқа саласында тізгін ұстап кететін азаматтар өз бетімен қайта оралып, поэзиямыздың қазіргі нұсқаларымен түбегейлі таныса қояды-ау деп тағы да сене алмайсың. Мектепте тұшынбаған, өлең дәмін алмаған бала, әй қайдам, ертең ержеткенде де білікті оқырман бола қояр ма екен? Күмәнім көп-ау.

Сонымен, өлеңнің өгей баладай болып, шетқақпай қалып бара жатқанын бірсыпыра дәлелдедік-ау деймін. Мен бір мақала жазып, сонымен іс оңғарыла кетеді, енді бәрі жөніне көшеді деген орынсыз оптимистік ойдан аулақпын. Бірақ, көп болып көтерген жүк жеңіл, дегендей, ары бар, абыройы биік азаматтар үн қосса, қолдаса, бірігіп жүріп, топтала отырып өз жанрымыздың арын арлап, сөзін сөйлесек, ақыры келіп, кімнің кім екенін көзіне айтар, асылды жасықтан айырар күн туып та қалуы мүмкін-ау деген үміт те жоқ емесін және жасыра алмаймын.

Ендігі сөзді әріптес аға, еңселі тұрғыластарымнан, қабырғалы қалың іні таланттардан — ірі таланттардан күтемін.

1989 жыл

БҰЛ КҮНДЕ АНАУ ДА "АҚЫН", МЫНАУ ДА "АҚЫН"

Абай жарықтық өзінің "Жазды күн шілде болғанда" деп басталатын әйгілі өлеңін жазғанға шейін (1886 жыл) өзін-өзі ақын санамай, шығармаларының бәрін үзеңгілес інісі, ара-тұра ащы-тұщы ағалық мысқылмен іліп-қағып өзілдей беретін Көкбай Жанатайұлының атынан таратып отырған екен. Ол турасында сол Көкбай ақынның: "Өзі жазған сөзіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Маған: "Сен соғымыңа бір ту бие ал, ал мен енді өлеңімді өзім алайын деді", — деп есіне алатыны бар. Мұны біз сол баяғы Абайдың: "Сорлы Көкбай қор болды-ау осыншадан құр қалып", — деп қалжың айтатын Көкбай ақынның өз естелігінен алып отырмыз.

Абай кім, біз кімбіз? Бір жарым ғасыр бойына қара сөзден дес бермей, өлең сөзде алдына жан салмай келе жатқан дүлдүлдігін айтпағанның өзінде, телегей-теңіз ұлылығымен, ақыл-ой, асқақ шабыт, сыңғырлаған өңкей келісім, бүтінгі тілмен айтқанда, көркемдік шеберлік атаулының бәрін түк қалдырмай тұла бойына түгел сіңіріп алып, бізге сол ұлы дария ернеуінен өзі қалаған мөлшерде ғана там-тұмдап таттырып келе жатқан шет-шегі жоқ ғұламалығымен де дара тұрған Абайдың өзі сөйткенде еріксіз барып "басқамызға не жорық", — деп ұялсақ керек еді.

Бірақ ұялсақ өлеңші боламыз ба! "Түйе мінген қазақтың төрт ауыз өлең айтпайтыны жоқ", — деп танауды бір тартып қойып, жоқты-барды тізбелеп, он құрап, жүз жамап, әр жерден үзіп-жұла сөз үрлап, ой жымқырып, қалтырап дірілдеген бірер шумақ "өлең" жазып алады да, соны не ақысын төлеп, не ара ағайынға жалына-жалбарына жүріп газет-журнал бетінде жариялай сала: "Мен де ақынмын!", — деп жаңа ғана жұмыртқа тапқан тауықты қыт-қыттап шыға келетіндерді қайтерсіз! Сенің "бетті басып, қатты сасқаныңды" көрсе, одан әрмен қыбы қана құшырланып, өз атын өзі шақырып қана қоймай, айналасындағы әбүйірсіз ағайын, жалпақшешей жарамсақ жаралазан-шылары қошеметтей қол созып, қолтығына су бүркіп, шырылдай, шұрқырай шуылдасып: "Ойпыр-ой, сөзім-ақ қой, шіркін, қайда жүргенсіз осыған шейін, сіздің қасыңызда Жамбылдың өзі жіп есе алмай қалуы мүмкін екен-ау!" десіп даурығып бір бергенде, әлгі шіркіннің айдарынан жел есіп, "солай екен-ау өзі!" дегендей, ай-

наласына мүсіркей қарап, тайқы маңдайын тыжыртып бігер еді. Олар енді көп болып бас қосатын торқалы той, топырақты өлім үстінде ұялып-қызармай "Ақынбыз ғой, қара сөзге жоқ едім, ойымды өлеңмен білдірейін", — деп маңғаздана мардымсып, біржола бәлденіп бітеді. Өзінше ол да қара сөзден гөрі ұлы Абайдың өзі сөз патшасына балап кие тұтқан қасиетті өлеңді тымақпен ғана ұрып алмақшы. Әйтеуір доңғалағы қиралаңдап, майсыз арбадай шиқылдаған қайыстай қатқыл сөздерді төрт жолға тізіп, ырғақ, буын ұйқас атаулыны белінен баса көктей өтіп, ащы ішектей созылған күлдібадам "дүниесін", "боталы түйедей" бұлдап бітеді.

Осындайда еске түседі, ел аузына енді іліге бастаған жас композитор Бақытжан Байқадамовтың сол кезде атағы жер жарып тұрған Иса Байзақовты ресторанға шақырғаны жөнінде қаламгерлер арасында жүрген бір аңыз бар. Жас жігіттің дастарқан мәзіріне сүйсініп, бірер жүз грамды тастап алған Исекең інісінің атын ұмытып қалып: "Қарағым, сен осы кіммін деп едің! Аты-жөніңді тағы бір айтшы!" — дейді ғой. Өрім жас қысыла-қымтырыла: "Аға, әлгінде ғана Бақытжан Байқадамов деген композитор ініңізбін" — деген жоқпын ба", — деп жауап береді. Сонда Исекең: "Ондай композитор естісем құлағым керең болсын!" — деген екен, бүгінгіше өп-өтірік көлгірсіп жатпастан.

Қазір Байқадамовтар бар болса бар шығар, бірақ бетің бар, жүзің бар демей, керек жерінде кесіп айтар Байзақовтар жетпей жатыр-ау. Соған бір мысал. Өткен жылдардың бірінде осындай бір 60 жасқа дейін біз де "атын естісек құлағымыз керең болғыр" әлдебір танылмай келген "танымал" ақынның екі сағатқа созылған шығармашылық кешін теледидардан көріп, тамашалағанымыз бар еді. Ой-бай, несін айтасың, білмесек біз секілді марғаулар, танымаса өлең сөзінің табиғатын түсіне білмес дүмбілез, поэзия дегенді құран сөзіндей қабылдайтын санаулы оқырман, сыншы-сарапшылар ғана танымай келіпті. Әйтпесе бүгінгі таңдағы ең "ойшыл" да, "сом алтын сынығы" да, "ағын судың тұнығы" да сол екен. Жазып-сызған "сазды", "назды" дүниелері жұрт қолынан түспейді екен! Белгілісі бар, белгісізі бар, әуесқойы да, кәсіби де бар, ортақолдысы, ортанқолдайы бар — қазақта бар композитор біткен соның сөзіне таласа жүріп ән шығарып, небір сахна саңлағына айналған әншілеріміз сол әнді сұрап жүріп, жылап жүріп орындайды екен. Әдебиет пен өнердің нелер бір "мен болдым-ақ" деп жүрген ығайлары мен сығайлары әлгі

"ақынның" екі аяғын жерге тигізбей, оның өз "өмірінен" цитата-дәйек келтіре отырып, "әнін" аспаңдағы аққумен жарыстыра әй да келіп, мақтап бір берсін. "Апыр-ай, осы кезге дейін ай қарап жүргенбіз бе, қалай ғана көрмей-білмей келгенбіз? — Кемеліміз де, кемеңгеріміз де мұнда жүр екен ғой!" — деп таңырқай таңдай қақтым мен. Уай, тәңірім-ай, десеңші!..

Кейінірек сол кеште сөз сөйлеген, кісілік атаулы қасиеттен маһрұм бола қоймаған біреп азаматпен; "Мұның қалай?" деген тұрғыда тілдесіп көргенім бар. Ұялмағандары: "Онда сенің нең бар!" — дегендей кекесінмен үнсіз қала берді де, кейбір бетінің қызылы барлары: "Әй, Сәкен-ай, неге дерің бар ма, қоярда-қоймай жік-жапар болып шақырды, араға ағасын да, жағасын да салды. Бары болса — аузымызға тосты, сөйте отырып, "бір ауыз сөз айтыңыз", — деп қолқалайды, қалай ғана бас тартасың. Өзің болсаң қайтер едің?" — деген болды. Өзін де, мені де жұбатқандағысы. "Сөйтер едім" деп, мен де ештеңе айта алмадым. Біреуді мақтай қалсақ, қол-аяғын жерге тигізбей атын аспанға шығарып, пайғамбардан асыра, жамандай қалсақ жерге тыға, жақсылығының бәрін жаба тоқып, жасыра бастайтын болғанымыз қашан. Мақтаудың да мөлшері, даттаудың да өлшемі барын ойдан шығарып аламыз. Періден періште жасау да, періштені пері етіп шығару да оңай.

Қазір ұйқасқанның бәрі емес, тіпті ұйқастырмай-ақ тасқа басып шығарған сөздің бәрін өлең санайтын болып бара жатырмыз. Оған төрелік айтып, тосқауыл болар ағайын және көрінбейді. Осыдан көп бұрын, сол сексенінші жылдардың орта тұсы-ау деймін. "Өлеңді кім қорғайды?" деген мақала жазып, "Қазақ әдебиеті" газетінің айқара бетінде жариялағаным бар еді. Сол тұстағы өлеңнің қашаннан мүшкіл хал-ахуалы, ақындарымыздың (шынайы ақындарды айтамын) кітап шығарудағы азап аралас жан айғайын сөз еткен болатынмын. Бірқатар белгілі азаматтар қолдап, үн қосқан да еді. Сөйтсем, оным астамшылық екен. Бүгінгі таңда сол кезгі жағдайымыздың өзіне жылап көрісетіндей халдеміз. Өлең шіркіннің арасын "бөтен сөзбен былғамауға" шақырып, қаншама айтып та, жазып та жүрміз. Құлағына қыстырып, "шынында да осылай екен-ау" деп жатқан ешкім жоқ. Оған бола қысылып, кері бұрылып жатқан графоман-халтурщик те, олардың бұрқыраған "шөп-шаламын" жарыққа шығаруға тиым салып жатқан баспасөз, баспа орындары және жоқ.

Қайта сол халтурщик-дәлдүрішің бүгіндері көпшілік жиналған ордалы да олжалы жерде мадақ мен марапатқа ие болып, талант иелерінің алдына түсіп, ақысын жеп те жүр. Әртүрлі мереке, мерейтойлар құрметіне өткізіліп жататын мүшәйраларға әлдебір жұлымыр жекжатының жең ұшынан жалғасқан ымы мен жымы арқылы қатысып, сол демеушісінің арқасында жыр бәйгесіне ие болып бір дүрідесе, олардың қалың-қалың кітабын шығарып, аузы дуалы дерлік ақсақал-қарасақал әдебиетшілерге алғысөз жаздырып, газеттер бетінде мақтатып жатқан баспагерлерге де ешкім тиым сала алмай келеді. "Керуен кері бұрылса – ақсақ түйе алға түседінің" бір мысалы да сол, соны көре тұра не істерге амал таппай, дымымыз құри беретіні де сондықтан.

Қазір екінің бірі "ақын". Ақын болғанда да, жәй емес, "аса көрнекті" "белгілі ақын". Облыстарда шығып жататын көп-көп кітаптың аннотациясы мен сол кітапқа жазылған жергілікті газеттегі әр алуан пікірлер мен рецензиялар осылай деп атойлап жатады. Отбасы, ошақ қасына, өзінің бала-шағасына белгілі болса белгілі шығар. Ал әдеби ортада ешкім біліп жарытпаған сол шіркіндердің әлгі марапат-мадақтан кейін: "Міне, мені көрдің бе, вот, солай!" – деп тыраштана, тырсия түскенін көріп "қайнайды қаның, ашиды жаның" демеске тағы амалың жоқ. Поэзия деген анық та қанық бояудан, әсем де көсем сөздерден, ажарлы да базарлы, асыл да ғасыл ойдан түзілетінінен де бейхабар бейшараларды "ақын" деп әспеттеп, аспанға шығара мақтаудан арыла қоярмыз деп үміттенудің өзі бекер әурешілік. Біз сынағанымызбен дәркемі біразымызбен деңгейлес саналатын, әбден болып, толып алған, "ендігісі күл болмаса бұл болсын" дейтін өзге әріптестеріміз олардың аяғын жерге тигізбей мақтап әлек. Содан барып өзің сыйқым, сөзің қиқым бірдеңеге айналасың. "Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы" дейтін Абай қағидасы да айдалада қала береді.

Біз, әрине, Абай емеспіз, сөйте тұрсақ та, әлі күнге дейін ешкіммен ақын едім деп танысып көрген емеспін. Біреу мені солай деп таныстыра бастаса өлердей қысылып бітетінім бар. Ақын болу үшін, ақын атын иемдену үшін бір ғана өлең жазу аздық ететін сияқтанады да тұрады маған. Аты-жөні, лауазымының соңына "ақын" деген қосымша жалғамаса көңілі көншімейтіндерге қарап таңырқап, таңданумен-ақ келемін.

Бірақ, күпірлік болса да айтайын, егер мен өлеңді кие тұта құрметтемесем, қасиет-қадіріне табынып, құдіретке

баламасам бар ғой, әлгіндей-әлгіндей "танымал" ақынның таңдамалысы сияқты өлеңнің күніне жүзін жазар едім. Тіпті жазып әуреленіп жатпай-ақ, диктовка жасар едім!

Өлеңге де, өнерге де әркімнің-ақ таласы бар, оған дау да талас та жоқ, Жаз, жаза бер, көп жаз. Газет, журналға да жарияла, кітап етіп те шығар, бірақ ақынмын деп кеуде кермей қоя тұршы, айналайын. Тым құрыса киесі ұрады-ау деп қорықсаңшы!

Әдебиетті ардың ісі дейтін едік. "Ар алдында мен өзімді әрдайым дар алдында тұрғандай-ақ сезінем" — деп те жазғаным бар еді менің бір кезде. Амал не, бүгін әдебиет ардың емес, малы бардың, дарынның емес, қалтасы қалыңның ісіне айналып барады. Өйткені біз өмір сүріп отырған бүгінгідей қоғамда қаламгер жағдайы мүлдем өзгерген. Ақын, жазушы атаулыға бұрынғыдай талант, дарын иесі, айрықша жаратылған дара тұлға деп қарау, кемел де кемеңгер парасат пайғамбары, ақыл мен ойдың падишасы ("властитель ум") деп қарау жоқ. Сол әлгінде айтқан кеудемсоқ көп халтурщик-дәлдүріш, күніге қырық кітап жазатын графоман қатарында күнін көріп жүрген көп құлпенденің бірі деген ұғым қалыптасып барады. Қайтейік, оған көп ретте басшымыз бар, бастаушымыз бар, осы біздің өзіміз де кінәліміз. Көре тұра көрмеген, біле тұра білмеген боламыз. Сен ақын емессің, бар болғаны өлеңшісің деп айтуға аузымыз бармайды. Көңіл жықпас көлгірміз, біріміздің жаман атты болғымыз келмейді. Оқта-текте ақты ақ, қараны қара деп, әр нәрсені өз орнына қойып, әлдебіреуіміз билік айта қалсақ, сырттай ғана сүйсініп, әліптің артын бағып, бейтарап қала беретініміз және бар. Таяқтың бір басы өзіміздің маңдайымызға келіп сарт етіп тигенде болмаса, "сен тимесең мен тимен, бадырақ көз" дегеннен әріге асып, әрекет жасамаймыз. Содан да ғой, "әлгі айтқан етікшілер мен ұялмастар" жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап өріп шыға беретіні.

Ақын деген аруақты сөздің астарына үңіліп, байыбына барудан бұл күнде халық болып қалып бара жатқандаймыз. Елдігің мен ерлігің, кемелдігің мен кендігің, желігің мен сенімің түтел сыйып тұратын осы ұғымның аяқ асты болып бара жатқаны, Абайды да ақын деп, Мағжан, Қасым, Жұмекен, Мұқағали, бүгінгі Тұманбай, Қадыр, Фаризаларды да ақын деп, біз жоғарыда тілге тиек еткен, өлеңнің аяғы әр жерден бір тиіп, бірақ қалың-қалың кітап шығарғыштарды да "ақын" дейтініміз жанға батады-ақ. Ойлансақ — осы жайлы ойланайық та, ағайын. Әдебиет бақшасын арамшөптерден қалай еткенде арылтып, қалай

еткенде тазарта аламыз, көп болып осы төңіректе де пікірлесіп алудың артығы болмас еді-ау деп ойлаймын.

"Қазақ әдбиеті", қазан, 2005 жыл

ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ

немесе бүгінгі өлең-жырдың хал-ақуалы хақында

Жасыратыны жоқ, ара-тұра болса да "бізде әдебиет сыншысы, әсіресе оның кірпияз да нәзік, күрделі де қатпарлы жанры поэзияның, өзімізше айтқанда, өміршең де өрелі өлең сөздің барша толық ұңғыл-шұңғылын жетік білетін, сыртын көріп қана қызықтамай, ішіне ене-үңіле зерттеп, ақау кеткен, артық-кем түскен тұсын сынықшыдай дәл басып айта алатын сыншы жоқ" деген пікірді де естіп қалып жүреміз. Аузымызды осылай ұдайы ғана қу шөппен сүрте берудің өзі де ыңғайсыз, ыңғайсыз да болса "жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды-ау", осының да астарында әлденелер жатыр-ау дегенге ой жүгіртіп көрсек теріс болмайтын сыңайы бар. Сын деген де көбіне біткен іске, бітімі бөлек іске айтылмайтын ба? "Сабасына қарай — піспегі" деген де сөз бар, сын жоқ немесе аз болып отырса, ол бүгінгі өлеңдеріміздің сапасыздығынан, поэзиямыздың деңгейі барынша төмендеп кетуінен де емес пе екен? Өлең деп аталатын інжу-маржан орнына бүгіндері бала жұбатуға да жарамсыз сылдырмақ пен жылтырақты ғана алға тартып жүрген жоқпыз ба өзі? "Өлең — сөздің патшасы" еді, бүгін кім көрінген қалаған жағына жүгірте жұмсайтын малай балаға айналып бара жатқан жоқ па екен?

Міне, осы тұрғыда біраз ойланып алғанымыз артық болмайтындай көрінеді де тұрады.

Бертін келе байқағанымыз, көбіне-көп әр нәрсені өз орнына қойып, байсалды байыппен ақиқатын айтар шынайы сынның орнына, әйтеуір біреуді мінеуді мақсат тұта мақала жазатындар белең алып бара жатқандай көрінеді. Онда да таяқтың қай жақ басын басқаным дұрыс болар еді деп, әдебиет тағдырынан гөрі жеке бас қамын көбірек күйттеген сақтықпен ғана, екі шоқып, бір қарау басым. Мұның өзі де сонау бір жылдарғы әдеби жиындардағы баяндамаларда болсын, жекелеген шолу мақалаларда болсын, өлең шаруашылығында көзге түскен кем-кетік жайында сөз еткісі келетіндер ең алдымен өзіне пәлендей зияны тие қоймайтын алыс аудан, облыстарда тұратын авторлар шығармасын нысанаға алып,

тілге тиек ететіні сияқты, ішкі бір бақай есептен әріге ұзамай жатады. Ол кезде, әсіресе, газет-журнал редакцияларын басқаратындардың, баспалар маңындағы алпауыт-азулылардың көкжасық шығармалары жайлы ауызға алу Пайғамбар сөзіне күмән келтіріп, тіл тигізгенмен бірдей есептеліп, әлгі, пікірді айтқан адамға ол нақ бір күнаға батып, күпірлік жасағандай күдікті көзбен қарай бастайтынбыз. Жазушылар одағын басқарып отырған адамдар тіпті сыннан тыс еді, олар жайлы, олардың шығармалары жайында күмәнданудың өзі күнаға саналатын.

Соның салқыны әлі де бар. "Пәледен машайық, айтса басқалар айтсын, аш құлақтан-тыныш құлақ" — деп, көбіне әліптің артын бағуға тырысамыз. Осыдан біреу жыл бұрын бүгінгі поэзия көшінің басында жүрген Қадыр Мырза Әли, Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин, "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы Ұлықбек Есдәулеттер еңбегін күстаналаған мақалалар үздік-создық жарық көре бастады. Әрине, шыннайы жанашырлықпен сынаса, жылатып айтар достық пиғыл болса, ондай сынды бәріміз де құптар едік. Өйткені үріккен жылқының арт жағынан қиқу сала қумай, алдына шығып қайыратын, сол сияқты ұлттық поэзиямыздың температурасы төмендеп бара жатуының барша себеп-салдарын төменнен емес — төбедең, іркес-тіркес келіп, әдебиет озықтарына берілетін мемлекеттік сыйлық алып жатқан айтулы ақындар шығармалары арқылы іздеп, болашаққа солардың үні мен мұңы, жетістігі мен жетімсіздігі арқылы болжам жасаса болар еді-ау деп те дәметіп қалғанбыз. Бірақ ол мақалалардың түпкі мақсаты мүлдем бөлек болып шықты. Шығармаларындағы кедір-бұдыр келеңсіздікті көзге шұқи айтудың, сол арқылы ортақ мүддеге орай ой-пікір түйіндеудің орнына тырнақ астынан мін тере шала бүліну, шапқа түрту, келеңсіз кекетіп, орынсыз мұқату басым болды. Сынымыз, сол баяғыдан айтылып келе жатқандай, шын болудың орнына қанжар жасырған қын болып шыққаны ұнамады. Дәл айтып, дәлелмен сөйлеудің орнына әдептен озып, шеңберден шығып кету басымырақ болды.

Ойланбай сөйлеу, көздемей ату қай-қайсымызға болсын абырой әпермейді. Өлең егістігін жаппай басып бара жатқан күрмекпен күресеміз деп жүріп, соның арасындағы аздаған күрішімізді төгіп-шашып, ысырап етіп алуымыз әбден мүмкін. Бұдан көп жылдар бұрын өлең-жырдың асқақ білгірі, даңғайыр ақынымыз Әбділда

Тәжібаев "Қас бітіреміз деп көз шығарып алмайық" деген аса бір ойлы мақала жазып, әдеби ортаны дүр сілкіндіріп алғаны бар еді. "Батыл сынайық, бірақ біліп барып, байқап сынайық" — дегенді меңзеп еді ол кісі. Бәрімізді де теріс жол, бұрыс тенденциядан, қысқасы солақай сыннан сақтандырған болатын. Ол мақаланы біреу білер, біреу білмес, қазіргі жастар жағы оқыса да, ойға сап сараптамауы да мүмкін. Сондықтан классиктерімізді оқтын-оқтын үлкен-кішінің есіне салып, қайталай оқытып, өзіміз де оқып тұрудың зияны жоғын да жолшыбай еске сала кеткім келеді.

Бұларды айтқанда, мен тіпті де Қадыр, Нұрлан, Ұлықбектерге ара түсіп, қорғап алайын деп отырған жоқпын. Олар менің қорғауыма зәру де бола қоймас. Тек қана жасымыз да, жасамысымыз да арын арлап, сөзін сөйлеп жүрген әдебиет алдында ең алдымен өзіміз адал болуға тырысайық та дегенді айтпақ едім. "Ондай-ондай хан қызында да болады" — демей ме халық, "әй, ыңғайға келіп тұр екен, осыны да бір сілкіп көрейінші" деген іштар ниетпен солақай сынға ерік беріп, "тисе терекке, тимесе бұтаққа" қарай шоқпар сілтей бастасақ, онда бар ғой, құдай біледі деп айтайын, біреу мақалаға өзек боларлық мінді Абайдан да теріп алуға әбден болар еді. "Жақсылығың күнде ұмыт, сәл жаңылсаң болды кек", — деп сол жарықтық Абай атамыздың өзі айтқандай, қымс етсе қырғиқабақ болуға даяр тұратын қазақы пиғылмен кез-келген адам өзі қалаған қолайлы кезеңіне орай ұялып-қызармастан, қысылып-қымтырылмастан кез-келгеніміздің шаңымызды аспанға шығара бір сілкіп алуы оп-оңай. Ондайлардың қолын қағу да, бетін қайтару да бұл күнде мүмкін болмай бара жатыр. Оның да несін жасырайық.

Оған мысал ретінде мына бір жәйтті тілге тиек ете кетсем, ешкім мені сөге де қоймас. Сөгіп жатса, оған да амал жоқ, ауызға келген сөзді айтпай және тұра алмайды екенбіз. Осыдан біреу жыл бұрын өзі де, сөзі де маған көптен таныс, жұрт көзінде ұдайы білімділігі, пайым-парасатымен жақсы аталып жүрген ғалым математик ініміз Асқар Жұмаділдаевтың: "Жазған соң (өлеңді айтады) Қадыр, Мұхтар Шаханов, Тұманбай Молдағалиевше жазу керек, әйтпесе жазып қажеті жоқ" деген пікірін оқығаным бар еді. Егер қалам ұстап жүрген қазақ ақындарының бәрі бірдей тек қана әлгі аттары аталған үш қана шайыр сияқты етіп жазып кетсе, құдай-ау, не болар еді? Өлеңнің соры сон-

да қайнамай ма. Баяғы Владимир Маяковскийше айтсақ, "жақсы да әрқилы ақындардың көп болғаны" дұрыс емес пе. Мен, әрине, Асқарды көлденеңнен киліккен көкатты қаймана қазақтың бірі санағым келмейді, бірақ поэзияға төрелік айту үшін де оның барша қыр-сырына қанық болу керек емес пе еді. Тиіп-қашып болса да математиканы біз де оқыған едік. Киселевтың алгебрасындағы біраз есепті мектепте мен де шығарғамын. $A: + B: =$ дегенді әлі де ұмытқаным жоқ. Бірақ сол білімім Асқар сияқты математиканың жілігін шағып, майын алып жүрген ғалымдар еңбегіне баға беруге жарамас еді де, оған менің батылым да жетпес еді. Ал өлеңге келгенде олар қысылып-қымтырылмастан кесіп айтып, үлкен-кішімізге жөн-жосық көрсетіп жатады. Оның үстіне сол ғұлама Асқардың өзі: "Абайды әлі күнге түсінбеймін" — деп те мойындап қалады. Сөйте тұра өлеңді қалай жазу қажеттілігін айтып, ақыл үйретуден тайсалмайды. Бұл жерде, көңілге келсе де айтайын, баяғы Крыловшылап: "мұндай да мұндай сыншыдан құдайым бізді сақтасын" — демеске тіпті де амалымыз қалмай отырғанын айта кетуге тиістіміз.

Басқаның ісіне сын айту үшін, өзгенің бағасын беру үшін өзіміз сол сала бойынша одан гөрі (ой мен бой, білім мен біліктілік, кісілік, шеберлік, талант, дарын) сәл де болса жоғары тұрсақ болар еді. Ақылды сонда ғана айтсақ ләзім. Әйтпесе, "жығылып жатып сүрінгенге күледінің" кері болып жүрмесіне кім кепіл. Бір кезде Қасым Аманжолов та Тәкен Әлімқұловқа: "Өз сыныңды өзіңе айтар бір шығармаң басылса екен", — деген еді. Қарсы дау туғызушылар табылып жатқан жағдайда өз сыныңды өзіңе айта алмастай жағын қарастырып, дәлдікпен, дәйекпен, дәлелді сөйлеген жөн. Жазушы мен оқушы арасына ұдайы дәнекер болуға тиіс дейтін сыншыларымызға қарата айтып жатқан сөзім бұл. Әйтпесе, бұрынғыдай "Кім не жазыпты?" — деп емес, "Кімді кім сынапты, кімді кім қатырыпты?" — дегендей сыбыр арасынан күбір теріп кеткен оқырман көбейіп барады. Соған өзіміз мұрындық боламыз да, сол оқырманды тағы да кінәлай түсіп жатамыз.

Өлеңнің құны кеміп, сыры кетіп барады. Газеттер мен журналдар бетіне қараңызшы, будақ-будақ, шумақ-шумақ өлең. Арзан сөзден аяқ алып жүре алмайсың. Саңырауқұлақтай қаптап "журналист — ақын", "футболист — ақын", "заңгер — ақын", "балгер — ақын", "зейнеткер — ақын", "бейнеткер — ақын" дегендер

шықты. Кимелеп тіпті жол берер түрі жоқ. Қазір оларға сөз айту, "Әй, мынауың өлең ауылынан алыс жатыр ғой" — деп уәж айтудың өзі бекер әурешілік. Құлағына қыстырып жатқан ешкім жоқ. Газет-журнал редакциялары да оларда өз есіктерін айқара ашып қойған. Ендеше өлеңнің құны түспей, асыл сөздің қадірі кетпей қайтсін! Жылтырағанның бәрі алтын болмай да не қылсын!..

Өлеңнің құны түсіп кеткенін ақындардың (мен шынайы жазба ақындардың талантты шоғыры туралы айтып отырмын) қазіргі хал-күйі, тұрмыс-тіршілік, күнкөріс қамынан да айқын аңғара алар едік. Кешегі "кері кеткен кер заман" деп, бәріміз жерден алып, жерге салып жүрген Кеңестік кезеңде ақындар да басқа барлық қаламгерлер сияқты жазып-сызған еңбегіне қарай лайықты өтемақы алатын. Ел алдына түсіп, алтын сарайда тұрмағанымен әрбір жұқалғаң кітабы жарық көргеннен кейін бірер жыл болса да алаңсыз отырып жұмыс істеуіне жетерлік мөлшердегі тиын-тебені қолына тиер еді. Жасына қарай, дарыны, дәреже-дәркеміне қарай кімнің канша алатыны да күні бұрын белгілі болып тұратын. Үкімет белгілеген белгілі бір мөлшердегі ставка деген бар еді. Алғашқы кітабынан ақырғы кітабына дейінгі өсу жолында ақынға өлеңнің әрбір жолы үшін 70 тиыннан 3-4 сомға дейін қаламақы төленетін. Егер тиражы көбейген жағдайда бұл сома екі-үш есеге көтеріле түсетін. Енді соны қазіргімен салыстырып көріңізші, не болып шығар екен. Ол кезде прозалық кітаптың машинкаға басылған 23-24 беті бір баспатабақ, өлеңнің бір баспатабағы 700 жол болып келетін. Қаламақы да соған сай төленетін. Бүгінгімен салыстыруыңа да келмейді, айтуға ауыз ұялады.

Бұл жайлы (қаламақы мәселесін айтамын) Роза Мұқанова, Марал Ысқақбай, Құрал Тоқмұрзиндер әр кезде ашына жазған да болатын. Басқалар да жазып жатыр. Мемлекеттік тапсырыспен шыққан кітаптарға төленетін қаламақы мөлшері дәл қазір кісінің күлкісін келтірерлік дәрежеде. Аты бар да, заты жоқ. Жуырда белгілі жазушымыз, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Оразбек Сарсенбаев: "Мәселен, мен қалың кітабыма үш жүз мың теңге қаламақы алдым. Бәлкім, күлкілі естілер. Бірақ шыны солай" — дегенді айтыпты. Оразбектің өзі баспа басында отыр, соған орай 300 мың теңге алған ғой, әйтпесе, қазір баспа иелері келісіп алғандай (келісіп алуы да әбден мүмкін) жазушы еңбегін барынша қанап, сол үкімет берген азын-аулақ тиын-тебенді де жұлмалап, жы-

рымдап жүріп, өз қалталарын ғана қалындатуды ойлайды, қақшып алып, қалам ұстар әріптесін қан-қақсатып жатқандары. Сәл реніш білдірсең: "Осыған да рахмет демейсің бе, мұны да бермесек қайтер едің?" — деп қыр көрсетіп, күлкіге айналдырады. Өзіңді мазақ етеді. Қорлайды. Күресуге дәрмен тағы жоқ. Бірқатар баспа басында да ақындар мен жазушылар отыр, бірақ "өзі болған қыз төркінін танымайдының" кері, оның үстіне "тоқ бала аш болам деп ойламайды" емес пе. Ал әлгі ставка дегенге қайыра соғар болсақ, қазір сол мемлекеттік тапсырыспен шыққан кітаптарға үзіп-жұлып ақы төлейді, бірақ бұрынғыдай өлең деп, қара сөз деп, әрқайсысын өз деңгейінде лайықты бағалау жоқ, екеуінің ара-жігін ажыратып жатпастан "всем сестрам по серьгам" дегендей, баспа табағына орай төленетін болған. Бұл жердегі әділетсіздік неде дегенге келетін болсақ, қара сөз жазатын жазушылар ойында әбден пісіп-жетілген 20-25 баспа табақ роман-хикаяттарын бері салғанда бес-алты ай, әрі кетсе бір жыл ішінде жазып тастайды. Ал сондай көлемде өлең кітабын жазып шығу үшін ең талантты деген ақындардың өздеріне кем дегенде табаны күректей он жыл керек болар еді. Өз басымыз бірер жыл бұрын "Елорда" баспасынан жарық көрген "Өткірдің жүзі" аталатын кітабымызды (көлемі 15 баспа табақ) соңғы 12 жыл ішінде қағаз бетіне түскен шығармаларымыздан іріктеп құрастырған болатынбыз. Сол кітапқа алған қаламақымның мөлшері бар болғаны 1000 АҚШ долларына жетер-жетпес болымсыз ғана бірдеме.

Қазір "Аударма" аталатын баспа бар көрінеді. Оны ашқандар да өз есебін әріден ойлаған болулары керек, әйтеуір көркем аударманың әрбір баспа табағына 35-40 мың теңгеден қаламақы төленетінін білеміз. Қазақтың өз тілінде жазылған шығармаларға, мейлі ол өлең бе, проза ма, бәрібір 5-6 мың теңгеден әрең төлеп жатқанда, бұл неткен мырзалық? Бұл неткен келеңсіздік?

Аудармаға аз төленсін деп отырған жоқпыз. Бірақ ең алдымен төлтума шығармалар назарға алынса керек еді, өйткені аударма деген, әйтеуір, дайын дүниені бір тілден екінші тілге қотару ғана ғой.

Күнкөріс қамын күйттеп кеткен адамға қамсыз отырып, алаңсыз ғана шығармашылықпен айналысу қайда? Ондай жағдай бұл күнде мүлдем мүмкін емес. "Есектің артын жусаң да мал тап" — деген Абай өсиетін басшылыққа алып, өлмес қамыңды жасаудан әріге бара алмайсың.

Осылардың бәрін ойлай келе, "Жазушылықтан қайыршылыққа шейін" деген мақала жазып едім, жасыратыны жоқ, жариялауға жасқандым. Бәрібір ешкімді иландыра алмаспын деп те ойладым. Сөйттім де, арығанымды ағайынға білдірмей, сыртқа жүнімді қампайтып қойып жүріп жатқан жайым бар...

Ендеше, бір-бірімізді шапқа түртіп "ойнай" бергенше көп болып осынау зар-үнімізді үкімет құлағына сіңіру жағын неге ғана қолға алмаймыз. Алдымен өзіміз кіріптар болып отырған мәдениет, ақпарат және туризм жөніндегі министрлікке, одан қайыр болмаса елбасымыз — Президентімізге дейін жүгініп көрсек қайтер еді? "Елдің күші — селдің күші" деген бар, жалғыз қаздың үні шықпайды, көп болып дауыс көтере үн қатсақ солардың бірі болмаса бірінің құлағына жетіп қалар еді, бірі болмаса бірі мұншалық қуатты қауымның жан айқайына құлақ асып та қалар еді ғой деп те ойлаймын мен.

Әрине, ол үшін жалғыз-жарым жүріп байбалам салмай, қазіргі қалам ұстар қалың елге басшылық жасап отырған Жазушылар одағы тұтаса тұрып, тегеурінді қимылға барғаны оң болар еді. Сонда бұл қауымдастықтың беделі де, бедері де басқаша реңге ие болар еді. Өйткені ұлт сөзін ұстап жүрген зиялылар қауымының басын қосып отырған салмақты да салиқалы, ордалы да қордалы үлкен ұйым екендігімізді айнала жұртқа ұдайы сездіріп отырмасақ, жеке-жеке жүріп емес, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білетін біртұтас ел екенімізді білдіріп отырмасақ, бізді ешкім де мойындап, ешкім де санаса қоймай демейтін болады. Көп болып күш біріктіргенде ғана еңбегімізді ешкімге жегізбей, көрінгенге қолжаулық бола жалтақтамай күн кеше алмақпыз. Жақсы шығарма, саналы ой сонда туады. Бұл жайлы орыстың тағы бір ойшылы Д.И.Писаревтің: "Только сытые люди могут быть свободными гражданами, толпа голодных ... пойдут за тем человеком, который покажет ей ... кусок хлеба" — деп баяғыда жазғаны бартұғын. Егер біздің бәрімізді сол айтқандай ашынған аш тобырға немесе айналасына жалтаңдай қараған жағымпаздарға айналдырғысы келмесе, үкіметтің осы бір қаламақы саясатына да айрықша көңіл бөліп, кезінде әлдекімнің кінәсінен кеткен келеңсіздікті шұғыл түрде қайта қалпына келтіргені жөн болар еді. Іргеміздегі Ресей елі бұл мәселені түбірімен

қайта қарап, оң жолға қадам басқалы қашан. Оларда тіпті Мемлекеттік сыйлықтың ақшалай сомасын отыз бес есеге көбейткенін де ақпарат құралдарынан оқып білдік. Бізде болса, әлі де сол біреулер жылап жүріп, біреулер сұрап жүріп алатын мемлекеттік сыйлықтың өзі де, оның азын-аулақ ақшасы да әдебиет өкілдері арасында әртүрлі алыпқашпа әңгімеге өзек болып келе жатқаны жасырын сыр емес. Ел ішінің жағдайы барлық жағынан қалпына келіп, үдере ілгерілеп, экономикалық тұрғыдан өркендей бастаған қазіргі кезеңде әдебиетке өгей баладай қарай берудің реті енді жоқ шығар деп те ойлаймыз. Ақын сөзі қашанғы жерде қала беруге тиіс?

"Қазақ әдебиеті", 2006 жыл

Ү БӨЛІМ

ӨМІР ЖАЙЛЫ ОЙЛАРДАН

ЕКІ ЖАЗУШЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Сәкен Иманасов пен Бексұлтан Нұржекеев — екеуі де жетісулық. Бірі — аға, бірі — іні. Бірі — ақын, бірі — прозашы. Екеуін таныстырған — жерлестері де, руы да емес, әдебиет. Табыстырған — көңіл жақындығы, көзқарастары, сыйластықтары. Ағасы алпыстан асқан, інісі алпысқа енді келіп отыр, "алпысқа келгеннен ақыл сұра" деген ғой бұрынғылар.

Сәкен ИМАНАСОВ: — Үлкендігімді пайдаланып "сен" деп жатырмын, көңіліңе алып жүрмессің.

Ең алдымен қазақ жұрты сені өз шығармаларыңнан, жекелеген өмірбаяндық деректер аралас әңгіме хикаяларыңнан, жолдас-жора, замандас, қаламдастарың жайлы әр тілде жарық көрген, әр түрлі жанрда жазған дүниелерің арқылы біледі. Қазақ жақсы болып өскен азамат жайлы әңгімелеген кезде "шыққан тегі жақсы еді немесе ақын, әнші болып еді" деп жатады. Ата-тегіңде ел билеп, сөз ұстанғандар болып па? Өз әкең соғыстан оралмағанынан хабардармыз, атаңды, әжеңді көріп пе едің? Олар кім болғанын білесің бе? Ел іші, кәрікұлақтар не дейді?

Бексұлтан НҰРЖЕКЕҰЛЫ: — Бұрын пионерге өтерде, өзіме қойылған екі сұрақ есімде қалыпты: бірі — "Байдың баласысың ба, кедейдің баласысың ба?" деген, екіншісі — "Қытайда туыстарың бар ма?" деген сұрақ. Біріншісіне "Кедейдің баласымын" деп, екіншісіне "Жоқ" деп жауап бергенмін. Өйтпесем, пионерге өте алмайтынымды, өтпесем, жағдайымның қиын болатынын шамалаған болуым керек.

Апам (әжем) мен атамның және замандастырының айтуларына қарағанда, әкем Нұржеке домбыра тартып, ән айтатын, қазақтың көне жырларын, оның ішінде "Қозы Көрпеш — Баян сұлуды" айрықша жақсы көрген кісі бо-

лыпты. Сірә, өз сезімін өзі қатты сыйлаған, өз ұнатқанын өзгенің пікіріне бола оңай өзгерте салмайтын бірбеткей адам болған сияқты. Себебі әне-міне үйлендіреміз деп айттырып қойған қызы бола тұра, екі жасар қызы бар, өзінен 4-5 жас үлкендігі бар жеңгесіне (менің шешеме) өз қалауымен алып қашып үйленіп алған ғой. Арыстандай ақырып отырған әкесінің де айбатынан қорықпапты. Оның себебі, бәлкім, он жеті құрсақтан аман қалған жалғыз ұл болғандығынан да шығар деп ойлаймын.

Нұржекенің әкесі Ешмұхамбет – жылқышы болған кісі. Алғаш колхоздастыру кезінде қырман қорыпты. Есімде қалғаны – тікмінезділігі. Менің 5-6 жасар кезімде колхоз бастығын бір сөзі үшін боқтап үйден қуып шықты. Інісі Қалиға ұрсып: "Сен неге жаңа оның ішін жарып тастамадың?" – дегені әлі есімде. Ақырында атамды жылқышылықтан шығарып тастады. Мінез дегеннің осындайы да болады.

Ешмұхамбеттің әкесі Тұрғанды 23 жасында орыстар атып кетіп, үш жасар атам әкесі Тілеулі бидің тәрбиесінде болыпты. Атама сіңген мінез, сірә, сол би бабамыздан қалған ба екен деп ойлаймын. Ақжазық аулында Байғазы Ауғамбаев деген ағамыз өтті. Сол кісі маған сыр ашып: "Сенің атаң тікмінез кісі еді. Салақтау келіннің қолынан шай ішкенде, кесесі кірлеу болса да біз үндемей отыра береміз, ал Ешкен: "Келін шырағым, кесеңді тазалап күйшы!" – деп қайтарып жіберетін", – деді.

Атам мен апам екеуі де 1879 жылы туып, екеуі де 1956 жылы қайтыс болды. Мені ол екеуінде жайсы көрген адам баласы болған емес, бірақ сонда да өмірде ешкімді "папа" деп, "мама" деп атамай өтіп бара жатқанымды ойласам, ішім у жалағандай ашиды, ең әулие саналатын аналық мейірімге емін-еркін шомыла алмағанымға өмір бақи өкінумен келем.

Мен – алты жасыма дейін қыс қыстауда, жаз жайлауда жылқылы ауыл мен қойлы ауылдан басқа ел көрмей өскен баламын. Алты жасымда мектеп үшін Ақжазық аулына көшіп келгенімізде, соншама көше-көше там үйлерді көріп, осыншама көп адамның бір жерге шоғырланғанына қатты қайран қалғаным бар.

Мен өле-өлгендерінше апам мен атамның ортасында текемет үстіндегі төсекте жаттым. "Өкең айтатын еді", – деп екеуі жабылып үйреткен әндері – "Екі жирен". Сөзі мынадай:

*Аулыңа барайын деп бара алмадым,
Шеңгелге бара жатып араңдадым.
Қоршаулы – төңірегің, төбең ашық,
Жатады төңіректен қара орманың.
Аулыңа барушы егім анда-санда,
Атамға аттың майын жалдасам да,
Жүрсем де үш күн, үш түн аштан өлмен,
Бір рет ақ бетіңнен жалмасам да.*

Атам мен апамның әңгімесі әкеме ұқсауға ұмтылдырған шығар деп ойлаймын.

Түп нағашым да, бергі нағашыларым да осындай дәрежедегі адамдар болыпты.

СӘКЕН: — Сен ғой, мен білгеннен бері, әдебиет аталатын ұлы дүбір дүние қазанының біржақ құлағын ұстаумен жүрсің. Ширек ғасырға жуық баспада бас редактордың орынбасары, бас редактор, деректір, олардың арасында бірер жыл "Парасат" журналында бас редактор болдың. Білімі де, тәлімі де, іскерлігі де, тістерлігі де сенен қылаң елі қалық, кем емес тұстастарың ішінде мұндай қызметтердің маңайын көре алмағандар, әлі де көре алмай келе жатқандар бар. Сонда кеңес кезеңінде де, кейін бір орында мығым отырудың өз басыңнан айрықша қасиетіне байланысты ма, жоқ демеп, жебеп жүргендердің көптігінен бе? Біреуді біреу қолтығынан демемей, көтермелеп сүйемелдемейінше, көктен түсе кемеңгер болып кеткен кісі көрмегендіктен, сұрап отырмын. Жауап берсең, ақ сөйлеп, ақиқатын ғана айт, біреулерге зияным тиіп кетер десең, үндемей-ақ қойғаның жөн.

БЕКСҰЛТАН: — Мен қазақ университетін бітірген соң Үшарал аулының орта мектебінде мұғалім болып зорға орналастым. Дәл сол жылы оныншы және он бірінші класс қатарынан мемлекеттік емтихан тапсыратын еді, себебі бұдан кейін он бірінші класс қысқартылатын болды. Осы екі класқа да "Қазақ совет әдебиетінен" сабақ беруді маған жүктеді. Екі класс та шығарма жазу дегенді мүлдем білмейтін болып шықты. Жоспар құру дегеннен тіптен хабары жоқ. Дереву үйрете бастадым. Бірақ бірінші тоқсанда он үш оқушыға "екі" деген баға шығардым. Ол кезде әдебиетке екі баға қойылатын: бірі — жазбаша жұмысқа, екіншісі — ауызшаға. Оқушылардың жазбаша сауаты нашар болғанда да тіпті нашар болып шықты.

Математика, физика сияқты сабақтардан болса бір

сәрі, ең оңай саналатын әдебиет пәнінен мұнша баланың, оның ішінде оқу бітірейін деп отырғандардың "екі" деген баға алуы, әрине, мектеп үшін үлкен ыңғайсыз оқиға болды. "Бұл ісің, сөз жоқ, педсоветте қаралады, түсінік сұрайды, дайын бол", — деп әріптестерім ақыл айтқан боп қорқытып жүрді. "Не дайын болатыны бар? Кез келген оқушының шығармасын алсын да, ашып қарасын, бәрі көрініп тұр", — деп жауап беріп жүрдім. Алайда іштей дайындалдым. "Неге екенін, педсовет менің жағдайымды қарамады. Бірақ мектеп деректірі оңаша шақырып алып: "Мен бір күңкіл сөздерді естіп жүрмін, бұл не жағдай?" — деп сұрады. Жасырмай бәрін айтып бердім. "Біз бұлар үшін сырттан келген адамдармыз ғой, — деп күлді деректір. — Біліміңе сенгенің дұрыс, бірақ бет жыртысып қап жүрме, жассың ғой, біреу-міреудің зияны тиіп кетіп жүрмесін".

Келесі жылы ғой деймін, мектепке бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі деген жаңа қызмет берілді. Аудандық оқу бөліміне деректір менің, парторг және басқалар бір келіншектің кандидатурасын ұсынды. Аудандық оқу бөлімі мені бекітті. Сөйтіп жүргенде "Жетісу" газетіне екі әңгімем, "Жұлдыз" журналына "Кінәлі махаббат" повесім жарияланды. 1968 жылдың маусым күндерінің бірінде "Үшарал" колхозының бастығы Нүсіпбек Сауранбаев қауырт шақыртып бала жіберіпті.

— Жаңа ғана ауданның бірінші хатшысы Шаймұхан Сәпиев сені сұрады. Мен мақтадым. Сені аудандық комсомол комитетінің 2-хатшысы етіп сайламақ, 4-5 айдан кейін 1-хатшы болады дейді. Бұған қалай қарайсың? — деді.

— Мен өмірі ең құрығанда комсорг болып көрген адам емеспін, — дедім ол ұсынысқа Нүсекең күткендей қуана қоймай. — Ұятқа қалармын, орысшам да онша емес.

— Бұл жұмысыңда жүре берсең, мықтағанда мектеп деректірі боларсың. Ал ауданға барсаң, ысыласың, адамдармен араласасың. Қазіргі сенің жасыңда қолыңнан келмейтін қызмет жоқ. Егер еш ыңғайы келмей бара жатса, қайтадан мұғалім бола салуың қиын емес қой. Көп сөзді қой, ертең сағат тоғызда келсін деді. "Сенім көрсеткеніңізге рахмет, ұятқа қалдырмауға тырысам" деп айт, — деп үйретті.

Ертесінде солай деп айттым да, қолма-қол комсомол қызметкері болып шыға келдім. Сол жылы желтоқсанда аукомолдың 1-хатшысы болып сайландым. Келесі жылы комсомолдың Орталық комитетіне қызметке Алматыға

шақырды. Мұнда ауысуыма себепші болған — Нұрмахан Оразбеков. Екеуміз бір-бірімізді білмейміз, бірақ Нұрекең "Кінәлі махабатты" оқиды да, сырттай өзі дұрыс көріп жүреді, сонан соң өз орнына ылайық деп менің кандидатурамды ұсынады. Комсомолдың Орталық Комитетінен "Жазушы" баспасына қызметке алған — Әбілмәжіл Жұмабаев пен Шерхан Мұртаза. Шәкең кейін "Жұлдыз" журналына да өзі шақырып алды. "Жалын" баспасы ашылғаннан кейін бас редакторы Тұманбай Молдағалиев өзіне орынбасарлыққа шақырды. Баспаның деректірі Қабдікәрім Ыдырысов: "Мен сені жұрт жүрген жерден өмірі көрмеймін. Соның ұнап отыр. Тұмаш екеуміз де ақынбыз, бізге қолжазба оқитын бір прозашы керек", — деді де, мені жұмысқа алды. 1978 жылы Баспа комитетінің төрағасы Шерияздан Елеуқенов "Жалын" баспасының бас редакторы қызметін атқарушы етіп тағайындады. 1986 жылы "Өзендер өрнектеген өлке" деген кітабым үшін хандарды, билерді әспеттедің деп, 15 наурызда партияның Орталық Комитеті қызметтен босатып тастады. Содан 1989 жылдың 27 қарашасы күні Мырзатай Жолдасбековтің ұсынысымен, ол кісіге досым Төлен Әбдіковтің жұмыссыз жүргенімді түсіндіруімен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков "Парасат" журналына бас редактор етіп жіберді. Тағы сол Мырзатай ағаның "Сені орныңнан әділетсіз алды, енді сол әділетсіздікті түзеу керек", — деген ұсынысымен, Қуаныш Сұлтановтың бұйрығымен 1992 жылы 1 қаңтардан "Жалын" баспасына деректір болып келдім. Менің сүйемелдеушілерім — осылар. Олардың мені қолдамай-ақ қоюларына болатын еді деп ойлаймын, өйткені қызметке алғылары келмесе, бір себеп айта салулары қиын емес еді ғой, бірақ олар өйтпеді. Бірде-бірінің алдына қызметімді өсір деген өтінішпен барған емеспін, бәрі де өздері өз ұйғарымдарымен шешті. Бағыма қарай жолыққан осы кісілер бағымды ашты деп ойлаймын. Бұлардың ішінде Қуаныш Сұлтанов қана менің тайпалық туысқаным, жерлесім. Аудандық комсомол комитетінде оған мен бастық болдым, кейін маған ол бастық болды, 1986 жылы мен қызметтен қуыларда ол Орталық Комитетте ұйымдастыру бөлімінің бастығы болып отырды, бірақ мені қорғап қалуға шамасы жетпеді. Бәлкім, біреулердің мен арқылы оның өзіне шабуыл жасағысы келген шығар деп те ойлаймын. Қалай болғанда да маған жақсылығы тиген солардың бәріне де риза екенімді ылғи да айта жүрем.

СӘКЕН: — Екі дәуірдің куәсі болдық. Жасырмай, жалтармай, жалтақтамай айтар болсақ, жазушының жағдайы кеңес кезінде жақсы болды ма, әлде еркін сөйлеуге, ойдағыны бүкпей айтуға қол жеткен қазіргі заманда жақсара түсті ме?

БЕКСҰЛТАН: — Әрине, бұрын қалта мен бедел жағынан жағдайымыз жақсы болатын. Жазушы деген аттың өзі қай сияпатыңнан да артық бағаланатын. Бірақ соның бәрі сөзімізді сатып алу үшін, аузымызды алып, майлап қою үшін істелген екен ғой. Қазір, құдайға шүкір, халқымыздың қасындамыз, бұрын оларға шекемізден қараушы едік, енді араласып ішінде жүрміз, анық жазушының орны осы екеніне көзіміз жете бастағандай. Бұрын ақшалай бай едік, пікіріміз шектеулі болды, қазір қалтамыз бостау, бірақ ой мен пікірімізде шек те жоқ, шектеу де жоқ. Ең бастысы, үмітіміз болашақта. Мен бұрын болашақтан тілімізді де, ұлтымызды да елестете алмайтынмын. Арымыздың алдында екіжүзділеу едік, содан құтылдық. Бұл мәселеге әркім әрқилы қарайды. Мәселен, өзіңіз қалай ойлайсыз?

СӘКЕН: — “Қызмет қыл да — міндет қыл” — дейтін сөз бар, қазір соның қызметі қалып, міндеті желге ұшқан заман болып тұр-ау. Жақсы өлең, жақсы әңгіме жазарсың. Қаламгер ретінде халқымның көкейіндегі бір сөзін айттым-ау деп мәз боларсың. Бірақ, не керек, сөзіңді қажет етіп жатқан ешкім жоқ. Ендеше кімге міндет қылақсың? Бас сұға қалған жерінде жазушы сенен гөрі, базардағы бақалшы өтімді. Соған қиналасың. “Самородный сары алтын саудасыз берсең алдайды Самарқанның бөзіне” дегенде Абай осындайға күйінген екен-ау дейсің. Біздікі де сол ғой.

Өз шығармаларыңда ездiктен түңiлгенде ерлiктi, мешеулiктен мезi болған кезде мерейлiктi, надандықтан безiнгенде адалдықты жазуға құшырлана кiрiсетiн кездерiң бола ма? Өз басыңда осы сезiмдердiң қайсысы басым? Олар бiр-бiрiне қайшылық туғызып жатпай ма?

Жұрттың бәріне жағу үшін айлакер де аяр болу керек деп жатады ел. Сен осыған қалай қарайсың?

БЕКСҰЛТАН: — Валентин Овечкин деген журналисты-жазушы болып еді ғой, соның: “Литература движет тоска по хорошему человеку” деген ғажап сөзі бар екен. “Жаманға бір сөз айтсаң, қорс етеді, Балқыған қорғасындай қайран жақсы” дейді біздің қазақ. Жақсыға, жақсылыққа ұмтылу — адам жанын үнемі тазартып

отыратын құдірет. Алайда, Сәке, менің ездiк, мешеулік, надандық деп бағалаған жағдайымды басқа бiреулердiң мықтылық, егiтiлiк, бейiмдiлiк деп бағалауы да мүмкiн емес пе? Өйткенi мен мешеумен, ездiн, наданмын деп мойындаған адамды өмiрiмде ешқашан көрген емеспiн.

"Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,

Жамандар жақсымын деп айқайлайды", – дегендi

жұрт бекер айтып жүрген жоқ шығар. Адам бiреудi алдай алғаны үшiн, өтiрiктi шындай ғып айта бiлгенi үшiн биiктемейдi, тек адалдығымен, ар-ұятымен биiктейдi. Жұрттың бәрiне жағумұрат емес, жақсымен түсiнiсу, адалмен сыйласу – басқа ешнәрсемен салыстырылмайтын керемет. Бiр жейде болса да менен бұрын тоздырдыңыз ғой, өз пiкiрiңiздi де ортаға салсаңызшы!

СӘКЕН: – Өз басым айналамдағы адамдардан әрдайым iрiлiк, кiсiлiк, кiшiлiк күтетiн, өзiм де сол сапаға сай болуға тырысатын адаммын. Бұл, әрине, өзiмдi мүлдем кiршiксiз, тал бойымда кемшiлiк жоқ адаммын дегенiм емес, дегенмен аралас жүрген жiгiттердiң әлдебiр ұсақ пиғыл, пендешiлiгiн көргенде өз-өзiмнен түңiлiп, жиiркенiп кетем де, ендi қайтып ол маңға жоламауға тырысамын. Әрi-сәрi болып жүре алмай, ат құйрығын бiрден кескен кездерiм де болған. Абайдың:

"Көкiрегiнде қаяу жоқ, қиянат жоқ,

Қажымас, қайта айнымас қайран тату", – деген сөзiн ұдайы есте ұстағым келедi.

Қазақтан өткен көлгiр халық жоқ. Бiреудi мақтауға келгенде алдымызға жан салмай, көтеремдi тұлпар, көгершiндi сұңқар деп те жiберетiн әдетiмiз бар. Әсiресе, басшы орында отырғандарға келгенде тек құлағына жағымды сөз айтқымыз келiп, оның жағымпаздыққа ойысып бара жатқанын да пайымдамастан, өлiп-өше өңеш жыртатынымыз өтiрiк пе? Ол рулас елдiң қазығы, рухтас елдiң азығы болар азамат болса бiр сәрi, көшi көлiксiз, қонысы өрiссiз жай ғана бiреу болса – көлгiрсудiң көкесi сол, әне.

Дүние асты-үстiне түсiп, әп-сәттiң iшiнде өзгерiп шыға келгенiн бiлемiз. Сөзiң де, өзiң де ешкiмге керек болмай қалғандай күй кештiк. Осы төңiректе ойланып көргенiң бар ма?

БЕКСҰЛТАН: – Өз қадiрiн бiлген адам өзгенiң де қадiрiн бiлуге тиiс. Ақын-жазушыны керек қыламай қалғандар – атқа мiнгендер, оның iшiнде де қазақ әдебиетiнен қағажу тәрбиеленгендер: "танымасын сыйла-мас" дегеннiң шындық екенiне көзiмiз жеттi. Қарапайым

халықтың, ұлттық мәдениеттің иісін сезетін әрбір азамат әлі де құдайға шүкір, баршылық. Бізді бастықтар бұрын да оқымайтын, бірақ ақын-жазушының ауалы аузынан халыққа масқара ғып қоя ма деп ығатын, "Мақалаларыңызды оқып тұрамыз, теледидардан көрдік" деген сияқты сипалама сөздерінен-ақ арғы жағы аңырайып тұратын. Қазіргі бастықтар халықтан қорқа қоймайды, өйткені оның үні қай жерге дейін жетіп, қай жерге дейін жетпейтінін жақсы біледі. Билігіме, беделіме нұқсан келтіре алады-ау дегендермен ғана санасады. Демек адам баласына жаны ашып, қамқор болып басқару мәдениетіне жаппай жете қойған жоқпыз. Жеке адамдардың жан дүниесі мәдениеттенбейінше, біз әлі ұзақ қиналамыз, көпке қажет болмасақ та, азға керек боп қалармыз деген үмітпен өмір сүруге тиіспіз. Қазір лауазымы үлкен қылмыскерлердің лауазымы төмен немесе қылмысы жоқтарды жазалап жатқан заман. Соның бәрі обал, сауапты ұмытқандықтан.

Қазір халық кітапты бұрынғыдан аз оқитыны рас. Оның басты себебі — жалақысы аз немесе жоқ. Әуелі нан жеу керек, одан артылса ғана оқу қажет. Сондықтан халыққа өкпелей алмаймыз. Олар тұрмақ өзіміз де бұрынғыдан гөрі аз оқуға айналдық қой. Тұрмыс түзелген соң, бірте-бірте бәрі де түзеледі деп сенем. Бірақ енді ешқашанда дәл бұрынғыдай жағдай қайталанбайды, жақсы болғанда да басқаша жақсы болады. Мен, әйтеуір, жұрт мені тыңдаса екен деп міндетсігім келмейді.

СӘКЕН: — Менің де, сенің де тұстастарыңның ішінде ең алдымен өзінің "әлде бір жеріне" дұрыстап қарап алмай жатып, әйтеуір, бастық болуға, ел басқаруға ұмтылуынтызарлығы, әмір-билікке таласуға әуестігі, мансапқа құштарлығы басымдары бары рас. Олар көбінесе қабілет-қауқарының мөлшерімен санасып жатпайды, "осы жұмыс менің оң жамбасыма келе ме, жоқ па" демейді, осы тұрғыдан алғанда, сенің өз мүмкіндік-мөлшеріңді өлшеп көрген жерің болды ма? Қай дәрежедегі мансапты қиналмай атқарып кете алар едің?

БЕКСҰЛТАН: — Жаңа қызметке ұсынғанда, менің істей алмайтын шығармын деп бірден-бір жүрексінген қызметім аудандық комсомол комитетінің хатшылығы болатын, жүрексінуімнің ең басты себебі орысшам онша емес еді. Қазақы аудан болған соң, құдайға шүкір, оны да істеп кеттім, бірақ орысша үйрену үшін өзімді-өзім қинаудай-ақ қинадым. Әдебиеттен, мәдениеттен алыс

қызметтің бірде-бірін істеуге ынтықпаймын, яғни ондай қызметтің бәрін де қиналып атқарған болар едім. Ал бұған өзіңіз қалай қарайсыз?

СӘКЕН: — “Мәнсапқа құмартпадым, бақ-дәулет іздемедім” дейтіндердің біріне де сенбеймін. Өтірік айтады. Бірақ біреуі өзің айтқандай, “қиналып атқарар қызметінің” өлшемі мен мөлшерін білетіндерде, екіншілері қолы көтере алмас шоқпарды да беліне қыстыруға құмарлар. Пәле солардан шығады. Әлдебіреулердің жебеуі-жетелеуімен жоғары шығып алады да, шоқпар көтере алмағанын енді өзінен емес, өзгелерден көріп, айналасын арбап, алдап, қолынан келсе — жалмап бітетіндер де солардан шығады. “Түсеріңді білмесең түйеге мініп нең бар” деп айтқандардың соңына шам алып түсіп, шала бүлінеді.

Мен өз шамамды жақсы білемін. Бірақ қолыма жеке билік тиіп көрмеген кісі болғандықтан, қай дәрежедегі қызмет оң жамбасыма келер еді деп көп ойланып көрмеппін. Мемлекет, үкімет басқару, облыс әкімі болу қолымнан келе қоймайтынына күмәнім жоқ. Бірақ не бірдемені бүлдірмейтін, не берекелі ештеме тындырмайтын әлдебіреулердің “айналып-айналып Қособаға қайтып келеді” кейпімен ұдайы билік маңынан ұзамай, ірі-ірі лауазым атаулыны жиі ауыстырып жататындарына да таңқалам. Француз жазушысы Тристан Бернардың: “Не важно уметь хорошо работать, важно уметь хорошо доложить!” дейтін сөзіне бір дәлел осы емес пе екен?

Қазіргі билік басында жүрден белгілі азаматтардың біразымен таныс-біліс, аралас-құралас шығарсың, сырттай жақсы білерсің. Президент туралы әңгіме жоқ. Елбасының қызметіне баға беретін біз емес, ол біздің міндетімізге жатпас та, қолымыздан келмес те. Әйтсе де кезінде сен де, мен де Президент Н.Ә.Назарбаев жайындағы азды-кем пікірімізді “Егемен Қазақстан” газетінің бетінде айтқан да сияқты едік-ау. Сондықтан ол жағын қоя тұрып, Үкімет төңірегіне келіп-кетіп жатқан үлкен-кішілі азаматтар, қазіргі билік басындағылар, қала берді сен екеуміздің туып өскен облысымыз бен аудандарымызды басқарып жүрген адамдар жайлы да әрі-сәрі пікірлер айтылып қалып жатады. “Сырт көз сыншы келеді” деген сөз бар, осы жайлы пікірлесе алар ма едік?

БЕКСҰЛТАН: — Пікірлесерміз-ау, бірақ әділ баға бере алар ма екенбіз. Өйткені олардың ешқайсысымен қоян-қолтық араласып жүрген жоқпыз ғой. Бір ағайынымыз

оларды жамандайды, енді біреуі мақтайды. Ең дұрысы — солардың жеке өзімізді қалай сыйлайтындығына қарай бағалау керек, себебі әркім — өзін сыйлағанның құлы. Жаркент (Панфилов ауданы дегенді айтқым келмейді) өңірін басқарып отырған Омаров Ермұқан деген азаматты әкім болғанға дейін де білетін едім. Сырттан келген адамға ауылыңның сыпсын ауыздары өсек-аянды ала жүгіретіні, "өз" адамдарын мақтаңқырап, "өзгені" даттаңқырап жіберетіні бесенеден белгілі. Ермұқан ол кезеңнен өтті, қазір ел жағдайын өз ақылымен-ақ таразылай алады. Сыйламайды, тыңдамайды деп өкпелей алмаймын. Елді тоздырып жіберді деп те кінәлай алмаймын. Қайта уақыт озған сайын ел басқарудың қыр-сырын дұрыс бағыттап отырған сияқтанады.

Ал енді бұрынғы облыс басшысы Заманбек Нұрқаділовпен "Парасат" журналында жүргеннен таныспын. Ол кезде Алматының мэрі журналдың редколлегия мүшесі болған. Байқауымша, Зәкең — мінезді жігіт. Мінезді адам ешқашан жалпыға жақпайды: өзгелер үндемей қалғанда, ол айтып жібереді; өзгелер жалпылдап жатқанда, ол тымпиып үндемей қалады, мынауым біреуге жаға ма, жоқ па деп жалтақтамай, кейде өз ойын дереу жүзеге асырып тастайды. Ондай мінезбен кейде біреуді аяқ асты жарылқап тастаса, тағы біреуді кенеттен-кенет кейітіп те тастайды. Зәкеңнің берген уәдесін бұлжытпай орындайтынына бірнеше рет куә болдым. Зәкір деген "Парасат" журналының қызметкеріне жеңіл мәшине сатып алу қажет болды. 1990 жылы ондай іс оңай емес еді. Журналдың редколлегия мүшесі екенін пайдаланып Зәкеңе құлақ-қағыс етіп едім, бір аптаның айналасында әлгі жұмысты тиянақтап берді. Алматы көшелерінің атын қазақыландыру жөнінде Зәкең — кәдімгідей ірілік көрсеткен азамат. Мұқағали Мақатаевтың атына бұрынғы Пастер көшесін беру кезінде орыстар түгіл, өз зиялыларымыз да оған қарсы шықты. "Пастер деген — ұлы ғалым, әлемдік аты бар" дегенді сылтауратып, меніңше, басқа бір ойларын жүзеге асырғылары келді. Геродот та, ғұн күнбиі Мүде де ұлы адамдар, бірақ өз ұлымызды ысырып, сол ұлылардың атымен көшелерді атау мәдениеттіліктің көрсеткіші бола алмайды емес пе? Мұқағалиды ақындар мен ғалымдар әлі танығысы келмей тырысып-бырысып жатқанда, оны әкімнің танығанын мен ылғи ризашылықпен есе алып жүрем. Сонан соң орталық демалыс паркінің айналасындағы қыруар көшеге қыруар қазақ

зиялыларының атын ұлатпай-шулатпай-ақ қойып шығуы да Зәкеңнің мэр болып тұрған кезіндегі мэрті мінезін жақсы танытады. Тірі кезінде сыйлаған Әсет Бейсеуовті көзі жоқ кезде де сыйлап, екі томдық ән кітабын шығаруға қамқор болуы, басқа да ақын-жазушы шығармаларының жарық көруіне демеулік жасауын қазақ өнері мен әдебиетін сыйлауы демегенде, не деп бағалауға болады?

Жақында Қазақстанның халық әртісі Дәнеш Рақышевтің 75 жылдық тойын облыстың жаңа орталығы Талдықорған қаласында өткізіп, өзі арнайы қатысып сөз сөйледі. Кей газет жазған кемшілік, әрине, Зәкеңдікі емес, орындаушылардікі деп ойлаймын.

Әрине, Зәкеңді данышпан әкім деп асыра дәріптеуге болмайды. Оның қолқ етіп бір сөзге түсіп қалатыны, торс етіп бір сөзге тіксіне қалатыны жаңағы әрі-сәрі пікірлерге жем тастайды. Ал түптің түбінде, ол облысты жаман басқарды деуге аузым бармайды.

Солай ма, жоқ па, Сәке?

СӘКЕН: — Мен ол азаматтың қарауында бір жарым жылдай қызмет атқардым. Сен дұрыс аңғарған екенсің, менің де пікірім сол. “Жақсының артынан сөз ереді” дейді, оның мәрттігінен де, даралығынан да, даналығынан да кемістік тауып, мінеп қалуға, сынап қалуға құмарлар аз болмаған. Жансүгіровтің “Құлагерінде”: “Жұрт мейлі сері десін, пері десін, ұнайды өнерімен Ақан маған” дейтін жолдар бар. Жұрт не десе о десін, бойдағы барша қайшылығымен жігіт ретінде, азамат ретінде, басшы ретінде Зәкең маған да ұнады. Сол пікірде тұрақтап қала беремін.

“У ішсең руыңмен, “Қарындасқа тартпағанның қары сынсын”, “Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын” деген сияқты аталы сөздер барын жақсы білеміз, қалай дегенде де ішіміз жерлестерімізге, ауылдастарымызға қарай бұрыңқырап тұратыны да рас. Бірақ руластықты ту қылып көтеріп, бойда ғана емес, ойда да ұсақтап, оның өзін шипасы жоқ кеселді дертке айналдырып алғанымыз бар. Осы тұрғыда, яғни жалған жершілдік, аясы тар рушылық, жалған патриотизм жайында сен не айтар едің?

БЕКСҰЛТАН: — Бұл — бар деп бадырайтуға да, жоқ деп көз жұмып қарауға да көне қоймайтын қиын нәрсе. Менің байқауымша, мұны әркім өз ыңғайына қарай әр түрлі пайдаланып жүр. Өз кінәсін бүркемелеу үшін біреулер: “Мені бөтен рудың адамы болған соң,

әдейі шеттетіп жұмыстан шығарып жіберді", — деп, бір бастыққа жала жабады. Оны тыңдасақ, рушылдық бар болып шығады. 1986 жылы "Өзендер өрнектеген өлке" кітабыма бола мені тексергенде, баспа қызметкерлерінің біразы талдықорғандықтар екен деп кінәлады. Сондағы мақсаты — мені жершіл қып көрсету. Бірақ менің бар болғаны 1-орынбасар екенімді, қызметке адамды мен емес, деректірдің алатынын Орталық Комитет, оның жіберген қызметкері С.Бәйменов білмей отыр дейсіз бе? Әншейін пәле-жаланы қоюлату үшін қолданып отырған әдіс қана. Рушыл деп дәлелдегілері келіп еді, оның қисыны жоқ екендігіне көздері жетті. Менің бір бастығымды "Лениншіл жас" газеті қатты сынады. Оны басқарып отырған Сейдахмет Бердіқұловтың кітабын мен жоспарға кіргіздім, кейін бір регионның 4-5 адамын жоспарға кіргізгенім үшін сөгіс алдым. "Қызылордадан одан да көп адам жоспарладым, ол үшін неге ұрыспайсыз?" — дедім. "Е, неге көп кіргізесің?" — деді. "Қазақша сөйлейтіндер де, жазатындар да ол жақта көп қой", — дедім. Мен бұл әрекетті рушылдық деп бағаламадым. Сейдағаңа шамасы жетпейтін болған соң, інісі деп менен өзінше өш алғаны ғой. Ал Сейдағаңа менің қай жағынан қандай іні екенімді біреу рулық жағынан есептейді, біреу тағы басқа жағынан тон пішеді. Шын азаматтық тұрғыдан қарасақ, әрі күлкілі, әрі күйкі нәрсе. Менің өзіме ең риза болатыным: осыны кек тұтпадым, Сіз өстіп едіңіз-ау деп кейін де бетіне басып, алам-саламымыз дұрыс аға-іні боп жүріп жатырмыз. Маған ағалық жақсылық жасаған жазушылар Рахметулла Райымқұлов, Хамза Есенжанов, Шерхан Мұртаза, Шериаздан Елеукенов, Әбілмәжін Жұмабаевтар Қазақстанның әр түкпірінен, солардың маған жасағанын мен өзімнен кейінгілерге жасауға міндетті емеспін бе? Осы ағаларымның азаматтығымен өлшесем, рушыл дәрежеден өресі аспағандар қанша үгітесең де сол дәрежесінде қалады деп ойлаймын да, сәл де болса солардан биік тұруға тырысам. Жалпы, рушылдықты, жерлестікті (жершілдікті емес) былай қойғанда, басқаның дұрысын туған бауырының бұрысына жығып берудің өзі күнә ғой. Мұның түп төркіні адалдықтың, ар-ұяттың аздығы мен көптік мөлшеріне қатысты жағдайлар деп ұғам. Адамды ар-ұяттан басқа тағы бір нәрселердің ырқы билейді дегенге қалай сенуге болады? Ал өзіңіз бұған қалай қарайсыз?

СӘКЕН: — Рас-ау, біз де біраз сөз жаздық, "ұлтшылдыққа ұрынба, рушылдыққа бұрылма" деп уағыз айтып көрдік. Бірі болмаса бірі оқып, оқымаса — елден

естір, ұялар деп, арға, ақылға шақырған болдық. Бірақ "Сен солай депсің, ұялғаннан "ұрлығымды" қойдым деген бірі жоқ.

Сен көркем шығармаларыңмен қатар бүгінгі күн, кешегі күн демей әртүрлі тақырыпқа қалам сілтеп, көсем сөз де жазып келе жатқан адамсың. Кезінде "Өзендер өрнектеген өлке" аталатын этнографиялық-танымдық кітабыңды шығардың. Жетісудың жер-суын бір кісідей-ақ жақсы білесің. Қазір сол көне жер атауларын өзгерту жаппай модаға айналып, қазақтың Көкжиде, Көктума, Қарасаз сияқты атауларын адам атына аударып беру әдетін шығардық. Біздің жақта әулетті бір адамның атына қойылған осындай ауылдың балалары көрші ауылдың балаларымен төбелесіп қалып, кейінгілері: "Қазір пәленше ауылының көтін көктен келтіреміз", — деп еліріп жүргендерін естиді жұрт. Содан еңселері түсе есеңгіреген әлгі ауыл ересектері сол елді мекеннің атын бұрынғы атауына қайта көшіре алмай әуреге түсіп жүрсе керек. Кеше өзің жырлаған, ақын жыраулардың жырына арқау болған жер-су аттарының осылай келеңсіз өзгеруі төңірегінде қандай ойларың бар?

БЕКСҰЛТАН: — Бұл да менің жанымды ауыртатын жағдай. Жер аты деген — ата-бабаңның аты. Ат деген де тарих. Тарихты өзгертуге болмайды, оны тек түсіну керек. Жаркенттің түбінен ағатын Өсек деген өзен бар. Сол ат әлдекімдерге ұнамапты. Сірә, өсек-аяң деген сөзбен араластырып ойлап, содан намыстанған болу керек. Өсек деп жазып қойыпты. Шынында, Өсек деген ат — қызық ат. Оның мәнін әзірше анықтап шешкен адам жоқ, шешуге тырысып та жатқан жоқ. Маңғол (қалмақ) сөздеріне қарасам, "ана су" деген мағына беретін сияқты., "ус" деген — су, ек деген — ана, ене. Маңғолияда тұратын қазақ ғалымы Ислам Қабышевтің айтуына қарағанда көне маңғол тілімен түрік тілі ұқсас, демек Өсек-Үсек деген сөздің де мағыналас шығуы ғажап емес. Оның үстіне ол өңірде қалмақтан қалған басқа атаулар да біршама.

Ақсақ Темір кеп Жетісуды шапқанда, Шарыңды Чарун, Шелекті Чалық деп жазыпты. Сол арқылы-ақ бұл арада ежелден қазақ елінің тұрып келе жатқандығын дәлелдеуге болады. Жер аты деген ата-бабаның аты дейтінім осыдан. 1643 жылы Салқам Жәңгір қолының ор қазып Батұр қонтайшының қолына қарсы соғысқан араның күні бүгінге дейін Орбұлақ деген атпен аталып келуі, сол кезде Жарбұлақ, Жалаулы, Қызылқия аталған жерлердің әлі де

сол атпен біздің заманға жетуі жер атын жөнсіз өзгерте салудан сақтандырып, оның тарих алдында орны толмас қиянаттарға жетелеуі мүмкін екендігін есімізге салып отыруы тиіс. Әріден ойламайтындардың беріден тиісіп бүлдіріп жатқаны рас. Оған өзіңіз де, сірә, көп мысал айттайын деп отырған сияқтысыз.

СӘКЕН: — Жер-су аттарын өзгерткенде екі түрлі тенденция басым болып барады. Бірі — жоғарыдағыдай Қабанбай, Қарасай, Қазыбек секілді тарихта бір-бір тау болып қалған адамдарға өздері туған жердің атын аударып беріп жатырмыз. Апыр-ау, ол киелі адамдар да сол жердің перзенті, тіпті ең қастерлі, ең ұлы перзенті шығар, бірақ туған жерінен биік емес қой, келесі бір ғасырда бұлардан асқан батыр, би туа қалса, қайта ауыстырып жатамыз ба?

Екіншіден, қазір қолда пұлы бар азаматтар ақшасын шаша жүріп марқұм атасының, әкесі мен нағашысының атын ауылға, көшеге, мектептерге бергізіп-ақ жатыр. Оған мысалды әр аудан, әр ауылдан табасың. Қысыласың, күйінесің. Қолыңда билігің жоқ — тыйым сала алмайсың. Оның үстіне бірдеме дей қалсаң, сені тіпті "қызғанып отыр" деп, көк есекке теріс мінгізіп жіберуден де тайынбайды жұрт.

Өз көңілің әбден толған, "бұдан артық құдай да жаза алмас" дейтіндей (күпірлік болса да) шығармаң қайсы? Разы болатын себебің?

БЕКСҰЛТАН: — Ондай күпіршілік менде жоқ. Бірақ "Кәріс қыз", "Мұнтаздай Мұмтаз", "Күю", "Бейтаныс әйелдің құпиясы" деген әңгімелерімді қазір қырық күн тыраштансам да жаза алмас едім. Жазушылығымның ғана емес, олар менің өмірімнің де белесі сияқты дүниелер. "Күтумен кешкен ғұмыр", "Бір өкініш, бір үміт" те жанымның өзегін суырып жазған шығармаларым. Өмірімнің, шығармашылығымның белес кезеңдері болғандықтан да оларды айрықша бағалаймын.

СӘКЕН: — Билік басында жүрген, бұл күндері жиі араласатын адамдарың кімдер? Олар сенің жазушы ретіндегі, азамат ретіндегі жанайқайыңа құлақ аса ма? Көңіліңді қалдырған жерлері бар ма? Қайсысы қай қасиетімен ұнайды? Президентті жүзбе-жүз танысың ба, алдында болып көргенің бар ма?

БЕКСҰЛТАН: — Билік басында жүрген бірде-бір адаммен жиі араласпаймын. Президенттің есінде бармын ба, жоқпын ба, ол жағын білмеймін, бірақ мен "Жұлдыз" журналында жүргенде ол кісі Теміртауда ау-

дан дәрежесіндегі парткомның хатшысы еді, сол кезде іссапармен барып жолығып "Теміртаудың Төлегені" деген очерк жазып қайтқам. Нүрекең өз мәшинесімен Қарағандының әуежайына дейін әкеп тастап, әжептәуір жып-жылы сөздер айтып еді, Шерхан Мұртаза жайында айтқан риза пікірі де есімде. Кейін Президент кезінде "Анкара" қонайүйінде кітабының тұсаукесеріне қатысып, Дулат екеуіміз әдейі барып амандасып, тіл, ел туралы біраз әңгімелестік. Осындай-осындай кездесулерде көріп, амандасып қалғаным болмаса, жеке қабылдауында болып пікірлескен адам емеспін.

Билік басындағы адамдармен өз қатынасыңыз қалай?

СӘКЕН: — Қолында әмір-билігі бар адамға жақын жүріп көрген емеспін. Алматы облысының әкімі болып тұрғанда Заманбек Нұрқаділов қызметке шақырды. "Облыс әкімі аппарат басшысының қоғамдық ұйымдар және бұқаралық-ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі орынбасары" деген лауазым берді. Түсінісіп, қолдан келгенше адал қызмет атқардым деп ойлаймын. Әрине, аппараттық ілік-шатыс, күбір мен сыбыр, қыбыр мен жыбырға бой үйрете де алмадым, дағдыланғым да келмеді.

Уақ-түйек кикілжің, шағыстыру, қалыс тұрулардың жеті атасы болып жатады, өзімді ондайдан аулақ ұстадым. Үлкен лауазым иелеріне жолай қоймауым, олардың да мені бауырына ала жақындата қоймауы содан да болуы мүмкін.

Қазақ елінің қандай болғанын (саяси жүйесін, мемлекеттік құрылымын айтамын) қалар едің? "Билік меңде болса үйтер едім, бүйтер едім" деп армандаған, қиялдаған тұстарың болды ма? Қазіргі ел жағдайы көңіліңнен шыға ма?

БЕКСҰЛТАН: — Ұлттық мемлекет деген де, демократиялық ел деген де маған ұнайды.

Өзгеден жәбір көріп, ашықтан-ашық қиянат тартқанда, биліктің өз қолымда болмаса да, әділ адамның қолында болғанын армандайтын кезім болады. Былтырдан бері бір қызым бір әйелмен жер мәселесіне бола таласып қалды. Қызым 9 қабатты үйдің астыңғы қабатынан дүкен салып еді, әлгі орыс әйел дәл соның есігі алдындағы ашық жерге павильон әкеп қойды. Әлгіні алдырам деп, қызым алдыра алмады. Сонан соң сол араға мен де сауда орнын салайын деп Храпуновқа арыз жаздым. Оған Ш.Нысанбаев деген Алматы қаласының архитектура және қала құрылысы департаменті төрағасы орынбасарынан маусым айын-

да: "Ол ара тұрғындардың ортақ пайдаланатын жері болғандықтан, басқа мақсатқа берілмейді" деген жауап алдым. Ал желтоқсан айында әлгі орыс әйелге сол арадан дүкен салуға рұқсат берілді. Соған қорланып, мен қалалық әкімнің 1-орынбасары Қ.Бөкеновке биылғы қаңтарда барып ем: "Бес күн ішінде Сізге жазбаша жауап берем" деп шығарып салды да, мен шыға бере артымнан бір боқтаған болу керек, күні бүтінге дейін үн жоқ. Содан ақыры қалалық прокурорға барып ем, бір айдан кейін: "Жер туралы Қазақстан Республикасының Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес аймақтық ортақ пайдаланатын жерлер жеке меншікке беруге тиым салынады. Сіздің сұраған жеріңіз аталмыш жер құрамына жататындықтан, Департаменттің іс-әрекеттерінде заң бұзушылық белгілері жоқ. Қазіргі кезде жер басқа тұлғаларға жеке меншікке берілмеген" деп жауап берді. Қатесін әдейі түзетпей жазып отырмын. Ал ол кезде әлгі орыс әйел сол араға дүкенін салып бітіп те қалған кез болатын. Қалалық прокурордың өйтіп неге өтірік жазғанын бір құдай білмесе, мен білмеймін. Сірә, арызымды біреулер тексере қалса, ол жер оған да, орыс әйелге де берілген жоқ деп өтірікті жауып тастау үшін жазған болу керек. Осыдан кейін Храпуновпен телефон арқылы сөйлестім. Ол да алдай салды. Содан он күннен кейін баяғы Ш.Нысанбаевым "Сіздің қыз көп көлемді жер сұрады, ал Л.Никитина аз көлемді жер сұрады, сондықтан оған берілді" деген жауап жазып жіберді. Биікте отырғандардың сені қазір қалай мазақ қылам десе, солай мазақ қыла беретініне, одан еш қорқып, ешкімнен қысылмайтынына осы оқиғадан кейін әбден көзім жетті. Оларды тоқтата алатын, өзіңіз көріп отырсыз, заң да, заң орнында отырған адам да емес, тек президент. Оған арызын жеткізе алатын адамның көп еместігін Храпунов та, Бөкенов те, қалалық прокурор да, Нысанбаев та — бәрі баяғыда біліп алған. Мен бұл оқиғаны Сізге қысқаша ғана айтып отырмын, егер әркімнің алдына кіру үшін қанша күн, қаншама әрекет жасағанымды тәптіштеп айта бастасам, төбе шашыңыз тік тұрады. Ал оның бер жағында біреуге автотұрақ немесе қақтама (кәуәп) пісіру үшін орын бермей жатады, тұрғын үйге түтіні барады деп, ал 2-жағынан әр оралымға автомайқұйғыш стансаларын салып тастады. Біреуге заң қарсы пайдаланылса, біреуге керісінше. Себебі не? Оған тек күдіктенесіз.

Елді осындай ымыралас, сыбайлас, әдістес адамдар басқарып, үніңді шығармаймын десе, шығармай отырған

кезде қайтіп ел жағдайы көңілімнен шыға қойсын?! Мен бірақ әлгіндей күйкі адамдардан көңілім қалды екен деп өзімді олардан төмен санамаймын. Олар – әншейін қызметі жоғары, адамдығы шамалы, адамгершілікті әлдебір нәрселерге бағындырған, кісілігі шикі пенделер. Бірақ елге обал, ақшасы азға, биліктілермен байланысы жоқтарға обал. Бұған тезбеске амалымыз жоқ бізге де обал. Бұл жағдай және жуық арада өзгермейді де, тым тамырланып кетті.

СӘКЕН: – Осыған ұқсаңқырайтын бірер оқиға менің де басымнан өтті. Алдына барғанда ақ жарыла аңқылдап, сен есіктен шыққанша берген уәдесінен кілт бұрыла айнып сала беретін ірі шенеуніктерді көп көрдім. “Ұят болар-ау, ыңғайсыз болар-ау” деп жатқан олар жоқ. Сенің қайыра келіп есік қақпасыңды да жақсы біліп алған әккілер несін айтасың, көлгірсі сөйлейтін, кілең өтірік айтатын, ар деген, ұят дегенді біржола ысырып қойып, “азаматпын” деп айдарынан жел есіп жүргендер көп. Қазір сондай күліп отырып діңкеңді құртатын, қиянаттың өзін күлімсіреп жүріп жасайтын бюрократтар пайда болды. Бұған әлдебір себеппен билік төңірегіне ілініп алған айлакер де мекер, аяр да арами әйелдердің әрекетін қосқанда, төбе құйқаң шымырлайды. Қайтесің, әзірге солардың құдайы жарылап, дегені болып тұр. Өйткені бұ тірлікте жақсылар ешқашан жексұрындар, сұмдармен күресіп жатпайды. Жақсының жағасынан да, балағынан да алатын – тек жамандар. Қаншаға созылатынын да кесіп-пішіп айту қиын.

“Әй, сол кезде бүйткенде ме, бүгін бәрі басқаша болар еді-ау!” – дегізерліктей ащы өкінішің бар ма? Ол не?

БЕКСҰЛТАН: – Ондай өкінішім жоқ, тәубам бар. Немене, өзіңізде бар ма?

СӘКЕН: – Бір ісіме көңілім толып көрген емес, сөйте тұра ойлapp қарасам, менде де өкініш деген жоқ екен.

Үйленгеннен кейін, балалы-шағалы болғаннан кейін, қызметің өсіп, қаламгер ретінде елге танымал болғаннан кейін осының бәрін бір сәтте құрбан етуге тұрарлық дейтін, соған татырлық әйел баласы кездесті ме, яғни қайыра құлай ғашық болып, шын сүйіп көрдің бе? Өз шығармаларыңның негізгі өзегі осы тақылеттес тақырыптар ғой деймін де. Қиналсаң, ыңғайсыз санасаң, жауап бермей-ақ қой. Ымдасаң да жетеді.

БЕКСҰЛТАН: – Әрине, ыңғайсыз сұрақ. Бірақ әркім-ақ ойлауы мүмкін сұрақ. Одан бұғып қашқаннан гөрі

шындығын айтқан орынды емес пе? Ғашық болып, құлай сүйіп көрмесем, "Мұнтаздай Мұнтазды", "Бейтаныс әйелдің құпиясын", "Күю", "Мүденің қатыны" атты әңгімелерімді, сөз жоқ, жаза алмаған болар едім. Сүюсіз өмір сүруді өмір санамаймын, Сәке. Мұндай сұрақты, меніңше, өз басынан дәл сондай күй кешпеген адам қоя бермейді. Өзіңізге сондай әйел кезіккен соң сұрап отырсыз-ау, сірә? Солай ма?

СӘКЕН: — Мен әйел жұртынан еркекке бергісіз ірілікті, тұрақтылық, сыйласым сияқты қасиеттерді көп көрген адаммын. Және бір байқағаным — әйел бара беретін көзжұмбай ерлікке көп еркектің дәті барып, тәуекел ете алмайтындығы.

БЕКСҰЛТАН: — Ағалығыңызды алдыға ұстап, бір сыр сұрайын. Өз жағдайын ойламайтын, оны жақсартқысы келмейтін адам, сірә, болмауға тиіс. Алайда, мәселе қалай жақсартқың келуде ғой. Біреулер өз пайдасын бірінші қояды да, мен де халықтың бір өкілімін, мендей-мендейлер өз жағдайын жақсартып алса, сөйте-сөйте бүкіл халықтың жағдайы жақсарып шыға келеді деп ақталады; ал кейбіреулер елдің жағдайы жақсарса, елмен бірге менің де жағдайым жақсарар деп, жеке басынан гөрі жұмысына бұрыңқырап тұрады. Өзіңізді осының қайсысына жатқызасыз?

СӘКЕН: — "Елде болғанның зияны жоқ", — деп отыратын әкем марқұм.

БЕКСҰЛТАН: — Қазіргі кезеңде кімдерге халық жақсы адам деген баға беріп жүр? Солардың қатарына Сіз бен біз жатамыз ба, Сәке? Қате болады-ау, ұят болады-ау демей, тек шыныңызды айтыңызшы!

СӘКЕН: — Білімімен, біліктілігімен емес, туа бітті бекзаттығы, ана сүтімен сіңген асылдығы емес, әлдеқандай демеушісі, жебеушісі арқылы билік басына келіп алып "игі жақсы" санатына қосылып жүргендерге қарағанда біз (екеумізді ғана айтып отырмын), құдайға шүкір, әзірге әлем біткенді аузымызға қаратпасақ та, айналамыз айтқанымызға құлақ асатын, ешкімге "әй, көпір" атанып көрмеген кісілерміз ғой. "Бұл қайдан шыққан неме?" — деп те осқырына қарағандарды көргем жоқ. Айтарымызды қысылып-күмілжімей айта алсақ, әлдекімге бағынышты болсақ та, жалынышты болмасақ, үдеген де, жүдеген де кезімізде құдай берген кісілік кейпімізбен айнымасақ, жақсы болмайтын неміз бар?

Жақсы аталып жүргендердің көбі қарымы қайтатынға ғана жақсы, жасаған жақсылығына жауап қайтара алмайтын қолының "кірі", сөзінің "пірі" жоқтарға жоғарыдан қарайды. Сол там-тұм ұпайымен "жақсы" атанады.

Қазір мемлекет есебінен, өзгелер есебінен оп-оңай мырзалық жасап, аяқ асты Атымтай Жомарт болып шыға келетіндер көбейді. Бұлар әсіресе қала басшысы, облыс әкімдері төңірегінде көбірек кезігіп жүр. "Зейнеткерлерге пәтер берді, пәленшеге автокөлік берді" деп айғайласып, айналасына бас шұлғытып жататындарын және қайтерсің. Табан ақы, маңдай терімен тапқанын жұртпен бөлісіп көрсінші, әуселесін сонда байқар едік. Жақсылықты шынайы кісілікпен жасап, кісіге еткен қайырымым деп білетіндер болса, жөні басқа. Одан да ешкімге ештемемізді бөліп бермесек те, елдің мұңын мұндап, жоғын жоқтап жүрген біздікі жақсы. Оның үстіне "жазу", "жазушы" дегеннің өзін жарылқау, жақсылық деген ұғымдардың баламасы деп білем мен. Жұрт не десе о десін, өзін солай ойлаймын.

БЕКСҰЛТАН: — Қазір қай газетті ашып оқи қалсаң да қазақ қыздарының бұзылып бара жатқанын айтып сөгіп, кейбіреулер балағаттауға дейін жақындап қалып жүр. Тәнін сатты, жанын сатты дейді, ұлттық намысымызды аяққа басты, ана деген ардақты атты қорлады дейді. Солайы солай да шығар. Бірақ бір сәт әйелді биіктететін де, төмендететін де, қорлайтын да, қорғайтын да еркектер болуы керек екенін, бұған дейін солай болып келгенін, енді неғып солай болмай қалғанын еркектер де неге ойламайды? Қызметке 30 жасқа дейінгі, кейде 25-ке дейінгі әйелдер алынады деген хабарландырудың астарынан өзін қорлауды сезбейтін әйел, әй, бола қояр ма екен? Бұл, меніңше, Абай мен Саин көшесінің бойындағы жағдайдан да жантүршіктірерлік. Осыған қатысты қандай ағалық пікіріңіз бар?

СӘКЕН: — Бұл өзі асықпай отырып, арнайы сөз ететін бөлек мәселе екен. Қыз саудасымен айналысатын шетелдік фирмалар да бар деп естиміз әуелі. Зерттеп, зерделеп жүрмегесін, түп негізі неде жатқанын, мемлекеттік деңгейде болмаса, жеке адамдар қалай күресуге болатынын кесіп айта да алмаймын. Сондықтан тағы бір оралып соққанша мұны оқырманның ойлануына қалдыра тұрсақ қайтеді?

БЕКСҰЛТАН: — Бәрін айт та, бірін айт, біреулер қалтасына сеніп, біреулер қызметіне кергіп кеткен заманда өнер қуып, әдебиеттің суын ішіп, қамын жеп жүргендерге ризасыз ба?

СӘКЕН: — Кейде ойлаймын: осы мен әдебиет әлеміне қарай ойыспағанда не істей алар едім деп. Қолымнан өлең жазудан басқа түк келмесін өзім жақсы білемін. Басқа бір кәсіп соңынан ілесіп кеткенімде, Жамбылдың Ғали ақынға айтатын "нағыз жалқау мал бақпас" болып шығып, арам өліп жүрер ме ем, кім біледі.

Өзім сүйіп оқитын орыс ақыны Александр Блок бірде: "Мен өлең жазу шеберлігінің шыңына жеттім, енді ақындықты тоқтатсам да болады" деген екен. Біз олай дей алмаймыз. Шеберлік деген — шексіз дүние.

Әйтсе де әжептәуір шаруа тындырғандаймын. Әлі де қуат-күш бар. Сондықтан әзірге тағдырыма разы шығармын деп ойлаймын. Құдай мұрсат берсе, арғысын тағы көре жатармыз...

БЕКСҰЛТАН: — Сізге де, бізге де сырттай жауығып, жең ішінен жұдырық түйіп жүргендер бар екенін сеземін. Дұшпандық, әсіресе әдебиет маңындағы дұшпандық жайындағы жеке пікіріңіз қандай?

СӘКЕН: — "Менде дұшпан жоқ, маған жауығушылар көп" деп айтқаным бар еді бірде. Адам өзіне ешқашан әдейілеп жау іздемейді. Қылығың, ісің, қимылың, пиғылыңа орай пайда болады дұшпан. Кейде тіпті "Мен досыңмын деп жүріп, дұшпандығын оздырар" деп Абай айтқандай, сәл нәрседен суынып, аяқасты сырт беріп шығатын да адамдар болады. Маған күнде ит алғысыз етіп жамандап жүрген әлдебіреулермен ауыз жаласып, аяқтабағы аралса бастаған адамдарды да естіп түңілген жерім аз емес. "Егер тілін алмасаң, бықсып шіріп ішінен" дегендей, құдай сондай тұтқиылдан тап болған дос-дұшпаннан сақтасын. Мұндайда сол "үйренген жау атыспаққа жақсы" — ел болып жарытпас ежелгі дұшпан артық. Жуырда бұрын дос болғансып жүрген бір әріптесіммен ойламаған жерде жүз шайысып қалғаным бар. Әлдеқалай айтқан тілін алмадым ба, айтақтауына бармадым ба, әйтеуір, кездейсоқ кездесіп қалғанда: "Сенің қолың кір, қолыңды алмаймын" деп салды. Өз қолымның кіршіксіз тазалығы өзіме аян ғой, сондықтан: "осы жасқа келгенге дейін қолым сенікінен кір бола қойған жоқ еді, алдағысын тағы көрерміз" деп бұрылып жүре бердім.

Өзің айтшы, енді онымен керісесің бе, кетісесің бе? Әлде кек тұтып, күреске түсесің бе? Оның үстіне аздықөпті еңбегін бұлдап қойып, жұртқа жасар қайырымы

болмағанымен, үнсіз де болса көсемсіп, "тілсіз" де болса шешенсіп жүргендер сапынан еді өзі. Дау жоқ жерде дау іздеп, болмашыға бола әдесе мә деп жататындардан қашықтау жүргім-ақ келеді. Өйткені ол "шолақ сай тез тасидының" айқын дәлелі болып шығар еді. Ал өз адалдығына күмән келтірген тұста кінәмшіл болсаң, соған орай ерге тән мінез көрсетсең, оның түк артықтығы жоқ. Мұны неге сұрадың? Бірдеме айтқың келді-ау деймін?

БЕКСҰЛТАН: — Иә, айтқым келіп отыр. Зейнолла Серікқалиев дейтін Сіздің құрдасыңызды аға деп, сыншылардың ішіндегі шыншылы, дарасы деп сыйлап жүруші едім. Көрген жерде құшақтай кетіп, арқамнан қағып қатты сыйлайтын сияқтанушы еді. Сөйтсем, ол сыйлауы әншейін мені алдарқатып ақымақ қылғаны, шын пейілі емес, балаша алдаған шеберлігі ғана екен. Менің 60-қа келгеніме орай бір келіншек "сезім суреткері" деп бағалап хат жариялап еді. Зекең бір газетке: "Есімінен өзге тұрақ-тегінен де түк дерек жоқ. Дәу де болса әдебір әдебиетшінің лақап аты (псевдоним) не қалың оқушының, әйелдер қауымының пікірі осындай деп сіңіру үшін ғана қызтеке-гермафродиттердің бірі ойлап тапқан журналистік амал-тәсіл-ақ шығар" деп жазыпты.

Жағамды ұстадым. "Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар" деуші еді Абай. "Әйел боп жазып, әйелдің атынан мен туралы пікір айт" дейтіндей менің басыма не күн туды? Биік санап, сеніп келген ағамның бұл қылығын көргенде, өмір бойы жинаған бауырмалдық сезімім еш кеткендей өкіндім. Егер мені шын сыйлап келгені рас болса, "Ей, Бексұлтан, мына әйел бар әйел ме, жоқ әйел ме?" деп өзімнен сұрай салса, тұрақ-тегін, тағы басқа дерегі мен керегін түгел айттып бермес пе едім. Оңтүстіктің бір адамына ренжісе, бүкіл оңтүстіктің ұл-қызына кектесіп, солтүстіктің бір пендесіне кейісе, бүкіл солтүстіктің ұлы мен қызын өртеп жібергісі келетіндердің қатарына барып осы ағамның қосылғаны мені қатты қынжылтты. Бетіңе күліп, артыңнан топырақ шашатындар да адалдықты алдыға тарта сөйлеп, сонымен әділ адам санатына қосыламыз деп әуре. Алдаудың түбі арамдық екенін дәлелдеу де қажет пе?

СӘКЕН: — Ол мақаланы мен де оқыдым. Ол құрдасымды мен де қара қылды қақ жарып жүрген азамат деп білуші едім. Мынаусына менің де қарным ашыңқырап қалғанын несіне жасырайын.

БЕКСҰЛТАН: — Сәл-пәл өзімізге, әдебиетке қарай ойыссақ. Сіздің өлеңдеріңізде "Алакөл" сөзі көп ай-

тылады. Бір кітабыңыздың аты да "Алакөлім-ауылым" аталады-ау деймін, ұмытпасам. "Кітап атын тым тарылтып жіберген жоқ па екен?" деп те айтылған әңгіме үзігін естіп едім. Туған жерге деген перзенттік ыстық махаббат, сол арқылы Отанды сүю парызы бәрімізде де бар.

Дегенмен осы мәселені таратыңқырап айтыңызшы.

СӘКЕН: — Туған жер деген әсіресе творчество адамы үшін түбі көрінбес байлық, таусылып бітпес қазына емес пе? Ақын үшін шабыттың арқа қоздырар аққайнары десе де болғандай. Әйтеуір, әрбір дені дұрыс адамның туған жерін көтере жырлай да, бұлдай да жүруі, қорғай да, қолдай да білуі басты парызы болуы керек деп білемін. "Жолбарыс орманды қорғаса, орман жолдарысты қорғайды" деген де сөз бар. Өзім жыл сайын Алакөлге жазда бір, қыста бір арнайы барып қайтпасам, көңілім көншімейді. Тауына шығам, көліне түсемін, ағайын-жұртпен жолығам — бәрі де ыстық, бәрі де қызық. Әсіресе жаз айларының бірінде Алакөлге барып қайтпасам, жерге сыймай бықынап, өз-өзімнен күйгелектене бүлініп бітетінім бар. Бір өлеңімде "Менің Итакам" да (ұлы Гомердің Отаны), Дағыстаным да (Расул Гамзатов елі) Алакөл деп жырлауым да содан. Сен де сондайсың, білемін. Әр шығармаңнан Өсек суының лебі, Баркөрнеудің желі, Орбұлақтың самалы есіп тұрады.

БЕКСҰЛТАН: — Сіз бастап, біз қостап біраз әңгіменің басын қайырыппыз. "Айтпаса, сөздің атасы өледі" дегендей, айтуға, айтылуға тиіс сөздер еді біразы. Біреулер құлағына ілер, біреулер кекете күлер, әйтеуір өз сөзіміз өзіміздікі, ешкімнің дауы да, дамайы да жоқ. Әңгіме мұнымен бітпес, сөз етер дүние көп екен. Құдай қалап жатса, бұл сұхбат талай жалғасар. Бұл жолы осы араға аялдай тұрсақ деймін, қалай қарайсыз?

СӘКЕН: — Құп болады!

"АР АЛДЫҢДА МЕН ӨЗІМДІ ӘРДАЙЫМ, ДАР АЛДЫҢДА ТҮРҒАНДАЙ-АҚ СЕЗІНЕМ"

Анық қай жылы екендігі есімде қалмапты, сірә, сол бесінші не алтыншы класта оқып жүрген кезім-ау деймін, қара жердің жарығы болса ойланбастан кіріп кетердей-ақ қатты бір қысыла ұялғаным бар еді. Соны есіме алған сайын әлі күнге өңім күреңітіп шыға келеді.

Қыс іші екенін білем, өзімнен он жас үлкен Нүсіп ағам екеуіміз ат шанамен біздің ауылдан алпыс-жетпіс

шақырым, алыста жатқан Андреев (кейін Үйгентас) ауданына жол тарттық. Екі ортада Қарасу деп аталатын ауыл болатын, онда әкемнің туған жиен ағасы, сол жердегі орталау мектептің мұғалімі Қабылханның үйі бар еді. Күнді екіндіге аудара сонда келіп жетіп, ат басын тірегенбіз.

Бала-шағасы мол, ордалы да қордалы үй еді. Бізді жік-жапар болып құрақ ұша қуана қарсы алды-ау деймін. Мен о жағына аса мән беріп жатпадым, мені қызықтырғаны төрге таяу орналасқан шағын сөредегі 20-30 кітап болды. Біреуін қолыма алып қарадым — Спандияр Көбееттің "Орындалған арман" деп аталатын кітабы екен. Оқи бастап едім, бірте-бірте өзіне жылымдай тартып, еліктіріп ала жөнелді. Әлде автордың бастан өткен балалық шағы өз өміріме ұқсас, не сол сәттегі көңіл-күйіме орайлас болды ма, әйтеуір енді оны оқып бітіргенше асықтым. Бірақ әпсәтте аяқтала қояр кітап болмады. Ертелетіп әрі қарай жол жүруге әзірлендік, әлгі қызықты кітап бәрібір аяқталар емес. Балалығым ба, басқа ма қайдам "әй не де болса!" — деп, түрткілеген әлдебір сайтанның азғыруына еріп, әлгі кітапты ат шанадағы жолға алып шыққан жарты қап сұлының арасына сүңгітіп жібердім де, түк көрмегендей тымпиып отыра бердім.

Сонымды байқап қалды ма, әлде ыңғайы солай болды ма, әйтеуір біз енді аттана береміз дегенде үй иесі жаңағы кітапты іздеп, әй бір әлекке түссін келіп. "Табыңдар да табыңдардың" астына алып, бала-шағасының да екі аяғын бір етікке тыға қуырып берді.

"Сенен келген жоқ па?" — деп Нүсіп ағам маған сыбырлайды үй иелеріне естіртпей. "Жоқ!" — деп азар да безер болып мен басымды шайқаймын. Қабылхан ағам да қояр емес, тықақтай дігірлеп, төсек-орын арасына дейін ақтара қарап, төңкере тінтіп, әбігерге түсті де қалды.

— Қой, бала, сен алдың ғой деймін! Қалдырып кет, қайтесің әурелеп. Өзім сатып әперем ауылға барған соң, — дейді бірдеңені іші сезген ағам енді мені жатып үгіттеп. Мойындау да, мойындамау да ауыр. Ұяла қысылып, өртеніп өліп барамын. "Нем бар еді?" — деймін іштей өзімді-өзім ит етінен жек көріп. — Онда өзің әпер, — деймін сосын ағама қарап, — шанадағы сұлының ішінде".

Нүсекең не деп, не қойғанын мен білмеймін. Әйтеуір сол жерге кірердей болып ешкімге қарамаған қалпымда, мелшиіе бүрісіп, шанаға барып жайғасқанымды ғана білем... Қызығы, бірақ ол емес еді, ауылға қайтарда Нүсекең: "Ағаға (әкемді солай атайтынбыз) өзіміз айтайық, кейін

біреулерден естісе шала бүлініп жүрер!" — деп әлгі ұят істі тағы есіме салғаны.

— Жоқ! — деп шоршып түстім мен.

— Айтпайсың! Ұят болады, ұрсады.

— Қой, — деп жұбатты Нүсекең, — ағам саған ұрыспайтындай етіп өзім ештеп отырып, жайлап жеткізем. Саспа. Бәрі де жақсы болады.

Нүсекең, шынында, тігісін жатқыза келістіріп айтқан болуы керек. Үй-ішіміз болып келесі бір басқосуда әкем:

"Ұрлықтың үлкені, кішісі деген болмайды. Тай ұрлайсың ба, тайлақ ұрлайсың ба, түйе ұрлайсың ба, түйме ұрлайсың ба, бәрінің аты — "ұрлық" деп аталады. Ал ұрлық түбі — қорлық, ол ешқашан абырой әпермейді. Осыны ұдайы есіңнен шығармасаң болды, балам!" — деп бітіріп еді кезектегі сөзін.

"Кітап ұрлау — ұрлыққа жатпайды" деп жататын бүгінгі бірқатар ағайынның сөзін естігенде де менің есіме еріксіз осы оқиға түсе береді. Түсе береді де, әрі-сәрі ойға қалдырады.

Ұрлыққа жатпағаны қалай? Әлде бұл... Бірақ өзінің бір жерден жымқырып кеткен кітабын көрсетіп кей шақта соған мақтанып отырған жазушы ағайындарды да көріп едік. Ол "қылмысын" өздері кітапқұмарлықпен, білуге, білімге деген құштарлықпен жуып-шайғысы келеді. Өзін дүниеде кезігер ұры-қарылық, рухани мерез атаулыдан жоғары тұрған оқыған азамат, зиялы кісі етіп көрсетіп қалуға тырысатынын қайтесің тағы да. Апыр-ау деймін мен, ешкім зорлап зомбыламай-ақ әлгіндей "иттікке" барып алады да, ол қылығын ғылым мен білімқұмарлыққа апарып телитіндігі қалай бұлардың?

Медицина тілінде "дальтонизм" деген термин бар. Ол заттың түсін айыра алмайтындарға қатысты айтылады. Міне, бұл да соған ұқсайды, жаман мен жақсыны, әділет пен әбілетті, яғни ақ пен қараны айыра алмай, суыққолдылықты серілік деп бағалап, әлгіндей мінез-құлық жүдеулігіне, ұят пен ар мүгедектігіне ұрынғандар. Енді одан арылудың да, айығудың да дауасы жоқ шығар, сірә, деп қала беремін кейде мен.

Кейін есейгенге дейін сол үйдің өзім қатарлас балаларының бірі кездейсоқ ұшыраса қалса баяғы қылығымды бетіме басып жүре ме деп қатты қысылушы едім. Обалы не, бірде-біреуі ол туралы ләм деп жақ ашып көрген емес.

Елу жыл! Мен мысалға келтірген оқиғадан кейін де елу жыл өтіп кетіпті. “Елу жылда — ел жаңа” деген сөз бар еді. Бұл — дүние түгел жаңарып, жақсара түседі дегенді мегзесе керек. Ал сол елу жыл ішінде ұрлық-қарлыққа, адалдық-арамдыққа деген көзқарас пен ұғым арасы осыншалық кереғар кеткен болса, онда ол елдің жаңармай-ақ қойғаны жөн еді-ау деп ойлайсың еріксіз. Күшірлік болса да қайтейін, шын ойым сол.

Осы тұрғыдан жаңаның бәрі жақсы бола бермейтіні ақиқат дей тұрсақ та, ескіліктің орнын әйтеуір бір жаңаның алмастыратыны да заңды құбылыс екенін ескермей және болмайды. Қайшылықтың өзі де негізінен содан барып өрбісе керек. Қараңғы түннен кейін шапақты таң ататыны сияқты, надандықты — адамдық, топастықты — білімпаздық, өзәзілді жанәділ (немесе керісінше), ауыстырып жатады. Бұл өзі мәңгілік бітпейтін үрдіс. Мұндай салыстыруды әрі қарай жалғастыра берер болсақ, онда ол махаббат пен зұлымдық, қайырым мен қатыгездік, елдесу мен жауласу, достық пен дұшпандық, шындық пен өтірік болып ұзыннан-ұзақ қосақтала шұбырып кете берер еді. Яғни, адамзат тірлігінің өзі ұдайы күрес, әлгіндей алма-кезек алысу, бірін-бірі жеңу, бірін-бірі сыртқа тебуден тұрады екен. Бұл — адамзат дамуының өзімен бірге жасасып, біте қайнасып келе жатқан қағида. Ол қайшылықтар болмаса өмір де, мынау жалған да, жарық дүниең де ілгері баса қоймасы хақ. Сөйте тұра адамның жандүниесінде сол қағида сәл ғана бұзылып, тепе-теңдіктен айырылды дегенше, әлгі қарсылық пен қайшылық арасы мейлінше асқынып, арылмас дертке айналатынын аңғаруға болады.

Ой мен сөз, сөз бен іс бір жерден шықпаған жердегі екіжүзділікке де келе-келе кісінің еті үйреніп кететін болуы керек деп ойлаймын. Шыныңды сарқып айта алмаған соң, оны бүркемелеп, амалын тауып айналып өтуге тырысасың, “өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам” екенін біле тұра ойыңды бүгіп, “әрі өтірік, әрі шынды” төңіректеуге мәжбүр боласың. Мұның ақыры көлгірсуге апарып соғады да, өзіңнің де көпе-көрнеу бәтуасыз біреуге айналғаныңды білмей де қаласың ба деймін.

Сөйте келе ұлдан ұят, қыздан қылық қашып, кәрияңда қадір қалмаған заманға қалай ғана тап болғаныңды өзің де сезбейсің. Айналаның бәріне ашық аран, жыра тарт, пәлеқор, жалақор, парақорлар қалай ғана қаптап кеткен деп таңырқайсың.

Лауазымды адамдардың алдына бұйымтаймен онша көп бара қоюға жоқтау бола тұрсам да, баз-базда еріксіз сол билік басындағылардың бірен-саранына күнің түсіп қалады да, амалдың жоқтығынан алдына барасың. Құдай-ау, күле отырып, орындамайтынын өзі де жақсы біле тұрып, жүзіңе жымия қарайтын көлгірлердің үйіп-төгіп уәде беріп салатынын қайтерсің! “Ер жігіт екі сөйлемес болар” деп әдеттенген өз басым әлгі жел сөзге иланып, мәз болып, талай кабинеттен қаншама бір мардымсып та қайттым-ау! Бірақ қап-қап құрғақ уәде сол столдың басында қала береді. Қайта барып табалдырық тоздырмайтыныңды жақсы біледі де, қысылып-қымтырылмай, ұялып-қызармай, құдай бар-ау дегенді қаперіне де алмай, келесі кезіккенде тағы да өтірік айтып, Алматы көшесінде алақанға қарап бал ашатын сыған қатындарынша жалған жақсылықты басыңа үйе салып тұратын адамға тап келгенде, жерге түкіре түңіліп кеткен кездерім аз болмағанын несіне бүгіп жасырайын.

Ұят жоғалған жерде арамдық, аярлық, арсыздық, айлакерлік атаулы құмырсқадай қаптай өріп шыға келетіні, бірте-бірте бел алып, берік орын тебетіні белгілі. Содан барып “бер” десең — бедірейіп, “ал” десең — жадырайтындар көбейеді. Ар мен ұят олқы соғып, баға-құны азайған сайын көңілдің өзі де кедейлене түседі, ал кедейленген көңіл орнын енді қайтіп ешнәрсемен толтыра да, байыта да алмасың және белгілі.

Адал да арлы адамның ешқайсысы да ноқтаға басы бірден сыйып, өзі өмір сүріп отырған қоғамның қағида-шартына сай келе бермейді. Әрекетің де, әлпетің де дұрыс, сөзің де орнықты, өзің де ел үміт күткендей азаматсың. Амал не, соны мойындай тұра, іштей сенімен келісе тұра әлгіңдей қоғам үрдісіне икемделіп алғандар ұдайы ғана сені келекеге айналдырып, шөміштен қаға қақпақылдай бастайды. Ешкімнің ала жібін аттамаған, қара қылды қақ жарып өткен деп, өткен заманның әділ қазы, тура билерін көкसेп, сондай өрелі тұлғаны аңсап жататыныңыз бар. Бұл баяғы “Тырна көкте, тұзақ жерденің” кері, әйтпесе, сол бәріміз білетін, бүгінде пір тұтып жүрген әйгілі Төле, Әйтеке, Қазыбек билерді әлдебір құдіреттің күшімен бүгінгіге әкеліп, өзіміздің Парламент мәжілісі ме, сенаты ма, біреуінің төріне отырғызып қояйықшы. Діліндегісі тілінде болатын ол үш әулие қазіргі бүргедей өрген келеңсіздікті көріп шыдамай кетіп, ойындағыларын айтып бір берсін делік. Сонда олардың маңайында отырғандар

"жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты" деп, арадай талап, осырған сиырдай етіп араларынан аластап шығарына мен кепіл. Өйткені бүгінгі "билер" тура сөйлеп, түгел айтып дағдыланбаған, замана ағымын аңдумен күн кешіп, күн кешіп емес, күн көріп қана келе жатқандар. Олар қайткенде де жауырды жаба тоқып, бет бүркеп, ішкі қыжыл-ызасын бүге жасырып, қате басқанын қастерге, қапы кеткенін қасиетке балап үйренгендер, не солай көрінуге барын салып-ақ бағатындар. Жұрт көзіне құдай дескен игі жақсының бірі болып көрінуге, мінезге бай таза жүрек кісі кейпінде қалуға, тәрбиелі, тәлімді, азамат аталуға барын сала жанталасып жүргендерімен, әр әрекет-қылығын былайғы ел көрмей, білмей отырған жоқ. Оны ойлап бас қатырып та жатпайды.

Ұятсыздық, бетсіздік, тексіздік атаулының қоғамға тигізер залалын ешкім әлі безбенмен өлшеп, шотқа салып есептеп көрген емес. Экономика саласындағы ұятсыздар тарапынан кеткен қатені әйтеуір бір түзетіп, күндердің күнінде аздап та болса орнын толтырудың мүмкіндігі табылар, ал мәдени һәм рухани салада кеткен қателіктердің орнын толтыру, меніңше, әсте мүмкін емес. Анығырақ айтсақ мәдени жағынан тұралап қалған елдің экономикада да ілгері жылжи қоюы, ой қайдам, екіталай шаруа шығар-ау!

Ар, кісілік, ана сүтіндей тазалық — міне, әр адам өз денсаулығымен қоса алдымен бетке ұстар категориялар да ең алдымен осылар болуы керек, өйткені арсыз, имансыз, тәрбиесіз тәйтiк адамды адам деудің өзіне аузың бара қоймайды.

Ұят — аса күрделі философиялық категория, ешқандай бөлшектеуге, бөлуге кенбейтін ұғым. Сондықтан кезкелген адамның бойынан ұят іздеп жату да бос әурешілік пе деп қала беремін. Сөйте тұра айналамыздағы әрбір адамнан "ардан аттама, ұятсыз болма!" — деп талап етуге қақымыз бар. Өйткені арсыздың әр ісі көзге ұра көрініп, жұрт назарын аударып тұрады. Оны сол арсыз адамның өзі ғана байқамауы, не біле тұра, сезе тұра байқағысы келмеуі мүмкін. Абайша айтсақ, "ар ұялар іске апарар" жолсоқпақ та әр түрлі болады. Айталық, былық-шылықтың бәрінен ат шаптырым аулаққа қашатын, қылаусыз тірлік кешуге ұмтылған "жақсы дос", "адал жар", "аяулы әке" атанып жүрген адам үлкен бір лауазымға ие бола қалды делік. Өзгеден оқ бойы болмаса да, оқтау бойы озық тұру үшін, өзі басқарып отырған мекемені сырт көзге, жоғары

басшыларға тек жақсы тұрғыда көрсету үшін ол енді өзінің бар болмыс-қабілетін, қауқарын тұтасымен тауыса жұмсап, ақылы мен күші жетпеген жерде айлаға да, әр түрлі екіжүзді амалға да көшеді. Онысын бастық ретіндегі парызым, ел алдындағы борышым деп ойлай бастайды. Басшының да бағынар жоғарыдағы өз бастығы бар. "Құл Құдайдан қорықпағанмен қожасынан қорқады" дейтін сөз осындайдан туады да, табанақы маңдай терін тек қоғам мүддесі үшін жұмсап жүрмін деп санап, ар-ұят есебінен жаңыла бастағанын өзі де сезбейді. Өйткені бәрін де қоғам өлшем-мөлшерден ауытқымай атқарып жүрмін деп ойлап өзі де енді соған әбден сеніп алады. Рахаттың артында бейнеті, бақыттың артында азабы барын мүлдем естен шығарып, бастапқы тәп-тәуір адамның бойына да "түлкі мінез, қасқыр түйсік" бітіп, бірте-бірте жылым түбіне қарай жылжып кетіп бара жатқанын да байқамайды.

Ол, бәлкі, Құдай жолы болмаса, қоғам жолдан әзірге таймаған адам болуы мүмкін, ісінің көбі дұрыс та шығар. Бірақ қайткенде де ар-ұяттың адами заңдылығы бұзылды. Қарыз бен парыз ұят пен арды аяққа таптап, өз дегенін істеп бақты. Адамды ақыры келіп ырқына көндіріп, көп пенденің біріне айналдырды.

Бұл жерде пәлен деп кесіп айтып, дәл анықтама беріп жату да қиын. Оған тіпті бізде бар ақыл аздық еткендей де болып тұр. Соған қарамай ұят пен ардың қаншалық айырмашылығы барына ой жүгіртіп көруге болатын сияқты. Ар-ұят қосарлана жүргенімен екеуі екі түрлі ұғым сияқтанады. Ұят — тілде, ар — ділде. Ұят — адам жанының тереңінен шығады. Ұяла білмейтін адам нәпсісін тия да білмейді. Сазара білер, бірақ жегідей жеген ұят әсерімен "тазара" білмес. Жалған ұят болмайды. "Ұялған тек тұрмас" дегендей, адам оқтын-оқтын ар алдына айналып соғып, тазарып отырмаса ұят оны біржола жеп бітіреді. Ұятты ештеңеге айырбастап ала алмайтының да сондықтан. Ардың жөні бөлектеу. "Малым — жанымның садағасы, жаным арымның садағасы" дейтін сөз бар. Ендеше, арды ешнарсеге айырбастап ала алмайсың. Оның үстіне "арсыз қолым істеді арлы бетім қызарды" деп те жатпай ма ел?

Ар дегенің (нағыз ар) ұятпен бірге жүреді. Ұятсыз адамда ар да болмайды. Жалған намыс, ақиқатсыз ар — шөлдегі сағым сияқты. Жеткізбейді де, сусыныңды қандырмайды да. Бұл жерде адам жаны мен тәнінің тереңіндегі сағымды айтып отырмын.

Сондықтан да, ар дегеніңіз ұятпен біте қайнасып тұрса

ғана жарасады. Ұят пен арды тек жеке адамдар бойынан ғана іздемей, мемлекеттік билік тұрғысынан да қарауға тиіспіз. Егер сен біреуге жәрдем етсең, жақсылық жасасаң — өзінде барды бер. Мемлекет есебінен, өзің басқарып отырған мекеме есебінен жасалған жақсылық көзбояу, айлакерлік, тіпті, арсыздық, ұятсыздық, делдалдық, сартсауданың бір түрі ғана болып шығады. Амал нешік, қазір өзге жұрт есебінен Атымтай Жомарт атанғысы келетіндер, атанғысы емес, атанып жүргендер де көптеп кезіге бастады.

Осы арада еріксіз есіме түсіп отыр, біздің Қатипа атты құдағиымыз болып еді. Қара жер хабар бермегір, қолы тараң кісі болатын. Үйіне бара қалған бізді өсіп тұрған алма, жүзіміне жолатпай қорып, қолымызға бір-бір үзім ғана нан ұстатқан бойы шығарып салар еді де, біздің дастарқанда отырғанда бала-шағасына алдындағы тәттіден де, қаттыдан да уыстай үлестіріп: "Мә, жеңдер! Алыңдар!" — деп аса шүленсіп кететіні бар еді. Соны байқап жүретін әкем жарықтық: "Осы Қатипа құдағи біздің үйге келсе болды, бірден алды кең ас та төкке айналып кететіні несі?!" деп күліп отырғанын талай естіп едік. Әлгі мемлекеттің немесе өзгенің есебінен "игі жақсы", "жомарт" та, "мәрт" аталып жүрген әкімдер де маған тап сол баяғы біздің Қатипа құдағиымыз сияқтанады да тұратыны бар, әйтеуір.

Сонымен "ар" дегенді, "арлылық" дегенді қалай түсінетін болдық? Әлгінде айтқандай, алдына бара қалсаң ақ жарыла аңқылдап, сен есіктен шығып үлгергенше айтқанынан айнып, "ұят болар-ау, ыңғайсыз болмас па?" деуді білмейтін, қашан болсын көпе-көрнеу көлгірси сөйлейтін, әмсе өтірікке әуес, ар мен ұятты біржолата ысырып қойып, "біз де азаматпыз" десіп айдарынан жел есіп, ел билеп, жұрт шүйлеп жүргендер бар. Қазір кілең бір сондай күліп отырып діңкенді құртатын, кісіге деген қиянатының өзін күліп отырып жасайтын басшылар көбейіп бара жатқандай. Олар кісіліктен гөрі қызметті, мінезділіктен гөрі мәнсапты ғана бағалап дағдыланған.

Абай жарықтық: "Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе, бір сөзінде тұрса екен — жанса, күйсе!" — деп еді, мемлекет қызметіндегі адамсың ба, жай ғана көлденең көк аттының бірісің бе, әйтеуір "уәде — Құдай сөзі" дегенді ұдайы ескеріп, айтқан сөзге тұра біліп әдеттенгенге не жетсін шіркін!

Ардан гөрі атақты, абыройдан гөрі ақшаны көбірек пір тұтқандар этикалық норма дегенге пысқырып та

қарамайтын болып барады. Олар сол әлгі мәнсапты ғана бақ санап, лауазымды ғана мұратқа балап үйренгендер. Амал не, тағы да қайталап айтам, айналасына "сыйлы", ағайынға "сыйымды" болып отырғандар да солар әзірге. Енді сондайларға күні үшін ғана жағынып, тірлігі үшін жалбарынатындарды апарып қосыңыз. Кісілік бейнеден айырылып, басшының алдында қоғаша майысып, доғаша иіліп табақ жалаудан табан жалауға дейін құлдырап, жалыныштыдан жағынышты пендеге айналған құлкеуделерден қандай ғана ар, нендей ұят күтпексің? Олар ар мен ұятты аз күндік атаққа айырбастап жібергендер. Оларды да кейде түсінуге болар. Бірақ, ақтауға болмас. Түсінуге болатындығы тағы да сол күнкөріс қамына келіп тіреледі. Орыстың өзім көп оқып құрметтеген, бірақ Белинский, Добролюбов сияқты ауызға жиі іліне бермейтін XIX ғасырдағы әдебиет сыншысы -Дмитрий Иванович Писаревтің: "Только сытые люди могут быть свободными гражданами, толпа голодных пойдут за тем человеком, который покажет ей... кусок хлеба!" деген сөзін оқып едім. Қазақтың да: "Ораза, намаз тоқтықта, иман қашар жоқтықта" дейтіні осыдан шыққан. Егер адамның өзінікі өзіне жетіп, қарны тоқ болса, ертең де ешкімге телмірмесіне көзі әбден жетіп отырса, ол енді біреуге құл бола жәутендемесі белгілі. Қаншалық өр болып жаралған адамның өзі "Әттең тонның келтесі-айдың" қырсыздығынан еміншекке айналмаса да, амалсыз ар ұялар іске баруға мәжбүр, аяншақ бола ма деп те ойлаймын. "Түсінуге болады" деуім де сондықтан.

Ар да, намыс та айналып келгенде ұяты бар адамға ғана бұйырар қасиет. Ал айнала тірлікке баға беруге келгенде жалқыны жалпыдан, мемлекет мүддесін жеке бас мүддесінен ажырата білмейтін, қажет деген адамымен сол мемлекет есебінен есеп айырып дағдыланған адам бойында сол қарекеттер қала қойды дегенге сенгің де келеді, бірақ илана қою қиын.

Бұл ретте, тағы да Абай айтқандай, егер әмір-билік менің қолымда болса, үлкен-кіші лауазым иелерінің арсыздық демеген күнде де, аярлық, айлакерлік, алдау мен арбаудың, екіжүзділіктің қандай түрімен болса да "ауырып", өз атына азды-кем кір келтіріп, лауазымына дақ түсіріп алған, ар-ұят атаулыдан айырылып, сол арқылы өзіне қараған жұрт сенімінен біржола мақрұм қалған адамды мемлекет қызметінде бір күн де ұстамауға үкім етер едім. "Мен бұған өз басымның пайдасы үшін емес, мемле-

кет мүддесі үшін барып отырмын" — деп байбалам салар аярларды да қосып, оларды ел басқару ісіне енді қайтып жолатпаудың амалын ойлап табар ем... Амал қанша!.. Ондай билік бұйырмай тұр.

Ұят үнсіз қалып, ар бұғынған жерден жәдігөйлік келіп шығады. Жәдігөйліктің аты — жәдігөйлік, оның да үлкені не кішісі болмайды, денеңе дарыды дегенше уша жайлап, уытып, уландырып алады.

Таяуда ғана Қазақстан Жазушылар одағындағы кезекті бір шағын жиналыс үстінде жасы үлкен қаламгерлердің бірімен сөзге келісіп қалғаным бар. Ол өзінің 70 баспа табақ көлеміндегі аударма кітабын шығартуға қаржы сұрайды. Мен "Көкетай-ау, мұның көлеміндегі аударманың орнына күн көруінің өзі қалт-құлт етіп тұрған он автордың кітабын шығармаймыз ба? Аударманы кейін байығанда көре жатармыз!" деймін ғой. Сонда осынау таластың тағдырын шешуге тиісті азаматтардың бірде-біреуі үндемеді. Сыртқа шыққаннан кейін барып кейбіреуі "Әй дұрыс айттың-ау, әділі де сол ғой!" дескен болды.

Мұндайда күйіп кетпей қайтер ең. "Оу, өз сөзімнің дұрыс екенін білмесем — ауыз ашып нем бар менің? Сендерден дұрыс айттым ба, жоқ па деп сұраған кім өзі? Бәрің көзіңмен жер шұқып, телмендеп, үн-түнсіз қалдыңдар. Мен ғанамын ғой тағы да жаманатты болған" деймін шырпырым шығып. Оным да бекер әурешілік еді, ешбірінің құлағына жете қоймағанына әлі де бәс тіге аламын.

Сонда кімнен қорқып, неден үркектейміз? Шындықты айтуға келгенде күлтектеп, көпе-көрнеу көлгірсуте көшетіміз неліктен осы?

Шындық жүрген жерде үрейге орын болмауға тиіс еді ғой. Өйткені ол екеуінің басы бірікпейтін ұғым емес пе? Қорықсақ, қысылсақ, тек қана өзіміздің былғаныш ниетімізден, өресіз ойымыздан, жетесіз жігерімізден қорқуымыз керек қой. Жора-жолдас, ағайын алдындағы бет-беделімізге дақ түсіруден, ел-жұрт, Отан алдындағы парыздың толық өтелмей жатуынан ғана қорқуымыз керек. Яғни бір ғана нәрседен: өтірік айтудан, "ар ұялар іс қылудан" қорқуымыз керек. Бір кезде:

Ар алдында мен өзімді әрдайым,

дар алдында тұрғандай-ақ сезінем, — деп жазғаным да сондықтан еді-ау менің де. Ақырын-ақырын жылжи келе енді өзіміздің әдеби ортаға қарай ойыссақ деймін. Елің бар кезде, жерің аман тұрғанда, адам бойында әзірше ар мен ұяттың жұрнағы жүргенде әдебиет жасай берер. Ол

ешқандай дау тудырмауға тиісті мәселе сияқты. Бірақ ол өзі енді қандай әдебиет болмақшы, соған келейік.

Кәрікөз қаламгерлер жақсы біледі, бір кезде "мен болдым-ақ" деп жүрген ақындардың өзі де жұқа мұқабалы 4-5 баспа табақтан артық көлемде кітап шығара алған жоқ болатын. Қазір екінің бірінің "көзі тірісінде Мұқағали да пышақ қырындай жұқа кітапты қанағат тұтып еді" — деп шуылдай жазып жататыны да содан. Қазанның құлағын ұстаған (баспа маңындағыларды айтам) бірен-сараны болмаса, мен білетін кезде көпке дейін шағын кітаптарының басын қосып қайта шығару екінің бірінің қолынан келе де бермейтін еді. Бүгін ше?

Бір кезде, тіпті Абайдан бергі дәуірде десе де болғандай, ақындық дарынын алға сала жүріп, әрі қарай алаңсыз еңбек ету үшін ақша жасайтын едік, бұл күнде енді ақшасына кітап шығарып, аяқ асты "ақын", "жазушы" атанғандардың саны көбейіп барады. Бұлар жайында: "Бұл күнде "анау" да ақын, "мынау" да ақын, жемсауы жыбырлаған жырау да ақын" деп жазғаным да бар болатын. Сексенге дейін бір ауыз сөзі тасқа басылып көрмеген, бірақ "кезінде анау болып еді, мынау болып еді" деп аспанға көтеріп жүрген "тірі классиктер" пайда бола бастады қазір. Олар жоқтан бар жасап, жамап-жасқап, күлді-бадам қоңырсық бірдемелерінің басын құрап, оны алтынмен аптап, күміспен күптеген қалың том "кітап" етіп шығарып-ақ жатыр, "сол кітабына" қазіргі күнгі аузы дуалы дерлік інілерінің не туыстарының біріне "ойпырмай, керемет екенсіз ғой" дегізіп алғысөз жазғызып, "кітабы" шыққасын барша газеттегі таныстары арқылы дуылдата келіп мақтататындар шықты. Оларға тоқтау да сала алмас халге жеттік. Бірақ сол сырты жылтырақ, іші кеуектей қалтырақ "кітаптардың" өмірі ұзақ болмасын ескеріп жатқан ешкім жоқ. Солардың "кітабын" көріп. Мұқағалиға тұстастары қиянат көрсетіп, кезінде кітабын да дұрыстап шығармапты дейтін пысықтар шықты. Ол кезде кітаптың жүз еленіп, мың екшеліп барып шығатынын ескермей, қаперіне де алмай, өткен күнмен дауласатындарға не дерсің?!

"Все течет, все меняется", — деген еді көне грек ойшылдарының бірі. Уақыт зымырап өте берді де, заман да, заманмен бірге адам да өзгерді. Көптеген қастерлі ұғым да сол өткен қоғамға ілесе, келмеске кеткен сияқты. Ескіні қимай отырған жоқпын, бірақ бұрын кітап шығару

ісіне ғана емес, Жазушылар одағына жаңа мүше алуға да аса биік талап қойылатын еді. Осыдан көп жылдар бұрын Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып қызмет істегенім бар. Секретариат мәжілісінің қақ төрінде Ғабит Мүсірепов пен Иван Шухов отыратын. Мүшелікке алуға дайындап әкелген әрбір талапкердің не жазып, не қойғаны, дарын деңгейі, талант қауқары, келешектегі мүмкіндігі түгел сарапқа салынатын. Барлығы да ұжым жарғысына сай болуы қатты ескеріліп, қадағаланушы еді. Басқаларды қайдам, мүшелікке өтерде өз басымыздың кәдімгі қылкөпірден өткендей-ақ қара терге түскені әлі күнге есімде қалыпты. Қазір Жазушылар одағының есігі “келемін, келемін де өтемін” дегендерге әрдайым айқара ашық. Сегіздегісі де, сексендегісі де, дәруіші де, дәлдүріші де мүшелікке өтіп жатады. Оқта-текте болып тұратын жазушылар басқосуларына бара қалып, ақсақалы қайсы, қарасақалы қайсы, жазушысы қайсы, жазбайтыны қайсы екенін білмей, кілең бір көкбазардан айдап әкеліп осында тоғыта салған жүргінші, жолаушылар арасына түсіп кеткендей дал ұратының бар. “Керуен кері айналса – ақсақ түйе алға түседінің” – кейпі баяғы.

Бұл сөзіме тағы да дау айтып, кеңірдегі көнектей, көк тамыры білектей болып шыға келіп, өзеурей өкпе білдірер ағайын да табылар. Бірақ, қайтеміз, шыны сол.

Қазіргі жас оқырман Мұхтар Әуезовтің, Сәбит Мұқановтың, Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің, одан әріректегі Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұттардың шығармаларымен баяғы бізге ұқсап таныса алмайды. Ба-спалардан Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиевтердің орнына бұрынғы коммунистік партия мен Кеңес Одағына “қызметі сіңген”, әлі күнге Президиумда маңқиып отыратын “сыпайы да сыйлы” ағалардың кім-көрінгеннің қолынан шыққан “естеліктері”, тіпті кейде “көркем туындылары” басылып шығатын болып алған. Бірімен-бірі жарыса “кітап жазып”, бірінен-бірі асып түсіп жататын “қарт жазушылар” солай көбеюде. Ал қазақ поэзиясының бір кезгі гүлі де, алысқа жетер үні де болған Изтай Мәмбетов, Әділбек Абайділданов, Әнуарбек Дүйсенбиев, Меңдекеш Сатыбалдиев, Шәміл Мұхамеджанов (тізе берсең санап тауыса алмас ең) сияқты замандастарымызды жұрт бұл күнде әбден-ақ ұмытып болған. Өйткені кітаптары шықпағалы ондаған жылдар болды. Ал осы да кісілік пе? Осы да ардың, осы да ұяты бардың ісі ме? Әй, қайдам!.. Сондықтан ащы да болса

арға жүтініп, әр түрлі келеңсіздіктен кеткен қателіктерді мойындауға қарай кілт бетбұрыс жасамай болмайды. Қателікті дер кезі мойындау адамның да, қоғамның да арына дақ болып түспейді, қайта керісінше, қоғамға, сол қоғамды ілгері дамытуға атсалысып жүрмін дейтін азаматқа деген ел сенімін ұлғайта түсері ақиқат. Соны ұмытпайық деймін ғой мен, ағайын!

Әдебиетті қоғамның ары мен намысы, ұяты мен иманы деп жүрміз. Ендеше сол әдебиетті жасайтын қаламгердің мұрат-мақсаты, кісілік қасиеті замана шындығын ашып қана қоймай, төбесінен қылыш төніп тұрса да сол шындықты айту, айтып қана қоймай кеудесімен қорғай білуде деген болар ем мен тағы да.

"Шынымды айтсам ба, жоқ біразын бүге тұрсам ба?" деген адамнан "жазғыш" шығар-ау, бірақ жазушы шықпасы бесенеден белгілі. Әдебиетте әжептәуір аты бар, даңқтан да құралақан емес, әр жерде аталы сөз айтқысы келіп, кейде тіпті, "айттым-ау!" деп те жүрген бір азаматымыз теледидардан сөйлесе де, газет-журнал бетінде сұхбаттаса қалса да; әлдене мәселенің шетін шығарып алады да "атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын, ыңғайсыз болар", — деп немесе: "қазақылығым ұстап отыр", — деп, өзінің шындықты айта алмас көзжұмбай мәймөңкесін ұлтына апарып жаба салуды дағдыға айналдырып алғанын байқап жүрміз. Сыртынан кейде күліп те қоямыз. "Ауызға келген түкірік, қайта жұтсаң — мәкүрік", бірдеңені қоңырсытпа, қоңырсытқан екенсің, дүние күйіп кетсе де от қойып, кір-қоқыстан тазарта өртеп-ақ жібермейсің бе? — деп алыстан күйінеміз. Ол өзі столға оңаша барып отырғанда: "жазсам ба, жазбасам ба?" демейтін шығар. Ендеше, ел алдына шығып алып "айтсам ба, айтпай қоя тұрсам ба" деп тартыншақтық жасауының не қызығы бар екен? Онан да үндемей үйінде отыра бермей ме, тегі.

Ал әдебиетіміздің нағыз бетке ұстар ойшылдары, үздік тұлғалары айтатын ойын бықсыта бүкпей-ақ, "қазақылығы" ұстамай, жасқанып, жауырды жаба тоқымай-ақ ақтарып салған емес пе еді. Сонысымен де олар ғасырдан-ғасырға жетіп, көнерместен, көмескіленбестен әлі күнге дейін ел мүддесіне қызмет атқарып келе жатыр ғой.

Қан тамыры дәйім ғана "ұят, ұят" деп соқпайтын, ақиқатқа ара түсуге ары, дабыл қағуға даусы жетпес әдебиет — әдебиет емес, ет пен терінің арасындағы алдамшы бірдеңе. Әдебиеттегі көлгірсу — көлгірсудің ең бір сорақы түрі. Ол солай, ешқандай алып-қосары жоқ.

Қазір Мұқағали туралы көп жазылатын болды. Біреулер біліп жазады, біреулер әйтеуір осы тұста бір көрініп қалғысы келіп, дүрмекке ілесе өзі білмесе де елден естігенін жазады. Бірі өсіріп, бірі көшіріп, әйтеуір, сайып келгенде “Мұқағали қорлық пен зорлықтың жеті атасын көріпті, кітабын да шығара алмай жүріпті” деген өтірікке бейімделе, оқырманды да соған иландыра бастағандай.

Орыс әдебиетіне қараңыз, Андрей Платонов, Анна Ахматова, Михаил Булгаков, Михаил Зощенколар жұмақта өмір сүріпті деп естіген қайсыңыз барсыз? Өзіміздің Сұлтанмахмұт, Қасым Аманжолов, Тобық Жармағамбетов, Төлеген Айбергенов, Жұматай Жақыпбаев, Жүсіп Қыдыров, Жүмекен Нәжімеденов, тағы басқа шынайы талант, елде жоқ дарын иелерінің ішкені алдында, ішпегені артында болды деп кім айта алар еді? Тіпті азын-аулақ шаруа тындырдық-ау деп жүрген қазіргі тірілеріміздің басына жұмақ орната салған қоғамды көрген қайсың барсың?

Бірақ әлгі аттары аталған ақиық таланттар лашықта тұрса да өз дарынына лайық шығармалар тудырды. Арына дақ салар іске барған бірде-біреуі жоқ. Шын таланттың иесі қайыршылықпен күн кешсе де қол жайып кісі алдына бармасы хақ. Артына ары таза асыл мұра қалдыратындары да содан еді олардың.

Адам өмірі, адам тағдыры әр түрлі жолмен қалыптасады. Жұмыр басты әр пенде әр түрлі өлшем-мөлшермен ғұмыр кешеді. Бала да заманына тартып туатыны аян. Сол заман пиғылына орай адамның түйсігі мен сезімінде де әр түрлі өзгерістер болып жатуы ықтимал. Жұрттың бәрі туа сала боз биенің сүтіне шомылып, өмірден етегіне намаз оқып өтуі міндет емес. Рахаттан соң бейнеті, бақыттан соң азабы алмасып, иықтағы жауырынды ұлыңа, қимағаныңды құлыңа қалдырар алмағайып күндердің де тууы мүмкін. Міне сол кезді кісілік бейнеңді жоғалтып, ұяттан аттамасаң болды. Сырттан әсер етер жағдайлар тұрмақ, өзіңнің де іштей кейде екіге жарылар кездерің болады. Сонда “жұрт кінәласа кінәласын әйтеуір Құдай алдында да, адам алдында да арым таза” дерлік дәрежеде қала білсең, даңғазалы да даулы дүниенің қоқсық-бықсығына былғанбасаң болғаны. “Арынды жасыңнан сақта!” — деп үйрететін орыс мақалы да, міне, содан шықса керек. Мұның бәрін айтып жатқанда мен тіпті де ешкімнің қателесуге, мүлт кетіп, мүдіре басуға қақысы жоқ демек емеспін. Күрмеуі қиын күрделі тірлікте жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ болмауы мүмкін емес. Бірақ өзінің сүрінгенім елден, жығылғанын жерден

көріп, айналаның бәрін "жылы қойын, салқын арқам" деп бөліп, тайғанақ, сусымалы пиғылға қарай ойысып беретін, көрмес түйені де көрмес деп, жақсының бәрінен түңіліп, жұрттың бәрін дұшпан тұту, сөйтіп өзінен де, өзгеде де іштей жасқанып, ешкімге сенбей, жан дүние болмысынан ажырап, айналасының бәрінені жау мен дау іздеп тұратын секемшіл, сезікшіл құлмінез пендеге айналғанын да аңғармай қалатындар бар. Ол енді арамдықтың түбі реніш, адалдықтың түбі кеніш болатынын бірте-бірте ұмытып, ағайын-жұрттың бәріне өкпелі, бәріне ызалы күйге ауысады. Сол бетінен қайту, қайта үйіріне қосылу да ердің еріне ғана тән қасиет, оған да алыпқа тән мұқалмас жігер, жұқармас жүйке қажет. Өз мінін өзі біліп, қателігін мойындай отырып тазалық, яғни ар-иман жолына түсу адамға да, қоғамға да алтын алқалы абырой болар еді. Менің тілеп отырғаным да сол.

Әрине қоғамды жегі құрттай жайлап алған жалғандық атаулы бірден құрып, жамандық атаулы бірден шіріп біте қояр деген оптимистік ойдан әзіргс аулақпыз. Сөйте тұра адамды айуаннан айырып тұрған ар мен ұят дейтін бар еді, солар біржола ізім-ғайым жоғалып кетпесе екен, ең құрығанда бүгінгі рухани жүдеулік кезінде көңілге сол да медеу болар еді-ау деп ойлайсың. Ар алдында өзіңді дар алдында тұрғандай сезінетін бірсөзділік, бір лебізділік деген болушы еді. Періште болып жаралмасақ та біразымызға пейіштен күдер үздіре қоймай келе жатқан да сондай асыл ұғымдар еді ғой. Адам бойын әп-сәтте жиғызар, сана атаулыны бір қауызға сыйғызар тірлік заңы бар иманды қоғамға сонда ғана қадам баса алар едік-ау деген ойға ойыса берем өз басым.

**"Қазақ әдебиеті",
29 қыркүйек, 2001 жыл**

ҮІ БӨЛІМ

ЖОЛЖАЗБАЛАР МЕН АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

АЛАКӨЛГЕ БАРЫП ҚАЙТҚАНДА

Алпыс жылдық мерейтойды жалғастырамыз деп Алакөл жаққа арнайы барып қайтқан едім. "Қалай барып қайттыңдар?" – деп сұраушылар көп болған. Солардың бәріне жауап беріп отыру мүмкін еместігін ескеріп, сол бір жолсапар жайын қысқаша ғана хатқа түсірген жайым бар еді.

Жолға дайындықтың өзі де менің басымды біраз ауыртып, жүйкемді жұқарта түскен шаруа болды. Ең алдымен, менімен бірге Алакөлге кім баратынын келісіп алу да біршама әңгіменің өрбуіне әкеп соқты. Менің мерейтойымды өткізу жөніндегі комиссияның төрағасы, бірер ай бойы осы шаруаға атсалысып келген аға дос ақыным Тұманбай Молдағалиев, шығармашылық жолыма шолу жасаған Темірхан Медетбековтердің баратыны белгілі болған да, бұрынғы келісім бойынша тізімде достардан Қастек, Құттыбек, қызметтес Есенғали бартұғын. Есенғалидың бару-бармасы ақырғы күнге дейін белгісіз болып тұрды, кесіп-пішіп бір-ақ айтпай, сөзбұйдаға салып, діңкелете берді ол батыр.

Маусымның соңын ала Қастекке хабарластым.

– Мені масыл ғып қайтесің сол, түк те өкпелемеймін, қажет деген адамдарыңды алып өзің жүре берсеңші, – деді ол. – Ал, алда-жалда менсіз бара алмаспын деп жатсаң – қашанда дайынмын ғой, оны тағы көрерсің.

Құттыбекке көлік жағының қат болып тұрғанын айтып сипақтатқан болдым. "Бармай-ақ қояйын – деді ол да. – Ағайын арасында өкпе-наз деген бола береді ғой, ештеңе етпес", – деп ішкі ренішін де жасыра алмай қалды. Жүрек те (Құдаш Мұқашевтың баласы) дайын отырғанын айтып үйге телефон шалыпты.

Жолға шығардан үш күн бұрын үйіне барғанда інім Секен мен келінім Розаның да бірге жүргісі келетіндерін, мен әдейі ерткісі келмей отыр ма деген сыңай танытқандарын

аңғарып қалып едім. "Көлік табындар да, еріп жүріңдер", — дедім оларға да. "Ат-көлік өзімізден еді, қара көбейтіп барып қайтсақ" дейтін бірі жоқ, бәрінің де маған міндет арта сөйлейтіндері қинап бітті. Ақыры, қойшы, баратындардың басы бүтінде бастағандай еді.

Түмекең өз машинасымен баратынын, қасына бәйбішесін ала жүретінін ескерткен.

Аудандағылар қалай қарайды, қанша адам барғанымыз жөн, көп болып шұбырамыз деп, ол жақты ыңғайсыз жағдайға қалдырып алмаймыз ба деген сияқты күдікті ойлар да мазалай беріп еді.

Жолдас-жораның реніш-өкпесін арқалағанша, бармай-ақ, тіпті осының бәрін жылы жауып қоя салсақ па деп те біраз толқығаным рас. Бірақ ел іші, аудан басшылары құлақтанып қалды, ағайын-жұрт күтіп отырғанын ескеріп, не де болса нар тәуекел деп бел буган жай бар еді.

Сәрсенбінің кешінде Есенғали хабарласып, әдене себеппен бара алмайтынын айтты. Онысына да рахмет. "Жә" деп, сонымен жол жүруге дайын болдық.

Бейсенбі күні таңертең үйге Қастек, Темірхан, Ахметтер келді де, енді бәріміз сарылып Тұманбайды күттік. Бір күн бұрын өзі: "Ертерек, сағат ондарда шығып кетейік", — деп келісім жасағаны бар еді, бірақ кешіге берді. Айтқан сөзде қатып қалатын мен үшін мұндай қылықтың да жайлы болып тие бермесі хақ.

Біз сыртқа шығып, машинаға қажет оны-мұнымызды салып жатқанда Тұманбай да жетті. "Күлтай бармайтын болды, — деді ол. — Жол алыс, ауырсынды ғой деймін".

Оның машинасына Темірхан екеуміз отырдық та, Қастек, Ахмет, Мәрия үшеуі біздің көлікке жайғасып, "Иә, сәт!" деп, күншығысты бетке ала тартып бергенбіз.

Қапшағайға жеткенше соңымыздағы Мәриялар көріне қоймады да, жолдан бұрылып, соларды аз-кем күтіп тұрып қалдық.

Бір кезде олар да жетті. Бұлар әдейілеп бұрылып, Ахметтің үйіндегі Раушан келінді ала шығыпты.

Түмекең бірден-ақ ініміздің бұл қылығын жара-та қоймағанын аңғартты. "Мен Күлтайды артықсынып жүрсем, мына ініндікі не?" — деп маған қарап бір күңк етті де, Қастекті шақырып, бұл әңгіменің түп төркіні қайдан шыққанын анықтай түсті. "Келініңізді ала жүрейікші, орын бар ғой", деп Мәрияға қадалған Ахмет", — деді сыйпай қамшылауды білмейтін Қасекең.

Мен не дей қояйын. Кей кезде кейінгі інілеріміздің

де осылайша арнасынан асып түсіп жататындары болып тұрады. Оған да еріксіз егіміз үйренген.

Күн дегенің бүгін төтенше ысып берді. Талдықорғанға 50-60 шақырым қалғанда, Түмекең жол үстіндегі жеркепе, жұлым асханалардың бірінен ауқаттанып алсақ деген ниет білдірді. Менің оншалық құлқым соға қоймап еді, Темірхан, Қастек те қарсы болмағасын, көңдім де, жолдан бұрылды. Мен ойлағандай-ақ, киіз үйдің кеспесі ешкімге ұнамады. Шұқылап, тәбетсіз ғана дәм татқан болдық. Әйелдер жағы астан бас тартты.

Талдықорғанға кіре берісте Тұрсын Әбдуәлиев, Қанат Асқаров, Кемел Құсайыновтар бастаған бір топ адам күтіп тұр екен. Құшақтасып, сүйісіп жатырмыз. Жол шетіне дастархан да жайып жіберді жігіттер. Сусын ішіп, аз-кем аяқ суытып аялдаған болдық.

"Талдықорған" қонақүйіне орналасып, жуынып-шайынып жеңілденіп алған соң, университет ректорының кабинетіне бардық. Қала әкімі Керімжан Бижанов та сонда екен. Ректор Төлеген Қожамқұловты да, проректор Есенгелді Меңдіғазиевті де бұрыннан танитын болып шықтым. Ректормен осыдан он жыл бұрын Мәскеуде, Есенгелдімен кейінірек Алматыда танысқан едім.

Сағат бесте басталған жиын едәуір ұзаққа созылып кетті. Зал іші қапырық, адам көп. Желпініп, жейдемізден желдеткіш жасаған боламыз.

Қала әкімі маған ат мінгізіп, иығыма зерлі шапан жапты. Серіктестерім де сый-сияпаттан құралақан қалған жоқ. Осы ырымды университет ректоры да айна-қатесіз аудармай қайталады.

Менімен бұрын қызметтес болған адамдардың біразы сөз сөйлеп, көңіл қошеметтерін аямай-ақ білдіріп жатты. Ең "қызық" сөз кешкі банкетте болды. Кешті басқарып жүрген қалалық газет редакторы Кемел Құсайынов інім біршама көпшік қоя келіп, сөз кезегін осы өңірдегі кәрі журналистердің бірі, менің ескі жолдасым Сейдеш Мұқаметшинге берді. Ирелеңдеп орнынан әзер тұрған "полтора қазақ" (мұндағылардың көбі бойының орасан ұзындығына қарай оны осылай атайды) менің осыдан отыз жыл бұрынғы жастыққа тән кейбір артық-ауыс қылықтарымды қазбалай теріп, қайдағыны езгені-ай дейсің келіп. Менің суға түсіп жүріп әлдебір офицер орыспен төбелесіп қалғаным, обком шопырының тұмсығын қызыл қан етемін деп милицияның сауықтыру бөліміне түскенім сияқты жас кезгі абыройсыз қылықтар

түгел тізіліп, тосын құлақ үшін аяқ асты қайдағы бір қандышелектің өзі болдым да шықтым. Өзі соны аса бір тапқырлығым деді ғой деймін, маңғаздана, мардымсып тұрып ұзақ әңгімелегені. Біреулер күлді, біреулер жерге қарады. Ұзын адамдарда ақыл аз болатынын бұл "досым" осымен тағы бір "дәлелдеп" шықты.

Қала әкімі Керімжан Бижановты бұрын білмеуші едім. Сыртынан естуім бойынша, Қастек, Қанаттарға беле, қазіргі тілмен айтқанда, іскер жастар санатына жататындардан сияқты болатын. Әйткенмен, жөн-жосықты біліп, қызметке төселіп қалған орнықты жігіт екенін байқатты. Жүріс-тұрысы маңғаз, сөзі салмақты, бір көргенге тартымды тәуір басшы көрінді.

Кешкі дәм салтанаты әнімен, сәнімен өтіп жатты. Қалыптасып кеткен әдет бойынша, менің атыма тағы бірқыдыру марапат, мақтаулар айтылды.

Мен бұл жолы Қанат пен Кемел сияқты ел басқарысып жүрген екі ініме қатты риза болдым. Екеуі екі жақтан жұртты иіре қайырып, кештің көңілді, мазмұнды өтуіне барынша күш салып бақты. Маған деген шын ықыластарын танытып, аянып қалмады. Қала әкімінің орынбасары Қуанышбек Жаңабаев та тілі орамды, орнықты жігітке ұқсады. Нәрлі, дәмді сөз айтты. Бұл кеште біз жақтан сөйлеген Қастек сөзі де қоюлауда әсерлі, айшықты шықты.

Қала әкімшілігі атынан бізге қызмет көрсеткен Баян Рысбекова қарындасыма да қатты риза болдым. Көргенді жердің баласы екенін байқатты. Баянның шешесі Жәкен бір кезде менің мұғалімім болған, әкесімен қызметтес (аудандық газетте редактор еді) болып көргенім бар. Өзі де осыдан он жыл бұрын аудандық партия комитетінің хатшысы ретінде менің елу жылдық мерейтойымды өткізуге атсалысқан болатын. Бұл жолы да соншалық жақындық танытып, қызметін бұлдамай, жанымызда жарқылдап жүріп, жақсы пейіл аңғартты.

Талдықорған әкімі Керімжан бізді қаладан едәуір жер ұзатып салып, қасымызға кешегі Тұрсын, Қанат, Кемелдерді қосып берді де, қайыра құшақтасып аттандырды.

Ақсудан асып, Сарқант ауданына кіре берісте бізді бір топ қыз-келіншек әндете қарсы алды. Өзін аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісімін деп таныстырған қарындастардың бірі: "Қазір әкім де келеді, сәл күтейік, ағай", — дегеніне қарамай, күн ыстықта далада тұра бермейік деп, қалаға қарай жүріп кеттік. Бұл ауданның

әкімі Тұрсынбай Шантуұлы Ғалинов маған жекжаттығы бар, жақсы көретін жақын жерлес інім еді. Жиі араласып жүрем. Биязы, бапты Клара келінімнің қолынан сан рет шәй ішкен үйім. Енді сол Тұрсынбайдың тосып тұрмағанына жасаған қырым да болуы керек, бізге арнап дастархан жайылған асханаға бір-ақ тарттық. Енді отыра бергенде, қасында милиция бастығы подполковник Сәкен дейтін жігіті бар, Тұрсынбай да жетті. "Біз сіздерді 12-де келер деп мөлшерлеп едік, бір бес-он минутке қателесіппіз, кешіріңіздер!" — деп жатыр ол да жөн білетінін аңғартып.

Ол жерде үш-төрт сағаттай сұхбат құрып, ішіп-жеп, көңілді отырдық. Мен Тұрсынбай мен милиция бастығына қолтаңба жазып "Алакөлім — айдыным" аталатын кітабымды сыйладым. Тұрсынбай өз атынан Тұманбай Молдағалиевке ат мінгізудің жоралғысын жасады.

Қазақ әдебиетінің жақын досы болған, әсіресе Әбдіжәмил Нұрпейісов ағамыздың шығармаларын орыс оқырмандарына жеткізуге көп еңбек сіңірген Юрий Казаков жайлы естіген бір әңгімем бар еді. Ол бір топ достарымен кештетіп Валентин Катаевтың үйіне келсе керек. Юрийдің ішуді теріс көрмейтінін жақсы білетін жасы үлкен, дәулеттірек Катаев меймандарының алдына ішімдік шөлмектерінің жеті атасын жайнатып, жарқыратып қояды ғой баяғы. Бірақ оймақтай рюмкемен сыздықтатып бір рет, екі рет, үш рет алғызыпты. Достары "енді кетейік, ыңғайсыз ғой" деген сыңай танытады. Сонда Казаков:

— Ой, бауырларым, аясаңдаршы, аясаңдаршы мені! — деп шар ете түседі ғой. — Мынадай көп шөлмекті көзіміз қиып, қалай ғана тастап кете бермекпіз?

Сол айтқандай, майысып тұрған мол дастарқанды қиып кету де қиын, бірақ амал қанша, алдымызда бізді күтіп отырған қалың ел бар, жол ақысы жүруде дегенді ескеріп, орнымыздан ауыр көтерілдік-ау ақыры.

Көкірім аталатын сайдан шыға берістегі төбеге көтерілгенде бүкіл Алакөл өңірі алақандай болып, қарсы алдымнан жарқ ете қалатыны бар. Сол төбенің үстінде аудан әкімі Оралбек Нұрсейтұлы Жақиянов, оның бірінші орынбасары Мұхтар Исағұлұлы Жолжанов бастаған бір қауым ел бізді күтіп тұр екен. Іштерінде Алматыдан осы жиынға арнайы келген менің ұстазым Мұхаметбай Мыңбаев та бар.

Қызыл-жасыл ұлттық киім киген қыз-келіншектер нан-тұз алып алдымыздан шықты. Біреулері қымыз сапырып, шара-шарасымен ұсынады біздерге. Құшақтасып,

қауқылдасып, мәре-сәре болып жатырмыз. Бізге арналып ән-жыр айтылып, домбырадан төгілген күйде есеп жоқ.

Осындай сәт аудан орталығындағы қонақүй алдында да қайталанды. Қаумаласып құшақтасқандар ішінде менің досым Толғанбаев қана болмады. Сірә, мені аңғармай қалды десе керек, елпілдей амандаспағанын білдірмегенсіді. Мен де байқамаған, оншалық мән бермеген сыңай таныттым. Тегі, осы досым ертеңінде де, келесі күндерде де қасыма көп жолай қоймады. Әйелі де көзге түскен жоқ. Мәрия екеуміз бұған да таңырқап қана қойған болдық. Себебін әлі сұраған емеспін өзінен.

Күтіп алушылар көп-ақ екен. Үлкені де, кішісі де бар. Бірін танымын, бірін жай ғана шырамытқан болам. Бәрі де үпір-шүпір топырлай келіп құшақтасып, құтты болсын айтып, бетімнен сүйіп құттықтап жатыр. Мұндай ықыласпейілге көп дағдыланбаған маған да оңай емес, көңілім бір түрлі босай береді.

Қонақүйге сәл ғана аялдап, маған жиен күйеу болып келетін Аман Омарбаевтың үйіне тарттық. Дастарқаны жаюлы екен. Райгүл де мәз. Туыстар түгел сол үйге жиналыпты. Шөл қандырып, күні бойғы жүріс, ыстықтан ептеп те болса ес жиғандай болдық.

Сағатдегендегібірімізді ала тықсыратықылдап, әне-міне дегенше кешкі бес те болып қалды. Аудандық мәдениет үйінде өтетін жиынға келдік. Кіре берістегі кең залға менің шығармашылық жолымды паш ететін айшықты көрме жасалған екен. Кітаптар, газет-журналдағы материалдар, әртүрлі құжаттардан ойластырыла орынды жасалған көрме жұрт көңілінен шыққанға ұқсады. Жиынға әжептәуір-ақ ел жиналып қалыпты. Алматыдан келгендер жұп жазбаған қалпымызда сахнаға жайғастық. Залға қараймын. Алдыңғы қатарда бір кезде маған сабақ берген Болысбек, Құсайын, Зайыр, Әлмен сияқты ағаларым отыр. Құрдас, сырластар бар. Әріректе мен біле бермейтін бір топ жастар көрінеді.

Жиылысты аудан әкімі Оралбек ашты. Сөзін аяқтай келе менің иығыма шапан жапты. Түмекеңе ат мінгізіп, басқа серіктеріме де сый-құрмет көрсетіп, қошемет білдірді.

Мұндағы жиында Мәкетай Жақыпбеков сөйлеп, тағы да менің бұрынғы Үйгентас ауданындағы Талдыбұлақта туғанымды тілге тиек етіп біраз дәлелдеп тұрып алды.

Мұның өзі бір бітуі жоқ өнбес дауға айналып келе жатқан әңгіме. Анау бір жылдары мен Халық

депутаттығына сайланарда осы әңгіме біраз адамның басын ауырта өрбіп барып әрең басылған болатын. Себебі, менің қарсыласым болған Камал Үйгентас ауданынан еді. Алакөлдегі мені жақтап сөйлеушілер соны тілге тиек етіп, "қарыстан сүйем жақынды" сылтауратып, мені іштарта, өз жерлестері, Камалды сәл де болса бөліп, сырт ағайынға балап, біраз дүрлігіскен еді. Сонда да осы аға досым Мәкетай менің Талдыбұлақта туғанымды дәлелдеп, біраз елмен тәжікелескен болатын. Соны тағы көзденең тарта берді.

Талдыбұлақта туғаным да рас. Әкеміздің үйінің орны сонда әлі өшпей жатыр. Өйткені отызыншы жылдардың соңын ала колхозда бригадир болып жүрген жерінен менің әкем "халық жауы" ретінде ұсталыпты. Бар айыбы — бригадаға тиісті тұқымдық картоп шіріп кеткен. Түрмеге отырғызуға апарған жерінен жанашыр достары есебін тауып, тау асыра қашырып жіберген көрінеді. Талдыбұлақта орналасқаннан кейін әкем астыртын түрде өзінің отбасын да сонда көшіріп алып, 1938 жылы мен дүниеге келсем керек, 1942 жылдың басында әкем соғысқа алынып, біз қайта өз ағайынымыздың арасына — Алакөлге көшкенбіз. Ағайын жұртты екіұдай әңгімеге апарып, ара-тұра таластырып қойып жүрген де сол жәйт.

Мәкең де қайдағыларды қоңырсытып, қырық жыл бұрын менің чечен балаларымен төбелескенімді де айта кетті сөз арасында. "Әу, сен өзің мүлдем хулиган болыпсың ғой!" — деп Түмекең күледі "табалап". Ақталып жатқым келмей, мен де бас изей құптай берем. Жоқ жерде сөз көбейтіп, дауласып жатқым келмейді.

Ұдайы ғана қошемет-құрмет көріп, кіл ғана ілтисатқа ілігіп жүрмеген адамға кілең мадақ пен одадан алқа тағып, мақтап, марапаттап жатқандардың сөзін міз бақпай тыңдап отырудан азапты нәрсе жоқ екен. Құшақ-құшақ гүлді де қысылып-қымтырылып отырып әрең аласың. Бір орнында байыздай алмай, қипақтай бересің.

Біздің руымыз Алдияр аталады. Бұл өзі аса көп өсе қоймаған, бірақ қыран балапандарындай шымыр азаматтары ешкімге есесін жібермейтін ауызбірлікті ел. Алдияр бабамыздан тараған ұрпақты күні бүгінге дейін алакөлдіктердің үлкеңдері айырықша қадірлеп, "Бабан балалары" десіп отырады. Төрге де елден бұрын "Бабан балалары" шығатын дәстүр әлі күнге сақталған. Жасы бізден егделері әсіресе осы жағын берік ұстанады.

Сол Алдияр балалары атынан Әлібек Ыдырышев сөйлеп, маған ат мінгізіп еді. Сыртта кісі көп, кілем жапқан

атқа мені қолтығымнан алып мінгізуін мінгізді-ау. Бірақ әлгі маңқа болғыр былқ етіп орнынан қозғалмай қойды. Қоршаған жұрттан қаймықты ма, кім білсін, тізгінді қанша жұлқылап, екі өкпеге тепкілегеніммен, арам қатқыр аттап баспай, діңкені құртқаны. Шылбырды өздеріне лақтырып тастап, жерге қайта түсуге мәжбүр болдым.

Сол "Бабаң балаларының" бірі Құттыбек Сембеков әулеті шағын дәмхана ашқан екен. Рең-басы таза, ашық жүзді ақ-жарқын әдемі қыздарын білуші едім, бәрі бірдей жүгірісіп, солар 40-50 адамға қонақасы берді. Біраз адам сөйлеп, мұнда да емен-жарқын жақсы отырдық. Оралбек қана рұқсат сұрап ертерек қайтты да, қалғандарымыз түннің бір уағына дейін дүрілдестік-ау деймін.

Түмекеңнің де кей-кейде орынсыз бір омыраулап кететіні болып тұрады. "Футбол көремін, теледидар табыңдар", — деп әлекке салды алдымен. Қонақүйдің телевизоры көрсетпейді екен, ақыры жалғыз өзін Аманның (жиен күйеу) үйіне апарып салып, аға бабын әзер тапқан жайлары бар.

Ертеңгі асты Зәуренбек пен Берік (бұл Берік дейтін жігіт жақсы журналист еді, аяқ астынан оқыс қазаға ұшырап кетті) бермек екен. Зәуренбек Мұсабеков менің парталас досым да, Берік болса облыстық газеттің осы өңірдегі меншікті тілшісі. Олар "бұрме" деп аталатын, қарынға салып, буға пісіретін айрықша бір дәм әзірлепті. Мұны өз 5-6 сағатсыз пісе қоймайтын көрінеді. Асхана алдына иіріліп ұзағырақ күтіп қалдық... Әйтсе де, еңбегіміз еш бола қойған жоқ, дәмді асты жалап-жұқтап жеп алдық.

Ендігі беталыс — Көктұма. Жаңа ғана бізді шығарып салған Мұхтар Жолжанов: "Онда жігіттер күтіп алады, жағдайларыңыз жаман бола қоймас. Біз ермеді деп сөкпеңіз, тосын бір шаруа туып қалды" деген болатын. Алматыдан Заманбек Батгалханов дейтін зейнеткер келіпті. "Бұрын аудан басқарған сыйлы адам еді" дейді білетіндер. Сол кісіні күтпек екен енді. "Зейнеткер дегендер Алакөлдін өзінде де өріп жүр емес пе. Алматыдан келген тағы бірі не бітіретінін бір құдайдың өзі білсін" деген ойды арқалап әрі тарта бергенбіз.

Көл басында бізді Сапаш, Нұрбек, Сатайлар, Аман, Райгүл және басқа жастар күтіп алды. Біз өткен жылы Гауһар (қызым) бәріміз жатқан үш бөлмелі, әжептәуір жиһазы бар жеке үйге түстік. Жататын екі бөлмесі, демалатын залы бар.

Көл жарықтық баяғыдай болып мөлдіреп жатыр

екен. Киімімізді шеше сала күмп-күмп еттіп қойдық та кеттік. Бірақ "бәрі сценарий бойынша" дегендей, ас күтіп қалғанын айтып, жігіттер бізді судан тез суырып алды.

Қонақасыға сірне дайындалған екен, дәмі тілді үйіреді. Бірақ су жағасында жүрген жастардың бізді танитыны бар, танымайтыны бар, шақырылғаны, шақырылмағаны бар, ұзын жасалған стол бойына 40-50 адам сығылып барып жайғасты ғой деймін. Әлгі сірнеге бәріміз бас сала кіріскенде әң-сәтте тақтұғын шығарып, табағына дейін жалап-жұқтап жібердік. "Ауылда мұндай да болады", — деп күлген болды Сапаштар.

Тегі, осы шаруаның бәріне бас-көз болып жүрген сол Сапаш (Сапарғали Әбдінов) екенін аңғардым. Көп жылдар бойына "Сарықұм" аталатын кеңестік шаруашылықты басқарып, ел мен жердің қатпары қалың құпиясын жақсы біліп алған бұл азамат осы жолы да айрықша кісілік қайрат танытты. Бұл өңірдің үлкен-кіші, келін-кешік, бала-шағасына дейін тегіс танитын Сапашқа олардың барлығын шетінен айтқанынан шығармай, иіріп-жусатып отыру аса қиынға түспесе керек. Кешегі-бергі барша алашапқын қаракетінен мен соны аңғардым. Алыстан барып қосылатын туыстығымыз да бары анық қой, көбіне сырттан ғана бақылаушы болып жүріп алатын ағайынды да көріп болған жоқпыз ба. Олардың ішінен "ағайын бар болсаң — көре алмайды, жоқ болсаң — бере алмайтындарын" да танып-біліп жүрміз ғой біз. Ал Сапаш болса қызметін сатпай, өзіне қараған біраз азаматтың басын біріктіре жүріп, дос сүйініп, дұшпан қаймығардай әрекеттер жасағанын айтпай, несіне жасырайын.

Күн көтеріле келе соншалық ысып кетті де, аз-кем демалған сыңай таныттық. Бізді қоршаған үлкен-кіші көпшілік сәл сиреп, түс қайта тағы бір қойдың етін кеңірдектен өткізін жібердік те, Талдықорған жігіттеріне рахмет айтып, үйлеріне қайтардық.

Біз суға түстік, доп, карта ойнадық. Әйелдер де әр жерде күңкілдесіп, күбірлесіп қыдырып жүрген болды. Кештете Сапаш бәрімізді тағы жинап, Алдияр жігіттері атынан бәрімізге бір-бір түкті кілем сыйға тартты.

Сонымен бұл күнді де өткізіп тындық.

Жексенбі күні суға бірер сүңгіп шығып, жуынып, қырынып алдық та, азанғы асқа отырдық.

Тамақтан соң менің тағы да суға түскім-ақ келіп еді, Түмекең дегбірсізденіп, "кетейік, кетейіктің" астына алды. Жасы үлкен бола тұра, бұ кісінің кейде осылай жоқ жер-

ден ши шығарып, берекенді алып жіберетіні бар. Бірақ мен де төзімділік танытып, бұл жолы үндей қоймадым. Ыңғайына жығылып, майыса бердім.

Сапаштың үйіне сағат 11-лерде келдік. Біз отбасымызбен ауыл молдасын ертіп, әке-шешімнің басына барып Құран оқытып қайттық. Аудан әкімінің орынбасары Мұқтар Жолжанов келді. Түмекең таза кингиге (карта ойыны) кірісті, қолы жүрсе, күлмендеп, жүрмесе, кескіні ептеп күреңітіп қойып, картаны біраз ойнады-ау деймін.

Бұл үйде Аддияр балаларынан Сапаштан басқа Нұрбек, Сәтiш, Әбітайлар болды. Әрқайсына: "Маған көрсеткен құрметтеріңнің есесі кейінгі інілерімнен қайтсын!" – деп рахметімді айттым.

Сапаш өз отбасының атынан Түмекеңе, Қастекке шапан жауып, Темірханға костюм кигізді.

Кимай қоштасып, тағы ілгері тартып кеттік.

Тентек өзеніндегі көпір аузында Аман, Аманжол сияқты жиен күйеу балалар, тақа өз туыстарым Қазиза, Қамар, Сәуле, Нәсима, Дәулет пен Айгүлдер күтіп тұр екен. Жағадағы көгал үстіне киіз, кілем төсеп, көрпе-жастықты үйіп тастапты. Ет асылып, шәй қайнап жатыр. Дастарханды қоршай кескен теректей болып сұлай-сұлай кеттік. Қай жерімізге кетіп жатқанын бір Құдайдың өзі білсін, алдымызға келген ас кері қайтып көрген жоқ.

Сәлден кейін соңымыздан шыққан Сапаш қуып жетіп, жаңа көргендей болып тағы біраз дүрілдестік. Кеше "кеттік, кеттік, енді қайтайық" деп дегбірімізді алып дігірлеп біткен Түмекең де асығар емес, жан-жағына сергек қарап, әзіл-қалжың жаудырып, жадырай түседі. "О, көке!" деп ескерткен болып едім. "Енді несіне асығамыз, жетерміз түнделетіп, қоя тұр!" – дейді. Сонымен, ақыры барып сағат төртке таяғанда ғана ел-жұртпен әзірге қоштасып, Алматымызға қарай аттандық.

Түмекеннің, Қастек, Темірхандардың айтуынша, бұл сапарымыз сәтсіз болмаған сияқты. Тек жаңа машинаға бірден бұлай тиеле мініп, салмақ салуға болмайды екен, көкем соны Ахметке реніш ретінде (біле тұра деп) бірнеше рет ескертіп айта берді. Мен не дейін. Жігіттердің ондай-ондайы да болып тұрады емес пе.

Алакөлден оралғалы Құттыбекті де, Жүректі де көпке дейін көре алмай жүрдім. Ренжіп, өкпелемегенімен де, көңілдерінде айтпай білетін бір түйткіл қалғанын аңғардым. Менің бір қызық-қуанышыма ортақтас болып келе жатқандықтан, осы бір тұста шетқақпай көргендей

болғанға аңтарылып қалған секілденді. Қуанышбай болса, өз өкпесін ашық білдірді.

Бұл жолжазбада дастархан мәзірі көбірек сөз болып кеткенге ұқсауы мүмкін. Қазақы құрметтің өзі де дастарханмен, дәммен өлшенбей ме. Ең сыйлы адамын дәмге шақырмаушы ма еді қазақ. Әрине, артығырақ кетіп, кейде жалықтырып та жіберетін қонақасылар болады. Бірақ одан қайда қашып құтыларсың. Қашайын деп тұрған да ниетіміз жоқ, көңілдің өзі сол дәмді, сол ән мен сәнді сағына қалап тұрады ғой. Төрт күнге созылған бұл сапарда да дастархан көп жайылса — ол ағайынның байлығы асқанынан емес, көңілінің ақтығынан, ниетінің түзулігін көрсеткен қошаметі болар деп, шын жүрегімізбен қабыл алып жатып едік.

Елге барған бір сапардың ешбір алып-қоспасыз қысқаша жай-жапсары осындай еді, ағайын. Оқып шыққандар болса, алғыстан басқа айтарым жоқ. Жақсылықта жолыға берейік!

"... ҰЛЫТАУҒА БАРДЫҢ БА ?.."

(Бір жолсапардың күнгелігі)

"Сондай бір сапардың сәті келіп тұрғаны, бірге жүріп, Ұлытау жағын бес-он күн аралап қайтуға қалайсыз?" — деп күтпеген жерден Жүрсін Ерман телефон соққанда, Совмин ауруханасының күндізгі бөлімінде ем-дом алып жатқан едім. Қашан болсын оранып-қымтануды ұмытып, аңғал-ашық жүре беремін деп, осылайша жиі-жиі суық тигізіп алатыным бар еді, бұл да соның салдары болатын...

Өзім сол сәтте үйден әдейілеп ала шыққан Жайық Бектұров ағамыздың "Енеден ерте айрылған төл секілді" деп аталатын естелік кітабын оқып жатқан болатынмын. Жазушылығын көп адам мойындай бермейтін Жайық ақсақалдың бұл кітабында ел мен жер, халқымыздың кешегісі мен бүгінгісі, жағырапиясы мен тарихы жайында қаншама бір қызғылықты мағлұмат, арғы-бергіден өрбіген әралуан деректер мол болып шықты. Сарыарқа даласын да оңды-солды біраз шарлаған сыңайы бар, солардан түзген жолсапар әңгімелері де оқуға жеңіл, тартымды һәм татымды дүниелер екен. Әсіресе, ежелгі Ұлытау өңірі, ондағы Алаша хан, Жошы, Едіге мазарлары төңірегіндегі, сол аймақта әйгілі жаһангер Ақсақ Темір де болыпты, солардың хан ордасы болған қорым мұрты

бұзылмай әлі жатыр дейтін ежелгі жыр-аңыздар сарыны еріксіз елеңдетіп, "реті келіп, жасаған мұрша беріп жатса, әдейілеп іздеп барып қайтатын-ақ жер екен, шіркін!" — деген ойға табан тірей елегізіп отырғанда, Жүрсіннің телефон соғуы — іздегенге сұрағанның өзі болды да шықты. "Мұндай да кездейсоқ сәйкестік бола береді екен-ау!" — дегем де қойғам.

— Бас-аяғы қанша күн, қанша жер жүруіміз мүмкін? — деп сұрадым Жүрсіннен. Өйткені, емделіп жатқанымды айттым, оның үстіне бұрынғыдай емес, соңғы кездері денсаулықтың сыр бере бастағаны аңғарылып қоятын.

— Бір аптаның о жақ, бұ жағы шығар, екі-үш мың шақырым жол жүріп қалармыз, — деді ол.

— Апыр-ай,ә! Барғым да келіп тұр, ұзақ жолды ауырлап қаламын ба деген қорқыныш та жоқ емес. Емделіп жатқаным өз алдына. Екі оттың ортасы деген осы болды-ау!.. Қайтсем екен?

— Шаршаған жеріңізде айта қоярсыз, ұшаққа отырғызып қайтарып жібереміз. Үзілген жерінен ем-домыңызды әрі қарай жалғастыра бересіз, — деп ол күлген.

Сөйтіп, неде болса тәуекел деуге тура келген. Тәуекел дедік те, алып жатқан ем-домның бәрін бірер аптаға жиып қойып, бұл да бір орайы келген оң сапар шығар деп Жүрсінге еру жағына ойысқам.

* * *

Жүрсіндер (қасында ағалы-інілі Әмет, Аманкелді, Мұратбек Ермағияевтер бар екенін айтқан, әйгілі Өмірзақ Сәрсенов те ере жүрмек екен, аяқ асты шетелге ұшатын болып қалып қойыпты) күнібұрын бірі ұшақпен, біреулері жүрдек те жеңіл автокөлікпен үздік-создық болып Астанаға қарай аттанып кете беріпті де, мен олардың соңын ала пойызбен шығып едім. 28 мамыр, яғни дүйсенбі күні таңертең Астана вокзалына келіп түскен мені қарсы алған Қанай деген жігіт (ол да бір аңқылдап қалған азамат екен, осындағы бір құрылыс мекемесінің иесі) алды-артыма қаратпай "Джип" машинасына салып алды да, орталықтағы "Сусар" аталатын жеке меншік мейрамхананың төрінен бір-ақ шығарды. Жүрсін оған солай тапсырып, өздері Қарағанды, Қарқаралы жағына шұғыл аттанып кетіпті. Мен орналасқан дағарадай люкс-нөмірдің ішінде фин саунасы бар екен, бәрінен де сонысы бір ғанибет болды. Пойыздың екі кісілік купесі кәдімгідей салқындау екен, таңға жақын әжептәуір тоңазып, мазасыз-

дау күй кешіп келіп едім. Бөлмеге алдырған жеңіл-желпі таңғы мәзірден дәм таттым да, Қанайға рахмет айтып, жайына жіберіп, әлгі ыстық моншаға қойдым да кеттім. Бұдан артық не тілерсің! Буландым, суландым, терледім, тепшідім, әйтеуір екі-үш сағат оңаша қалып, қайтадан жан шақыра қалпыма келгендей рахат бір күй кешіп едім.

Сол екі арада қалта телефонымен Жүрсін де қоңыраулатып, менің қал-жағдайымды сұрап алды да, бастапқы жоспардың сәл-пәл өзгергенін айтып, осы орнымда қаперсіз жата беруімді өтінді, өздерінің кеш-тете, тіпті одан да жайырақ оралатынын, ағайыңды Ермагияевтардың ата-баба жұртына барып, тәу етіп қайтуға ұйғарғанын, өзінің де солармен бірге болатынын хабарлады. Дәл қазір маған да керегі сол, ешкімнің мазамды алмауы еді. Жүрсінге емеурінмен соны айттым да, оңаша бөлмеде дәмді шәйімді ішіп, бірер жерге телефон соғып алдым да, тағы да өзіммен өзім болып, әлгі моншаны айналдыра бергенмін...

...

Жүрсіннің өзі қашанда әзіл-оспаққа бейім, күлкіге үйір, кісіге үйірсек оралымды жігіт қой. Арамыздағы мүшел жас айырмашылығына қарамай, ұдайы мені де қағытып қойып, қажай түсіп жүретіні бар. Әзілі жарасып жатса атасымен де ойнай беретін қазақ емеспіз бе, мен де оның артық-кем сөзін ауырламай, көтере беретін болғанмын. Ағалы-інілідей дос-жар адамдар болып кеткенімізге де біраз жылдың жүзі болып қалды. Рас, әнеу бір жылдары арамыздан әлдебір қара мысық жүгіріп өтіп, едәуір уақыт қырғиқабақ күй кешкеніміз де бар-тұғын. Бірақ сол бір тоң-теріс қалпымыздың өзінде де ат құйрығын біржола үзісе алмай, бір-бірімізге сырттай қарайлай жүрсек керек, келе-келе өткен-кеткеннің бәрін жуып-шайып, қайта табысқанбыз.

Ол өзі көптен бері қазақтың байырғы өнері — айтысты қайта жаңғыртып, соның басы-қасында жүр. Оның бұл ісін де былайғы жұрт сан-саққа жүгіртіп, біреу анау деді, біреу мынау деді, бірақ Жүрсін қыңқ етпей, құлағын өзі ғана берік ұстаған бұл ісін аспандата көтеріп, әйгілеумен келе жатыр. Бір кезде Сырбай Мәуленов ағамыз әйгілі Сәбит Мұқановқа қарата:

*Сен оған айт: түгі жоқ торығарлық,
Өлеңмен біздер мықты болып алдық,*

Мұқанов Сәбит деген атағың бар,

Болашақ ұрпақтарың жолыңарлық, — деп жазғаны бар еді. Сол айтқандай, Жүрсін де бұл күндері "айтыспен әбден мықты болып алған". Айтыс өнерінің туын ол қалай асқақтата аспанға көтерсе, айтыс та, өз кезегінде, Жүрсіннің атын алыс-жақынға бірдей танытып, атақ-даңқын асыра түсіп келеді. Қазір бергісі иісі қазақ, әрісі алты Алашта Жүрсінді білмейтін, Жүрсінмен бір рет те болса тіл айқастыра танысқысы келмейтін пенде баласын табудың өзі де қиын шығар-ау.

Ақын Жүрсін сөзге де шешен, бүгінгі тілмен айтқанда айнала жұртты аузына қаратып ұстауда алдына жан салмайтын-ақ шоумен. Табан асты тауып айтатын тапқырлығы да бар. Ұдайы әзіл-қалжыңға бейім тұратынын жоғарыда бір айттық-ау деймін. Миықтан күле тұрып мысқылдағанда атқан оғы далаға кетпейді, нысана-сына тура барып дарып жатады. Кейде қасындағы кісінің сырт көзден жасырып ұстайтын жанды жеріне дәл тигізе қағытып бергенде, әлі сырын ала қоймаған үлкен-кішінің біразы қапелімде қамшы тигендей қайқандап-ақ қалады. Қайыра соққан қалжыңының өзі мысқылға бергісіз. Бірақ кекетуге барса да, мұқатуға жоқ. Әзіл арасындағы зілді де өзі жуып-шайып, тегістеп отырады.

Осыдан біраз уақыт бұрын "Егемен Қазақстан" газетінде Жүрсін Ерманның белгілі қоғам қайраткері марқұм Өзбекәлі Жәнібеков жайындағы көлемді эссесі жарияланды. Соны оқи отырып, түкірігі жерге түспей тұрған Орталық партия комитетінің хатшысына құрдасындай қалжыңдаған Жүрсіннің сөзіне азды-кем күмән де келтіріп: "Әу, сен тіпті сол кездің өзінде ЦК-ның секретарымен әзілдесуге жарап қалып па ең?!" — дегенім бар-тын.

— Жәнібеков жарықтық сөз төркінін түсінетін еді ғой, — деді Жүрсін. — Сағат Әшімбаев марқұм да (сол кезгі өзінің тікелей бастығы) ондайда қипақтап: "Әй, бір күні опық жейсің ғой, осы бір ащы-тұщы әзілді байқап айтсаңшы!" — дейтін. Онысын біздің үйдегі Бақытжамалға да айтыпты. Бірақ реніш-өкпе бола қойған жоқ. Өзағаңмен өздеріңіз сияқты әзілдесе беретінбіз.

* * *

Мамыр айының 29 жұлдызы күні біз Астанада бас қосып, Аманкелді Ермегияевтың азамат болған баласы Талғаттың үйінен таңғы асымызды іштік те, төрт-бес

жеңіл автокөлікке бөлініп мініп, Қорғалжың көлін бетке ала жолға шықтық. Жолбасшымыз — бұрын көп жылдар бойына Ұлытау ауданында бірінші хатшы, әкім болған, қазір Астана тұрғынына айналған Серік Тілеубаев дейтін жігіт. Ойлы да оңды, орнықты азамат екендігі байқалып тұр. Бәз-базда көсіле сөйлеп, қазырмырлана қызып бергенде, ділмәрсимін деп пенделік мақтанға да бой алдырып алатыны бар екен. Өзі Батырбек Мырзабековпен бірігіп “Ұлытау — ұлттың ұясы” аталатын кітап та жазыпты. 2001 жылы Астанадағы “Елорда” баспасынан жарық көрген бұл кітап та Ұлытау өңірінің арғы-бергісінен біршама хабар береді.

Сол Серік сөз арасында: “Өзім Найманның Бағаналы руынанмын!” — дегенді де мақтанышпен қосып қойды.

Өткен ғасырдың басында жасаған әйгілі қаламгерлеріміздің бірі Сабыр Шәріповтің “Бағаналы елінің жайы” аталатын деректі әңгімесінен: “Ақмола губерниясы Атбасар оязының оңтүстік жағында ауданының ұзындығы алты жүз шақырым, көлденеңі екі жүз шақырым, Шу мен Арғанатыға дейінгі жердің арасында арғы түбі Найман Бағаналы екі мекендейді. Бір жағы Торғай оязымен, бір жағы Ақмола оязымен шектеседі. Оңтүстік жағы Ақмешіт һәм Түркістанмен қосылады. Солтүстігі — Арғанаты адыры, Желді адыр. Бұл адырлар Ақмоладан үш жүз жиырма шақырым. Осы айтылған жердің ішінде Ұлытау, Кішітау, Айыртау деген үш тау бар. Сарысу, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жылаңды, Жезді, Білеуті дейтін суы тұщы өзендер бар. Толып жатқан адырлар арасында жылап аққан бұлақтар да көп. Барақкөл, Көпкөл, Ащыкөл, Мүзкөл дейтін көлдер бар.

Бұл ел жері жайлы, оты мол, суы жеткілікті болған себепті мешін жылғы және ілгері жұттарға бой бермей келген.

... Бағаналы байлығының ілгері кезде қандай болғанын толық айтып кетпей болмайды... Бағаналы ішінде біреуден ат майын құлданған, біреуден сауын сауған кісі жоқ болатын. Түркістаннан келген қайыршы қожа, модалардан басқа күзеген байтал мінгенді көз көрмейтін. Бағаналы елі күзеген байтал мінбегті...

... Қай ауылға барсаң да кездесетін ойын-күлкі, жабырқағандары аз болатын. Адыр сайын бүркіт, қаршыға салған шал мен бозбалаларды жолықтыратынсың. Ауылдың қызы мен бозбаласының әдеті — түнімен алтыбақан тебу еді... Қай ауылға барсаң да той, көкпар

тарту ұшырасатын. Байлар баласын сүндеттегенде, атқа мінгізгенде елулеп жылқы сойып, той жасайтын. Бір жағы қымыздың буы, бір жағы мал көптіктен жер жетпей төбелес болып та жататын. Мінеки, осындай қызықпен жылдың үш жүз алпыс бес күнін думандатып өткізетін.

1915 жылы қазынаның бидайы Атбасардан Қызылжарға тартылғанда Бағаналыдан жиырма төрт мың түйе жинаған", — деген сөздерді оқығанбыз. "Міне, байлық қайда болған!" — деп тамсана таңдай қаққанбыз.

Сабыр Шәріповтың кітабынан бұл үзіндіні әдейі келтірдік. Жолшыбайғы әңгімемізге қажеті болып қалар деп те ойлағанбыз.

Ал жаңағы жолбасшымыз Серікке келсек, ата-бабасының өткені бар, өзі көріп, көңіліне түйгені бар, реті келіп тұрғанда неге ғана мақтанбасын, деп те бір қойғанымыз бар еді. Өйткені ол да өзінің жер жайын жақсы білетінін, аңқұмар екенін, реті келіп қалғанда аңшылық-саятшылықтан да құр алақан қалмайтынын сөз арасында аңғартып қойып отырған. Жолүсті әңгімеде: "Мына жерден қасқыр, мына жерден қарсақ атып алып едім!" дегенді де қисындыра қосып машина үстінде қонадап қояды. Өзінің совхоз директоры болып жүрген кезінде сол қасқыр аулағаны үшін ауданға жаңадан келген аупарткомның бірінші хатшысынан сөз естіп қалғанын да жасырмай айтып қалған. "Мен әдейі аңға шығыппын ба, жол үстінде шоқиып отырған көкжалды көре тұра қалай ғана оқ шығармай кетейін" — дегенді де Серіктің өз аузынан естіп, бір күліп алғанбыз. Бізге емес, сол баяғы хатшының алдында ақталып жатқандай болып, әбігерге түскеніне күлгенбіз.

Аманкелдінің "Лексус" аталатын іші кең, жүрісі жай көлігіне сол Серік, Жүрсін болып, бәріміз тиеліп алған едік. Әңгіме деген ағын судай ағады. Біріміздің сөзімізді біріміз қағып алып отырып, жолдың ұзарғанын да байқамай қалыппыз. Астанадан бірер жүз шақырым ұзап шыққанда барып, "Қайда бара жатырмыз?" — деп жан-жағымызға қараған болдық. Менің бұл өңірдегі алғашқы сапарым. Жолды білмеймін. Аманкелді де, Жүрсін де дағдарып Серікке қарады. Ол қаперсіз отырған сияқты еді, кенет санын бір соқты да: "Қап, басқа жолға түсіп кетіппіз, қайта оралмай болмайды" — деп тұр.

Арттағы машиналар да бізді қуып жетіп, үлкен жолдың үстінде ошарылып едәуір аялдап қалдық. Жүрсін қарап тұрған ба, әлгі Серікке (өздері ежелден таныс болғанымен,

сыр алыса қоймағанға ұқсайды) оқыс бір ащы қалжың айтып қалды. Серік мұндай сөзді күтпесе керек, қанша сабырлы болғанымен шабына от түскендей тіксініп, шамданып-ақ қалғаны. Онысын білдірмегенсіп, қипақтап бізге: "Мұндай сөзді әкем де айтпап еді!" — деп қалды. Жүрсін де, біз де жуып-шайған боп жатырмыз. Жақша ішінде айта кетейін, бұдан былайғы аптаға созылған жол үстінде Жүрсіннің аузынан мұндай әзілдің талайын естіген Серіктің де құлағы әбден үйреніп, әзілге әзілмен жауап қайтару дағдыға айналып кетіп еді. Екі жағы да орынды айтылған жүйелі сөзге тоқтай білетіндерін аңғартқан. Тек Аманкелді Ермегияевтің ағасы Әмет қана Серіктің әрбір реакциясына қарай: "осымен пәленбайыншы ескерту болды!" деп күле жүре рет-ретімен санап қойып отырды. Оған біз де қосыла күлетінбіз, әзілді үстемелей түсеміз.

Осы жерде менің есіме бұдан көп бұрын болған бір оқиға түсіп еді. Ел билеп, жұрт шүйлеп қалған жас азаматтардың жалына қол апартпайтын бас асаулығы деген болады. Олар енді айналасындағы жағымпаз, жандайшаптарының қошемет-құрметіне әбден еті үйреніп, құлағына жақпайтын әрбір тосын әңгімеге оқырына қарайтын бір оқыс әдет шығара бастайды.

1992 жылы Талдықорған облысы Ақсу ауданында туып-өскен ақын Құдаш Мұқашевтің 60 жылдық мерейтойы аясында оның отбасы, біраз жолдастары, тағы бір топ қаламгерлер болып, сол жерге барғанбыз. Мен той өткізу жөніндегі комиссияның тең төрағасы (аудан әкімімен бірге) едім. Аудандық мәдениет үйіндегі жиын үстінде мен астанадан ере келген ақын-жазушы азаматтарды жергілікті жұртпен таныстыра келіп, сол сәтте сыртта жүрген ескі досым Қайрат Жұмағалиевтің атын атауды ұмытып кетіппін. Сахна төрінде аудан әкімі (тең төрағамыз) екеуміз отырғанбыз. Қолыма Қайрат залдан жолдаған бір жапырақ қағаз ілікті. "Ауылыңа ертіп әкеліп, атымды "ұмытып" кеткеніңе көп рахмет!" депті ол өзінің қымс еткенге торсаңдай қалатын өкпешілдігі ұстап кетіп.

Мен жалма-жан сөз алып, Қайраттан кешірім сұрай отырып, қасымдағы тең төраға екеумізден үлкен қателік кеткенін, Қайраттың танымал ақын екенін, әсіресе "Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды" деп аталатын, ел аузынан түспей жүрген ән мәтінінің де авторы өзі екенін тәптіштеп жұртқа түсіндіріп шықтым.

Сол-ақ екен әлгі әкіміміз ерін бауырына ала тулап берсін. Құдаштың ауылы — Сүттігенге қарай ағылған елді

бастап соның машинасымен келе жатыр едік, былай шыға: "Қателескеніңізге мені қосып айтқаныңыз теріс болды-ау, аудан жұртының алдында абыройымнан айырдыңыз ғой" — деп, оған қасына еріп жүрген көмекшісі қосылып, екеулеп "Мұныңыз дұрыс болмадыға" салып, ит әуремді шығармасын ба. Ақыры менің де талағым тарс айрылып, "әй, ханда қырық кісінің ақылы болады" деуші еді. Сен де хан болмағаныңмен, ел басқарып жүрген азаматсың ғой, бір кісілік ақылың болса керек еді, сонша не бүлініп кетіпті?" деп уәж айтқан болып едім, сөзге тоқтамай: "Дұрыс болмады, дұрыс болмады" — дей берген соң, машинасын тоқтатып, жалынып-жалпайғанына қарамай, жол ортасында түсіп қалып, басқа көлікке ауысып мінгенім бар-тын.

Әлгі Серіктің бастапқы шамдануынан да соған ұқсас сарын аңғарылып қалғандай болғасын ба, осы оқиға еріксіз есіме түсіп еді. Іште жүрген сөз ғой, атасы өлмесін деп, ретіне қарай әдейі айтып жатқаным, басқадай астар-мақсаты жоқ екендігіне оқырманды иландыра аламын.

...

Жол ұзақ, доңғалақтар, доңғалашы

Қазақтың жеткізбейді кең даласы, — деп басталатын Өтежан Нұрғалиев досымның баяғыдағы бір өлеңі болушы еді. Сол айтқандай, Сарыарқаның ұшы-қиырсыз ұзақ жолы да жуық маңда жеткізе қоймайды екен. Елсіз-күйсіз ен дала, айнала ондаған, тіпті жүздеген шақырым бойына қыбыр еткен жан баласы көзге түсе қоймайды. Тіпті жүтірген аң, ұшқан құс та көрінбейді. Төрт аяқты мал да жоқ. Ара-тұра қара жолды кесіп өткен зорман, тағы бір мен атын естімеген тышқандарды ғана көресің. Жолбасшымыз Серік Ұлытау өңірі, оның қадыры мен қасиеті, әйгілі адамдары мен әйдік өзен-суы жайында үзік-үзік әңгіме айтып, тіпті ауыз жабар емес. Оған кейде Жүрсін қосылады. Аманкелді екеуміз көбіне-көп үнсіз мүлгіп, тыңдауға бейімбіз. Әудем жер ұзап барып ара-тұра тоқтап, ала шыққан қоржындағы азық-түліктен дәм татамыз. Бізге Ермағияевтермен ілесе шыққан нағашылары Қайдар, басқа көліктегі Серік пен Жүрсіннің келіншектері келіп қосылады, тағы да гу-гу әңгіме, тағы да Серік Тілеубаевтың аузына қараймыз. Бұл өңірді негізінен Бағаналы, Балталы аталатын Найман рулары мекендейді екен. Баяғы "Қозы Көрпеш — Баян сұлу" жырындағы:

*Балталы, Бағаналы ел аман бол,
Бақалы, балдырғанды көл аман бол, —*
дейтін сыңсу осы арадан өрбісе керек.

Сол Бағаналының төрт босағасы деп бағаланған Қадыр, Бабыр, Шегір, Сандыбайлар (әйгілі аға сұлтан Ерденнің әкесі) осы өңірдің түлектері. Солардың бірі Бағаналы Бабыр бидің бүгінгі ұрпақтары (ішінде осы Серіктің өзі де бар) бірер күннен соң Жезқазғанда ас беріп, айтыс өткізбек екен. Осы сапар аясына орай жасалған бағдарламаға солар да кіретін көрінеді. Ішімізде Бағаналы Бабыр бидің атын естімегендеріміз де бар екен, Серіктің айтуынша, ол баяғы Ғабит Мүсіреповтің "Оянған өлкесіндегі" Никон Ушаковқа Жезқазған кен аймағын төрт жүз сомға сатқан адамың дәл өзі. "Бүгінгінің тілімен айтсақ, ең алғашқы инвесторы" — дегенді қосып қойды Серік. Бұл аймақты біздің бір көруге құштар болып келе жатқанымызды жақсы білетін Серік өзі туып-өскен өлкенің арғы-бергі тарихын, әйгілі адамдарын тіліне тиек ете отырып, тағы да көсіле сөйлеп кетеді. Кешегіден Сандыбай балалары Ерден, Дүзен, солардың ізін ала келген Иманжан Жылқыайдарұлы, Тайжан Қалмағанбетұлы, Болман, Омар, Нияз сынды аузы дуалы ақын-жыраулар, бергідегі Баубек Бұлқышев, Камал Смайылов жайлы да мақтана айтып, масайрай түседі. Бірінің атын естігіміз, бірінің мұрасын жинап құрастыруға, кітап етіп шығаруға қатысымыз болған, бірімен үзеңгі қағыстыра қатар жүргеніміз бар, оның ертегідей әңгімесін біз де зейін қоя тындап, құптай түсеміз.

Осындай жарасымды әзіл-әңгімемен жеті-сегіз жүз шақырым жүріп тастағанымызды байқамай да қалыппыз. Күн ұясына ілінер сәтте Нұра өзенін бойлай келіп, Белбұлақтың жағасындағы көк шалғын үстіне қатарлай тігілген екі-үш киіз үйге ат басын тіредік. Бізге арналып тігілген үйлер екен. Қарсы алып жатқан адамдар қарасы әжептәуір. Үлкені де, кішісі де бар. Әйел-еркегі аралас. Аяқ суытып, біраз бой жаза сейілдегеннен кейін өзімізге арналып дайындалған дастарқан басына жиналдық.

Қайда барсаң қарсы алдыңнан шыға келетін қазақтың сол бір аста-төк ақ дастарқаны. Алғаш ат басын тіреген Алғабас ауылының сүт бетіне шығар қаймақтары бас қосқан дастарқаны үсінде ине шаншар жер жоқ, ішпей-жемей тоятын неше бір ұлттық дәмді тағамдарға толтырып қойыпты. Қыстан қалған, қалай сақталғаны беймәлім, тіске бассаң әлі де жұп-жұмсақ сүр, білеу-білеу сары қазы,

жал-жаяның, жас жылқының телшесі дейсің бе, бізге арнап жаңа сойылған қойдың келістіре үйітілген басы дейсің бе, әйтеуір, аңқылдаған ағайынның бәр мәзірі алдымызда. Өздері балқаймақ деп атайтын, жаңа тартылған кілегейге бал, май қосып жасалатын, шағын-шағын тостағандарға толтырып, әркімнің алдына қоятын сүт тағамы да тілді үйіріп барады, бірақ бәрінен де бұрын бұл жақтың қымызы ерекше болады екен.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын белгілі жазушымыз Бексұлтан Нұржекенің 60 жылдығын тойлаймыз деп, той иесіне ілесіп бір қауым ел болып осылай Жаркент жағындағы Белжайлауға барғанымыз есіме түсті. Таудың мың бұралған ойқы-шойқы жолын ауырап, аузымыз кеберси шөлдеп келген басымыз бірден сабадағы қымызға бас қойып едік. Тау басының биіктігінен болды ма, болмаса артығырақ сілтеп жіберген әлгі бір бірер түнеген бал қымыздан келді ме, әйтеуір, қан қысымым шұғыл көтеріліп кетті де, біртүрлі мазасызданып, бұдан әрі алдыма келген асқа да қарағым келмей қойғаны бар еді. Содан бергі бес-алты жылдың жүзінде аңсарым ауа тұра қымыз ішуге дәтім бармайды, сақтана жүретін болғанмын. Ұлытаудың қымызын "ішкен де арманда, ішпеген де арманда" деп, білетіндердің бәрі мақтаушы еді, рас болып шықты, ішкен сайын жұтына түседі екенсің. Бетінде қарамыққа ұқсап майы қалқып жүрген бал қымыз тілімді үйіре берген соң, алдыма келген кесені кері қайтармауға көштім. Құдайға шүкір, қарным да орнымда, қан қысымым да белгі бере қойған жоқ.

Қазақ жерінің біраз өңірі мен өлкесін аралап жүрміз ғой, қайталап айтсам, бұл жақтың кең қолтық қонақжайлылығы, адамдарының мінез-құлқы өз алына бір дара, өзгелерге ұқсамайтын сыңайда сияқтанды. Оған, бәлкім, Сарыарқаның салқар даласы, жерінің кеңдігі, сол жерде адамдардың сирек орналасуы да әсер етті ме, кім білсін. Өйткені, бір сөз реті келгенде сұрап білдім, біз осынша аңсап, бір көруге құмартып келе жатқан Ұлытау ауданында бар-жоғы 17 мыңдай ғана адам тұрады екен.

Жүрсіннің сөзіне сенсек, оның қазіргі мекен-жайына айналған Алматы түбіндегі қазір Мұзбастау ауылы дейтін бе еді, бұрынғы Калинин атындағы ұжымшар тұрғындарының саны 13 мыңға жетіп жығылатын көрінеді. Бұл жақта ел сирек. Астанадан шыққалы 6-7 жүз шақырым жол жүргенде алғашқы кезіккен ауылымыз әлгі Алғабас еді. Менің туған жерім Талдықорған

өңіріндегі Алакөл ауданы ғой, Алматыдан 600 шақырымға жетер-жетпес сол жақты бетке алып шығар болсаң, аудан орталығы Үшаралға жеткенше 6-7 ауданның үстін басып өтесің. Біғы-жығы халық, ерсілі-қарсылы ағылып жатқан көлктен көз тұнар еді.

Әлгінде айтқан жазушы Сабыр Шәріповтің сол бір бұдан 70-80 жыл бұрын жазылған "Бағаналы елінің жайы" аталатын жазбасы: "... бұрын... Бағаналы елінің жеті мың төрт жүз бес шаңырағына қарасты қырық мың жан болатын. Бағаналы – Найманға қараған бай ру еді. Орта есеппен, уақ жандықтарын ірі малға шаққанда, әр шаңыраққа отыз төрт қарадан келетін. Қазір сол Бағаналы күйзеліп, кедейленіп болған", – деп басталушы еді.

Ал енді осы айтқандарымыздың бәрін, ойша болса да, бүгінмен бір салыстырып көріңіз.

Рас, қазір техниканың заманы. Үй сайын дерлік балашағаның астында арқырап тұрған шетелдік автокөлік, жер апшысын қуырады. Оларға жер түбіндегі дерліктей Жезқазғанға ма, облыс орталығы Қарағандыға, тіпті Астананың өзіне ме, – ағызып отырып барып-қайту бұл күнде түкке тұрмайды. Өйткені, сол маусым айының 2-3 жұлдызында Жезқазған қаласында Бағаналы Бабыр биге арналып өткізілген республикалық айтысқа тайлы-таяғы қалмай жеткен Ұлытау тұрғындарының ішінде кеше ғана өзіміз түстеніп аттанған, қона жатып таныс-біліс болған үйлердің үлкен-кіші адамдары тегіс жүргенін көріп, олармен ескі таныстарымдай шұрқыраса табысқан да болатынбыз.

Кешеден бері Ұлытаудың әр жағынан орағытып өтіп жүріп Егінді, Қаракеңгір ауылдарының біраз жерін шарлағанбыз. Біреуіне түстеніп, біріне қона жатып, әрқилы әңгімеге де қанық болғанбыз. Жергілікті жігіттер де: "Әне, Ұлытау!" – деп, біресе түстік, біресе терістік тұсынан иектерімен нұсқай берген. Қарағанда биіктігі шамалы ғана болып көрінетін бунақ-бунақ тау сілемдері сонайдайдан оқшауланып "менмұңдалап-ақ" тұр. "Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?" деген байырғы бір қайырмаға құлағымыз үйренген қазақтың біріміз ғой, ұлар етін жерміз, жемеспіз, әйтеуір, сол киелі қоныстың етегіне болса да таяп барып қайтуға аңсарымыз ауды да тұрды.

Жергілікті жігіттердің сөзіне құлақ түрсең, бұл өңірдің әр тасы, әрбір бұтасы аңызға айналып жүре береді. Сол аңыздың бірін Алтыншоқы төбешігін басып тұрып естідік.

Бұл жерге ұлы жорықтардың бірінде әйгілі Ақсақ Темір де ат шалдырыпты-мыс. Азияның барысы атанған Ақсақ Темірдің табаны тиіп, шатыр тіктірген қорымның қалдығы да киелі саналады. Ақсақ Темірдің өзі арнайы жаздырыпты дейтін тас сынығы да осына жатыр. Айнала шашылып жатқан түсі де, түгі де бөлек күлгін-қара шақпақ тастар соның бір айғағы. Сол тастардың кішкене сынығын ырым етіп мен де жан қалтама салып алдым.

Алтыншоқыдан әрі қарай жүріп, "Хан Ордасы" аталатын, айналасы ат шаптырым көне қорымға барып ат басын тіредік. Бұл жерде біздің жолбастаушымыз болып келе жатқан манағы Серік Тілеубаев ініміз тіпті көсіле сөйлеп, көтеріліп, көсемдікке қарай бой ұрып кетті. Оның айтуынша "Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы" дейтін ескі заманнан бергі қазақ жерін билеуге қатысы бар ұлы хандарымыздың біразы дәл осы аралда ақ киізге оралып, алтын таққа отырғызылған екен. Әбілқайыр да, Абылай да. күні кешегі Кенесары да осынау "Хан Ордасында" хан көтерілген.

— 1993 жылдың соңын ала осы араға қазақ елінің тұңғыш президенті — Нұрсұлтан Назарбаев та табан тіреген, — деп желпініп бір кетті дейсің Серік ініміз. — Екі тізгін, бір шылбырды хан қолына ұстатқан көне дәуір салты бойынша арнайы тігілген ақ шатыр ішіне төселген шымқай аппақ киіз үстіне ою-өрнегімен тақ орнатылып, соған кәрі-жасымыз қолтықтап апарып Нүрекеңді отырғыздық. Аудан әкімі ретінде мен де Нүрекеңнің алдына алтын жалы төгілген, алтын-күміс ері бар ақ боз атты көлденең тарттым. Аяғымен жер тарпып, аспанға атыла жарап тұрған асау арғымаққа Нұр-ағаңның бір-ақ ырғып мініп алғаны ғой. Қарап тұрған қалың жұрт демін ішінен алып, сілтідей тыңды. Көз жетер жерді бір айналып келіп, Нүрекең аттан түскенде ғана барып, бәріміз ду қол шапалақтағанмызды білмей де қалдық.

— Президент мінген ақ боз ат өрісте, алтын таққа ұқсатып жасалған әйдік балдақты әшекейлі орындық музейде тұр, — дейді Серік, сол бір оқиға дәл қазір болып жатқандай-ақ желпініп.

Тұңғыш президентіміздің табаны тиген сол араға қазір аспан зәулім ескерткіш қойылыпты. Үш тармақтан тұратын бұл ескерткіш те үш жүздің басын біріктіретін символындай болып, сонадайдан қол бұлғап, өзіне шақырып тұрғандай.

Осы арадан аттанарда Ұлытау ауданының басшылары Аманкелді Ермагияевке де ақ боз ат мінгізбек болды. Бірақ көпті көрген көшелі азамат: "Жоқ, жол да, жөн де Сәкен ағамдікі ғой, бәріміздің атымыздан сол кісі мінсін!" — деп тұрып алды.

Өз басым Аманкелдінің мұндай мәрт қылығына көптен бері-ақ тәнті болып келе жатқан адаммын. Ол туралы кезінде жаздым да.

Ермагияевтің отбасы Алматы облысының Кеген жағында туып-өскен. Бірақ сонау бір ел басына түскен ұлы тауқымет тұсында олардың да ата-бабасы туған жерден пана таппай, сеңдей соғылған көпке ілесіп күнкөріс қамымен түп көтеріле көшкен екен. Босқындардың ақыры барып табан тіреген жері осы күнге Жалаңаш ауылының маңы болыпты. "Арқада қыс жақсы болса, арқар ауып несі бардың" кебімен, тау жайлаған албан ішіне сіңісіп, жүре келе бірге туғандай бауырласып, біржола туысып кете берсе керек. "Ер туған жеріне" — деп, бұл өңірге қаншама бір бауыр басып, өгейлік көрмей өскендерімен де, ата-баба топырағын да біржола ұмытпаған. Өздері ес біліп, етек жапқан соң қолдарының ұзара түскенін ескеріп, ата-жұртын іздеп тапқан ғой. Бұл сапар да көптен бері ойластырылып, соған орай ұйымдастырылған игі шаралардың бірі екен.

— Екі жылдан бері "әне-мінемен" жүріп қалып едік, ақыры бәрінің сәті енді түскендей, — дегенді Жүрсін де қосып қойды.

* * *

Келесі күні Ұлытаудың тағы бір сілемі Едігенің етегіне тігілген ақ боз үйге ат басын тіредік. "Осы таудың басына ел қамын жеген Едіге жерленген" — дейді ескі аңыз. Бүгінгі мақсат — соның ұшар басына шығып, Едіге жатқан жерді бір көріп қайту болатын. Маған Алматыда алғаш хабарласқанда Жүрсін де: "Біраз жеріне шейін машинамен бара алады екенбіз, Құдай бұйырғанда, Ұлытаудың биігіне өрмелеп қайтамыз деп отырмыз", — деген. Жергілікті жігіттер сол жағын да өздері ойластырып жатқанын айтқан. Тауға шығар алдында азды-кем әл-қуат жинап алу үшін әлгі бір арнайы тігілген алты қанат киіз үйге келіп кірдік. Айқара ашылған есіктен барша сұлулық-сұсымен алақандағыдай болып Ұлытау тұтас көрінеді екен. Жүрсін айтқандай, жеткен жерімізге дейін машинамен барамыз деген сөз бекер болып шықты. Машина түгілі, салт атпен жүрудің өзі қиын. Тек қана жаяу өрмелеу ке-

рек. Қаншама ынтыға тұрсам да, тау басына қарай басуға жүрегім дауаламады. Алматыдан, Астанадан келгені бар, осы ауылдан өз еркімен ергені бар, әйтеуір жиырма шақты әйел-еркектен тұратын бір қауым елді ілестіріп Едігенің басына Аманкелді Ермегияев кетті де, біз Жүрсін, Серік бар, оларға қосылған осы елдің тағы бір жақсы жайсаң азаматы Жарқынбек бар, — бәріміз қайтадан киіз үй төріндегі баяғы дастарқан басына жиналды.

Тағы да сол аста-төк қазақы ақ пейіл. Қолда барын қонағының алдына қойып, аузына тосатын қазақы әдет. Қунақ сөз, қуақы әзілге үйір Жарқынбек басқарған дәмнен бас тарту да мүмкін емес. Кеселеп, еселеп ішкен қымызда есеп жоқ, қуырдаққа да қасықты молынан батыра түстік.

Баяғы болып барады ғой, тың игерудің отыз жылдығын тойлау қарсаңында республикамызға келген бір топ шет ел және кеңес жазушыларын бастап, Сайын Мұратбеков екеуміздің Целиноград, Павлодар, Семей, Өскемен жағын аралағанымыз бар еді. Он күннен астам ат үстінен түспей дегендей, егістікті де аралап, Ертіс үстімен де жүзіп, ауымызға қараған әр ұлттың өкілдеріне мақтан аралас әңгіме де айтып, ұзақ бір жүріп қайтқан едік. Сонда дәл осындай көл-көсір дастарқанды көріп жағаларын ұстаған украиналық бір жазушы қайтар жолда маған қалжыңдап: "Осы күндер ішінде ішіп-жеген арақ-шарабы аралас ас пен су, мініп-түскен көлік, соншама адамның жамбас ақысы дейсің бе, барша шығынды ойша есептеп көріп едім, сол ақшаға сіз бен біздей жазушыға Киев не Алматының ортасынан алты бөлмелі әсем үй салып беруге жетеді екен!" дегені бар. Мен онысын өтірік дей алмағам.

Ұлытаудың ұшар басына көз тіге отырып, осы өңірдің күлімкөз қыз-келіншектері еселей ұсынған қызыл күрең шәйді сораптай отырып, сол әңгімені есіме алып едім. Кешелі-бергі өзіміз куәсі болған, шамамызға қарап та, қарамай да шетінен дәм татқан дастарқанның есеп-қисабына да кім жете қойыпты. Әйтеуір, қай үйге бас сұқпайық, қай жерге аяқ суытып, аялдамайық, асабалық билікті ұдайы ғана өз қолына алып, әлгінде айтқанымдай қуақы әзіл, күлдіргі әңгімесінен әсте жаңылмайтын Жарқынбектің айтуынша біздің қазақтың келістіріп берген бір қонақасына кеткен етті басқа ұлт өкілдері бір жыл азық ететін көрінеді. "Рас та шығар осы сөз!" — деп ойладым мен тағы да.

* * *

Киіз үй есігінен көріп отырдық. Ішінде ер-әйелі бар Аманкелді бастаған топ қаздай тізіліп, Едіге басын бетке алып өрмелеп барады. Ылдиы бар, өрі бар мың бұралған тау жолы оңайлықпен алдыра қойған ба, Ұлытаудың басына шығуға мен түгілі, осы өңірдің өз түлегі Жүрсіннің дәті бара қоймады. Әлденені сылтауратып, шаршаңқырап қалғанын, белінің сықырлағанын айтып, біздің қасымызда қала берді.

Мен де жасымда тау-тасты көп кезген адам едім. Өз ауылымдағы Тоқта, Жабық, Текелі тауларын салт атпен де, жаяу-жалпылап та талай-талай шарлағам. Ұшар басын белгілеп алған күмбезді көгілдір төбенің басына шығып, айнала масаттана қараудың өзі неге тұрады.

Сонау бір жылдары, жастау кезімізде ақын Сабырхан Асанов екеуіміздің Қырымдағы Көктөбелге барып демалғанымыз бар еді. Сонда мен ертеңгі астан кейін әйгілі Қырымның Қаратауының қадау-қадау шыңдарына қарап тұрып, қасымдағы Сабырханға:

— Жүр, түске дейін сонау бір шың басына шығып, сейілдеп қайтайық, — деп қолқа сала сүйрелейтінім болушы еді. Мен де жалқаулау қазақ едім, Сабырхан тіпті мың салса бір баспастың өзі екен. Әлгі биікке бір қарап, қабағын тыжыра:

— Осы сенің төбеге құмарың-ай. Ондай тау Алматы маңында да жетеді ғой, одан да теңізге түсейік те! — деп азар да безер болатын.

Кейде теңкиіп теңіз жағасында жата бергенше деп қоярда қоймай ертіп шығатынмын. Қаншама шаршасақ та, араға үш-төрт сағат салып биік бір шыңның басына жетер едік. Сонда төбедегі көк аспан, төмендегі шет-шегі жоқ көкшіл теңізге қарап тұрған Сабырханның да делебесі қозып шыдамай кете ме, өз аузынан:

— Ра-хат-ай, ә! Ғажап қой! — дегенін талай естігем.

Енді амал жоқ, жас емеспіз. Тоқтаусыз суыт кетіп бара жатқан Аманкелділердің қимыл-әрекетіне дүрбі сала қарап отырып, сыртынан ғана сүйсінумен болдық. Өзіміз де оған ілесе тау басына шығып бара жатқандай сезімге бөленіп, үйде отырып: "Әнеки, әне! Жетіп те қалды!" десіп қопандасып қана қоямыз.

* * *

Араға үш-төрт сағат салып Аманкелділер қасымызға қайта оралғанда, мен одан:

— Тау басында ұлар бар ма екен? — деп сұрадым.

— Тығылып алып жатпаса, көзге түсе қойған жоқ, — деп күлген еді сонда Аманкелді.

Кешелі бері естіп келеміз, көріп келеміз, баяғы есебіне жете алмайтын мыңғырған мал да, күні кеше ауыл маңының өзінде жыртылып-айрылып жатады дейтін киік те көзге түсе қоймаған. Атпен қуып, тікұшақпен де қағып, тігерге тұяқ қалдырмай түгел құртып бітіріппіз. Ұлар түгілі ұшарға үйрек-қаз да көрінбеді. "Аман жүрсек, өз қорығынан мына Мұратбек әлі-ақ ұларды алып келіп, Ұлытау басына ұлатар, киік те әкеліп үйірге қосар!" деді Аманкелді өз інісін иегімен нұсқап. "Оны да мына жігіттер үйіріне қосылмай жатып атып алмаса!" — дестік біз.

Келесі бір күніміз әйгілі Алаша хан, Жошы, Домбауылдардың мазарын аралаумен өтті, — "Алаш алаш болғалы, Алаша хан болғалы" — дейтін бір сөз біздің құлағымызда жүретін. Ештен кеш жақсы, өз көзімізбен көрудің сәті енді түсті. Бұл жерде тағы да Серікті тыңдаймыз. Өйткені, "біледі, білген соң сөйлейді", оның үстіне жоғарыда айттық, осы өңірдің ұңғыл-шұңғылына әбден қанық, кітап та жазған азамат. Оның айтуынша Алаша хан мен Жошы ханның күмбездері ЮНЕСКО-ның қарауына алынған, арнайы қамқорлықтағы ескерткіштер екен.

Біз Алашахан мазар-мавзолейінің ішін де, сыртын да асықпай аралап көрдік. Шын мәнінде өз бойына өнердің барша ұлылығын жинаған асқақ құбылыс. Жошы мазары да сондай. Барлық архитектуралық кескіні сақтала отырып, кейінгі жылдары әжептәуір өңдеуден өткен. Көкке шаншылған көгілдір күмбездері сағымдалған сары далаға айрықша рең беріп тұр. Егер осынау тарихи ескерткіштер Алматы, Астана сияқты қалаларымыздың төрінде тұрса, келімді-кетімді кісіден босағасы босамас еді-ау деп те ойлайсың. Қаншама адам біз құсап таңдай қаға тамсанар еді. Бар айыбы елсіз-күнсіз айдалада "менмұңдалап" тұрғаны. Арнайы ғана ат ізін салғандар болмаса, ат-топыр болып, үймелей барып жатқандар жоқтың қасы. Алаша хан мен Жошы кесенесінен кейінгі ат басын тіреген жеріміз атақты Ерден Сандыбайұлының мазары болды. Бұл баяғы Шоқан Уәлихановпен аға сұлтандыққа таласып, шар салуда жеңіп шығатын әйгілі Ерден.

Шоқанның ғалым жиһангездігін мойындап, империяға сіңірген ерен еңбегін бағалаған орыс оқымыстылары, әрине, Ерденді малына ғана сенген сасық бай, надан етіп көрсетуге тырысқан. Әйтпесе, төре тұқымы, шон-

жар Шыңғыстың баласы, орыс елінің оқалы погонын таққан офицер Шоқанды бәсекеде жеңіп шығу оңай бола қоймаған шығар. Елге сіңірген еңбегі болмаса, ата даңқымен өтіп кетер кісің Ерден емес еді-ау дегенге біз де ден қоямыз. Тіпті өз әкесі Сандыбаймен тұстас Бағаналы билерімен қатарласа барып, айтулы төрт босағаның бірі саналуы да көп нәрсені аңғартпай ма? Жоғарыда айтқан Сабыр Шәріповтың жазбасында: "1860 жылы Ерден Сандыбайұлына Ерден көлінде ас берілгенде Ақмола губерниясы, Торғай облысы, һәм Сырдария облысы түгелімен шақырылған. Бұл асқа 500 үй тігілген, 160 жылқы, 200 қой сойылған. Аттың бас бәйгесі 100 жылқы болған. Екінші атқа 50 жылқы, үшіншіге 30 жылқы, төртіншіге 25 жылқы, 5, 6, 7, 8, 9 аттарға он бес жылқыдан 10, 11, 12, 13, 14, 15 аттарға он жылқыдан, 16-25 аттарға жеті жылқыдан одан соңғы бес атқа бес жылқыдан, өлең айтқан 25 ақын 25 жылқыдан алған. Бұл асқа шыққан шығынның барлығы 620 жылқы, 200 қой..." дейді.

Бұл жақ моланы "там" дейді. Сол Сабыр Шәріпов: "1860 жылы Ерден Сандыбай баласына там салған шығыны 230 жылқы, 1000 қой", — деп жазады.

Міне, сол Ерденнің моласы (бертінде қайта жөнделген) "сондай да бір ер өткен" — дегенді әйгілеп, өткен-кеткеннің назарын өзіне аударып әлі тұр. Айналасына өз балалары Бименді, Байұлы жерленген. Ағасы Дүзен Сандыбай баласының күмбезі де осы маңда, аралап көрдік.

Біз сол араға азды-кем аялдап, аруақтарға құран бағыштадық. Әркім өз ойымен өзі болып сүт пісіріп үнсіз жүріп те қалдық...

* * *

31 мамыр күні кештете Сәтбаев қаласындағы Жүрсіннің ағасы Аманкелдінің үйіне келіп түстік. Осыған дейін шахтада кенші болып істеп, таяуда зейнетке шыққан екен. Өзі де бір аңқылдап қалған ақжарқын, әзілкеш ақкөңіл азамат болып шықты. Бізді аула сыртынан жарқырай қарсы алды. Алдын-ала хабарласып, күтініп отырса керек, үй маңы әп-сәтте қарақұрым халыққа толып берді. Барын киіп, байлауышын байлап дегендей, кәрі-жасы, үлкен-кіші, бала-шаға болып қауқылдасып жатыр.

Жүрсіннің ағайын арасында сыйымды да сыйлы екенін екі-үш күн бойы көріп келе жатқандай едік, екі туып бір қалған туыстары ішінде шоқтығы тіптен биіктей түсетінін енді аңғардық. Бәрі де бізге жатып жастық, иіліп төсек бо-

лып жүр. "Жақыныңды жаттай сыйла.." — дегеннің бір көрінісі осындай-ақ болар деп түйдік іштей. Кең жайылған дастарқады қоршай отырар алдында ол қос қабырғаға қазқатар тұрғызып қойып аға-жеңге, апа-жезде, іні мен келін, қарындас пен күйеу дейсің бе, нағашы мен жиен дейсің бе, әйтеуір, 25-30 адамды бізге таныстырып шыққан. Үй иесі Аманкелдіден басқасының есімі есте қалмапты. Бірақ бәрінің де Жүрсінге деген ықылас-пейілі, шынайы туысқандық мейірі көзге ұрып-ақ тұрды. Жүрсін арқылы сол мейірім мен зейін бізге қарай да лықсып атып, шашу-дай шашырап жатқанын аңғармай қалу мүмкін емес еді.

Келесі күні кешкілік Жезқазғандағы айтысты өткізудің басы-қасында жүрген осы өңірдің қалталы азаматының бірі Бейсеннің үйінде болғанбыз. Астанадан әйелімен Кәкімбек Салықов ағамыз келіпті. Қазақ салтының қазіргі дәстүрі бойынша стол басында бәріміз сөйлеп жатырмыз. Жүрсін сөйлегенде маған қарама-қарсы отырған Сәтбаев қаласының әкімі көзімен жер шұқи күлімдеп, бір қипақтап қалып еді. Іші сезіп отыр екен, Жүрсін оны да орынды қағытып, оңтайы келгенде бір түйреп өтті. Өткен Парламент сайлауында басқалармен бірге осы өңірден Жүрсін де дауысқа түседі ғой. Ел-жұртқа қадірі артық екенін біледі, сенімі зор. Қасына ерткендері де қазақтың ығайлары мен сығайлары. Сонда да жоғарыдан нұсқау алған, қайткенде Жүрсінді өткізбеу жағында болған әлгі әкім Жүрсіннің шашбауын көтеріп жүрген әйгілі әнші Нағима Есқалиеваны кабинетіне кіргізбей қойыпты. Мұхтар Шахановтың "Қасым Аманжоловты (әлде Тайыр Жароковты ма еді?) қабылдамай қойып ем", — деп мақтанған бір тәртесі қысқа әкім жайлы өлеңі болушы еді, менің есіме сол түскен. Әрі мұндай жағдаятты екі күннің бірінде көріп те жүрміз, "ойланбаған от басар" деп, кешіріммен де қарайтын болып алғанбыз.

Сол Жезқазғанда біздің қатарымызға ақындар Ұлықбек Есдәулет пен Көпен Әмірбек, "Ақбұлақ" санаторийінің директоры Туғанбайлар келіп қосылды. Алматыда бірде қол берісіп, бірде иек қағысып қана амаңдасып жүретін біз бұл жолы көптен көріспеген туысқанымызды көргендей-ақ мәз-мейрам болып құшақтаса кетіппіз.

Бағаналы Бабыр бидің құрметіне өткізілген айтыс екі күнге созылды. Қала ортасындағы "Қазақмыстың"

ғимараты екі күн бойына адамға лық толумен болды. Айтыста әсіресе Айбек пен Ринат әу дегеннен-ақ қара үзіп шығып, айрықша бір бабында екендіктерін көрсетті. Айтысқа қосылған жүйрік жиырма ақынның ешқайсысы да олардың шаңына ілесе алған жоқ. Бас бәйгелерді де солар қанжығасына байлады. Сара Тоқтамысова да олардан қалыспай келе жатыр еді, бірақ айтысқа төрелік еткен Кәкімбек ағамыз, неге екенін білмедім, басқамыз жағалай "он" деген баға беріп жатқанда бір өзі ғана 8 деген баға берді. Қасында отырған мен: "Мұныңыз қалай?" деп едім, "Сөзі ұнамады", — деді де қойды. Ұнамаса ұнамаған шығар, әркімнің есебі өз ішінде ғой, деп мен де әрі қарай қазбалап жатпадым. Тек Сараға:

*Алдыңда әлі талай теңіз бар да,
Сен жүзіп өтпес деуге негіз бар ма, —
Қамықпа,
Қарап қалған жоқ шығарсың
Кәкімбек ағаң қойған сегіз балға! —*

деген бір шумақ өлең жазып, қолына ұстаттым. "Тоғыз балл қойса да болар еді, сегізі жөнсіз-ақ болды" — деді ол да күліп.

Оншақты күнге созылған сапарымыз аяқталып келе жатты. Дүйсенбі, 4 маусым күні Ұлықбек, Көпен, Туғанбай, Кәкімбектер ұшақпен Алматыға қарай ұшып кетті де, біз өз бағытымыздан жазбай, көлігімізге қайта міндік. Әддене күн бойына қара көбейтіп, қасымызда жүрген Жарқынбек әлі де езуімізді жиғызар емес. Аузын ашса әзілі төгілумен келеді. Жүрсін екеуі де жезделі-балдыз болып тәжікелесіп бергенде, тек "қай жеңгенің менікі" деп сырттан қарап тұра бер, тілдерін батыра, шайнасып береді. Сол Жарқынбек, Жезқазғаннан ере шыққан басқа да бір қауым ер-азаматтар бізді Шет ауданының шекарасына шейін шығарып салып, кері оралды да, бізді бір топ нөкерімен аудан әкімі Рысбек қарсы алды. Аудан орталығындағы Рысбек үйінен ас ішіп, өзек жалғап алдық та, соларға ілесіп тағы да жолға шықтық. Тағы да 60-70 шақырым жол жүріп келіп өзен бойына тігілген киіз үйлерге келіп түстік. Бұл жерде де әңгіме, ән мен күй ешбір толастаған жоқ. Әйтеуір түн ортасына таяу қалғанда қарасы мол сол азаматтар бізді Балқашқа қарай аттандырып салған.

Жігіттер "жүре берсек қайтеді?" — дегендей қылып еді, мен үлкендігіме бағып, ат басын Балқаштағы "Қазақмыс" қонақүйіне қарай бұрғыздым. Сонда қонып шығып, ертеңінде "Алматы қайдасың" деп аттанып кеттік. Алда әлі де 700-800 шақырым жол жатқан...

... Бұл жолы біз осынау он шақты күн ішінде көріп, көңілімізге түйгенді ғана қағаз бетіне түсірумен шектеліп отырмыз. Сарыарқаның шалғай бір шетінде жатқан, "ұлттың ұясы" атанған Ұлытау жерінің көбінесе сыртын ғана қызықтап, ішіне үңіле қоймадық. "Қонақ аз отырып, көп сынайды" дегенді біле тұра, сынау жағында болған жоқпыз. Арғысы Алаша ханнан бастап, кейінгі Керей мен Жәнібек, Абылай мен Әбілқайыр, Кенесарыларға дейін ту тіккен, қоныс еткен, Хан Ордасы етіп ұстаған қойны құтты мекеннің бұрынғы сәні мен салтанатын қызықтап кеттік те, бүгінгі мұңы мен мұқтажына бойлап бара алған жоқпыз. Жолшыбайғы байқағаным бойынша болса да, бұл өңірдің әлі де шешімін күтіп, тың жатқан проблемасы да жеткілікті сияқты. Мақсатымыздың өзі де ел танып, жер көру болғандықтан, басқа жағын пайымдай алған жоқпыз.

Қазақстанның қайсыбір қаласына бармаңыз, кіреберіс қақпадан "Қош келіпсіз!" — деп қарсы алады да, шыға берісінде "Оң сапар болсын!" — деп аттандырып салады.

Міне, біз де он күндік жолдың ақырғы күні Балқаш қаласының бәрімізге оң сапар тілеген ақ тілеу, ақ батасын алып, "Алматым, қайдасың?" — деп аттанып бара жаттық. **Маусым, 2007 жыл.**

Жыл басында азғана күн демалайын деп, "Алматы" санаторийіне барсам, Еркеғали Рахмадиев, Тұманбай Молдағалиев сияқты сыйлас көкелерім де сонда екен. Ерағаң аяғынан қалып, көше қыдыра алмайды. Көбіне үйде. Содан да бізді қасына алып, картаның кингі дегенін ойнаймыз. Бұл баяғы Қасым Аманжоловтың:

*Бір министр, үш ақын
Отырды енді кингіге.
Министр алды үш қатын,*

Кинг ақынға тигі де, – дейтін ойыны. Барған күні әлгі екі көкем мен марқұм Екейбай Қашағановтың жесірі, маған әпкелігі бар Мархаба апай үшеуі уәделесіп алғандай мені кезек-кезек ұта беретін болды. Карта ойнағанда Түмекеңнің де біраз берекесі кететіні бар. Содан туған өлеңдер еді бұлар.

*Бөсейін десем, бөстірмей,
Жібермей ескі мақтанға,
Көкбөрі көкем қос біргей
алды бір дейсің қапталға.*

*Ерекем – есті мәрт ағам,
Кингінің тіпті пірі екен.
"Жолым болғыш, – деп, – картадан"
Күледі келіп Түмекем.*

*Кездесуден бе тосындау,
болмаса бағым шын-ақ кем?
Екеуіне келіп қосылды-ау
тісін батыра бір әпкем.*

*Шындары ма әлде өтірік,
Көпшік те қойып, бақ тілеп,
мақтап та қойып отырып,
Қалтамның түбін қақты кеп.*

*Есімді жиып жандәрмен,
елімді таптым мен бағлан.
Азулы арыстандармен
айқаса кету немді алған?!*

2

КАРТА ОЙНАУ КЕЗІНДЕГІ ТҰМАНБАЙ КӨКЕМЕ МІНЕЗДЕМЕ

*Столыңды саусақпен сарт еткізе қатты ұрып,
қиғаш тастап картасын, қырын қарай лақтырып,
қолы жүріп бергенде күлмең қағып Түмекең,
әндемеді-ау дейсің бір арғымақ жал ат мініп.*

*Айналымда келесі сап тыйылып жаңағы ән,
абыржып-ақ қалады әлгіндегі нән ағам.
Ойыны ғой картаның,
карта деген бұл итің
кімнің ғана, Құдай-ау, көңіліне қараған!*

*Қолтығына кіргендей сиықсыздау бір кемпір,
Қалмайды енді ағамда әлгіндегі түрген түр.
Әлденені күбірлеп, күрмеле ме, қайтеді,
Қара тастың өзін де қиып түсіп жүрген тіл.*

*Карта дейтін шіркінге қандай ғана дауаң бар,
Қарап тұрып көкемнің қабағынан жауар қар.
Мәткені де валетті алып жатар қос-қостан,
Қалып жатар жауапсыз қаншама бір сауалдар.*

*Карта дейтін пәлеңіз қарамайды беделге,
қарамайды, қайтесің, Тұманбаймын дегенге. —
Шарықтатып біресе шың басына шығарып,
Домалата салады тағы бірде төменге.*

*Қарамайды бұл итің талантыңа, гарынға,
Құлағына кірмейді күйінгенің, зарың да.
Алып та қал сондықтан, шалып та қал,
Түмеке, қолың жүріп тұрғанда, көзіріңнің барыңда!*

*... Кезегімен картаңыз айналғанда тағы бір,
Түмекеңнің қайтадан жанып беріп бағы-дүр,
Әндегсе де түнімен, әр кетсе де түрінен,
Ұтып шығар түбінде Сәкеніңді бәрібір!..*

БАСҚАДАН ОРНЫҢ БӨЛЕК БІР ТҮЛҒАСЫҢ

Сайын Мұратбеков 60 жасқа толғанда

*Қашаннан ойың өрге, төрге көшің,
Аралап алпыс асу бел-белесін,
Арқаңа қара нардың жүгін артып,
Алдында аламанның сен келесің.*

*Арала қазағыңның қай ұлысын, —
Бәрінің бөле-жармас Сайынысың.
Қапталы қарағайлы қара орманның
ішінде қабығы аппақ қайыңысың.*

*Қарындас қазақ түгіл, қытай үшін
Қытайдан асып түскен сыпайысың.
Тәңірі тауып қосқан Мәрияның
түп-түгел түтесілмес ұпайысың.*

*Өзгертпей қыздай ғашық көзқарасын,
аялап келеді ол да сөз данасын.
Біз үшін тарлан болсаң тартыстағы,
Мәкеңе алпыстағы бозбаласың.*

*Замана былқылдасын, сылқылдасын,
Былық пен шылықтардың сыртындасың.
Туған жер талайына туа салған
Басқадан орның бөлек бір тұлғасың.*

*Қашпайтын қызықты күн, қымызды күн,
Қазықтай қағып қойған нығыздығың,
Еңкейіп елің сүйсе маңдайыңнан,
Жеткені жетесіне сыбызғы үнің.*

*Жабыла жапырылып, жалпылдайды ел,
Жүзге де сылқым басып, сарқылмай кел.
Ішінде үркердей бір шоқ жұлдыздың
Самала Сайын болып жарқылдай бер!*

1996жыл

МҰХТАР МАҒАУИИ 60 ЖАСТА

*Көрінгенге өтпеген сөзді шығын,
Ері қайсы, білуші ем, ез кісі кім.
Ал Сен болсаң, қашанғы хас шеберсің
қашап жатқан жалықпай өз мүсінін!*

*Ұқсап туған даланың тарпаңына,
Бет қаратпас мінезің бар тағы да.
Пенде болып ермегің ел сөзіне,
Көңіліңді бермегің хан тағына.*

*Қара сөзде қазақы желдей естің,
Тізгінінжі тіріге бермей өстің.
Қатпар-қатпар қыртысын ғасырлардың
қопара да алған жоқ Сендей ешкім!*

*Күреске де кіргесің, ысылғасың,
Жауың болса — зәресін ұшырғасың.
Қапталдасқан қастарды айтпағанда,
достарыңның өзінен мысың басым.*

*Сөзің дара, өзің де, дара хатың,
Алыс тарап, асқақтап барады атың.
Өз аузыңа қаратып тұрсың бүгін,
Алты алаш — алпыс Түрік қағанатын.*

*Даусындай боп баяғы Көкбөрінің,
Батасқа да Шығысқа жеткен үнің,
Қанша досың жүр Сені мақтан етіп,
Мұхтарға замандаспыз деп те бүгін!*

*Көп қазақтың дей алман Сені бірі,
Қаламдасың ішінде шенің ірі.
Ұлысың ба, жоқсың ба, уақыт айтар,
Әйтеуір Сені туған елің ұлы!*

*Көре алмасын қараңды күндегендер,
Желдей есіп жүзге де жұлдемен кел!
Әлі қайда туғанша Саған ұқсап
Саған ұқсап тағы да БІР КЕМЕҢГЕР!
2000 ЖЫЛ*

ЖАУҚАЗЫНДАЙ ЖАЙДАРЛЫ ҮНІ
Зейнеп ҚОЙШЫБАЕВАҒА

*Тентек жылдар текке кетпей, қапыда өтпей қайран күн,
Өліп-талмай, солып қалмай жауқазындай жайдарлы үн,
Ару қыз бен асқақ ұлдың бәрін жолға қаратып,
Қазақстан аспанының бұлбұлына айналдың.*

*Сылаңдаған сиқырлы әуен, сұлу сымбат бейнемен
Ел көзіне еліктей боп ерте түскен Зейнеп ең.
Мейір қанар, бойыңды алар ұлттың ұлы ырғағы
Сенің ғана көмейіңде тұр ма деймін кейде мен.*

*Сахнаға сен шыққанда тотықұстай таранып,
Қошаметтеп қол соғады үлкен-кіші бәрі анық.
Әлдекімше атақ іздеп жүгірмейсің сен бірақ
Өзінді өзің жарнамалап, әлекедей жаланып.*

*Әлдекімдер айырбастап ала алмайтын алтынға
Өзі-ақ іздеп тапты сені атағың да, даңқың да.
Келесің-ау тыңдаушының құлақ құрышын қандырып
Қазағыңның дәл өзіндегі қарапайым қалпыңда.*

*Барша бейнет артта қалып, жеттің бүгін зейнетке,
Алтын алқа тағынарсың, малыңарсың көйлекке.
Талай ұрпақ мақтанатын болады әлі, мен білсем,
Елдеспін деп, жерлеспін деп Қойшыбаева Зейнепке!*
1997 жыл

НҮРМАХАН ОРАЗБЕКОВ

60 жасқа толғанда

Ауыздыларға сөз бермей
Асыға жүріп өзгермей,
Таразы басын тең ұстап,
Теңселіп тұрған безбендей.

Елдің сөзіне тез көнбей,
Еңсең бір түсіп езденбей,
Мансапты болған кезде де
Ит көрген ешкі көзденбей;

Басыңнан бір сөз асырмай,
Бағыныштыларыңды басынбай.
Ақтарып айтар сырыңды
Әлдекімдерге жасырмай;

Ылғидан салса, төске өрлеп,
Дұшпаның бұғып, дос терлеп,
Жана да қоймай бақ кейде,
Қала да қоймай көштен көп;

Ішіп те күліп әр тұста,
Түсіп те жүріп тартысқа,
Әне де міне дегенше,
Келіп те қапсың алпысқа!..

Ұнай ма, жоқ па бұл батам,
Ұнамаса да тыңдатам! —
Жүзі кетілмес семсердей
Жарқылдай бер тек, Нұрмахан!
1997 ЖЫЛ

МАРФУҒА

Өстің ұнап еліңе — өлең айтып, ән құрап,
Тосты құлақ деміңе сайын гала, сан қырат.
Жүрісінен жаңылмай тайпалады белді асып,
Төрт аяғын тең басып алтын жалды арғымақ.

Көрген жоқсың шиырлап төңірегін бір іздің,
Мың құбыла күйқылжып сыңғыр қақса сыбызғы үн,
Төгіледі біз бұрын естімеген ескі әуен
Иісіндей бұрқырап бес түнеген қымыздың.

Іше жүріп уды да, түсе жүріп отқа сен,
Жалғандықтың иісі бар жағалауға соқпас ең.
Ана болып біріне, пана болып ініңе,
Бастап келе жатырсың баянды бір топты әсем.

Даңқың да бар бұл күнде өз бойыңа шақ келген,
Халқың да бар қадірлеп орын берген қақ төрген.
Марфуға деп атыңды бөліп айтып басқадан,
Президенттің өзі де омырауыңа тақты орден.

Еркеле ге, еліңе өлең арнап, ән құрап,
Ойпаттардан орғып өт, қыраттардан қарғып-ақ.
Жүрісінен жаңылмай, тарта берсін ілгері
Ерттеп мінген ежелден алтын жалды арғымақ.

ҮІІ БӨЛІМ

ТИРЛІКТІҢ ТҮРЛІ КЕЗЕҢІ

КҮЛЕРСІҢ ДЕ, ЖЫЛАРСЫҢ

Бұл әңгімені маған көп жылдар бойына Алакөл ауданының шаруашылықтарын басқарысқан азаматтардың бірі Сәкен Алпысбаев айтып беріп еді.

Онда, деген ол, менің "Көктұма" совхозының директоры кезім еді. "Ауданға Димаш Ахметұлы Қонаев келеді екен", — деген хабар дүңк ете түсті де, бәріміз де елеңдесіп, бір дүрлігіп қалғанбыз. Ауданға ат басын тіреген үлкен-кіші лауазымды азаматтардың бәрі дерлік біздің ауылға бір соқпай кетпейтін. Өйткені, Қытаймен шекараға жуық орналасқан совхоздың жүз мыңға жуық қойы, мыңдаған жылқы, түйесі бар үлкен шаруашылық еді де, оның үстіне Алакөл көлінің жағасына таяу орналасқан болатын.

"Дайын бол, деді сол мәселемен мені алдына арнайы шақырған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Күреубай Мәтенбайұлы Мұжықов, мал союға да тура келіп жүре ме, тағы да хабарласармыз, әйтеуір қамсыз қалып жүрме".

Тағы да бірер күн өткенде бірінші хатшы телефон шалып: "Димекендер ертең келеді екен, Ақшиден қайтатын көрінеді. Қазан-ошағыңа өзің ие болып, басықасында жүр", — деп шегелей тапсырып, пысықтап қойды.

Бастық айтса болды, бізде жан қала ма. Жан-жаққа кісі шаптырып, дастарқанға керектің бәрін іздестіріп, әлекке түстік те қалдық. Ақши — біздің совхоздың бөлімшесі, совхоз орталығынан он-он бес шақырым жер. Түнімен ұйықтамай дайындалып алып, таң атпай барымызды киіп, байлауышымызды байлап дегендей, аудан, совхоз атқамінерлері болып, бәріміз де сол жерден табылдық.

Қажет болып қалады-ау деген азық-түлікті тағы бір аудара-төңкере тексеріп шықтық. "Ойбай, арақ-шарап қайда?" — дейді бізбен бірге алашапқын болып жүрген аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы Оспанбеков, ол өзі былай да ұшып-қонған дегбірсіздеу кісі еді, қазір тіпті әбіржіп, отқа түсіп кетердей аптығып жүр. "Димекендер арақ іше қоймас", — дегенімізге қарамай,

"Кім біледі, қасындағы нөкерлерінің бірі болмаса, бірі сұрап қалар. Қой, мен ұшыртып барып, "Межрай базадан" коньяк пен шампан жеткізе қояйын", — деді де, алды-артына қарамай келген жағына қарай тағы зытты.

Союға деп семіз бір қойды ала келгенбіз. Масқара болғанда, ішімізде соны сойып бұзып беретін де адам жоқ екен. "Бір сойса Шодыр сояды", — деген соң көл жағасында тұратын бір аяғы протез балықшы орысқа кісі шаптырдық. Ағаш аяғын сықырлатып Шодыр да келді. Әлгі асау қойды жүк машинасынан түсіріп, соған ұстата бергенбіз. Кенет жаңағы топалаң келгір ытқып бір бергенде, басына ие бола алмай, қасапшымыз да бір жағына қиралаңдай ұшып түскені. Ортекедей орғып, қиян далаға қарай жалғыз лағып қой да кетіп барады. Төрт-бес жігіт "Газикпен" жабыла қуып бердік. Даланың ой-шұқыры көп, машина еркін сілтей алмай, ойлы-қырлы жерлерде омақаса түсе жаздайды. Ішек-қарыннан ештеңе қалар емес. Әй, бір ит әуреге түсе жүріп, өлдім-талдым дегенде әлгі қойды қуып жетіп, машинамен қағып, жығып алдық-ау. "Енді еті ет болмай, жінігіп кетеді-ау!" — деп кейіп жатты жөн білетін жігіттер. Оған бола бас ауыртып қарайлайтын күй қайда, ұзатпай ұстап алғанымыздың өзіне мәз бола дүрдііп, соны да әлдеқандай көріп, асау қойдың төрт аяғын буып әкеліп ақсақ орыстың қолына ұстаттық-ау ақыры.

Бір кезде теміржол бекетінен бері өте шұбырған машиналар легі де көрінді. Олар ошарыла күтіп тұрған бізге аялдап жатпастан, бірден көл жағасына қарай тартты. Біреулердің: "Димекендердің етке қарауға уақыттары жоқ, балық жеп қана аттанады екен", — деген дүмпуімен жалғыз қазанға төрт-бес сазанды бір-ақ тоғытып, сақырлата қайнатып жатқанымыздың үстіне бірінші хатшы келіп қап: "Бұларың не?" — демесін бе.

"Балық еді, Күрдеке", — дейміз ғой күмілжіп. "Балығы не, ей, мұның! Қойдың басы қайда?" "Қазір, қазір, бәрі де болады", — деп шала піскен сазандарды сыпырып тастап, шала үйітілген қойдың басын қазанға қайта тоғыттық. Күрдекең де бұрынғы бар салмағынан айрылған, әлдене ши шығып қала ма деп, сасып-ақ жүр. Шапқылап, тағы да көл жағасындағы басшылар жаққа кете берді. Бір орнында байыз тауып тұра алар емес.

Сол кезде "Межрай базаға" арақ-шарап іздеп кеткен Оспанбековтің де қарасы көрінді-ау. Көл жағасындағы қара шоғырды көріп, бір дорба шампан-шарабын салдыр-гүлдір еткізе ол да солай қарай жүгіріп бергенін көріп, бұл

жақтан ойбайлап біз шығайық. "Қайда бара жатырсыз?" — деп. Олда сасқалақтап, өң-түс жоқ, жүзі шаңғытып алған, біресе бізге, біресе көл маңындағыларға қарайды, қалай қарай жүгірерін білмей алақтай береді. Әупіріммен жүріп, дастарқан жасап жатқан үйге сүйрелеп жүріп әзер алып кірдік-ау. Үріккен жылқыны алдынан шығып қайырғандай күйдеміз.

Бәрімізді осыншалық әуре-сарсаңға салып қойған меймандарымыз да бір кезде бері бұрылды-ау. Дастарқан басына отыра бере Димекең алдымен қымыз сұрамаса болар ма. "Қымыз бар ма еді?" — деп күбір етті маған Күрдекең. "Ауылға машина жіберіп едік, әлі келмей жатқаны!" — деймін мен жыларман болып. Жолда бірдеңеге ұшырады ма, әйтеуір ертесін қымызға жұмсаған адамдарым кешігіп жатқан. "Ит екенсің ғой!" — деп күңк етті тағы Күрдекең. Тісін шықырлата тағы бірауыз боқауыз айтып жіберді-ау деймін. Бұрын ол кісінің аузынан мұндай өрескел сөз шықпайтын. Тұйық адамның ашуы жаман бола ма, болмаса шынымен-ақ қатты қысылды ма, өзі де қап-қара боп түтігіп алышты. Жүгіріп далаға шықтым, қымызға жіберген машинаның да қарасы көрінген екен, төрт-бесеуіміз соның алдынан далақтап жүгіріп барамыз. Айдалаға машинаны тоқтата салып, сабадағы қымызды жаңағы төрт-бесеуіміз қолдаса көтеріп, үйге қарай құйындай ұштық. "Сасқан үйрек артымен сүңгидінің" кері емей немене, өзімізді машинадан да жүйрікпіз деп ойласақ керек.

Димекең ешқандай сыр берген жоқ, данышпан адам ғой. Біздің әбіржіп, әбігерге түсіп жүргенімізді іші сезбеді дейсіз бе. Бірер кесе қымыз ішті де: "Ал, жүрейік!" — деп серіктерін ерте орнынан көтерілді. Дүр етіп біз де ілестік.

Зу-зу еткен сүлік қара машиналар бір бел асып, көзден таса болғанша соңдарынан қарап тұрып, қыр асып кеткенде барып: "Уһ!" — деп сыртқа дем шығардық-ау.

Ішіміздегі жасы үлкеніміз осындағы балық комбинатының директоры Нұрғалиев деген азамат еді, сол кісі үйге бізді бастап кірді де: "Қайтқан малда қайыр бар, ақыры әлгі асау қойдың еті өзімізге бұйырды-ау, ал әкеліңдер ортаға!" — деп бұйырды.

Ұсынған басты алдына алып, бір құлағын кесе бергенде сатырлап кеп жаңбыр жауды да, сырттан жүгіре кірген жігіттердің бірі: "Жаңағы кісілердің машинасы мына белдің астында батпақтап қалды, милиционерлер жабылып шығара алмай жатыр!" — десін еңтігіп. Нұрғалиев ағамыз селк ете түсті де, кесілген құлақты орнына қайта

қондырып, түр-түсі боп-боз бола төрден төменге бір-ақ секірді.

Сол екі арада тағы бір жігіт: "Шықты машиналары, жүріп кетті!" – деген хабар жеткізді. Нұрғалиев ағамыз да төрдегі орнына қарай ілби жылжыды. Бірақ енді тартылған басқа бірден шап бермей, әлдене күткендей, сыртқа құлағын тіге едәуір үнсіз отырып қалды.

... Сол оқиға еске түссе қазір ғой, күлкімізді тия алмай қаламыз. Ол кезде күлкі қайда, сол бір күннің ішінде бәріміз де бес, он килоға арықтап, жіптіктей болып шыға келген шығармыз-ау. Мінеки, қазақы мінез-құлықтың бір көрінісі осындай еді. Енді... осыған күлермісің, жылармысың?..

ҚАЛҒАН КӨҢІЛ – ШЫҚҚАН ЖАН

Қазақта: "Қалған көңіл – шыққан жан" деген сөз бар ғой. Бұрындары оқта-текте ойға оралып, аузыма түскенімен, бабына барып, мән бере қоймағандай екенмін. Әйгілі орыс ақыны Ев.Евтушенконың бір өлеңін аударып отырып осы бір тіркес тіліме орала кеткені. Өлең "Жерлеп келіп отырмын жолдасымды ("Я товарища хороню") деп басталады.

*Өзгелерге өйткені ол әлі тірі,
Жаны сірі, жанында жар үкілі,
Сырт көзге мен онымен доспын әлі,
Онсыз кіре қоймайды кештің әрі.
Әлі күнге онымен тірі өбісіп,
Сыраhana жақтарға жүрем ішіп, –* деген

жолдардың орысшасы:

*Для других он еще живой,
Для других он еще с женой,
Для других еще с ним дружу,
Ибо с ним в рестораны хожу
Не браню, а молчком хороню, –* болатын.

Шынында да бірге туып, біте қайнасып кетпесең де көп жылдар сыйлас, сырлас болған, бірақ саған сырын түгел алдыра қоймаған, сөйтсе де сіңісіп жүргендей қылық көрсетіп, дос-жараның болатыны да рас қой. Солардың бірі болмаса бірі оқыста кезіккен қысылтаяң кезде сені сатып кете береді. Бірақ түк болмағандай бетіңе жылмия қарап, қулығымды асырдым ба дегендей жымыяп қоятынын қайтерсің.

Сол бір екіжүзділікке, сол бір, қысқасы, иттігіне әбден көзім жеткенде мен де енді оны біржолата өлдіге санайтыным бар. Жоқ, біржола атқұйрығын да кесісе алмаймын. Көп ішінде кезіге қалғанда қол беріп амандасып, тіпті құшақтасқан болып, өп-өтірік сүйісіп те жатамыз. "Қатырдым ба, бәлем!" — деп мәз болып ол кетеді, "Мен үшін тірі өлік екенін де сезбейді-ау бұл шіркін" — деп сен қаласың.

"Сондай барынан — жоғы" деп білетін бірер таныс менде де бар. Жасы кіші бұл жігіт жұрт көзінше де, екеуара оңаша қалғанда да өзінің маған шын көңілімен берілгендігін әңгіме сайын дәлелдей сөйлеп жүретін. Соның екіжүзділігіне, алаяқтығына әбден көзім жеткенде барып көңілімнің оған деген есік-терезесін берік етіп жаптым да, біржола өлдіге санадым. Көңілімде оған деген сенім-құрметтен ештеме қалмағанын аңғардым. Өлді. Бітті! Енді оның өзіне де, өзгелердің ол туралы айтып жүрген әртүрлі әңгімелеріне де ренжіп, күйіп-пісу деген мүлде болмайды. Қалған көңіл — шыққан жан... Жолыға қалса, амалсыз қолын алам, бірақ ол енді мені қуанта да, ашуландыра да алмайды. "Пустое место" дейді орыстар мұндайды. "В упор не вижу!" деп те жатады.

Серттен тайған, сөзінде тұрмаған, достық ниетке жүрдім-бардым қарайтын, пайдакүнем, өтірік айтатын, оған бола қысылып-қымтырылып та жатпайтын, суайт, нойыс, кісімсіп, басқаны баса көктеп өткісі келетін ұрдажық адамдардан бойымды аулақ салуға тырысып-ақ бағамын. Олар менің санамнан мүлдем сызылып қалған, мен үшін енді бұл дүниеде жоқ, тірілер санатында да жоқ адамдар.

Бұлар көбіне-көп еркек пішінді адамдар, іштерінде сирек те болса әйелдер де кездеседі, амал қанша! Қалдарбек айтып еді бір кезде: "Әйелдерге өкпелеуте болмайды", — деп, сол да дұрыс шығар деп ойлай беремін.

МӘРИЯНЫҢ КАРЬЕРАСЫ

1967 жыл болатын. Үйленсем бе деп жүрген қызым ЖенПИ-дегі оқуын енді ғана бітіріп келген. Өзі пысық, бірден аудаңдық көпшілік кітапханасына директор болды. Жұмыстан кешігу, әлдене өз шаруасымен сұранып кету деген онда болмайды. "Сұрансаңшы, бірнеше күн жайлауға барып келейік!" — деп жалынатынымын мен. Ол келіспей "болмайды ғой" деп үнемі бас шайқайтын.

Сол кітапханада аудандық партия комитетін басқаратын Мұжықов Күрдеубайдың да әйелі істеді. Мың болғырдың өзі де көпшіл, жайдары келіншек еді. Бізді қайын тұтып, еркелетіп жүретін. Ұлты ұйғыр десетін білетіндер, оған мән беріп жатқан біз жоқ, орынды-орынсыз әзілдесе беретінбіз.

Сол кісі де Мәрияға қарап: "Сәкен шақырып тұр ғой, барып қайтсаңшы, мәдениет бөліміне бір сылтау айтармын", — дейді. Мәрия қасарысып көнбейді. "Жоқ, жұмыс көп" деп. Айтты-бітті, енді илікпейтінін білем де, әрі қарай қаузай бермейтінмін.

Сол кезде аудандық комсомол комитетін басқарып жүрген Тоқтар Жайғозин деген досым совхоз директоры болып ауысатын болды да, орнына қояр кім бар деген басшыларға маған айтпастан Мәрияның кандидатурасын ұсыныпты.

Үйленгенімізге бірер ай өтпестен мені аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Татьяна Ковалева шақырды. Салмақты да орнықты, жақсы әйел еді. Мен облыстық газеттің осы өңірдегі үш ауданы бойынша меншікті тілшісімін, ара-тұра әңгімелесіп жүруші едік. Сол Татьяна Ильична күле отырып, маған Мәрияны аудандық комсомол комитетіне бірінші хатшылыққа ұсынғалы отырғандарын, Күрдеубай Мұжықовтың демалыста екенін, сол кісінің де келісім бергенін айтты.

— Болмайтын шығар, — дедім мен бірден. Татьяна апайымыз шошып түсті. Мұндайды күтпесе керек. Ол кезде райком айтты, бітті, қарсыласу, келіспеу деген болмайтын. Бәрін де сондағылар кесіп-пішіп, өздері шешіп үйренген дағды бар.

— Неге болмайды, болады! — деді Татьяна Ильична шегелей түсіп, — ол біздің кадрымыз. Қайда жіберуді біз шешеміз, біз солай ұйғардық.

— Жоқ! — деймін мен. — Ол ең алдымен менің әйелім, содан соң барып сіздің кадр, сондықтан да болмайды.

— Сәкен, сен ондайды қой, — дейді ол енді мені үгіттей бастап. — Сен де партия мүшесісің, түсінесің ғой. Бірінші хатшы айтып кеткен. Бірер күнде аудандық комсомол конференциясы өтеді. Соған құжаттарын дайындауымыз керек.

— Апыр-ау, түсінсеңізші, — деймін мен де шырылдап. — Мен журналистпін. Газет тілшісімін. Уақытымның көбі

жол үстінде өтеді. Мен басқа ауданға іссапарға кеткенде, Мәрия комсомол жұмысымен колхоз-совхоздарды аралап жүрсе, сонда отбасы тірлігіміз не болады?

— Түк етпейді, біз де жүрміз ғой. Лауазымы өседі, карьера жасайды, — деп ол да болмайды қадалып. Бастығынан сондай бір “Қайткенде де көндіріңдер!” деген тапсырма алса керек.

Ақыры болмағасын мен оған ашуланып кабинетінен шығып жүре бергенмін.

Кешке жақын жұмыстан қайтқан Мәрия өзін тағы да Ковалеваның шақырғанын, “сен біздің жас кадрымызсың, күйеуің емес, біз шешеміз, келісіміңді бер!” деп қинағанын айтты. “Не істейміз?” — деп сұрады.

— Өзің қалай қарайсың? Сол жұмысқа барғың келе ме?

— Сен білесің ғой, өзің шеш, бар десең — барамын, қой десең — біржола жаба тұрайық, — деп жатыр ол да.

Буыны босаңқырап, кешегідей емес, сәл-пәл солқылдап қалғаны байқалады.

— Бар ендеше, — дедім мен. — Оларға да сен сияқты пысық, жігерлі, көрікті жас келіншек керек шығар.

“Қойшы, шын айтып тұрсың ба?” — дегендей әйелім маған үміт-күдігі аралас көзбен таңырқай қарады.

— Ертең Ковалеваға кір де, келіскеніңді айт. Мені де көндірдім де. Бірақ қазір бір арыз жазамыз, жолшыбай осыны да ЗАГС-ке апарып бере сал.

— Ол не арыз? — деген Мәрияның көзі бақырая қалды.

— Сенен ажырасатыным жайлы арыз. Күні-түні жұмыс деп үйде тұрмайтын әйелдің маған керегі бола қоймас.

Мәрия маған көзі жәудіреп біраз қарап тұрды да, әңгіменің мәніне әрең барып түсінді ғой деймін, құшақтай алып, сыңғырлай күліп кеп жіберді.

Ковалеваға не дегенін білмеймін, бұдан кейін біздің арамызда бұл әңгіме қайта қозғалған жоқ.

Демалыстан оралған Күрдекең (Күрдеубай Мұжықов, бірінші хатшы) көшеде қарсы ұшырасып қалып, мені үй болуыммен құттықтап: “Бәрін естідім, сенікі дұрыс!” — деді күле тұрып қолымды қысты да.

Сөйтп, әйелімнің аяқ асты карьера жасауына осылайша өзім “бөгет” болғаным бар.

САУАЛЫНА ҚАРАЙ ЖАУАБЫ

1968 жылдың басында Талдықорған өз алдына дербес шаңырақ көтеріп, Алматы облысының құшағынан бөлініп шықты да, жаңадан ашылып жатқан “Октябрь туы” газетінің маңына жан-жақтан ағылып келген біраз адам бас түйістірген болатынбыз. Редакторымыз — аса бір аяулы азамат Баянжан Мәдиев еді. Оған орынбасар болып, біреуі Оралдан, біреуі Қостанайдан Жұрағали Ертілесов пен Жанайдар Мусин келген. Олардың да жас шамасы отыз бен қырықтың арасы. Ал ең үлкендеріміз сол кезде елудің үстіне шығып қалған Құлатай Қалиев пен Тыным Рысқалиев болатын. Құлекең осы өңірдің тумасы екен де, сүйегі Атыраулық болып келетін Тыным ақсақал бір кезде қызмет бабымен келіп, осында тұрақтап қалып қойыпты, еллідеген, елгезек, ешкімге зияны жоқ ұшып-қонған жеңілтектеу кісі болатын.

Осы төңіректі жақсы білетіндіктен де болар, оның үстіне әлгіндей елгезек мінез-құлқын есепке алды ма, әйтеуір басшылар редакцияның машинистка, корректорлары сияқты кішігірім қызметкерлерін таңдап алуды сол кісіге тапсырып қойыпты. Орда бұзар отыздағы кезіміз. “Бойда қуат, ойда көз” дегендей, бұла күш те, буырқанған арын мен дарын да бар, оттай жанып тұратын жалынды шағымыз ғой. Редакцияның ішкі-сыртқы тірлігінен тысқары қалмай, біз де белсене араласып жүретін едік. Әлгі Тыным ағамыз таңдап алған қыз-келіншектердің ең алғашқы екі-үшеуінің сырт келбеттері бізге ұнай қоймады. Бірінің аяқтары қисық, бірінің беті томпақ па, әйтеуір, басқа жігіттерді білмеймін, менің көңілімнен шыға қойған жоқ. Апта сайын өтетін летучка (“лездеме” деп те жүрміз ғой қазір) үстінде редакторымыздан сөз сұрап алдым да, бірден төтесіне көшіп:

— Баянжан аға, — деймін ғой баяғы, — Тыным ағам түріне қарамай, тіліне ғана қарайды-ау деймін. Редакцияда, көңілдеріне келсе де айтайын, кілең бір ажар-көркі шамалы қыз-келіншек көбейіп барады. Осы жағын маған тапсырыңыздаршы, ендігі хатшы қыз, машинистка, корректорларды, қысқасы әйел кадрларды мен таңдап алатын болайын. Бір күн де болса айналамызда сүйкімді бір әдемі адамдардың жүргені абырой емес пе.

Біреулер күлді, біреулер: “Бұл жер саған театр емес

қой, көркіне қарап таңдайтын, бізге білімі, іскерлігі керек емес пе!" — деп кекетіп жатты.

Күлгендердің ішінде Баянжан ағамның өзі де бар еді, бірақ ол сол жымыған қалпында, мәселені бірден шешті де:

— Несі бар, Сәкеннің ұсынысы да тегін емес сияқты. Бұл істі ендеше өзіне тапсырсақ тапсырайық. Шашау шығарып бара жатса, өз қолымызда ғой, о жағын тағы көре жатармыз, — деп бітірді сөз аяғын.

Сөйтіп мен қас-қағым сәттің ішінде "лауазымды" болып шыға келдім. Енді жұмыс іздей келген қыз-келіншек болса Тыным ағамыз да ең алдымен редакторға емес, менің алдыма алып келетін болды.

Редакцияда ол кезде "маш.бюро" "корр.бюро" аталатын бөлімшелер болатын. Оларда кілең ғана қыз-келіншектер істейді. Біреулері оқу бітірген, біреулері институттарға енді түсіп, сырттай оқып жүргендер. Тіпті мектеп қабырғасынан келгендері де бар.

Мен олардың білімі жөніндегі қағаздарына емес, кескін-келбеті, жүріс-тұрыс, мінезі мен мініне назар аударатын болдым. Арсы-гүрсіге жоқ, жылы жүзді, ибалы, инабаттыларын таңдап алуға тырыстым. Қысқасы, көп ұзамай сол машинистка, корректорлар қатары кілең бір сызылып тұрған иман жүзді, әдемі қыз-келіншектермен толысып, редакция іші гүл жайнап кеткендей болды.

Қаладағы (облыстағы десе де болар еді) құрамы кілең ғана қазақтардан тұратын жалғыз мекеме — біздің редакция. Арасында қазақ тіліне де, қазақ жігіттеріне де құмар Рената деген неміс қызы мен екі-үш орыс шоферінен басқа ұлт өкілдері жоқ. Түп-түгел қарға тамырлы қазақпыз десе де болғандай.

Әрине, қазақ жүрген жерде күңкіл сөз, өсек-аяң, ыбыр-жыбыр, қыбыр-сыбырдың қоса жүретіні белгілі. Менің де өз қызметімнен тысқары, редакцияның кадр мәселесіне әлгіндей араласуымды көпсініп, көре алмағандар арасынан қайдағы бір қаңқулар шығып, соңыма сөз ілесе бастағанын сезгендей болдым. Бірақ "жұрт не демейді" дедім де, оның біріне де мән беріп жатпай, бұрынғыдай еркін жүре беретінмін.

Сондай сөздердің бірі болмаса, бірі әлі оң-солын да танып бола қоймаған біздің жап-жас қатынымыздың құлағына да жете бастаса керек, бір оңаша қалғанда ол да:

— Сондай бір әңгіме естідім, ол не сөз? — деп сұрағаны бар.

— Жұрттың сөзіне құлақ түріп қайтесің, — дедім оған

– “Ерлі-зайыптылар арасына есі кеткен түседі” дегендей, қайбір бізді жарылқайын деп айтады дейсің олар, өздеріне ұқсап ырың-жырың боп жүрсе дейді көбісі. Ондай-ондай өсек-аяң бола береді, біреуін де тыңдама, өз ақылың өзіңе жететін сияқты едің ғой, соныңнан айныма...

Біздің әйел менің айтқаныма имандай ұйыйды. Не десе де құран сөзіндегі қабылдайтын әдеті, әлі де сол ғой.

Сол Мәрия бір күні кешкілік менің бала-шағадан оңашалап, ас үйге әңгімеге шақырды. “Отыршы, – деді, – тағы бір сөз бар. Анау сенімен істейтін Құлмахан бар ғой, әйелі де сонда көрінеді, сол әйелі бүгін маған дүкенде жолығып қалып: “Әй, Мәрия, сен немене соқырмысың, кереңбісің, жұрттың бәрі көріп, бәрі естіп жүрген нәрсеге былқ етпейтінің қалай?” – деп дүрсе қоя бергені. “Е, не болып қалып еді?” – деймін ғой мен. “Не болғанын естімей, білмей жүрген шығарсың. Саған жаным ашығасын айтам. Сәкен дегенің редакциядағы төмен етекгілерден тігерге тұяқ қалдырмайтын болды. Сондағы ұрғашы атаулының бәрімен жүреді!” – деп тұр сампылдап. “Иә, сен оған не дедің?” – деп енді мен сұрайын әйелімнен. “Не деуші едім, Әйкеш, Сәкен сенімен де жүре ме? деп сұрадым. Әккеш сұрланып кетті, көгеріп. “Не деп тұрсың өзің? Бұл қай сасқаның?” – дейді. “Енді өзің ғой: “Редакциядағы әйелдердің бәрімен жүреді деп тұрған, сен де сол редакцияда істемейсің бе?””.

Әйкеш те ақыры, “Мынау бір есалаң екен ғой” деді ме, әйтеуір, сол долырған қалпы жөніне кетті”.

“Өте дұрыс істеген екенсің, – дедім мен сүйсініп. – Ақылы кен данышпан әйелдің сөзі ғой бұл деген жұрттың пыш-пышын қайтесің, осы бетіңнен тайқыма!..”

СӘЛЕМДЕМЕ

1971 жылы Талдықорған облыстық газетінде істеп жүрген жерімнен аяқ асты Мәскеуге оқуға бармақ болдым. Ол кезде Отанымыздың жүрегі болып есептелетін Мәскеу қаласында екі жылдық Жоғарғы партия мектебі бар еді. Дәл сол сияқты, бірақ дәрежесі сәл төмендеу, республикалық деңгейдегі мектеп Алматыда да болған. Партия-Кеңес қызметінде жүрген белгілі де белсенді азаматтардың көбісі дерлік соларда оқып, білім алушы еді. Жоғарғы партия мектебін бітіру деген де өзінше бір оқшау дәреже саналатын.

Содан бір жыл бұрын Мәскеудегі сол оқу орнына бізбен бірге қызмет етіп жүрген Серік Қалиев те кеткен еді. Ол — белгілі қоғам қайраткері, соңғы кезге дейін Қазақстан Парламентінің депутаты болып келген Жекен Қалиевтің туған ағасы, журналист. Мінезі қызық, болмыс-бітімі басқалардан бөлегірек кісі. "Серік ағаңмен бірге оқитын болдың", — деп жатты екеумізді де білетіндер. "Бір жыл да болса бұрын барып, көрмеген жердің ой-шұқыры көп, таныс-біліс болып қалды ғой, саған алғашқы айларда жөн сілтесе де қайда жатыр" дегендей де болып еді.

Мәскеуге орналаса сала Серік ағамды тауып алдым. Менен бір күрс жоғары оқиды. Бірақ мінез-құлқы қызық адам еді дедім ғой, жерлесім еді, туысым еді деп бауырына тарта қоймады. Өзімен өзі. Мен де сосын көп жолай бермей, өз күнімді өзім көру жағына көшкенмін...

Бірде аз күнгі демалысқа ауылға барып қайтпақ болдым. Үй — Талдықорғанда. Серік ағамның үйі де сонда.

Ол кезде немене, Мәскеу мен Алматы аралығына самолет деген ағылады да жатады. Жоғарғы партия мектебінің біз сияқты тыңдаушылары үшін онсыз да аса қымбат емес билет бағасы екі есе арзандатылған. Алматыға дейін самолет үш сағат ұшады. Мәскеу мен Алматы арасындағы уақыт айырмасы да үш сағат. Мәскеуден 6-да ұшып шықса, Алматының уақытымен де сол сағат 6 болғанда әуежайдан түсесің де, ағылып жатқан ұшақтардың көздеп келген біріне отыра салып, тағы бір сағаттан соң Талдықорғандағы үйінде отырсың.

Сөйтіп, мен үш-төрт күнге үйге барып, бала-шағамның қасында болып келуді ұйғардым. Соны білетін Серік ағам әйеліне әлдене сәлемдеме беріп жібермек болды. "Бірақ, — деп ескертті маған алдын-ала, — сен ұмытшақ сияқтысың, бір жерде тастап кетіп айырылып қалып жүрме".

Алматыға ұшатын самолетке отыру үшін де ең алдымен Мәскеу орталығындағы аэровокзалға барасың. Жолаушыларды сол жерден арнаулы автобуспен Домодедово аэропортына алып барады.

Серік ағам мені шығарып салмақ болды. Әрине, түнделетіп ұшпақ болған маған жаны ашып жүрген жоқ, сол әлгі жеңгемізге беріп жіберетін сәлемдеменің қамы.

Ол кезде дүниенің бәрі қат. Ағамыз әйеліне етік сатып алған екен. "Таптырмайтын-ақ зат, айлап іздеп, әрең кезіктіріп едім, әйтеуір, жоғалтып алма!" — дейді маған. "Жарайды, көке, жоғалтпауға тырысамын", — деп уәде беремін мен.

Ол әддене материалға жұтындырып ораған әлгі етікті менің көнелеу шамаданымның бір жақ сыртқы қабырғасына жабыстыра таңып берді. Шамаданды жерден көтеріп, сілкілеп те көрді. "Түспейді, — деді, — тек бір жерге ұмытып тастап кетпесең болды!".

"Ұмытып кетпе!" — деген бір сөзін қайталай беріп мені де мезі ете бастады. Дәл автобусқа отырғыза бере: "Ал, Сәкен, осы етікті бір жерде ұмытып кетпей, жеңгеңнің қолына тигіз, телефонмен айтып та қойған едім!" — дейді. "Бопты, аға, қам жемеңіз", — деймін мен.

Қол алысып, қоштаса бере: "Ал, әйтеуір..." деп келе жатыр еді, мен де шырт етіп:

— Оу, көке, сенбейтінің бар, мені несіне әурелейсің. Миымды ашыта бермей, алып қалыңызшы! Басқа біреуден беріп жіберіңіз! — дедім ашумен.

— Жә, буып-түйіп қойдық қой. Сен аңғал да алаңғасарсың, ұмытшақ да жігітсің, бір жерге тастап кетпесін деп жатқаным ғой, — деді Секең міз бақпай. Менің күйіп-пісіп тұрғанымды да қаперіне алар емес, "Ұмытып кетпе" деген бір сөзін қайталап айта береді.

Әй, ақыры ажырадық-ау. Біз аэропортқа қалай аттанып бердік, Секең сол мені шығарып салған жерде қол бұлғап қала берген.

Бұл жолғы біздің рейсіміз — Мәскеу-Қарағанды-Алматы бағыты еді. Қарағанды қабылдамай, амалсыз барып сол кезгі Целиноградқа қонатын болдық. "Жарты сағат тұрамыз" деп хабарлап жатты ұшақ дикторы.

Целиноград аэропортынан түсе сала бір құшақ қазақша газет-журналдар сатып алдым да, сағынып қалыппын, күту залындағы креслолардың біріне жайғасып отырып, соларды шетінен оқуға кірістім. Оқта-текте аэропорт ішіндегі радиоға да құлақ түрген болып қоямын. Оның үстіне бізбен бірге қазақтың екі-үш әдемі қыздары бірге ұшып келіп еді, залдың әр тұсында ерекше қыдырыстап жүрген сол қыздарды көріп қоям да, соларды белгі тұтып, қаперсіз газет оқып отыра беріппін. Бір кезде солардың бірі келіп:

— Аға, сіз Алматыға ұшақ едіңіз ғой, — дегені.

Мен аңырайып оның бетіне қарайын. Әрең дегенде түсініп "иә" деймін ғой баяғы.

— Самолетіңіз ұшып кетті ғой.

— Ал, сендер ше?

— Біз Қарағандыға ұшамыз. Біздің жүгімізді түсіріп берді де, Алматы жүргіншілерін алып, біз келген самолет ұшып кетті.

Жүгіріп диспетчерге барайын. "Енді қайттім?" — деп. "Апыр-ау, радиомен әлденеше рет қақсап хабарладық қой. Қайда жүрсіз?" — деді ондағылар.

Менің екі көзім әлгі Мәскеуден бірге ұшып келген қыздарда болды да, солардан қалмасам болды деп, қаннен-қаперсіз отыра беріппін. Аэропорт іші ұдайы у да шу, радио хабарын да ұға қоймасам керек.

— Енді не істеуім керек? — деп сұраймын аэропрот диспетчерінен.

— Үш сағаттан соң Алматыға самолет ұшады, сонымен кетесіз, — дейді олар.

Амалым жоқ, соған келісіп, енді шығар есікті аңдумен болдым.

Мен өзімнің самолеттен қалып қойғаным емес, Серіктің айтқаны дәл келіп, өз мүлкіммен қоса, оның да сәлемдемесінен орта жолда айырылып қалғаным өкіндім. Алматы әуежайындағылардан сұрастырып көрермін, табылмай жатса, амал не, Серікке "осылай да осылай болды" деп, бар шынымды айтармын деп ойладым.

Алматы әуежайынан түсе осындайды ойлап, жан-жағыма қарап қойып келе жатқанмын. Жүргіншілердің қол жүгін беретін бөлмеге қарай бұрылып, мойнымды соза түсемін. Құдай сәтін салғанда, сонау бір шеттегі бұрышта жалғызсырап менің шамаданым түр екен!

Әйелім ұл тапқандай қуанып, сол көнекөз шамаданымды бара бас салсам керек. Біреулер күліп жатты, оған көңіл бөле қойған жоқпын...

ПАРТИЯЛЫҚ ЖАЗА

Ертеде, елге Коммунистер партиясы үстемдік етіп тұрған заманда, осындай бір "партиялық жаза" ("партийное взыскание") деген айыптау түрі болушы еді. Қымс етсең болды, партия жолынан ауытқып кетті деп, "Жарғыға лайық емес" деп ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс беріліп жататын. Сондай жазаның бір ауырын өзім де Компартия қатарына алғаш өткен 1964 жылы алдым-ау деймін.

Мемлекет билігінен Н.С.Хрущевтың жаңа тайдырылған кезі еді. Біз онда Бас хатшының өз орнын оңайлықпен неге бере салғанын білген жоқ болатынбыз, газеттердің бәрінде: "Н.С.Хрущев денсаулығына байланысты қызметінен кетті" — деп жазылып жатқан. Мен аудаңдық газетте жауапты хатшының орнын басып жүр едім,

кезекті нөмірді құрастыру кезінде материал жетіспегесін, "Н.С.Хрущев жайында кино түсіріліп бітті" — деген ТАСС хабарын салып жібергенбіз.

Сол-ақ екен аупарткомдағы "қырағы көздер" жерден жеті қоян тапқандай шу ете түсті. "Әдейі жасап отыр, Хрущевтің биліктен кеткенін біле тұра, мұндай материалды жіберуге болмайтынын біле тұра, қасақана жасап отыр!" — деген айыппен мені дедектетіп отырып аупартком бюросынан бір-ақ шығарды. Ол кезде "бюроға түсу" дегеннен өтіп кеткен сорақылық жоқ. Бірақ көнбеске лажың қайсы, шақырды, шақырған соң бардым. Бюро мүшелерінің бәрін де танитын едім, бірде-біреуі маған араша түспеді. Бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай-ақ, шетінен шешенсіп, бірі сынап, бірі мінеп, жан-жақтан жабыла өре түрегеліп, әй, бір "әкемді танытты-ау" дейсің. Шырылдап мен де болмаймын. "Ойпырым-ай, "өз еркімен қызметтен кеткен адам туралы кино түсірілмесін деген де, сол туралы Советтер Одағы Телеграф Агенттігінің хабарын жарияламасын" деген де нұсқау жоқ қой ешбір жерде. Мен қайдан білейін!" — деп ақталып-ақ жатырмын ғой. "Қалай білмейсің, білуің керек еді", — дейді бір ағам. "Сол материалды сол жерге жапсырмасаң да болар еді ғой", — деп "ақыл" айтады екіншісі.

Қысқасы, не керек, сол күнгі бюродан партиялық қатаң сөгісті арқалап, сүмірейіп шыққаным бар.

Түнімен ұйықтай алмай, ертесінде ертемен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Күрдеубай Мәтенбайұлы Мұжықовтың алдына бардым. "Ағатай-ау, өзіңіз ойлаңызшы, менің қандай жазығым бар? Партияға өткенім кеше ғана, міне, қатаң сөгіс алдым, болашағым не болады?" — деп жатырмын ғой жыларман болып.

Мұжықов та сөз түсінетін дұрыс адамның бірі еді. Менің шын қиналып тұрғанымды көріп: "Сәкен, сен ренжіме, тәртіп солай. Өзің білесің, осындағы мекеме басшылары ондай сөгістің күнде біреуін алып жатады. Бірер айдан соң өзіме кел, сөгісінді алдырып тастаймыз", — деп жұбатты.

Сол уәдені малданып, сабама түскендей болып мен кеткем.

Сондай сөгістің тағы бірін кейін, қырықтан асып барып, қылшылдаған жігіт шағымда ала жаздағаным бар. Енді соны айтайын.

Ол біраз кітабым жарық көріп, әжептәуір танымал бола бастаған кезім. "Жазушы" баспасында редакция

меңгерушісі болып істеп жүрген-тұғым. Партиялық жарна деген бар. Айлық жалақың ба, әдеби басқа да табысың ба, әйтеуір тапқан-таянғаныңның белгілі бір пайызын партияға беріп тұрасың. Оны жасырып қалудан, уақытыңда төлемеуден ауыр күнә жоқ, жарғыда да солай жазылған. Қалалық партия комитеті жыл аяғында барлық бастауыш партия ұйымдарындағы жарна төлеу жағын тексеріп тұрады екен, бірде Ғабит Мүсіреповке де табысыңды жасырыпсың деп пе, жарнаңды уақытыңда төлемегенсің деп пе, жаза қолданғанын естігенбіз. Содан қорқып, мен айлық жарнамды ұдайы ғана артығымен төлеп жүруші едім. Бірақ жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ жоқ, қанша сақтанғаныммен, әлдебір тұста ши шығарып алдым ба, салақтық болды ма, білмедім, бір күні менің де ойламаған жерден тұтылып, “қара тізімге” ілігіп-ақ қалғаным бар. Баспадағы бастауыш партия ұйымының хатшысы ескі досым, белгілі ұйғыр жазушысы Тұрған Тохтамов болатын. Соны бір күні аупарткомға шақырып, біраз сілікпесін шығарыпты. Мен және тағы бірер коммунист айлық жарнамызды аз төлеп қойыппыз. “Сенікі бәрінен де көп, 89 сом қарызың бар екен! — дейді дегбірі қашқан Тұрған. — Аупартком бюросында қарамақ болып жатыр”. “Төлейді ғой” деп сипақтатып көріп ем болмады, энеу бір біздің куратор нұсқаушымыз тіпті шаш ал десе бас алатын неме екен, өзіме шабуыл жасап, түтіп жердей болғаны”.

— Е-е, түк етпес, біздің бас не көрмеген! Онысын да көріп алармыз, — десем, Тұрғанымның әбден-ақ үрейін ұшырып жіберген бе, қарадай қорқып, дір-дір етеді.

“Құдай салды, біз көндікпен” амалсыз шақырған күні аупарткомға да бардық. Мен сол кезде жұқарған жүйкеге бірден-бір ем дегесін, әлдебір дәрігердің кеңесімен қолыма салақұлаш тәспих ұстап жүруді дағдыға айналдырып едім, есіктен кіре бергенде қолымдағымды көре қойған сол Тұрған айтқан “қырағы” нұсқаушы: “Мұныңыз не тағы?” — деп дүрдие қалғаны. “Тәспих қой жәй, нервiге дұрыс дегесін”, — деп ақтала бастап ем, әлгім тіпті еліріп: “Бұл райком ғой, мешіт емес, қайда келгеніңізді де білмейсіз бе тіпті!” деп, одан әрі әулікті. “Әй, Әзірейілім азар бүгін сен болсаң да қоя тұршы”, — деп оны жолдан ысырып тастап ішке енгенмін. Атарға оғы болмай ол қалған. Бәрін де байқап келемін. Осы бір жігітті суқаным сүймеуші еді. Екпіні үй жығардай болып, баспаға шірене келген бір тұста, кекірейген қылығын жаратпай, бетін

қайтарып тастағаным бар болатын. Соны кек тұтып қалған сыңайы бар. Мұндайлардың шөңгедей жабысып, пәле болып жүрерін сезе тұра, айыл жиғым келмегені де бар еді.

Сонымен аупарткомның бюросына да кірдік. Сол жақтағы ұзынша столда әйел-еркек, кәрі-жасы бар, алты-жеті адам жайғасыпты. Бюроның мүшелері. Тәрдегі столда аупартком хатшылары. Сол кезгі Совет ауданының бірінші хатшысы екі беті уылжып піскен алмадай томпиған, қараторының әдемісі дерліктей қиғаш қас сүйкімді келіншек еді. Атын ұмытқам жоқ — Айгүл, фамилиясы не Қадырбаева, не Қыдырбаева болатын:

Партиялық жарна төлемегендер құрамы біраз бар екенбіз. Әртүрлі мекемелерде істейтін, әртүрлі мамандық иелері. Бүгінгі мақсат — бәрімізді де қан-сәлімізді шығара қатаң жазалау екен. Басқаларға да сабақ болсын деген ниет байқалады. Бюро мүшелері де сіресіп отыр, атуға да, асуға да даяр сияқты, сайланып келген, шетінен сұсты.

Құдай ұрғанда, партияға ең көп борышкер мен болып шықтым. Анау-мынау емес, бақандай 89 сом. Ол кезде орта дәрежелі кеңсе қызметкерлерінің айлық жалақысы 100-120 сом болып келетін.

Менің де азын-аулақ партия органдарында істегенім бар, білемін, мұндайда кімге қандай жаза қолданылуы жөніндегі қаулы жобасы алдын-ала дайындалып, секретариатта бекітіледі де, бюрода қаралып, қатаң талқыға түскеннен кейін жазалаушыға тиісті ақтық үкім бірақ оқылады. "Қарсы бар ма, қалыс ше" — деп сұрайды бірінші хатшы. Суырылып шығып, ешкім үндемейді. Еттері үйреніп кеткен. Біреудің тағдырына біреудің жаны ашымайды. "Адами тұрғыдан мұның бәрін түсінуге де болар еді, бірақ біз партиялық принципті берік ұстауға тиіспіз, сондықтан әркім өзіне лайық жазасын алсын!", — деп пәлсапа соғатындар да болып қалады. Партия бюросы дегенде жұрттың жер астынан жік шыққандай болып, зәре-құты қалмайтыны да сондықтан.

Бұл жолы да солай болыпты. Алдын-ала жасаған қаулының жобасы бойынша қарызы ең көп маған жазбаша, қалғандарына ауызша сөгіс, кейбір бес-он сом төлемегендерге ескерту жасамақ екен. Әлгі көбік ауыз нұсқаушы соның бәрін тәптіштеп оқып шықты.

Енді бірер секунд кешіксем, ауыр жазаны арқалап кете беретін түріміз бар. Жан-жағыма қарасам — ешкім үндемейді, бұтына жіберіп қойған баладай тұқиып, бәрі де көздерімен жер шұқып қалған. Еріксіз қол көтердім.

"Біреу ауыз сұрақ қойып, сөз айтуға бола ма?" — деп сұрадым бірінші хатшыдан. Осылардың ішіндегі жалғыз иманжүздісі де сол сүйкімді келіншек еді. "Түрі игіден түңілме" дегенді халық бекер айтпаған ғой. "Сұраңыз!" — деп қалды ол да елендеп. Өйткені бюро үстінде өзін ақтап сөйлеу, "жаздым, жаңылдым" дегеннен басқаша бірдеңе айту ол кезде сирек кездесетін. Бәрі де мәселені одан әрі ушықтырып алам ба дегеннен сескенетін. "Үндемеген үйдей пәледен құтылады" — дейтін де бір қағида бар еді.

— Мен партия қатарына жарғысын түгел-толық мойындай отырып, саналы түрде өткен адаммын. Ай сайынғы жарналарды да артық болмаса, кем төлеп келмеген едім. Қалам ұстап жүрген соң — жазасың. Жазғаның әртүрлі газеттер мен журналдарға жарияланып жүреді. Бірінен аз, бірінен көп, тиісінше қаламақы алып тұрасың. Ілгерінді-кейінді алған сондай бір қаламақы есебінен жаңылысып кеткен болуым керек. Жалғыз-ақ рет. Егер жыл бойы қайталанып жүрсе бір сәрі. Тексерушілерге рахмет, дер кезі көрсетіп берді. Енді шып-шырғасыз төлеймін, тіпті төледім де қарызымды. Әдейі жасаған түтім жоқ.

— Оның үстіне, — дедім одан әрі, — қай заманнан бері партиялық жаза жарна сомасына қарай белгіленетін болған? Біреудің табысы аз, біреудікі көп. Біреулер 4-5 ай жарна төлемей жүрсе де 89 сом болар, мен бір ай ғана төлемегендіктен осындай қарыз болып қалыппын. Партияға қарыздың азды-көптігі емес, жарнада айтылғандай жалпыға бірдей бірыңғай тәртіп керек шығар.

Осы тұста бірінші хатшы әлгі қаулының жобасын дайындаған нұсқаушыға қарап:

— Иманасов жолдас мұндай жағдайға алғаш рет душар болып отыр? — деп сұрап қалды.

Анау да бір көкезу неме екен, беті бұлк етпей:

— Бұл кісінің мәселесі осымен үшінші рет қаралып отыр, — деп қалғаны, көпе-көрнеу жала жауып.

— Оу, жігітім, — деп мен де шыр ете қалдым, — менің аупартком үйіне бас сұғып тұрғаным осы болса, оның бюросына бірінші рет қатысым тұрсам, менің мәселемді үш рет қайда жүріп қарағансындар? Мені қатыстырмай ма? Ол бюролардың қатталған қаулы-қарары болмаушы ма еді, соларды көруге бола ма?

Бірінші хатшының сүйкімді жүзі суи түсті, нұсқаушыға жирене қарап:

— Сізбен оңаша сөйлесуге тура келетін шығар, — деді де. — Иманасов жолдас дұрыс айтып тұрған сияқты, бюроға мәселе дайындауда асығыстық кеткен, олай болса осы талқылаумен шектелейік.

Сөйтіп мәжілісті таратты. Менің жанымда отырған тағы бір “кінәлі жігіт” физкультура һәм спорт институтының жас ректоры екен, сол жалма-жан қолымды қысып:

— Аға, мені де қыл тұзақтан құтқардыңыз-ау! Өзім ректор болып жаңада тағайындалып ем, әлдебір ғылыми жұмысыма алған сыйақымнан жарна төлеуде қате кетіпті. Мен қолыма тиген соманы ғана көрсетіппін, сөйтсем алым-салығы ұсталмай тұрған алғашқы мөлшері есепке алынады екен де, — деп жатты.

Сөйтіп, бірінші хатшының кісілігі арқасында Тұрғаным да мәз, мен де мәз, ауыр жаза арқаламай-ақ аман-есен үйімізге оралып едік.

КҮРДЕКЕҢ

Он жылға жуық біздің ауданды басқарған Күрдеубай Мәтенбайұлы Мұжықов деген кісі болып еді. Орта бойлы, дене бітімі толықтау, мығым келген, өзі де, сөзі де салмақты адам болатын. Кескін-келбеті келіскен қызыл-күрең жүзінен қашан болсын беймәлім бір кісілік белгісі аңғарылып тұратын. Болмыс-бітімінде сестен гөрі өзіне деген сенімі мол сияқты көрінетін, содан да болар, әлде бірінші хатшының мысы баса ма, жұрттың бәрі оның алдында имене сөйлеп, жасқанып жүретіндей еді.

Бір күні сол Күрдекең (сыртынан бәріміз де ол кісіні құрметтеп осылай атайтынбыз) аудандық газетте істеп жүрген Қастек Баянбаев екеумізді өзіне шақыртты.

Бұл — 1963 жыл еді. Біздің де сол жиырма бес — жиырма алтыдағы кезіміз. Аудандық газеттің редакторы, өзіміздің тікелей бастығымыз Қайыпберген Рысбеков қабағын түйе отырып: “Сендерді Мұжықов шақырып жатыр, тез барыңдар!” — дегенде, тағы бірдеңе бұлдіріп қойдық па деп бүйрегіміздің бұлк ете түскені бар-тын.

Қастек сыр алдыра қойған жоқ. Ол қашанда осылай, ішін аша қоймайды. Төңірегінің бәріне менсінбей қарайтын маңғаз, тәкаппар. Мен оған қарағанда елпілдекпін, кімнің болса да көңілін қалдырмауға тырысып, екі өкпемді қолыма ала жүгіріп-ақ жүретінім бар. Кейде сол мінезімнен орға да құлай жаздап, опық жеп те қалатын кездерім болып тұрады.

Жаңағы: "Мұжықов шақырып жатыр!" — деген жарлықты естігенде бүйрегімнің бұлк ете түсуінің де өзіндік себебі жоқ емес еді. Осыдан сәл бұрын ғана ол кісінің алдында болып, терлеп-тепшіп шыққанмын. Оған да себеп болған сол баяғы өзімнің елгезек, көрсеқызарлау, қызбалау мінезім еді.

Кешкілік қатарлас жүретін екі-үш жігіт болып, жанқалтамызда бірер шөлмек шампанымыз бар, аудан орталығындағы асханаға кіргенбіз. Ол кездегі үлкен-кіші демей жұрттың бәрі бас сұғатын жалғыз ғана қоғамдық тамақтану орны сол жер еді. Бір столдың басына дөңгелене жайғасып, қайнар бұлақтай бұрқылдаған ақ көбік шампанның тығынын аспанға атып жатырмыз. Бізге таяу келесі бір столда қалаша киінген, кескін-келбеттері де біздің ауылдың қыздарынан өзгешелеу екі бойжеткен отыр екен. "Қыздар, бізге қосымайсыздар ма, бірге отырайық", — деп соларға тіл қатпаймын ба, өзім де қарап отырмай. Олар жауап бере қоймаған соң, қастарына барып та, өзімше джентельмендік жасап, жалынған боп жатырмын ғой. Ал мына қыздар міз бағар емес, сол сірескен беттерімен орындарынан тұрып, сыпайы бас изесудің ишарасын жасады да есікке беттеді. Бетіме келер кім бар деп жерге сыймай жүретін жиырма бестегі кезіміз. Бейтаныс қыздардың көпе-көрнеу көзге ілмей, жік-жапар болғаным да қарамастан менсінбей кеткендеріне жүнім жығылмаса да, "жыным" келіп: "Әй, қыздар-ай, осы қылықтарыңа әлі-ақ өкінетін боласыңдар ғой!" — деп соңдарынан дауыстай сөйлеген қалпымда, сол жерде сомпып қала берген едім.

Сұрбойдақ жігіттеріміз. Біз ғана емес, сұлу қыздардың өздері де бізді көрсе қылмындай қалып, күлмендей түсіп тұрар еді.

Ертесіне кеңседегі стол басында қауырт бір жұмыспен отыр едім. Танауымнан шаншылып, жан-жағыма қарауға да мұршам болмай жатқан. Тынымсыз ашылып-жабылған есік жаққа да бұрылып қоймаппын.

Редакцияның жауапты хатшысы болып істейтін Серік деген жігіт келіп:

— Сәкен, сені облыстық комсомол комитетінің хатшысы Ахметова (аты-жөнін толық айтты-ау деймін, фамилиясы — осы, атын ұмытып қалыппын) неғып іздеп жүр? Сенің де кабинетіңе бір кіріп шықты, байқамадың ғой деймін, — деп тұр.

— Е-е, қыз іздесе — жаман ба, бәлкім ғашық болып

қалған шығар, — деймін мен де керіліп-созылып.

Ойымда ештеңе жоқ, қаперсіз едім.

— Аудандық комсомол конференциясы болады ғой, соған келіпті, — деп Серік тағы пысықтап қойды.

Мен де комсомол комитетінің пленум мүшесімін, конференция делегаты да едім. “Е, бопты!” — дедім де, жайбарақат қала бергенмін. Тура сол сәтте аудандық партия комитетінен телефон шалып, Күрдекеңнің мені өзіне тығыз шақыртып жатқанын хабарласын. Ойымда дәнеңе жоқ, таяқ тастам жер, жетіп-ақ бардым. Бірінші хатшының кабинетінде бұрын да бірер рет болғаным бар, білемін.

Күрдекеңнің қабағы сұсты екен, қол берген жоқ. Қарсысындағы қос креслоның біреуін иегімен нұсқап: “Отыр!” — деді.

Отырдым. Күрдекең сол бір қабағынан қар жауа қатуланған қалпында:

— Что ты натворил? — деп сұрақты орысша қойып, тықсырып ала жөнелгені.

Ішім қылп ете қалды. “Е, бәсе! Таң атпай мені неғып іздеп жүр десем, ол қыздардың соңында осындай пәлесі бар ма еді” — дегенді лезде ойлап үлгердім де:

— Күрдеубай Мәтенбайұлы, бәрін де ішім біліп тұр. Өзім-ақ сізге ештеңесін бүкпей, түгін жасырмай түгел айттайыншы, тыңдаңызшы! — деп жатырмын.

Күрдекең бас изеді. Мен де ағымнан жарыла ақтала кеттім. Ештеңені жасырған жоқпын. Болған істі болғанынша шып-шырғасыз түгел айттым. “Бар болғаны — әдемі қыздар екен өздері, қалжыңдасып, танысқым келгені рас еді”, — деп бітірдім сөзімді.

Күрдекеңнің жүзі жылыын деді. Менің соңғы сөзіме тіпті жымығандай да болды.

— Маған келіп-кетті ол қыздар. Бірі облыстық комсомол комитетінің хатшысы, екіншісі сондағы тағы бір лауазымы үлкен қызметкер қыз көрінеді. “Сіздің ауданда базбұзарлар көп екен, тіпті өзін-өзі интеллигентке балайтын редакция қызметкері Сәкен Иманасов деген жігіт, арақ ішіп, асханада жүреді екен. Кіріп-шыққан адамдарға соқтығып, мазаларын алатын көрінеді, көзімізбен көрдік, — дейді.

— Мен сенімен сөйлесуге, қыздардың айтқаны рас болса, сазайыңды беруге уәде етіп едім. Қасындағылар кім еді?

Мен сәл тосылып барып, ақыры адалына кеттік қой, енді несін жасырайын дедім де, қасымда болған жігіттердің аттарын жіпке тізе түгел атап бердім. Олардың бәрі де

жас та болса жақсы істерімен, өнеге-үлгісімен көзге түсіп жүрген, ауданның бетке ұстар дерлік белсенді азаматтары еді.

— Жарайды, бара бер, — деді Күрдекең. — Тек ендігері көлденең көк аттыға соқтықпай, жайыңа жүретін бол.

Күрдекеңнің ашуланған кезде орысшаға басып жіберіп, көңілі түскенде майын тамыза таза қазақша сөйлейтінін ел аузынан естіп-біліп жүруші едім. Кейін, араласа келе оған өзімнің де көзім әбден жете түскен.

... Енді міне, бір редакцияда қызмет істейтін Қастек Баянбаев екеумізді қосарлап шақырып отыр. Бұл да тегін емес-ау дегендей, іште әлдене бір күдік те бар. Бірақ жуық арада бұлдіре қойған да ештеңеміз жоқ сияқты. Неде болса бара көрейік деп, айтылған уақытында жүрексіне барып, сол кісінің алдынан табылғанбыз.

Күрдекеңнің жүзі жылы екен. Бізді жайдары жымып қарсы алды да, қарсы алдындағы ақ дәкемен тысталаған кең қолтық жұмсақ орындықтарға теңдей бөліп отырғызды. Хал-күй сұрады, одан-бұдан әңгіме қозғады. Ол кезде мұндай жайма-шуақ әңгіменің де артында тағы не бар деп қипақтап отыратын әдетіміз болушы еді. Біздікі сол жағдай. Бірақ хатшының үнінде зіл жоқ еді, ағынан жарылып отырғаны аңғарылады.

— Екеуіңді әдейі шақыртып отырмын. Жазғандарыңды оқып жүремін, ұнайсыңдар, — деп, әжептәуір көпшік қоя сөйлеп, әріден орағытып келді де, кенет маған бұрылып: "Сәкен, сені жұрт тәкаппар, тіпті бюрократ деп жүр. Мына өзіңдей Қастекке қарашы. Сып-сыпайы. Әріптессіңдер, дос-жар жігіттер көрінесіңдер, осы Қастектен үлгі алмаймысың", — деп бір тоқталды.

"Иә", — деп бас изей салуыма да болар еді, бірақ мен:

— Апыр-ай, Күрдеубай Мәтенбаевич, менің қай жерімде бюрократтық түр. Бюрократыңыз осы Қастектің өзі емес пе, міне, осы отырған түріне де қараңызшы, тыр-сияды да отырады ғой, — деп шыр-пырым шыққаны.

Қастекті білмедім, сөзін бөліп, қарсы шыққанымды Күрдекең жаратпай қалды. Жүзі күреңітіп, қатая түсті де:

— Осыларды айтуға шақырым едім. Естеріңде жүрсін, ал сау-саламат болыңдар, — деп бізді қатқылдау үнмен шығарып салды.

Аупартком есігінен сыртқа шыға Қастегімнің де талағы тас айрылсын:

— Осы сенің менде нең бар, ей? Мені қоспасаң сөзіңнің дәмі кірмей ме? Өз жөніңді біліп, тыныш неге отырмайсың?! — деп дүрсе қоя берді.

Бірдеңе деп уәж айтпақ едім, әрі қарай тыңдамай, қолын бір сілтеді де, ол да жөніне кете берген.

Күрдекең 1968 жылы денсаулығына байланысты деп (әйтеуір партия конференциясында солай айтылды) облыстық партия комитетіне қызметке ауысты, партиялық комиссияның (сондай да бір лауазым түрі болған) төрағасы болып. Сол қызметінде жүргенде де мені арнайы шақырып алып, бірер рет әңгімелескені бар.

— Сәкен, бұл жаңа жер, жаңа орта. Әр сөз, әрбір әрекетіңе абай болуың керек. Сенің аузыңнан шыққан кез-келген сөз Иманасовтың жеке пікірі емес, облпарткомның сөзі болып қабылданады. Осыны есінде сақта. Алакөлдегідей бірде ұрсып, бірде ақыл айтып жүретін Мұжықов енді табыла қоймас, өзіңе өзің мығым болмасаң болмайды. Самоконтроль деген болады, соны ұмытпа, — деп еді ағалықпен. Сірә, менің құлықсыздау тыңдап отырғанымды сезіп қалды ма, сөз аяғын әдеттегісінше орысша аяқтап еді.

Тағы бірде облыстық комсомол комитетінің 40 жылдық па, әлде 50 жылдық па, мерекелік пленумы бола қалды да, соған мен де шақырылған едім. Сәл кешігіп қалыппын. Күн ыстық еді. Облыс орталығындағы Мәдениет сарайында өтіп жатқан жиынға пенжегімді иығыма желбегей жамыла салып, жұрт соңынан кіргенмін. Мен кіре бере оркестр әйгілі “Интернационалды” құйқылжыта ойнап қоя берді де, елдің бәрі орындарынан тұрды. Мен де соларға қосылып көппен қатарласа қалғанмын.

Үзіліс кезінде мені Күрдекең іздеп тауып, ымдап қана қасына шақырып алды да:

— Сәкен, партия гимні орындалып жатқанда сен неге пенжегіңді желбегей жамылып тұрасың? — деді жүзі күреңіте қалып.

— Аға, мен... үлгермей, — деп, әлденені міңгірледім-ау деймін. Әлде әзілдедім бе екен, анығын айта алмаймын.

Қасымызға келіп, қалжыңдаспақ болған тағы біреулердің орынсыз килігуін де, менің жауабымды да жаратпай қалған Күрдекең басқа сөз айтпастан қабағын түйе кілт бұрылып кете беріп еді.

Сол кезде ме, әлде одан сәл кейінірек пе, есімде жоқ, бірде осы өңірге белгілі азамат, бойының ұзындығына байланысты үлкен-кішінің бәрі “полтора қазақ” деп атайтын Сейдеш Мұқаметшинмен әңгімелесіп отырып сол Күрдекең:

— Осы біздің Сәкеннің партияға дегенде емешегі үзіле

қоймайды-ау деймін, қысқасы, байқаймын, у него к партии душа не лежит, — депті мен туралы. Сол сөзін Сейдеш те бүкпесіз ғана ешбір өзгеріссіз маған айтып келіп еді. Өтірік десе, көзі тірі ғой, өзі айтсын.

Күрдекеңнің өзі болса коммунистік партияға жан-тәнімен шексіз берілген адам екендігінде сөз жоқ еді. Көп ішінде өзін-өзі ұстауы, салмақты мінезінен бе, бізге сол 1963 жылдардың өзінде егде тартып қалған мосқал адамзат болып көрінетін Күрдекеңдер сонда бар-жоғы отыз бес-отыз алты жастағы жігіт екен-ау! Бізден бар болғаны он жастай ғана үлкендігі бар екен.

Жарықтық жақсы адам еді, елуге де толмай, жүрек талмасынан қайтыс болып кетті...

СӨЗ ТАПҚАНҒА ҚОЛҚА ЖОҚ

Біздің елде (Талдықорған өңірін айтамын) Уәлихан Нұрқасымов дейтін кісі болып еді. Журналист. Газет-журналдарға мақала, фельетондар жазып, соңына көбіне "У.Шыңғысұлы" деп қол қоятын. Біз де о кісіні сыртынан әмісе солай атайтынбыз, қатарлас жүрген үлкен-кіші замандас, қаламдастары да оны осы лақап аты арқылы жақсы білетін. Отан соғысына қатысып, аман қайтқаны бар, бойшаң келген, денесін ұдайы тіп-тік ұстап жүретін, бір көрмеге келбетті азамат еді.

Алғаш рет мен Уәкеңнің аты-жөнін радио арқылы естідім. Бірде "Мал иесі" деп аталатын радиоспектакль тыңдап жатып, кейіпкерінің бірінің аты Мыңтеңге екен, соған елең ете түсіп едім, өзіне қарсы сөйлеген абысындарының бірі оған: "Атың Мыңтеңге болғанымен, өзіңнің бір теңгелік құның жоқ екен ғой!" — деген сөзін естіп, әңгіменің аяғын күткенмін. "Сіздердің тыңдағандарыңыз Уәлихан Нұрқасымовтың "Мал иесі" аталатын радиопьесасы" деп хабарлады диктор. Ұзына бойғы сұлбасы болмаса, пьесаның оқиғасын ұмытып қалыппын, ал Мыңтеңге деген кейіпкері бар авторының есімі есте қалып қойыпты.

... 1959 жылдың соңын ала "Лениншіл жас" газетіне қызметке шақырылдым да, Алматыда оқып жүрген Тұрсынзада Есімжанов арқылы (екеуі де бір ауданнан екен) сол кісінің өзімен де танысқан едім. Арамыздағы мүшел жас айырмашылығына қарамай, тез тіл табысып,

ағалы-інілідей аралас-құралас болып кеткенбіз. Астыңғы ернін жымқырып алып (насыбай ататын еді), оқта-текте шырт түкіріп қоятын да, Уәкең әңгіменің тиегін ағытатын еді келіп. Кісіні күлдірмесе отыра алмайтын. Біз де ол кісінің жасы үлкендігін сыйлап, айтқанын екі етпей жүрдік-ау деймін...

Бір жылдан кейін мен әдене себеппен ауылыма қайттым да, Уәкеңнен көз жазып қала бергенмін. Бірақ ұзынқұлақ жатқан ба, сырттай естіп жүрдім, баяғы бізді үйіне ертіп апарып таныстырған, Алматы ресторандарының бірінде даяшы болып істейтін кербез де көрікті Тұрсын жеңгемізбен дәм-тұзы жараспай ажырасып кетіпті. Өзі Қарағанды ма, Қостанай маңы ма, әлдебір аудандық газетте істеп жүр, дейтін білетін жігіттер.

Ауылға қайтып оралып, аудандық газет редакциясында қызмет істеп жүрген күндердің бірінде, ақшам мен екінтінің арасында біздің үйге қаңғалақтап Уәлихан ағамыздың өзі кіріп келгені ғой. Қасында қызыл шырайлы, әдеміше келіншек бар. "Алып қашып келемін", — деп күбір етті Уәкең.

Қазақ қай мейманына кет деп кеудесінен итерер еді. Төрімізге шығарып, күтіп алдық. Ықылас-пейілімізді аяған жоқпыз. Ол кезде әке-шешемнің көзі тірі кезі, бойдақ жігітпін, сол кісілердің қолында едім.

Уәлихан ағам сияқты менің әкем де соғысқа қатысқан адам. Ол да нағыз насыбайшының өзі. Бір-біріне насыбай шақшаларын ұсынып, оп-оңай тіл табысып, шүйіркелесіп кете берді. Уәкең сөздің майын тамызады. Қай-қайдағы қысыр әңгіменің тиегін ағытып, әзіл-әжуа дегенді судай сапырды. Әкем болса-болмасын, Уәкең ауыз ашса болды, ішек-сілесі қата күліп: "Әй, Сәкен, мынау ағаң бір қызық адам екен ғой!" — деп мәз болады.

Уәкең біздің үйде үш-төрт күн жатты. Алғашқы келген күні-ақ таныстырған — қасындағы қараторының әдемісі дерліктей сұлу келіншегін меңзеп: "Баяғыдан құмартып жүрген ғашығым еді, байынан ажыратып, алып қашып келемін!" — деген.

Кейін онымен де бірде қосылып, бірде ажырасып жүргенде:

Ханшайым дейтін қатын бар,

Көрсеңдер оны — атыңдар! — дейтіні де

сол әйел болатын.

Едәуір жылдардан соң Талдықорған облысы қайта құрылып, өз алдына дербес шаңырақ көтерді де, біз Уәкеңмен сондағы облыстық "Октябрь туы" аталатын газет редакциясында қайтадан табысқанбыз.

Уәкең әлі де сол баяғыдай екен. Отырған жері әңгіме, жүрген жері күлкі. Ішуді де, со құрғырдың соңына түсуді де жек көрмейтінге ұқсайды. Бірақ газет жұмысына шөгел, қай жерде жүріп жазып тастайтынын білмейсің, күн сайын әзіл-оспағы аралас фельетоны бұрқырап шығып та жатады. Кез келген ұжымға судай сіңіп, тастай батып жүре беретін Уәкең жергілікті газеттер үшін шын мәніндегі таптырмайтын кадр еді. Амал не, арақ дейтін құрғырың да өкшелеп қалмай қойғаны ғой!

Сол кінәсін де өзі жақсы біледі, содан да қызметке орналасарда арызды екі түрлі етіп жазады екен. Бірінде қызметке алу жөнінде, екіншісінде айы-күнін көрсетпей, қызметтен өз еркімен босатуды сұранатын көрінеді. "Мұныңыз не?" – деген редакторға: "Кей-кейде ішіп кетіп, жұмысқа салақсығандай кезім болса, сөзіңзді шығын етіп, ескертіп жатпай-ақ "өз еркімен кетті" деп жұмыстан шығара салыңыз!" – дейтін көрінеді.

Уәлихан айтты дейтін бір шумақ, жарым шумақ әзіл-оспақ өлеңдер, әжуа-мысқыл аралас бірқақпайлар көп-ақ еді. Әдейілеп жинап-теріп жүрмегесін біразын ұмытыңқырап та қалыппын. Менің өзіме де бір күні үйге ертелетіп келіп, қасымда ауылдан келген кісілер бар еді, солардың көзінше: "Саған шығарған өлеңімді тыңдашы, – дей тұрып:

Сұрасаң руымды Қаракерей,

Бұл күнде ауыл бай да, қала кегей.

"Ассалаумағалейкүм!" – деп жетіп кепсің, ауылдан бір-екі қой ала келмей, – осыны келімді-кетімді ағайындарыңа айта жүрерсің, маған қаламақысын жақсылап төлесен болды", – деп те бір күлдіргені бар еді.

Ым-бап-бап, ымбап-бап,

Сыра кетті-ау қымбаттап,

Бұрынғыдай таң атпай

Жүре алмайсың бұлғақтап, – дейтіні де;

Орыс әйелге үйленіп:

Құтылсам деп борыштан,

Қатын алдым орыстан, – деп те; өзі айықпас дертке тап болғанда үйреншікті әзіл күлкісінен жазбай:

Жасырмаймыз – рақыз,

жасымаймыз бірақ біз! – дейтін де осы Уәкең болатын.

Ол кезде қалада істейтін интеллигенция өкілдерін еркіне қоймай науқаншылық кезінде колхоздар мен совхоздардың жұмысына апарып салатын әдет болушы еді. Сондай бір зорлықпен қала іргесіндегі колхозға “көмекке” барған редакция қызметкерлері “ақмағамбеттен” біраз сілтеңкіреп жіберіп, олары жұрт көзіне түседі де, арты айғай-шу, абыройсыз әңгімеге айналады. Редакциядағы партия ұйымының хатшысы да нағыз шаш ал десе, бас алатын әсіре белсендінің бірі болса керек, елді біраз дүрліктіре шу шығарып, ақыры бұлардың ісі қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралатын болыпты. “Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан”, алдымен сөзге ілігетін, әрине, Уәкең. Оның үстіне түкірігі жерге түспей дүрілдеп тұрған социализмнің тұсы.

Қалалық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Федотов па, Федоров па, жөн білетін орыс азаматы екен, бюро үстінде сол Уәлиханнан:

– Арақты көптен ішесіз бе? – деп сұрапты.

Уәкең сөзден тосылған ба:

– Қазақ деген халық, тегі, ертеректе арақ ішпеген ғой, өлкемізге орыс ағайындар қоныстанғалы оны да үйреніп алды. Біздің ауылда да бұрын орыс жоқ еді, арақ та ішпейтінбіз. Тың көтереміз деп орыстар келгелі, соларға қосылып мен де ішетін болғанмын, – дейді ғой мізбақпай.

Орыс хатшы көзімен шер шұқып күле беріпті де, бюро мәжілісін таратып жіберіпті.

– Уәкең, сөйтіп те бәрімізді төніп келген бір пәледен құтқарып жіберіп еді, – дейтін сол әңгіменің ішінде болған кісілер.

САҒИ МЕН ТАХАҢ

Сағи ағамыз, Жиенбаевты айтамын, иі жұмсақ, мінезі жайлы, үлкен-кішіге бірдей жұғымды, сырбаз да сылаң, сыптығыр жігіт болатын. Өзі сол бір қартайып та үлгермеген қалпында, алпыс жасқа толар-толмаста өмірден өтіп кете берді де, көбіміздің көңілімізде баяғы жап-жас, сері де серке жігіт болып қала беріп еді. Қаншама ашуланып тұрғанда да басы артық сөз, балағатқа бармайтын. “Өй, тұқымы құрсын!” – дейтін еді әлденені ұнатпай қалғанда бар болғаны.

Бірде сол Сағи, қасында Қызылорда жақтан астанаға жиі келіп тұратын Нәсір Сералиев досы бар, екеуі өрімдей екі жас қызбен танысады ғой. Бәлки, жас келіншектер шығар, о жағын мен анық білмеймін. Әйтеуір, солармен біраз қыдырыстап келіп, бір-бірден өздеріне икемдей иемденіп, Нәсір түскен "Алматы" қонақүйінің люкс-нөміріне шақырады білем.

Өзіл-қалжың, еркін сұхбат үстінде біраз отырса керек. Қыздардың да (бәлки, келіншектер болар) беттері ашылайын деп, көкелерінің мойындарына асылып, едәуір еркінсі бастайды. Ол кезде дүние қат та, қаржы тапшы. Оның үстіне:

Азырақ еңбек етіп ақша тапсақ,

"Метроға" кіреміз әуел бастап.

Қалғанын қатын-қызға беріп салып

"Ақша жоқ" – деп жүреміз он күн қақсап, –

деп Қасым Аманжолов ағамыз жазғандай, "күніне жүзді беріп, мыңды алса да", "қалталарының түбі тесік, байып көрмеген" сері-селтең ақындар емес пе. Алдарындағы ішіп-жем таусылып, қонақүй буфетінен арақ-шарап алайын десе, ресторан бағасымен екі есе артығымен төлеу керек екен, қыздарды (бәлки, келіншектерді шығар) әлдене сылтаумен бөлмеде қалдырып, екі сері сол маңға жақын орналасқан "Астаналық" аталатын үлкен дүкенге тартады. Қалталарын қаға жүре, енді қайтып жүтіріп жүрмес үшін керек-жарақтарын артығымен алып, гастронормнан шыға бергенде арыстанның жалындай бұйра шашын желбіретіп, басын желкесіне сала шалқақ ұстап келе жатқан Тахауи Ахтанов ағаларымен бетпе-бет кездесіп қалады. Тахаңды екеуі де қатты сыйлап, қадірлейтіні белгілі. Інілеріне келгенде Тахаңның да беделі үстем, сөзі өтімді. Есік көзінде бірін-бірі қия алмай, сәл-пәл тұрып қалса керек.

Екі сері сасайын дейді. Әлгінде ғана танысып, оңаша бөлмеде уақытша "қалған" қыздар (өлде келіншектер) анау, қимас, сыйлас ағалары мынау.

– Қайдан жүрсіңдер, қайда бара жатырсыңдар? – деп сұрайды Тахаң.

– Мына Нәсір бүгін келіп, "Алматы" қонақүйіне түсіп еді, бір меймандары бар екен, соларға бара жатыр едік, – деп Сағи мәймөңкелейді.

– Екі қолым алдыма сыймай мен де зерігіп жүр едім, жақсы болды ғой, сендермен бірге барайын, – дейді

Тахаң. “Қой, бармайсың” — деуге тіл қайда, екі жігіт бір-біріне қарап, ағаларына бастарын шұлғи: “Жүріңіз, Таха!” — демей ме.

Тахаң деген де әңгіме айтудан алдына жан салмайтын, кезінде жазушылар арасындағы “жеті мылжыңның” бірі атанған әйгілі шешен. Атағы жер жарады, өзі де қоладан құйғандай көрікті де келбетті адам. Әйелдерді аузына қарата бірден үйіріп алып кете берсе керек.

Енді бесеуі болып, тағы біраз сілтеседі. Әлгі артығымен алдық деген шөлмектердің түбі тағы көрінуге айналды. “Таха, өзіңіз құтқармасаңыз, біз таусылдық”, — деп, ағаларын оңашалай жүріп, қалтасын қақтырып, қотарып алған екі інісі тағы да дүкенге жүгіреді...

Сүт пісірім уақытта ентіге жеткен екеуі есіктен енгенде, Тахаң әбден “болып алған”, екі келіншектің (әлде қыздардың) ортасынды шалқая түсіп, әңгімені соғып әлі отыр екен. Әйелдердің әукелері салбырай ағаларына қарай ентелей түскендерінен секем алған Сағи:

— Таха, сіздерді таныстырып та қоймаппыз-ау, мынау Нәсірдің үйіндегі, ал мынау біздің үйдегі келініңіз болады, — деп қайсысы кімнің еншісі екендігін білдіруге асығып, өз үлесіндегіні өзіне қарай икемдейін десе Тахаң:

— Тәйт әрі, қайдағыны шығармай. Нәсір өзі білсін, ал мынау қарағым саған уже жеңге болып қалған, — деп, қызды бауырына тарта беріпті.

... Әркім-әркімнен естіп, өңі айналып бара жатқан осы оқиғаны “дұрысы қалай болып еді?” деп, Сағи көкемнің өзінен сұрағанымда, дәл осы мен әңгімелеп отырған қалпында шып-шырғасыз айтып бергені бар-тұғын.

Мен соны ғана жеткізіп отырмын.

АЙТЕКЕҢНІҢ “ОРЫСШАСЫ”

Күре жолдан едәуір шеткері жатқан, арнайы бұрылып барып төбесінен түспесе, көлденең көк аттының көзіне түсе қоймайтын шалғайдағы біздің ауылда орыс атаулы болмайтын еді. Біздің бала кезімізде қыңқылдап, ата-анасының мазасын ала берген баланы: “Қазір орыс алып кетеді, қоймасаң — орысқа беріп жіберем!” — деп қорқытып жататын. Орысы болмағасын, әрине, ешкім орысша да білмейді, тіл үйрене қойсақ деп талап қылып

жатқандары да шамалы болушы еді. Бір апамыздың үйіне келген орыс отбасы балаларының өзара шүйіркелесіп жатқанын көріп: "Апыр-ай, мыналардың орысшаға жүйрігі-ай, шүддірледі де кетті ғой тіпті!" — деп таң қалғаны да бар дейтін еді естігендер. Басқалардан гөрі жаңалық біткенге құлақ түріп, "өркениетке" біртабан жақын жүретіні — Айт деген ағамыз, бір кезде "приказшик" те болып, дүкен ұстаған. Аудан орталығына барып оқта-текте тауар әкелетіні болатын. Танау астынан миңгірлей сөйлейтін, сөзінің көбі түсініксіздеу, оның үстіне, Абай айтқандай "әсемсіп, сәнсіп, білгенсіп, бәлсіп" жүретін де адам еді. Білмейтінін "білмеймін" деп те өсте айтпайтын. Білегіне жылтыратып сағат тағатын. "Онысы жүрмейді", — дейтін сырын білетіндер. Кей-кейде құрдастары қағытып: "Айтеке, сағат қанша болды?" — деп сұраса, ол кісі қолындағы сағатын өп-өтірік сілкілеген болып, "атаңа нәлет, тоқтап қалған ба, немене, жаңа ғана жүріп тұр еді" деп, күнге бір қарап алып, мөлшермен: "сағат пәлен болып қалды-ау деймін", — деген тұрғыда жауап беріп, қастарынан тез-тез басып өте шығар еді. Сыртынан жұрттың күліп тұрғанын білсе де, білмегенситін әдеті және бар-тын.

Сол кісі бірде қасында жасы өзінен едәуір үлкен ағасы Сәдуақас бар, ат арбамен аудан орталығына бара жатса керек. Қалаға кіре берісте шағын отар қойды бағып жүрген орыс шалына кезігеді. Кілең бір шұжықтай болып тырсия семіріп алған марқаларды көріп көзі қызығып кеткен Сәдуақас:

— Сен орысша білем деуші едің ғой, сұрашы мынадан, әнеубір қара қозысын сатар ма екен? — дейді інісіне.

"Орысша білмеймін" — дейтін Айтекең бе, тамағын бір кенеп алады да:

— Әй, орыс, кара козы сатасын? — деп сұрайды ғой өзіне ғана түсінікті тілмен миңгірлеп.

Орыс шалы аңырып айдалаға қарайды, не орысша емес, не қазақша емес, "бұл не деп тұр" деп таңырқаса керек, екеуіне жалтандап кезек-кезек қарай беріпті.

Сәдуақас та шыдамай кетіп:

— Оу, орысшаң осы ма? Мұның қазақша емес пе, құдай-ау! — дейді ғой інісіне кейіп.

Айтекең де саспайды. "Қазақшаң не, қазақша айтсам: "Қара қозыңды сатасың ба?" — демеймін бе" деп ақталатын көрінеді.

Тағы бірде ауыл шетіндегі жол айрығына салған бұлардың бау-бақшасын баса-көктей ат арбамен өтіп бара жатқан және бір орыс адамын тоқтатып алып: "Там дорога там пошел, тут дорога тут пошел, майсыз арбаң сықырлап, на огорода куда пошел?" — деп ұрсып берсе керек.

Ол Айтекеңнің: "Әне де жол, міне де жол, төтелеп қайда барасың?" — деген сыңайлы орысшасы екен.

Өз құлағымен естіді ме, жоқ па, әйтеуір осы әңгімені біздің ауылда екінің бірі күліп айтып жүретін еді.

Біздің де бәз-баяғы бір орысшамыз жетпей қалған жерде бір-бірімізге Айтекеңнің сол сөздерін айтып, өзара күліп алатынымыз бар.

Соңғы сөз орнына

*Иісі қазақта Иманасов Сәкенді білетін кісілер аз бол-
маса керек. Себебі, Сәкен қазақтың көрнекті ақыны, ай-
тулы азаматы. Өзі өлсе де, ұрпағына ұмытылмас өнегелі
сөзін тастап кетті. Оның шындықпен шыңдалған шуақты
жырлары сөзінің көркемдігімен, ойынының тереңдігімен,
сезімінің тазалығымен оқырмандарының жан-жүрегін ба-
урап алатын. Ал арқалы ақынның артта қалған сол әдеби
асыл мұрасын көзі жоқтың өзі жоқ дегізбей, мезгіл-мезгіл
қайталап кітаптарын шығару арқылы насихаттау нағыз
азаматтық борышымыз.*

*Осы бір жауапкершілікті жұмысты аға алдындағы
қарызы санаған білікті баспа басшысы Ырым Кененбайдың
ықылас бөлуімен өткен жылдары Сәкен ақынның үш том
таңдамалы өлең-дастандары жарыққа шыққан. Енді, міне
соларға жалғастыра бесінші томы оқырмандарына жол
тартты.*

*Бұл кітаптың ерекше құндылығы, бөлекше бағалылығы
жөнінде бірер ауыз пікір айтып, ой бөлісе кетудің
реті бар сыңайлы. Атақты ақынның өнердегі өмірі
мен күнделікті тұрмыстағы тіршілігінен бейха-
бар оқырман қауым осы кітаптағы жазбалардан көп
жағдайды көкейіне тоқитыны күмәнсіз. Мұнда өзінің
ғұмырбаяны да, өмірге, өлеңге, қоғамға көзқарасы
да, замандас ақын-жазушылардың шығармашылықтары
туралы толғаныстары да, олардың адами кісілік
бейнелері де қамтылған. Оқу барысында естімегеніңді
естіп, білмегеніңді біліп, кісі танып, ел мен жергің та-
рихынан тәлім алып, көп нарсені көңіліңе түйесің.*

*Ақын өз өмірінде көргені мен түйгенінің ең бір
маңыздысын қызықтыра әңгімелей отырып, көпшілікке
белгісіз көп сырдың бетін ашады. Бұл сөзімізді Сәкеннің
қазақ әдебиетінің нар тұлғалары саналған алдыңғы буын
ағалар мен өзім қатарлас қаламгерлер, ел аузына іліккен
кейінгі ақын-жазушылар жайындағы ой-толғамдарымды
ешқандай қоспасыз, баянсыз қалпында оқырмандарға
ұсынуды жөн көргім.*

*Бұл кітапқа өмір жайлы ойларымды, әдебиетшілерге
азын-аулақ өлеңдерім мен күнделікті тұрмыс-*

тіршілікте кезгесе беретін шағын оқиғаларды да енгіздім-деген өз пікіріне сүйеніп айтып отырмын.

Кітаптың бір бөлігі әдеби естеліктер. Онда ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бастап, ақынның ақын інісі Жұматай Жақыпбаевпен аяқталатын атақты қазақ қаламгерлері туралы ойына алған, есіне түсірген жағдайларды сондай бір іңкәр сезіммен баяндап беруге асыққан-ақ екен. Ал келесі бөлім әдеби портреттерге арналған. Естеліктерге кейіпкерлерінің кісілік келбеті, мінез-құлқы, айналасындағы адамдармен араласы, өзіне жасаған жақсылық, тигізген шарапаты, өзінің алған әсері мен тәлімі сөз болса, портреттері осы естеліктердің табиғи жалғасы. Әрине, ондағы әңгіме арқауы негізінен белгілі ақындардың шығармашылық жолы, олардың қазақ поэзиясына қосқан үлестері мейлінше адал көңілден шыққан, байсалды, байыпты пікірлерімен айғақталған.

Бұдан кейінгі бөлімдерге «Әдеби мақалалар», «Өмір жайлы ойлардан», «Өлең жайлы ойлардан», «Жазбалар мен арнау өлеңдер», «Тірліктің түрлі кезеңі» деген атаулар берілген. Соған карап-ақ ол бөлімдердегі жазбалардың әуенін жазбай танысың. Қысқа қайырғанда, Сәкен ақын өлең мен өмір туралы өзінің өзекжарды ойларымен, қоғам мен заман туралы толғанысты тұжырымдарымен, өз өмірінің кейбір айтпасқа болмайтын, бастан өткен оқиғалармен бөліскен.

Тоқ етеріне тоқталсам, бұл шын мәнісінде өте керек кітап. Оны оқыған адамның көркем әдебиет, атақты ақын-жазушылар, олардың айтылмаған сырлары, өткен-кеткен өмір туралы, әсіресе қызықты әңгімелерден өз жандүниелерін байытып, рахат сезіміне бөленері сөзсіз. Атақты ақынның асқақ рухы, өлмес-өшпес шығармаларының тәлімі қазақ оқырмандарын ылайым желеп-жебеп жүрсін.

**Қуанышбай Құрманғали,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты.**

МАЗМҰНЫ

I Бөлім

Кіріспе.....	3
Естеліктер	
Әуезов әсері	5
Сейітжан Омаровтың бір әңгімесі	8
Қазақ поэзиясының патриархы	11
Алыптар тобының ақырғы тұяғы	21
Ғафу Қайырбеков	23
Әнуарбек Дүйсенбиев	28
Қадірі бөлек жан еді	33
Асқар Сүлейменов	36
Жүмекен туралы сөз	40
Сейдахмет Бердіқұлов	46
Сабырхан	51
Сабырхан Асановты еске алу	60
Оралханның бір қыры	61
Әділбек Абайдіданов	64
Еркелеп келіп, ертерек кеткен ұл еді	75
Тоқаш Бердияров	82
Көңілде қалған өкініш	85
Нұрғиса	88
Мен білетін Әнуар	98
Ұзекең	106
Партизан Қасым Қайсенов	113
Менің ұстазым — Қабдолов	125
Баққожаның қисынсыз қалжыңдары	132
Тельман туралы есімде қалғандар	136
Асқар Егеубаев хақында	142
Қатарынан оза туған ұл	147
Азамат ердің белгісі	150
Кәкімжан аға Қазыбаев хақындағы бірер сөз	155
Мардан аға	162
Теміржан Базарбаев	166
Жұматай	171

II Бөлім

Әдеби портреттер

Қалдарбек	178
Мұқағали туралы сөз	193
Тұманбай туралы толғаулар	207
Ақынның нұрлы әлемі	227
Жұбан аға жайында	233
Халқының Қадыры	244
Бозала таңның бозторғайы	247
Ақын жолы	251
Жүрсін өткен жол	268
Өлеңмен өрілген өмір	276
Шерағаң	289

III Бөлім

Әдеби мақалалар

Мәриям апай жайында	295
Жүмекен шығармаларының қыры мен сырына қысқаша шолу	301
Біздің Қуанышбай	308
Бір суреттің әсері	312
Құттыбек кітабы жайында	315
Жарылғап батыр жайындағы жыр	318
Махамбет	322
Ақын Серік Ақсұңқарұлы	325
Софы туралы сөз	333
Қалихан хақында	339
Алыс жағалауға қарай	341

IV Бөлім

Өлең жайлы ойлардан

Өлеңді кім қорғайды?	349
Бұл күнде анау да «ақын», мынау да «ақын»	357
Қорғансыздың күні	362

V Бөлім

Өмір жайлы ойлардан

Екі жазушының әңгімесі	370
Ар алдында мен өзімді әрдайым дар алдында тұрғандай-ақ сезінем	391

ҮІ Бөлім

Жолжазбалар мен арнау өлеңдер

Алакөлге барып қайтқанда	406
Ұлытауға бардың ба?	416
Марқасқа	435
Басқадан орның бөлек бір тұлғасың	438
Мұхтар Мағауин 60 жаста	439
Жауқазындай жайдарлы үні	440
Нұрмахан Оразбеков	441
Марфуға	442

ҮІІ Бөлім

Тірліктің түрлі кезеңі

Күлерсің де, жыларсың	443
Қалған көңіл — шыққан жан	446
Мәрияның карьерасы	447
Сауалына қарай жауабы	450
Сәлемдеме	452
Партиялық жаза	455
Күрдекең	460
Сөз тапқанға қолқа жоқ	465
Сағи мен Тахаң	468
Айтекеңнің «орыспасы»	470

СӘКЕН ИМАНАСОВ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

V ТОМ

*ҚАЛАМДАСТАРЫ МЕН ЗАМАҒДАСТАРЫ
ЖАЙЫНДА*

ЖАУАПТЫ ШЫҒАРУШЫ -
«Алатау» баспа-полиграфиялық корпорациясы

Президенті Ы.С.КЕНЕНБАЙ

Техникалық редакторы- И.Ү.АҚБАСОВ

Беттеген-А.К.ҚЫДЫРАЛЫ

Көркемдеуші-В.В.СТЕНЯКИН

Теруге 03.01.2017 ж. берілді. Басуға 06.03.2017 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 ¹/₃₂ Қаріп түрі «DS Baltica».

Шартты баспа табағы 25,2. Таралымы 5000 гана.

Тапсырыс № 72



«Алатау» Баспа-полиграфиялық корпорациясы.
Алматы қаласы, 050026. Төле би көшесі, 130 «А».
тел.: 378-42-02, e-mail: corp_alatau@rambler.ru



АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, 050026. Мұқанов көшесі, 223 «В».
тел.: 378-36-46, e-mail: ao@almatybolashak.kz

ISBN 978-9965-807-77-0



7 89965 807770

